

**Б.А. Жүрсінбаев, Б.Т.Жұбанышов**

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАТТЫҚ  
ҚОЗҒАЛЫС ТАРИХЫ**

Алматы 2013  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

**Б.А. Жүрсінбаев, Б.Т.Жұбанышов**

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАТТЫҚ  
ҚОЗҒАЛЫС ТАРИХЫ**

*Оқу құралы*

Алматы 2013  
«Қыздар университеті» баспасы

**УДК 94 (574+075)**  
**ББК 63.3 (5 қаз) я7**  
**Ж 89**

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Редакциялық баспа кеңесі ұсынған*

**Пікір жазғандар:**

**А.Ш.Алтаев** - тарих ғылымдарының докторы, профессор;  
**Л.Т.Қожакеева** - тарих ғылымдарының докторы, профессор.

**Жүрсінбаев Б.А, Жұбанышов Б.Т.**

**Ж 89. Қазақстандағы азаттық қозғалыс тарихы. Оқу құралы. / Б.А.Жүрсінбаев, Б.Т.Жұбанышов – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы. 2013. – 377 бет.**

**ISBN 978-601-224-424-3**

Оқу құралында XVIII ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі патша өкіметінің қазақ даласында жүргізген отаршылдық саясатына қарсы шығып, өздерінің азаттығы мен мемлекеттілігін қалпына келтіру жолындағы жергілікті халықтың күресі және оған басшылық жасаған көтеріліс басшылары Сырым, Саржан, Кенесары, Жоламан Исатай, Есет, Әзберген, Тойшыбек, Жанқожа сынды қазақ билеушілері мен олардың соңынан ерген серіктерінің ерліктері, сондай-ақ XX ғасырдың бас кезіндегі азаттық күрестегі қазақ зиялыларының рөлі мен қызметтері және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезіндегі қазақтардың көтерілістеріне байланысты мәселелер дәрістер курсы ретінде беріледі.

Кітап тарихшылар мен студенттерге, магистранттарға және көпшілік қауымға арналған.

**ISBN 978-601-224-424-3**

**УДК 94 (574+075)**  
**ББК 63.3 (5 қаз) я7**

© Б.А. Жүрсінбаев, Б.Т.Жұбанышов., 2013  
© «Қыздар университеті» баспасы, 2013.

## КІРІСПЕ

Ұлт-азаттық күрестің нәтижесінде тәуелсіздігімізді алып, жас мемлекетіміздің ірге тасын қалаған қазіргі таңда қазақ халқының тарихын жаңаша көзқараспен жазуға және онда орын алған мәселелерге талдау жүргізіп, ғылыми тұрғыдан баға беру қажет-ақ. Осыған байланысты отан тарихында аз зерттелген немесе назардан мүлдем тыс қалған және тарихи тұрғыдан өз бағасын ала алмай келе жатқан мәселелер аз емес.

Соның бірі Ресей империясының қазақ даласына басып кіргеніне наразы болған, аяғы толассыз ұлт-азаттық қозғалысқа ұласқан жергілікті халықтың күресі еді. Мұндай бағыттағы зерттеулердің нәтижелері тарихи сананы қалыптастыруға және өскелең жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуге қызмет етері сөзсіз. Соған орай отандық тарихқа байланысты көптеген деректік материалдар мен зерттеулерді игере отырып, жоғары және орта оқу орындарына арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жарыққа шығару жұмыстарын жүргізгеніміз абзал. Соның ішінде Қазақстанның саяси-әлеуметтік ахуалын терең түсінуде патшалық Ресейдің үстемдігі тұсындағы жекелеген аймақтардағы азаттық қозғалыстарды нақтылы дәрістер негізінде жариялаудың маңызы зор. Осы себепті, біз патшалық Ресейдің әскери-отарлық саясатына қарсы жергілікті халықтың азаттық күресін жүйлеу арқылы дәрістер топтамасын жасауды мақсат етіп алдық. Жалпы алғанда тарих ғылымы бойынша халқымыздың азаттық күресін тиянақты түрде дәрістер жинағын жасау ресейлік отарлаудың саналы негізде тура және терең түсінуге жол ашпақ. Өйткені елімізді өз билігіне енгізген Ресей империясы қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын күйретуді мақсат етіп, қазақ даласын бөліске салып, мемлекетімізді жоюға тырысты. Нәтижесінде патшалық Ресейдің бұл саясатына қарсы жергілікті халық түрліше қарсылықтармен жауап беріп, патша әкімшілігімен үнемі қақтығыстарға барып отырған. Бүгінгі таңда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысты еңбектер революцияға дейін және кеңестік заманда, сондай-ақ тәуелсіздік алған жылдарында да жарық көрген. Осы еңбектерге қысқаша тоқталып өтсек. Хал-

қымыздың азаттық күресін зерттеуде Ресей саяхатшыларының рөлі ерекше. Өйткені Жетісу өлкесі Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін патша үкіметі аймақтың өткен тарихын зерттеп, табиғи ресурстары мен өндіргіш күштерін анықтауға ұмтылды. Ал 1861 жылғы реформадан кейін Патшалы Ресей өзінің тез қарқынмен алға басып, жаңа рыноктық қатынаста жылдам және сеніммен күш алып, жедел дамып келе жатқан өнеркәсібі мен саудасына арзан шикізат көздерін іздей бастады. Осы мақсатты көздеген патша өкіметі ХІХ ғасырдың ІІ жартысында көптеген жергілікті өлкетану қоғамдарының алдарына тәуелділікке түсіп қалған елдерге ғылыми экспедицияларды жарақтандырып, олар туралы географиялық, статистикалық, этнографиялық және жаратылыс-тарихи материалдар жинап, оларды өңдеу және тарату міндеттерін қояды.

Мәселен, сол ғасырдың 50 жылдарының аяғынан бастап ақ өлкеге ғылыми және әскери мақсаттармен келген Ш.Ш.Уәлиханов, П.П.Семенов-Тянь-Шаньский, М.Венюков, П.Пичугин, Н.Северцов, А.И.Макшеев, Влангали және тағы басқа да зерттеушілер келіп, көптеген еңбектер жазып қалдырады. Қазақ даласындағы жергілікті халықтардың орыс отаршылдарына қарсы күресін зерттеуде мұрағаттық деректерге сүйенген Н.В.Леденов пен А.Г.Серебренниковтің жазған еңбектері де өте бағалы болып табылады. Ресей империясының қазақ даласындағы отаршыл саясатын және оған қарсы шыққан қазақтардың наразылығына ХХ ғасыр басында қазақ зиялылары да өз бағасын береді. Мәселен, Алаш жетекшілерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ» газетінде жариялаған мақалалары Ресей үкіметінің жүргізген отаршылдық саясатын ашықтан-ашық сынайды. М. Дулатов пен М.Тынышпаев өздерінің жер мәселесіне арнаған мақалаларында орыс шаруаларын қоныстандыру нәтижесінде жер мен судың азайып бара жатқанын, жергілікті тұрғындарға қысым көрсетіліп жатқанын жаза отырып, 1916 жылғы көтерілістің маңызын көрсетіп өтеді. Революциядан кейінгі қазақ даласында болған ұлт-азаттық қозғалыстарға байланысты жарық көрген еңбектерге тоқталар болсақ, онда Т.Рысқұлов, Г.Сафаров, П.Г.Галузо, С.Асфендияровтар және тағы басқалардың зерттеулері болды. Тәуелсіздік жылдары

ұлт-азаттық қозғалыс мәселесі жаңа қырынан зерттеліп, қазақ батырларының, билері мен төрелердің саяси келбеті, қоғамдық-саяси келбеті, қоғамдық-саяси қызметі туралы зерттеулер жарыққа шыға бастады.

70 жылға созылған Кеңес империясы ыдыраған соң, отандық тарихта «ақтандық» беттері ашылып, ескі методологиялық зерттеуден бас тартып, ұлт-азаттық қозғалыстарға жаңаша тұрғыдан бағалар беріле бастайды. Қазақ тарихышлары арасында мұрағаттық деректерді сараптай отырып, 1916 жылы Жетісу өлкесіндегі қазақтардың көтерісін алғаш рет ғылыми негізде талдаған М.Қозыбаев болды. Ол 1916 жылы қазақтардың съезде қабылдаған шешімдерін, көтерілістің барысына тоқталады.

Алаштанушы ғалымдар К.Нұрпейісов пен М.Қойгелдиевтың еңбектерінде жадидтік және жалпымұсылмандық қозғалыстар, Орталық Азия халықтарының тәуелсіздік үшін күресі, Алаш қозғалысы жаңаша тұрғыдан зерттеле бастайды. Сонымен қатар өлкедегі революциялық қозғалыс пен ұлт-азаттық қозғалысының ерекше белгілерін тереңірек танып білуге К.Л.Есмағамбетов, Д.А.Аманжолова, С.Мадуановтың еңбектері мүмкіндік беріп, азаттық күрестің дамуындағы маңызды негізгі кезеңдері және қозғалыстың жеңілу себептері мен оның қазақ халқының тарихында қалған маңызды орнын көрсетеді.

Отарлау мәселесінің бағыттары мен қадамдары, оған қарсы азаттық қозғалыстағы қатысты мәселелер ұстанымдары Е.Ж.Валиханов, В.З.Галиев, М.Әбдіров және С.Рүстемовтың еңбектерінде қарастырылған.

## **§1. Жайық өңіріндегі азаттық қозғалыс және Сырым Датұлы.**

### **1. XVIII ғасырдың II жартысындағы Кіші жүздегі саяси ахуал**

### **2. Сырым Датұлы бастаған қазақтардың азаттық күресінің күш алуы және жеңілу себептері**

1. XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласының батыс бөлігінде аса күрделі кезең қалыптасады. Себебі Кіші жүз қазақтарын өзіне толық бағындыруға тырысқан Ресей империясы өзінің бекіністері мен әскери шептерін жүйелі түрде байланыстыру арқылы осы аймаққа мықтап орналасуды көздеп, шешуші әрекетке көшудің дайындығына кіріседі. Осыған байланысты бұл кезде Кіші жүз қазақтарының саяси қоғамында өте шиеленісті жағдай қалыптасады. Өйткені патша өкіметі қазақ даласын отарлауда неше түрлі әдіс -айлалар қолданып, өзара рулық талас-тартысты күшейте отырып, қазақтарды бір-біріне айдап салады. Әсіресе патша өкіметі Кіші жүз старшындарын өз мүддесіне пайдаланып, ханның билігін әлсіретуге тиімді құрал ретінде қолданады. Хан билігінің рубасыларына тәуелділігі тақ сайлауы кезінде айқын көрінген. Қазақтарда хандық биліктің әкеден балаға қалуы үнемі қолданыла бермеген және ол көбінесе ағалық жол қағидасы бойынша беріліп отырған. Яғни, хан өлсе оның орнына бауырлары тақты иемденген. Дегенмен қазақ қоғамында жаңа ханның сайлануы қашан да рубасылардың ұйғарымына байланысты шешілген. Хан рубасы старшындардың келісімінсіз бірде-бір маңызды шешімдер қабылдай алмаған. Егерде хан жиылыстың қаулысын елемей кетсе, оған рубасылардың наразылығы туып отырған. Старшындар ханға мұндай «кеңес беру құқығын» ерекше бағалаған. Әсіресе XVIII ғасырдың 20 жылдары болған «актабан шұбырындыдан» кейін қазақ қоғамында Шыңғыс ұрпақтарының рөлі төмендеп, рубасылардың беделі тым жоғарлап кетеді. Міне осыған байланысты XVIII ғасырдың 80 жылдарында старшындардың Нұралы ханға өшпенділік танытуының бір себебі, хан ел билеу тәжірибесінде стар-

шын­дар­дың «ке­нес беру құқы­ғын» тану­дан бас тарт­қан­ды­ғын­да жат­ты.

Өйт­ке­ні Нұ­ра­лы хан Абы­лай сияқты рубасы­ла­рын ел билеу жұмы­сы­нан тай­ды­ру мақ­са­ты­нда олар­дың бе­де­лін әлсі­ре­ту бағы­тын ұстан­ды.

Пат­ша өкі­ме­ті Кіші жүз ру­ла­ры­ның қыс­қы мал өрісіне өте мұқ­таж болып отыр­ға­ны­на қара­ма­стан, 50 жыл­дар­дың ор­та­сы­нан бастап қазақтар­дың мал­да­рын Жайық­тың арғы бетіне өткізуіне тыйым салу сая­са­тын одан әрі күшейте бастайды. Ресей империясының мұндағы жасаған жос­па­ры бойынша өздеріне жартылай тәуелді халықты әлсірету және құнарсыз жерлерге ығыстыру еді. Осыған байланысты патша өкі­ме­ті 1756 жылы қазақтар­дың «Ішкі жаққа» өтуге тиым салатын заң шығарады. Ал Кіші жүздің ханы Нұ­ра­лы болса осы заңды бұзамын деп қанша рет талаптанса да, одан түк те нәтиже шығара алмайды. Тіпті оның жергілікті патша әкімшілігіне қысым жасау мақсатында інісі Ералы сұлтанға қазақ даласынан өткен орыс сауда керуендеріне шабуылдар жасатса да деттеген мақсатына жеткізбейді. Қайта Нұ­ра­лы хан мен Орынбор әкімшілігі арасындағы қатынасты мүлдем шиеленістіріп жібереді. Қазақтарды «Ішкі жаққа» жібермеуге бағыт ұстанған патша өкі­ме­тінің отаршылдық саясаты қалмақтар­дың Жайық пен Еділ арасындағы жерлерді тастап, Қытайға көшкеннен кейін босап қалған кезде де сол күйінде өзгеріссіз қалады. Оған патша өкі­ме­тінің босап қалған жерлерге қазақтар­дың қоныс аударуға тиым салатын 1771 жылы шығарған жарлығы дәлел бола алады. Тек бұл жарлықтағы бір өзгеріс патша өкі­ме­ті бос жатқан жерлерді пайдалануға орыс билігіне еш күмәнсіз берілген қазақтарға ғана рұқсат береді. Осылайша қазақтарға Жайық­тың сол жағалауына көшіп жүруіне Ресей империясы тарапынан тиым салынуы Кіші жүздегі жер мәселесінің күрделене түсуіне алып келіп, аталмыш мәселені Нұ­ра­лы ханның шеше алмауы оның рубасы­ла­ры­дың арасында ғана емес, қарапайым халық­тың алдындағы бе­де­ліне соққы болып тиді. Қазақ мемлекетінің нышаны болып табылатын хандық билікті жоюға талпынған патша өкі­ме­тіне керегі осы жағдай еді. Сонымен қатар, патша өкі­ме­ті Нұ­ра­лы ханның халық алдындағы бе­де­лін одан әрі төмендету бағытында іс-ша-



ралар жүргізіп, малдарын пішенге түсіп кетті, орыс-казак қоныстарын шаптындар деген сияқты түрлі сылтаулармен казак ауылдарын тонауын жиілете түседі. Кейін патша әскерлерінің тонаушылық шабуылдары ойдан шығарып алынған сылтауларға жалғасып, «шекара барымтасы» деген шапқыншылықтар бүкіл бекініс шептерінде қолданылды. Әдетте шептерде орналасқан казактардың қоныстарын шабуға орыс әскерлерінің жеңіл атты әскерлері жете алмайтын қашықта қоныстанған қазақтар қатысса, ал оның жазасын шабуылға қатыспаса да негізінен тікелей ханның билігіндегі ауылдар тартқан. Патша өкіметінің бұл әрекеті де тікелей Нұралы ханға қарсы бағытталды. Ал хан болса патша әкімшілігі тарапынан жасалып жатқан шекара барымтасын тоқтатуға әлі келмегендіктен, Орынбор әкімшілігі мен патшаның атына арыз жазып наразылық танытуға ғана шамасы жетті. Патша өкіметінің Нұралы ханға байланысты жүргізген осындай екіжүзді саясатының салдарынан Ордада ханды қолдайтын жақтастардың саны азайып кетеді. Өзінің мүшкіл жағдайын байқаған Нұралы хан амалсыздан патша әкімшілігімен арадағы байланысты жақсартуға ұмтылып, Орынбор әкімшілігінің талаптарын орындауға көніп, оларға аманаттар беруге, орыс тұтқындарын мүмкіндігінше қайтарып беруге, казак даласын басып өткен орыс керуендерін қорғауға міндеттемелер алады. Ал Нұралы ханның бұл әрекеті рубасылары мен игі жақсылардың ашу ыза-сын одан әрі туғызып, халық арасында казак халқының мүддесін сатқан орыс патшасының билігіне берілген деген жағымсыз пікір қалыптастырады. Осылайша ол құлдырап кеткен беделін патша әкімшілігі арқылы қайтаруға үміттеніп, Орынбор әкімшілігінен Жайық жағасынан бекініс салып беруге және өзін қорғауға әскер беруін өтінеді. Алайда Нұралы хан Ресей империясының отаршылдық зымиян саясатының түпкі ойы тереңде екенін, патша өкіметі өзін емес, хандықты билік жоюға бағыт алғанын ұғынбады. Сондықтан ол патша өкіметінен араша сұраған-дай сыңай танытты.

1773 жылы басталған Ресейдегі шаруалар соғысы казак халқының азаттық қозғалысына дем берді. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына ашынған қазақтар Пугачевты қолдап қана қойған жоқ, сондай-ақ оған белсенді түрде араласты.

Досалы, Сейдалы, Сырым сияқты сұлтандары мен рубасылары бастаған қазақтар орыс қалалары мен бекіністеріне шабуыл жасап, тұрақты орыс әскерлерімен шайқастар жүргізіп, малдарын айдап кетті. Қазақтардың азаттық қозғалысының күшейгені соншалықты Нұралы ханның өзі де патша әкімшілігінен ешқандай рұқсат алмай елін алып қыс айларында «Ішкі жаққа» көшіп алады. Әскерінің негізгі күші Пугачевпен және бір бөлігі түріктермен соғысып жатқандықтан патша өкіметі қазақтардың көшін тоқтатуға шамасы жетпейді. Қазақтардың азаттық қозғалысы болса Пугачевтың көтерілісі жеңіліске ұшырап, өзі өлтірілсе де тоқтамай, өз жалғасын тауып отырған. Мәселен, 1775 жылы қыркүйек айында Керей руында көтеріліс бұрқ ете қалып, ол Табын мен Тама руларына, артынша Шекті, Шөмекей және Байбақты руларына тарайды. Оған Сейдалы сұлтан бастаған қазақтар да келіп қосылады.

1783 жылдың көктемінде шекара шептеріндегі жағдай мүлдем шиеленісіп, қазақтардың бекіністерге жасаған шабуылдары және орыс-қазақтарды тұтқынға алуы мен малдарды айдап кетуі жиілене түседі. Мәселен, Тасболат және Айболат старшындар бастаған бір топ қазақтар наурыз айының аяғында Гирьял бекінісіне шабуыл жасап, гарнизон әскерінің бірнеше адамы мен көптеген малдарды айдап кетсе, Тама руындағы Қадыр мен Садыр старшындардың басшылығымен құрылған көтерілісшілердің бір тобы Татар слободасына шабуыл жасайды. Алайда көтерілісшілердің шабуылын дер кезінде білген патша әкімшілігі оларға қарсы С.Харитонов бастаған бірнеше жүз орынборлық казак-орыстар мен 1500 башқұртты жазалауға жібереді. Казактар мен қазақтардың арасындағы шайқас тамалардың қысқы қонысында өтіп, көтерілісшілер жеңіліске ұшырайды. Осы жеңілістің салдарынан көтерілісшілердің 56 адамы тұтқынға түссе, шабылған малдың көптігі соншалықты оның есебі алынған емес. Тұтқынға түскендердің арасында Көтеріліс басшыларының бірі Қадыр старшынның әйелі мен бала-шағасы да болған. Ал бұл жағдай көтерілістің бәсеңдеуіне алып келген. Дегенмен жаз шығып, ел көше бастағасын шептегі қозғалыс қайтадан күшейе түскен. Әсіресе көтерілісшілер сауда керуендерін қайта-қайта шабуылдап, Ресейдің Орталық Азия хандық-

тарымен арадағы саудасына зор нұқсан келтірген. Мәселен, Ормантау руының қазақтары Каралин мен Қазан татарларының керуендерін тонаса, сұлтан Ералының баласы Жантөре Бұқарадан Ресейге қарай шыққан керуендерді тоқтатуға күш салады. Сонымен қатар, шептегі бекіністерге де шабуылдар жасалады. Мысалы, мамыр айында Верхнеурал дистанциясындағы Қарағай бекінісіне шабуыл жасап, казактардың малдарын талап алып кетсе, көтерілісшілердің бір тобы Орынбор мен Илецкая защита арасындағы қатынасқа қауіп төндіреді. Көтерілісшілердің отаршылдарға қарсы қозғалысының өршігені соншалықты, онымен күресуге жергілікті патша әкімшілігінің күші жетпейді. Тіпті көтерілісшілердің соңына түсу үшін жіберілген жазалаушы әскерлерде ешқандай нәтиже шығара алмай, «аттарын болдыртып» кейін қайтіп кетіп отырған. Көтерілісшілер тарапынан жасалынған шабуылдардың көп болуы және оның табанды түрде өтуі азаттық күрестің жалпы халықтық сипат алғанын көрсетті. Өйткені патша әкімшілігінің жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылығы, соның ішінде 1782-1783 жылдарындағы қыстың қаттылығынан болған жұттан малдардың жаппай қырылғанына қарамастан казак әскерлерінің бейбіт казак ауылдарын жиі-жиі шауып, малдарын айдап кетуі сияқты себептер Кіші жүз руларының негізін құраған Шеркеш, Шекті, Тама, Беріш, Жағалбайлы, тіпті Орта жүзге кіретін қыпшақ руларының азаттық күреске тартылуына алып келді. Әсіресе, жазалаушы әскерлердің көтеріліске нақты қатысқан руларға емес, көбінесе ешқандай кінәсі жоқ қазақтарды тонауы жергілікті халықты одан сайын ашуландырды. Алайда азаттық қозғалысқа халықтың жаппай тартылуына қарамастан көтерілісшілер бір орталыққа бағынбады және казак руларының арасындағы іс әрекеттер өзара келісіліп жасалмады. Сондықтан әрбір ру жеке-жеке күрес жүргізгендіктен, аяғы жеңіліспен аяқталып отырды.

2. Жайық бойында көтеріліске шыққан казактардың арасында ортақ басшылық болмай, әрбір ру өз беттерінше қимыл көрсетіп жатқан кезде, көтерілістің басына Сырым Датұлы келіп, өзінің дарындылығы мен батырлығының арқасында маңайына патша өкіметінің отаршылдық саясатына наразылық танытқан казактарды біріктіруге ұмтылды. Бұл кезде Елек өзені-

нің бойында көтерілісшілердің 2000 адамы қимыл жасаса, Тополинск бекінісінің айналасында 3000 дейін, ал көтерілісшілердің 800 адамнан тұратын үшінші тобы Иіндер тауының маңында қарсыласқан. Кейін Сағыз өзенінің ауданында Сырым Датұлының туының астында 2700 адам жиналған еді. Ресейдегі Е.Пугачев бастаған шаруалар қозғалысына қатысып, одан мол тәжірибе жинаған Сырым Датұлы Жайық бойындағы қазақтардың азаттық қозғалысында белсенді рөл атқарып, оның нағыз көсеміне айналды. 1783 жылдың күзінен бастап көтеріліске қатысқан ол желтоқсан айында Тополинск форпосына шабуыл жасайды. Алайда Орал әскери казактарының күшті қарсылығына тап болып, шабуыл сәтсіз аяқталады да өзі тұтқынға түседі.

Бірақ келесі жылы жаз айларында оның күйеу баласы Нұралы хан орыс-казактарға 70 жылқы және 350 сом ақша беріп Сырымды тұтқыннан сатып алады. 1784 жылы тұтқыннан босатылған Сырым батыр болса патша өкіметімен одан сайын өштесе түседі де, қараша айында саны бір мыңнан асатын ірі жасақ жинап шептерге шабуыл жасау үшін қамдана бастайды.

Осы уақытта Барақ, Тіленші, Оразбай және Айшуақтың ұлы Жантөре сұлтан бастаған көтерілісшілердің келесі бір тобы Верхнеурал бекінісімен Елек қаласының арасындағы шептерді шабуылдауға дайындалады. Ал Кіші жүздің ханы Нұралы болса патша әкімшілігінің ықпалынан шыға алмай көтерілісшілерден іргесін аулақ салып, өз ауылдарын алып, Оралға көшіп кетеді. Бұл жағдай Сырым мен Нұралының арасындағы қатынасты шиеленістіріп жібереді.

Көтерілісшілердің мол жасақтары жиналғаны туралы хабар алған патша әкімшілігі 1785 жылы 17 қаңтарда Орынбордан Елек өзенінің жоғары бойына генерал-майор Смирнов бастаған 237 орынборлық казак-орыстар мен 2432 башқұртты патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бүлік шығарған қазақтарды жазалау үшін ауылдарды шабуға жібереді. Алайда күшейген боранды сылтауратқан жазалаушылар Ильинск бекінісіне қарай кері қайтады да, таяу маңда орналасқан көтеріліске қатысы жоқ, бірақ Нұралы ханның билігінен шықпайтын қазақ ауылдарын талқандап, 66 қазақты тұтқындайды. Жазалаушы әскерлердің бұл әрекеті ханның халық алдындағы беделін әбден түсіру еді..

Сол жылы қыс қайтуына қарай көтеріліс қайтадан күшейіп, Байбақты, Табын және Тама руларының қазақтары Нижнеурал шебін шабуылдауға кіріседі. Патша әкімшілігі де қарсы іс-қимылдарға көшіп, генерал-майор Смирнов және Колпаков пен Пономарев старшиналар бастаған Орал казак әскерлерінен тұратын екі жазалаушы топты көтерілісшілерді талқандауға аттандырады. Осы уақытта Ембі өзенінің бойында Сырымның жасағында 2700 адам, Барақта 2000 және Тіленшіде 1500 сарбаз жиналады. Қаракөл өзеніне жеткен Колпаков бастаған жазалаушылар Лебяжий және Прорвенский деп аталатын келімсектердің мекендерін талқандаған Беріш және Адай руларына жататын ауылдарға шабуыл жасайды. Қазақтардың қарулы қарсылық көрсеткеніне қарамастан жазалаушылар көптеген адамдарды өлтіріп, 100-ден аса адамдарды тұтқынға алып, 83 түйе мен 2955 жылқыны шепке айдап кетеді. Тұтқынға түскендердің басым көпшілігі әйелдер мен балалар еді. Сонымен қатар, патша әкімшілігі келімсектердің хуторларына шабуыл жасаған деген айыппен жайлауға көшкен табындардың ауылын талқандауға 405 адамнан тұратын премьер-майор Назаровтың жазалаушы әскери тобын жібереді. 24 наурызда табындардың ауылына жеткен Назаров бастаған әскер 2124 жылқыны айдап кетеді. Казак-орыстарға қарсылық көрсетуге тырысқан Айшуақ сұлтанның баласы Жантөре шапқыншылар тарапынан мықты тойтарыс алады. Табындардың толық талқандалуынан Сырым батыр бастаған қазақтардың Сахарная бекінісіне жасаған шабуылы құтқарып қалады. Назаров қазақтарды Сахарная бекінісінен зеңбіректің күшімен қуып шығады. Шайқас кезінде орыстарға 300 адаммен шабуыл жасаған Айшуақ сұлтанның келесі бір ұлы Аппақ қаза табады. Осыдан кейін Назаров балаларын көтерілісшілер жағында соғысты және өзің де бүлікке қатыстың деп Айшуақ сұлтанды тұтқынға алып, Орал қаласына алып кетеді. Айшуақ сұлтанның тұтқындалуы Нұралы ханның жағдайын тым нашарлатып жібереді. Өйткені Айшуақ сұлтан Кіші жүздегі ең қуаттылардың бірі Жетіруға билік жүргізетін және ағасы ханға қолдау көрсетіп отыратын. Сондай-ақ, ханның келесі бауыры Ералы сұлтан да Нұралыға өз деңгейінде көмек көрсете алмайды. Оның себебі оған бағынатын Төртқара мен

Шөмекей рулары Сырдарияның сол жағалауында орналасқандықтан патша өкіметінің отаршылдық саясатының салдарын әлі онша көрмеген еді. Осылайша ханды оқшауландырып, оны қолдаушылардан айырған патша өкіметі батыл әрекетке көшіп, қазақ старшындарының наразылығын басқа бағытқа, яғни тікелей Нұралы ханға қарай аударады. Яғни, бұл жерде патша әкімшілігі қазақтарды бір-біріне қарсы қою арқылы Кіші жүз қазақтарын одан әрі әлсірету, ішке іріткі сала отырып, бөлшектеуге ұмтылды және «қарадан» шыққан рубасыларды көтермелеп, оларды барынша ханға қарсы қойып, руларды өз хандарын билеуші ретінде мойындатпау еді. Осындай тәсілмен қарапайым халықтың арасында хандық билікті жеккөрінішті етіп көрсетуге тырысқан патша өкіметі беделден айрылған хандықты құртуға тырысты.

Сондықтан 1784 жылы Симбирск және Орынбор наместнигі болып тағайындалған О.А.Игельстром отарлау саясатын икемді әдістермен жүргізуге тырысып, қазақтардың көтерілісін ханға қарсы бұрып, сол арқылы қазақ халқының мемлекеті болып табылатын хандықты жоюға ұмтылады. Осы мақсатты көздеген О.А.Игельстром бірқатар реформаларды жүзеге асырып, оған көтеріліс басшысы Сырымды пайдаланады. 1785 жылы қыркүйекте жергілікті отаршыл биліктің басшысы губернатор Игельстром ахун Мұхаммеджан Хусайнов пен ассессор Бекчуринді Кіші жүз қазақтарының ру старшындарына съезд өткізу үшін жібереді. Жиналыста олар старшындарды, әсіресе Сырым батыр мен Мұрат биге Нұралы ханды тақтан тайдыру, оның орнына өздерін Орынборда құрылған Шекара сотына және шекаралық жоғары бастыққа тікелей тәуелді болуын қалайтыны жөнінде Ресей патшасына өтініш хат жазуға көндіруді құпия түрде тапсырады. Егерде старшындар бұл талапты орындаса, онда оларға бұрынғы көтерілістері үшін үкіметтен кешірім алып беретіндігін және көшіп-қонатын жерлерінің аумақтарын кеңейтуге уәде береді. Сонымен қатар, патша әкімшілігі старшындарды сатып алу үшін, ахун Мұхаммеджан Хусайнов пен ассессор Бекчуринге мол сыйлық беріп жібереді. Нәтижесінде Сырым бастаған старшындар съездің барысында патша әкімшілігінің талабын орындап, Нұралы ханды тақтан тайдыру жөнін-

дегі қаулыны бірауыздан қабылдайды және Кіші жүзді Байұлы ордасы, Жетіру ордасы және Қаракесек ордасы деп үшке бөліп тастайды. Қабылданған шешімге сай әр орданы жасы үлкен және халық арасында беделді үш старшын басқарады. Қаракесек руын Сегізбай би басқарса, Байұлына Тормамбет би, Жетіруға Тіленші батыр сайланады. Сырымның өзі болса Орда істері бойынша бас кеңесші болып сайланады. Сондай-ақ ол жиналысқа қатынасқандардың бәрін қабылданған шешімдерге және патшаға адал болуға шақырып, оларды ант беруге көндіреді. Жиналыста рубасшылары патшадан Нұралы ханды тақтан тайдырудан басқа қазақтарға Сахарный қамалынан Гурьевке дейінгі аралықты қыстауға рұқсат сұрайды. Орыс патшасы болса старшындардың сұрауын қанағаттандырып, 70300 түтінге өздері қалаған жерлерге қоныстануға жарлық береді де, Нұралы ханды 1786 жылы 3 маусымда Уфаға жер аударады. Бұл қалада хан өмірінің соңына дейін тұтқында ұсталып, 1790 жылы тамызда көз жұмады. Осылайша патша өкіметі Сырым бастаған старшындардың көмегімен көздеген мақсатына жетіп, қазақтарды ата жолмен сайланған Нұралы ханды биліктен аластатады. Патша өкіметі О.А.Игельстромның Кіші жүзді басқару жобасын 1786 жылдың көктемінде мақұлдап, бекітеді. Реформа бойынша Ордадағы саяси билік патша әкімшілігіне шоғырланып, шекаралық сот пен расправаларға зор өкілеттіктер беріледі. Расправаларға Кіші жүзді басқару жүктеліп, оларға төраға ретінде ру ақсақалдары және олардың жанына 2 мүше енеді. Осылайша О.А.Игельстром Кіші жүзде қалыптасқан дәстүрлі қоғамдық жүйені талқандап, қазақтарды бағындыруда неғұрлым әккі тәсілдер арқылы жүзеге асырады. О.А.Игельстром реформаны жүргізу кезінде әскери басшыларға қазақ ауылдарын шабуға тиым салып, малдарын Жайық пен Еділдің арасындағы жайылымдарға көшіп баруға мүмкіндіктер берді.

Әбілхайырдың ұрпақтары болса билікке тағайындалған рубасыларға белсене қарсы шығады. Есім мен Ералы сұлтандар бастаған қазақтар 1786 жылы тамыз айында Сырым батыр мен оның жақтастарын тұтқынға алады да, патша әкімшілігіне Айшуақ пен Нұралы ханды босатқанша тұтқында болады деп талап қояды. Сол кезде генерал-губернатор Игельстром де жап-

пастардың старшинасы Тілеке батыр арқылы: «Сырым батырды ешқандай кешіктермей тез босатсын, мұны жасамаса кінә өзінде, қылмысты адам ретінде заң бойынша мейлінше қатаң жаза қолданылады. Егер де кімде-кім Сырым батырдың өміріне оқтанатын болса, ондай адамның бүкіл руы, аға-інілері тағы басқа да туыстары ауыр жаза тартылады», -деп Ералы сұлтанға өз талабын жібереді. Генерал-губернатордың мұндай қатаң талап қоюы патша әкімшілігі үшін Сырым батырдың сонша бағалы болғандығын көрсетеді. Сырым батырды өз реформасының тірегі ретінде санаған О.А.Игельстром оны босатып алу үшін күш салып, полковник Гранкинды 1788 жылы Ералы сұлтанның ауылына жібереді. Өз кезегінде полковник Гранкин қазақ руларының кейбір старшындарының көмегімен Сырымды тұтқыннан босатып, тапсырманы орындайды. Тұтқыннан босатылған Сырым Датұлын патша әкімшілігі байұлылардың аға старшыны етіп тағайындайды. Бұл кезде Ордада тыныштық орнамай қазақтардың басым көпшілігі қайтадан хандық билікті орнату туралы талаптарын қоя бастайды. Нәтижесінде патша өкіметі қазақ халқының наразылығын бәсеңдету жолында Кіші жүзде хандық билікті қалпына келтіруге мәжбүр болып, тұтқындағы Нұралы хан өлгеннен кейін 1791 жылдың қыркүйегінде Ералы сұлтанды таққа отырғызады. Сырымның қарсыласы болып табылатын Ералыны таққа отырғызудағы патша өкіметінің мақсаты қазақ старшындарын хандық билікке қайтадан көтеруінде жатты. Бұл жағдай көп күттірмей-ақ Сырым Датұлының патша әкімшілігіне Ералының хан сайлануына өз наразылығын білдіруіне, аяғы Сырым бастаған старшындардың дала мен шептің шекарасына өз жақтастарын шоғырландыруына әкеп соқтырады. 1792 жылы шілде айының аяғында Қобда бойында 400-ден аса старшын жиналып, патша өкіметіне Ералы ханның жасының ұлғайғандығына байланысты қазір елді басқаруға жарамайтынын, сондықтан оның орнына Сырымның жиені Нұралыұлы Жалтыр сұлтанды хан етіп бекітіп беруін сұрап хат жазады. Хатты молда Х.Абдусалымов жеткізеді. Бұл хабарды алған патша әкімшілігі Ералы хан мен Есім сұлтанға жиналыс жасаған старшындарды талқандауды ұсынады. Осылайша патша әкімшілігі тағы да қазақты қазақтардың қолымен жоюды ойластырып,



Кіші жүздегі алауыздықты одан сайын өршітуді мақсат тұтады. Бірақ патша әкімшілігінің «құйтырқы» саясатын түсінген Ералы хан мен Есім сұлтан старшындарға қарсы орыс әскерлерін бастап барудан бас тартады. Патша әкімшілігіне өз талаптарын орындата алмаған старшындар 1792 жылы қыркүйекте Сырым, Қаракөбек, Тотай, Сызғарбай, Сарыалтай, Боранбай бастаған қазақ старшындары Ресейге соғыс жариялайды. Олар Ноғай, Бұқара, Хиуа көпестеріне соғыстың басталуына байланысты алдын-ала ескерту жасап, қазақ даласынан жүрмейге шақырады. Оның алғашқы белгісі ретінде Сырым бастаған 1000 қазақ сарбазы 29 қыркүйекте Елек қорғанына шабуыл жасайды. Алайда сол заманға лайықты зеңбіректермен қаруланған орыс әскерлері Сырымның шабуылына тойтарыс береді. Осы сәтсіздіктен кейін Сырым бастаған көтерілісшілер өздерінің күрес тәсілін өзгертіп, енді ұсақ-ұсақ топтарға бөлінеді де шекарадан мал қуып, орыстарды тұтқындап кетумен айналысады. Мәселен, 1794 жылдың қаңтарында Сырым батыр 1700, Тотай батырдың баласы 500 адаммен, Жиеншөре 1300 адаммен шекара маңына аттанып, көптеген тұтқындар мен малдарды айдап кетеді. Көтерілісшілердің қолына түскен тұтқындардың көп болғаны соншалықты 1794 жылы патша әкімшілігі оларды босату үшін қыруар ақша жұмсайды. 1794 жылы 10 маусымда Кіші жүздің ханы Ералы қайтыс болады. Осыдан кейін Ордада қайтадан хан сайлау мәселесі көтеріледі. Кіші жүздің ханын сайлауда қазақтар екі бағытқа бөлінеді. Сырым, Басықара, Қаракөбек, Сарыалтай, Қараалтай, Мыңбай сияқты батыр мен билер бастаған бірінші бағыттағылар хандыққа Жалтыр сұлтанды ұсына отырып, бүкіл қазақтық Кеңес өткізуді ұсынса, Есім сұлтанның жақтастары болса патша әкімшілігімен келісе отырып, хан сайлауды жөн көреді. Сырым бастаған старшындар Есімге үш рет елшілік жіберіп, әлі орыс билігі жете қоймаған Әлімұлдары руларында өтетін Кеңеске шақырады. Алайда Есім сұлтан Кеңеске баруға патшадан рұқсат жоқ деген сылтаумен бармай қояды. Есімнің хан сайлау Кеңесіне бармауы Сырым бастаған оншақты белгілі рубасыларының 1794 жылы қарашада патша әкімшілігіне ашық хат жазуына алып келеді. Хатта олар шекарадағы шиеленіске Ералы ханның ұлдары мен Есім сұлтан кінәлі екенін алға тарта

отырып, патша әкімшілігінен шекарада оларға жүктелген ерекше құқықтарын алып тастауды талап етеді. Хатпен танысқан патша әкімшілігі мұндай мәселемен Хан Кеңесі айналысады деген сылтаумен жауап беруден жалтарып кетеді. 1795 жылы 17 қыркүйекте патша әкімшілігі Орынборда Кіші жүзге белгілі қазақтарды жинап, Кеңес өткізеді де, Есім сұлтанды хандыққа сайлайды. Сырым болса оған барудан бас тартады. 1796 жылы 12 желтоқсанда Орынбор әкімшілігіне қайтадан әскери губернатор болып Кіші жүзге өз реформаларымен белгілі, хандық басқаруды жоюшы О.А.Игельстром тағайындалады. Жаңа басшының келуі Кіші жүздегі саяси жағдайды тым шиеленістіріп жібереді. Сырым бастаған халық қозғалысы ханға одан сайын өршіге түседі. Ақыры Есім хан 1797 жылы 27 наурызда Красноярск форпосының маңындағы қазақ руларына қонған сәтінде, Игельстромның айдап салуымен Сырымның жақтастары таң ата ханды өлтіреді. Хан өлтірілгеннен кейін Кіші жүзде қайтадан дүрбелен басталып кетеді. 7 сәуірде Сырым батыр орыс шебінен не бәрі 70 шақырым жердегі Қаракөлдегі Жалғыз Ағаш мекенінде орналасқанын естіген Бөкей Нұралыұлы байбақты, алаша, беріш, тана, шеркеш және өзге де рулардан 800 адамды жинап, Сырымды жазалауға аттанады. Бірақ Сырымның 14 сәуірде Ойыл өзенінен өтіп, Бұқараға қарай кеткенін естіген Бөкей кейін қарай қайтып кетеді. 1797 жылы 22 мамырда Орман, Шотқара, Есім ханның ұлы Қара сұлтандар өзара келісіп, патша әкімшілігінен хандық сайлауды өткізуге және оған ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Қаратай сұлтанды бекітуді ұсынады. Қазақтардың мемлекеттік нышаны болып табылатын хандық биліктің қас жауы Игельстром болса сұлтандардың бұл әрекетіне тосқауыл қоюға әрекет жасап, «Орданы хансыз-ақ басқаруға болады» деген әңгімелер таратқызады және жанына 300 адамды ерткен Сырым Датұлының қайтадан Жайық бойынан 100 шақырым жердегі Жақсыбай өзеніне келіп, Кіші жүздің беделді старшын, батыр, билеріне «Орда мәселелерін Кеңес арқылы шешуге» өз адамдарын жіберуі осы пікірдің қалыптасуына негіз қалайды. Кіші жүздегі сұлтандар мен старшындардың арасындағы араздықты пайдаланған О.А.Игельстром Кіші жүзге хан сайламауға нық бекініп, барлық билікті Хан Кеңесіне жүктейді.

Кіші Қобда өзенінің бойында орналасқан Хан Кеңесінің төрағалығына Айшуақ сұлтан және оның құрамына Әлімұлынан шекті Сарышонқай, төртқара Боранбай, Байұлыдан ысық Сұлтанбек, Алаша Шақшақ, Табын Күшік би, Кердеріден Битік тікелей О.А.Игельстромның таңдауымен сайланады. 1797 жылы 8 тамызда басталған Хан Кеңесінің жұмысына 300-ге жуық қазақтың белгілі игі жақсылары қатысады. Ал Нұралы ханның ұрпақтары болса бұл Кеңеске бармағаны былай тұрсын, 13 тамызда Қара, Шотқара, Өзбекқали, Орман, Елтай, Шығай және тағы басқа сұлтандардың ұйымдастыруымен Қаратай сұлтанды хан етіп сайлап алады. Хандық сайлауға Байұлылар және Әлімұлыларының кейбір рулары қатысады. Өздеріне Қаратайды хан сайлаған сұлтандар патша әкімшілігінен оны бекітуді сұрап хат жазады. Кіші жүздегі хандық билікті жоюда асығыстық танытқанын түсінген О.А.Игельстром жағдайды түзеуге тырысып, жас, әрі беделді, патша билігіне күмәнмен қарайтын Қаратай сұлтанды бекіткенше, одан да жасы келген, беделі тек Жетуруға жүретін, орыс әкімшілігіне адалдығымен белгілі, Әбілхайыр ұрпақтарының үлкені болып табылатын Айшуақ сұлтанды хан етіп сайлау тиімді еді.

Осы мақсатты көздеген патша әкімшілігі қазақ сұлтандарының талабын амалсыздан орындап Кіші жүзге хан сайлауға рұқсат береді. 1797 жылы 16 қазанда Орынборда Айшуақты хан сайлайды да, 31 қазанда оны бекітеді. Патша әкімшілігінің жасы келген Айшуақты хандыққа отырғызу арқылы қазақтардың арасында хандық басқару дәстүрін біржолата әлсіретіп жібереді. Сонымен қатар, патша әкімшілігі Айшуақты хан сайлағанымен барлық күшін Хан Кеңесінің беделін көтеруге жұмсайды. Сол үшін 1797-1798 жылдардағы қыста ішкі жаққа өтетін рулардың тізімін жасауда, шекарадағы талас мәселелерін шешуде Хан Кеңесінде қазақ-орыс комиссиясын құрып, биліктің негізгі тетіктерін соған тапсырады. Сырым батыр комиссияның жұмысына белсене араласады. Дегенмен шешуші мәселені О.А.Игельстром қабылдады. 1798 жылы қазан айында О.А.Игельстром «денсаулығына» байланысты Орынбор әкімшілігінен шеттетіліп, оның орнына Н.Н.Бехметов келеді. Ол қазақ-орыс комиссиясының рөлін мойындамай шекараға байланысты

мәселелерді Айшуақ ханның шешуін талап етеді. Ал қартайған Айшуақ болса губернаторға хат жазып, қазақтар арасындағы өзіне деген қарсыларды тізіп көрсетуден әрі аса алмайды. Сол кезде губернатор ханға қазақтарға қатысты мәселелерді шешуге подполковник Михайловты жібереді. Патша офицері болса ханды көзіне ілместен қазақ руларының малдарын тартып алумен айналысады. Бұл кезде қазақ халқының жанашыры ретінде өз қызметін жалғастырған Сырым Датұлы 1799 жылы 22 мамырда генерал-майор Н.Н.Бехметовке соңғы хатын жазып, қазақ-орыс қатынастарын реттеуге өз көмегін ұсынады. Өз хатында Сырым Датұлы «Астрахандықтар мен Оралдықтардан адам айтқысыз жәбір көрген қазақтар маған келіп қолғабыс сұрады. Подполковник Михайлов талабын өзім қанағаттандырған тұста, қазақтар маған реніштерін білдірді... Сондықтан сізден сұрайтыным О.А.Игельстром құрған қазақ-орыс, қазақ-башқұрт мәселелеріне қарайтын арнайы комиссияны қызмет жасатсаңыз» дейді. Ол елдегі қалыптасқан жағдайды саралай отырып, халқы үшін қызмететуге даяр екендігін губернаторға жеткізеді. Алайда Орынбор әкімшілігі ендігі жағдайда Сырым Датұлының қызметін қажет етпеді. Сондықтан олар Сырымды Кіші жүздің істеріне араластыруды жөн көрмеді.

Жалпы алғанда қазақтың ардақты азаматы Сырым Датұлының азаттық жолындағы күресі еш кетпеді. Сырым бастаған көтерілісшілердің арқасында Жайықтағы жер мәселесі ішінара болса да шешіліп, қазақтар Жайық пен Еділ арасындағы жайылымдарды пайдалануға мүмкіндік алды. Нәтижесінде жер тапшылығын уақытша болса да бәсеңдеді. Дәстүрлі хандық билік жүйесіне соққы беріліп, хандық кеңестің орнауына қол жеткізілді. Осы арқылы мемлекеттіліктің соңғы нышандары сақталып қалды. Жалпы алғанда, Ордадағы кейбір ішкі қайшылықтарына қарамастан көтеріліс ұлттық сананың өсуіне септігін тигізді және Кіші жүз қазақтарының азаттық күресі өз жалғасын тауып отырды.

## **Пысықтау сұрақтары**

1. Сырым Датұлы бастаған азаттық қозғалыстың қозғаушы күштері кімдер?
2. Нұралы ханның Кіші жүз қазақтарына неге ықпалы жүрмеді?
3. Жайық өңіріндегі азаттық қозғалыстың басында кімдер тұрды?
4. Патшалық биліктің отаршылдық саясатына қарсы көтерілген қазақтар өз мақсаттарына жете алмау себебі неде?
5. Патша әкімшілігімен Сырым Датұлының арасындағы қарым-қатынасқа қандай баға бересіз?

## **§2. Саржан сұлтан бастаған қазақтардың күресі**

### **1. XIX ғасырдан бас кезіндегі патша өкіметінің Орта жүздегі отаршылдық саясаты және оған қазақтардың қарсылығы**

#### **2. Саржан сұлтан бастаған азаттық күрестің барысы мен сипаты және жеңілісі**

1. Қазақ даласының Ресей империясына тәуелділігі XVIII ғасырдың 30 жылдарында басталғанымен, оны толығымен жаулап алуы XIX ғасырдың 60-70 жылдарында ғана жүзеге асты. Яғни, XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласын өз отарына толығымен қосуды жоспарлаған патша өкіметі 1781 жылы Абылай хан қайтыс болғаннан кейін басталған оның балаларының арасындағы билік үшін талас-тартысты өз мүдделеріне пайдалана отырып, хандықты әлсірету мақсатында оны екіге бөліп тастайды. Орта жүздің заңды түрде сайланған ханы болғанына қарамастан, патша өкіметі Уәли ханмен қатар Бөкейді екінші хан етіп тағайындайды. «Бөліп ал да, билей бер» қағидасын мықтап ұстанған патша өкіметі екі ханды бір-біріне айдап салып, беделді сұлтандарды өз жағына тартып, оларды да өз хандарына айдап салып отырды. Дегенмен Орта жүзде әлсіз болса да хандықтың сақталуы патша өкіметінің емін-еркін қимылдауына тежеу болды. 1817 жылы – Бөкей хан, екі жылдан кейін Уәли ханның өлуі патша өкіметінің отаршылдық саясатына жан-жақты жол ашып, барлық кедергілердің алынып тасталуына әкеп соқты. Екі ханның өлімін пайдаланған патша өкіметі Орта

жүздегі хандық билікті сұлтандармен келіспей-ақ жоғары жақтан жойып жібереді де өздерінің отаршылдық реформаларын жүргізе бастайды. 1822 жылы қабылданған граф М.Сперанскийдің «Сібір қазақтары туралы жарғысы» алғашқы патшалық реформа ретінде Орта жүздегі бүкіл дәстүрлі билік құрылымын қиратып, халықтың әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық өмірінің барлық салаларын қамтыды. Реформа бойынша хандық билікті жойып жіберген патша өкіметі осы Жарғыға сүйене отырып далаға басқарудың жаңа нысанын енгізеді. Географиялық жағынан Орта жүз қазақтары шекаралық басқару құрылғанға дейін Омбы облысына бағынып келген сыртқы округтерге кірді. Олардың басына «округтық приказдар» қойылып, оны заседатели бар аға сұлтандар басқарды. Округтерге 15-тен 20-ға дейін болыстар кірді. Әр округтың тұрғындары басқа округтардың жеріне жергілікті әкімшіліктің рұқсатынсыз көшіп қона алмайтын. Рұқсат алмағандар қатаң жазаланды. Сұлтандардың жанына 200 қарулы казактан тұратын әскер қосып берілді. Бұл әскери топтар сұлтандарды күзетіп, әскери-полициялық міндеттерді атқарды. Сонымен бірге, жергілікті патшалық әкімшілік сұлтандардың жұмысына араласып, бақылау жүргізді және қажет болған жағдайда оларды патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарай әрекет етуге мәжбүрледі. Округтермен қатар, жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық орталықтарды «тәртіпсіздіктерден» «қорғауға» тиісті әскери-полициялық міндеттерді атқаратын разъездер мен пикеттер құрылды. Жарғы бойынша алғашқы екі округке Уәли ханның Көкшетаудағы және Бөкей ханның Қарқаралыдағы мекендері таңдап алынды. Ал жалпы Жарғыға сәйкес Орта жүзде жеті округ ашылып, кейін олардың саны 8-10 ға дейін жеткізілу жоспарланып, одан әрі Шығыс Түркістан мен Қоқан хандығының иелігіне шығу көзделді. 1824 жылы 8 сәуірде ашылған Қарқаралы округіне 20 мыңдай шаңырақ кіріп, оның аға сұлтандығына Абылайдың немересі Тұрсын тағайындалады да оның заседательдері болып Олжабай Ордауов пен Жаманбай Нұралин бекітіледі. Тұрсынды аға сұлтандық қызметке тағайындау рәсімі сұлтандар, билер мен ақсақалдар және қазақтардың басқа да игі жақсыларының қатысуымен салтанатты түрде өткізілгенімен,

Орта жүздің көптеген сұлтандары мен билері округтердің құрылуына наразылық ретінде қатысудан бас тартады. Осыған қарамастан патша әкімшілігі сол жылы 29 сәуірде Орта жүзде екінші округ Көкшетау округын құрып, оған Уәли ханның баласы Ғұбайдолланы аға сұлтандыққа және Желқара Байтоқин мен Мүкет Жәнібековты заседателдық қызметке тағайындайды. Округтегі «тәртіпті» қадағалап отыру мақсатында 2 зеңбірегі бар 300-ден астам әскер бөлінеді. Округтың құрылуына жергілікті халықтың наразы болғаны соншалықты оның ашылу салтанатына бар болғаны қазақтың рубасыларынан 8 сұлтан мен 6 би ғана қатысады. Бастапқы кезде аға сұлтандарға зор құқықтар берілгенімен, кейін уақыт өте келе олар жергілікті отаршыл әкімшіліктің айтқанынан шықпайтын құралдарына айналып, іс жүзінде округтегі барлық билікті А.Лукин мен А.Путинцев сияқты орыс шенеуніктері жүргізді. Тіпті округтегі жоғары қызметке өз өкілдерін сайлау жолындағы ұзаққа созылған руаралық тайталас кезінде сұлтандардың бір бөлігі Омбы шенеуніктерінің қас-қабағына қарап, іс-әрекет жасауға мәжбүрленеді. Патша әкімшілігінің осындай отаршыл іс-әрекеттерінен Орта жүз қазақтары сұлтандарының көпшілігі іштей наразылық танытты. Әсіресе Көкшетау округының аға сұлтаны Ғұбайдолла бастаған қазақ билеушілері патша билігінен әбден түңіледі.

Дегенмен патша өкіметі Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына кірген Орта жүз қазақтарының жерінде әкімшілік реформалармен қатар, әскери отарлауды кең ауқымды түрде жүргізіп, әскери шептердің ұзындығын 2 мың шақырымға созады және Тобылдағы Звериноголов бекінісінен Алтайға дейінгі аралықты камтиды. Горкая, Ертіс, Бұқтырма және Бийск сияқты төрт әскери шептерге 18 бекініс, 31 редут, 13 форпост, 23 станица, 23 шамшырақ салады. XIX ғасырдың 20 жылдарында патша үкіметі округтерді қорғау мақсатында далалық аймақтарға қосымша бекіністер жүйесін сала бастайды. Мысалы, 1822 жылдың шілдесінде Ақмоладан оңтүстікке қарай 300 шақырымды құрайтын Ақтау тауларында, Сарысу өзенінің бойында Ақтау және Есіл өзенінің жағасына Жарқайың бекіністерінің негізі қаланса, 1824 жылдың сәуірінде Қарқаралы приказы ашылып, оған 6 және 7 Сібір полктерінің 300 казагын орналастырса,

сол жылдың 29 сәуірінде Көкшетау приказы құрылып оған 2 және 4 Сібір полктерінің 300 казагын жайғастырады. Сонымен қатар, қазақ даласында бұдан басқа Баянауыл, Ақмола, Атбасар, Аягөз, Құсмұрын приказдары мен бекіністер тізбегі қалыпта-сады. Аталған бекіністерді де шапшаң қимылдайтын жеңіл казак әскерлері мен арасы 25-30 верст болатын қашықтықта 9-10 казактан құралған пикеттер қорғап тұрады. Сонымен Орта жүз қазақтарының жерінде жүзеге асырылған патша өкіметінің әскери-әкімшілік реформалары Ресей империясына қазақ дала-сын емін-еркін билеп төстеуіне жағдай жасады. Ал отаршыл би-ліктің бұл басқыншылық әрекеттері жергілікті халықтың, әсіресе биліктен шеттетілген сұлтандардың наразылығын туғыз-бай қоймады. Осыған байланысты Абылай әулетінің біршама алысты көздейтін өкілдері қазақ мемлекетіне төнген қатерге қарсылық көрсетуге тырысады. Мұндай қатерлі міндетті Абылайдың кенже ұлы Қасым сұлтан мен оның Саржан, Есенгелді, Ағытай, Көшек, Кенесары және Наурызбай атты ұл-дары және Сартай, Тортай сияқты сұлтандар орындауға кірісе-ді. Осы аталғандардың ішінде Саржан, Есенгелді мен Кенесары патша өкіметіне қарсы көтерілістерді ұйымдастырушылар ретін-де тарихқа енеді. 1825 жылы 14 маусымда Округтық приказдар-дың ашылуына қарсы шыққан Қасым сұлтан Ресей патшасы мен оның жергілікті губернаторына жаңадан құрылған округтық приказдарды таратуын, казактардың өз ғұрыптары бойынша өмір сүруін, әскери-тірек бекіністердің далаға ілгерілетіп салы-нуын тоқтату, орыс шаруаларының қоныстануына кедергі жасау сияқты талаптарын қояды. Қасым сұлтан өз талабы орындал-маған жағдайда Уәли ханның үлкен ұлдарының бірі Ғұбайдоллаға үміт артты. Бұл кезде Көкшетау округіне аға сұл-тандық қызмет атқаратын Ғұбайдолла өзінің маңайына патша-лық Ресейдің отаршылдық саясатына наразылық танытқандарды топтап, қалыптасқан жағдайды қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін пайдалануға тырысты. Өйткені Ғұбайдолла егерде казактардың арасында хандық билікті қайтадан орнатпаса онда казактардың патша өкіметінің отаршылдық жүйесіне тереңірек тартылып, ұлттық езгінің күшейе беретінін түсінді. Сонымен қатар, ол егерде осылай жалғаса берсе төрелердің халық алдын-



дағы беделі тым төмендеп кететіне көзі жетеді. Алайда Қасым сұлтанның ықпалды тобы қолдаған Ғұбайдолла мен оның жақтастары өз ойларын жүзеге асырудың күрделі және қауіпті екенін білді. Ресей империясының отарына кіріп, аяғы жойылып кеткен Астрахан, Қазан хандықтары туралы, тіпті Кіші жүз хандығын сақтап қалуға тырысқан сұлтандардың тағдырларынан жан-жақты хабардар болып отырған Ғұбайдолла сұлтан патша өкіметі мен қарым-қатынас жасауда барынша сақ қимылдаудың қажеттігін ұғынды. Өйткені әккі де зұлым патша өкіметі кезінде Астрахан, Қазан хандарының әулетін әр түрлі жолмен түпкілікті жойып жіберіп, қазақ даласына кіре отырып, Кіші жүз хандарын бірінен соң бірін Ресейдің ішкі губернияларына жер аударып, көздерін құртып отырған. Мәселен, 1816 жылы Ресей үкіметінің рұқсатынсыз Кіші жүзге хан сайланған Арынғазыны патша үкіметі Петербургке алдап шақырып, жолда тұтқынға алынады да Калугаға айдалады. Сол жерде ол көп кешікпей жұмбақ жағдайда көз жұмады. Осы жағдайларды ескерген Ғұбайдолла сұлтан дипломатиялық жолдар арқылы мақсатына жету үшін Қытай империясымен құпия байланыстар жасауға кіріседі. Яғни, атасы Абылайдың сыртқы саясатының дәстүрлі бағытын жеткілікті дәрежеде жалғастырған Ғұбайдолла өмірінің аяғына дейін ұстанып, шығыстағы көршісінің көмегі арқылы Орта жүздегі хандық билікті қайтадан орнатуға ұмтылды. Тіпті ол аға сұлтан болмай тұрып-ақ ол Қытай үкіметіне әкесі Уәли ханның қайтыс болғанын естірте отырып, өзін мұрагер ретінде әкесінің орнына хандық таққа отыруға Цин императорының келісімін алуға тырысады және жақын туысқаны, әрі сенімді серігі болып табылатын Жантөре сұлтан бастаған өз елшілігін Пекинге құпия түрде жасақтайды. Ресей империясының қазақ даласындағы билігінің күшеюінен қауіптенген Қытай жағы да қазақ елшілігін жылы қарсы алып, оларға Ғұбайдолланы Орта жүздің ханы ретінде көргісі келетінін айтып, Ғұбайдолла сұлтанның Пекинге келіп, мұрагерлік жолмен тақтың иесі атануға шақырады. Ғұбайдолла сұлтанға тезірек Орта жүз ханының мәртебесін беруге асыққан Қытай үкіметі Құлжадағы Қытай билеушісі мен Орта жүздегі беделді және патша билігімен күресте батылдығымен данқы шыққан Шама сұлтанға Ғұбайдолла сұлтанды жан-

жақты қолдау туралы нұсқау берілген хаттарды жөнелтеді. Алайда Семей бекінісінің коменданты подполковник Кемпеннің құпия тыңшылары бұл хаттарды қолға түсіреді. Осы хаттар арқылы Ғұбайдолла сұлтанның жасырын түрде қытайлықтармен келіссөз жүргізгенін білген патша әкімшілігі оны Омбыға дереу шақыртып алып, аға сұлтандық қызметтен босатып қамауға алады. Алайда Ғұбайдолла сұлтан сәтін тауып қамаудан қашып шығады да, қуғыншылардан жасырынып үлгіреді. Жартылай жасырын жағдайда жүрген Ғұбайдолла сұлтан Орта жүз қазақтарының көптеген руларын азаттық күреске тарту мақсатымен патша билігінің әлі де толық тарай қоймаған аудандарға өзінің сенімді адамдарын жіберу арқылы болашақ көтеріліс ошақтарын әзірлеуге көшеді. Сонымен қатар, ол басқа да сұлтандармен біріге отырып, сауда керуендеріне өз бақылауын орнатуға тырысады. Сауда керуендерінен алым ақша, тауарлар түрінде алынады. Мәселен, Тас-Шате шатқалында Саржанның ағасы Кушакпен оның баласы Троицк көпестерінің жұмысшысы Юркиннен, Қазан татары Бекбау Абсалямовтан – 100 даб, 3-жібек халат, 2 жүн мата, барқыт көрпе есебінде салық алған. Саржан болса өз төленгіттері арқылы Тобылдық бұхар Рузы Гумаровтың 551 сомға тең мүлкін, ал Бұхаралық Таир Закиржановтың 16 жылқысын тартып алады.

Осы қиын жағдайда жүріп, ғажайып күш-жігер көрсеткен қайтпас қайсар тұлға ретінде танылған Ғұбайдолла хандық билікке дипломатиялық қатынас арқылы да қол жеткізгісі келіп, Қытай патшасына өзін хан ретінде мойындатуды көздейді. Осы мақсатпен 1825 жылы көктемде Ғұбайдолла сұлтанның депутаттары келіссөз жүргізуге Қытай императорының сарайына келеді. Ғұбайдолла сұлтанның тілегін қабыл алған қытайлықтар оған Орта жүздің ханы деген императордың бұйрығын тапсыру үшін Баянауыл тауларына кездесуге амбан (Шығыс Түркістандағы қытайдың бас шенеунігі) басқарған 10 шенеунік мен 300 әскерден тұратын өз өкілдерін жібереді. Бірақ-та Ғұбайдолла сұлтанның қытайлықтармен кездесуі патша әкімшілігіне тыңшылары арқылы алдын ала мәлім болады және бұл жағдай Батыс Сібір генерал-губернаторын қатты мазасыздандырады. Өйткені Ғұбайдолла сұлтан Қытайдың қолдауымен хандық билікке ие

болса, онда Орта жүз қазақтары Ресей империясынан бөлініп шығып, Қытайдың қамқорында оқшауланған мемлекет құруы, тіпті Шығыс Түркістанмен қосылып кетуі әбден мүмкін еді. Сондықтан қауіптің тым тереңде жатқанын түсінген патша әкімшілігі 1825 жылы 27 сәуірде коллеж ассессоры Путинцовке Ғұбайдолла сұлтанды аңдуға немесе мүмкіндік болса тұтқындауға нұсқау берсе, ал Сібір шептік казактарының жүзбасшысы Карбышевке атқа жегілген бірнеше зеңбірегі бар әскерді алып, Қарқаралы округінен Баянауылға асығыс жетуге және Ғұбайдолла сұлтанның қытайлықтармен кездесуіне кедергі келтіру жөнінде бұйрық береді. Жеткілікті дәрежеде әскери қару-жарақпен жабдықталған және ұрыс қимылдарын жүргізуге машықталған әскери топты басқарған Карбышев жылдамдырақ қимылдап, Баянауыл тауларына жақын жерде қытайлықтарды қуып жетіп, оларды қоршап алады да, оларды сұлтанның адамдарымен қандай да болсын қатынас жасауына тосқауыл қояды. Коллеж ассессоры Путинцовтың басқаруындағы келесі бір әскери топ болса бөлінген күштің аздығынан Ғұбайдолла сұлтанды тұтқындауға батылы бармай, оны Көкшетау округінен қуып келіп, Карбышевке қосылады. Сондай-ақ Батыс Сібір генерал-губернаторы Карбышевке қосымша тағы да Лукин бастаған казактардың жүздігін және әскерге жалпы басшылық жасау үшін подполковник Григоровский бастауымен жүз казакты жібереді.

Бұл кезде қытайлықтарды залалсыздандырған Карбышев ендігі кезекте Ғұбайдолланы қолға түсірудің әрекетіне кірісіп, сұлтанның Баянауыл тауына жақындағанын хабарлап отыру үшін әр жерлерге қарулы бекет күзеттерін қояды. Тосқауылға қойылған әскерлердің табысты қимылдағаны соншалықты олар Ғұбайдолланың қарулы жасағын басқарған Шама сұлтанды қолға түсіреді. Түнге қарай таңдаулы казактар тобы мен зеңбірегі бар жүзбасы Карбышев Шама сұлтанның тұтқындалғанынан хабарсыз жатқан Ғұбайдолланың ауылына жасырынып келеді де, тұтқиылдан шабуылдап сасқалақтап қалған оны күзетімен және ішінде атақты Шоң бидің бауыры Торайғырмен бірге бірнеше биді қарусыздандырады. Ал Шама сұлтанның ұрысқа қабілетті жасағы Ғұбайдолла сұлтанның тұтқындалғанын келесі

күні ғана біледі, соның өзінде де олар зеңбірегі бар әскерге қарсы тұра алмасын біліп кейін шегініп кетеді. Осы кезде Ғұбайдолланың кешігуінен секем алған қытайлықтар болса орыс әскерлерінен сұлтанмен тез арада кездестіруді табанды түрде талап етеді. Цин империясымен ашықтан-ашық жауласуға жүрексінген орыстар Қытай елшілігінің талабына амалсыздан мойынсұнып, Ғұбайдолла сұлтанға патша билігіне ант бергендіктен хандықтан өз еркімен бас тартатын мағынада жазылған хатқа мәжбүрлеп қол қойдырып, қытайлықтарға апарып береді. Алайда хатқа сенбеген қытай елшілігі Ғұбайдолла сұлтанмен көзбе-көз кездесуді сұрайды. Бұл жолы да қытайлықтардың талабын амалсыздан орындаған орыстар Ғұбайдолланы алып келеді. Орыс офицерлерінің бақылауымен өткен келіссөзде Ғұбайдолла сұлтан хатта жазғанын тағы да ауызша қайталап береді. Осыдан кейін ғана қытайлықтар еш нәтиже шығара алмай еліне оралса, ал берілген тапсырманы сәтті аяқтаған орыс әскерлері Ғұбайдолла сұлтанды алып, Омбыға қайтады да оны қаланың түрмесіне қамайды. Тергеу аяқталған соң патша үкіметі Ғұбайдолла сұлтанды Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы шыққан топтарды басшысыз қалдыру мақсатында Сібірдегі Березовка атты қалашыққа жер аударады. Ол жерден Ғұбайдолла сұлтан 1840 жылы Кенесары Қасымұлының талап етуімен босанып шығады.

2. Патша өкіметінің Ғұбайдолла сұлтанды Сібірге жер аударуы Орта жүзге тараған қозғалысқа тосқауыл бола алмады. Қайта керісінше Қарқаралы округіндегі қазақтардың толқуларын одан сайын күшейтіп жіберді және патша билігіне қарсы бытыраңқы қимылдаған күштерді біртұтас қозғалысқа бірігуге итермеледі. Бұл қозғалыстың басында Қасым төренің ұлы Саржан сұлтан тұрды. Оның қозғалысына інілері Есенгелді мен Кенесары белсене қатысып, жан-жақты қолдап отырды. Оның карауына кірген ауылдардағы толқу бір мезгілде көтеріліп, Қожан, Тама, Айдабол, Байдәулет руларының қазақтары жиналады. Олардың қатары күн өткен сайын артып, тың күштермен толықты. Әсіресе, сұлтан Абылай Ғаббасов патша билігіне қарсы нағыз ымырассыз күрес жүргізуде ерекше көзге түседі. Ол Саржан жасақтарының бірін басқарып, Қарқаралы прика-

зына келеді де бірнеше болыстардың қазақтарын ертіп кетеді және өзінің сенімді адамдарын Көкшетау приказіне жіберіп, ондағы қазақтарды патша билігі тағайындаған сұлтандарға бағынбауға шақырады. Ал Көкшетау округіндегі қозғалысты басқарған Сартай Шыңғысов қазақ жерін біріктіруге ұмтылған Абылай ханның ақ жолын жандандыру мақсатында Саржан сұлтанның көзқарасына қосылды және өз қимылын Ғұбайдолламен үйлестірген ол Саржан сұлтанды жалпыхалықтық жетекші ретінде мойындап, оған толығымен бағынды. Ақыры 1825 жылдың көктемінде Саржан сұлтан бастаған азаттық күрес Көкшетау, Ұлытау өңірінде патша өкіметіне қарсы ашық түрде қарулы көтерілістерге ұласады. Көтерілісшілердің саны мың адамға жеткеннен кейін олар патшаның билігіндегі болыстарға салық жинаушыларын жіберіп, бағынбағандарды шауып, тонап кетіп отырады. Саржан бастаған қозғалыстың одан әрі күшеюінен қорыққан патша әкімшілігі Қарқаралы округі әскери күзетінің бастығы жүзбасы Карбышевке Саржан мен Сартайды қалайда тұтқындау туралы нұсқауын және Саржанға қарсы қимыл көрсетіп жатқан Карбышевтың 200 әскеріне қосымша күш ретінде 150 казакты жібереді. Оларға сәті келіп жатса тұтқынға алынған сұлтандарды халыққа білдірмей ең қысқа жолмен Омбыға жөнелту міндеттеледі. Алайда Саржанның көтерілісшілері қоныстарын жиі-жиі ауыстыру арқылы орыс әскерінің қуғынынан оңай құтылып кетіп отырды. 1826 жылдың ортасына таман Саржан өзінің ордасын Бұғалы және Тағылы деген елді мекенге ауыстырғаннан кейін оған Қаракесек, Үйсін, Жағалбайлы, Шор болыстарының қазақтары қосылады. Сондай-ақ Саржан бауыры Есенгелді екеуі қазақ ауылдарын аралап, халықты орыстың билігін жүргізіп отырған аға сұлтандарға бағынбауға және оларға қарсы шығуға үндейді. Әсіресе, Саржан сұлтан патша өкіметінің нағыз қызметшісі Тұрсын Шыңғысовты жек көрді. Сондықтан ол 1826 жылы Қарқаралы приказына жорық жасайды. Тек патша әкімшілігінің жүзбасы Карбышев бастаған әскерді уақытында көмекке жіберуі Қарқаралы приказының толық талқандалуынан аман сақтап қалады. Дегенмен бұл жағдай патша әкімшілігінің үрейін ұшырып, оларға біраз әбігершілік әкелгені соншалықты, Батыс Сібір генерал-губернаторы

П.М.Капцевичтің Қарқаралы округінің бастығына көтерілісшілерге қарсы батыл да, қатаң шаралар қолдануды талап етуге мәжбүрледі. Көп ұзамай оның Қарпық болысына жіберген 200 казак пен зеңбіректерден тұратын жазалаушы әскері 1826 жылы 31 қаңтарда Саржан сұлтанның алғы шептегі алғашқы жасақтарымен соғысқа кірісіп кетеді. Өкінішке орай бұл шайқаста көтерілісшілер орыс зеңбіректерінен жеңіліске ұшырап, аман қалғандары қауіпсіз жерге шегініп кетеді. Ал тұтқынға түскендері қарусыздандырылып, әскери сотқа жіберіледі.

Осылайша алғашқы ашық қақтығыс Саржан сұлтанның әскери жеңілісімен аяқталып, оның жақтастары тұтқынға алынып Омбыдағы әскери сотқа берілді. Андушылардан құтылған сұлтан көптеген ауылымен Орынбор бағытына көшіп, қысты Троицк қаласы маңындағы Кидел-Қыпшақ болысында өткізеді. Бұл жерде Саржан сұлтан бастаған көтерілісшілердің құрамы толығына түседі. Оған патша билігіне наразы казак руларымен қатар, әр түрлі ұлт өкілдері де қосылады. Мәселен көтерілісшілердің ішінде құлдық пен әскерден қашқан орыстар, діни қуғын көрген татарлар, сондай-ақ, Хиуа, Қоқан, Бұхар хандықтарының өкілдері де болған. Осылайша патша әскерлерінен жеңіліс тапса да Саржанның көтерілісшілері 1826 жылдың бүкіл жазында әлсіремей, қайта барған сайын күшейіп, жаңа болыстарды азаттық қозғалысқа тарту арқылы көтеріліс ауқымын кеңейте береді. Тіпті Саржанның көтерілісін Орта жүздің басқа да сұлтандары қолдап, жер-жерде қаруланған жасақтарды ұйымдастырып, патша билігіне адалдығын сақтаған рубасылардың ауылдарына қауіп төндіре бастайды. Осы кезде Саржан Қоқан хандығымен байланыс орнатып, Ташкент құсбегісі екеуі Ресей қол астындағы қазақтарды Қоқан хандығының иелігіне жаппай көшіру үшін орыстарды мұсылман дүниесінің дұшпаны деп жариялайды. Осыған байланысты көшіп-қонып жүрген қоныстарынан айрылған көптеген болыстардың қазақтары 1827-1830 жылдар аралығында елдің ішкі аудандарына көше бастады. Мысалы, Тарақты және Қарсақ болыстарының 1426 киіз үйлі қазақтары Ақтаудың сырт жағына қоныс аударған.

Оларды қайтару үшін Ақмола приказы жанындағы әскери отрядтың бастығы, полковник Шубинге Қарқаралы округіне

көмектесу тапсырылды. Бірнеше әскер жасақталып жіберілгенімен, олардың әрекетінен еш нәтиже шықпайды. Сол кезде орыс әскерлері бейбіт ауылдарға шабуыл жасап, қазақтарды одан сайын ызаландыра түседі. Тек жалғыз Карбышевтің әскери тобы жергілікті қазақтардан 100 қой, 36 ат, 10 сиыр және тағы басқа ұсақ малдарды тартып алған.

Патша әкімшілігі көтерілісшілердің соңына қуғыншыларды қайта-қайта жібергеніне қарамастан Саржан сұлтан Ресейдің билігіндегі ауылдардың малдарын барымталауды тоқтатпаған. Саржанның шапқыншылығы күшейе түскені соншалықты патша әкімшілігі 1831 жылы 30 қыркүйекте Сібір шебінен казактардың 50 адамын Ақмолаға қарай қосымша көмек ретінде жіберген. Тіпті 1831 жылы қазан айында Батыс Сібір генерал-губернаторы Саржан сұлтанға Ақмола округіне барымталауды тоқтатпасаң онда қатаң жауапкершілікке тартылып, Сібірдегі Нерчинскіге жер аударылатындығы туралы бірнеше ескерту хатын жөнелтеді. Саржан сұлтан болса патша өкіметіне қарсы күрес жүргізу үшін Қоқан хандығымен келіссөздер жүргізеді. Ол құрамында 20 адамы бар делегациямен Ташкентке жол жүріп, онда 10 күндей болып, жергілікті билеушіге сыйлық ретінде 80 жылқыны тарту етеді. Ал ташкенттіктер оған алтынмен қапталған қылыш пен 500 червонец тұратын алтын сауыт сыйлайды. Сонымен қатар, Саржан сұлтан Ресей бодандығына адал қазақ ауылдарын барымталауға, әсіресе, Ресей билігін жан-жақты қолдап отырған сұлтан Қоңырқожа Құдаймендинді қолға түсіруге немесе оның ауылын шауып, малдарын айдап кетуге міндеттенеді. Саржан сұлтанның Қоқан хандығымен болған саяси одақ түрік тілдес халықтарды Ресей билігіне қарсы топтастыра түсті. Нәтижесінде Саржан сұлтан Ташкент күшбегінің ықпалымен көп мөлшерде әскер жасақтайды және патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шығуға шақырған үндеулер мен хаттарды жан-жаққа таратады. Патша шенеуніктерінің үндеуіне жауап қайтармай, көтеріліс ауданын кеңейте бастауы және Саржан сұлтанның Қоқан хандығымен байланыс орнатуы отаршыл үкіметтің табанды әскери қимылға көшуіне әкеліп, жедел түрде оларға қарсы бірнеше әскери топтарды жасақтайды. Яғни, 1831 жылдың соңы мен 1832 жылдың басында Батыс Сібір генерал-губернаторы бір

уақытта Саржанға қарсы әртүрлі бағытта қимыл жасап, көтерілісшілердің жасағын зор шығынға ұшырата отырып жеңіске жетеді. 1831 жылдың ортасында 500 әскері бар жазалаушы топ Көкшетаудан шығып, Саржан сұлтанның Қаракесек, Алтын, Жағалбайлы руларының ауылдарын тонап, 450 адамды өлтіріп, ондаған адам мен Саржанның бір ұлын тұтқынға түсіреді. Көтерілісшілердің ізіне түскен орыс әскерлері Сарысу өзенінің бойында қоқандықтардың екі бекінісін қоршап алып, оны талқандауға сәті түседі. 1832 жылдың басында П.Н.Кулаков басқаруындағы 250 адамы бар әскери топ Көкшетаудан шығып, Есенгелді мен Құшық Қасымов сұлтандарды ұстап алып, Жанайдар руын талқандап, 60 адамды өлтіреді. Сондай-ақ патша әкімшілігі Саржанның соңынан жүзбасы Чириков бастаған ерекше топты Саржан Қасымұлының соңына түсуге, оның әрбір жасаған іс-қимылдарымен әрекеттерін және жоспарларын білу, күштерінің орналасқан жерін табу, көтерілісшілердің жалпы санын анықтау, оның басқа қазақтарға және Қоқан хандығына жазған хаттарын қолға түсіру, Ресей ықпалы сақталған аймақтағы Саржанға ниеттес қазақ ауылдарын анықтау сияқты тапсырмаларды міндеттейді. Дегенмен жергілікті жерді жақсы білетін және жақсы жабдықталған атты әскермен Саржан Қасымов көтеріліс ауданын ауыстырып отырды және казак әскерінің андуына қарамастан ірі күшке айналды. 1832 жылы наурыздың басында Саржан сұлтан қазақ даласындағы патша әкімшілігіне қарсы күресін күшейте түсіп, наурызда Сұлукөл елді мекенінен шығып, 400 адамдық әскерімен Қарқаралы округіндегі Ресей билігіне мойынсұнып, соған адал қызмет жасаған сұлтандар мен билердің ауылдарына шабуыл жасап, 1600 жылқысын, көптеген дүниесін тонап әкетеді. Патша жақтастарын жазалаудағы осы әрекеті үшін Ташкент күшбегі Саржанға мол сыйлықты табыс етеді. Сонымен қатар, Шанхай Есімовтің қарамағындағы Қоянды-Тағай болысының қазақтары Байарыстан Алайұлы мен Қашқынбай Қожамбердіұлының өздері басқаратын 12 ауылдың Саржан сұлтанға барып қосылуы, Ақмола округіндегі басқа да қазақ болыстарының жаппай көтерілісшілер жағына шығу қаупін туғызды. Бұл жағдайлар патша әкімшілігінің тағы да Саржанды талқандау үшін әскер



жасақтауына мәжбүрлеп, 1832 жылы 14 наурызда жүзбасы Чириковке Қараөткелден Саржанды іздеу туралы бұйрықты берсе, Потаниннің басқаруындағы 100 казакқа көтерілісшілердің орны табылған жағдайда оларды талқандауға жібереді. Потанин бастаған жазалаушы әскерлер мен Саржан бастаған көтерілісшілердің арасындағы шайқас Сұлукөлдің маңында өтіп, зеңбірегі бар орыс әскерлері жеңіске жетіп, Саржанның туысы Қасым Жасыбекұлын және тағы басқа 4 казакты тұтқынға алады да 13 мылтық пен 112 жылқыны олжалайды. 1832 жылы 6 маусымда Шептегі әскердің бастығы полковник Лукин Саржанның көшіп-қонып жүрген қонысын анықтағаннан кейін оны талқандау үшін Карбышевты 40 казакпен және оған көмек ретінде тағы да 50 адамды аттандырады. Жазалаушылар Саржанның ауылына таң алдында тап берген кезде жан-жақтан жауған жазалаушылардың оғынан көтерілісшілер шегінуге мәжбүр болады. Шегінген Саржанның көтерілісшілерін жазалаушылар 60 шақырымға дейін қуады. Саржанды жергілікті жерді жақсы білуі және казак аттарының шаршауы оны толық талқандалуынан құтқарады. Алайда көтерілісшілер көп шығынға ұшырап, 4000 жылқы, 3000 түйе мүлкімен, 100 бас ірі қара, 30-40 мың қойдан айрылады. Дегенмен осы сәтсіздіктерге қарамастан Саржан бастаған азаттық қозғалыс өз күресін тоқтатқан жоқ. 1833 жыл барысында ол кішігірім тобымен Ресейге бағынышты сұлтандар мен билердің ауылдарына, сауда керуендеріне, бекеттер мен разьездерге шабуыл жасап отырады. Саржанның азаттық қозғалысы Орта жүзде қауіпті сипат алғаны соншалықты Батыс Сібір генерал-губернаторы Вельяминов Омбы облысының бастығына Саржан Қасымовты қауіпті жау ретінде ұстауға бұйрық берді.

Алайда Саржанды ұстау әрекеттерінің барлығы сәтсіз аяқталып отырды. Ташкент иеліктері төңірегінде жасырынып жүріп, Саржан шабуыл жасауын жалғастыра берді.

1833 жылы 17 наурыздағы есауыл Карбышевтің хабарламасында көрсетілгендей көтерілісшілер әртүрлі бағытта: Шу өзені, Алакөл, Созаққа қарай көшіп жүру арқылы шекара шептеріне шабуылдар ұйымдастырған. Тіпті олар өздерінің соңына түскен 425 адамнан тұратын Карбышевтің әскери тобына жіберілген азық-түлік тиелген жүктерді басып алса, Петропавлдан

шыққан Василий Алексеевтің Ақмола приказынан 250 шақырым қашықтықтағы Көкбекті шатқалында барлық тауар-мүліктерімен қоса тонап кетеді. 1834 ж. мамырда Ташкент Құсбегісі және Саржан бастаған алты мыңдық әскер Орта жүздің аймағына басып кіріп, Көкшетау округіне 200 шақырым жердегі Ұлытау маңына орналасады. Сол Ташкент Құсбегісі «Қорған» деп аталатын бекініс салып, Орта жүздің қазақтарының рубасыларына орыстың билігіне қарсы шығуға, оларға «ғаззауат» соғысын жариялауға шақырған екі жүздей хат жолдайды. Алайда бұл хаттардың басым көпшілігі патша әкімшілігінің қолына түседі.

Орта жүздегі Қоқан хандығының ықпалының артуына жол бермеуді көздеген патша әкімшілігі Ташкент күшбегіне қарсы соғысу үшін 6 зеңбірегі бар бір мың адамдық генерал-майор Броневский басшылығындағы әскерді жасақтайды. 1834 ж. Ақмола приказынан шыққан орыс әскерлері Ұлытауға жеткеннен кейін «Қорған» бекінісінің түбінде ұрыс болып, үлкен шығынға ұшыраған ташкенттіктер «Қорған» бекінісін тастап Бетпақдалаға қарай шегінеді. Осыдан кейін Ташкент күшбегі Ресейге қарсы жорыққа шыққан жоқ. Патша әскерлері ығыстырған Саржан бұрынғыдай Қоқан халқының қолдауына үміттеніп өзінің сарбаздарымен Ұлы жүз жеріне оралды. Саржан күресі жалғасып жатты. Қоқан күшбегінің уәдесі сөз жүзінде қала берді.

Бұл кезде Сарыарқаның ортасындағы барлық рулар көтерілісшілер қатарын толықтырды. Осы аймақтағы қазақ күштерін біріктіріп Саржан Ұлы жүз қазақтарының және Сыр бойындағы даланың бытыраңқы күштерін патша отаршылдарына қарсы күреске біріктіруге тырысты. Ол Ташкент күшбегінің қол астындағы қазақтарды да өз жағына тартқысы келді. Бірақ бұл Ұлы жүз қазақтарын бағындыруға Саржанды пайдаланғысы келген күшбегінің мүддесіне сай емес еді.

Осы кезде туған келіспеушіліктің нәтижесінде Ташкенттіктер 1836 жылдың жазында Саржан оның інілері Ержан мен Есенгелді және үлкен ұлы Әлжанды айуандықпен өлтірді.

Патша өкіметі Саржан Қасымовтың өліміне үлкен мән берді. Онымен бірге болған қазақтардың өлімі қазақ-қоқан қаты-

насында терең сызат қалдырып, ұлт-азаттық күрестің одан әрі өрістеуіне әсерін тигізді. Қоқан билеушілерінің екі жүзділігі мен зұлымдығы, көтеріліс басшысын торға түсіріп, өмірін жоюы, ақырында қарсылықтың қоқандық билікке бағыт алуына әкелді. Әсіресе бұл Кенесары Қасымовтың Ташкент билеушісіне кектенуінен көрініс табады.

### **Пысықтау сұрақтары**

1. М.Сперанский қабылдаған «Сібір қазақтары туралы жарғының» мақсаты қандай?
2. Қасым сұлтан патша үкіметіне қандай талаптар қойды?
3. Ғұбайдолла сұлтан Цинь империясына не үшін өз елшілерін жіберді?
4. Саржан Қасымұлы бастаған азаттық көтеріліс қамтыған аймақтар
5. Ташкент билеушісінің Саржан сұлтанды өлтірудегі мақсаты не?

## **§3. Жоламан Тіленшіұлы бастаған азаттық қозғалыс**

### **1. Шабуылдардың басталуы. Көтерілістің алғашқы кезеңі (1822-1825).**

### **2. Көтерілістің екінші кезеңі және Жоламанның Кенесарыға қосылуы.**

1. 1822 жылы Жоламан Тіленшіұлы бастаған азаттық қозғалыс қазақ жерінде ұйымдастырылған ең ірі қарсылықтардың бірі ретінде тарихта қалды. Бұл қозғалыстың басталуына және одан әрі өршуіне патша өкіметінің отаршылдық саясаты әсер етті. Кіші жүзде жүргізілген патша өкіметінің басқыншылық саясаты қазақтардың ұлттық мүддесін таптап қана қойған жоқ, сонымен қатар, олардың қоныстары мен жайлауларын тартып алып, өздерін шөл далаға ығыстыра батады. Мәселен 1811 жылдан бастап патша үкіметі орыстардың тұз кәсіпшілігін қорғау мақсатында жаңа әскери шеп құруға кіріссе, ал сол жылы

Жайық казак әскері өз еріктерімен Үлкен және Кіші Өзен аралықтарын басып алады. 1816 жылы Илецк тұз кәсіпшілігі басқармасы құрылғаннан кейін патша үкіметі 1817 жылы Құрайлы мен Бердянка өзендерінің бойына форпосттар салады. 1819 жылы императордың жарлығымен Жайық пен Елек өзендері аралығындағы жерлер тұтастай Илецк тұз басқармасының қарамағына беріледі де, оны қорғау үшін Жаңа Елек шебі деп аталатын әскери бекіністер шебі тұрғызылады. Нәтижесінде, Елек пен Жайық аралығына қазақтардың қоныстануына тыйым салынып, осы аралықтағы қазақтардың ең қолайлы жайылым жерлері күшпен тартып алынады. Бұған қоса, қазақтарға Елек өзенінің бойына да 15 верст (16 км) жерге дейін жақын келуге тыйым салынады. Аталған өңірлерді бұрыннан мекендеп келген казак қауымдары өзен-көлдерге, орман-тоғайларға, жайылымдарға бай өз төл қоныстарынан амалсыз ығысады. Аталған мекендерді ежелден Тарақты Табын руының бөлімдері жайлағандықтан, өз жерлерін қорғау үшін олар қарулы күреске шығады. Бұл күресті Бөкенбай батырдың немересі, Тіленші батырдың ұлы, Жоламан батыр бастайды. Ол батырлығымен қоса, Кіші жүздің атақты биі, тархан атағы бар, әрі Табын руының аға билерінің бірі болатын. Яғни, көтерілістің негізгі қозғаушы күші табындар болды да оған Тама, Кете руларының бөлімдері, ішінара басқа рулар да қатысты. Жоламанмен бірге қозғалысқа оның жақын серіктері – Табын руынан Жаналы Игібайұлы, Құттыбас Төлепұлы, Асау Барақұлы батырлар, Адай руынан Сүйінқара Үргенішбайұлы мен Кете руынан Дербісәлі Қиғылықұлы батырлар жетекшілік етті. Көтеріліс ресми түрде 1822 жылы басталғанымен, орыс шептеріне жекелеген шабуылдар мен орыс адамдарын тұтқындаулар оның алдында-ақ жасалған еді. Патша әкімшілігі тұтқындар мен казактардың малдарын қайтару туралы Шерғазы ханға нұсқау береді. Хан болса аталған тапсырманы орындау үшін бірнеше сұлтандар мен билерді 1822 ж. 5 қаңтарда табындардың ауылдарына аттандырады. Алайда ханның елшілігі Қобда, Қалдығайты, Бүлдірті, Ойыл мен Қиыл өзендерінің салаларында отырған табындар тарапынан үлкен наразылықтарға кездеседі. Табындар ханның жіберген сұлтандар мен билерін тыңдамақ түгілі, «азаттықты сатқандар»,

«орысқа сатылушылар» деп оларға күш көрсетуге дейін барып, орыстардың Електі алып қойғаны үшін жаз шыға салысымен бүкіл орыс шептерінің бойын шабуылдауға, бекіністерді өртеуге, тұтқындар алуға кірісетіндерін ашық айтады. Дегенмен Жоламан бастаған көтерілісшілер мәселені мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешуге тырысқан және олар өз наразылықтарын алдымен орыс әкімшілігіне хаттар жазумен білдірген. 1822 ж. сәуір айында Жоламан Орал (Жайық) орыс-казак әскерінің әскери атаманы генерал-майор Бородинге хат жолдап, Әбілқайыр хан тұсында өздері қоныстанған Нарын құмдары мен үш Өзен бойын қайтаруды, егер ол мүмкін болмаса, ең болмағанда Елек бойынан салынған Жаңа шепті алып тастауды сұрайды. Ал егерде хатта көрсетілгендей Жоламан атаманға сұралған жерлері қайтарылса өздерінің достықта болатындарын, егер қайтарылмаса жауласатындығын жазады. Жоламанның хатымен Орынбор әскери губернаторы Эссен мен Шекара Комиссиясы танысып, оған «әртүрлі әдепсіз талаптармен толтырылған» деген баға береді. Осылайша өз талаптарынан ешқандай нәтиже ала алмаған қазақтар көтеріліске шығып, 1822 жылы жаз айларынан бастап шепке шабуылдарын бастайды. Жоламан мен оның жанындағы серіктері өздерінің бұл әрекеттерін Ресейге қарсы ашық соғыс деп жариялайды. 1822 ж. 24 маусымында Туатай Табын руынан Есіркеп Жұбатұлы бастаған 35 адам Березов пикетін шабуылдайды. Алайда, орыс-казактардың күшті қарауылына тап болып, шайқаста Есіркептің өзі қаза табады да көтерілісшілер кері қайтады. Бұл жеңіліс көтерілісшілердің еңсесін түсірмегені былай тұрсын, қайта оларды одан сайын ашыңдыра түседі. Мәселен көтерілісшілердің 300 сарбазы 3 тамыз күні Електің оң жағында орналасқан Землемерный пикетіне шабуыл жасап, 2 сақмар казагы мен 4 башқұртты қолға түсірсе, 29 тамыз күні таңғы сағат 8 шамасында 500 сарбаз үш топқа бөлініп, Жаңа Елек шебінің Ветлянский форпостына шабуыл жасайды. Алайда форпосты қорғаған орыс-казактар мылтықтардан оқ атып, қазақтарға тойтарыс береді. Дегенмен қазақтар екі казак пен бір башқұртты тұтқынға алып, олардың 87 жылқысын айдап Қобда далаларына келіп бой тасалайды. Тамыз айының аяғында шептерге шабуыл жасаумен айналысқан

казактардың саны 1 мың адамнан асса, қазан айының басында 2 мыңға, қарашаның соңында 3 мың адамға жеткен. Олар мылтық, найза, айбалта және қылыштармен қаруланған. Бұл жасақты Құттыбас, Жаналы, Дербісәлі, Сүйінқара батырлар, Барақ батырдың ұлы Қитар, Түркебай т.б. басқарған. Соңғы шабуылдан соң көп ұзамай, 4 қыркүйек күні таңертең көтерілісшілердің 100 адамдық жасағы өз жерлеріне салынған Жаңа Елек шебінің келесі форпосты Сухореченскийге шабуыл жасап, үш казак пен алты башқұртты тұтқындайды. Бұл шабуылды Жоламан, Жаналы, Құттыбас, Қитар, Түктібай, Түркебай, Жантай т.б. ұйымдастырады. 1822 ж. 9 қазан күні таңертең 250 адамдық жасақ аталған Жаңа Елек шебінің Буранный форпостына шабуыл жасайды. Бірақ көтерілісшілер тағы да казактардың тойтарысына ұшыраған соң оларға Елек бойынан қосымша тағы 250 сарбаз қосылады да шабуыл қайтадан жалғасады. Шайқас кезінде казактар 5 казакты өлтіріп, 2-ін жаралап, көп мөлшердегі астық пен шөп қорларын өртеп кетеді. Осы шабуылдардан кейін патша әкімшілігінің нұсқауымен тамыз айында Шерғазы хан өз қарауындағы сұлтандарды, старшындар мен билерді жинап кеңес өткізіп, онда хан Жоламан бастаған көтерілісшілердің әкеткен тұтқындар мен жылқыларды қайтаруға шұғыл әрекет етуді және өз күштерімен Жіңішке өзенінің бойындағы көтерілісшілердің шағын тобын таратуды ұсынады. Алайда ханның ұсынысынан бас тартқан сұлтандар мен билер өз діндестерімен және руластарымен соғысу дәстүрлерімізге жат екендігін айтып, келіспейтінін жеткізеді. Жалпы алғанда, Жоламан бастаған көтерілістің қазақ даласындағы орыс билігіне қауіпті болғаны соншалықты оның салдарына Орынбор әкімшілігі ғана емес, Петербургтегі патша үкіметі де өз алаңдаушылығын білдіреді. Азиялық комитеттің іс басқарушысы К. Родофиникиннің 1822 ж. қарашаның басында Орынбор губернаторы Эссенге «құпия» айдармен жіберген хатында «Кіші қазақ Ордасында қазіргі қалыптасқан жағдай Сыртқы Істер министрлігінің айрықша назар аударып отырған нысаны» болып табылатындығын, онда болып жатқан тәртіпсіздіктер комитет тарапынан қаралатынын айтқан. Петербургтегі өз басшыларының көзқарастарымен губернатор Эссен де толық келісіп, 1822 ж. 5 желтоқсанда пристав

Горихвостовка шепке шабуыл жасап жүрген бүлікшілерді ұстау жөнінде құпия бұйрық береді. Мұнда алдымен ұсталуы тиіс «шепке зиян шектіріп жүрген қарақшылар» ішінде Адай Сүйінқара батыр, Жылқышы Табын бөлімінен Құттыбас пен Жаналы батырлар, Ақкете Дербісәлі батыр, Шөмішті бөлімінен Асау мен Қитар Барзақұлы, Жиёмбет бөлімінен Жоламан, Абыз бөлімінен Түркебай, Кедейғұл (Жылқышы) бөлімінен Түркібай мен Бошан есімді адамдар аталып, бұлар шепке жақын келетін болса дереу тұтқындау туралы нұсқау береді. Өз кезегінде Жоламан бастаған көтерілісшілер де Елек бойына шабуылдар жасап, адамдар тұтқындай отырып, Ресейден қазақтарға тиесілі жерлерді қайтаруды және Арынғазы сұлтанды босатуды талап еткен. Егер талаптары орындалмаса, орыс шептеріне бұдан да көп жасақпен басып кіретіндерін мәлімдеген. Қазақтардың орыс шебіне шабуылдары келесі 1823 жылы да жалғасып, ақпан-наурыз айларында Жоламан, Асау, Сүйінқара батырлар даладағы қазақ ауылдарын өздеріне қосылуға шақырып жаушылар жібереді. Жоламанның шақыруларынан кейін көтерілісшілерге тағы да 2000-ға жуық адам келіп қосылып, бәрі де орыс шептеріне шабуыл жасаудың дайындық шараларына кіріседі. Көтерілісшілер әрекеттерінің қайтадан жандануы Орынбор губернаторы генерал Эссеннің оларға қарсы жазалау қимылдарын бастауға итермелейді. Петербургтегі жоғарғы үкімет басшылығынан рұқсат алған губернатор көтерілісшілерді иен далада бір әскери топпен қолға түсіру қиын екендігін біліп, жазалауға үш жеке әскери топты жасақтап, оған басшылық жасауға 1812 жылғы орыс-француз соғысына өзімен бірге қатысқан полковник Бергті тағайындайды. Бергтің өзі басқарған алғашқы әскери топтың құрамында бір штаб-офицер (Бергтің өзі), 28 обер-офицер, 110 унтер-офицер, 18 музыкант, 893 казак, 87 саптан тыс қызметкер, барлығы 1137 адам және екі зеңбірек болады. Бұл жасақ Орск бекінісінен 23 мамырда шығарылады. Полковник Милорадович басқарған екінші әскери топ барлығы 42 офицерден, 326 казактан, 35 қызметкерден, 5 музыканттан, барлығы 408 адам мен екі зеңбіректен тұрады. Елек қалашығынан шығарылған бұл команда Шыңғырлаудың оң жағалауынан Ұлы Қобдаға дейін, онымен төмен сағасына дейін түсіп, одан әрі керуен жолда-

рымен Бала Қобданың жоғарғы жағына дейін, онымен төмен Тұзтөбе арқылы Орынборға оралу міндеті жүктелді. Полковник Циолковскийдің басқаруымен Сарайшық бекінісінен 22 мамырда шығарылған үшінші әскери топ 37 офицер, 800 казак, барлығы 837 адам мен 4 жеңіл зеңбіректен құралған. Жоғарыда көрсетілген екі әскери топтан айырмашылығы, бұл топ түгелдей жорықтарға төзімді әрі жауынгер Жайық казактарынан жасақталады. Губернатордың жоспары бойынша далаға аттандырылған жазалаушылардың жалпы саны 218 офицермен қоса барлығы 2382 адамнан тұрды. Осындай соғыс техникасының соңғы үлгісімен мұздай қаруланған қаһарлы әскерге көтерілісшілер тайсалмай қарсы тұрып, жазалаушылардың үш әскери тобы да сарбаздардың шабуылдарына ұшырайды. Жоспар бойынша Берг басқарған жазалаушылар тобы көтерілісшілердің алдын орап Циолковскийдің әскерімен қосылуы керек болатын. Ол белгіленген жерде Циолковскийді күтіп бір апта кідіріп қалады. Оның осы жағдайын пайдаланған көтерілісшілер жасақты қоршап алып, жекелеген қарауыл постыларын тұтқындауға тырысады. Ол әрекеттері сәтсіздікке ұшыраған соң олар ашық шабуылға көшеді. Бес күн ішінде жазалаушылар көтерілісшілермен төрт рет қақтығысқа түсіп, әр шайқас сайын қазақтар жағынан бірнеше адам өлім құшып отырады. Осындай шығынға қарамастан көтерілісшілер 11 маусым күні 1000 адаммен жазалаушы әскерге жақын келіп ашық шабуылға шығады. Бергтің тобындағы 530 орыс-казак көтерілісшілерге оқ жаудыру арқылы 30 сарбазды өлтіріп, қалғандарын кері шегіндіреді. Жазалаушылар жағынан бір адам жараланып, бір урядник қаза табады. Циолковский әскерін де көтерілісшілер қоршап алып, Бергтің әскерімен қосылуына бөгет жасауға тырысып, оларды жан-жақтан қаумалап жүргізбей қояды. Нәтижесінде Циолковскийдің әскері өздерінің әрбір басқан қадамын оқ жаудыра отырып жасап, ақыры 6 маусым күні қазақтармен үлкен шайқасқа түсіп, оларға күйрете соққы береді. Сарбаздар да жан аямай соғысып, біразы сол жерде жан тапсырады. Жазалаушылар көтерілісшілердің бірде-біреуін қолға тірідей түсіре алмаған. Шайқастан соң қазақтар сарбаздардың 79 өлі денесін санап алған, олардың ішінде үшеуі сардарлар еді. Циолковский әскерінің бұл жеңісі



17 маусым күні Бергтің әскерімен қосылуға мүмкіндік береді. Жасақтар қосылған соң көтерілісшілер Көлденең өзеніне қарай шегініп, одан әрі Көктепсең деген жерге қарай кетеді. Берг пен Циолковский әскері болса олардың соңдарынан түсіп, үш күн ішінде 170 верст (182 км) жүрсе де қазақ ауылдарын қолға түсіре алмайды. Қазақтардың тез жылжығандары сондай, казактар жол бойында олардың бүлінген, сынған бұйымдары мен асығыс қалдырған нәрселеріне ғана ұшырасып отырған. Жазалаушылар жолда қазақтардың 160 шақырым кеңістікті алып жатқан сусыз шөлді кесіп өтіп, Жем өзені арқылы Мұғалжар тауларына, одан ары Қарақұм арқылы Хиуа өңірлеріне кеткені жөнінде хабар алғаннан кейін ғана шілденің басында Орск бекінісіне оралады. Алайда көтерілісшілерді қолға түсіре алмаған Берг Жайық-Елек пен Жем, Сағыз, Ойыл өзендері аралығындағы бүкіл қазақ даласын қанға бөктіріп, үлкен дүрбелең туғызады. Тек көтерілісшілер ғана емес, орыс әскерінен үрейленген көтеріліске қатысы жоқ жүздеген ауылдар қоныс аударып, басқа өңірлерге кетеді. Милорадович басқарған жазалаушылар басқа әскери топтарға қарағанда анағұрлым ірі сәтсіздіктерге ұшырайды. Елек қалашығынан шыққан бұл жазалаушыларды Шыңғырлау бойына жетпей-ақ Жоламанның өзі, Жаналы, Құттыбас, Қитар, Дербісәлі т.б. бастаған 1000 сарбаз қоршап алып, казак әскерінің жан-жағынан тұтас өрт қояды. Далалық соғыстарда ежелден қолданылып келген осы әдіс арқылы олар казак аттарын шөпсіз қалдырады. 13-14 маусым күндері, Шыңғырлау бойында екі күн қатар Жоламан сарбаздары Милорадович әскеріне шабуыл жасап, екі казакты өлтіріп, 24 теңгяр казагын тұтқынға алады. Осындай шабуылдардың салдарынан бұл жазалаушы команда Елек бойына кері қайтуға мәжбүр болады. Қазақ даласына шығарылған үкімет әскерінің көтерілісшілерден жеңіліс тауып, дйттеген мақсатына жете алмай шығындармен кері қайтуы Отан тарихында бұрын-соңды кездеспеген оқиға болып табылады. Жалпы алғанда, Бергтің әскери тобынан 31 адамы қаза тауып, 17 адам жараланса, Милорадовичтің жазалаушылары 24 адаммен қоса, 146 жылқыдан да айырылған. Жазалау шараларына қарамастан, Жоламан бастаған көтерілісшілер және оны қолдаған рулардың билері өз ниеттерінен қайтпай 1823 ж. қыркүйек

айында губернатор Эссенге тағы да хат жіберіп, өздерінің өтініш-талаптарын тағы да қояды. Бұл жолы хатқа Құлмұхамед би, Құттыбас, Жаналы, Асау, Сүйінқара, Дербісәлі, Байғана батырлардан бөлек, бүкіл Кіші жүзге белгілі Шекті руының Көтібар мен Арыстан батырлары да таңбаларын басқан. Алдыңғы хатта да, соңғысында да бұлар тек Жайық-Елек аралығын сөз қылмай, Орал жақтағы Нарын құмы мен Өзен, Самар өзендері бойларына қойылған қарауылдарды алып тастауды да сұрайды. Бұл талаптарынан да түк шықпағанын көрген көтерілісшілер көп ұзамай шепке шабуылдарын қайтадан бастайды. 1823 ж. шілденің басында казактар есаул Подуров пен прапорщик Медведев арбакештерімен бірге Жоламанның қолына түседі. Тұтқын офицерлерді босату туралы сөйлесуге көтерілісшілердің ауылдарына сұлтандар мен би-старшындардан, барлығы 44 адамнан тұратын үлкен елшілік жіберіледі. Бұлар келген бетте, Жоламан өзінің губернаторға жазған алдыңғы хатына жауап алмай, тұтқындарды жібермейтінін және «Елек бойы қайтарылмайынша, Өзен мен Қамыс-Самар қарауылдары алынбайынша және Ордаға Арынғазы сұлтан жіберілмейінше» шепке шабуылдарының тиылмайтынын жеткізеді. Өзінің Хиуа ханына одақтасу жөнінде хат дайындап қойғанын да жасырмайды. Бұл хатында Жоламан қазақтардың қоныстан таршылық көріп отырғанын айтып, ханнан оның қол астындағы түрікмендер жерінде көшіп-қонуға рұқсат сұраған еді. Күз айларында көтерілісшілер орыс шебіне тағы да бірнеше шабуылдар жасап, 30-ға жуық адам тұтқынға алады. Тұтқындардың көпшілігі құн төлеп босатылғанымен, толассыз жортуылдар орыс шептерін біраз әбігерге түсіреді. Осы кезде патша үкіметіне бүкіл көтерілісті басу үшін тағы да үлкен жазалау экспедициясын шығару қажеттілігі туындап, ол 1824 жылы ақпан айында шығарылады. Жеке-жеке екі әскери топтан тұратын жазалаушы экспедицияны алғашқысын губернатордың қалауымен орыс-түрік және орыс-француз соғыстарына қатысқан Орал әскерінің атаманы полковник Назаров басқарып, оның басқаруына 3 штаб-офицер, 29 обер-офицер, 1000 орыс-казак, басқа да шендермен бірге барлығы 1076 адам, 4 жеңіл зеңбірек беріледі. Аталмыш әскери топ Кожехаровский форпостынан 23 ақпан күні шығарылады. Полковник

Циолковскийдің басқаруымен шығарылған екінші әскери топқа 2 жеңіл зеңбірегі бар бір штаб-офицер, 21 обер-офицер, 14 урядникпен бірге барлығы 744 адам кіріп, Сарайшық бекінісінен ақпанның 26-і күні аттанады. Соңғы жазалаушы топ тікелей Жоламан бастаған көтерілісшілерге қарсы емес, Каспийдің шығыс жағалауында астрахандық балықшыларды тұтқындау мен тонаумен айналысып жүрген қазақ руларын жазалауға шығарылды. Алайда жазалаушылар көктемнің ерте түсіп, теңіз жағасы саздарының еруіне байланысты берілген тапсырманы орындай алмай кері қайтады. Тікелей Жоламан бастаған көтерілісшілерді жазалау үшін шыққан Назаров басқарған жасақ алдымен Алаша руының Алтыбас бөлімінің адамдарымен қақтығысып, қарсылық көрсеткендерін өлтіріп, біразын қолға түсіреді. Тұтқындардан Жоламанның бауыры Домалақ бастаған Табын руының көтерілісшілері Жаманағаш құмында отырғандығын естіген жазалаушылар солай қарай аттанған кезде оларға бір топ қарулы қазақ шабуыл жасап тағы да ұрыс басталады. Бұл жолы да жазалаушылар тағы да жеңіске жетіп, көтерілісшілердің біразын өлтіріп, біршамасын тұтқынға алады. Домалақтың өзі болса бүкіл ауылдарымен Сағыз бен Жемге қарай көшеді. Жазалаушылар да олардың соңынан түсіп, 100 шақырымдай жол жүрген кезде оларға 29 ақпанға қараған түні бірнеше қарулы қазақ шабуыл жасайды. Дегенмен көтерілісшілер қаруы мықты жазалаушыларды жеңе алмайтынын біліп, оңтүстікке әртүрлі бағыттармен шегініп орыс әскеріне ұстатпай кетеді. Назаровтың өзі олардың соңынан түсе отырып «негізгі кінәлілерді» ұстап, шешуші соққы беруге үміттенбегенін, көтерілісшілердің Ойыл, Ащы Ойыл бойларына кеткендерін, көпшілігінің Аккете ауылдарында жасырынғанын жазады. Осылайша діндеген мақсаттарына жете алмаған жазалаушылар Ойылдың тасуына байланысты әрі қарай өте алмағасын, әрі аттары қалжырағандықтан сол маңдағы бірнеше ауылды тауып алып талқандайды да кері қайтады. Патша әкімшілігінің көтерілісшілерді қаншама рет талқандауға әрекет жасағанына қарамастан шепке жасалған жекелеген шабуылдар тоқтамаған. 1824 ж. сәуір айында көтерілісшілер ағайынды Токқожа мен Баймағамбет Айшуақұлдары сұлтандардың ауылдарын шауып, өздерін тұт-

қындап, 300 жылқысын алып кетсе, көтерілісшілердің келесі бір тобы Електен өтіп, Шерғазы хан ауылдарынан 4-5 шақырым жерде қоныстанған ауылдарды шабады. Үрейленген Шерғазы бірден Красногорск бекінісі маңына қоныс аударады. 5 мамыр күні көтерілістің белгілі көсемдері Түктібай батыр, Айдос Сағырұлы, Бабыш Дауылұлы т.б. бастаған 70 шақты қазақ сарбазы ту ұстап шығып, шеп бойында Озерный форпостының 5 орыс-казагын тұтқындайды. Тұтқындарды өздерінің 16 адамымен өз ауылдарына қарай жөнелтіп, қалған сарбаздар 6 мамырға қараған түні тұтқындар алу үшін Краснохолм слободасына бет алады. Алайда, казактар және башқұрттардан құралған қарауылға кездесіп қалып, араларында шайқас орын алады. Қақтығыс кезінде казактар бір казакты өлтіріп, 4 башқұртты тұтқындап, оларды Бердянка өзеніне қарай алып кетеді. 30 мамыр күні таң алдында Дәуіт Асауұлы мен Шындауыл Қитарұлы бастаған 75 сарбаз Жайықтан өтіп, түнгі қарауылға шабуыл жасап, бір казакты тұтқындайды. Тұтқынды өздерінің он адамымен ілгері жіберіп, қалғандары арттарынан қуғынға шыққан орыс-казак әскерімен шайқасқа түседі. Олар ұрыс кезінде бір казакты өлтіріп, қуғыншы команда басшысы атаман Павлов пен бірнеше казакты жаралап, үш атты олжалап, өздері шығынсыз құтылып кетеді. 1824 ж. 31 қаңтарда Кіші жүздегі хан билігі жойылып, оған қараған аймақтар тікелей Орынбор әкімшілігіне бағындырылады.

Осылайша, Ресей үкіметінің әккі саясатының нәтижесінде Кіші жүздегі хан өкіметі мүлдем жойылады. Патша үкіметінің сәтті жүргізген отаршыл реформалары бойынша Кіші жүз енді – Батыс, Орта және Шығыс деп аталатын үш бөлікке бөлініп, оны аға сұлтандар басқарса, ал руларды рубасы би немесе сұлтандар, ал ауылдарды – ауылбасы билер басқарды. Көтерілістің, әсіресе Жоламанның қас жауына айналған Қаратай сұлтан Батыс бөлікке аға сұлтан ретінде тағайындалады. Қызметіне кіріскен жылдың күзінде-ақ Қаратай көтерілісті біржолата басу үшін губернатордан 500 орыс-казак әскерін сұрайды. Орынбор әкімшілігі сұлтанға Орал казактарынан екі зеңбірегі бар 500 әскер бөліп, оған далаға әскер шығарудың қазынаға үлкен шығын әкелетінін, сондықтан да табыстың жасалған шараға сай болатынына үміттенетіндігін жеткізеді. Бұл көтерілісшілерді аямай

тонауға рұқсат етуді білдірді. Жазалаушы орыс әскері мен Қаратайдың 100-ге жуық адамы Бүлдірті мен Шилі, Тамды өзендерінің бойында, Қараағаш, Көктай, Қошқарсойған, Көкөзек, Мола Садыр деген жерлерде қаперсіз отырған ауылдарға тұтқиылдан бас салып қарсылық көрсеткен 57 адамды өлтіріп, 50-ін тұтқындайды. Өлгендердің 15-і ғана ер адам, қалғандары әйелдер мен балалар еді. Орыс-казактардың басқа бір жүздігі өздері шапқан ауылдардан 62 адамды кескілеп өлтіріп, 18-ін қолға түсіреді. Мұнда өлтірілген адамдардың бесеуі ғана найзамен қарсыласқан, ал қалғандары шабуыл тұтқиылдан жасалғандықтан қарулануға үлгермей, құр қол шайқасқан. Бүлдірті мен Шилі өзендерінің бойында «жазалаумен айналысқан» орыстардың екі жүздік тобы сол жердегі барлық ауылдарды талқандап 76 адамды өлтіреді. Бүкіл ауылдардан барлығы 195 адам өлтіріліп, 125-і тұтқынға алынады. Орыс-казактардан шығын болмаған. 1825 жылы қазан айында Қаратай өз қол астындағы 1300 адаммен және 100 орыс-казакпен көтерілісші табын ауылдарына қарсы тағы да аттанып, қазанның 8-і күні Ұлы Қобдаға құятын Тұманшы өзенінің бойында жазалаушылар көтерілісшілермен соғыса отырып, 43 адамын өлтіреді және 37 адамды тұтқынға алады. Орынбор кедендік округі бастығының Ресей қаржы министрі Е.Ф. Канкринге жолдаған мәлімдемесінде Қаратайдың 100-ге тарта шаңырақты талқандап, олардан 2000-3000 арасында жылқы, көп мөлшерде түйелер және 15-20 мыңның арасында қойларын айдап әкеткенін келтірген.

Патша әскерлерінің осындай соққылардың салдарынан көтеріліс уақытша тоқырауға ұшырап, оның жетекшілері арасындағы пікірлерінде түрлі қарама-қайшылықтары туындап, аяғы көтерілістің бәсеңдеуіне алып келеді.

**2.** Жоламан бастаған көтерілісшілер жазалаушылардан бірнеше соққы алса да өздерінің азаттық күресін тоқтатуды ойлаған жоқтұғын. Тек олардың арасында үкіметке бағыну және қарсылықтарды әрі қарай жалғастыра беру бағыттарын қолдаған екі жік пайда болады. Бірақ, кейінгі оқиғалар көрсеткендей Жоламанның ресми түрде үкіметке бағынуы көрініс берген жоқ, ол тек белгілі бір уақытқа дейін белсенді қимылдарын тоқтатты. Ол 1826 ж. 29 сәуірде Орынбор губернаторы Эссенге өзінің

бастапқы кездегі талаптарымен соңғы хаттарының бірін жолдайды. Онда ол Арынғазының босатылуын, Елек бойындағы өз жерлерін қайтаруды тағы да сұрайды. Бұл жолы да губернатор хатты негізсіз деп тауып, жергілікті билік орындарына аталған жерлердің ешқашан қазақтарға қайтарылмайтыны туралы Жоламанға түпкілікті түсіндіруді тапсырады. Қаратаймен үкімет әскерінің қанға бөктірген жазалау шараларынан қозғалыс саябарсығанымен мүлдем басылған жоқ. Қарулы қазақ жасақтары да Ресей шебіне қауіп туғызуын бір сәтке де тоқтатпаған. 1826 жылдың жаз айларында Адай Сүйінқара, Кете Дербісәлі және Табын Барақ пен Байғана батырлар бастаған 2 мыңнан астам қазақ қолы Ойыл, Қалдығайты, Бүлдірті бойларында жиналған. Бұдан бөлек Жылқышы Табын руының жасағы да шепке қауіп төндіріп, 1826 жылы маусым айының аяғында Бала Қобда өзені бойында осы жасақ пен үкімет әскері арасында ірі шайқас орын алады. Сонымен қатар, осы аталған жылдары біраз саяси оқиғалар да орын алады. Соның ішінде тағынан тайған Шерғазы ханның көтерілісшілермен байланысқа шығып, оның жетекшілері Жаналы, Құттыбас, Байғана батырлармен тығыз қатынастарда болғанын атауға болады. Сол жылдары Хиуа ханы да оқиғаларға белсене араласып, қазақ руларының көтерілісіне көптеген көмектерін беріп отырады. Осындай көмектерге қол жеткізген Жоламан батыр 1833 жылы жаз айларында өзінің серіктерімен және белгілі батыр Асау Барақұлымен бірге сарбаз жинап шепке тағы да қауіп төндіреді. Олардың нақты іс-қимылдарына қарсы Батыс бөліктің аға сұлтаны Баймағамбет Айшуақұлы 4 мың адаммен және казак жасағымен аттанады. Алайда күштері тең емес жағдайда Ащы Ойыл өзенінің жоғарғы тұсында Жоламан мен Асау батырдың 300 сарбазы аға сұлтанның осы қалың қолымен соғыса жүріп шегініп кетеді. Жоламанның қайраткерлігінің келесі кезеңі әсіресе 1835 жылдан бастап айқын көрініп, Орск мен Троицк арасынан Жаңа шептің салынуына байланысты Ресейдің бекіністеріне бірнеше шабуылдар ұйымдастырады. Жалпы алғанда, 1835-1838 жылдар аралығында Кіші жүздің мекендеген аймағы дүрбелеңге толы болған. 1837 жыллы көктем шығысымен Жоламан мен Жаналы батырлар сарбаз жинап, оларды бірнеше жасақтарға бөлген.

Жасақтарды бұрынғыша жеке-жеке сардарлар басқарған және олар шепке шабуылдар жасауға даярланған. Орынбордың сол тұстағы әскери губернаторы генерал-адъютант Перовский кордондық күзет бастығы подполковник Подуровқа (Жоламанның қолында тұтқында болған) сақтық шараларын күшейтіп, шеп бойында «жыртқыштық әрекеттерге» жол бермеуді тапсырады. Дәл сол кезеңде ауыл-аймақтар арасында жұртты Ресейдің билігінен кетіп, Хиуаға қарай қоныс аударуға үгіттеушілер өте көп болған. 1837 жылы жаз айларында осындай үгіттермен әсіресе Табын және Тама руларының жаушылары қызу айналысқан. Нәтижесінде 1838 жылы көктемінде шепке жақын маңда көшіп-қонған ауыл-аймақтар да Хиуа иелігіне көшуді ойлаған. Орта бөліктің аға сұлтаны Жүсіп Нұралыұлы сол жылдың 26 наурызында жолдаған рапортында Елек бойындағы қазақ ауылдарының күн жылысымен «Ресейге тәуелді әрі бағынышты болмас үшін» Хиуа шекараларына көшуге дайын отырғанын хабарлаған. Шекара Комиссиясының оған берген жауабында көшіп кетушілер үшін бас ауыртпауды, оның орнына көшуге қанша шаңырақ ниеттеніп отырғанын және олардан қанша жер босап қалатындығын анықтауды міндеттеген. Сол кездегі келіп түкен мәліметтер бойынша 1837-1838 жылдары көптеген ауыл-аймақтар Хиуа шекарасынан қашық емес Ырғыз бен Торғай өңірлеріне қоныс аударған. Сол уақыттарда Жоламан Орта жүз жерінде ірі көтеріліс ошағын ұйымдастырған Кенесары сұлтанмен кездесіп, патша билігіне қарсы күштерді шоғарландыру үшін келіссөздер жүргізеді. Осылайша, Ресей шебінен алыс орналасқан Ырғыз бен Торғай аралығы қозғалыстың негізгі ордасына айналады. Жоламан бастаған көтерілісшілердің Торғай даласына кетуі – ұлы көштің тек басы ғана еді, түпкілікті көшу науқаны әлі алда болатын. Елек бойындағы көптеген ауылдар да көшке ілеспей қалып қойған еді. Осы қалған ауылдар мен жалпы Ресейге қарасты бүкіл қазақ жұртын өздерімен бірге алыс дала қойнауларына, Торғай өңіріне алып кету үшін көтерілісшілер 1838 жылы жаздың басында шеп бойына қайта оралады. Жоламанның Ырғыз, Торғай өңірлеріне қоныс аударуы орыс әкімшілігімен бүкіл қарым-қатынастарды үзу мақсатынан туындады. Шекара бойына қайта оралудағы мақсаты бұл жерде

тұрақтау емес, осы жерде қалып қойған басқа қазақ жұртын Ресейге қаратпай, түгелімен өздерімен бірге қайтадан Ырғыз, Торғай өңірлеріне алып кетуден тұрып, оған Жоламан мен оның серіктері бел шеше кіріседі. Қайта оралған көтерілісшілер сапында Орта жүздің өкілдері де болған. Ор бекінісінің коменданты подполковник Исаевтың 29 шілдедегі мәлімдемесіне қарағанда, 2000 сарбаз Табын, Тама және Қыпшақ руларынан тұрған және оны Жаналы мен Жоламан басқарған. Сол жылғы тамыз айының басында Табын және Тама руларының 100-ден астам ауылы Жоламанның үгітімен әрі оның қорқытуымен даланың түкпірлеріне қарай – Ырғыз және Ор өзенінің жоғары жағына бет алады. Жоламан Жағалбайлы руына да хабар беріп, шептен алыс жерлерге көшулерін талап етеді, егер көшпеген жағдайда олар жайлайтын шептің арғы-бергі жағын түгел өртейтінін айтып ескертеді. Шынымен де, көп ұзамай Ебейті өзенінен бастап, Жайықтың жоғарғы жақтары мен Құмақ өзені бойлары түгел отқа оранады. Өртелген далада қалу мүмкін болмағандықтан, аталған рулардың артынан жазда Елек бойын жайлайтын Шекті, Ор бекінісінің маңын жайлайтын Төртқара рулары да оңтүстікке қарай кетуге мәжбүр болады. Өлкедегі патша әкімшілігі де қарап қалмай көшіп кеткен елді қайтаруға шұғыл әрекеттер жасау мақсатында Орынбор генерал губернаторы Перовский көшкен ауылдарды қайтарып, Жоламанды талқандау үшін үш ірі жасақ аттандырады. Солардың бірі полковник Мансуров бастаған 800 адамдық отряд Ор түбінде қалған Төртқара руынан 70 адамды өлтіріп, 7500-ге жуық ұсақ малын, 600-ден астам ірі қаралары мен түйелерін қолға түсіреді. «Олжаларын» шепке жіберген полковник Жоламанды іздеп, Ырғызға дейін барғанымен жолда ешқандай ауыл кездестіре алмай адамдары мен аттары арып-ашып 7 қыркүйек күні Орскіге оралады. 750 әскермен Орынбордан шыққан Подуров та өзінің қарсыласын қанша іздесе де таба алмай кері қайтады. Бірақ ол Жоламанның Табын, Тама, Жағалбайлы, Жаппас, Шекті, Төртқара т.б. рулардың 500 ауылымен Торғай, Қарақұм жағына көшіп кеткенін естіп біледі. Осылайша, XIX ғ. бірінші жартысында азаттық қозғалыстың аса ірі күрескері, қазақ халқының аяулы ұлы Жоламан Тіленшіұлы Кіші жүздің бүкіл үш одағына қарасты мол халықты, 500-ге



тарта ауылды бастап, Торғай, Қаракұм өңіріне қадам басады. Ол тек Кіші жүздің ғана емес, Орталық Қазақстан өңіріндегі Орта жүздің билеушілерімен бірігіп, қазақ халқының азаттығы жолындағы күресін одан әрі жалғастыруға белін бекем буады. 1838 ж. күзінде Торғайдың жоғарғы жағында Орта жүздің белгілі сұлтаны атақты Кенесары Ұлытау, Кішітау өңірлерінде Қыпшақ пен Арғынның 4 мың шаңырағымен қоныстанып отырған болатын. Жоламан өз ауылдарымен соның қасына, Торғайдан төмен Қаракұм өңіріне орналасса, ауылдардың бір бөлігі Торғайдың жоғарғы тұсына Қасым сұлтан көшіне жақын жайғасады. Осылайша 1835-1847 жылдар аралығында отаршылыққа қарсы қазақтың үш жүзін де қамтыған үлкен қозғалыс ұйымдастырған Абылай ханның немересі Кенесары сұлтанның азаттық жолына алғашқылардың бірі болып Жоламан да үн қосқан еді. Даланың бүкіл беделді би-сұлтандарына үндеулер жіберген Кенесары қалың елімен келіп қосылған Жоламанды қуана қарсы алады. Өйткені ол кезде көптеген шен алып үлгерген қазақтың беделді билері мен сұлтандары Абылайдың немересін қолдаудан қорқып, бірқатары керісінше оған қарсы шықты. Солар сияқты шен-шекпен алуға мүмкіндіктері бола тұра, бірақ одан гөрі азаттық күресті мақсат тұтқан бұл тарихи тұлғалар бірігіп күресуді ойлайды. Сонымен қатар, көтеріліс көсемдерінің бір жерден табылуы немесе екі көтеріліс ошағының бір жерге жұмылып бірігуі қазақ тарихында алғаш рет іске асқан көрініс болып табылды. Дегенмен, Кенесарының азаттық қозғалысында Жоламан өз бетінше қимыл жасауды жөн көріп 1839 жылдың көктеміне қарай шепке қайта оралып, бүкіл Жаңа шепті өртеуді мақсат етеді. Мәселен 1838 ж. шілде айында тұтқынға түсіп Торғай бойына әкетілген, кейін қашып шыққан казак Иван Силин Жоламанның бүкіл Жаңа шеп бойын өртеуге бекініп отырғанын былай деп жеткізеді: «...Жоламан ауылында тұтқында болған кезде ол келесі көктем шығысымен бүкіл жаңа шепті өртейтінін, себебі оның қазақтарға тиесілі жерде салынғандығын бірнеше рет айтты... Сонымен қатар, ол шеп бойында әлі де қалған қазақ ауылдарын егер өзімен бірге кетуге көнбесе барымталайтынын айтқан». Жоламанның мұндай батыл әрекетке баруына Хиуа ханы Аллақұлдан келген хат өз септігін тигізсе

керек. Онда Хиуа ханы Жоламанға патша отаршылдарына қарсы күресте қандай көмек болса да беретінін жеткізеді. Хан хатпен қоса Жоламанның Ресейден іргесін аулақ салған батыл әрекеті үшін ризашылықпен сыйлыққа шапан, бөрік және қанжар беріп жібереді. Жоламанның жоспарынан алдын ала хабардар болған патша әкімшілігі де қарсы әрекеттерге көшіп көтерілісшілерге қарсы жазалау шараларын белгілеп, әскери старшина Лебедевтің басшылығымен әскер жасақтауға кіріседі. Жазалаушы әскер 1839 жылы 6 наурыз күні шығарылып, оның құрамында 9 офицер, төменгі шендегілерден 1066 орынборлық казактар, офицерлерімен бірге 862 башқұрт казактары, барлығы 2000-ға жуық әскер болған. Бұл әскерге сұлтан Жантөре Жиһангерұлы екі ұлымен, бес бауырымен және туыстарымен, Шығыс бөліктің аға сұлтаны Шотай Бақтыгерейұлының ұлы, 20-дан астам Қыпшақ және Керей старшындары, барлығы 200-ге жуық қазақтар келіп қосылады. Қардың қалыңдығы мен қатты аяздардан, үскірік желден көп қиындық көрген жазалаушылар Қасымның туған інісі Абдолла сұлтанның ауылдарына жетіп шабуыл жасап, 50 адамды өлтіреді, сұлтанның өзін, жақын інісін, басқа да 13 адамды тұтқындап, 660 жылқы, 1551 қойлары мен 124 түйелерін қолға түсіреді. Осы жорықта жазалаушы әскер 400-ге жуық аттарынан айырылған. Лебедев осы жорығы үшін 3-дәрежелі әулие Анна орденіне ұсынылады. Кенесарыға қарсы 23 сәуір күні обер-квартимейстер полковник Горский бастаған жазалаушы әскер шығарылады. Торғай өңіріне қарай бет алған әскер көшіп бара жатқан ауылдарға тап болып, тұтқиылдан шабуыл жасайды. Кенесарының 3000-ға жуық жақтастары әскердің алдын бөгеуге тырысып, көшкен ауылдарын қалқалайды. Жасақ (саны көрсетілмеген) қазақ ауылдарын қырғынға ұшыратып, 67 ер адам мен 99 әйел адамды балаларымен бірге тұтқындайды, бұдан бөлек 2300 жылқы, 10 мың қой, 220 түйе және 440 ірі қара малдарын қолға түсіреді. Құрбан болғандар саны көрсетілмеген. Губернатор тұтқындарды ұстау арқылы «мемлекетті шығындамас үшін» әскерге жарамды ер адамдардың барлығын солдат қызметіне, 5 жастан үлкен балаларды Тобыл әскери кантонистерінің полубатальонына жіберуді ұсынған. Кенесарының өзі бұл ауылдардың арасында болмаған, ол 5000

сарбазбен Қыпшақ ауылдарында жүрген еді. Кенесары жанында Жоламан да өз сарбаздарымен бірге болған. Жазалау әрекеттеріне қарамастан көтерілісшілер шепке шабуыл жасау ойларынан қайтпай, сол жылдың көктемінде Жоламанның сенімді жақтастарының бірі Тоқпан бастаған 500 сарбаз шепке қарай жортуыл жасауға көшеді. Алайда дәл осы кезеңде Жоламанның Торғай өңірлеріндегі ордасы да ыдырау үстінде еді. 1839 ж. маусым айында оның қол астындағы аса көп мөлшердегі Табын мен Тама ауылдары Ор өзенінің жоғарғы тұсы мен Жем бойына қайта оралып, ал Жоламан аз мөлшердегі ауылдармен Ұлы Торғай өңіріндегі Телқара өзенінің бойында қалады. Күштеп көшірілген ауылдардан соң араға бірер жыл уақыт салып, Жоламанға қарасты ауылдардың да шеп бойындағы өз өңірлеріне қайта оралуы, көтерілістің қозғаушы күштерінің кеткендігін, сәйкесінше олардың өздері ұзақ күрескен Ресей билігін амалсыз мойындауға мәжбүр болғандығын көрсетті. Көтеріліс жасаған ауылдардың қайта оралуына өздерінің қалған қоныстарынан айырылып қалу қаупі мен жері жұтандау Торғай өңірінде қоныстан таршылық көру, жұт және басқа да әлеуметтік-саяси оқиғалар әсер етті. Өйткені 1838-1839 жылдардың қысында Жоламан ауылдары мен Жаппас руының ауылдарында үлкен жұт болып, көп мал шығынға ұшырайды. Сонымен қатар көтерілісші ауылдарды жазалау кезінде де қазақтар көп қырғынға ұшыраған еді. Осыдан кейін патша билігін мойындағысы келмеген Жоламан өзінің ең жақын туыстарымен бірге Бұхара өңіріне кетіп, сол жақта біржолата тұрақтайды. Осылайша азаттық үшін ұзақ жыл күрескен Жоламан өзінің қалған ғұмырын қазақ жеріне көршілес, Ресейден алыс Бұхара өңірінде өткізуге бел байлап, орыстардың билігіне өткен қазақ далаларында қалуды қаламайды. Жоламанның одан кейінгі тағдыры туралы әр жерден кездескен қысқа мәліметтерден ғана біле аламыз. Ол туралы маңызды деректердің бірі 1841 жылмен мерзімделеді. Оның алдында 1839-1840 жж. қыс айларында ұзақ уақыт дайындықтан соң Хиуаға жасаған ірі әскери жорығы сәтсіз аяқталса да, осы хандықты империя ықпалына өткізу ойынан қайтпаған Орынбор губернаторы Перовский патша рұқсатымен 1841 ж. мамыр айының басында Хиуаға капитан Никифоров бастаған

елшілік жібереді. Елшілер алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі Ресей мен Хиуа арасындағы шекара мәселесі, соның ішінде қос мемлекет аралығында орналасқан қазақ қауымдарына ықпал ету мәселесі болып табылатын. Кездесулер барысында орыс елшісі екі ел арасындағы шекараны Сырдария бойымен жүргізіп, өзеннің сол жағы Хиуаға, оң жағы Ресейге тиесілі деп шарт қойса, хан Жем, Ырғыз, Торғай бойларын да өз иелігіне қарасты деп есептеуден танбайды. Осы оқиғадан соң Аллақұл хан орыс елшісінің қазақтарды өздерінің басыбайлы боданы деген сенімді тұжырымын жоққа шығару үшін Хиуаға құпия түрде қазақтың жеті бірдей ықпалды деген адамын, солардың ішінде Жоламанды да шақыртып алдырады. Оларды хан сарайы бөлмелерінің біріне жинап, мехтердің (сыртқы істер министрі), құшбегінің және диуанбегінің қатысуымен Никифоровты шақырып, оның көзінше шақырылған қазақтардан өздерін Ресей боданы деп есептей ме және орыстарға Сырдарияны беру керек пе, осы мәселелер сұралады. Осы жерде шақырылған қазақ делегаттары, олармен бірге Жоламан да өзін Ресей боданы деп атауға қарсы шығады. Аталмыш кездесу 1841 ж. шамамен қазан айының ортасында болған. Жоламанның бұл кеңестегі сөздерінен оның Ресей саясатына деген ұстанымының өзгермегендігі, өзін оған бағынышты деп ешқашан есептемейтіндігі анық көрініп тұр. Бұл жиын ол қатысқан соңғы саяси оқиғалардың бірі еді. Осы сапардан соң ол қайтадан Бұхара өңірлеріне оралған. Оның аталған әмірліктің нақты қай өңірін қоныстанғаны, қай кезде қайтыс болғандығы белгісіз. 1848 ж. бір құжатта аға сұлтан Арыстан Жантөрин Жоламанның әлдеқашан дүниеден озғандығын жазады. Жоламан бастаған көтеріліс үлкен аумақты қамтыды, негізінен бір ру өкілдері қатысқанына қарамастан өте ауқымды болды. 1822-1825 жж. Елек, Қобда, Шыңғырлау т.б. солтүстік өңірлерден бастап Жем, Сағыз, Ойыл, Темір және ішінара Солтүстік Үстіртке дейінгі аралықты қамтыса, 1838-1840 жж. Ырғыз, Торғай, Қаракұм өңірлеріне де тарады. Осы соңғы кезеңде көтеріліске алдыңғы Табын, Тама, Ақкете руларынан басқа Шөмекей, Төртқара, Шекті және Қыпшақ руларының бөлімдері де қосылды. Көтеріліс өз сипаты жағынан азаттық күрес болып табылды, ол ешқандай да мақсатсыз, жүйесіз әрекеттерден тұр-

ған жоқ, шабуылдар нақты мақсаттармен, жоспармен ұйымдас-тырылды. Шабуылдардың бәрінде дерлік сарбаздардың бір емес, бірнеше ту ұстап шығулары да сол шабуылдардың жай жортуылдардан мақсаттары әлдеқайда биік азаттық сипатын анық көрсететін. Қозғалыс жетекшілері өздерінің нақты талап-тарын Ресей үкіметіне қойды, дегенмен күрестің негізгі такти-касы орыс шебіне шабуылдар жасап, салынған бекіністерді өр-теу және тұтқындар алудан тұрған. Шепке зиян жасау, бекініс-терді өртеу арқылы көтерілісшілер отарлаушы үкіметті Елек бойларынан кетіруге тырысты. Бұл әрине орындалуы қиын шаруа болатын. Зеңбіректермен қаруланған жазалаушы әскер-мен көтерілісшілер бетпе-бет шайқаса алған жоқ, бұл мүмкін емес те еді. Көтерілісті басуға мыңдаған адамнан тұратын үлкен командалардың шығарылуы, оларды орыс-француз, орыс-түрік соғыстарына қатысқан тәжірибелі командирлердің басқаруы, Ресей үкіметінің Жоламан бастаған қозғалыстан шындап қауіптенгенін көрсетеді. Шабуылдар жасау тактикалары көбіне жеке жасақтармен, аз топтармен жүргізілді. Жеке жасақтарды жеке сардарлар басқарды. Жоламан мен оны қолдаған Адай Сүйінқара, Кете Дербісәлі, Шөмішті Табын Барақ пен Асау ба-тырлар бас қолбасшылар ретінде бүкіл іс-қимылдарды жоғары-дан басқарды және тек ірі шешуші әрекеттерге ғана қатысты. Шабуылдардың көпшілігін Жаналы, Құттыбас, Түктібай, Түркебай, Бүркітбай сияқты көптеген жеке сардарлар (батыр-лар) басқарды. Бұлардың бірқатары, әсіресе Жаналы мен Құттыбас батырлар кейінен бас қолбасшылыққа дейін көтерілді.

Қорыта айтқанда, көтеріліс нәтижесінде жеңіліске ұшы-рағанымен, ол үзілістермен біршама ұзақ жылдарға созылып, Ресей үкіметін біраз шығындарға әкелді. Көтерілісті басуға жі-берілген бірнеше ірі жазалау шаралары, тұтқындарды босатуға бағытталған әрекеттер т.б. іс-шаралар үкіметке үлкен күшке, ірі материалдық шығындарға түсті. Қозғалыс Ресей империясының оңтүстікке қарай жылжуын, Орталық Азия халықтарын басып алу әрекетін көп жылдарға тежеді.

## Пысықтау сұрақтары

1. Жоламан батыр бастаған көтерілістің шығу себебі неде?
2. Көтерілісшілердің құрамына қандай рулар кірді?
3. Жоламанның Кенесарыға барып қосылуының мәнісі неде?
4. Көтерілісті қолдаған қазақ рулары не үшін кейін Жоламанды тастап кетті?

### §4. Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі.

#### 1. Көтерілістің басталу себептері мен алғышарттары

#### 2. Көтерілістің барысы және жеңіліс табуы

1. XIX ғасырдың басында патша өкіметі өзінің «қитұрқы» әдіс-тәсіліне көшіп Ресей билігін оңайлықпен мойындағысы келмеген Кіші жүз қазақтарын бөлшектеу мақсатында қалмақтардан босап қалған Нарын құмына Бөкей сұлтан бастаған қазақтарға жер бөліп береді. Нәтижесінде 1801 жылы I Павелдің жарлығы бойынша Нұралы ханның баласы Бөкей сұлтан бастаған 5000 түтіннен тұратын Кіші жүз қазақтары Жайық өзенінен асып, болашақ «қуыршақ» хандықтың негізін қалайды. Жалпы алғанда XIX ғасырдың бас кезіндегі Кіші жүздің саяси өміріне назар аударсақ, Бөкей Нұралыұлы негізі Байұлыдан тұратын рулармен Еділ-Жайық аралығы мен Нарынды иеленсе, Жантөре хан Жетіруға билік жүргізіп, төменгі Жайық шебінен Бударинск форпосты маңында қоныстанды. Қаратай сұлтан болса Байұлының кейбір руларымен бірге қазақ даласының солтүстік-батысы мен Қобда өзендерінің маңында көшіп-қонып жүрді. Әлімұлы руларын, соның ішінде шектілерді басқарған Әбілғазы Қайыпұлы Сыр бойы мен Арал өңірінде тұрақтады. Әлімұлының шөмекейлерін билеген Темір Ералыұлы Сырдарияның төменгі ағысын, жаз кезінде Орскі, Троицк маңын, Бұхара апаратын керуен жолдарын жайлады.

Яғни ортақ басшылықтан кеткен Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Бөкейді, екінші тобы Әбілғазыны, үшіншілері Қаратайды қолдаса, қалған бөліктері Темір мен Жантөрені

мойындады. 1805 жылы қыркүйекте патша өкіметі Кіші жүздің негізгі ханы болып табылатын Айшуақ хан өлгеннен кейін таққа оның баласы Жантөрені отырғызуы Кіші жүз қазақтарының арасындағы жағдайды ушықтырып жібереді. Өйткені Жантөре патша өкіметінің ерекше ықыласына бөленген еді. Сондықтан Жантөре ханға деген Кіші жүз қазақтарының сұлтандары мен игі жақсыларының наразылығы күшейеді. Осыны пайдаланған Қаратай сұлтан өзінің маңайына Байұлы мен Әлімұлы руларын топтастыра отырып, Жантөреге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын өрістетіп, хандыққа мүдделі екенін көрсетеді. Дегенмен қазақ руларының өкілдері, соның ішінде Әлімұлы тайпалары елдің бірлігін сақтау мақсатында халық алдында беделі жоқ Жантөренің орнына Қаратайды 1806 жылы хандық таққа сайлайды. Өйткені Қаратай қазақ руларының алдында үлкен беделге ие болып, Нұралы ұрпақтарымен татулықты сақтап, Темір Ерәліұлы және Әбілғазы Қайыпұлымен бірге Сыр бойында көшіп-қонып жүрді. Алайда Қаратайды хан деп мойындамаған патша өкіметі Кіші жүз қазақтарына қайта-қайта әскер жіберіп, сұлтандар арасына от салып, ханның беделін түсіру мақсатында ауылдарды тонап отырды. Қаратай да патша әкімшілігінің саясатына жауап ретінде 1809 жылы Жантөре ханның ауылына шабуыл жасап, ханды өлімші етіп жаралайды да, Бөкей ханға Жайықтың сол жағалауына көшуін талап етеді.

Жантөре хан өлгеннен кейін патша әкімшілігі 1811 жылы 13 қыркүйекте Кіші жүзге хан сайлауын өткізіп, таққа өздерінің ықпалынан шықпайтын Шерғазы Айшуақұлын отырғызса, ал Бөкейді Ішкі Орданың ханы етіп бекітеді. Осылайша патша билігін мойындағысы келмеген Кіші жүз қазақтарын екі хандыққа бөліп жібереді де, «бөліп ал да, билей бер» деген саясатын жүзеге асырады. Алайда Шерғазы Айшуақұлының билігін қазақ даласының оңтүстік бөлігі мойындамады. Әсіресе Хиуа ханының ықпалында болған Әлімұлы руларына кіретін шектілер Әбілғазы Қайыпұлын, шөмекейлер Темір Ерәліұлын хан деп таныса, ал Байұлы рулары Қаратай сұлтанды хандыққа көтерген. Ал 1815 жылға дейін билік құрған Бөкей хан өлгеннен кейін патша өкіметі оның орнына әлі ер жетпеген баласы Жәңгір мұрагер ретінде таниды да, регент ретінде билікті Бөкейдің інісі

Шығай сұлтанға береді. Ол хандықты 1823 жылға дейін, яғни Ресей патшасының Жәңгірді Орданың ханы етіп жариялаған жарлығына дейін басқарады. Осы кезден бастап Жәңгір хан тақта 1845 жылға дейін көз жұмғанша отырады. Билік басына келген Жәңгір хан патша әкімшілігінің қолдауымен халықтың өмірі мен тұрмысының жекелеген жақтарын, хандықтың қоғамдық жүйесіндегі жергілікті басқарудың дәстүрлі жүйесін қайта құруға тырысады. Ол өзін үлгі ретінде көрсете отырып, қазақтарды отырықшыландыруға бағыттайды. Сол үшін өзіне және бірнеше сұлтандар мен қызметшілеріне ағаштан үйлер тұрғызып, бірнеше мекен-қоныстар салады. Малдың қыстық шөбін алдын ала дайындау үшін пішен шаптырып, бау-бақша мен ағаштар өсіреді. Ресейден ауыл шаруашылығына құрал саймандардың жаңа түрлерін алдырып, малдың тұқымдарын асылдандырады. Хан сарайда мешіттер салып, мектептер ашады. Сонымен қатар, Ордада билер кеңесі, сот жүйесі, салық жүйесі, сауда, денсаулық сақтау ісі, халық ағарту ісі және де басқа саяси-әлеуметтік, экономикалық іс-шаралар жүзеге асып, қазақ жеріндегі басқа жүздегі жағдайлармен салыстырғанда ерекше түрде дамиды.

Алайда Бөкей хандығы құрылған кезден бастап-ақ Орынбор генерал-губернаторының тікелей бақылауында болды. Дегенмен барлық ішкі істерге байланысты мәселелерді хан көбінесе өзі шешіп отырды. Яғни, Жәңгір хан ел билеуде Орынбор әкімшілігімен бірлесіп шешті немесе өзіне қажетті мәселелерді реттеу және жергілікті жерде тыныштықты сақтау да ғана патша әкімшілігінен жәрдем сұраумен ғана шектелді, ал қалған істер бойынша хан өз еркімен айналысып, ешкімге есеп бермеді. Жәңгірдің осындай хандық билікті дербес жүргізу ұмтылысына қарамастан XIX ғасырдың екінші ширегінен бастап патша өкіметі тарапынан Бөкей хандығындағы қазақтарға экономикалық тұрғыдан қысымдар көрсетіліп, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қатынастардың маңызды жақтарын қирата бастады. Патша өкіметінің жарлығы бойынша Бөкей Ордасы Сыртқы істер министрлігінің қарамағынан Мемлекеттік мүлік министрлігінің бақылауына беріледі. Бөкей Ордасының аталмыш министрліктің бақылауына өтуі хандықтың патшалық Ресейдің



ресми түрде тіркелген әкімшілік бірлігіне айналғанын көрсетті. Өйткені бұл министрлік Ресейдің құрамына кіретін барлық аумақтарда қоғамдық және саяси жұмыстар жүргізумен айналысу міндеті кіретін. Осы кезеңнен бастап патшалық билік орында-рында Орданың басқару жүйесін өзгертуге байланысты арнайы комиссиялар жасақталып, ұсынған пікір, жобалар жинақталып, сұрыпталып, жергілікті тұрғындарға байланысты іс-шараларға баса назар аударылып, қайта-қайта пысықталды. Орданы саяси-әкімшілік негізде қайта құруға патша әкімшілігі өздерінің алға қойған жоспарларын бастапқы, негізгі және соңғы деп бірнеше кезеңдерге бөлді. Билік орындарында Ішкі ордаға қатысты дайындаған басқару жобаларында көптеген талаптар атап көрсетілді. Жоспар бойынша хандықты басқаруды Астрахань әкімшілігінің қарамағына беріп, хандық билікті соған тәуелді ету алға қойылды. Бұл жерде патша әкімшілігінің алдын-ала хандық басқару жүйесін жоюға немесе ханның билігін әлсіретуге тырысқанын көреміз. Осылайша, Бөкей хандығын тәуелсіздігінен айыру патша өкіметінің ең басты мақсаты балып саналды. Сол мақсатқа қол жеткізу үшін Орда қазақтарына қатысты атқарылар істерді қамқорлықпен қарау сипатында жүргізу арқылы патша өкіметіне сенімділік туғызып, ақырындап ішкі істерге араласуға мүмкіндік алу көзделді.

Осыған орай Мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан хан кеңсесіне жәрдем ретінде орыс шенеунігін тағайындау арқылы хан ауыр науқастанса немесе басқа жерге іс-сапармен аттанған кезінде оның орнын басып, шаруашылық істерді қолға алуға тырысты. Орыс кеңесшісіне Орданың әлеуметтік-экономикалық жағдайына араласып, халыққа жақсы жағынан көріну міндеті жүктелді. Сол арқылы жергілікті қазақтар алдында сенім мен беделге ие болып, орыс халқына жақсы көзқарас туғызып, келешекте хандық билікті түпкілікті жоюға алғышарт қалыптастыру көзделді. Жоспарда көрсетілгендей Ордадағы тәртіпсіздіктің алдын алу және халық арасындағы өзара даулар мен шағымдардың себептерін біліп, тәртіпке бағынбаған адамдарға тергеу жұмысын жүргізетін арнайы қадағалаушы «Управа» мекемесін ашу алға қойылды. Оның басшылығына орыс шенеунігін тағайындап, оған көмекші ретінде бір орыс шенеунігі және

бір жергілікті орда халқының өкілін қосып беру қарастырылды. Орыс «Управасын» ашу арқылы жергілікті халықпен тығыз қатынас орнатып, Ресей империясының заңдарын үйрету және оны мойындату міндеті тұрды. Осындай шаралар бойынша қазақ қоғамында ғасырлар бойы сақталып келген әдет-ғұрып негізінде шешілетін билер сотының қолданысын тарылту, даулар мен шағымдар, түрлі тәртіпсіздіктерді шешу үшін халықты тек орыстардың енгізген заңдарына жүгіндіруді мақсат тұтты.

Жоғарыда келтірілген жоспарға сәйкес патша өкіметі хандықтың ішкі істеріне араласа бастады. Нәтижесінде ішкі тұрақтылық өз кейпін жоғалтып, Жәңгір хан халықтың алдындағы беделінен айрыла бастайды. Сонымен қатар, Бөкей Ордасындағы халық мен мал санының көбеюі жайылымдарға деген тапшылықты туғызды. Сол кездегі дерек бойынша Бөкей Ордасында 42 мың шаңырақ, 52 мың түйе, 500 мың жылқы, 100 мың ірі қара, 2 млн қой болған. Князь Юсупов пен граф Безбородко сияқты орыс алпауыттарының Ордадағы құнарлы жерлерді өз меншігіне алып қоюы да рулардың көшіп-қонатын аумағының тарылтты. Ордадағы салық жинауда басқа аймақтарға қарағанда да шектен шығып кетіп отырды. Осындай шиеленісті жағдайды пайдаланған кейбір сұлтандар мен старшындар Бөкей Ордасындағы қазақтардың арасында патша билігі қазақтарды орыс-казактарының қатарына кіргізбекші, оған Жәңгір ханның өзі келісімін беріпті деген қауесетті тарата отырып, оларды жаппай Кіші жүз жеріне қарай көшуге үндеп, халық наразылығын туғызуға негіз қалайды. Қазақ даласында хандық атаулыны жоюды мақсат тұтқан патша әкімшілігі де ханға оппозицияда болған рубасыларына дем беріп, барынша Жәңгірдің беделін әлсіретуге ұмтылды. Оның үстіне 1827 жылғы Ордада болған жұт та халықтың әлеуметтік тұрмысына соққы болып тиеді. Нәтижесінде 1836-1837 жылдары хандықта қазақ руларының көтерілісі бұрқ етіп, оны беріштердің биі Исатай мен жақын серігі Махамбет ақын бастайды. Исатай бастапқы кезде Шығай сұлтанмен арадағы күресте Жәңгірді қолдап, жақсы қарым-қатынаста болады. Кейін Исатай мен Жәңгір ханның арасы шиеленісіп кетеді. Әсіресе, Жәңгірдің Каспий маңындағы Он екі ата байұлыларға билеуші етіп өзінің қайын атасы Қарауылқожаны

тағайындағаннан кейін хан мен бидің арасындағы қатынас мүлдем ушыға түседі.

Исатай бастаған қазақтар Қарауылқожаны сарт ретінде қабылдап, өздеріне халықтың құрметіне бөленген қазақтан қоюын талап етеді. Қарауылқожа да қарап қалмай әр түрлі әрекеттерге барып, Жәңгірге үнемі Исатайды жамандап, батырдың абыройын түсіруге тырысады.

Жәңгір ханда өзін еркін ұстаған Исатайды айтқанына көндіруге ұмтылады. Алайда Исатай ханның тілін алмай, Қарауылқожаға деген наразылығын одан сайын күшейткен кезде Жәңгір Исатайды орнына Балқыны би етіп тағайындайды. Ханның бұл шешімі жалғыз Исатайдың ғана емес басқа да қазақтардың ашуына тиіп, оларды Исатайдың маңайына топтастыра түседі. Халықтың наразылығы үлкен толқуға айналып бара жатқанын естіген Жәңгір хан Исатайды Жасқұстағы ордасына шақырады. Бірақ Исатай ханның шақыртуын қабылдамай, оған барудан бас тартады. Өзінің билігін мойындағысы келмеген Исатайды тәртіпке келтіру үшін Жәңгір хан 1836 жылы 17 наурызда Қарауылқожаға жасақ жинап, Исатай Тайманұлы мен оның жақтастарын ұстап әкелуді бұйырады. Бұйрықты орындауға асыққан Қарауылқожа Беріш, Адай және Тама руларынан 522 жігітті жинап, Исатайдың ауылына бағыт алады. Қарауылқожаның келе жатқанын алдын ала естіген Исатай да өзінің жақтастарын жинап, қорғанысқа көшеді. 4 сәуірде Қарауылқожа бастаған жасақ Қиялы бейітінің маңына келген кезде оны Исатай өз тобымен күтіп алып, Қарауылқожаны жекпе-жекке шақырады. Батырдан қорыққан Қарауылқожа жекпе-жекке шығудан бас тартып, оған ханның бұйрығына бағынуын талап етеді. Бірақ Исатай талапты орындаудан бас тартқан кезде, қантөгіске баруға бата алмаған Қарауылқожа амалсыздан кейін қайтып, жасағын таратып жібереді. Қарауылқожаның бұл сәтсіз әрекеті Исатай мен оның жақтастарына дем беріп, көтерілісшілердің қатарына жаңадан адамдардың лег-легімен келуіне жағдай жасады.

**2.** Халық арасынан үлкен қолдау тапқан Исатай батыр енді ханға хат жазып, онда ол Қарауылқожа мен беріштердің биі Балқы Құдайбергеновты биліктен аластатуды сұрайды. Исатайға

билігі жүрмеген Жәңгір хан амалсыздан үнсіз қалады. Тіпті ол Ордадағы хандықтың ішкі ісіне орыс билігін араластырғысы келмей, патша әкімшілігінен көмек те сұрамайды. Ал Исатай болса Жәңгір ханның үнсіз қалуын қауіпке балап, жергілікті орыс әкімшілігімен арадағы байланысты жақсартуға кірісіп, мүмкіндік болса оларды ханның әкімшілігіне қарсы пайдалануды көздейді. Сондықтан ол орыс билігіне қызмет көрсету арқылы өзіне бедел жинау жолдарын іздейді. Алайда қазақ даласына жасырынып, қашқын татарларды аулап жүрген арнайы қазақ әскерлеріне қызмет көрсету кезінде Исатай мен Махамбет өздеріне қарсылық көрсеткен Күшік Жапарұлын өлтіріп алады. Кісі өлтіру Ресей заңы бойынша үлкен қылмыстық іске жататындықтан Исатай мен Махамбет Сібірге каторгаға айдалуы мүмкін болғандықтан оларға қауіп төнеді. Осы жағдайды өз мүддесіне пайдалануды көздеген Жәңгір хан қайтадан іске кірісіп, 1836 жылы мамыр айында Жапарұлының өлімін тексеру үшін Көшекәлі Сығайұлын басшы етіп, комиссия жасақтайды. Алайда Исатай аталмыш комиссияны мойындамай тергеуге жоламай қояды және мүлдем әрекетсіздікті қаламаған ол өз жақтастарын жинап Жәңгір ханның ордасына қарай жылжиды.

Исатай мол қарулы жасақпен келе жатыр деген хабарды алған Жәңгір хан қорғанысы нашар болғандықтан көтерілісшілердің алдына сұлтан Балпан мен Алтай Досмұхамедов би бастаған делегациясын жібереді. Исатаймен кездескен елшілер хан мен Хан Кеңесінің мүшелері қол қойған хатты табыс етеді. Хатта 12 күннің ішінде Хан Кеңесінің мүшелері Исатайдың ауылына барып, Қарауылқожа мен Балқы Құдайбергеновтың үстінен түскен шағымдарды қарайтыны жөніндегі Ханның жарлығы жазылған еді.

Ханның жазбаша уәдесін алғаннан кейін Исатай жасақтың бағытын кері бұрып, ауылдарына тарап кетеді. Исатайға ешқандай билігі жүрмейтініне және көтерілісшілерді ауыздықтауға шамасы келмейтінін әбден көзі жеткен Жәңгір хан жағдайдың одан сайын ушыға түскенін қаламай Орынбор мен Астраханның губернаторларына шағымданып, Исатайдың үстінен арыз түсіруге және өзін қорғауға әскер сұрауға мәжбүр болады. Жәңгір ханның шағымына Орынбор генерал-губернаторы Перовский

хан мен Исатайдың арасындағы теке-тірестің одан әрі күшеюіне және Жәңгір ханның халық арасындағы беделін мүлдем жоюды көздеп, Исатайдың әрекетін Орданың ішкі шаруасы деп қарамауға тырысса, ал Жәңгірмен жақсы қатынаста болған Астрахан губернаторы Тимирязев болса ханның арызына маңыз беріп, патша үкіметінен ханға әскери көмек беруге рұқсат сұрайды. Тек Астрахан губернаторының патша үкіметіне жазған мәліметінен кейін ғана Орынбор әкімшілігі амалсыздан Жәңгірдің арызын тексеру үшін Орынбордан екі офицер мен бір сұлтан бастаған комиссияны жібереді. Перовский комиссияны Бөкей Ордасына жіберер алдында оған Исатайдың кінәсі дәлелденген жағдайда ғана оны және жақтастарын тұтқындауға, ал егер олардың кінәсі жоқ болып, наразылықтары шынымен Жәңгір ханға тікелей бағытталса онда Исатайға тиіспей, тергеуді тезірек аяқтап, кері қайтуға нұсқау береді. Алайда бұл жолы да Исатай комиссияны ханның ықпалында қалып қойды және қазақша білмейтін комиссияның басшысы Сиротинге куәгерлердің сөздері дұрыс аударылып жатқан жоқ деген сылтаумен тергеуге бармай қояды. 13 ақпанда әскери атаман Покатилов тергеуге келтіре алмай амалы құрыған комиссияға Исатайды тұтқынға алып, Орынборға жөнелту жөнінде нұсқау береді. Алайда комиссияда Исатайды тұтқынға алатын әскері жеткіліксіз болды. Өйткені бұл кезде Исатайдың маңайында көп мөлшерде қарулы жасақ жиналған еді. Ордадағы орыс әкімшілігінің өздерін тұтқындауға шамасы жетпейтінін білген Исатай мен оның жақтастары батыл әрекетке барып, ханның жағындағы старшындардың ауылдарын аралап, жазалауға көшеді. Өкінішке орай бұл жазалаулардың көпшілігі өліммен аяқталып отырды. Яғни, Исатайдың шақыруымен атқа қонған қазақтар Жәңгір ханды жақтаған билер мен старшындардың ауылдарын тонап, жылқыларын айдап кетумен тоқтамай оларды өлтіруге дейін барды. Әбден есірген халықтың тәртіпсіздігі шектен шыққаны соншалықты комиссия Глинян бекінісіне барып тығылады. Қазақтардың өзара қырылуына ынталы болған Орынбор губернаторы Перовский мен Шекара Комиссиясының төрағасы Генс болса көтерілісті басуға әскерді жіберуге рұқсат сұраған атаман

Покатиловке әлі Орданың ішкі ісіне араласатын уақыт жеткен жоқ деп тыйым салады.

Патша әкімшілігінің бұл саясатынан көтерілісшілердің қолымен Жәңгір ханды өлтіруге бағыт алғанын көруге болатын еді. Шекара Комиссиясы көтерілісшілерді басуға әрекет жасамағаны былай тұрсын, қайта оларға ашықтан-ашық қолдау көрсетіп, Жәңгір ханға наразылық танытқандардың кейбір талабын қанағаттандыру қажет деген нұсқауларын жібереді. Ал Жәңгір ханда көтерілісшілерді тыныштандыратын күш мүлдем болмағандықтан патша әкімшілігінің нұсқауларын бұлжытпай орындап отырады. Жәңгір ханның көтерілісшілердің талабына көнуі Исатайдың одан әрі күшеюіне алып келіп, енді ол Жәңгір ханнан бөлінетінін және өз руын башқұрт старшындары сияқты жеке өзі билейтінін айтып патша әкімшілігіне хат жазады. Тіпті ол Перовскийге Жәңгір ханның билігінен құтылу үшін Орал казактарының қатарына кіруге де дайын екендігін білдіреді. Исатайдың хатына ерекше қызығушылық танытқан Перовский оған жауап қайтарып, онда Исатайға сенетінін, сондықтан ол өз жасақтарын ауылдарына таратып, келіссөз жүргізуге Орынборға келу қажеттігін жазып, хатты Исатайға тапсыру үшін 150 казакпен атаман Покатиловты аттандырады.

Перовскийдің сәлемдемесін алған Исатай алғашқы кезде нұсқауын орындап, жасақтарды таратады және Перовскиймен кездесуге дайындала бастайды. Алайда соңғы сәтте Исатай өз ойынан айнып, Орынборға барудан бас тартып, ханның жақтас-тарына шабуылдарын үдете түседі. Орынбор губернаторы болса әлі де үмітін үзбей оны өз жағына тарту мақсатында екі рет хат жазып, кездесуге шақырады. Исатай бұл хаттың бәріне әр түрлі сылтаулар айтып, кездесуге бармай қояды. Осыдан кейін барып қана Перовский өзін алдап жүргенін түсініп, Исатайды билікке қарсы адам ретінде санап, оған қарсы әскер жіберуге шешім қабылдайды. Бұл кезде Ордадағы көтеріліс кең қанат жайып, ханның өзіне де нақты қауіп төнеді. Қазақ даласына подполковник Гекені аттандырған Перовский оған Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Сарт Еділов, Иманбай Қалдыбаев сияқты көтеріліс басшыларын тұтқындап, ал қалғандарына қылыш, найза қолдану арқылы ауылдарына таратып жіберуге нұсқау бе-

реді. Осылайша патша әкімшілігі орыс әскерлері көрінсе болды казактардың өздері тарап кетеді, ал Исатай болса өз еркімен тізе бүгіп, алдыма келеді деп үміттенеді. Дегенмен Орынбор әкімшілігі Гекеге казактар қарсылық көрсетсе оларға қарсы қару қолдануға рұқсат берді және Орал казак әскерлерінің атаманы Покотиловке кез келген уақытта Гекеге көмекке жіберуге 400 казакты дайындықта ұстау жөнінде бұйрық береді. Қосымша күшті дайындаған Покатилов оны екі бағытта қимылдату мақсатында әр қайсысы 200 казактан тұратын әскерді Зеленовск және Кулагин бекіністеріне бөледі де, оларға қосымша тағы да 200 адамды қосып Горск бекінісіне орналастырады. Сонымен қатар сақтық шараларын жасаған Покатилов ішкі шепті қорғауға 120 казакты бөліп, оларға Исатайдың Жайықтың арғы бетіне өтуіне мұрсат бермеу жүктеліп, бүкіл қосымша күштерге басшылық жасау подполковник Меркуловке тапсырылады. Покотиловтың жоспарын мақұлдаған подполковник Геке 20 казакты бастап Перовскийдің нұсқауын орындау мақсатында ханның ордасына аттанып кетеді. Қараша айының бас кезінде Жәңгірмен жолыққан подполковник Геке одан ханның ордасынан 8 верст жерде орналасқан көтерілісшілердің саны 2000-нан асатынын және бәрі де қаруланғанын естіп, Ордада қалыптасқан ахуалдың әлдеқайда күрделі екенін түсінеді. Оларды қуып тарататын күштің аз болғандығына байланысты ол полковник Меркуловке әскерді алып, Теректіқұм сайындағы Исатайдың ауылына қарай бағыт алуына, ал Горск бекінісіне жиналған әскерге ханның ордасын қорғауға келу туралы нұсқау береді.

Бұл кезде Исатай бастаған көтеріліс кең құлаш жайып, Астрахан губерниясына да тарайды. Көтерілісшілер Астрахан губерниясындағы қарақалпақ, қандаур татарлары мен қалмақтардың мекендерін шауып, малдарын айдап кетеді. Мәселен, беріштердің 200 адамы қазан айының соңына қарай Астрахан шекара шебінен өтіп қарақалпақтардың 1000-ға жуық жылқысын шауып алып, оларға егерде патша билігіне қарсы шықпаса тағы да келіп шабатынын ескертеді. Қарақалпақтар қорыққанынан Исатайға қосылып кетер деген қауіппен оларды қорғауға зеңбірегі бар казактардың әскери тобын жібереді. Исатайдың

келесі бір жасағы қандаур татарлары мен қалмақтардың қоныстарын ойрандап кетеді.

Ал Исатайдың өзі болса ханның ордасына жақын келіп орналасады да Жәңгірмен келіссөз жүргізуге тырысады. 2-3 мың жасақты басқарған Исатайға Жәңгірдің ордасын басып алу түкке тұрмаса да, шабуылды бастамайды. Өйткені ол ханның ордасын талқандап, Жәңгірдің өзін өлтіргенімен одан ешқандай нәтиже шықпайтынын және одан тек патша билігі ғана ұтатынын жақсы білді.

Сондықтан Исатай өзінің жақтастарының кеңесі бойынша Жәңгірді өз жағына шығаруға немесе орыстардың ықпалына көнбей дербес билік жүргізуге көндіруді ойлап, Жәңгір ханға талап хат жазады. Алайда көтерілісшілердің талабын Жәңгір хан қабыл ала алмады. Себебі ол патшалық билік оңайлықпен Орданы жеке өзіне билетіп қоймайтынын және оған жол да бермейтінін жақсы білді. Сондықтан Жәңгір көтерілісшілерге қаруы мықты орыстармен соғысып, бостан-босқа қандарын төкпей ауылдарына бейбіт түрде тарауға, ал өзі қолдан келгенше патшалық билікке көтерілісшілерді жазалатпауға тырысатынын жеткізеді. Алайда Жәңгір ханның бұл жауабы көтерілісшілерді қанағаттандырмайды да ханды қолдаған жақтастарының ауылдарын шабуын жалғастыра береді. Ақыры ханды жақтайтын рулардың азайғаны соншалықты Жәңгірге тек Ноғай руының қазақтары ғана өз адалдығын сақтап, оны қорғау үшін Шымбала Ниязов би бастаған ноғайлар ханның ордасына көшіп барады. Осы уақыттары Зеленовск бекінісінен шыққан Меркуловтың әскері 7 қарашада Исатайдың ауылына басып кіріп 40 шаңырақты тұтқынға алады.

Орыстардың қолына түскен қазақтардың ішінде Исатайдың жанұясы да бар еді. Осы жорықтан кейін Меркуловтың әскері Жаманқұм деген жерде демалу үшін аялдаған кезде орыстарды Исатай бастаған қарулы жасағы қоршауға алып, тұтқындағы барлық қазақтарды босатуды талап етеді. Өздерінің отбасыларын тұтқыннан босату үшін ештеңеден тайынбайтынын және саны әлдеқайда көп көтерілісшілерді көрген Меркулов зеңбірексіз келгендіктен олардың талабын орындап, тұтқындарды босатады да ханның ордасына бағыт



алады. Исатайдың жасағы да Меркуловтың соңынан еріп, жол бойы орыстарға қауіп төндірумен болады. Ханның ордасына жеткен Меркуловтан мән-жайды естіген подполковник Геке орын алған жағдайды баяндап Орынбор губернаторы Перовскийге мәлімет жібереді. Осы мәліметтен кейін Перовскийге ашуға мініп, Исатайды бұдан былай старшын деп атамауға және көтерілісті аяусыз зеңбіректердің күшімен басуға, сондай-ақ Исатайды тұтқынға алуға мүмкіндік болмаса, онда оны өлтіруге нұсқау жібереді. Осылайша Перовскийдің Бөкей Ордасындағы хандық билікті Исатайдың көмегімен жою жоспарының күлі көкке ұшады.

Орынбор губернаторының тапсырмасын орындауға асыққан подполковник Геке болса ірі күштерді өз маңайына топтастыра отырып, шабуылға дайындалады. Хан ордасындағы жазалаушы әскерлердің саны көбейе түскенін және көтерілісшілердің қоршауда қалу қаупін байқаған Исатай Орданы қоршауды тоқтатып, жасақтарын қауіпсіз жерге алып кетуге ұмтылады. Алайда көтерілісшілер қуғыннан алысқа ұзап кете алмай, 1837 жылы 15 қарашада Тастөбе алқабында 2 мың әскері бар подполковник Геке мен Исатай бастаған көтерілісшілердің арасында шешуші шайқас өтеді. Көк сүңгіні шебер пайдалана білудің, жарамды жақсы аттарды тандап мінудің, шайқас өткен жер жағдайымен бес саусақтай жақсы таныс болуының нәтижесінде көтерілісшілер ұрыстың алғашқы жартысында басымдық танытып, бірінші болып шабуыл бастайды.

Алдымен мергендер тобы мылтық атады, Гекенің отряды оларды зеңбіректен атқылайды. Зеңбіректен дұрыс нәтиже болмаған соң Геккенің солдаттары шабуылға көшеді. Оларға көтерілісшілер қарсы шығып, солдаттардың арасын біршама сиретіп тастайды. Мұны байқаған Гекке көтерілісшілерге жақындап келіп зеңбіректен қайта оқ атуды бұйырады, онысы нысанаға дәл тиіп, көтерілісшілерден көп адам шығынға ұшырайды. Сол уақытта солдаттар тағы да шабуылға шығады. Осы шайқаста Исатай оң қолынан жараланады да, баласы Жақия 50-60 адаммен бірге қаза табады. Тастөбе түбіндегі жеңілістен кейін көтерілісшілер шағын топтарға бөлініп, Ішкі Орда аумағына тарап кетті. Исатай қатары сиреген көтерілісшілерді қайта

біріктіруге әрекеттенеді. Ал бұл уақытта подполковник Геккенің басшылығында 700-дей казак-орыс әскері, 2 зеңбірек және 400 адамнан тұратын хан жасағы болды. Жазалаушы отряд енді Исатай батырдың өзін ұстауға тырысады. Осы мақсатпен полковник Меркульев 300 казак отрядына ханның 600 жасағын қосып алып бірталай жерді шолып қайтады. Перовский Исатай батырды ұстаған адамға 500 сом күміс ақшамен сыйлық тағайындайды. Есаул Трафимовқа 75 казак отряды және ханның 100 жасағымен қоса Тастөбенің төңірегін аңду тапсырылады. 1837 жылы 15 қараша күні таңсәріде Тастөбенің жанында көтерісшілер мен жазалаушы отрядтың арасында кескілескен шайқас болады.

Бірақ та жазалаушылар көтерісшілердің көп шоғырланған тұсына зеңбіректен оқ атып, көтерісшілерді шегінуге мәжбүрлеп біршама жерге дейін қуғындайды. Бірақ даланы қанша кезсе де Исатайды ұстай алмады. Исатайдың жанында сенімді серіктері Махамбет, Тінәлі, Иса, Сарт Қабыланбай, Төлеген, Есенгелді отбасыларымен, Тәни, Үбі, Мәстек Ахметұлы сияқты көтерісшілер қалып, олар басшыларын барынша қорғауға тырысады. Жазалаушы отряд желтоқсан айында Исатайды Самар дала-сынан іздейді, ал Исатай болса Жайықтың бойында отырып, қолайлы сәтті күтеді. Губернатор Перовский болса Жайықтың арғы бетіндегі кіші жүздің батыс бөлімін билеуші сұлтан Баймағамбет Айшуақовқа Исатайдың Жайықтан өтіп кетпеуін алдын-ала тапсырады. Губернатордың бұйрығымен Жайықтың бойын бақылау күшейтіледі. Баймағанбет сұлтан өз қарауындағы елдің билері мен сұлтандарына Исатай келсе тез арада ұстап беруді тапсырады. 1837 жылы 13 желтоқсан күні таңсәріде Құран Маябасовтың бастауымен Исатайдың тобы Жайықтан жасырын өтпек болғанда, жағалауды бақылап жүрген Хорунжий Жигиннің отряды байқап қояды. Бұл кезде Исатайдың жігіттерінің көпшілігі өткелден өтіп, тек бірнеше адам бері жақта қалады да, олар Жигиннің жендеттерімен қақтығысқа түседі. Казак-орыстар Сарайшықта жасақтарымен дайын тұрған Баймағамбет, Мұхамедқали Таукинге хабар берді. Бұл жасаққа жүзбасылар Попов мен Понамаревтің жазалаушы отряды қосылады. 14 желтоқсанда жазалаушылардың

қолына Исатайдың әйелі Несібелі, балдызы Бағлан, Еділ Сартұлының балалары Ерше мен Нұрша түседі. Ал Исатай біраз сенімді жігіттерімен жазалаушыларды адастырып кетеді. Тастөбе маңындағы шайқастан кейін көтерілістің бірінші және екінші кезеңі жеңіліспен аяқталады. Исатай мен Махамбет Кіші жүзге өтіп, 2000 жігіт жинап, Хиуа ханының қолдауымен патша өкіметіне және оның қолшоқпары Баймағамбет Айшуақовқа қарсы күреседі. Кіші жүз даласындағы халық қозғалысы енді орта жүзден Торғай өңіріне келген Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысымен жалғасады. Сондай-ақ, осы тұста Кіші жүздегі Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілісте өрши түсіп, ол Кенесарыға қосылуға бағыт алады. Бұл уақытта жазалаушы әскер мен Баймағамбеттің жасағы Исатайларды тынымсыз іздеуде болатын. Ал Орынбор губернаторы Перовский болса Кіші жүздегі көтерілісті басуға қосымша әскер жіберіп, Геке бастаған зеңбірегі бар 500 адамдық жазалаушы жасақ келеді. Орынбордан бұл әскер 8 шілде күні Тұзтөбе маңына конса, келесі күні Ұлы Қобда жағасына түнейді. Осы өзеннің бір саласы Ешкіқырған бойындағы Қызылжар аңғарында отряд көтерілісті негізгі жазалаушылардың бірі Батыс бөліктің аға сұлтаны Баймағамбет Айшуақұлымен қосылады. Аға сұлтанның қол астында да 500 адамдық жасақ бар болатын. Патша билігін жақтаған билер, басқа да үкіметтің тыңшылары бүлікшілердің әр қадамы туралы Орынборға ақпарлар жіберіп тұрған. Сол себепті біріккен жасақ Исатай мен Махамбеттің 2000 адамдық қолының Жемнен кетіп, Ойылдан өтіп, Қиыл бойында тұрғанын естиді. 11-шілде күні жазалаушылар Қарағандының шағын саласы Ақбұлақ өзенінің бойына келіп түнейді. Осы жерде олар көтерілісшілердің бір тобының Баймағамбет сұлтанның Суықбұлақ деген жердегі ауылдарын шабу ниетінен құлағдар болады. Сұлтан шабуылдың алдын алу үшін жасақтан біршама қашық жерге өз адамдарынан мықты қарауыл қояды. 12-шілде күні таңда аталған топ осы қарауылға шабуыл жасап, екі қазақты қолға түсіреді. Шабуылды жасаушылар Исатайдың өзі бастаған 500 адамдық топ болатын. Дабыл бойынша атқа қонған казактар топтың шоғырланған тұстарына зеңбіректен оқ жаудырады. Гекенің келесі күнгі рапортына қарағанда, көтерілісшілер орыс

әскерінің де келгенінен бейхабар болған секілді. Олар Баймағамбеттің қосынын басып алуды ойлаған. Казак жасағы Ақбұлақтан өтіп, биік төбенің тұсына бой тасалайды. Аға сұлтан болса аз адаммен бытырап шегінген көтерілісшілерге жақындап, оларды өздеріне тартуға әрекет жасайды. Казактардың тоқтанғанын, сұлтан жасағының аздығын көрген Исатай тобы қайта оралып, тағы шабуылға ұмтылады. Осы кезде сай-сала, жыраларда жасырынып тұрған казактар оларға қарама-қарсы лап қояды.

Мұндайды күтпеген көтерілісшілер біраз қақтығыстан соң кашуға мәжбүр болады. Казактар оларды біраз жерге дейін қуады. Қуғын кезінде Жылқышы бөлімінен Қопан Сүбіліұлы, Қадырбек бөлімінен Жапар Елекбайұлы, Сәтбай Игітұлы бірнеше казакпен Исатайдың соңынан жеке түседі. Батыр қорамсағындағы барлық жебелерін атып, қуғыншылардың бірнешеуінің атын жаралалайды. Леонтий Зеленин есімді мерген казак Исатайды екі-үш рет атып көріп, оқ дарымаған соң, қасындағыларға батырдың үстінде сауыт барын, сол себепті астындағы атын атуға кеңес береді. Өзі де атын тебініп, батырмен үзеңгілесіп, атын атып жаралайды. Аты әлсіреген Исатайды қуғыншылардың бірі Қопан қуып жетіп ұстауға тырысады. Айқас кезінде екеуі де аттарынан жерге құлайды, беліндегі пистолеттен атып қорғануға тырысқан Исатайды Қопанның жолдастары да қуып жетеді. Батырға казактардан сәл бұрын жеткен жігіттер оны күшпен басып ұстап отырғанда, соңынан жетіп алысып жатқандардың үстінен түскен казактар істің мәнжайына бармай Исатайды қарсыласқаны үшін деген желеумен оны бірден шауып өлтіреді. Гекенің мәлімдеуінше, Богатырев есімді урядник Исатайдың өз қылышымен басынан шапқан, сол кезде жан сауға сұраған оны екінші казак мылтықпен төсінен тура атқан. Геке соңғысының қимылын батырдың қиналмай өлуі үшін істелген әрекет деп түсіндіреді. Бұлардың Исатайды өлтірудегі қызу әрекеттері оның басына тағылған сый ақшаға қызығушылықтан да туған болуы керек. Көтеріліс көсемінің басына тірі ұсталған жағдайда күміс ақшамен 500 сом, ал өлтірілген жағдайда осы соманың жартысы тігілген болатын. Тиесілі 250 сомның жартысын Қопан бастаған үш жігітке

берілсе, қалған жартысын оқиғаға қатысқан 16 казак бөліп алады. Бұл қырғында көтерілісшілер жағынан шамамен 70-80 адам құрбан болған. Бұлардың барлығы, соның ішінде Исатай да Қарағанды өзенінің оң жағына, кейіннен Шейітсай деп аталған жерге жерленген.

Осылайша елі үшін еңіреген есіл ер қанышерлердің қолынан қаза табады. Басшысы өлген көтерілісшілер Ойыл өзенінің жағасындағы қалған топқа қосылады. Кіші жүзді қаптаған патшаның жазалаушы әскерлері көтерілісшілердің бірігіп ары қарай әрекет жасауына мүмкіндік бермеді. Осыдан кейін Исатайдың ұйымдастыруымен болған Кіші жүздегі көтеріліс жеңіледі.

### **Пысықтау сұрақтары**

1. Жәңгір хан тұсында Бөкей Ордасында қандай реформалар жүргізілді?
2. Исатай мен Жәңгір ханның арасындағы қарым-қатынастың шиеленісіп кетуінің басты себебі неде?
3. Не үшін Орынбор генерал-губернаторы Перовский Исатай көтерілісін ашық қолдады?
4. Жәңгір хан не себептен көтерілісшілердің талаптарын орындаудан бас тартты?
5. Исатай бастаған көтерілістің жеңілуінің басты себебі қандай?

## **§5. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың азаттық қозғалысы.**

### **1.Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың шығу себептері мен басталуы**

### **2.Қарулы күрестің барысы және күшеюі**

### **3.Кенесарының Жетісу өлкесіне өтуі және жеңіліс табуы**

1. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде патша өкіметінің қазақ даласындағы мемлекеттің белгісі болатын хандық билікті жойып, оның орнына өздерінің отаршылдық жүйесін жаппай енгізе бастауы қазақ сұлтандарының наразылығын күшейтіп жіберді. Әсіресе, Орта жүздегі Абылай ханның ұрпақтарының арасында патшалық билікке қарсы мықты оппозициялық топты қалыптастырады.

Оны алғашында Ғұбайдолла, ол жер аударылғаннан кейін Қасымның ұлдары басқарып, отаршылдарға қарсы ашықтан ашық қарулы көтерілістер ұйымдастырады. Әсіресе, Саржанның қаза табуы қазақтардың азаттық қозғалысының одан әрі өрістеуіне жол ашады.

1837 жылы жаз айларында қазақ даласының үлкен бөлігін камтыған бұрынғыдан да ірі көтеріліс бұрқ ете қалды. Оны Абылай немерелерінің бірі Қасымның ұлы Кенесары сұлтан басқарды.

Абылайдың ісін жалғастырушы ретінде тарих сахнасына енген Кенесарыға әкесі Қасым мен ағасы Саржанның жасап кеткен істері үлкен өнегеге айналды. Ол жастайынан патша өкіметінің қазақ даласына орнатқан отаршылдық саясатының зардаптарын көріп өсті. Оның саяси көзқарасының қалыптасуына қазақ хандығының тәуелсіздігін қалпына келтіру үшін күрескен отбасы үлкен рөл атқарады.

Сондықтан Кенесары қарулы күреске жастайынан араласып, ағасы Саржан бастаған көтеріліске белсенді түрде араласып, патша әскерімен болған шайқастарда ержүректілік көрсетіп, батыр ретінде халықтың құрметіне бөленеді. Тіпті кейін оның соңынан ерген көтерілісшілер де Кенесарының ерекше қаһармандығын жоғары бағалап «ержүрек батыр» деп атаған.

Осылайша бала кезінен азаттық күрестің қатал мектебінен өтіп, бай өмірлік тәжірибе жинақтаған Кенесары атасы Абылай, әкесі Қасым, ағасы Саржан жүргізген күрес сабақтарын ескеріп, олардың жіберген бірқатар қателіктерін қайталамауға тырысты.

Көтерілісті бастамас бұрын ол Ресейге қарсы басталған күрес ұзаққа созылатынын және одан туындаған қиыншылықтың елдің титығына жететінін білгендіктен жергілікті патша әкімшілігімен келіссөздер жүргізу арқылы оларды қазақ даласында бекіністер жүйесін салудан бас тартуға көндіруге ұмтылды.

Қоқан хандығының иелігінде жүрген кезінде-ақ Кенесары Қасымұлы Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийге жазған хатында ол қазақ даласындағы салынып жатқан бекіністерді тоқтатуға және қазақ жерін басып алуды доғаруын талап етеді.

1837 жылы көктемде Кенесары Қасымұлы Қоқан иелігінен кетіп, өзіне ең жақын серіктерімен Ақмола округіне келген кезде отаршыл патша билігінен қасірет көріп, іштей тынып жүрген қазақтар оның туының астына топ-топ болып жиналып, аяғы көтеріліске ұласады.

Әсіресе, 1837 жылдың аяғында көтеріліске Қыпшақ пен Керей руларының басым көпшілігі көтеріліске қосылуы патша әкімшілігін мүлдем абыржытып тастады. Көтерілісшілер күн сайын күшейе түсіп, жаңа аудандарды қамтыды және олар ұсақ топтарға бөлініп алып, разъездер мен бекеттерге қарулы шабуылдар жасап, орыс шенеуніктері мен саудагерлерді тұтқынға алды. Шекара басшылары мен аға сұлтандар болса көтерілісшілерге қарсы соғысу үшін өздеріне жазалаушы әскери топтарды жөнелтуді қайта-қайта талап етуден аса алмады.

Көтерілісшілер туралы нақты мәлімет ала алмаған патша әкімшілігі оларға қарсы жазалаушы әскерлерін аттандырмас бұрын алдын ала барлау жұмыстарын жүргізуді дұрыс көреді. Осы мақсатты көздеген патша билігі көтерілісшілердің арасына алдымен Омбы мұсылмандар мешітінің басшысы ахун Мұхаммед Шариф Әбдірахмановты, кейін аға сұлтан Қоңырқожа Құдаймендиннің балалары Жаналы мен Шыңғыс сұлтандарды жұмсайды. Оларға Ақмола приказынан бөлініп

кеткен болыстарды кейін қайтуға көндіруге, көтерілісшілер тұтқындаған сұлтан Қатыбаев пен орыс саудагерлерін босатқызуға және құпия түрде көтерілісшілер орналасқан қоныстары мен саны туралы, Кенесарының алдағы жорықтары туралы мәлімет жинау жүктеледі.

Тыңшылар Кенесарының ордасына баруға батылдары жетпей, тек Тыналы-Қарпық және Темеш болыстарының қоныстарынан әрі аспайды. Кенесарының жорықтары туралы мәлімет ала алмаған олар көтерілісшілердің соңынан бақылау қойып, өз бастарына төнген қауіптен сақтанып, кері қайтуға мәжбүр болады. Аға сұлтан Құдаймендинде көтерілісшілерден қорқып, патша әкімшілігінен өзін және отбасын қорғауға әскер жіберуін өтініп жиі-жиі хат жазумен болады.

Сұлтандардың тыңшылық әрекетінен нәтиже шықпаған соң патша әкімшілігі қарулы әскерді көрсе көтерілісшілердің тобыры өзінен-өзі тарап кетеді деген оймен қазақ даласына Чириковтың бастауымен жазалаушы әскерін жөнелтеді. Чириковке патша әкімшілігі бөлініп кеткен қазақтарды қайтару және көтеріліс басшыларын тұтқындауға нұсқау беріледі. Алайда Чириковтың шағын әскері саны көп Кенесарының көтерілісшілерімен болған алғашқы шайқаста-ақ тас-талқан болып жеңіледі де көптеген адамдары мен қару-жарағынан айрылып кері қайтып кетеді. Чириков басқарған жазалаушы әскердің алдына қойған тапсырманы орындай алмай сәтсіздікке ұшырауы патша әкімшілігін одан сайын ызаландырады.

Бұл кезде Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісшілер орыс әскерлері және разьездер мен бекеттерге, патша билігіне толықтай мойынсұнған сұлтандар мен рубасылардың ауылдарына қарулы шабуылды күшейтіп, сауда керуен жолдарына қауіп төндіреді.

1837 жылы 27 қарашада көтерілісшілер Петропавлдан Ташкентке баратын орыс көпесінің сауда керуенін қорғаған хорунжий Рытовтың 48 казагына шабуыл жасап, оларды толығымен талқандайды. Тек екі казак ғана қоршауды бұзып, Ақтау бекінісіне аман жетеді.

1837 жылдың соңына қарай Ақтау бекінісіне жақын көшіп қонған қазақтар көтерілісшілерге қосылуды мақсат тұтып,



Балқаш пен Шу өзеніне қарай көшеді. Патша әкімшілігі көштің себебін білуге және мүмкіндік болса кері қайтаруға сұлтан Күшік Айшуақовты жібереді. Олар сондарынан келген сұлтанға Ақтау бекінісі жойылмайынша және тартып алған жерлерді қайтармайынша оралмайтындықтарын ашып айтады.

Ақмола приказы мен Ақтау маңынан көшіп, Кенесарыға қосылған қазақтардан мән-жайын білген патша шенеунігі патша әкімшілігіне оның негізгі үш себебін көрсеткен:

1. Ақтау бекінісімен Ақмола арасындағы және Аягөзбен Қарқаралы арасындағы бекеттердің салынуы және дәл осындай бекеттерді Қарқаралы мен Ақтау аралығына салу жоспары;

2. Ақтау бекінісінің және Аягөзге баратын жол бойына салынатын бекеттер құрылысына аттар мен түйелердің алынуы. Аттар мен түйелерді азық-түлік және ағаш тасуға деген сылтаумен алып, оларды қайтармай қойған;

3. Заседатель Тахановичтің қырға қазақтардың малының санағын алуға шығу. Әдетте мұндай санақтар қазақтарға салық салу үшін жүргізілетін. Таханович көптеген қазақтардың малының санын өсіріп жазып, олардың ызасын келтірген.

Міне осындай және тағы басқа да патша әкімшілігінің отаршылдық саясатының нәтижесінде қазақтар Кенесарының көтерілісін жандандыруға және олардың қатарын көбейтуге алып келді. 1838 жылдың басына қарай Қарқаралы округіндегі болыстардың барлығы дерлік Кенесарының көтерілісін қолдады. Атап айтқанда көтеріліске Жиенбай-Шақшақ, Қара-Ақтымбет, Керей, Кәрсен-Керней, Қояншы-Тағай, Надей-Тобықты, Алтеке-Сарым болыстарының басым бөлігі қосылса, 634 үйден тұратын Қырғыз болысы түгелімен көтерілістің құрамына кірген.

Қарқаралы округіндегі Кәрсен-Керней болысының басқарушысы сұлтан Құдайменді Ғазин көтерілістің белсенді қолдаушысына айналып, көтерілістің аяғына дейін қатысады. Ол өзі жасақтаған сарбаздармен орыс шенеуніктеріне және аға сұлтандардың ауылына шабуылдар ұйымдастырып, қазақтарды Ресейден бөлінуге шақырды.

Көтерілістің нәтижесінде, көптеген сатқын сұлтандар қарамағындағы ауылдардан айрылып қалғаны соншалықты патша әкімшілігінен енді бізге жалақы төлейді ме деп сұрауға мәжбүр

болған. Қарқаралы округының аға сұлтаны подполковник Тұрсын Шыңғысов көшкен болыстарды бейбіт жолмен кейін қайтаруға мүмкін еместігіне көзі жеткен соң, патша әкімшілігінен қарулы әскери топтарды беруді өтініп сұраған. Кең қанат жайған Кенесарының қозғалысына басқа округтерден де қазақтар келіп қосыла бастайды.

Мәселен, Аманқарағай округінен 2 мыңнан астам қазақтар Кенесарының көтерілісін толықтыра түссе, Баянауыл приказынан Сейтен Азнабайұлы бастаған Қаржас болысы мен Таймас Бектасұлы басшылығымен Төрткөл болысының қазақтары келеді. Кейін Кенесарының ең жақын серіктеріне айналған Сейтен Азнабайұлының ағасы патша билігіне қарсы күресте қаза тапса, ал оның отбасы мәңгілікке Туринскіге жер аударылған болатын.

Ал Тайман Бектасұлы болса Кенесарының жанында елеулі рөл атқарып, әскери мәселелер бойынша оның нағыз кеңесшісі болды. Сонымен қатар, көтерілісшілерге өзінің жеке мүддесі үшін келгендер де бар еді. Мысалы, қазақ руларының арасындағы беделі мен байлығынан айрылып қалудан қорыққан Мұса Шорманов 150 үймен, Бабатай және сұлтан Елемес Жайнақов 125 үймен келіп қосылады. Алайда олар қозғалыс барысында Кенесары мен көтерілісшілерді сатып кетеді.

Баянауыл округінде қозғалыс дүмпуінің күшті болғаны соншалықты аға сұлтан Маман Абылайовты көтерілісті жақтаушылар еш қиналмастан тұтқынға алады. Патша әкімшілігі оның орнына аға сұлтан етіп орыс билігіне ерекше адалдығымен белгілі сұлтан Боштай Тұрсынбаевты тағайындайды.

Осылайша Кенесары бастаған көтеріліс бытыраңқылықтан біртұтас қозғалысқа айналады. Жалпы алғанда Кенесары бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының басты мақсаты Абылай ханның кезіндегі Қазақстанның тұтастығы мен тәуелсіздігін қалпына келтіріп, округтерді жойып, Ресейдің иелігіне әлі кірмеген жерлердің толық дербестігін сақтап және отарланған қазақ жерлерін азат ету жолындағы күресті неғұрлым батыл жалғастыру болды. Осы мақсатқа жету жолында Кенесары небір әскери және дипломатиялық әрекеттерге барды.

Оның соғыс жүргізу әдісі негізінен партизандық қимылдардан тұрды. Кең-байтақ қазақ даласын пайдаланған ол, жазауға жіберген орыстардың күші басым әскерімен бетпе-бет келмей және ірі бекіністерді орағыта отырып, орыстардың әлсіз тұстарына тұтқиылдан соққы беріп отырды. Осылайша халық арасынан өзіне берік тірек тапқан Кенесары Қасымұлы енді батыл түрде патша әкімшілігіне қазақ даласындағы бекіністер мен округтерді және басқа да әскери-әкімшілік мекемелерді жою, тұтқындағы қазақтарды босату, мемлекеттіліктің дербестігін қалпына келтіру сияқты талаптар бойынша наразы хат жазып, 1838 жылы көктемде Тобылды Тоқтин және Көшімбай Қазанғапұлы бастаған 5 адамды елшілікке жібереді.

Сонымен қатар, хатта Кенесары егерде талаптары орындалмайтын болса, онда патша билігіне қарсы бүкіл қазақтардың басын қосып шығатынын көрсетеді. Алайда патша әкімшілігі хатқа жауап бермегені былай тұрсын, елшілікке келген қазақтарды тұтқынға алып, оларды әскери соттың шешімі бойынша әрқайсысын мың адамдық саптың алдынан дүре шыбықпен бір рет ұрғызып, тірі қалғандарын Шығыс Сібірге жер аударады.

Патша әкімшілігінің бұл әрекетіне ашуланған Кенесары Қасымұлы бекіністер мен казак бекеттеріне қарулы шабуылды бастап жібереді. Осындай шабуылдардың бірі кезінде әскери старшина Симоновтың тобы талқандалып, олардан 10 пистолет, 9 мылтық, 13 қылыш, 495 мылтық оғы мен 460 пистолет оғы олжаланады. Кенесары орыстарға шабуыл жасаумен қатар Ақмола приказының аға сұлтаны Қоңырқожа Құдаймендин мен оның туысқандарының ауылына шапқыншылық жасап, 12 мың жылқысын айдап кетеді. Ал оның қарындасы Бопай бастаған партизандық топ Батыс Сібір губернаторлығының солтүстік-батыс аудандарына ішкерлей кіріп, Аманқарағай приказында дүрбелең туғызады.

Кенесарының негізгі соғыс қимылдары 1838 жылы көктемінде Ақмола приказын қоршауға алып, өртеуден басталады. Бекініс коменданты әскери старшина Карбышев пен Ақмола округының аға сұлтаны Қоңырқожа Құдаймендин кішігірім әскермен бекіністен әрең дегенде қашып құтылса, Кенесары көптеген қару-жарақтар мен әскери тұтқындарды қолға түсіреді.

Бұл жеңістен кейін де 1838 жылы күз айларының ішінде жүйелі түрде приказдар мен бекеттерге шабуылдар ұйымдастырып, жаудың дайындаған жем-шөптерін жойып, қатынас жолдарын қиратып, сауда керуендерін тонап, партизандық соғыс тәсілдерін жалғастырады.

Осы жылдың аяғына таман Кенесары патша билігіне қарсы бірлесіп күресу үшін Орта Жүз пен Кіші жүз қазақтарын біріктіруді қолға алып, Кіші жүздегі Төртқара, Шөмекей, Табын, және басқа рулардың көтерілісін басқарған Жоламан Тіленшіұлымен байланыс жасау мақсатында Торғай мен Ырғыз өңірлеріне қоныс аударады. Кейін бұл жерлерге Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілісшілер келіп қосылады.

Аталған орындарға орналасқан Кенесары ендігі кезекте тағы да дипломатияға кезек беріп, Орынбор генерал-губернаторымен келіссөз жүргізуге көшеді. Өйткені Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский қазақ даласын тек қарудың күшімен басып алуды жақтайтын Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа қарағанда мәселені бейбіт түрде шешуді және қазақтарды әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы бағындыруды қолдайтын. Сондықтан да Горчаков көтерілісшілермен бірде-бір рет келіссөз жасауға тырысқан емес. Ал Перовский болса жер жағдайын жақсы білетін көтерілісшілерді әскердің күшімен басу мүмкін емес екенін түсініп, шиеленісті ушықтырмай, оны бәсеңдетудің жолын іздестірді.

Нәтижесінде Перовскиймен жазысқан бірнеше хаттардан кейін Кенесары патшадан кешірім алып, 1842 жылға дейін Орынбор өлкесіндегі қарулы қарсылықты уақытша тоқтатады. Тек Сібір әкімшілігі тарапынан жасалған шапқыншылықтарға жауап ретінде қақтығыстарға барып отырады. Дегенмен патша әкімшілігімен жасалған келісімге қарамастан Орта жүз пен Кіші жүздің ықпалды билері мен сұлтандары Кенесарыны 1841 жылы қыркүйек айында ата салт бойынша ақ киізге көтеріп хан сайлайды.

Таққа отырған Кенесары хан мемлекеттіліктің негізгі белгілерін қалыптастыруға күш салады. Ол бірінші кезекте бұрынғы хандардан келе жатқан мемлекеттілік құрылысты қайтадан ұйымдастыруға тырысады. Жоғары кеңесші орган ретіндегі

Хан кеңесін азаттық күрес жолында адалдық танытқан, халық арасындағы беделді, ақылды да шебер саясатшылар, шайқастарда ерлік көрсеткен, дипломатиялық қабілеті бар, сұлтандар, билер, батырлар және жақын туысқандарынан жасақтайды. Яғни, мемлекет ісін басқаруға Кенесары хан шыққан тегіне қарамастан, теңдесі жоқ, жеке қасиетін көрсеткен адамдарды тартқан. Дегенмен Хандық кеңестегі шешуші дауыс құқығын өзіне қалдырған. Хан кеңесінде қабылданған шешімдердің халық арасында таралуы мен орындалуын арнайы тағайындаған басқару қызметі қадағалаған.

Хан мемлекеттің дипломатиялық қызметіне де ерекше мән беріп, Ресей мен Орталық Азия хандықтарындағы әкімшіліктерге үнемі хат жолдап, дипломатиялық кәделердің талаптарын бұзбай ұстанып отырған. Кенесары мемлекеттегі шаруашылық қатынастарды да бақылаудан тыс қалдырмаған.

Әсіресе, иелігіндегі қазақтардың егін кәсібімен айналысуын көтермелеп, егіншілікті «күнкөрістің жолы» деп білген. Оның себебі патша әкімшілігі көп жағдайда көтеріліс аудандарына қарай астық тиелген керуендерді өткізбеудің амалдарын жасаған. Сондықтан мемлекеттегі халықты астықпен қамтамасыз ету алдыңғы орында тұрған.

Кенесары ханның сауда саясатында да өзіндік ерекшеліктері болған. Бастапқыда сауда керуендерін тонаумен айналысқан Кенесары олардан баж салығын алу әлдеқайда тиімді екенін байқап, оларды шабуға тыйым салады, тіпті кейде керуенбасыларын өзі қабылдап, жеңілдіктер жасаған. Ал салық төлеуден жалтарғандардан қосымша алымдар жинаған.

Мемлекеттегі салық жинау жүйесі де бір қалыпқа келтіріліп, малшылардан зекет, диқандардан ұшыр жиналған. Алайда кейбір уақыттары патша әскерлерімен болған шайқастардың зардаптарынан халықтан алынатын салықтың көлемі көбейтіліп тұрған. Әсіресе, Кенесары хан мемлекет үшін маңызды болып табылатын сала - әскери өнерге ерекше мән берген. Ол шайқасқа қабілетті қалың қолды ұйымдастырып, оларды жүздіктерге және мыңдықтарға бөле отырып, ұзаққа созылған дала соғыс жағдайларына бейімделген және әскерлердің арасында қатаң тәртіп

енгізілуі олардың қысқа уақытта жиналуына септігін тигізді. Тіпті ол өзінің әскеріне айырым белгілерін де енгізеді.

Кенесары әскерді жеңіске жеткізетін немесе қауіптің алдын алуда маңызды рөл атқаратын тыңшылық мәлімет жинауды да жолға қойып, жансыздардың қызметін шебер пайдаланған. Осының арқасында ол жазалаушы әскери күштердің шығатын уақытын, жүретін бағыттарын, кейбір кездері жоспарларын, жау әскербасыларының жеке қасиеттерін алдын ала білу арқылы өз жақтастарының орынсыз шығынға ұшырамау жолдарын үнемі қарастырған.

Хандық таққа отырған Кенесары патша әкімшілігімен арадағы тыныштықты пайдаланып, оңтүстіктегі қазақтарды Қоқан хандығының ықпалынан айыруды көздеп, оның Бұхар әмірлігімен арадағы болып жатқан соғысына араласады.

Ол Қоқанды әлсірету үшін Бұхар әмірлігін қолдай отырып, 1841 жылы қыркүйек айында Шөмекей, Төртқара және Табын руларынан жасақталған 4 мың жігітті ертіп, Созақ, Жаңақорған және тағы бірнеше қамалдарды басып алып, содан соң Ақмешітті қоршайды. Бірақ оба ауруының шығуына байланысты бұл жерді тастап шығады. Алайда бұл жеңістерді әрі қарай баянды етуге сәті түспейді. Өйткені Қоқан хандығының иелігі болып саналатын жерге шабуыл жасауы алғашында Хиуаның, кейіннен Бұқар ханының қарсылығына ұшырады. Хиуа ханы Кенесарының Қоқан мен Ташкентті иеленбек болған ойынан бас тартуын ашық талап етеді. Сондықтан ол Сарысуға қарай кетуге мәжбүр болады.

2. 1842 жылы Орынбор генерал-губернаторы ауысып, В.А.Перовскийдің орнына Обручев тағайындалады. Ол Перовскийге қарағанда Кенесарымен арадағы шиеленістің бейбіт түрде шешілуіне сенбейтін еді. Осыны пайдаланған Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков көтерілісшілерді жазалау іс-шараларын қайтадан қолға алып, Сотников бастаған әскери топты Кенесарының ауылын шабуға бұйрық береді. Тұтқиылдан тап берген жазалаушылар Кенесарының ауылдарына қарайтын көптеген малдарды олжалап, 10 шақты адамды тұтқынға алып кетеді. Солардың ішінде Кенесарының әйелі Күнімжанда бар еді.

Содан кейін жазалаушылар көтерілісшілердің тағы да басқа ауылдарын шауып, жүзге тарта адамды өлтіріп, 25 адамды тұтқындап, 1000 түйе, 3 мың жылқы, 10 қойды айдап кетеді. Бұл жағдайлар патша үкіметімен қандай да бір бітімге келу мүмкіндігін жоққа шығарды.

1843 жылдың бас кезінде Кенесары бастаған көтерілісшілер Батыс Сібір губернаторының толық ықпалында болған Жаппас руының сұлтаны Алтыбай Көбековтың ауылын шауып, сұлтанның өзін өлтіріп кетеді. Осы шабуылдан кейін Орынбор генерал – губернаторы Кенесарыға қарсы жазалаушы әскери топ жасақтап, оны талқандаудың жоспарын жасайды.

Сол жылы 27 маусымда орыс патшасы І Николай жоспарға қол қойып, жорық жасауға рұқсат береді. Мұнымен қатар патша үкіметі Кенесарының басын әкелгендерге қазақтардан алынатын түгін салығы есебінен 3 мың сом сыйақы беруге уәде береді.

1843 жылы 10 шілдеде Кенесары ханның жасақтары әскери старшина Лебедовтың басқаруындағы 300 адамдық жазалаушы әскермен Ырғыз өзенінің бойында кездеседі. Алайда екі жақта соғысты бастауға бата алмай, келіссөз жүргізеді.

Лебедовке әзірше шайқасты бастама деп нұсқау берген Обручев оған көмек ретінде тамыз айында полковник Бизановтың жалпы басшылығымен билеуші сұлтандар Арслан Жантөрин мен Баймұхаммед Айшуақовтың басқаруындағы 5000 әскерді Сахарный бекінісінен жөнелтеді.

Бұл кезде Кенесарының күші де артып, онда Бағаналы, Арғын, Табын, Тама, Байбақты, Шекті, Шөмекей және тағы басқа рулардан 5 мыңдай ауыл болды. Кенесары хан өзіне қарай ірі әскердің келе жатқанын біліп, қаруы мықты жазалаушылармен ашық шайқасқа түспей, шегіне жүріп олардың күштерін сарқылтады.

Ақыры көтерілісшілерді қуғанымен еш нәтиже шықпасын білген полковник Бизанов 1843 жылы 17 қыркүйекте Орск қаласына оралады. Негізгі күштердің кері қайтқанын пайдаланған Кенесары хан жазалаушы әскерге қатысқан билеуші сұлтан Арслан Жантөриннің Ойыл өзенінің бойындағы ауылына шабуыл жасап, 5500 жылқысын, 3500 түйесін, 970 сиырын,

7000 қойын айдап кетеді. Патша әкімшілігінен 500 әскерді көмекке алған Арслан Жантөрин Кенесарының соңына түскенімен Ор өзенінің әрі қарай асуға батылы жетпейді.

Патша әкімшілігі Арслан Жантөринге тағы да қастандық жасайды деген сақтықпен оның ауылын қорғаған әскерді зеңбіректермен күшейтеді. 1844 жылы көктемде Кенесары ханды жекелеген жазалаушы әскери топпен талқандау мүмкін емес екеніне көздері жеткен патша әкімшілігі оған қарсы жазалаушылардың 3 әскери тобын жіберуге шешім қабылдайды.

Орск бекінісі, Ұлытау таулары және Тобыл өзенінің бойынан бір мезгілде шыққан жазалаушы әскерлерді есаул Лебедев, жүзбасы Фалилеев және Ахмет Жантөрин басқарса, жалпы әскери басшылық генерал-майор Жемчужниковке жүктеледі.

Патша әкімшілігі жасаған жоспары бойынша бұл әскери топтар Кенесарыны жан-жақтан қоршап алып оны жойып жіберуге тиіс болды. Алайда Сібір жақтан шыққан әскердің дәл уақытында белгіленген жерге жете алмауы Кенесары ханның Ұлытау жаққа аман-есен өтіп кетуіне жағдай жасайды. Сібірлік әскерлердің жақын арада көмекке келмейтінін білген Лебедев Кенесарының соңына түсуден бас тартып, кейін қарай қайтады да жолда көтерілісшілерге ешқандай қатысы жоқ Байқадамов бидің ауылын шауып кетеді.

Ал патша әкімшілігі болса Кенесарының соңына түспегені үшін Лебедевты әскерді басқарудан шеттетіп, оның орнына полковник Дуниковскийді тағайындап, қайтадан көтерілісшілерді қууға жібереді. Алайда полковник Дуниковскийдің партизандармен соғысудағы тәжірибесі Лебедевке қарағанда мүлдем жоқ еді.

Мұны дер кезінде байқаған Кенесары хан оның күшін тиіп-қаша соғысу арқылы титықтату үшін оған қарсы шағын жасақты бөліп, өзі негізгі күштермен 1844 жылы 20 шілденің түнінде Тобылдың бас жағындағы Өлкеаяқ өзенінің маңында Ахмет Жантөриннің әскеріне тұтқиылдан соққы береді де, оларды толығымен талқандайды. Жаппай қырылған Ахмет Жантөриннің әскерінде болған қазақтың 44 сұлтаны да көз жұмады.



Осы кезде полковник Дуниковский Ахмет Жантөриннің әскерінің жанында орналасып, олардың дауысын естісе де өздерінің аمانдығын ойлап көмекке баруға жүректері дауламайды. Танертең полковник Дуниковский өзінің және Ахмет Жантөриннің аман қалған қалдықтарын ертіп Торғайға жақын жердегі Ақкөл көлінің маңында Жемчужниковтың әскеріне барып қосылады да Кенесары ханды қуғындауларын жалғастырады.

Осы уақытта қоршаудан аман шыққан Кенесары хан болса батыл түрде жаудың тылына өтіп, Орынбор Шекара шебінен бір-ақ шығады да, көтеріліске қосылудан бас тартқан кейбір Төртқара және Жағалбайлы руларының билері мен старшындардың ауылдарын талқандап кетеді.

Содан кейін тамыз айының ортасында Кенесары хан күтпеген жерден Екатеринбург станицасына шабуыл жасап, оның форштадын өртейді де жаудың 18 мылтық, 2 пистолет, 18 қылыш пен көптеген оқ-дәріні және бүкіл малдарын олжалайды. Осылайша Кенесары әскерлері орындарын ауыстыру арқылы шапшаң қимылдауы жазалаушы әскерлерді сағым қуғандай әсерде қалдырады. Мәселен, патша әкімшілігінен Кенесары ханды талқандау туралы қайта-қайта нұсқау алған генерал Жемчужников тыңшыларынан Кенесарының Мұғаджар тауларына қарай көшіп кеткені жөнінде хабар алысымен 22 тамызда сол жерге барады.

Алайда сол кезде оған Кенесарының негізгі ауылдары Ембі өзенінің бас жағына өтіп кеткені туралы хабар жетеді. Осыдан соң генерал Жемчужников Кенесарыны одан әрі қуғындаудың мәнісі жоқ екенін түсініп, әбден шаршаған әскерлерін алып, Ұлытауға қарай кері қайтады.

Осылайша генерал Жемчужников бастаған жазалаушы әскерлердің жорығы масқара болып аяқталады. Жау әскері қазақ даласынан кеткен соң Кенесары хан да Шекара шебінің бойына партизандық қимылдар жасауға шағын жасақтарын қалдырып, өзі қайтадан Мұғаджар тауларына бекініп алады. Партизандық соғысқа қалдырылған Кенесарының жасақтары болса шекаралық шептерге жиі-жиі шабуылдар жасап тұрған.

Мысалы, 1 қыркүйек күні Михайловск станицасының маңында он бес салт атты адамдар 2 казакқа бас салып, аттары мен жүктерін тартып алса, 10 қыркүйек күні бір топ қазақтар Рымник станицасына шабуыл жасап бірнешеуін өлтіріп, малдарын алып кетеді. 14 қыркүйекте қазақтардың шағын жасақтары Полтава станицасына шабуылдар ұйымдастырса, 21 қыркүйек күні Наследницкая станицасының маңында Ержан Саржанов бастаған қазақтар Орданың шығыс бөлігінің билеуші сұлтаны Құлмен Бабаевтың жазалаушы әскеріне тосқауылдан шабуыл жасаған.

Мұндай шабуылдар қазан және қараша айларында өз жалғасын тауып отырған. Алайда 1844 жылы Кенесары майдан даласында зор жетістіктерге жеткенімен көтеріліске шыққан ауылдардың жағдайы тым ауыр еді. Өйткені жазалаушылардан ығысқан олар өздерінің шұрайлы қоныстарын тастай отырып, малдарына жайсыз жерлерге көшіп кетіп отырды, немесе жайылымдардан таршылық көрді.

Сондай-ақ олар саудадан қол үзу арқылы өздеріне қажетті заттардан тапшылықтар көрді және ұзаққа созылған әскери жорықтардан да қалжырап бітті. Осы қиыншылықтарға байланысты Кенесары 1844 жылдың аяғында Обручевпен уақытша бітім мен тұтқындар алмасу жөнінде келіссөз бастауға мәжбүр болады.

Патша үкіметі де көтерілісшілерді жазалаушы әскердің күштерімен жоя алмайтынын түсініп, Кенесарының келіссөз жасау жөніндегі ұсынысын қабылдауға дайын екенін мәлімдеп, оның Ордасына Орынбор Шекара Комиссиясының өкілі Баймұхаммед Жаманшинді елші ретінде жібереді. Ол Кенесарыға Орынбор генерал-губернаторы Обручевтың хатын тапсырып, орыс тұтқындарын алып кетеді.

Өз кезегінде 1845 жылы сәуір айының бас кезінде патша әкімшілігі орыс офицерлері Долгов пен Герн бастаған елшіліктер тұтқынға түскен Кенесарының адамдарын, соның ішінде ханның әйелін апаруға уәде береді. Патша әкімшілігі бұл елшілікке ресми түрде Кенесарыны патша билігіне сөзсіз бағынуға көндіру, тұтқындар алмасу сияқты іс-шаралары тапсырылса, ал құпия түрде көтерілісшілердің мекенін жан-жақты зерттеу,

Ырғыз пен Торғай өзендерінің бойынан, яғни көтеріліс ошақтары болған жерлерден екі бекініс салуға қолайлы орын іздеу жүктеледі.

Кенесарының қонысына 45 күнде жеткен елшілер патша үкіметінің Кенесарыға жазған хатын тапсырады. Хатта мынадай талаптар жазылған еді:

1. Орынбор өлкесінде қазақ даласы және оны мекендеген барлық халық Ресей империясының ажырамас бөлігі болып табылады және әр шаңырақ күмістей 1 сом 50 тиын салық төлейді.

2. Орынбор қазақтары қазынаға үй басынан салық төлейтін болғандықтан олардан зекет жинауға тыйым салынады.

3. Ұрлық және ауыр қылмыс жасағандар Ресей империясының заңдарымен жазаланады. Ал 50 сомнан асатын талап істерді Шекара Комиссиясы қарайды.

4. Кенесарыға қашқын орыстар, татарлар, башқұрттарды жасыруға тыйым салынады. Егер ондай адамдар болса оларды билік органдарына қайтарылуы тиіс.

5. Егер Кенесары орыс патшасына адал мойынсұнған адам болса, онда ол Ресейге жау адамдармен немесе үкіметтермен қандай да болсын қатынастарын үзуге тиіс.

6. Кенесарыға және оның туысқандары мен жақтастары үкімет беретін атақтардан басқа ешқандай атақты немесе дәрежені иеленуге тыйым салынады. Сонымен қатар, патша әкімшілігі Кенесарыға Қара Қоға атты елді мекенінде көшіп қонуға рұқсат береді.

Міне осындай талаптар Кенесарының еркіндігіне және оның құруға ұмтылып отырған дербес мемлекетіне тосқауыл қоятын. Сондықтан бұл талапқа қорланған Кенесары хан патша үкіметінің елшілігіне жауапты өзі бермей жасауылға Кенже арқылы жеткізіп былай дейді: «Онсыз да өзіміздің атамекеніміз болып табылатын жерлерді орыстардың бізге сыйға тартуына жол болсын».

Осылайша патша үкіметімен келіссөз жүргізудің пайдасыз екендігіне көзі жеткен Кенесары елшілікпен тікелей кездеспей, күн сайын өздерінің қоныстарын өзгерте отырып, оларды көшпен бірге екі ай бойы алып жүреді және өте сақ Кенесары

оларды ешкіммен кездестірмей, сыртқы дүниемен мүлдем байланыстырмай тастайды. Кенесары ханды Ресейдің билігін мойындатқыза алмайтынын түсінген Долговта еш нәтижесіз Орынборға қайтуға мәжбүр болады. Елшіліктер Орынборға қайтіп келгеннен кейін патша үкіметі Кенесары көшіп қонып жүрген жердің орталығына екі бекініс, яғни, біріншісін Ырғыз өзенінің бойына, екіншісін Торғай өзенінің жағасына салып, көтерілісшілердің осы аудандағы қимылын қиындатып қана қоймай, оларды соңғы жерлерінен айырады. Бұл бекіністердің арқасында орыс әскерлері кез-келген уақытта көтерілісшілердің ауылдарына шапқыншылық жасай алатын еді және көтерілісшілердің алыстағы қазақ руларымен байланыс жасауына кедергі қойды.

**3.** Патша әкімшілігі тарапынан жан-жақтан қыспақта қалған Кенесары хан Ырғыз бен Торғай өңірін тастап, қауіпсіз жерге көшуден басқа амалы қалмағандықтан інісі Наурызбайды 100 жігітпен Алатау маңын мекендеген Ұлы жүздегі немере ағасы сұлтан Рүстем Абылаевқа «Ырғызда, Торғайда және Ұлытауда бекіністер салынғанын, сол себепті өзінің көшіп-қонуына бұл арада енді қолайлы жер қалмағанын» хабарлап, қоныстануға жер беруін өтінген сәлемдемесін жібереді.

Кенесарының елшілерін жақсы қарсы алған сұлтан Рүстем Абылаев Наурызбайдың 50 адамын алып қалады да, ал қалғандарын Кенесарының көшіп келуіне еш қарсылығым жоқ деп кері қайтарады. Рүстем төренің келісімін алған Кенесары хан өз жақтастарының ойын білу үшін қазақ руларының өкілдерін және кеңесшілері мен батырларын жинап үлкен кеңес өткізеді. Жиынға негізінен Бегімбет руынан - Иман, Тәуке батыр, Арғынның Төлек тармағынан - Жауке батыр, Қарауыл руынан - Баубек, Керей руынан - Қошқар батыр, Төртқара руынан - Байгелді және Әйгер, Берді руынан - Сүгірбай және тағы басқалары қатысады.

Кеңесте күресті одан әрі жалғастырудың жоспары жасалып, қоныс аударуға жарайтын жерлер белгіленеді және көрші мемлекеттерге, атап айтқанда Қытайға өздерін қолдауға, мүмкіндік болса көшіп-қонатын жер сұрау ұйғарылады. Ал жалпы

алғанда кеңесте Торғай мен Ырғыз өңірлерін тастап кету туралы шешім қабылданады.

Патша өкіметінің жазалау шаралары мен қаптаған бекіністерінен ығысқан көтерілісшілер Жетісу өлкесіне 1846 көктеміне қарай өтеді. Кенесарымен бірге Жетісуға Қасым ұрпақтарынан ханның інісі Наурызбай, қарындасы Бопай Қасымқызы, Ержан, Құдайменді Саржанұлдары, Жаһангер Есенгелдіұлы сияқты төрелер және Шұбыртпалы Ағыбай, Табын Бұқарбай, Қыпшақ Иман, оның үлкен ұлы Берделі, Иман батырдың бауырлары Қыпшақ Тауық, Кейкі, Қарауыл, Арғын Әліке, Базар Есбатырұлдары, Тама Танаш, Құрман, секілді үш жүзге танымал батырлар келді. Іледен Көксуға өтіп, Сүйік сұлтанның қарамағындағы Майтөбе мен Күренкей жайлауына келіп қонған Кенесарының ауылына дулаттардың сұлтаны Әли жіберген Мәуке би келіп жолығады, көп кешікпей артынша Әли сұлтанның өзі де келіп, ханға сәлем беріп, хан Кеңесіне қатысады.

Кенесары Әли сұлтанға тарту ретінде үйірлі жылқы беріп, сый-қошамет жасап, қайтарады. Кенесары хан Тарбағатай, Аягөз, Лепсі бойы қазақтарына да шабармандарын аттандырып, өзіне қосылуға үндейді.

Өлкені мекендеген қазақтар Кенесары ханның келуін қуанышпен қабылдап қана қойған жоқ, сонымен бірге сол аймақтағы рулар жаппай көтерілісшілердің қатарына өте бастайды. Өйткені жергілікті қазақтар патша өкіметінің өздерінің жеріне округ ашып, оған бекіністер салғанына және өлкеге қазақтарды орналастыра отырып, оларға ең шұрайлы шабындықтарды тартып алып бергеніне наразы болатын.

Сондықтан олар Кенесары ханды басқыншылардан азат етуші ретінде қабылдады. Ұлы жүздің Ботбай Тойшыбек, оның ұлы Байсейіт, Шапырашты Саурық, Шапырашты Сұраншы, Шапырашты Бұғыбай, Жаныс Шаншар, Албан Атамқұл сияқты батырлары Кенесары қолын бастаған Орта жүз бен Кіші жүздің батырларымен тізе қосты. Кенесары хан бұларға қырғыз батырларын қосып, Арқаға аттанып, жаудың азаттық қозғалысын жалғастырамын деп ойлады.

Осы мақсатпен 1846 жылы ерте көктемде Қалғұты өзенінің бойындағы Қақпатас деген жерге келіп, қырғыздардың қо-

нысына жақын қонған Кенесары қырғыз манаптары Жаңғараш, Жантай, Тінәлі, Төрегелдіге елші жібереді. Елшілер орыстардың қаптаған селдей болып Еділ-Жайықтан, Оралдан өтіп, Сарыарқадағы сансып жатқан қалың қазақты алып, Ертістен Ілеге жақындап қалғанын айта келіп, мал-жаны аралас қазақ-қырғыз бірігейік, бірігіп жауға қарсы көтерілейік, қырғыз-қазақ біріксек, Ташкент, Қоқан, Самарқан қайда кетер дейсің деген ханның сәлемін жеткізеді. Бірақ қырғыздың манаптары өзара ақылдаса келіп, бағынудан бас тартып қана қоймай әр жерден 30-40 адам аттандырып, Кенесарының қарамағындағы ауылдардың жылқысын ала бастайды.

Бұған наразы болған хан алғашында қырғыздарға қарсы Әліке, Базар, Ағыбай мен Бұқарбай батырлар бастаған 1000-дай сарбазын жібереді. Қазақ батырлары екі топқа бөлініп, қырғыз ауылдарын шабуға кіріседі. Бірінші топ қырғыз ауылдарын таң сәріден сәскеге дейін шауып, малдарын айдап, кері қайтып кетеді де, екінші топ олжаға қызығып, тау арасына ішкерілей еніп кетіп, қырғынға ұшырайды.

Қырғыздармен болған осы алғашқы қарулы қақтығыс кезінде Шұбыртпалы Ағыбай батыр қырғыздың Кәрібоз батырымен жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткені болмаса, қазақтар жеңіліп қайтады. Қазақтардың қырғыздардан жеңілгенін естіп, ашуға мінген Кенесары қолды өзі бастап қырғыздарға аттанады. 1846 жылы көктемде ханның өзі бастаған қазақ қолы сарыбағыштың тынайларының ауылдарын шауып, қырғыздарды жеңеді де, Қалпақ, Орманбек, Суанбек деген батырларын өлтіреді.

Осы жеңістен кейін 1846 жылы жазда Жантай манап атынан Қалығұл Әлібекұлы бастаған елшілік Кенесарыға келіп, оларды Наурызбай төре бірнеше күн қонақ етіп, күтеді. Кенесары хан қырғыз елшілерінің өтініші бойынша, сарыбағыш ауылын шапқан кезде қазақтар алып кеткен Әтеке батырдың көзі саналатын «Тастанбектің болат қылышы» деп аталатын қылышты қайтарып береді.

Қалығұл бастаған қырғыз елшілері қазақ-қырғыз ынтымақта тұрайық деп, келісіп қайтады. 1846 жылдың ортасына қарай екі жақ уақытша бітімге келіп, біраз тыныштық орнайды.

Кенесары хан бастаған қозғалыстың Ұлы жүздің жеріне қарай өтуі патша әкімшілігін қатты састырды. Өйткені патша өкіметінің Жетісу өлкесінде Аягөз округынен басқа Кенесары ханның қозғалысын тұншықтыратын бірді-бір бекініс немесе тірек орындары болмады. Кенесары ханның қозғалысын жою үшін Жетісу өлкесіне жіберілген орыстардың жазалаушы әскери күштері түк бітірмей, кейін қайтып келіп жататын.

Оның үстіне Ұлы жүз қазақтарының Кенесары ханның қозғалысына жаппай қосылуы патша өкіметін қиын жағдайда қалдырып, Жетісу өлкесін отарламақ болған жоспарына үлкен қауіп төндірді.

Кенесары ханның Жетісу жеріне келуіне байланысты Ұлы жүз қазақтарының арасында қозғалыстың ықпалына кірмеген бірде-бір ірі ру бөлімшелері болмайды. Патша өкіметі болса Ұлы жүз қазақтарының толқуларынан қорқып, Ұлы жүз бен Орта жүздің арасында жүріп жатқан ру аралық араздықты уақытша тоқтата тұрып, 1846 жылдың жазында Кенесары хан бастаған қозғалыстың өршіп кетуіне жол бермеу, алдын алу мақсатында Жетісуға Сібір шекаралық басқармасының бастығы Вишневский басқаратын елеулі әскери күштерді Лепсінің бойына жібереді.

1846 жылдың маусымында Лепсі бойына келген Сібір қазақтарының Шекара бастығы Вишневский Ұлы жүз қазақтарына шақырту жасай бастайды. Маусымның 7-сі күні Вишневскийге Мәуке би келіп, Әли бастаған дулаттар және басқалар өзін істің анығын білу үшін жібергенін хабарлайды. Вишневский оған Әли мен Хәкім сұлтанға патшаның берген сыйлығы бар екенін айтуды және Ұлы жүздің елге ықпалы күшті белгілі билерінің әрқайсысының аттарын атап көрсетіп, шақырып келуді тапсырып, қайтарып жібереді. Вишневский арнайы шақыртқандардың ішінде Тойшыбек Қасаболатұлы, Диканбай Қапсаланұлы, Сары Алтайұлы, Сәмбет Байдербасұлы, Қарабай Тілесұлы, Туғанбай Қойгелдіұлы, Тазабек Пұсырманұлы, Бейбіт Кенбабаұлы, Жайнақ Өтепұлы, Әли Әділұлы сияқты Ұлы жүздің ықпалды билері мен төрелері бар еді.

Ұлы жүз рубасыларын жинаған Вишневский Лепсі-Қаратал ауданында Ұлы жүз бен Орта жүздің сұлтандары мен

билерін жинап съезд өткізеді. Онда шекара бастығы екі жүздің сұлтандалары мен билерінің арыз-шағымдарын қарап, екі жақты ортақ мәмілеге келтіріп, кезінде өздері мұрындық болған бір-біріне тонаушылық, барымта және ұрлық әрекеттерге бармауға көндіреді.

Араға үш күн салып, яғни 23 маусымда Ұлы жүз қазақтарының билеушілері отаршылдыққа қарсы қозғалысты айыптап, қорқыту арқылы Кенесарыдан бас тартуға, оны оқшаулауға және Ұлы жүз жерінен ығыстырып шығару туралы құжатқа зорлықпен қол қояды. Ұлы жүз қазақтарының бұл шартқа амалсыздан қол қойғанын суандардың сұлтаны Адамсат Ибақовтың генерал Вишневскийге айтқан мына сөзі дәлел бола алады. Онда ол былай деген еді: «Үйсіндер сендердің биліктеріңді шын ықыласымен қабылдады деп мәз болмандар, әттең, жан-жақтан қысып, дүние-мүлкімізді тонап бітірдіңдер. Сөйтіп барып бізді биліктеріңді мойындауға мәжбүр еттіңдер».

Жағдайдың қай бағытқа бұрылғанын жақсы түсінген Кенесары хан 1846 жылы қыркүйекте Балқаш көлі мен Іле өзенінің ортасындағы жан-жағы майда көлдермен қоршалған «Қамал» атты аралға орналасады. Осы уақытта патша өкіметі Ұлы жүз билеушілерінен Кенесары ханды қолдамау жөніндегі міндеттеме алған соң, Кенесарыны бақылауға немесе мүмкіндік болса оны жазалауға «Қамал» аралына есаул Нюхалов пен жүзбасы Абакумов бастаған екі әскери топты жібереді. Қызылағаш өзені бойына жылжыған есаул Нюхаловтың әскеріне Бөлен мен Барақ сұлтан бастаған қазақ жасақтары көмекке жіберіледі. Кенесарыға қарсы қашан қуатты жазалаушы әскерін жіберуге болатынын білу туралы әскери тапсырма алған есаул Нюхалов әскері және қазақ қолы 1846 жылдың 20 қыркүйегінде Қаратал мен Көксудан өтіп, Шеңгелдінің Ілеге құяр тұсына келеді. Нюхаловқа Кенесары туралы мағлұматтарды Әли, Сүйік, Бөлен сұлтандардан алу жағын да келістіру жайы да тапсырылады. Қажет болса, Бөлен сұлтанмен ақылдасып алуға болатыны да құлаққағыс етіледі.

Бірақ Іле бойын жайлаған Тойшыбек батыр сияқты Ұлы жүз батырларының орыстарға оңайлықпен ыңғай берместігін көрген Нюхалов Қамаудағы Кенесары ауылдарына шабуылда-



мақ түгіл, болдырған аттарын ауыстырып беріндер деп айтуға да бата алмай, кері қайтады.

Жетісу жерінде Кенесары қолы орыстарға қарсы кішкентай табысқа жетсе, оны Ұлы жүз қазақтары ғана емес, орысқа қараған Орта жүз қазақтары, соның ішінде найман-матайлар қолдап кете ме деп қатты қауіптенген Н.Ф.Вишневский 1846 жылы 2 қазанда Кенесары қолын жазалаудың қыс мезгіліндегі іс-қимыл жоспарын жасап, қазақтармен ұрыс бола қалған күнде есаул Нюхаловқа шұғыл көмек беруге даяр тұруға тиіс 125 казактан тұратын сотник Карбышев отрядын қыстап шығындар деп Аягөзге аттандырды.

Генерал Вишневский, ақыры, Кенесары қолымен соғысуға баратын қуатты жазалау әскерін қазақтар «жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілетін шақ» деп атайтын мезгілде – ерте көктемде аттандыруға шешім қабылдайды. Генерал Вишневский бұл кезде Кенесарының сарбаздары азып, аттары да арып, әлсірейді, оның үстіне Іле тасып өткел болмайтын кез туады да не тауға, не Қытай шекарасына өту мүмкін болмай қалады деп ойлайды.

«Қамал» аралы көлігі мен малына аса қолайсыз қоныс болғаны былай тұрсын, егер де орыстардың тұрақты әскери бөлімдері келсе, онда қоршауға түсуі әбден мүмкін екенін түсініп, жағдайды дұрыс пайымдаған Кенесары хан ауылдарымен қамыстан жасалған салдарға және жалайырлардан алынған 2 шағын паромға дүние-мүліктерін, қару-жарақтарын артып, ат-түйелерін жүздіріп, үлкен шығынмен Іленің сол жағасына өтеді. Өзеннен өту барысында ат пен түйенің көбі суға кетеді.

1846 жылы, шамамен, қазан айының басында Кенесары хан Мерке қамалын қоршауға алды. Меркедегі қоқандық Мұхамедәлі датқа соғыссыз беріліп, «Қызыл ауыз» деген арғымағын сыйға тартып, берілетінін білдірді. Кенесары хан да өз тарапынан Мұхамедәлі датқаға үлкен сый-құрмет көрсетіп, Меркенің басқарушысы қылып қалдырды. Ханның бұл ісіне разы болған Мұхамедәлі датқа қырғыз манаптарымен, Пішпек бекінісінің бегімен уақытша бітім туралы келіссөздер жүргізуге де уәде берді.

Алайда Пішпектің Әлішер датқасы қырғыздарға екі зеңбірегін беретінін айтып, Кенесарымен соғысуға даяр екенін

мәлімдеді. Әлішер датқа мен Орман манап қырғыздарға елдің ішкі аудандарына қарай көшуге кеңес береді.

Патша өкіметі де Кенесарыны қазақ даласында әскери күшпен алу қиынға соғатынын біліп, оған қарсы қырғыздарды айдап салуды көздейді де, қырғыздарға хат жібереді.

Жалпы алғанда Кенесары ханның қырғыздармен жаулау-суына бірінші кезекте орыс әкімшілігінің отаршылдық саясаты ықпал етті. Олар қырғыздардың билері мен манаптарын алдап-арбап бауырына тартып, түрлі әскери атақтар мен сый-сияпатын берді.

Мәселен, қазақтар мен қырғыздардың өзара елшілік алмасып жатқанын біліп қойған Қызылағашта қыстаған есаул Нюхалов та өз кісілерін Боранбай, Орман, Жанғараш сияқты қырғыз манаптарына жібереді. «Кенесарыға бағынбандар, көзін жоюға тырысындар, Кенесары сендерге де, патша үкіметіне де дұшпан, біздің патша үкіметі Кенесарының көзін жоюға сендерге күш-көмек береді, қолға түсірсендер шен-шекпенді де береді» деген мазмұндағы хатын алған соң, қырғыздар күшейе түседі.

Орыстардың бұл тереңнен ойластырған саясаты Кенесарымен күресте өз нәтижесін көрсетіп, толық сенімнен шықты. Кенесары ханның қырғыздарға салған ойраны және оларға өзін хан ретінде мойындауды талап етуі қырғыз манаптарының басын біріктіруге жағдай жасады. Қырғыздардың манаптары Орман, Жантай, Кәрібоз, Жанғараш қырғыз руларының құрылтайын шақырды. Ол құрылтайда қырғыз рулары сарыбағыш, саяқ, солто және тағы басқа рулардың манаптары Кенесарыға қарсы соғысуға бел байлайды.

Дегенмен де Кенесары хан соңғы шайқас болғанға дейін қырғыздармен елшілік қатынастарын үзбеген. 1847 жылдың басында Кенесары хан Қалша би бастаған тұтқындарға ат мінгізіп, шапан жауып, елдеріне қайтарады және Орман мен Жантай манаптарға өзінің қырғыздармен жауласуға емес, елдесуге келгенін айтып, қоқандықтарға қарсы бірлесіп күресуге шақырды.

Кенесарының қырғыз манаптарына жолдаған хатының мазмұны төмендегідей еді: «Мен мұнда жауласқалы, қан төккелі

келген жоқпын, мен қазақ пен қырғыздың басын қосып, Қоқаннан, олардың қыспағынан босатып алу үшін келгенмін. Бірақ екі ортада келеңсіз уақиғалар болып қалды. Мен екі арамызда болған іске салауат деп, сіздердің түсінбегендеріңізге кешірім жасаймын. Сіздерге ешбір қастандығым жоқ екенін Қалша би мен оның екі жүз жігітін аман-есен қайтарғанымнан-ақ білерсіздер. Осы хатты алғаннан кейін көңілдеріңізге ешбір күмән, күдік қалмасын, бағынышты болғандарыңызды білдіріп, бақытқа кенелуіңіз үшін маған келіп қауышыңыздар, содан кейін қайтарсыздар. Егер де менің бұл сөзім көңілдеріңізге жақпаса, жауласудан қайтпайтын болсаңыздар, онда обалдарыңыз өздеріңізге...».

Ханның бұл сәлемдемесін қырғыздарға Сайдақ қожа, Шоқпар би және Есенгелді Саржанұлы бастаған елшілері жеткізді. Осы кезде Кенесарыны жау сияқты қабылдап, онымен ешқандай байланыс жасаспау керектігін айтып, Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков та қырғыз манаптарына хат жолдайды. Сондықтан 1847 жылы қаңтарда Орман, Жантай манаптар Кенесарының елшілігін қошаметпен қарсы алғанмен екі ай жатқызып, жөнді жауап бермейді. Кейін елшілер қайтар кезде Орман манап Кенесарыға «жасым үлкен болғандықтан мен хан болып, сен менімен келісіп әрекет жаса» деген сәлемдемесін жолдайды.

1847 жылы 17-20 сәуірде 10 мың әскері бар Кенесары ханның қырғыздармен болған ақтық шайқасы Ыстықкөл көлінің тау шатқалы қойнауында және Шу өзенінің бас жағында өтеді. Тоқмақтан 4 шақырым, Шудың сол жағындағы бір шақырым аралықтағы Кекіліксеңгір тауының Майтөбе деген жерінде орналасқан Кенесары әскері өте қолайсыз орналасады. Оның жазық жерде күш бола алатын атты әскері мен зенбіректеріне бұл жер таршылық жасап, еркін қимылдауға мүмкіндік бермеді.

Майтөбеде өткен қазақ-қырғыз соғысында қырғыздар екі артықшылыққа ие болды. Біріншісі, қырғыздардың жасақтары саны жағынан қазақтардан бірнеше есе көп болып, 100 мың адамға жеткен. Екінші артықшылық, қырғыздар өз жерінде соғысып, туған жерге деген сезімі қырғыздарды рухтандырған. Қырғыз жасағын Орман, Жантай, Жаңғараш манаптар басқарды.

Бас қолбасшылық Орманның қолында болды. Қырғыз батырларынан Кебек мерген, Сәмен Құттықсейітұлы, 40 мергенді басқарған Шарғын батыр Орманұлы және т.б. қатысқан.

Үш тәулікке созылған тең емес шайқаста Кенесары бастаған қазақтар ауыр жеңіліске ұшырайды. Өйткені Құдайменді сұлтанның 5000 адамдық қуатты қолының талқандалуы, Ержан төренің тұтқынға түсуі, қосымша күштің келмеуі, азық-түліктің, судың, мал азығының тапшылығы, тіпті ауа райының да қолайсыздығы сияқты келеңсіз жағдайлар қазақтардың жағдайын нашарлатып жіберген.

Әсіресе, ауа-райы да күрт бұзылып, бірнеше күн бойы боран соғып, қазақ атты жасағының қимылына көп кедергі келтірді. Оның үстіне қазақ ханы осы шайқастың алдында шешек ауруына шалдығып, сол аурудан аман қалғанының құрметіне қол астындағы кетемін деген руларға бұрынғы қоныстарына қайтуға рұқсат беріп, соның нәтижесінде біраз рулар бөлініп көшіп кеткен еді.

Шайқас барысында өздерінің қоршауда қалғанын түсінгеннен кейін ханға Наурызбай батыр таңдаулы 1000 жігітпен қоршауды бұзып өтуді ұсынады. Кене хан болса астындағы аты жүйріктер ғана құтылып, қалғаны қырылып қалады, бұдан кейін қалай ел басқарып, хан боламын деп көнбейді. Аттарды сойып, етін 12 атқа артып алып, бір жағымыз Шу өзені, ал қалған үш жағымызда 500 мылтығы бар мергендерді ұстап, олардың артынан найзалы жігіттерді қойып, жаяу жүріп, соғысайық деген ханның ұсынысына ешкім ашық қарсы шықпағанмен, атсыз соғысу көпшілікке ұнай қоймайды. Шайқастың ақырғы түнінде Рүстем төре мен Сыпатай өзінің қарамағындағы жігіттерді жасырын түрде ұрыс даласынан алып кетеді.

Бұл жағдай қазақ сарбаздарының берекесін қашырып, аяғы жаппай қашуға алып келеді. Нәтижесінде қазақтар толығымен талқандалып, Кенесарының өзі және Наурызбай, Құдайменді сияқты отызға жуық сұлтандар өлтіріледі. Көптеген қазақтың сарбаздары қырғыздардың қолынан мерт болды.

Кенесары опат болған соң, қырғыздар оның басын кесіп алып орыстарға табыс етеді. Сол үшін патша әкімшілігі Ресейге «қызмет сіңірген» бірнеше қырғыз манаптарын және белгілі

адамдарын түрлі сыйлықтармен марапаттайды. Атап айтқанда, Орман Ниязбеков, Жантай Қарбеков, Қалығұл Әлібеков, Ходжабек Таштанбеков.

Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысы жеңіліске ұшыраған соң, патша өкіметі бүкіл қазақ даласын басып алуды жеделдетеді.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Кенесарының көзқарасының қалыптасуына әсер еткен оқиға?
2. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің басты мақсаты не?
3. 1841 жылы хандық билікті қолына алған Кенесары басқару жүйесінде қандай реформалар енгізді?
4. 1845 жылы патша үкіметі елшіліктер арқылы Кенесарыға қандай талаптар қойды?
5. Кенесарының қырғыз манаптарымен жауласуының басты себебі неде?

## **§6. Есет Көтібарұлы бастаған қазақтардың көтерілісі**

### **1. Көтерілістің басталуы мен барысы**

#### **2. Көтерілістің жеңіліс табуы және оның себептері**

1. XIX ғасырдың 40-50 жылдарында Кіші жүз жерінде патша өкіметінің әскери басқыншылық саясаты күшейіп, жаңа бекіністер мен қаптаған тірек орындар арқылы Әлімұлылар мекендеген аймаққа ішкерлеп ене бастайды. Сол кезде қазақ руларының арасында тәуелсіздік жолында күреске шыққан батырлар мен билердің рөлі артып, азаттығы үшін соғысқан халыққа басшылық жасады. Сондай батырлардың бірі Кіші жүзде үлкен беделге ие болған Есет Көтібарұлы еді. Шектінің атақты батыры Көтібардың ұлы Есет жас кезінен-ақ әкесіне еріп Кіші жүздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан. Оның есімі алғаш рет тарихи құжаттарда 1822 жылы орыс көпестерінің сауда керуендерін шапқан кезден бастап кездеседі. Тіпті ол XIX ғ. 30 жылдарының ортасында шағын қолдармен патша әс-

керіне қарсы шығып отырған. Мәселен 1837 жылы Есеттің басшылығымен қазақтардың бір тобы орыс әскерлерінің мол күшінің шоғырланғанына қарамастан Ембі бекінісінен 398, Ақбұлақтан 32 жылқыны айдап кетсе, 1838 жылы хорунжий Шустиков, урядник Малков және оларға қоса 5 казакты тұтқынға алып, Подгорный станицасына шабуыл жасайды. Сонымен қатар Есет сол жылы Жоламан Тіленшіұлымен қосылып, Елек бекінісіне де шабуылдайды. Бұл шабуылдар сәтсіз аяқталғаннан кейін Есет Көтібарұлы өзінің қарамағындағы руларды алып, азаттық күресті жалғастыру мақсатында Хиуа хандығының шекарасына қарай көшеді. Хиуа хандығымен одақ құрып, көтеріліс жасаған Есетті Шекті, Табын, Адай, Қаракесек, Төртқара, Қарасақал, Кете, Тама және тағы басқа да Кіші жүздің рулары қолдап, Бекет Серкебайұлы, Ерназар Кенжалыұлы, Әзберген Мұнайтпасұлы, Қаракұл Қонақбайұлы, Мәуміт Сейітпенбетұлы, Дәуіт Асауұлы, Алдаш Байғанұлы Мамай Достанұлы, Ақтан Ақайұлы, Байқазак Жолдасбайұлы, ағайынды Елтезер мен Жәлімбет сияқты батырлар Есеттің нағыз серіктеріне айналып, көтерілістің аяғына дейін қатысады және оның кең түрде шарпуына өз үлестерін қосады. Олар Ресей империясынан Орталық Азияға жөнелтілген сауда керуендерін шауып, Хиуа хандығымен бірігу арқылы орыс-казак әскерлері мен шекара бойындағы бекіністерге қайта-қайта шабуылдар жасап отырған. Жалпы алғанда көтерілістің басталуына патша әкімшілігінің Есет Көтібарұлына қарайтын шекті руларына Жем бойының жоғары ағысындағы ежелден келе жатқан мекендеріне қоныстануына тыйым салуы себеп болады. Көтеріліске шыққан қазақтар қарудың соңғы техникасымен жарақтанған патшаның жазалаушы әскерлеріне төтеп бере алмасын түсініп, Хиуа иелігіне көшеді де сол аймақтан отаршылдық саясатқа қарсы күресін күшейте түседі. Ресей империясы үшін Орталық Азия хандықтарымен арадағы сауда-саттыққа ерекше орын алатынын білетін көтерілісшілер сауда керуендерін соққының астына алады. Мәселен, 1847 жылы жаз айларында Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісшілер Ресей көпестерінің бірнеше керуендерін тонаушылыққа ұшыратады. Сол жылы 18 шілдеде Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісшілер Орынбор және Орал әскер-

лерінің 200 казагынан және патша үкіметіне қызмет еткен сұлтандар басқарған 120 казактан құралған жазалау әскеріне шабуыл жасайды. Алайда көтерілісшілер 30 адамынан айырылып Арыс Бұрта және Имеш-Шаған алқаптарына қарай шегініп, сол жерде жасырынады. Орынбор генерал-губернаторы қайткенде де Есет Көтібарұлын ұстауды және оны орыс билігін мойындатуға нұсқаулар беріп, полковник Кузьминский мен Дерышев және майор Михайлов басқарған жазалау әскерін қазақ даласына жібереді. Патша әскері көтерілісшілерді және Арал теңізінің Оңтүстік Батыс жағалауындағы халықты аяусыз қырып жойып, қазақ ауылдарының дүние-мүлкі мен малдарын талан-таражға салады. Тонаудан түскен олжаны бекіністер салуға, қазақ даласына жорықтар ұйымдастыруға жұмсайды. Сонымен қатар орыс әкімшілігі осындай қатыгез жорықтар арқылы орыс әскері қаруының күшін көрсетіп, қазақ халқын орыс билігінің алдында қорқыту сияқты саясат ұстанды. Патша әкімшілігі бұдан кейінде көтерілісшілерді жазалауға әскерлерін бірінен соң бірін аттандырады. Бірақ Есет басқарған жасақтар дер кезінде қауіпсіз жерлерге көшіп кетіп, жазалаушы әскерлермен шайқастарын жүргізуін жалғастырды. Арал теңізінің маңайындағы орыс бекіністері құрылыстарының салынуына және жазалаушы әскердің жергілікті халыққа көрсеткен қысымына қарсы қазақтардың наразылығының күшеюін Хиуа ханы өз мақсаттарына тиімді пайдалана білді. Сондықтан Хиуа ханы батыл іс-қимылдарға көшіп, 1848 жылы мамыр айында Арал теңізінің батыс жағалауына 12 мың әскерін және оларға қосымша көмек ретінде Есет Көтібарұлы басқарған 6 мың қазақ жасағын аттандырады.

Оларға Райым бекінісі мен оған азық-түлік әкеле жатқан транспорт командасына шабуыл жасау туралы тапсырма береді. Осы хабарды алған патша өкіметі қазақ даласына салынған бекіністердегі гарнизон құрамын алмастыруға және қазақтар мен хиуалықтарға қарсылық көрсету үшін Орынбор корпусының командирі Обручевке көмек ретінде бірнеше зеңбірегі бар мыңға жуық үлкен әскери күшті аттандырады. Бұл кезде Қауылжыр өзенінің маңына келген хиуалықтар Есеттің құрған жоспары бойынша Жемнің жоғары ағысындағы Айрық өткеліне қарай бет алып, патша әскеріне шабуыл жасау мақсатында

далаға ішкерлей ене бастайды. Сонымен қатар, орыстардың алға жылжуын тоқтатып қана қоймай, олардың қырағылығын бәсеңдетуді ойластырған Есет батыр өзінің інісі Шынтемір арқылы патша әкімшілігіне хиуалықтар Кіші жүз жерінен кетті деп жалған мәлімет жібереді. 26 мамырда Үстіртке жеткен мұздай қаруланған орыс әскеріне 7 мың адамнан тұратын Хиуа әскері мен Есет батыр бастаған қазақтар батыл түрде шабуыл жасайды. Алайда шайқас кезінде патша әскерлерінің зеңбіректері шешуші рөл атқарып, хиуалықтар мен қазақтарды шегіндіреді. Дегенмен Сыр өңіріне басып кірген патша әскерлерінің басқыншылығына қарсы хиуалықтар мен қазақтардың қарулары орыс әскерлеріне қарағанда өте әлсіз болса да өз күрестерін жалғастыра береді. Олар осы күресте партизандық соғысу тәсілдерін шебер түрде қолданып отырған. Мәселен, 1848 жылы мамыр айының аяғында 600 адамнан тұратын хиуалықтар мен қазақтардың жасағы Арал бекінісінен 60 верст қашықтықта прапорщик Яковлев басқарған 170 әскерімен кездесіп соғысады. Прапорщик Яковлев олардың жеті шабуылына тойтарыс береді. Яковлевке көмекке әскер келе жатқанын естіген хиуалықтар кейін шегінеді.

Тамызда 1500 адамнан тұратын қазақтар мен хиуалықтардың жасақтары бекініске бара жатқан әскери старшина Ивановтың қорғауындағы көліктерге шабуыл жасайды. Бір зеңбірегі бар әскери старшина Иванов та өз қазақтарымен тойтарыс бергеннен кейін олар артқа шегінеді. Бұл шайқаста хиуалықтар 50 адамынан айрылғанымен, 7 казакты тұтқынға алған. Осы шайқастардан кейін Есет Көтібарұлы көтерілісті уақытша тоқтатып, орыстардың билігін мойындап салық төлеп тұруға келіседі. Бірақ Есет Көтібарұлының бұл бағыныштылығы ұзаққа созылмай 1850 жылы қайтадан азаттық күресін бастайды. Есеттің қайтадан көтерілісті бастауына патша өкіметінің Борсық құмдары мен Арал теңізінің аралығына барлау жұмыстарын жүргізу жоспарына жұмсалуда тиісті қаржыны қазақтардан жиналатын түтін салығын көбейту арқылы толтыру туралы шешімі себеп болады. Хиуа ханының өкілдері де қазақ ауылдарына келіп, оларды орыстарға қарсы жаппай көтеріліске шығуға шақырса, хиуалық әскерлер қазақ көтерілісшілерімен біріге оты-



рып орыстардың барлаушы әскерлеріне және орыстардың ықпалындағы ауылдарға шапқыншылықтарын күшейтеді.

Хиуа ханымен қатар шектілердің батыры Есет Көтібарұлы да және басқа да орыс билігіне наразылық танытқан қазақ сұлтандары Кіші жүз қазақтарының руларына хаттарын таратып, онда оларды мұсылмандық бірлік пен қозғалысқа шақырады. Әсіресе, Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийдің 1853 жылдың көктем айында Сыр өңіріндегі қоқандықтардың Ақмешіт бекінісіне қарай жорыққа аттанған әскердің қару-жарақтары мен жабдықтарын тасымалдауға түйелер мен оған қызмет жасайтын лаушыларды жергілікті халықтан жинауы көтерілістің қайтадан өршуіне алып келді. Мысалы шектілер осы жорыққа 4000 түйе және оған қажетті бес түйеге бір адамнан қосуды міндеттеді. Осыған байланысты Есет өзінің қарамағындағы билермен ақылдаса отырып, елден түйе мен адам алуға жол бермеу, егер күштесе қарсылық көрсетуге шешім қабылдайды. Шектілердің шешімін Төртқара, Табын, Адай сияқты рулар да қолдайды. Нәтижесінде Есет батырдың көтерілісіндегі адамдардың саны 2000-ға жетіп, Жем өзенінің жоғары бойына жинала бастайды. Көтерілістің кең көлемде құлаш жайылуына жол бермеуді көздеген Орынбор генерал-губернаторы В.Перовский мен Шекара Комиссиясының төрағасы В.Григорьев бастаған патша әкімшілігі Есетті тұтқындау жөнінде нұсқау береді. Осы нұсқауды жүзеге асыруда патша әкімшілігі Орта Орданың билеушісі Арыстан Жантөринге екі зеңбірегі бар 200 атты казактар мен 200-дей казактардан құралған жазалаушы топты Жем өзенінің бас жағына, Батыс Орданың билеушісі Мұхамбетқали Тәукинге де 200 казак әскерін және 500 қазақ жасағын беріп, Ойыл мен Темір беткейінен Жемнің орта тұсынан шығып, Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісшілерді қыспаққа алуға жұмсайды. Билеушілерге берген нұсқауында патша әкімшілігі Есеттің көтерілісшілерін талқандап қана қоймай, Шекті руынан түйелер мен лаушыларды жинауды да тапсырады. Есет Көтібарұлы бастаған көтерілістің патша әкімшілігі үшін қауіпті болғаны соншалықты жоғарыда көрсетілген жазалаушы әскермен қатар Орал бекінісінен майор Михайловтың басқаруында 300 адамдық әскери топты және

сұлтан Елекей Қасымұлы басшылығымен 600 адамнан тұратын жасақты Арал бекінісінен аттандырады. Осылайша Жем бойынан бастап Кіші Борсық, Үстіртке дейінгі аралықты жайлаған Есет Көтібарұлының көтерілісшілері мен оған қолдау көрсеткен жүздеген қазақ ауылдары жан-жақтан қыспаққа алынады. Жазалаушы әскерлердің қоршауында қалып қоймаудың амалын іздестірген Есет Көтібарұлы көтерілісшілерді Үстірт пен Шың беткейіне қарай алып кетуді жөн көреді. Есет батырдың бұл әрекеті сәтті шыққаны соншалықты төрт топтан тұратын жазалаушы әскерлер қаншама рет талпынса да көтерілісшілерді талқандай алмайды. Сам, Асмантай-Матай құмдарында төрт ай бойы көтерілісшілердің соңында жүрсе де еш нәтиже шығара алмаған жазалаушылар қыркүйек айында қуғынын тоқтатып, Есетті қулықпен ұстауға көшеді. Яғни, сұлтан Мұхамбетқали Тәукин беделді, әрі сөзі өтетін Адай руының биі Баймұхамбет Малайұлы мен Табын руының белгілі ақсақалы Сарықұл Шоқманұлын келіссөз жүргізуге Есет Көтібарұлына жібереді. Олар Есет батырға оның адасып жүргенін, патша өкіметінің күші сарқылмайтынын, сондықтан қарсыласқанын қойып, орыстардың билігін қайтадан мойындауын, егерде көтерілісті жалғастыратын болса онда қарамағындағы халықтың қырғынға ұшырайтынын ескертуге міндеттенді. 800 жасақпен Жемнің жоғары жағына келген Есет билермен кездескенімен, бірақ келіссөз нәтижесіз аяқталады. Дегенмен Есеттің Жемнің бойына келуін жеңіске санаған Тәукин оған тағы да өз елшілерін аттандырады. Бұл жолы келіссөзге тәжірибелі, әрі әккі сұлтан Асфендияр Сүйеуғали мен белгілі би Бекарыстан Байкөбекұлы барып, оларға қалай болғанда да Есетті алған бағытынан қайтару тапсырмасы жүктеледі. Кездесуге келген Есет елшілерге келіссөзге Тәукиннің өзі келуін талап етеді. Есеттің талабын қуана қабылдаған Тәукин сұлтан 1853 жылы 27 қыркүйекте батырмен кездесу үшін Жем саласының Жайынды құйылысына кездесуге бет алады да, Свиридов бастаған бір зеңбірегі бар 100 казак пен сұлтан Көсіпқали Орманұлының жасағына түнде көтерілісшілер орналасқан жерге жақындауға бұйырады. Бірақ Тәукиннің жасағындағы көтерілісшілердің тыңшылары Есет Көтібарұлына жазалаушы әскерлердің түгелдей Жемге қарай әр

бағытта қозғалғаны туралы хабар беріп үлгіреді. Осы хабарды алған Есет қараңғыны пайдаланып, жылдам шегініп кетеді. Көтерілісшілердің қоршаудан сытылып кеткенін көрген Мұхамбетқали сұлтан Пономарев бастаған казактардың жүздігімен Есеттің ізіне түсіп, тәулігіне 90 шақырымдай жол жүріп Майлысай, Шағанның бойларына жетсе де Есетті таба алмай қалады. Алайда Есетті қолға түсіруден үміттерін үзбеген жазалаушылар көтерілісшілерді іздеудегі іс-шараларын жалғастырып, 1853 жылы қазан айында 300 атты казактарды бастаған майор Михайлов Үлкен Борсықты жағалап, Есет Көтібарұлының соңына түседі. Сонымен қатар, патша әкімшілігі әлімдердің Қарақұл Күлекұлы, Байсалбай Шоқаұлы, Жәміш Пірәліұлы, Сәдірбек Байтөреұлы, Көпен Көбейұлы, Жәмек Жаулыбайұлы, Нияз Отарәліұлы, Құлназар Арыстанұлы, Іңкәр Қошмұхамедұлы, Алтынбай Қалдыбайұлы, Мантай Қоқанұлы, Көтек Көрпембайұлы сияқты беделді деген рубасыларына Есет Көтібарұлы мен оны қолдаушыларды кездестірген жағдайда оларды дереу тұтқындап, Орынборға жөнелтуге, ал егер де кімде-кім «бүлікшілерді» ұстауда орыстарға көмек бермесе, онда олар көтерілісшілерді жақтаушылары деген айыппен жауапқа тартылатыны жөнінде нұсқаулар таратады. Орынбор генерал-губернаторының бұл нұсқауы қазақтардың ашу-ызасын келтіргені соншалықты, шыдамы таусылған қазақтың көптеген рулары ашықтан-ашық қарсылық көрсетіп, Есет Көтібарұлына барып қосылады да, Ақмешіт жорығына түйе жинап беруге көмектескен сұлтандар мен билердің ауылдарын шабады. Олардың Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліске жан-жақты көмек көрсеткені соншалықты патша әкімшілігі Жәмек Жаулыбайұлы пен Көтек Көрпембайұлын 1854 жылы Орынбор түрмесіне бір жылдай қамап қояды.

Ал патша өкіметі болса, көтеріліске шыққан қазақтардың көтерілісін басуға қаншама рет талпынып, оларға қарсы бірнеше рет жазалаушы әскерін аттандырса да, бәрі де нәтижесіз аяқталған. Осы кезде патша әскерлерінің сәтсіз аяқталған әрекеттерін көрген Есет бастаған қазақтар 800 сарбазбен орыс әскеріне қарсы шайқасуға бел байлайды да, соғысқа әзірленеді. Алайда, Есеттің әрбір қадамын жансыздары арқылы аңдып отырған

патша әкімшілігі өзінің жазалаушы әскерлеріне қазақтарды айналдырып өтіп, жақайым ауылдарына тұтқиылдан шабуыл жасауға нұсқау береді. Дегенмен сақтық шараларын сақтаған Есет батыр тұтқиылдан жасалған шабуылдан құтылып кетеді. Есет Көтібарұлын қолға түсіре алмаған майор Михайловтың жазалаушы тобы ашуын бейбіт жатқан жақайымдардың ауылынан алып, оларды талан-таражға ұшыратып, 300-ден аса түйесі мен 100-ге тарта жылқысын тартып алып кетеді. Сондай-ақ ызаланған орыс әскерлері Көкпекті, Бақалы деген жерде отырған тілеулердің ауылдарын да шауып, қырық шақты адамды өлтіріп, он бес адамды тұтқынға алады және 613 түйені, 563 жылқыны, 1111 ірі қараны, 9013 қойды олжалайды. Осы «сәтті» шапқыншылықтардан кейін патша әкімшілігі қыс мезгілінен туындаған қиыншылыққа кездескен соң көтерілісті талқандауды көктемге қарай шегереді де, Ақмешітке жорық жасайтын әскердің қауіпсіздігіне алаңдап, оның алдын алу шараларына кіріседі. Осыған байланысты патша әкімшілігі жорық кезінде әскердің жолында орналасқан қазақтар қарсылық жасауы немесе құдықтардың көзін жауып, түйелерін жем-шөпсіз қалдыруы мүмкін деп қорыққандықтан, қазақ ауылдарына Ақмешітке қарай жорыққа шыққан әскердің жол бағытына көшіп-қонуға тыйым салады. Орыс әскерлері Ақмешіт бекінісін алған соң патша әкімшілігі қайтадан Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліске назар аударып, оларға қайтадан жазалаушы әскерлерін жасақтап, 1854 жылы наурызда көтерілісшілерді қоршауға алу мақсатында Жаңа Арал бекінісінен Азовскийдің және Орал бекінісінен барон Врангельдің басқаруымен әскери топтар екі бағыт бойынша жорыққа шығады. Жазалаушылар Шаған жазығында кездеседі де басшылық барон Врангельдің билігіне өтеді. Орыс әскерлері құмға тереңдей ене отырып, шектілердің қыстауларынан шығады да Нияз Отарәліұлы мен Көтек Көрпембайұлы бастаған бірнеше билерді тұтқынға алады. Тосынан келген жау әскеріне жасайтын амалы қалмаған Есет Көтібарұлы амалсыздан жазалаушы әскерлердің басшысы Врангельге келіп келіссөз жүргізеді де патша өкіметіне бағынатыны жөніндегі қағазға қол қойып, Орынборға өзі еркімен баратынын мәлімдейді. Есеттің уәдесін алған Врангель әскерлерін алып кеткеннен кейін батыр

өз жақтастарын жинап сусыз, шөлді Үстіртке қарай көшіп кетеді. Бұл жерде Есет уәдесінде тұрып Орынборға барса, онда оны патша әкімшілігі «бүлікшіл» ретінде соттап, Сібірге немесе Ресейдің ішкі губернияларының біріне жер аударатынын білді. Сондықтан ол көтерілісті жалғастыруды құп көріп, Хиуадан қолдау алу үшін елшілерін жіберіп, өзі Үстіртте жасырынып жүрді. Ал Үстіртке бармай көтерілісті жалғастырған Есеттің туған інілері Сатай мен Матай, Майранбай Намазбайұлы, Бозай Барақұлы, Байтөле Түркіменұлыдан құралған бірнеше топ Орал бекінісіне шабуылдар жасап тұрады. Олар Есетпен тек жазғы уақытта қосылып, ал қысқы мезгілде табындардың батырлары Дәуіт Асауұлы мен Алдаш Байғаниндердің ауылдарына қоныстанған. Осылайша Есет батыр өзінің жақтастарын жеке-жеке топтарға бөліп партизандық соғыстарын бір сәтке де тоқтатпаған. Орынбордағы патша әкімшілігі көрсеткендей көтерілісшілердің партизандық соғысын тіпті жаз айларында тоқтату мүмкін болмай қалған. Өйткені Есет Көтібарұлы жазалаушылармен шайқасқа түсіп, артынша күші басым жаудан шегінген кезде ерекше партизандарға тән тактикаларды қолданған. Олар шекара шебіне жақын жерлерге ұсақ партизан топтарын тосқауыл ретінде қалдырып кетіп отырған. Олар бекеттер мен жол айрығындағы топтарға және арбалы керуендер мен пошталық командаларға тұтқиылдан шабуылдар ұйымдастырған. Осылайша жазалаушы әскери топтар көтерілісшілердің негізгі күштерінің соңына түсудің орнына жеке-жеке партизандық топтарды қуалаумен болған. Сондай-ақ, Есет батыр жау әскерінің даладағы қозғалысын қиындату мен баяулату мақсатында көтерілісшілер шегінер кезінде қырға өрт қойып, жем-шөп пен суаттарды жойып, құдықтарды қиратып немесе улап кететін. Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісшілер тыңшылық барлау жұмысын да жақсы жолға қойып, сенімді адамдардан арнайы барлаушылар жасақталып, жау тылында ерекше іс-қимылдар көрсеткен. Олар жау әскерінің саны, қару-жарағы, құрамы, басшылары, жүретін бағыттары туралы мәліметтер жинап уақытында көтеріліс басшыларына жеткізумен айналысқан.

1855 жылы Ресей империясының Қырым соғысында жеңіліс табуы Есет Көтібарұлы бастаған көтерілістің қайтадан

күшеюіне алып келеді. Көтерілісшілер Хиуа хандығынан көмек ала отырып, шекара бойындағы бекіністерге шабуылды үдете түседі. Мәселен, 1855 жылы жаз айларының басында Ерназар Кенжалыұлы бастаған көтерілісшілердің бір тобы Орал бекінісіне келе жатқан 11 адамдық Ткачев бастаған қарулы казактарға тап беріп, 6 казакты өлтіреді де, қалғандарын тұтқынға алады. Тек Ткачевтың өзі әрең дегенде қашып құтылады. Көтерілісшілердің партизандық іс-әрекетінің келесі бір оқиғасы 22 маусымда өтіп, онда Орал бекінісінен Ор бекінісіне бара жатқан қарулы күзеті бар пошталық командаға Бекет Серкебайұлы бастаған көтерілісшілер шабуыл жасап, пошташыларды қарусыздандырып, барлық заттарын тартып алады. Бұл жағдай патша әкімшілігінің мазасын алғаны соншалықты Есетке қарсы тағы да жазалаушы әскерлерін дайындай бастайды. 1855 жылы көктемде патша әкімшілігіне Есеттің жасағындағы сарбаздардың саны 2000-ға жеткені және көтерілісшілердің негізгі күші Жемнің жоғары бойындағы Құмжарған деген жерге келгені жөнінде тыңшылардан мәліметтер түседі. Келіп түскен мәліметтерді сараптаудан өткізгеннен кейін Орынбор жеке корпусының штабы Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісті біржолата талқандау туралы жоспар жасап, жазалаушы әскери топтарды үш бағытта жөнелту қажет деп шешім қабылдайды. Жоспар бойынша жазалаушылардың екі зеңбірегі бар 200 атты казактар мен 900 казактардан құралған бірінші тобын Орта орданың билеуші сұлтаны подполковник Арыстан Жантөрин бастап Жем өзенінің бас жағынан шығуға тиіс болса, екі зеңбірегі бар 200 казак пен 200 казактан тұратын екінші топты басқарған Кіші жүздің Батыс бөлігінің билеуші сұлтаны подполковник Мұхамбетқали Тәукинге Жемнің орта тұсынан жүру тапсырылды. Ал үшінші бағытта қимылдаған майор Михайлов 200 адамдық әскерді алып Орал бекінісінен шығуға нұсқау берілді. Сонымен қатар, Орынбор әкімшілігі жазалаушы әскерлердің басшыларына Есет батырдың тым айлакер екенін, соңына түскен қуғыншылардан талай мәрте құтылып кетіп отырғанын және Есеттің халық алдындағы беделі өте жоғары тұрғанын естеріне салады. Оны мүмкіндігінше айтқандарына көндіру арқылы Орынборға өз еркімен алып келу қажеттігін ескертеді. Ал егер Есет айтқан

ұсыныстарға көнбеген жағдайда ешқандай адам шығындарына карамастан қарулы күш жұмсап тұтқынға алуды бұйырады. Бірнеше жыл бойы Есеттің соңына түсіп, өз тәжірибелерінен жақсы білетін сұлтандар Орынбор корпусы штабының құрған жоспарынан еш нәтиже шықпайтынын түсінсе де генерал-губернатордың нұсқауын құлықсыз болса да орындауға кіріседі. Жазалаушы әскерлердің негізгі күштерін басқарған сұлтан Арыстан Жантөрин Ор бекінісінен 140 шақырым жүргеннен соң маусым айының ортасында Елек өзенінен жоғары жүріп, Есенбай, Суықсу деген қоныстарға аялдайды. Арыстан сұлтанның бұл мекенге тоқтауының мәнісі Есеттің сол жерден бар болғаны 10-12 шақырым қашықтықтағы Көктөбедегі әкесі Көтібардың зиратының маңында орналасқанында жатты. Патша әкімшілігінің берген нұсқауын басшылыққа алған әрі Есеттің халық алдындағы беделінен жасқанған сұлтан Арыстан Жантөрин алдымен келіссөз жүргізуді ойластырып, Есетпен кездесуге Жанқылыш руының биі Сәдірбай Байтөреұлы мен Назар руының биі Жабас Жүсіпұлын жібереді. Олар Есет батырға егерде көтерілісшілерді таратып жіберсе оны патшалық биліктің жазаламайтынын жеткізуге тиіс болды. Бірақ елшілердің әкелген хабары тек алдау екенін түсінген Есет Көтібарұлы өзінің жақтастарымен кеңесе отырып, бұл жерден көшу қажет, бірақ кетпес бұрын сұлтанның әскерін талқандап кету жөнінде шешімге келеді. 1855 жылдың 8 шілдесінде таңсәриде көтерілісшілер күтпеген жерден сұлтанның қосынына шабуыл жасап, казак әскерлеріне соққы береді де, Арыстан Жантөрин бастаған он шақты би-атамандарды өлтіріп кетеді. Өлгендердің ішінде 57-дистанцияның билеушісі сұлтан Есалы Ғабдулмақашұлы, 30 дистанцияның билеушісі Қалабайұлы, билер Баймұхаммед Масқарұлы, Байменде Ақшаұлы, Мұқамбет Байтөреұлы және жүзбасы Бекмырза Әлдиұлы сияқты қазақ руларының игі жақсылары болатын. Сонымен қатар, топ-топқа бөлінген көтерілісшілер партизандық соғысын жалғастыра отырып, 12 шілдеде Електің жоғарысындағы Ойсылқара өзенінің маңында Орал бекінісінен шепке қайтып келе жатқан қазыналық азық-түлік таситын арбакештерге лап қойып, оларды тонап кетеді. Дәл осы уақытта партизандардың келесі бір тобы Орал және Арал бекі-

ністеріне қару-жарақ апара жатқан қарулы топқа шабуылдап, 10 казакты өлтіріп кетеді. Партизандық соғысын жандандырған Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісшілердің келесі бір тобы 21 шілде де Ойсылқара өзенінің Көкбақты шатқалындағы шекара-лық шепке келе жатқан арбакештерге соққы беріп, 6 адамды өлтіріп, екеуін тұтқындап, қалған жаралыларды өлтірмей далаға тастап кетеді. Партизандардың тағы бір тобы Ор бекінісінен Арыстан Жантөрин әскеріне көмекке бара жатқан казактардың шағын әскери тобымен шайқасқа түсіп, оларды жойып жібереді. Алайда көтерілісшілердің партизандық соғысында табыстармен қатар, сәтсіздіктер де кездескен. Сондай бір шайқастардың бірі Батыс бөлімнің билеуші сұлтаны Тәукинге жасалған шабуыл болды. Есет батырмен алдын ала келісім бойынша Шөмішті Табын руының биі Дәуіт Асауұлы басқарған көтерілісшілердің бір тобы сұлтан Жантөриннің әскерін талқандағандай жоспармен Тәукиннің әскеріне соққы беру көзделеді. Бірақ өзінің жансыздары арқылы көтерілісшілердің жоспарынан хабардар болған Тәукиннің әскері Калмыков бекінісінен дер кезінде көмекке жеткен әскермен бірігіп, Дәуіт Асауұлының ауылын бірінші болып шабады да бидің отбасы мүшелерін және Кіші жүзге белгілі батыр Алдаш Байғанаұлын тұтқындап, Орынборға жөнелтеді. Жазалаушы әскерлер қазақтарды тұтқындап қана қоймай мол олжаға кенеліп, 293 түйе, 258 жылқы, 285 бас ірі қара, 21400 қойды және ауылдың бүкіл мүлкін тартып алып кетеді. Көтерілісшілер де қарап қалмай өздерінің қарсы әрекеттерін жалғастыра береді. Әсіресе, олар басқыншыларға ғана емес, патша билігіне қызмет жасаған билеуші сұлтандар және орыс әскерлеріне өз еркімен жабдықтар мен жігіттер берген кейбір сатқын рубасыларының ауылдарын шабумен айналысады. Есеттің көтерілісшілері осындай сатқындардың ауылдарын шағын жасақтармен шабуылдар жасаған. Мысалы, 1855 жылы шілде айында көтерілісшілердің шағын жасақтары шектілердің рубасшысы Самай Достанұлының 520 жылқысын, келесі бір шектілік Баймен Есенұлының 1177 жылқысын, Табын руының биі Оразұлының 100 жылқысын айдап кетсе, қыркүйек айында Рабай Едігеұлының 200-ден астам жылқысын, Қалдыбай Байшуақұлының 230 жылқысын, Тоғанас Бәйтеқұлының 114



жылқысын, Тамыз Сартайұлының 176 жылқысын және Бекарыстан Алшынұлының 50 жылқысын барымталайды. Міне осы жағдайлар және Арыстан Жантөрин сұлтанның Есет бастаған көтерілісшілер тарпынан өлтірілуі Орынбор генерал-губернаторлығын ғана емес әскери министрдің де мазасын алып, отарлаушы билікке тағы да далаға жазалаушы әскери топтарды жөнелтуге мәжбүрлейді.

2. Билеуші-сұлтан Арыстан Жантөрин өлтірілгеннен кейін бір апта өткен соң бастапқыда Орынбор, Ор және Калмыков бекіністерінен шыққан жазалаушылардың үш әскери тобы және бірнеше ұсақ ұшқыр әскери топтар далаға жіберілді. Кейін оларға қосымша көмек ретінде Нижни-Уральск бекінісінен 600 казак, Орал бекінісінен 300 казак және 2 зеңбірегі бар Башқұрт полкының толық құрамы Есеттің көтерілісшілерін талқандауға шығады. Бұл жазалаушы әскерлердің басшысы болып Орынбор корпусы командирінің ерекше тапсырмаларды орындайтын әскери шенеунігі және Ресей империясындағы «бүлікшілерді» талқандауда мол тәжірибесі бар, әрі қаталдығымен көзге түскен полковник Кузьминский тағайындалады. Орынбор генерал-губернаторы В.Перовский оған көтерілісшілерді басып-жаншуда қандай амал қолданса да толық еркіндік беріп, «қарақшыларды» қырып-жоюда Кузьминскийге үлкен сенім артады. Алайда 1855 жылы 20 шілдеде жазалаушылар «бүлікшілерді» іздеп, далаға қарай жорыққа шыққан кезде көтерілісшілер бұғып қалмай, қайта қаруы басым болса да орыс әскеріне қайсарлықпен қарсы тұрып, партизандық іс-әрекеттерін шебер қолданады. Есет бастаған көтерілісшілер жаудың негізгі күшін сондарына ертіп құмның ішін шарлап жүрген кезде, жеке-жеке топтарға бөлініп алған қазақ партизандары сәтті қимылдар көрсетеді. Мәселен, Арал бекінісінен келе жатқан 120 казакқа кенеттен шабуыл жасап, олардың 7-ін өлтіріп, бірнешеуін жаралап, 2-ін тұтқынға алып, барлық аттарын айдап кетеді. Көтерілісшілердің келесі бір тобы Орск бекінісінен Орал бекінісіне қарай беттеген поштаның қарулы командасына тап беріп тонап кетеді. 24 тамызда дала аймағынан шепке бет алған саны белгісіз Орынбор казактарынан тұратын әскери топ Жалғызғаш деген жерде түнеп жатқан кезінде іс-түссіз жоғалып кетеді. Дәл осы мезгілде Қазалы фор-

тында жүк тасымалдап, қайтып келе жатқан Орынбор әскерінің казактарына Орал бекінісіне 17 шақырым қалған кезде партизандар тұтқиылдан лап қойып, 65 өгізін, қару-жарақтары мен басқа да мүліктерін тартып алады да өздерін тұтқынға айдап кетеді. Ашуға мінген көтерілісшілердің батылдана қимылдағаны соншалықты Орынбордан Арал бекіністеріне дейінгі аралықта патша әкімшілігінің шабармандары тиісті орындарға белгіленген уақытта хабар жеткізуінің өзі мүмкін болмай қалған. Сонымен қатар, көтерілісшілердің осындай партизандық әрекеттері шекара шебінде қобалжулар туғызып, жаудың негізгі жазалаушы күштерін барынша алаңдатып, еркін қимылдауына мүмкіндіктер бермеді. Партизандық әдіс-тәсілді жетік меңгерген көтерілісшілерді түпкілікті талқандау мүмкін емес екенін жақсы түсінген жазалаушы әскерлердің басшысы Кузьминский де өзінің тактикасын өзгертіп, ендігі кезекте көтерілісшілердің соңына түсуді бәсеңдетіп, барлық күшті «бүлікшілерге» дем беріп отырған ауылдарды нысанаға алады. Бейбіт жатқан ауылдарды тонауда шектен шыққан жазалаушылар тіпті алдарында кез келген ауылды көтерілісшілерге көмек беріп отырсындар деген сылтаумен шауып, мол олжаға кенеледі. Мысалы, жазалаушылар екі аптаның ішінде қазақтардың ауылдарынан 6000 бас малды тартып алады. Жазалаушы әскерлер көтерілісті басуда қандай амалдан болса да бас тартпайтынын түсінген Есет Көтібарұлы және оның жақтастары еш жазығы жоқ қазақ ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратпау үшін оларды күз түспей-ақ Борсық құмдарына және Үстіртке қарай көшіруге бел байлайды. Көтеріліс басшыларының жоспарын тыңшылары арқылы алдын ала білген Кузьминский әскерлерін бірнеше топқа бөліп, шөл далаға қарамастан «бүлікшілердің» соңына аянбай түседі. Үш бағытта қимылдаған жазалаушы әскердің бірінші тобы Шошқакөлге, одан әрі Доңызтауға жол тартса, екінші тобы Үлкен Борсық құмы арқылы Қошқаратаға дейін, үшінші тобы Төменгі Орал шебінен Жем өзенінің төменгі бойымен жүре отырып, Сорбұлақ шатқалына дейін жету көзделді. Көтерілісшілердің партизандық әдісінен қауіптенген орыс әскерлерінің арасында мықты байланыс орнатылды. Жазалаушы әскерлердің топ жетекшілері өздерімен бірге қосымша күш ретінде қазақтар-

дан құралған жасақтар мен жергілікті жерден шыққан сенімді жолбастаушыларды алып жүрді. Патша әскерінің басшысы Кузьминский көтерілісшілердің арасында іріткі салу арқылы олардың күшін әлсірету мақсатында руаралық жанжалдарды қоздыруды да ұмытқан жоқ. Тіпті Кузьминский патша әкімшілігінің нұсқауы бойынша жергілікті қазақтарға Есет Көтібарұлына бағынатын ауылдардың малдарын ұрлауға немесе барымталауға рұқсат берді және барымта кезінде Есеттің қарамағындағы адамдар қарсылық көрсетсе оларды өлтіруге ол үшін ешқандай қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтынын жария етті. Патша әкімшілігінің бұл «бөліп ал да, билей бер» деген әккі саясаты өз «жемісін» берді де. Осыған дейін шектілермен жер, жесір, барымта, құн және тағы басқа да мәселелер үшін дауласып келген қазақтың кейбір рулары патша әкімшілігінің жоғары да көрсетілген шешімін өз мүддесіне пайдаланып қалуға тырысып, барымталар жасайтын жасақтар құрды немесе казактармен бірігіп, шектілердің ауылдарына жортуылдар ұйымдастырды.

1855 жылы 3 тамызда полковник Кузьминскийдің әскери тобы шекаралық шептен 360 шақырым қашықтықтағы Темір мен Жемнің қосылар тұсындағы Құмжарған сайында 2000 адамдық жасағы бар Есет бастаған көтерілісшілердің жүргені туралы тыңшылардан хабар алысымен жылдам қимылдап оларды қуып жетеді. Қару-жарағы сақадай сай әскермен соғысуды жөн санамаған көтерілісшілер топ-топқа бөлініп, далаға қарай шегіне қашады. Құмға қарай кеткен көтерілісшілерді қууға батылы бармаған Кузьминский өз әскерлерін бірнеше топтарға бөліп, қорғансыз қалған бейбіт ауылдарды қатыгездікпен ойрандауға бұйрық береді. Әсіресе Кузьминскийдің құрамындағы подполковник Дарышев пен майор Михайловтың әскери тобы қазақтарға ерекше айуандық көрсетіп, жолдарында кездескен ауылдардың бірде-біреуін аман қалдырмайды. Малдарының көпшілігінен айрылып жазалаушылардың тонаушылығынан әрең құтылған қазақ ауылдары Борсық құмдары мен Үстіртке қарай шұбыра көшеді. Шектілерден тартып алған малдарды Кузьминский шепке қарай айдатады. Орыс бекіністеріне жеткеннен кейін патша әкімшілігі малдарды саудагерлерге аукцион арқылы сатып,

одан түскен қаржыны жазалаушы әскери топтарды жасақтауға кеткен шығындардың орнын жабуға жұмсады. Осылайша «бүлікшілерді» талқандау патша әкімшілігіне үлкен табыс көзі болып табылатын. Он жылға созылған Кіші жүздегі азаттық қозғалысты тоқтатуға әбден бекінген патша үкіметі полковник Кузьминскийге көтерілісшілердің көзін құрту жөніндегі нұсқауларын қайта-қайта жіберумен болады. Жазалушы әскерлерге жіберген патша үкіметінің нұсқаулары көтерілісшілердің соғына түскен қуғынды жандандыруға өз септігін тигізіп, нәтижесінде әскери старшина Эверсманның жазалаушы тобы 31 тамызда Үлкен Борсықтың батыс бөлігін кесіп өтіп, қабақтардың 40 шақты ауылын талқандаса, 5 қыркүйекте жазалаушылардың екінші тобы Қарағантау деген жерде қазақтардың 106 ауылын қырғынға ұшыратады. Қырғын кезінде қазақтар да қарап қалмай қарулы қарсылық көрсетеді. Көтерілісшілер 150 адамынан айрылса, жау әскерінен 3 адам шығынға ұшырайды. Ал жазалаушы әскердің басшысы Кузьминскийдің тобы болса Темір өзенінің бойында көтерілісшілердің 500 адамдық жасағымен төрт сағатқа созылған шайқасқа түседі. Басқыншылармен аяусыз күреске түскен қазақ жігіттері зеңбірек, карабин, винтовкамен қаруланған орыс әскеріне қарсы ерлікпен шайқасады. Алайда қарудың соңғы жетістіктерімен қаруланған жазалаушылар жеңіске жетіп, көтерілісшілер үлкен шығынмен кейін шегінеді. Орыстарда осы шайқаста көптеген әскерлерінен айырылады. Шайқас кезінде орыстарға қазақ сұлтаны Ғали Тұңғашин белсенді түрде көмек көрсетеді. Жазалаушылардан соққы алып құм ішіне шегініп кеткен көтерілісшілер жеңіліс тапса да өз күрестерін жалғастырып, орыстардың сауда керуендері мен бекініс аралығындағы тасымал жолдарына торуылдар ұйымдастырып, пошта командаларын тұтқынға алып кетіп отырады. Осылайша жазалаушы әскерлері патша үкіметінің тапсырмасын толыққанды орындай алмайды. Оның үстіне қыстың түсуіне орай патша әкімшілігі жазалаушы әскерлердің іс-қимылын тоқтатып, оның 300 казактан тұратын бір бөлігіне Орал бекінісіне қайтып, оны көтерілісшілерден қорғауға нұсқау берсе, қалған негізгі бөлігіне далада қыстап шығу жүктеледі. Оларға көктем шығысымен қыстан жүдеп шыққан көтерілісші ауылдарды қай-

тадан қуғындау міндеті тапсырылады. Ал Есет Көтібарұлы болса өзінің ауылдарын ертіп, Үстірттің оңтүстік-батыс бөлігіне өтіп, түрікмендермен шекаралас аймақтарды мекендейді.

1856 жылы көктем қазақ даласына кештеу келіп, наурыз айында борандар жиі-жиі болып, аяз күшейіп тұрғандықтан қазақ даласында жұт болып, көтерілісшілер қиын жағдайда қалады. Әсіресе жазалаушылардың шапқыншылығы кезінде малдарынан айырылған қазақ ауылдарының жағдайлары тіптен мүшкілге айналып, бірнеше ауылдар аштан қырылып қалады. Қазақ ауылдарына келген жұтты пайдалануды көздеген патша әкімшілігі тағы да далаға жазалаушы әскерлерді жіберу қамына кірісіп, зор дайындық жұмыстарын жүргізеді де бірнеше әскери топтарды бір мезгілде көтерілісшілердің қоныстарына жөнелтеді. Сонымен қатар, патша әкімшілігі көтеріліс басшыларын өз жағына тарту арқылы қазақтардың азаттық күресін бәсеңдету үшін түрмеде жатқан Дәуіт Асауұлының отбасын пайдалануға тырысады. Батырға өз еркінмен келіп кешірім сұрап, патша билігін мойындасаң және одан кейінгі уақытта да үкіметке қарсы шықпаймын деп уәде берсең, онда отбасың тірі қалады және саған кешірім беріліп, ауылыңмен қалаған жерге келіп қоныстана аласың деген мағынада хат жазады. Патша әкімшілігінің ұсынысын амалсыз қабылдаған Дәуіт Асауұлы 1856 жылы шілде айында Орынборда Шекара Комиссиясының төрағасы В.В.Григорьевпен кездесу өткізіп, патша билігін мойындайды. Дәуіт Асауұлының көтерілістен бас тартуы Кіші жүз қазақтарының азаттық күресіне соққы болып тиеді де, оның бәсеңдеуіне алып келеді. Өйткені Дәуіт Асауұлы көтеріліс басшысы ретінде Есет Көтібарұлынан кейінгі екінші тұлға болып саналатын. Қазақ ауылдарының жұтқа ұшырауы, Дәуіт Асауұлының патша билігін мойындауы, жазалаушы әскерлердің жан-жақтан қысым көрсетуі сияқты жағдайлардан кейін әрқайсысының көтерілісте өз орындары бар шектілердің беделді билері мен батырлары да бірінен соң бірі Ресей билігіне өте бастайды. Осылайша көтерілістің соңғы кезеңінде Есет батыр негізінен өзінің қарамағындағы рулармен азаттық күресте жалғыз қалады. Дегенмен, өзінің азшылықта қалғанына қарамастан Есет Көтібарұлы көтеріліске тек өз еркімен келгендерді қабылдады. Оның себебі жазалаушы-

лар негізінен бейбіт қазақ ауылдарын шабатындығында жатты. Сондықтан Есет батыр халықтың бостан босқа қырылмағанын қалады. Көтеріліс басшыларын қитұрқы саясатының арқасында бөлшектей алған патша әкімшілігі ендігі кезекті жазалаушы әскерлерге қалдырып, жаз шығысымен Орынбордан 300 казакпен подполковник Плотников шығып, Жем бойынан Үстіртке қарай жүру бұйырылса, 200 орынборлық казактардан құралған Мұхамбетжан Баймағанбетұлы бастаған екінші топқа Елек өзенінің бойын шарлай отырып, Плотниковтің әскери тобына қосылу тапсырылады. Ал майор Михайловтың әскери тобына Борсық құмында іздеу жұмыстарын жүргізу жүктеледі. Жазалаушылардың старшина Соколов басқаруындағы ерекше әскери төртінші топқа Үстірт пен Үлкен Борсық аралығындағы жолдарға тосқауылдар жасау міндеттеледі. Жаздың ортасына қарай патша әкімшілігі далаға аттандырылған жазалаушы әскерлерге қосымша көмек ретінде 600 казактан жасақталған полковник Кузьминскийдің әскери тобын Ор бекінісінде дайындықта ұстайды. Жазалаушы әскери топтар екі-үш айға жететін азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Ал егерде олардың азық-түлігі белгіленген мерзімге жетпей қалса немесе жорықтары ұзаққа созылса онда әскерге қажетті азық-түлік пен көліктерді жолдарында кездескен ауылдардан ешқандай ақысын төлемей алуға рұқсат етілді. Орыс әскерлерінің мұқтажын өтеуден бас тартқан қазақ ауылдарына көтерілісшілердің жақтастары ретінде айып тағылып, күш қолдануға зор құқықтар берілді. Сондықтан жазалаушы әскерлер далада материалдық жағынан ешқандай қиыншылық көрген жоқ. 1856 жылдың көктем айларының аяғында көтерілісшілерге басынан бастап көмек беріп отырған адайлар орыс әскерлерінің қысымымен Хиуаның иелігіне өтуге ұмтылғанда Хиуа хандығымен жауласқан түрікмендер олардың жолын бөгеп, жібермей қояды. Патша билігін амалсыз мойындаған адайлар орыстарға салық төлеп тұруға келісімін беріп, көтерілістен бас тартады. Күтпеген жерден орын алған бұл жағдай көтерілісшілерге тағы да үлкен соққы болып тиеді. Сол жылы маусым айында орыс әскерлері Назар руының биі әрі ең байы Бисенбі Бажықұлын тұтқынға алып, оған патша билігін мойындатуы Есет батыр бастаған көтерілісті одан сайын бәсеңдетеді. Патша

әкімшілігінің көтерілісті әлсіретудегі келесі бір әккі саясаты өткен жылдағыдай қазақтарға «бүлікшіл» рулардың малдарын барымталауға және қарсыласқандарды өлтіруге қайтадан рұқсат беруі еді. Орыстардың осындай сұмбайы саясаты бұл жолы да өз нәтижесін беріп, шөмекейлер мен жағалбайлылардың шектілермен арадағы ертеден келе жатқан жан, құн дауларының қозуына, аяғы руаралық жанжалдарға ұласуына әкеп соғады. Алайда патша әкімшілігінің Есеттің көтерілісін талқандау үшін қазақ даласына жазалаушы әскерлерді аттандыруы, руларды бір-біріне айдап салуы, көтеріліс басшыларын өз жақтарына тартуы сияқты амал-әрекеттері толық жеңіске жеткізбейді. Сондықтан маусым айының аяғында мыңға тарта әскері бар полковник Кузьминский Есет батырдың қарамағындағы ауылдарды тозтозын шығаруға жорыққа шығады. Жем бойындағы Құмжарған деген жерден өткен полковник Кузьминский Мұғалжарға қарай жүріп, Кеңасу арқылы Төбенің бас жағына келіп аялдайды да 300 казакпен әскери старшина Эверсман мен жүзбасы Байеділ Кейкінді Үлкен Борсыққа қарай барлап келуге жұмсайды. Барлаушылар Қопасор деген жерде 100 шақты қойды баққан қазақты ұстап алып, одан Тілеу, Қабақ, Жақайым, Жанқылыш руларының, солармен бірге белгілі би Нияз Отарәлі және Есеттің інілері Матай мен Сатайдың, Арыстан батырдың балаларының Жолшы, Аққолтық, Қорғантұз, Шолақжиде Алақозы атты қоныстарда отырғанын біледі де соларға қарай жылдам түрде жүреді. Бірақ өте сақтыққа үйренген көтерілісшілер жазалаушылардың келіп қалғанын алдын ала біліп, бір күн бұрын көшіп үлгіреді. Алайда Қорғантұзда 3000-дай қойды бағып жүрген алты қазақ қолға түсіп, барлық малынан айырылып, өздері әбден таяқ жейді. Кузьминский бастаған жазалаушы әскерлердің жоспарын түсінген Есет батыр қарамағындағы ауылдарды шапқыншылықтан аман алып қалудың амалын қарастырады. Сөйтіп елін Борсық, Жыланды, бойында қалдырып, өзі маусым айларында жалған із тастай отырып, шағын топтармен Доңызтау, Үстірт, Асмантай, Матай шөлді шағылдарын қоныстанады. Есет батыр жау әскерлерін шөл далаға апаруға тырысады және оларға тұтқиылдан шабуыл жасау әдісін қолданады. Оның қарамағындағы Бекет Серкебайұлы, Ерназар Кенжеалыұлы, Оразалы

Азаматұлы, Дарабай Көгібарұлы, Майрамбай Намазбайұлы бастаған көтерілісшілердің шағын жасақтары орыстардың азық-түлік тиелген көліктеріне, пошта командаларына, шекара шебіне жақын қонған патшаның қызметіндегі рубасылардың малдарына, бекеттер мен разьездерге, сауда керуендеріне қарулы шабуылдар ұйымдастырады. Көтерілісшілердің жасақтары біресе бір жерден, біресе екінші жерден шыға келіп орыс әскерлерінің мазасын алып, көзді ашып жұмғанша жоқ болып кетіп отырды. Сондарына түскен орыстарды сусыз шөл далаға алып барып, құдықтардың бәрін бітеп тастап, артынша бас салатын. Дегенмен жазалаушылар сұлтан Мұхамбетжан Баймағанбетұлы мен інісі Рысалы сұлтанның көмегінің арқасында Назар руына қарайтын кенегестерді қоршауға алуға сәті түсіп, көтерілістің басынан аяғына дейін қатысқан Алтыбай Есманбетұлы, Құлшық Қараұлы, Қарабала Самамбетұлы және Ерубай Айтқұлұлы сияқты Есет батырдың нағыз серіктерін тұтқындайды. Оларды 27 қыркүйекте Орал бекінісінде халық алдына шығарып атып тастайды. Сонымен қатар Орынбор Шекара Комиссиясы 25 шілдеде билеуші-сұлтандар Баймағанбетұлы мен Тәукинге құпия нұсқау жіберіп, онда жазалаушы әскерлердің осы жазда Есеттің көтерілісшілерін біржолата жою туралы түпкілікті тапсырма алғандарын, сондықтан екі сұлтан Есеттің Үстірт пен Адай руларының қоныстарына көшіп кетуіне жол бермеуін міндеттейді. Патша әкімшілігінің нұсқауын алған Мұхамбетқали Таукин Ойыл, Қобда бойын жайлаған Кете, Шөмекей, Шөмішті Табын руларын Есетке қарсы шығуға үгіттейді және шілденің 29-да Шошқакөлде Плотниковтың әскерімен бірігеді. Алайда Есет көтерілісшілерінің қай жерде көшіп қонуы жайлы нақты мәлімет ала алмаған жазалаушылар екіге бөлініп, Плотников бастаған топ Қошқарата атқылы Құланды аралына жол тартса, Мұхамбетқали Тәукиннің әскери тобы Сам құмы арқылы адайлардың қонысына бағыт ұстайды. Тамыздың басына қарай жазалаушылар Есеттің Асмантай мен Матай құмдарында көшіп жүр деген хабарды алған екі әскери топ қайтадан бірігеді де, Үстіртке қарай жол тартады. Алайда Есеттің жолдағы құдықтарды көміп тастауы жазалаушы әскерлердің кейін қайтуына әсер етеді. Осы жорықтан кейін жазалаушылар мен Есеттің ара-



сында елшіліктер алмасу жүреді. Елшіліктерін жіберген Тәукин келіссөз жүргізуге Есеттің өзі келсін десе, Есеттің елшілері болса Тәукинге даладан орыс әскерлері кетпей батырдың ешқандай келіссөзге бармайтынын мәлімдейді. Өйткені көтерілісшілер Тәукиннің Есетті келіссөзге алдап шақырып сол жерде тұтқынға алатынын жақсы білді. Есеттің алдағанға көнбейтінін ұққан патша әкімшілігі Тәукинге елшілікке келген Бекет батыр мен Есеттің ұлы Назарды тұтқынға алу жөнінде нұсқау береді. Осылайша азаттық жолында жалынды күрескер Бекет Серкебайұлын орыстар майдан даласында емес, алдау арқылы қолға түсіреді де Орынбордың түрмесіне қамайды. Бекеттің тұтқынға алынуы көтерілісшілерді ашындырып, Ембі бекінісіне азық-түлік әкелуге жіберілген 15 Орынбор қазағы мен 8 қазақтардан құралған сұлтан Тұнғашиннің басқаруындағы топқа шабуыл жасап, бәрін қырып салады. Ал Есетті алдап қолға түсіре алмаған патша әкімшілігі Плотников пен Баймағанбетұлы бастаған 500 адамдық ерекше әскерді 14 тамызда Асмантай мен Матайды қоныстанған Есетке тағы да аттандырады. Бұл жолы да Есет жазалаушыларды алдап соғып, сусыз жерге дейін апарады да, іздерін жасырып кетеді. Аптаған ыстық пен шөлден қырыла сақтаған жазалаушылар тамыздың 25-де Шаған өзенінің бойына әрең жетіп, аман қалады. Алайда көтерілісшілердің қатары да сирей бастайды. Өйткені Плотниковтың әскерімен болған шайқаста көтеріліс басшыларының бірі Ерназар Кенжалин мен Тәуке Қоңыратұлы тұтқынға түссе, Өтеғұл Танаұлы, Есенбала Өтегенұлы, Үкі Жаңаберженұлы сияқты азаттық күреске белсенді қатысушылар оққа ұшады. Әлі де көтерілісшілерді толық талқандаудан үмітін үзбеген патша әкімшілігі 100 казак пен 100 қазақтардан құралған жазалаушы топпен бірге сұлтан Мұхамбетжан Баймағамбетұлын Арал теңізінің жағалауына аттандырады. Ол 12 қыркүйекте еш қауіпке алаңдамай бейқам отырған жақайымдардың төрт ауылын шауып, Есеттің жақын серіктерінің бірі Қарабас Өтеуұлын тұтқындап, бірнеше жүздеген малдарын айдап кетеді. Сонымен қатар, Есеттің жақтастары Жем өзенінің төменгі жағында көшіп-қонып жүр деген хабар алған Кузьминский мен Тәукиннің жазалаушы тобы 1856 жылы 8 қыркүйекте Ноғайты деп аталатын жерде Назар руының

Тоқал атты бөлімшесінің ауылдарын талқандап, қарсы соғысқан бірнеше көтерілісшіні өлтіріп, барлық мал-мүліктерін тонап кетеді. Ал, 150 казактан тұратын подполковник Дерышевтың жазалаушы әскері 12 үйден тұратын қабақтардың ауылын түгелімен жойып жібереді. Жалпы алғанда жазалаушы топтардың бейбіт жатқан казак ауылдарына үрей туғызу мақсатында жасалған бұл шапқыншылықтар тым шектен шығып, қатыгездігімен ерекшеленген. Мәселен жалғыз Кузьминский бастаған жазалаушы топ 164 ауылға ойран салып, 42 мыңға жуық бас малды айдап кетіп, көптеген адамдарды өлтірген. Олардың арасында әйел, бала, қарттар көптеп кездескен. Міне осындай шапқыншылықтардан кейін көтеріліс жетекшілері елді аман алып қалу жолында азаттық күрестен бас тартып, патшаның билігін мойындауға көшеді. Әсіресе, Есеттің ең жақын серіктерінің бірі Тілеу руының биі Жәмек Жаулыбайұлының Орынбор Шекара комиссиясынан кешірім сұрап, жағдайдың қиындығына байланысты Ырғыздың түбін қыстап шығуы туралы өтініші көтерілісшілерді есеңгіретіп тастайды. Осы уақытта Есет Көтібарұлының да жағдайы да ауырлап кетеді. Жазалаушы әскерлердің жан-жақтан қоршауы, жақтастарының бірінен соң бірінің патша билігіне өтуі, тіпті, Хиуа хандығының да түрікмендер мен қоңыраттардың көтерілісінен әлсірегендіктен көмек бере алмауы Есетті қиын жағдайға қалдырды. Көтерілісшілердің негізгі күштері тым ауыр күйде екенін байқаған патша әкімшілігі 1857 жылы 20 сәуірде Үлкен Борсықтың Қаратамақ, Қасқажол атты жерде орналасқан Есетке қарсы подполковник Бородин бастаған 300 адамдық жазалаушы әскерін жібереді. Маусымның аяғында Асмантай құмында жазалаушы әскерлер Есеттің көтерілісшілерімен кездеседі. 3-4 сағатқа созылған шайқастан кейін 1 адамы өліп, 1 адамы ауыр жараланып, аттары шөл мен ыстықтан қырылған соң кейін қарай шегініп кетеді. Алайда көтерілісшілер 11 тамызда Сам құмында Бородиннің жазалушыларымен қайтадан кездесіп, айқасқа түседі. Шайқастың барысын орыстардың екі зеңбірегі шешіп, 150 көтерілісшіні жер жастандырады. Ауыр шығынға ұшыраған Есет аз ғана серіктерімен түнді жамыла отырып, жаралыларды алып шығуға сәті түседі. Бірақ балалар мен әйелдерді жаудың қолын тастап кетуге

мәжбүр болады. Осы шайқастан кейін жазалаушылар тағы да бірнеше рет жеңіске жетіп, Боранқұл және Үкі Шанинді, Байназар Жаманбалин, Қойбағар Жүсіпұлы, Мұхамедшәріп Наурызұлы, Әлден Өтепұлы, Құрман Мұхамбетұлы, Шорбас Атамбекұлы сияқты көтерілісшілерді тұтқынға алады. Кейін олардың көпшілігі атылды немесе Сібірге жер аударылады. Сондай-ақ, Мыңтай Дөнентайұлы, Түрке Тастемірұлы, Сары Төлекұлы, Есжан Токпанұлы, Қаракұл Тұрмұхамбетұлы, Досмұрат Дәуітбайұлы, Дәуітбай Бекешұлы сияқты билер бастаған қазақ ауылдары Ресейдің билігін мойындап, салық төлеп тұруға уәде береді. Елінің әбден тоз-тозы шыққанын көрген Есетте әрі қарай күресті жалғастыра берсе қаруы мықты орыстар халқын одан сайын қырғынға ұшыратанын көріп, өз еркімен берілуге бел байлап, патша әкімшілігіне хат жазады. 1858 жылы 31 мамырда Жем бойындағы Шошқакөл деген жерде Есет Көтібарұлы мен Орынбордың генерал-губернаторы А.Катениннің арасында келіссөз жүріп, онда Есет Көтібарұлы көтерілісті тоқтататынын, ал патша әкімшілігі болса көтеріліске қатысқандарға патшаның атынан кешірім берілетінін мәлімдейді. Осылайша он жылға созылған Есет Көтібарұлы бастаған қазақтардың азаттық күресі аяқталып, тарих беттерінде мәңгіге қалды.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс Қазақстанның қай өңірін қамтыды?
2. Есет батырдың көтерілісін қолдаған рулар мен оларды басқарған батырлар кімдер?
3. Патша жазалаушы әскерімен соғыста Есет батыр қандай ұрыс тәсілдерін қолданды?
4. 1855 жылы Есет батыр көтерілісінің қайта күшеюіне алып келген жағдай?
5. Орыс әскерлеріне қарсы күресте Есет қай хандықтың қолдауына арқа сүйенді?

## **§7. Сыр өңіріндегі қазақтардың азаттық күресі**

### **1. Орыс әскери құрылымдарының Сыр бойына басып кіруі және Ақмешіт қамалы үшін шайқас**

#### **2.Өңірдегі Ресей билігінің орнауы және оған қарсы қазақтардың күресі**

1. XIX ғасырдың II жартысынан бастап Ресей империясы бүкіл Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияны жаулау үшін өз әскерін даярлай бастады. Өйткені осы өңірлерді толық басып алу арқылы патша өкіметі бірнеше стратегиялық жағынан маңызы бар жоспарларын жүзеге асыра алатын еді. Яғни, қазақ даласы капиталистік қатынастарға өте бастаған Ресей экономикасы мен нарығына қажетті ең бай шикізат қоры және арзан тауарларын өткізетін орын болып табылды. Әсіресе, патша өкіметі мен орыс буржуазиясын табиғат байлықтары мен мал өнімдерінің шикізатына өте бай Түркістан өлкесі аса қызықтырды. Ондағы мақта және мал өнімдері Ресей мануфактурасына ең қажетті шикізат көздері еді. Ресей империясы Шығыстан шикізат көзін іздестірумен қатар, қазақ даласы арқылы сауда жолдарына бақылау жасауға ұмтылып, Азиядағы сауда-саттыққа үлкен мән берді. Сонымен қатар Қырым соғысынан жеңіліс тапқан патшалы Ресейге өзінің Еуропадағы ең басты қарсыласы Ұлыбританиямен тек оның Шығыстағы отары болып табылатын Үндістанға қауіп төндіру арқылы ғана бәсекеге түспек болды. Патша өкіметінің отаршылдық саясатындағы келесі бір жоспары жауланған қазақ жерлеріне орыс шаруаларын қоныстандырудан тұрды. Осы мақсатқа жету үшін патша өкіметі ең бірінші кезекте Сыр бойын жаулап алуға тырысты. Алайда, Ресей империясының Кіші жүз қазақтарын бағындыра отырып Сыр бойына емін-еркін енуіне Хиуа хандығы негізгі тосқауылға айналды. Өйткені патша өкіметінің Сырдария мен оған іргелес жатқан қазақ жерлерін жаулаудағы стратегиясы мен тактикасы Хиуа хандығының мүддесіне қарама-қайшы келді. Сондықтан патша әкімшілігі Хиуа хандығымен арадағы қарым-қатынастарды қасақана шиеленістіріп, оған қарсы әскери жорықтар ұйымдастырады және Орынбор

бағытынан оңтүстікке қарай ішкерлеп кіруге әрекеттер жасайды. Сондай-ақ патша өкіметі қазақтардың ру билеушілері арқылы Хиуаның қазақ даласындағы ықпалын әлсіретуге тырысады. Осы мақсатты көздеген патша әкімшілігі қарамағындағы қазақтардың ру басшыларына Хиуа хандығының билігін мойындаған қазақ ауылдарына барымта жасауға және одан түскен олжаны өздеріне қалдыру туралы көптеген нұсқаулар береді. Әсіресе патшалы Ресейдің Сыр бойына қарай ұстанған бағытының нәтижелі болуына және Хиуа хандығының әлсіреуіне 1833 жылы В.А.Перовскийдің келуімен күшейе түсті. В.А.Перовский хиуалық көпестерді қасақана тұтқынға алып екі елдің арасын шиеленістіреді. Көпестерді тұтқынға алуы және саудаға тыйым салуы Хиуаның экономикасына соққы болып тиеді. Дегенмен 1839-1840 жылдары патша өкіметінің Хиуаға жасаған жорығымен бірге дипломатиялық елшіліктерінің де сәтсіздікке ұшырауы, оның империялық мүддесіне нұқсан келтіргенімен, қазақ даласының Сыр өңірін иеленуге деген ұмтылысын бір сәтке де тоқтатпады. Қайта керісінше, патша өкіметінің қазақ даласын толық жаулауға деген ниетін бұрынғыдан да күшейтіп, Сыр өңірін толығымен өз құрамына қосу үшін ашық шабуылға шығуға итермелейді. Себебі Сыр өңірінде патша өкіметінің нақты билігінің жоқ болуы қазақтардың көңіл күйін бақылауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан патша өкіметі ендігі кезекте басты соққыны Хиуа хандығына емес, Қоқан бағытына қарай аударуға мәжбүр болады. Оған Қоқан хандығының ішінде үзіліссіз басталған азамат соғысы және Бұхар әмірлігінің Қоқанға жасаған шабуылы қолайлы жағдай туғызды. Осы жағдайларды жан-жақты саралаған патша өкіметі Қоқан хандығы Ресей империясына төтеп берудегі оның қорғаныс қабілеті мүлдем төмен деген қорытындыға келеді. 1846 жылы 10 қаңтарда Сырдарияның төменгі ағысын зерттеуге және бекініске қолайлы орынды анықтау мақсатында капитан Шульц пен геодезист Лемм басқарған 200 Орал казактарынан тұратын әскери-барлау экспедициясын жібереді. Сыр бойын зерттеу кезінде капитан Шульцке мынадай міндеттер жүктеледі: Орал бекінісінен Сыр бойына дейінгі аралықтағы қысқа жолдарды картаға түсіру, Сырдарияның төменгі ағысында бекініске қолайлы жерді табу,

өзенде кемелердің жүзу мүмкіндіктерін анықтау және казактарды қоныстандыратын аймақтарды белгілеу және тағы басқалары. Капитан Шульц бастаған әскери экспедиция берілген тапсырмаларды ойдағыдай орындап, белгісіз аймаққа байланысты құнды барлау мәліметтерін алып келеді. Орынбор генерал-губернаторы Обручев оған талдау жүргізе отырып, патша өкіметіне Сырдарияның төменгі ағысына бекініс салу қажет деген ұсыныс береді. Яғни, патшаның әскери шенеуніктері Сыр өңіріне бекіністер тізбегін салып, тек Сыр бойының қазақтарына ғана емес, бүкіл Кіші жүз қазақтарына өздерінің билігі мен бақылауын орнатып, Қоқан, Хиуа және Бұхара хандықтары тарапынан төнген қауіпті жойып қана қоймай, оған өз ықпалымызды жүргіземіз деп жоспарлайды. Сондай-ақ олар Хиуа мен Бұқараға қатынайтын сауда керуен жолдары осы аймақтан өткендіктен, керуен жолына бақылау жүргізуге мүмкіндік туады деп есептеді. Ресей императорына отар елдерді тезірек иеленуге ұмтылған орыс шенеуніктерінің жобасы ұнап, үкіметке бекіністі 1847 жылы жазда салу үшін ақша бөлу, бекіністің құрылысын жүргізуге және басқаруға тәжірибелі мамандарды тағайындау, бекініске казактардың отбасыларын қоныстандыру үшін Оралдан көшіру және тағы басқалар туралы жарлық шығарады. Патшаның бұйрығын орындауға кіріскен жергілікті билік орындары Райым бекінісін салу мақсатында оған шептен азық-түлік жеткізу үшін Кіші жүздің сұлтан – правительдеріне 3500 түйе жинау туралы тапсырма береді. Сонымен қатар, 1847 жылы Райым бекінісінің салыну қарсаңында патша өкіметі хиуалықтарға Райым бекінісі бейбіт қарым-қатынас орнату үшін салынуда деп хабарлауға және 1836 жылғы Хиуа жорығының қарсаңындағы келеңсіз оқиғаларды қайта көтеру арқылы, бір жағынан күш көрсетіп, екінші жағынан жұмсақтық танытып, хиуалықтардың бекініс құрылысына қарсы ұйымдастырылатын іс-шараларының алдын-алу үшін Бас штаб полковнигі Иванинді елші ретінде Хиуаға аттандыруды көздейді. Алайда патша өкіметінің Сыр бойына орналасу мақсатында онда бекіністер салу әрекеттері өте шиеленісті жағдайда өтіп, жергілікті халықтар орыстар салмақ болған бекіністер тізбегіне теріс пиғылдар танытып, аяғы ашықтан-ашық қарсылықтарға ұласқаны

соншалықты, патша өкіметі елшіліктің сапарын кейінге шегеруге мәжбүр болады. Оған қоса бекіністің салынуына байланысты патша өкіметі мен Хиуа хандығының арасындағы саяси жағдай одан сайын шиеленісіп кетеді. Кіші жүз қазақтарына өз адамдарын аттандырған Хиуа ханы Мұхаммед Әмин Райым оларды бекіністің құрылысына қарсы шығуға және орыстармен сауда қарым-қатынасын жасауды тоқтатуға, үгіт-насихат жұмыстарын кеңінен жүргізуге көшеді. Сондай-ақ Хиуа ханы Мұхаммед Әмин қазақ сұлтандары Жанғазы, Қайыпқали, Елекейлерге барынша жан-жақты қолдау көрсетіп, оңтүстікке қарай шабуылға шыққан патша өкіметіне қарсы қазақтарды көтеруде оларды басшылыққа тағайындап отырған. Осы уақытта Шөмекей және кете руларының 30 биін ерткен Елекей сұлтан Жаңадарияны қыстап шыққан соң, Мұхаммед Әмин ханның шақыруымен Хиуаға аттанып кетеді. Елекей сұлтанмен қатар Қайыпқали сұлтан да Кіші жүз қазақтарын патша өкіметінің билігіне қарсы шығуға және Хиуа иелігіне көшуге үгіттейді. Алайда Райымда бекініс құрылысы салынады деген кезден-ақ қарсы шыға бастаған қазақтардан қауіптенген Орынбор генерал-губернаторы Обручев құрылыс жұмыстарын жүргізетін экспедицияның құрамын күшейтуге мәжбүр болады. Бекініс құрылысына аттанған экспедицияның құрамы 9 штаб офицері, 100 обер офицер, 332 унтер офицер, 5985 қатардағы жауынгер, 756 саптан тыс әскер және мыңнан астам башқұрттардан жасақталған. Райымды басқару міндеті далалық жорықтардан мол тәжірибе жинақтаған подполковник Ерофеевке жүктелсе, Сыр бойының қазақтары туралы деректер жинап, қазақтар мен патша әкімшілігінің арасында байланыс орнататын шенеунік қызметі Орынбор Шекара комиссиясының кеңесшісі Субханкуловқа тапсырылады. Дегенмен қазақтардың бекіністің салынуына қарсы күресі бір сәтте тоқтамай, ашық түрде сипат ала бастады. Олар орыс көпестері мен азық-түлік тиеген қөліктеріне жиі-жиі шабуылдар жасап, түтін салығын төлеуден бас тартып отырды немесе жаппай Хиуаға көшіп кетті. Райым бекінісі салынған соң, патша өкіметінің нұсқауы бойынша 1847 жылы 11 шілдеде Арал теңізіне «Николай» және «Константин» кемелері түсіріліп, оған басшылық жасау лейтенант Бутаковқа жүктеледі. Орыс теңіз күште-

рінің Арал теңізіне келуіне қатты алаңдаған Хиуа ханы Мұхаммед Амин кемелерге бақылау жүргізу үшін, 200 сарбазды Бүршек тауына, 600 адамды Амударияның төменгі ағысына және 300-ге жуық хиуалықты Қосарал фортындағы кемеге шабуыл жасауға жібереді. Бірақ хиуалықтардың зеңбірегі бар кемелерге жасаған шабуылы сәтсіз аяқталып, кейін қайтады. Осы сәтсіздіктерге қарамастан 1848 жылы мамыр айында Хиуа ханы Арал теңізінің батыс жағалауына 12 мың әскерін және оларға қосымша көмек ретінде Есет Көтібарұлы басқарған 6 мың қазақ жасағын аттандырады. Хиуа ханы оларға Райым бекінісі мен оған азық-түлік әкеле жатқан транспорт командасына шабуыл жасау туралы тапсырма береді. Осы хабарды алған патша өкіметі қазақ даласына салынған бекіністердегі гарнизон құрамын алмастыруға және қазақтар мен хиуалықтарға қарсылық көрсету үшін Орынбор корпусының командирі Обручевке көмек ретінде бірнеше зеңбірегі бар мыңға жуық үлкен әскери күшті жібереді. 26 мамырда Үстіртке жеткен мұздай қаруланған орыс әскеріне 7 мың адамнан тұратын Хиуа әскері мен Есет батыр бастаған қазақтар батыл түрде шабуыл жасайды. Алайда шайқас кезінде патша әскерлерінің зеңбіректері шешуші рөл атқарып, хиуалықтар мен қазақтарды шегіндіреді. Дегенмен Сыр өңіріне басып кірген патша әскерлерінің басқыншылығына қарсы хиуалықтар мен қазақтар қарулары орыс әскерлеріне қарағанда өте әлсіз болса да өз күрестерін жалғастыра береді. Олар осы күресте партизандық соғысу тәсілдерін шебер түрде қолданып отырған. 1848 жылы мамыр айының басында хиуалықтар мен қазақтар Арал бекінісіне шабуыл жасап, бірнеше әскерді тұтқынға алып кетеді. Мамыр айының аяғында 600 әскерден тұратын хиуалықтардың шабуылы қайталанатын да, бекіністен 60 верст қашықтықта прапорщик Яковлев басқарған 170 әскерімен кездесіп соғысады. Прапорщик Яковлев олардың жеті шабуылына тойтарыс береді. Яковлевке көмекке әскер келе жатқанын естіген хиуалықтар кейін шегінеді. Тамызда 1500 адамнан тұратын қазақтар мен хиуалықтардың жасақтары бекініске бара жатқан әскери старшина Ивановтың қорғауындағы көліктерге шабуыл жасайды. Бір зеңбірегі бар әскери старшина Иванов та өз қазақтарымен тойтарыс бергеннен кейін олар кейін қарай қашады. Бұл



шайқаста хиуалықтар 50 адамынан айрылғанымен, 7 казакты тұтқынға алған. Осы шабуылдармен қатар Хиуа ханы туындаған мәселені дипломатиялық жолмен шешуге де тырысып, 1849 жылы Орынборға, патша әкімшілігіне қажы Мехрем Аллабердиев бастаған елшілікті жібереді. Елші Райым мен Ново-Петровскіден орыс әскерлерін және теңізге түсірілген орыс кемелерін алып кетуін талап етеді. Алайда, патша өкіметі казактар ертеден Ресей билігіне өткен деген сылтаумен талапты орындағаны былай тұрсын, қайта керісінше Арал теңізіне түсірілген кемелердің санын одан әрі көбейтуді ойластырады. Келесі жылы Сыр өзенінде кеме қатынасын жүргізу үшін 1 кеме және бумен жүретін баркас құрастыру жөнінде нұсқау береді. Бұл кемелердің Сырдарияға түсірілуі патша өкіметі үшін саяси-стратегиялық жағынан маңызы зор болды. Өйткені Сырдария өзені мен Арал теңізі географиялық жағынан зерттеле бастағаннан кейін қазақ даласын толық жаулап алу Сырдария өзені арқылы да жүргізілуі керек еді. Осыдан кейін Хиуа ханы қазақ даласындағы қарсылығын қайтадан жалғастырып, Ресей империясының Сыр бойына қарай жылжуына қарсы қазақтардың көтеріліске шығуын жан-жақты қолдап, өз белсенділігін арттыра бастайды. Хиуа ханының өкілдері қазақ ауылдарына келіп, оларды орыстарға қарсы жаппай көтеріліске шығуға шақырса, хиуалық әскерлер қазақ көтерілісшілерімен біріге отырып орыстардың барлаушы әскерлеріне және Ресей ықпалындағы ауылдарға шапқыншылықтарын күшейтеді. Хиуа ханымен қатар шектілердің батыры Есет Көтібарұлы және басқа да орыс билігіне наразылық танытқан қазақ сұлтандары Кіші жүз қазақтарының руларына хаттар таратып, онда оларды мұсылмандық бірлік пен қозғалысқа шақырады. Бұл шақыруларға казактар барынша қосылып, оны жан-жақты қолдаған. Тіпті оған Қоқан иелігіндегі қазақтарда қосылған. Мысалы, 1849 жылы қарашада Тамды өзенінен Милютин мен Батырашкин бастаған казактар балық аулауға келген кезде Бұхарбай Естекбайұлы, Байқадамның баласы Сейіл, Сүйіндік бастаған 100 адам оларға тұтқиылдан бас салып, екеуін өлтіріп, ал қалған үшеуін тұтқындап Қоқанға алып кетеді. Жалпы алғанда, Ресей империясының Сыр бойына қадам басуы бүкіл қазақ даласын толық жаулап алудың шешуші кезеңіне

өткенін көрсетті. Өйткені Ресей империясы тек бүкіл қазақ даласын өз билігіне енгізген жағдайда ғана, Орталық Азия хандықтары мен Шығыс Түркістанды және одан басқа Азиялық мемлекеттерді өз отарына айналдырып, Европадағы бәсекелесі Англияның Азиядағы мүддесіне нұқсан келтіре алатын еді. Сондықтан Ресей империясының сыртқы саясатында қазақ даласы, соның ішінде Сыр өңірі ең өзекті стратегиялық мәселе ретінде орын алды. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында патша өкіметі барлық амалдар мен айла-әрекеттерін қолданысқа енгізеді. Ал, өз кезегінде экономикасы нашар, әскери қуаты әлсіз және ортағасырлық даму сатысынан көтеріле алмаған феодалдық Қоқан мен Хиуа хандықтары Ресей империясына төтеп беруге шамасы жетпеді. Оған Қоқан хандығындағы азамат соғысы, Хиуа хандығындағы түрікмендер мен қарақалпақтардың көтерілісі және Хиуа, Бұхар және Қоқан хандықтарының өзара үнемі соғыстары қосылды. Яғни, нақты қорытар болсақ, Орталық Азия мемлекеттері өзара ынтымағы болмағандықтан, патша өкіметінің басқыншылық саясатына қарсы тұруға шамасы жетпей, біртұтас майдан құра алмады. Нәтижесінде, уақыт көрсеткендей патша әскерлерінің Сыр өңірі арқылы Орталық Азияға ешқандай кедергісіз баса-көктеп кіруіне жағдай жасалды. Дегенмен Райым бекінісінің әскери стратегиялық жағынан маңызы зор болып, орыс әскерлеріне Қоқан хандығының иелігіне кіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар Сыр бойындағы қоқандықтардың ең мықты бекінісі саналатын Ақмешітті басып алуға қолайлы жағдай жасады. Сол уақыттары Қоқан хандығы патша өкіметінің қазақ даласы мен Орталық Азияға басып кіруіне байланысты қарсы тұру үшін және жергілікті қазақтарды өз ықпалында сақтап қалу мақсатында Сыр бойына Ақмешіт бекінісімен қатар Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт, Күмісқорған, Шымқорған, Қосқорған, Дінқорған және тағы басқа да бекіністер тізбегін салып, Ақмешіт бекінісін осы бекіністердің орталығына айналдырды. Ақмешіт бекінісі бастапқыда Сырдың сол жағалауына салынып, кейін сауда керуендерінен салық жинауда қолайсыз болғандықтан өзеннің оң жағалауына көшіріледі. Бекініс екі қорғанмен қоршалып, сыртқы қорғанның аумағы 12 шақырым, биіктігі 7 аршын, 3 қақпасы болды және

жан-жағы екі сажын суға толған ормен қоршалды. Бекіністің ішінде негізінен жаппас, алтын, бағаналы, табын, керей сияқты рулардан құралған 450-ге жуық қазақ үйлері орналасып, ішкі қорғанда 50-ге жуық саздан соғылған үйлерде Ақмешіт бегі мен 150-ге жуық түркімендер мен сарттар тұрған. XIX ғасырдың 50-жылдарында Сыр бойына басып кірген патша өкіметі бүкіл қазақ даласын империя иелігіне қосуды аяқтау мақсатында В.А.Перовскийдің жобасын мақұлдайды. 1852 жылы 18 сәуірде В.А.Перовский жаңа аймақтарға барлау жұмысын жүргізуге топограф Голов басқарған 80 адамнан тұратын топты Сыр бойына аттандырады. Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский барлауға шыққан Головтың әскери тобына Сырдарияның оң жағалауынан жоғарыға қарай Қоқанның Ақмешіт бекінісіне дейінгі жерлерді картаға түсіруді міндеттейді. Ал бұл кезде, яғни, 1852 жылы сәуір айында патша өкіметінің қаупі анық төне бастағасын Ақмешітке 2000 қоқан әскері келген еді. Оның 400 сарт болса, 1600 қазақтар болған. Сарттар Ташкенттің бегі Ешмұхаммедке бағынса, қазақтар Ақмешіттің елбегі Абдуали бекке бағынған. Бұл әскердің құрамында Кенесарының ұлдары Тайшық, Осман, Кенесарының ағасы Саржанның ұлдары Қошқарбай мен Иса болған. Бекіністің өзінде 8 зеңбірек болған. Алайда бұл әскерлердің барлығы бекініске орналастырылмады. Өйткені бекініске 1000 адамның өзі көптік ететін. Міне қоқандықтардың осы күші поручик Головтың алдына қойған мақсатына жеткізбейді. Ақмешіт бекінісіне 80 шақырым қалған кезде Ақмешіт түбінде тұрған қоқан әскерлері поручик Головқа өз өкілдерін жіберіп, олардың үзілді-кесілді тоқтауын және кейін қайтуын талап етіп, егерде бұл талап орындалмаған жағдайда күш қолданатындығын ескертеді. Осы жағдайдан кейін барлау тобы Қызыл Жыңғыл шатқалына дейінгі жерлерді картаға түсіріп, Райым бекінісіне оралады. Поручик Голов басқарған барлау топтарының сапары сәтсіз аяқталса да Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский сол жылы қайтадан полковник И.Бларамбергтің басшылығымен ірі әскер жасақтап, оған тек барлау жұмысын жүргізіп қана қоймай, мүмкіндік болса Ақмешіт бекінісін басып алуды тапсырады. В.А.Перовскийдің нұсқауын орындауға шыққан полковник Бларамберг 1852 жылы

3 шілде күні 30 күнге жететін азық-түлігін алып, 3 зеңбірегі бар 300-ден астам әскерді бастап жорыққа шығады да 18 шілдеде Ақмешіт бекінісіне жетеді. Олар шілденің 20-да таң алдында әрқайсысы 100 адамдық екі колоннаға бөлініп, бекіністі шабуылдайды. Алайда, басым бөлігі қазақтардан тұратын қокандықтардың негізгі күші бекініске дер кезінде көмекке жетіп, жауға қарсы шабуылға шығады және орыс әскерлерінің 15 адамын өлтіріп, 57 адамын жаралайды. Ауыр шығынға ұшыраған орыстар 23 шілдеде кейін қарай шегінеді. Бірақ, полковник Бламберг Ақмешіт түбінде тас-талқан болып жеңілгенімен, Сырдарияның негізгі бөлігін зерттеп, оны картаға түсіреді және жолында жатқан қокандықтардың Күмісқорған және Шымқорған бекіністерін талқандап кетеді. Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский болса Полковник Бларамбергтің Ақмешіт түбінде талқандалғанына қарамастан жорық кезінде жеткен осы табыстарына жоғары баға береді. Алдыңғы екі жорықтан мол сабақ алған және құнды барлау мәліметтер жинап, оған талдау жасаған Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский Ақмешітті алу үшін алдымен Сыр бойына бірнеше бекіністер салу қажет деген қорытындыға келіп, патша өкіметіне мәлімдеме жасайды. В.А.Перовскийдің ұйғарымы бойынша Қазалы аңғарында №1 форт, Қармақшыда № 2 форт, Күмісқорған бекінісінің орнына № 3 форт тұрғызылып, жергілікті қазақтар туралы саяси және әскери мәліметтер жинастыруға шығыс тілдерінің маманы Осмоловскийді Сыр бойына арнайы тапсырмамен аттандырады. Осмоловскийге Ақмешіт бекінісінде орналасқан қокандық әскерлердің саны мен құрамы, Кенесарының ұлы Сыздық төре бастаған қазақтар туралы, Орта азия хандықтарының саяси жағдайы, Сыр бойындағы қазақтардың патша билігіне деген көзқарасы және тағы басқа да мәліметтер әкелу тапсырылады.

Осы шаралардан басқа Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский Есет Көтібарұлы, Елекей Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы сияқты Кіші жүз қазақтарының батырлары мен сұлтандарын жорыққа қатысуға көндіруді Арал бекінісінің басшысына жүктейді. Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийдің Ақмешітті алу үшін жасаған келесі бір ай-

ласы қокандықтар мен хиуалықтардың орыстарға бірлесіп қарсы шығуына тосқауыл қою үшін оларға қарсы дипломатиялық әдістер қолданады. Екі хандықтың арасындағы араздықты өршітіп, Хиуаны соғысқа араласпауға көндіреді. Сонымен қатар В.А.Перовский Кіші жүздің сұлтан-правительдеріне жорыққа қажетті заттарды таситын түйелерді қазақтардан еріксіз жинап алу жөнінде тапсырма береді. Патша әкімшілігі Ақмешітке жорық жасайтын әскердің қауіпсіздігіне де алаңдап, оның алдын алу шараларына кіріседі. Осыған байланысты патша әкімшілігі жорық кезінде әскердің жолында орналасқан қазақтар қарсылық жасауы немесе құдықтардың көзін жауып, түйелерін жем-шөпсіз қалдыруы мүмкін деп, қазақ ауылдарына Ақмешітке қарай жорыққа шыққан әскердің жол бағытына көшіп-қонуға тыйым салады. Патша әкімшілігінің бұл қорқынышы шындыққа жақын еді. Өйткені, Сыр өңірінің қазақтары өздерін жаулауға шыққан патша әскерлерінің жорығына барынша зиян келтіріп, оны әр түрлі амалдармен тоқтатуға тырысты. Тіпті, жергілікті тұрғындар патша әскерлеріне Ақмешітке баратын оңай жолды көрсетуден бас тартқан. Мәселен, Сырдария шебінің қолбасшысына жіберген Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийдің нұсқауында былай делінеді: «...Ал Досбол би осының алдында да бізге оң пейілін көрсетпеген болатын. Сұлтан басқарушылардың талабы бойынша оған Ақмешітке баратын жолдарды көрсет деген кезде, ол және оның руластары Жөлектің маңында көшіп жүрсе де, жолды білмейтіндігін айтып, жол көрсетуден бас тартты». 1853 жылы 22 сәуірде әскер саны анықталғаннан кейін Ақмешітке қарай жорық басталады. Мұрағат деректері бойынша жорыққа 1 генерал, 6 штаб офицері, 34 обер-офицер, 16 шенеунік, 113 унтер-офицер, 9 кернейші, 1561 қатардағы жауынгер, 424 саптан тыс жауынгерлер қатысқан. Патша өкіметі бұл әскери іс-шараға жоғары деңгейде дайындалғаны соншалықты, оған сол уақыттағы орыс әскерінің барлық түрлері: жаяу әскер, атты әскер, зеңбірек батареялары, инженерлік топ, саперлік бөлім, казактар және әскери флотилия кірген. Жорыққа кейін тағы да 2 обер-офицер мен 158 жауынгер қосылып, жорық әскері 1068 түйеге артылған азық-түлікпен қамтамасыз етілген. Бутаков бастаған «Перовский» кемесі мен «Обручев» баркасы

қосымша күш ретінде Сырдария өзенімен жорық әскеріне ілесіп жүзген. Ақмешітке жеткен В.А.Перовский бастаған патша әскерлері бекініске тіке шабуылға шығуға бата алмай, бекіністі қоршауға алып, батареяларды орналастыру үшін оның жан-жағынан траншеялар қазады. Бекіністі қорғаушыларға сырттан көмекке әскердің келмеу амалын қарастырған В.А.Перовский Жаңадариядағы тоспаны бұзып жібереді. Кейін орыстардан осы амалы өз-өзін ақтайды. Өйткені, Ақмешітке көмекке келе жатқан қоқандықтардың әскері дәл осы тоспадан жайылған судан өту үшін өткел іздеп, уақыттарын босқа өткізіп алады. Дегенмен жорыққа алып шыққан әскердің азық-түлігі санаулы күнге ғана жететін болғандықтан, В.А.Перовскийдің бекіністі қоршау арқылы бағындырмақ болған жоспары іске аспады. Оған қоса бекініс маңайындағы қазақтар да басқыншыларға мал мен жемшөп сатудан бас тартты. Қалыптасқан жағдайды талдаудан өткізген В.А.Перовский енді шешуші шабуылға көшпесе, онда жағдайының мүшкілге айналатынын біліп, 1853 жылы 8 шілдеде барлық батареялардан бекініске қарай оқ жаудыруға бұйрық береді. Бекіністі қорғаушылардың ерліктері сонда, олар жаудың күші әскери техникалық жағынан да, адам саны жағынан да көп басым болғанына қарамастан ұзақ уақыт төтеп бергені былай тұрсын, патша әскерлерінің зеңбіректерден атқылауына қарсы шабуылмен жауап беріп, бірнеше орыс әскерін өлтіріп кетеді. Бекіністі қорғаушылардың ерлігіне В.А.Перовскийдің өзі де таң қалып, Булгаков деген досына жазған хатында ол былай дейді: «Бекіністегі 300 адамды өз еркімен берілуге мәжбүр ете алар емеспіз». Ақмешіт бекінісін қорғаушылар өз күштерінің әлсіздігіне қарамастан, орыс әскерімен үш аптадан аса аянбай соғысады. Әйтсе де, сол уақытта Қоқан ханы Құдияр мен Ташкент бегі Мәлібектің арасындағы өзара таластар, Ұратөбе билеушісі Абду-Гафардың Құдияр ханға қарсы шығуы сияқты Қоқан хандығының өз ішіндегі бытыраңқылық Ақмешіт бекінісінің Ресей империясының иелігіне тез өтуіне ықпал жасайды. Бірақ, осыған қарамастан, ташкенттіктер Ақмешітті қорғап жатқан өз қандастарына көмекке әскерлерін жібереді. Қоқандықтардың күшті әскері Ақмешітке қарай көмекке келе жатыр деген хабар алғаннан кейін, В.А.Перовский жолдағы өткелдерден қоқандық-

тарды өткізбеу үшін, күшейтілген орыс әскерлерін жібереді де, генерал Падуровқа Жөлекті алуды тапсырады. Генерал Падуров Жөлекті алып, жағдайы жеңілдегеннен кейін, В.А.Перовский Санкт-Петербургтен алып келген гальваникалық құралдарды қолдану арқылы Ақмешіт бекінісінің қабырғасын бұзып қиратады да, күшті артилериялық атқылауға ұшыратады. Осыдан кейін ғана, В.А.Перовский бекіністегілердің берілуге дайын тұрғанына қарамастан 27 шілдеде 3 мыңдай жақсы қаруланған әскермен бекіністің ішіне басып кіреді. Ақмешіт үшін болған шайқаста қорғаушылардан 206 адам өліп, 35 адам жарақаттанса, орыстар жағынан 9 адам өліп, 16 адам ауыр жарақат, 30 адам жеңіл жарақат алған. Мұрағат құжаттарына назар аударсақ, тұтқынға түскен 74 коқандықтың біреуі ғана бұхаралық саудагер болса, қалғандарының барлығы да сол жердің қазақтары болып шыққан және олардың бәрі де орыс билігіне қарсы шықпаймыз деп уәде берген соң ауылдарына қайтарылған. Ақмешітті басып алған патша өкіметі бекініске мыңға жуық әскермен бірге 16 зеңбірегі бар күшті гарнизонды орналастырады. 26 тамызда І Николай Ақмешіт бекінісін Орынбор генерал-губернаторының құрметіне «Перовский» форты деп өзгертті. Осылайша В.А.Перовский бастаған орыс әскерлерінің Сыр бойына жасаған басқыншылық жорығы Ресей империясы үшін әскери стратегиялық және саяси – экономикалық жағынан аса маңызды болды. Яғни, орыс әскерлерінің Ақмешітті басып алуы Ресей империясының иелігіне 500 шақырымдық жерді қосып қана қойған жоқ, енді бүкіл Кіші жүз қазақтарының жайлауларымен бірге қыстауларына да бақылау жасауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Ақмешіттің алынуы патша әкімшілігіне Орынбордан Ташкентке баратын сауда жолдарына иелік жасауына және билігіне өткен Кіші жүз қазақтарынан жинаған түтін салығы қазынаны толтыруға септігін тигізді. Дегенмен Ресей империясының Еуропалық мемлекеттермен «Шығыс мәселесі» бойынша туындаған Қырым соғысының басталуы патша үкіметінің Сыр бойына қарай жасаған басқыншылық соғыстарын уақытша тоқтатуға мәжбүр болады.

**2.** Әскери және саяси-экономикалық жағынан үлкен маңызы бар Ақмешіт бекінісінен айрылып қалғанына көңісі

келмеген қоқандықтар орыс билігінен оны қайтару жолында барынша күштерін салып, жанталаса күресті. Өкінішке орай Қоқан хандығындағы билік үшін талас-тартыс пен қазақ қыпшақтары мен сарттардың арасында болған азамат соғысы Ақмешіт қоршауда қалғанда оған дер кезінде көмекке келуіне және орыс әскерлеріне тойтарыс беруге мүмкіндік бермеді. Яғни, Қоқан хандығындағы отырықшы халықтармен көшпенділердің арасында жиі-жиі болып тұратын билік үшін соғыстың салдарынан қоқандықтардың орыстарға қарсы күресі жүйелі түрде болмай, үзіліп қала беретін. Дегенмен Қоқан хандығындағы азамат соғысына қарамастан қоқандықтар Ресей империясының қол астына өткен Ақмешіт бекінісін қайтарып алу үшін бірнеше рет жорықтар ұйымдастырудың сәті түседі. Өкінішке орай оның бәрі де қоқандықтардың жеңілісімен аяқталады. Мысалы, Қоқан ханы бас қолбасшы Жақыпбекті 12 мың әскерімен Ақмешітті басып алуға аттандырған кезде, Перовск фортындағы 1055 адамнан тұратын гарнизон оларға қарсы шабуылға шығып, Жақыпбекті қашуға мәжбүр етеді. Қоқандықтар бұл шайқаста мыңдаған адамы мен 17 зеңбірегінен айрылып, бүкіл мүлкі орыстардың қолына түседі. Келесі жорықты 1853 жылы 24 тамызда Ташкенттен Сәбден қожа бастап, оған 7 мың Ұлы жүз қазағы мен 700 хиуалық қазақтар қосылады. Қоқандықтардың Ақмешітке жасаған жорығы орыстарға көп шығын әкелсе де сәтсіз аяқталады. Сәбден бастаған жорыққа Хұдияр хан бастаған сарттар мен өзбектер ешқандай көмек бермейді. Ташкенттіктермен шайқасуға Перовск фортынан тойтарыс беру үшін Бородин бастаған 1 рота жаяу әскер мен 150 Орал казағы және үш зеңбірекпен қарсы шығып, шешуші шайқас Перовскіден 28 шақырымдағы Құмсуат деген жерде өтеді. Шайқас 11 сағатқа созылады да орыс әскерлерінің жағдайы ауырлай түседі. Сол кезде «Перовск» фортынан подпоручик Эсмонның басқаруымен қосымша күш келіп жетеді де ташкенттіктерді Түркістанға қарай ығыстырады. Бұл ұрыста орыстар жағынан 5 адам өліп, 21 адам жараланса, ал қоқандықтардан 192 адам өледі. Сол жылы ташкенттіктер Ақмешітті қайтарып алу жолында тағы да әрекет жасап көреді. 24 қарашада басталған жорықты Ташкент қазақтары Софы бек пен мыңбасы



Қасым басқарады. Жорыққа түйелерге жегілген 17 зеңбірегі бар 10 мыңнан аса адам қатысып, 4 желтоқсанда олар Жөлекты басып алады да, 14 желтоқсанда Ақмешіттің түбіне келіп орналасады. Бұл жолы да ташкенттіктерге Қоқан тарапынан көмек берілмейді. Ал Хиуа хандығы болса әскері жаппай жұқпалы ауруға шалдыққандықтан қолдау көрсете алмайды. Шайқас кезінде ташкенттіктер бекініске тіке шабуыл жасамай, орыс әскерін бекіністен шығуын күтіп, үш күн бойы оны қоршауда ұстайды. Бекініс бастығы подполковник Ионей де, ашық соғысудан жалтарып, бекініс маңындағы пикеттер мен бақылаушы орындардағы әскерлерді форттың ішіне жинайды. Бұл кезде фортта 1055 әскер мен 17 зеңбірек орнатылса, Сырдария өзенінің жағасында «Перовский» әскери кемесі тұрды. 16 желтоқсанда ташкенттіктер әскери күшін Сырдарияның солтүстік жағалауына бағыттап кеме мен фортқа бір мезгілде шабуыл жасайды. Бірақ олар артиллериялық атқылаудың астында қалып кейін шегініп кетеді. Осы шайқастан кейін орыстар қорғаныс тактикасын өзгертіп, батыл іс-қимылдарға көшеді. 18 желтоқсанда түнде майор Шкуп 4 ауыр және екі жеңіл зеңбірегі бар 590 әскермен бекіністен шығып, қоқандықтарды шабуылдаса, жүзбасы Карамышев 450 казакпен ташкенттіктердің оң қанатына тиіседі. Дегенмен ташкенттіктер тез естерін жинап орыс әскерлерін қоршап алады. Нәтижесінде орыс әскерлері ауыр жағдайда қалады. Осы кезде прапорщик Алексеев пен штабс-капитан Погурский бекіністе қалған әскерлерді алып екі бағыт бойынша тұтқиылдан соққы береді. Ташкенттіктердің абыржып қалғанын байқаған майор Шкуп олардың бүкіл зеңбіректерін басып алады. Орыс әскерлерінің батыл қимылдарына төтеп бере алмаған ташкенттіктер кейін қарай қашуға мәжбүр болады. Оларды подполковник Огареев бастаған орыс әскерлері 4 шақырымға дейін қуып тастайды. Осы шайқаста ташкенттіктер 2000 адамынан өлдей айырылса, орыс әскерлері тарапынан 18-і оққа ұшып 38-і жараланады. Бұл жорықтарға қатысқан сарбаздардың басым көпшілігі негізінен қазақтар құрағанын мұрағат құжаттары дәлелдейді. Мысалы, шанышқылы руынан шыққан Мәмбет есімді қазақ Сәбден қожа басқарған әскерде мыңбасы лауазымын иеленіп, Ақмешітті азат етуге қатысқан. Дегенмен,

патша өкіметінің хандықтың Сыр бойындағы ең мықты бекінісі Ақмешітті басып алуына қоқандықтар шыдап отыра алмай, оны қайтарып алу жолында бірнеше әрекеттерге барады. Оған Хиуа ханының қоқандықтарға жіберген талабы да түрткі болса керек. Сырдария шебі бастығының Орынбор корпусының бастығына берген мәліметінде осыған байланысты жағдайды көруге болады: «...өткен жылы 18 тамызда Хиуаға жіберілген қоқанның елшісі келді. Оған Хиуа ханы Бошай бастаған жүз шақты қазақтарды мылтықпен қаруландырып қосып береді де былай деп мәлімдеген: егер де қоқандық хан Ақмешітті ала алмаса, онда орыс бекінісін өзім барып босатамын да ондағы қазақтарды өзіме қосып аламын деген». Хиуалықтардың белсенділігінен қауіптенген Қоқан ханы Түркістан, Ташкент сияқты қалаларда әскер санын жинақтап, зеңбіректер құю үшін қала халықтарынан мыс ыдыстар жинап, Ақмешіттің маңайына әскерді шоғырландыру мақсатында Жетітөбе сияқты бекінісін салады. Сонымен қатар, қоқандықтар Ақмешітті қайтарып алу жолындағы әрекеттерге кірісіп кетеді. Олар Түркістан, Ташкент сияқты қалаларда әскер санын жинақтап, Мұстафи бастаған шеберлер зеңбіректер құю ісімен айналысады. Бұл шаралардан басқа Қоқан хандығы жергілікті қазақтарды орыстарға қарсы күресуге шақырған үндеулер таратып, әскерге жасақ беруге үгіттейді. Өңірге басып кірген басқыншыларға наразы болған қазақтар бұл үндеулерді қолдап жан-жақтан Қоқан әскеріне қосыла бастайды. Мысалы Қаратауда көшіп-қонып жүрген қоңыраттар Қоқанға Өсімбайдың басқаруымен 3 мың жігіт берсе, Кенесарының ұлы Уәли 7 мың қолмен қоқандықтарға қосылған. Басқыншыларға қарсы күресте Сыр бойындағы қазақтардың бір бөлігін басқарған Кенесарының ұлдары үлкен белсенділік танытып, Қоқанды барынша қолдап, тіпті хандықтағы белді әскери басшылық дәрежелерін иеленген. Мысалы Кенесарының бір ұлы Тайшық Созақ бекінісінің басшысы болған. Құмсуатта көшіп жүрген қазақтар орыс әскерлерімен шайқасу үшін мылтыққа оқ-дәрі дайындау үшін қолдан күкірт жасауды үйренген. Алайда, оны дер кезінде біліп қалған Сыр бойындағы патша әскери-әкімшілігінің бастығы Осмоловский 1854 жылы 31 ақпанда қазақтардың күкірттерін күшпен тартып алады да, өздерін аяусыз

жазалайды. Алайда қоқандықтардың Ақмешітті қайтарып алмақ әрекеттері басталмай жатып-ақ сәтсіздікке ұшырайды. Себебі Қоқан хандығындағы саяси жағдай қайтадан шиеленісіп азамат соғысы басталады және тақ үшін талас-тартыс тағы да өз күшіне мінеді. Екінші жағынан Бұқар хандығы да Қоқанға қауіп-қатер төндіріп, хандықтың жағдайы қиындай түседі. Тіпті Қоқанның билігіндегі қоңыраттар Бұхар әмірлігіне қосылу мақсатында өздерінің араларынан Аликен дегенді хан көтеріп, Қоқан ханына қарсы бүлік шығарады. Қоқандықтар оларды ығыстыра бастаған кезде, 5 мың қоңыратты бастаған Аликен хан Бұхар әміріне келіп көмек сұрайды. Ол Бұхар әмірінен қоқандықтарды Түркістаннан қуып шығып, қаланы әмірге беретінін мәлімдейді және өзіне көмек ретінде әскер беруін өтінеді. Осы жағдай Сыр бойына бекініп алған Ресей империясы үшін Оңтүстікке қарай жылжуға мүмкіндік берсе де, патша өкіметі бұл қолайлы сәтті пайдалана алған жоқ. Өйткені Түркиямен болған соғыс, Есет Көтібарұлы бастаған қазақтардың көтерілісін басуға күштердің бөлінуі патшалық Ресейдің өңірде қажетті әскери күштерді топтастыруға шамасы келмей, Қоқанға қарсы шешуші әрекеттерге бара алмады. Сондықтан сырдариялық әкімшілік Қоқанды қолдаған немесе оның иелігіне көшіп кеткен қазақтарға қысым көрсету мақсатында өз билігін мойындаған қазақтарды барымтаға жұмсап, қазақтарды бір-біріне айдап салумен айналысты. Сонымен қатар 1853 жылдың аяғында В.А.Перовский қазақтың сұлтаны Елекей Қасымұлына және басқа да қазақ билеушілеріне кіші-гірім қарулы әскер жасақтап Ресей билігіне өтпеген қазақ руларының малдарын айдап әкелу туралы нұсқаулар береді. 1854 жылы 11 ақпанда жүктелген міндетті «адал» атқарып, Ресей билігіне шын ықыласымен қызмет атқарған шөмекейлердің басшысы старшина Елекейге патша өкіметі 200 сом ақша және оның хатшысына 50 сом жалақы тағайындайды. Елекейдің «қызметін» шебер пайдалана білген Сыр өңіріндегі патша билігі оны қоқандық қазақтарға ғана емес, Хиуа иелігінде көшіп жүрген қазақтарға да, яғни, Елекей бастаған шөмекейлер әлімдер, яғни, шектілер, жақайымдар және қаракесектердің ауылдарын тонап қайту үшін барымта жасауға жіберіп тұрған. Руаралық жанжалдарды одан әрі өршіте беруді жөн көрген патша әкім-

шілігі 1860 жылы 15 қыркүйекте би Садыр Алтыбаев пен оның бауыры Тулақ және Қазанат бастаған шөмекейлерді Жаңадариядағы Заңғар сайында көшіп жүрген әлімдерге жұмсап, қарасақалдардың үш ауылын, төртқаралардың төрт ауылын, тіншілердің 10 шаңырағын тонап алдырады. Патша әкімшілігі Ресей билігін мойындағысы келмеген әлімдерге шөмекейлерді айдап салып қана қоймай, олардың өздерінің арасына да от тастап, бір-біріне қарсы қояды. Атап көрсетсек, Осмоловский Көкаралда төртқаралармен бірге көшіп-қонып жүрген жақайымдарды әртүрлі жолдармен ығыстырып шығарады да, ол жерді түгелімен төртқараларға алып береді. Ал, жақайымдар болса жайылымнан таршылық көрген соң, төртқаралармен жер үшін талас-тартысқа түседі. Патша әкімшілігі әлімдердің арасында туғызған жасанды жер дауымен шектелмей, осы айлаларын қазақтың басқа да руларына қолданады. Мәселен, 1860 жылы патша әкімшілігі №2 форттың маңындағы алаша руына қарасты аманқұл бөлімшесі қазақтарына тиесілі Жамандарияның жағалауындағы Оразбайдан бастап Қарғалы сайына дейінгі шабындық жерлерді Қарақұмнан көшіп келген алтын руының Байназарына тартып алып береді де, алашалар мен алтын руларын өзара қырылыстырып қояды. Сырдағы патша әскери-әкімшілігі кішігірім қарулы әскерлерді Елекей Қасымұлына ғана емес басқа да қазақ билеушілеріне жасақтап беріп, Қоқан мен Хиуа иелігіндегі Ресей билігіне өткісі келмеген қазақ руларының малдарын айдап әкелуге жұмсап отырады. Соның бір мысалы ретінде 1861 жылы 17 қаңтарда Қызылқұмдағы қоқандық қазақтардың ауылын талқандау үшін Шыңғыс Жантаев пен Әділ Сауқұмовты өз қазақтарымен аттандырған. Патша әкімшілігі қазақтарды барымтаға жиі-жиі жіберіп отырғандығын келесі бір дерек көзінен көруге болады. Онда Сырдария шебінің бастығы Фитингоф Перовскийге былай деп мәлімдейді: «Орынборлық қырғыздардың белсенділік танытуының нәтижесінде Созақ қамалы маңынан 40 түйе және 100-ден астам жылқы айдалып әкелінді». Осыған қарамастан Ресей билігін мойындаудан бас тартқан қазақтар Қоқан мен Хиуаның иеліктеріне көшіп кетуін тоқтатпайды. Мысалы Пірәлі Өтетілеу мен Әли Мүсірепұлы билер бастаған қазақтың 200 ауылы Хиуа мен Бұқар хандықтарының жеріне

көшкен. Тіпті, көшіп кетушілер легінің көп болғаны соншалықты оларды Сырдария шебінің бастығы Фитингофтың өзі артынан қуған кездері болған. Кейбір қазақ руларын орыс әкімшілігі қорқытып, үркіту арқылы ұстап отырған. Мысалы, 1855 жылы көктемде Жөлек түбіндегі қазақ рулары Жаңақорғанға көшпек болғанда оны сезіп қалған орыс әкімшілігі рубасшыларын Перовскіге шақыртып алып, оларды райларынан қайтуға мәжбүрлейді. Осыған қарамастан Ресей билігіне деген наразылық өз жалғасын тауып отырды. Бұл наразылықты Кенесарының баласы Тайшық ұйымдастырды. Ол өз жасақтарымен орыс әскерлеріне тұтқиылдан тап беріп, партизандық әдіс-тәсілдермен соғысады. Тайшық бастаған 1500 қазақтар Бурабай бекетіне шабуыл жасап, орыстар қиратып кеткен Жөлек бекінісін қалпына келтіруге тырысады. Бірақ капитан Шкупа мен старшина Бородин бастаған орыс әскерлері оған жол бермейді. Сонымен қатар Кенесарының балалары орыс билігін мойындап, патша үкіметіне салық төлеп отырған қазақ ауылдарына да тыныштық бермейді. 1855 жылы 13 қыркүйекте Кенесарының келесі бір ұлы Ахмет пен ханның немере інісі Көкше Есенгелді қыпшақтардың ауылын шауып, 293 жылқысы мен 90 түйесін айдап кетсе, Тайшық бастаған 60 қазақ Қарасу алқабында мекендеген қыпшақтардың ауылын тонап кетеді. Негізінен Ресей билігіндегі қазақтарға шапқыншылықты Ташкент пен Түркістан маңайындағы қазақтар жасаған. 1858 жылы 3 маусымда Түркістан бегі бастаған қоқандықтар шабуылға шығады. Бірақ қоқандықтар жеңіліс тауып кері қайтады. Шайқас кезінде Кенесары ұлы Тайшық пен Түркістан бегі тұтқынға түсіп қала жаздайды. Осылайша бүкіл Сыр бойын өз билігіне бағындырмақ болған патша әкімшілігінің отаршылдық саясатына қазақтардың наразылығы уақыт өткен сайын күшейе түседі. Міне осы кезде Перовск фортын басқа бекіністермен байланыстырған патша үкіметі Сыр бойындағы иелігін кеңейту үшін Қоқан хандығына қарай жаңа жорықтар жасау мақсатында дайындық жұмыстарына кіріседі. Алайда 1856 жылы басталған қазақтардың көтерілісі бұл жоспарды уақытша жүзеге асырмай тастайды. Бұл көтерілістің орыстарға қауіпті болғаны соншалықты патша әкімшілігі Қоқан хандығымен арадағы байланысты жақсартуға

көп күш жұмсайды. Тіпті орыстар Перовскіде тұтқында отырған барлық қоқандықтарды ешқандай шарт қоймай босатып жіберуге мәжбүр болады. Бұл көтерілістің өте қауіпті болғанын Н.И.Добросмысов былай деп келтіреді: «Біздің басшылық Жанқожамен ерегісіп қалады да өздеріне қауіпті жау тауып алады. Өйткені Жанқожаның халық арасындағы беделіне ешкім шек келтіре алмайтын еді». 1856 жылы желтоқсанда басталған Сыр қазақтарының көтерілісі Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы тікелей бағыттталып, оны шектілердің рубасшысы Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарды. Негізінде көтеріліс №1 форт маңынан қоныс аударушыларға егін өсіруге жер бөлген бекініс басшысының әрекетіне наразылық ретінде басталады. Өйткені қазақ отбасылары өздерінің егістік жерлерінен айрылып, егін салуға жарамайтын, егінді суаруы үшін ағын суы жоқ жерлерге қуылды. Сондай-ақ Арал өңіріне орыстар келген кезден бастап қазақтар оларға түтін салығын төледі және басқа да әр түрлі міндеткерліктерді атқарды. Яғни қазақтар жолдарды жөндеуге, көпірлер салуға, су жүретін арықтарды тазалауға, жергілікті әкімшілік мүшелерін асырауға, жолсапарға шыққан шенеуніктерге қаражат бөлуге, іссапармен келген қызметкерлерге үй беруге, оларға отын жеткізіп беруге міндетті болды. Сонымен қатар жергілікті патша әкімшілігі бекіністерді салу үшін мыңдаған қазақтарды еріксіз айдап әкеп, тегін жұмысқа салды. Сондықтан патша өкіметінің қазақтарды қанауға бағытталған іс-әрекеттері халықты ашындырып, ашық түрде көтеріліске ұласты. Көтеріліс бүкіл Қазалы аймағын қамтып, оған үш мыңнан аса адам қатысты және орталығы Жаңақала бекінісі болды. Орал бекінісінің бастығы Михайлов Сырдария шебінің бастығы Фитингофқа жіберген құпия хабарламасында «Жанқожаның қарақшылары арасында қарасақалдар, кішкене шектілер және төртқаралардың бір бөлігі бар» деп хабарлады.

Бұл рулар әлімұлы тайпасына жататын еді. Ұрыс қарсаңында көтерілісшілерге шекті руларынан басқа құмды аудандарды мекендеген қазақ рулары қосылады. Көтерілісті Жанқожамен бірге Сұлтанбөрі, Дабыл, Қожа Баймұхамед және басқалар басқарады. Көтерілісшілер шотпен, сойылмен, кетпенмен қаруланды. Тек азын-аулақ адамдардың ғана мылтықтары

болды. 1856 жылы желтоқсанның орта шенінде Жанқожаның жасағы алдымен казактар мекендеген Солдатская слобода поселкасын жойып, шөп жауып жатқан Обертышевтың үш казак орысын тұтқындап, кейін үшеуін де өлтіреді. Сол жылы 24 желтоқсанда Жанқожа Қазалы фортына шабуыл жасайды. Бекіністі қорғап тұрған казактардың жүздігі, елу жаяу әскер және 1 зеңбірегі бар орыстардың әскерін басқарған Михайлов көтерілісшілерге қарсы шығады. Алайда орыстар шабуылдаушыларға оқ жаудырып қарсы алады. Қатарлары сиреген көтерілісшілер кейін шегінеді де Сырдың төменгі жағында шабылып, жиналып қойылған шөптерін өртеп кетеді. Осы кезде көтерілісшілер майор Булатов бастаған орыс әскерлерінің екінші тобымен шайқасқа түседі. Дегенмен соғыс қимылдары желтоқсан айының аяғына дейін созылып, алма-кезек жағдайда өтеді. Кенеттен басталған көтерілісті басуға Орынбор генерал-губернаторы Перовский Сырдария шебінің бастығы Фитингофқа бұйрық береді. Ал Жанқожа бастаған көтерілісшілер болса Қазалы фортына қайтадан шабуыл жасау үшін түпкілікті түрде дайындалады. 1857 жылы қаңтар айында көтерілісшілердің саны бес мыңға жетеді. Перовскийдің нұсқауын орындаған Фитингоф 9 қаңтарда 1 зеңбірегі және 2 ракеталық станогі бар 300 казак пен 320 жаяу әскерді бастап жолға шығады. Көтерілісшілермен қақтығыс сол күні Қазалыға жақын жердегі Арықбалық алқабында өтеді. Қамыс арасында жасырынған казак мергендері орыс әскерінің ту сыртына оқ жаудырып, алты адамын жаралайды. Шайқастың шешуші кезеңінде көтерілісшілер шабуылға шығады. Бірақ зеңбірек пен мылтықтардан атылған оқтардың астында қалған көтерілісшілер ауыр шығынға ұшырап, кейін қарай қашуға мәжбүр болады. Ауыр жараланған Жаңқожаның өзін көтерілісшілер оқтың астынан әрең аман алып шығады. Жеңіліс тапқан көтерілісшілерді патша әскерлері аяусыз жазалап, ауылдарын тонап, 212 үйін өртейді. Олжаға түскен ірі қараның өзі 20 мыңнан асады. Алайда Хиуа ханы түркімендермен соғысып жатқандықтан оған көмек бере алмайды. Жаңқожа Нұрмұқамедұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі осылайша аяқталып, жеңіліске ұшырайды. Көтерілістің жеңіліске ұшырауының басты себебі, оның жете ұйымдаспағаны

және ол кезде заманының ең озық әскери техникамен күшті қаруланған орыс әскерлеріне қарсы найза, қылыш, садақпен қаруланған қазақ жасақтарының жеңіске жетуі мүмкін емес еді. Сонымен қатар көтеріліс Сыр бойы аймағынан шықпауы және қазақ руларының өзара ортақ іс-қимылдарының үйлеспеуі себеп болды. Сырдария қазақтарының көтерілісінің қайталануынан қорыққан патша үкіметі 1858 жылы бүлікке қатысқан қазақтарға кешірім беретін жарлық шығарады. Бұл жарлықта көтерілістің бәсеңдеуіне септігін тигізген. Сондай-ақ, патша өкіметі көтерілісшілердің үрейін алу үшін оларға Ресейдің күш-қуатын көрсетуге тырысқан. Осы мақсатпен 1860 жылы 19 мамырда Есет Төлепов пен төртқара руының биі Сердалы Бекчуринді Санкт-Петербургке патшаның қабылдауына жібереді. Осыларға қарамастан, көтеріліс өз жалғасын тауып отырған. 1860 жылы 10 тамызда Биманды Саржанов бастаған қазақтар Сыр бойына шабуыл жасаса, 1860 жылы 31 шілдеде Арал теңізінің маңындағы Кіші және Үлкен Борсықтың арасында Ақкете руына жататын Қанабет бастаған әртүрлі рудан құралған қазақтар орыс пикеттеріне шабуыл жасап, 200 жылқыны айдап кеткен. Соңына орыс әскерлері түскен соң, олар адайларды барып паналайды. Патша әкімшілігінің Қанабетті беру туралы талабына адайлар жауап та бермейді. Қанабетті ұстау үшін патша әкімшілігі мол әскер жіберген кезде адайлар оны қашырып жібереді. Әскерлер оны ұстай алмай кейін қайтқан кезде, Қанабет қайтадан орыстарға тосыннан шабуыл жасап, 1862 жылы 20 тамызда пошталарындағы 30 жылқыны айдап кетеді. Ақыры амалы таусылған патша әкімшілігі 1863 жылы төртқара руына қарасты сексеннің биі Жалмамбет Алтынтаевқа қарамағындағы 100 адаммен Қанабет Чутовты ұстап әкелуге бұйырады. Көтерілістің жергілікті қазақтарға әсер еткені соншалық, орыс билігін қабылдаған Есеттің өзі де көтерілісті қайтадан жандандырмақ болып Хиуаға көшуге әрекеттенеді. Алайда, Есеттің соңына мықты бақылау қойған патша әкімшілігі оның алдын алып үлгіреді. Перовск маңында жаппас Тілеуқабыл Досанов бастаған қазақтар 1859 жылы 10 наурызда орыс әскерінің кемелерге дайындаған отын қорын өртеп жібереді. Сыр бойындағы орыс шептеріне шабуыл жасап, орыстарды өлтірумен айналысқан Тілеуқабыл



Досанов хорунжи Нияз Мұхаммед және Көшірбаевпен бірге Түркістанның бегімен байланысып, олардан Перовскіге шабуыл жасайтын әскер сұраған. Оны кейіннен полковник Черняев 1863 жылы 30 мамырда Созақта ұстап алып Перовскге жібереді. Қолға түскен Тілеуқабылды патша әкімшілігі дарға асады. Ресей билігіне қарсы шыққан Перовск маңындағы қазақтарға қатаң жаза қолданған патша әкімшілігі қыпшақ руларының қазақтары Салдинов пен Жалпақовты орыс үкіметіне жасаған қылмыстары үшін әскери далалық соттың үкімімен ату жазасына кеседі. Көтеріліс 1860 жылы да тоқтамай сұлтан Бөрі, Жанқожа, оның ұлы Итжемес, немерелері Жанқұлы мен Жанмырза орыс билігіне қарсы әрекеттерін жалғастырған. Катенин 1860 жылы наурыздағы әскери министрге жазған хатында Жаңадария маңында старшина Елекей Қасымовтың басшылығындағы әскер 1860 жылдың қысында Жанқожа жасақтарынан талқандалғанын көрсетеді. Көтерілісшілердің құрамында Хиуадағы қазақтардың ханы Жанғазының туысканы Бөрі сұлтанның жүруі, наразылықтың кең сипат алғанын көрсетеді. Жанғазының өзі бұл кезде кәріліктен қайтыс болған еді. Оның мұрагері Назар сұлтан Хиуада болған түрікмендердің бүлігінен кейін Жаңадарияға көшіп келіп, №1 форттағы бекініс басшысына берілсе, ал Бөрі сұлтан болса Қызылқұмдағы Жанқожаға барып қосылады. Кейбір қазақ руларының билері көтеріліске тікелей қатыспаса да, 1860 жылы бұхарлықтармен келісе отырып, Сырдың сол жағалауындағы Перовскінің базарына арпа сатпақшы болған басқа қазақтарды өткізбеген. Осылайша, олар орыстарды экономикалық жағынан қыспаққа алуға әрекеттенеді. Көтерілістің аяғы 1862 жылы 8 ақпанда №1 форттың маңына Жанқожаның немере інісі Жанмырза Ақмурзин келіп, патша әкімшілігіне өз еркімен берілгеннен кейін ғана барып тоқтайды. Кезінде Жанқожа №1 фортты талқандау үшін Хиуа ханы мен Есет Көтібарұлынан көмек сұраған еді. Алайда, Хиуа ханы түрікмендермен соғысып жатқандықтан оған көмек бере алмайды. 1862 жылы қаңтарда түрікмендер Хиуаға тағы да қарсы шығып, оны қолдаған шектілерге жорық жасайды. Осыны пайдаланған патша әкімшілігі де шектілерге қарсы өз билігіндегі қазақтарды жұмсайды. Шектілерді қорғау үшін Хиуа ханы Сейд Мұхаммед Жаман бала

өз әскерлерін орыстарға қарсы шекараға аттандырады. Сонымен қатар, Ресей иелігіндегі қазақтарға төтеп беру үшін Хиуа ханы Қожанияздың ұлы Ерниязды қыста 1 мың қолмен Жаңадарияның бойындағы Шірік-Рабат сайында бекініс салуға және шөмекейлерді шабуға жұмсайды. Бұл әскердің басшысы болып қарасақал руының биі Қылыш Ақчин тағайындалады. Осылайша, Хиуа хандығындағы қазақтарды өзара қырылыстырып, Жанқожа бастаған көтерілісті талқандаған соң өзінің отаршылдық жоспарын одан әрі жүзеге асыруға кірісіп, патша әкімшілігі ташкенттіктердің ірі қамалы Жаңақорғанды басып алуға ұмтылады. 1861 жылы 22 қыркүйекте 7 штаб-офицер, 32 обер-офицерлер, 719 төменгі шендегілер және 9 зеңбірек пен 3 ракетасы генерал-лейтенант Дебу басқарған орыс әскері Жаңақорғанға шабуыл жасайды. Шабуыл кезінде орыстар үш адамынан айрылады. Осыдан кейін Дебу қамалды бомбаның астына алу туралы бұйрық береді. Орыс әскерлерінің қамалды бомбалағаны соншалықты оны кейін басқыншылар қайтадан салуға мәжбүр болды. Қамалды қорғаған қазақтар ерлікпен шайқасты. Бірақ Жаңақорғанда болған өрт 50 пұттық жарылғыш заты бар қоймаға жақындағандықтан қоқандықтар мен қазақтар қамалды орыстарға береді. Жаңақорған түбіндегі шайқас Сыр қазақтарының екіге бөлінгенін көрсетті. Мәселен, Кенесары ханның ұлдары Тайшық пен Ахмет өздерінің қарамағындағы қазақтарымен басқыншылар жағында соғысса, Сыздық Кенесарыұлы бастаған қазақтар қоқандықтар жағында болды. «Жаңақорғанды орыстар алғанда, – деп көрсетті Дебу, – көп қазақтардың бекініс ішінде руластары мен туыстары болды. Мысалы, қыпшақ биі Байбөрі Шоновтың өзі орыстар жақта, ал оның ұлы Жаңақорған бекінісі ішінде, қоқандықтар жағында соғысты». Кейін Қоңырат Телқожа батыр, Қаңлы Айдарбек батыр, Бектібай батыр Жалаңтөсұлы бастаған қоқандықтар Қарамұрын түбінде Тайшық, Ахмет жасақтарымен шайқасқа түсіп, Телқожа батыр Тайшықты найзаман түйреп өлтіреді. 1861 жылдың аяғында орыс әскерлерінің қоқандықтардың Жаңақорған мен Дінқорған бекінісін басып алуы Сырдарияның бүкіл төменгі ағысы Ресей империясының билігіне өткенін білдіріп, орыс әскерлеріне Оңтүстік Қазақстанға қарай жылжуына

жол ашып берді. Дегенмен мұның аяғы қазақтардың ашу-ыза-сын туғызып, отаршылдық жүйеге қарсы көтерілуге әрекеттер жасаған. Мәселен, 1862 жылы қоқандықтардың иелігінен Өтеген мен Баубек бастаған қыпшақтар және Жантөре мен Құдас бастаған қоңыраттар Сыр бойындағы орыс шептеріне шабуыл жасап тұрса, Қылыш бастаған қарасақал, Ертай бастаған шектілер, Жанқожаның туысы Жанмырза бастаған қазақтар Хиуа ханының көмегін ала отырып, орыс әскерлеріне қарсы шабуылын тоқтатпаған. 1863 жылы маусымда Сыздық 400 жасақпен Жаңақорғанды алуға бірнеше рет әрекеттенсе, сол жылы 9 қаңтарда қоқандықтардың иелігіндегі 50 адамнан тұратын қазақтар орыстардың билігіндегі қазақтарға шабуыл жасап 5 адамды тұтқынға алып кетеді. Патша әкімшілігі Сыздық сұлтан мен Тұрсынбайдың әрбір басқан қадамын аңдып, олар туралы және Қоқан хандығындағы бүкіл саяси жағдайды білуге қазақтан тағайындалған тыңшыларға арнайы 400 сом күмістей ақша бөлген. Жалпы алғанда, патша әкімшілігі тыңшылық қызмет пен Ресей билігіне «адалдық» көрсеткендерге ақша мен сыйлықты аямаған. Мәселен, 1858 жылы 1 наурызда патша әкімшілігі алтынбай, күлік және асандардың биі Бекмырза Алдеев, Ұлбөбек Таимов және Бекарслан Амандықовқа тыңшылық қызметтерін бағалап, оларға 20 сом күмістей сыйлық берген. Осылайша, патша әскерлерінің Сыр бойындағы бекіністерді алуы отаршылдарға Сыр бойы қазақтарының Ресей билігіне өз еркімен қосылмайтындығын, оларды тек қана қарудың күшімен бағындыру қажеттігін көрсетті.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияға басып кіруінің қандай стратегиялық маңызы болды?
2. Орыс әскерлерінің Сыр өңірі арқылы Орталық Азияға ешқандай кедергісіз басып кіруіне қандай жағдай әсер етті?
3. В.А.Перовский басқарған орыс әскерінің Ақмешіт бекінісін басып алуының маңызы қандай?

4. Қоқан, Хиуа хандықтарының орыс әскерлеріне қарсы бірнеше жорықтарының сәтсіз аяқталу себебі неде?

5. Жанқожа бастаған Сыр бойы қазақтары көтерілісінің шығуына түрткі болған оқиға?

## **§8. Әзберген Мұңайтпасұлы және оның азаттық қозғалыстағы орны.**

**1. Патша өкіметінің Арал өңіріне шапқыншылығы және Әзберген би**

**2. Әзберген би және Хиуа хандығы**

**3. 1869 жылғы Орал және Торғай облыстарындағы көтерілісті ұйымдастырудағы Әзберген бидің рөлі**

**4. XIX ғ. 70 ж. Әзберген бидің азаттық күресі**

1. XIX ғасырдың I жартысында патша өкіметі капиталистік қатынастарға түскен өзінің экономикасына қажетті шикізат көздерін табу үшін жаңа отар елдерді иелену жолында Шығысқа қарай ентелеп кіре бастайды. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында патшалық Ресей қазақ даласының бүкіл дерлік аумағын батысынан шығысына қарай бекіністер, форттар, форпостар, кордондар мен пикеттерден тұратын үздіксіз әскери шептер тізбегін салды. Мәселен, Орал шебі Гурьевтен Илецк қорғанысына дейін созылып, онда XIX ғасырдың басында 19 форпост пен 5 бекіністен тұрса, Верхнеяицк және Үй бекіністі шептерінен тұратын Орынборлық шекаралық шебі 17 бекініс пен 25 редутты қамтыды. Ал 1810-1822 жылдары құрылған Жаңа Елек әскери шебі 6 форпостыны құрады. Патша өкіметінің Кіші жүз қазақтары мекендеген аумаққа салған бекіністері мен әскери шептері далаға ішкерлеп еруге жағдай жасап, онда орналасқан патша әскерлері осы бекіністер арқылы қазақ даласы мен Орталық Азияға емін-еркін кіре алды. Қазақ даласы мен Орталық Азия хандықтарына жасалған көптеген экспедициялар кезіндегі халыққа үстеме салықтар салу, мыңдаған түйе жинау, патша әскерлерінің қақаған аяздарда лаулыққа жалданған қазақтарды қырғынға ұшыратуы және тағы басқа да жағдайлар

казактарды ашындырды. Әсіресе патша өкіметінің ХІХ ғасырдың екінші ширегінен бастап жергілікті халықтың дәстүрлі қоғамдық құрылымын қиратуы қазақ даласындағы жаппай наразылықтың өршуіне әкеп соқты.

Өйткені Ресей империясының Кіші жүздегі әкімшілік-құқықтық реформалары жергілікті халықтарды кіріптар етіп қана қоймай, олардың жерін жаппай басып алып, ауыр алым-салықтар салды және елді бөлшектеп тастады. Жердің күшпен тартып алынуы көшпелілердің ғасырлар бойы қалыптасқан қоныс аудару жүйесін бұзып қана қоймай, қазақтардың ру-руға бөлініп, жайылым үшін қырқысуға, барымтаның күшеюіне алып келді. Нәтижесінде отаршылдардың «бөліп ал да, билей бер» деген қағидасы орындалып, қазақ руларының одағы бірте-бірте ыдырауға көшті. Дегенмен осы уақытта халықтың тілегі мен бірлігін қорғай алатын және ұлт-азаттық күрес жолында барлық ғұмырын арнауға дайын парасатты, ақылды, жігерлі, әрі батыл елдің игі жақсылары мен рубасылары тарихи сахнаға шыға бастайды. Олар Ресей экспансиясына қарсы күресте халыққа басшылық етіп, соларға иек артты. Сондай тарихи тұлғалардың бірі Әзберген би еді. Ол елдің тәуелсіздігі үшін патша өкіметіне де, Хиуа хандығына да бағынбаған тәуелсіз тұлғаға айналды. Әзберген би өмірінің соңына дейін патша билігіне толықтай мойынсұнбады. Әзберген бидің отаршылдармен соғысы ХІХ ғасырдың 30 жылдарында басталады. Ол Жоламан, Жанқожа, Есет, Қарағұл және тағы басқа да батырлар мен билердің Кіші жүздегі Әлімұлы, Жетіру, Байұлының бірсыпыра руларын топтастырып, патша өкіметінің саясатына қарсылық ретінде Ресейдің түкпірінен Орталық Азия хандықтарына жөнелтілген сауда керуендерін шауып алу, Хиуа хандығымен бірлесіп, орыс-казак әскери топтарына қарсы шығу, бекіністі шептерге шабуыл жасау қимылдарының бәріне қатысып, көптеген тәжірибе жинақтайды. Әсіресе Әзберген би Орынбор әскери губернаторы В.А.Перовскийдің 1839-1840 жылдардағы Хиуаға жасаған жорығына қарсылық көрсетуде ерекше белсенділік танытады. Сол кездері Кіші жүз қазақтарының Ресей империясына қарсы күресте Хиуа хандығымен бірігуі патша өкіметін алаңдатпай қоймады. Өйткені патша өкіметі Арал өңірі арқылы Сыр бойына ор-

нығуды жоспарлаған еді. Сондықтан патша үкіметі ең алды-мен жергілікті қазақтарды Хиуа хандығынан бөлгісі келіп, Хиуаға бірнеше әскери экспедициялар ұйымдастырды. Алайда әскери жорықтардың көпшілігі талқандалады немесе көздеген мақсаттарына жете алмайды. Дегенмен 1833 жылы В.А.Перовскийдің Орынбор әскери губернаторы қызметіне тағайындалуы қайтадан Хиуа жорығына жаңадан серпіліс береді де, патша өкіметі оған Хиуа жорығының жоспары мен бағыт-тарын жасауды тапсырады.

Бекевич-Черкасскийден бастап И.В.Виткевичке дейінгі Хиуаға ұйымдастырылған әскери экспедициялардың мәліметтеріне сүйенген В.А.Перовский жорық жоспарының негізін жасап шығады. 1839 жылы 12 наурызда Ресей императоры I Николай Хиуаға жорықты бастауға жарлық шығарып, оған жан-жақты дайындалуға рұқсат береді. Патша өкіметінің Хиуаға жасалатын жорықты «Орта Азияда орыстардың сауда мүдделерін қорғау, орыстың қол астындағы қазақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Хиуадағы орыс тұтқындарын азат ету» деп бүркемеленгенімен негізгі мақсаты Ресей билігіне бағынғысы келмеген қазақтарға түпкілікті өз үстемдігін орнатуға бағытталды. Патша өкіметінің Хиуаға жорық жасауға түпкілікті көшкені туралы хабар алған Аллақұл хан да оған қарсы іс-әрекеттер жасауға көшіп, Өзберген бидің қарауындағы шекті руларына Қайыпқали сұлтанды Хиуаға қарай көшуге үгіттеу үшін өз жасақтарымен аттандырып, оны өз иелігіне көшуге шақырады. Сонымен қатар Хиуа ханы үгітшілерін шектілер сияқты Ресей билігіне бағынғысы келмеген шөмішті табын руларының ауылдарына аттандырады. Хиуа ханының жасаған іс-әрекеттеріне қарсы амал қолданған патша өкіметі де қазақ руларының беделді деген билеушілерінен қолдау табу мақсатында, оларға атақ-шендер беріп қана қоймай, ақша, барқыт кесінділері, шекпендік маталар және тағы басқа да бағалы заттар таратады. Алайда, патша өкіметінің бұл әрекетінің түпкі мақсатын түсінген қазақтың көптеген игі жақсылары оның ығына жығылмаған. Мысалы, Өзберген би патша өкіметінің сыйлықтарын алмағаны былай тұрсын, Хиуа жорығына шыққан патша әскерлеріне қарсы шығуға үндейді. Өзберген бидің ісіне риза болмаған патша өкіметі оған енді әр

түрлі ескертулер жасап, қорқытуға көшеді. Алайда Перовскийдің жасаған ескертуіне қарамастан Жанқожа, Өзберген, Есет сияқты қазақ рубасылары патша өкіметінің басқыншылық соғысына өз наразылықтарын танытып, орыс әскерлеріне қарсы партизандық соғысты бастайды. Себебі олар патша өкіметінің Хиуаға жасаған жорығы сәтті аяқталса, онда Ресей империясының билігі бүкіл Арал өңіріне орнайтынын және толық тәуелділікке түсетінін жақсы түсінген. 1839 жылы 12 қарашада В.А.Перовский 22 зеңбірек пен 4 ракеталық станогі бар 5325 адам және 1735 қазақ лаушыдан тұратын мол әскери күшті бастап жорыққа шығады. Өзберген би бастаған қазақтар да орыс әскерлеріне қарсылығын күшейтіп, станицалар мен пошталарға, керуен жолдары мен орыс әскерлерінің азық-түлік тиеген керуендеріне шабуылдарын үдетеді. Осындай шайқастардың бірінде Өзберген би бастаған партизан жасақтары 1839 жылы 13 қарашада Бұхараға аттандырылған Е.П.Ковалевскийдің экспедициясын жойып, оның басшысы Е.П.Ковалевскийді тұтқынға түсіреді. Патша өкіметі Бұхараға жіберілген бұл экспедицияға Ресей аймағынан қашықта мекендеген қазақ рулары жөнінде мәліметтер, оларға хиуалықтардың ықпалы, Кенесары Қасымұлының Сырдария бойындағы іс-қимылдары және Кенесары көтерілісінің қазақтарға әсері, Амудария, Сырдария өзендері мен оның тармақтары, ондағы кеме катынасының мүмкіндіктері, Сырдария мен Жаңадария аралығындағы жерлер туралы мәліметтер жинауды тапсырған еді. Сонымен қатар, осы экспедиция арқылы патша өкіметі Бұхара ханының Хиуамен одақтасуына жол бермеуге тырысты. Өзберген би бастаған шектілер болса өзінің туыстары Жанқожа батыр, Есет батырға қосылып азаттық соғысын одан әрі жалғастырып, орыс әскерлеріне тосыннан шабуылдар жасап отырады. Мәселен 1840 жылдың ақпан айында Жанқожа бастаған көтерілісшілер тобына Өзберген Мұңайтпасұлы мен Есет Көтібарұлы қосылады да, мыңбасы болып ұрысқа кіріседі. Сөйтіп, осы күнгі Қандыағаш стансасының маңында болған үлкен шайқаста көтерілісшілер орыс әскерлеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды талқандайды. Қазақтардың осындай жанқиярлық қарсылығы және ауайының қолайсыздығы В.А.Перовскийдің Арал өңірі қазақ-

тарын тыныштандыру және Хиуаны бағындыруды көздеген жоспары өз мақсатына жетпейді. Қайта керісінше Арал өңіріндегі қазақтарды ызаландыра түсті.

Кіші жүз қазақтарының ашынғаны соншалықты Әзберген би және тағы басқа да қазақ рубасылары бастаған қазақ жасақтары Ресейден Орталық Азияға немесе Орталық Азиядан Ресейге бірде-бір сауда керуенін жібермей қояды. Ал бұл жағдай Кіші жүз қазақтарының өз бостандығы үшін патша өкіметінің басқыншылық саясатына қарсы күрестін басталғанын білдірді. Кіші жүз қазақтарының ашықтан-ашық Ресей империясына қарсы көтеріліске шығуы патша өкіметіне Арал өңірінде жүргізген саясатына түпкілікті өзгеріс енгізу қажет болды. Сондықтан Хиуа жорығынан кейін патша өкіметі өзінің қазақ даласын түпкілікті жаулаудағы негізгі бағытын басқа арнаға бұру үшін және Хиуа мен Бұхар хандықтарымен арадағы шиеленісіп кеткен қатынасты дипломатиялық жолмен реттеу мақсатында 1841 жылы 23 мамырда П.Никифоров пен М.Аитовты Хиуаға, ал К.Бутеневті Бұхараға аттандырады. Алайда К.Бутеневті сапары қауіпті болғандықтан оған И.Бларамберг басқарған арнайы әскери топты қосып береді. Патша өкіметінің Бұхарға жіберілген елшіліктің қауіпсіздігі үшін күшейтілген күзет қосып берсе де Жанқожа, Есет, Қарағұл, Әзберген би бастаған қазақтардың жасаған бірнеше шабуылы елшілікті кейін қайтуға мәжбүрлейді. Ресей империясының Арал өңіріндегі қазақтарды бағындыру үшін жасаған әскери жорықтары мен дипломатиялық әрекеттері сәтсіздікке ұшыраса да оның империялық тәбетін бір сәтке де тоқтата алмады. Қайта керісінше бұрынғыдан да күшейе түседі. Өйткені жорықтан кейін Арал өңіріндегі қазақтардың патша билігіне деген қарсылығы бәсеңсіп қалған еді. Себебі Жанқожа батыр, Есет батыр, Әзберген би, Ақтан батыр сияқты қазақ билеушілерінің арасына жік түседі. Оның түпкі себебі 1842 жылы 23 қарашада қайтыс болған Хиуа ханы Аллақұлдың орнына таққа отырған оның баласы Рақымқұлдың алғашқы күндерде-ақ өзінің қатал жазалауларымен халыққа деген жек көрініштілігінде жатты. Рахымқұл ханның қатал болғаны соншалықты Арал өңіріндегі қазақтардың Хиуаға қарсы көтеріліске шығуына мәжбүрлейді. Көтерілісті



шектілердің батыры Жанқожа бастайды. Жанқожаның туысқан ағасы Ақмырзаның өлтірілуі көтерілістің шығуына себеп болды. Атап айтқанда зекет жинау кезінде Жанқожа батырдың туысы Ақмырза хиуалықтардың қойларды таңдап алуына қарсы шығады. Сол үшін зекетшілер Ақмырзаны ханға алып бару үшін хиуалықтар Сырдан төмен қарай қайықпен жүзген кезде Ақмырза бір хиуалықпен ерегісіп қалады да, оны жағасынан алып суға батып кетеді. Осы уақиғаны бақылап тұрған Ақмырзаның туысқандары хиуалық салық жинаушыларды қырып салады. Зекетшілерді қырумен тоқтамаған Жанқожа бастаған 2000 көтерілісші Бесқала деп аталатын бекіністегі Хиуа бегі Бабажанды өлтіріп, баласы Майқара бекті және Шектілердің ханы Жанғазы мен Омар сұлтанды да тұтқынға алады. Жанқожаға Қаракесек руының қолбасшысы Ақтан батыр бастаған 500 сарбаз қосылады. Дегенмен Әзберген бидің араласуымен Жанқожа батыр Бабажанның баласы Майқараны Хиуаға жөнелтеді де Жанғазыны қайтадан қазақтарға хан етіп көтеруге мәжбүр болады. Осыдан кейін де көтеріліс тоқтамай, Жанқожа 1843 жылы Қуандариядағы Хиуа бекінісін қиратады. 1844 жылы күзде Хиуа ханы Рақымқұл Есет Көтібарұлы мен Әзберген биге Жанқожа батырды ұстап, өзіне алып келуін және шектінің қабақ руында көшіп жүрген Өмірғазы сұлтанға Жанқожаға қарсы әскер шығару үшін Хиуаға келуін бұйырады. Хиуа ханына хат арқылы жауап берген Есет батыр мен Әзберген би өздерінің Жанқожаны ұстап, Хиуаға апара алмайтынын, бірақ Хиуа ханы әскер жіберетін болса оған көмек беруге әзір екенін және ханға қызмет көрсетуінің белгісі ретінде Өмірғазы сұлтанды аттармен және адамдармен қамтамасыз еткендерін тілге тиек етеді. Есет батыр мен Әзберген бидің Хиуа ханына көмектесуге келісім беруінің себебі, олар Жанқожаның көтерілісін қолдаған жоқ. Өйткені Жанқожаның көтерілісі онсыз да бірлігі кеткен қазақ қоғамын ыдыратып, Ресей империясының жаулаушылық саясатына қарсы Хиуа хандығымен бірге біртұтас майданның құрылуына іріткі салды. Сондықтан олар мәселені шешуде Жанқожаны қан төгуге емес, келіссөз арқылы шешуге шақырды. Алайда басты қауіп Хиуадан емес, Ресей жақтан келе жатқанын Жанқожа батыр кейін өте кеш түсінді. Есет батыр мен Әзберген

бидің Хиуа ханын қолдауы Жанқожаның жалғыз қалғанын білдірді. Жанқожа бастаған шектілердің көтерілісіне қарамастан Хиуа хандығы бұрынғыша Сыр бойы қазақтарын өз ықпалында ұстап қалды. Өйткені Жанқожаның көтерілісіне Әлімұлы, соның ішінде шектілердің бір бөлігі ғана қосылды. Ал басым көпшілігі Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы шыққан Жанғазы, Елекей, Қожанияз, Есет, Әзберген сияқты сұлтандар мен билерді қолдады. Жалпы алғанда Әзберген бидің патша билігіне белсенді түрде қарсылық көрсетуі 1847-1858 жылдардағы Есет Көтібарұлы бастаған қазақтардың көтерілісі кезінде басталады.

Есет Көтібарұлы бастаған көтерілістің шығуына патша өкіметінің басты соққыны Хиуа хандығына емес, Қоқан бағытына қарай аудару үшін Арал өңіріне Райым бекінісін сала бастауы бірден-бір себепке айналды.

Патша өкіметінің бұл қадамына наразылық танытқан Хиуа ханы Мұхаммед Әмин Новопетровскі бекінісінің маңына және тағы басқа да аймақтарға өз адамдарын аттандырып, Райым бекінісінің құрылысына қарсы және орыстармен сауда қарым-қатынасын тоқтатуға үгіт-насихат жұмысын күшейтіп, өз белсенділігін арттыра бастайды. Қазақ сұлтандарымен қатар шектілердің батыры Есет Көтібарұлы мен Әзберген би де Кіші жүз қазақтарының руларына хаттарын жіберіп, онда оларды мұсылмандық бірлікке шақырады. Бекініс құрылысына қарсы шыға бастаған Әзберген би мен Есет Көтібаров бастаған қазақтардан қауіптенген орыс генералы Обручев құрылыс жұмыстарын жүргізетін экспедицияның құрамын күшейтуге де мәжбүр болады. Деректер бойынша экспедицияның құрамы 9 штаб офицері, 100 обер офицер, 332 унтер офицер, 5985 қатардағы жауынгер, 756 саптан тыс әскер және мыңнан астам башқұрттардан жасақталды. Орынбор генерал-губернаторлығы қайткенде де Есет Көтібарұлын ұстауға және оны орыс билігін мойындатуға нұсқаулар беріп, оған қарсы бірнеше жазалаушы әскерлерін аттандырады. Бірақ Есетпен оның серіктесі болған Әзберген би бастаған көтерілісшілер болса жазалаушылармен ерлікпен шайқасқа түсетін. Алайда бұл кезде Хиуа хандығында азық-түлік жетіспеушілігінен аштықтың басталуы және холера

ауруының белең алуы хиуалықтардың жағдайын мүшкілге айналдырды. Осыған байланысты Хиуа хандығы көтеріліске керекті әскер жинай алмайды да оларға әскери көмек беруге еш мүмкіндігі болмайды. Бірақ осыған қарамастан Хиуа ханы көтеріліске әскери және азық-түлік жағынан барынша көмек беретіні жөнінде хабар жібереді.

Сонымен қатар Хиуа ханы келесі жылы жағдайы біршама түзелгеннен кейін көтерілісшілерге тағы да әскери жағынан да көмек беріп, патша әскерлеріне бірлесіп күресті бастайды. Өзберген Мұңайтпасұлы көтеріліс барысында Хиуа хандығымен арадағы саяси одақтастық байланысты бірден-бір жақтаушы және патша езгісінен, Ресей отаршылдығынан құтылудың жалғыз жолы Хиуаға қосылу деп білген және көтерілістің негізгі қозғаушы күштерін басқарып, онда табанды бағыт ұстанған бірден-бір тарихи тұлға. Сондықтан да XIX ғасырдың 50 жылдарының басында Есет Көтібаров бастаған көтеріліс бәсеңсіп, Есеттің өзі патша әкімшілігімен келіссөз жүргізіп, оның билігіне өте бастағанда Өзберген би өз ауылдарын Хиуаның иелігіне өтіп кетеді де өзінің азаттық күресін жалғастыра береді. 1847 жылы патша өкіметі үшін әскери жағынан өте маңызды Райым бекінісінің салынуы, орыс әскерлеріне Қоқан хандығының иелігіне кіруге мүмкіндік берді. Әсіресе, Сыр бойындағы қоқандықтардың ең мықты бекінісі Ақмешітті басып алуға қолайлы жағдай жасалды. Ақмешітке қарай жорыққа дайындалған патша әкімшілігі қажетті заттарды таситын түйелерді қазақтардан еріксіз жинап алау үшін сұлтан-правительдерге тапсырады. Нәтижесінде, шыдамы таусылған қазақтың көптеген рулары ашықтан-ашық қарсылық көрсетеді немесе Хиуа хандығының иелігіндегі Өзберген биге барып қосылады да, орыс әскерлерінің жүк-көліктері мен Ақмешіт жорығына түйе жинап беруге көмектескен сұлтандар мен билердің ауылдарын шабады. Мысалы 1853 жылы 20 қазанда Өзберген би бастаған қазақтар Таубергенов деп аталатын бидің ауылына шабуыл жасап, бидің інісін жара лап кетеді. Тек орыс әскерлерінің дер кезінде көмекке келуі ауылдың толық ойрандалуынан аман қалады. Арал өңіріндегі бүкіл қазақты орыс билігіне қарсы көтермесе жағдайдың мүшкілге айналатынын білген Өзберген би оларға арнап хатта жаз-

ған. Алайда оның жазған хаты Арал өңіріндегі қазақ руларының билеріне жетпей патша әкімшілігінің қолына түседі. Хатта Өзберген би Ресей билігінде қалған қазақтарды малдарымен бірге Хиуа жеріне қарай көшуге, басқыншыларға ешқандай мал мен азық-түлік бермеуге шақырады. Генерал-губернатор В.А.Перовский бастаған патша әскері Ақмешітті 1853 жылы басып алады. Алайда патша өкіметінің Сыр бойындағы ең мықты бекінісі Ақмешітті басып алуына қоқандықтар шыдап отыра алмай, оны қайтарып алу жолында бірнеше әрекеттерге барады. Қоқан хандығының Ақмешітті қайтарып алу жолындағы жорығын Өзберген бидің кеңесімен Хиуа ханы да қолдап, Қожанияз бекінісіне Өзберген бидің бастауымен әскерлер мен зеңбіректер жібереді. Хиуа ханының Қожаниязға әскер жіберудегі түпкі мақсаты Ақмешітке шабуыл жасаған қоқандықтарға көмек бере отырып, №3 фортқа да шабуыл жасауға ниеттенеді. Осы хабарды алған Перовский Арал бекінісіне екі рота әскер жіберіп, ешқандай әскери маңызы жоқ №2 форттағы әскерді Перовск фортына жөнелтеді. 1854 жылы қазан айында Хиуа ханы Өзберген биге 1847 жылы талқандалған Жаңақаланы қалпына келтіруге де жарлық береді. Өзберген би бастаған қазақтардың Хиуа иелігінен қауіп төндіруі Сыр бойындағы патша әкімшілігін қиын жағдайға қалдырады. Егерде Өзберген би бастаған қазақтар №3 фортты басып алса, онда Сыр бойындағы қазақтардың жаппай көтеріліске шығуы анық еді. Осы жағдайды саралаған патша әкімшілігі Өзберген биді Қазалыдан ығыстырып, тікелей төніп тұрған қауіпті жою қажет деп шешеді. Алайда Ақмешіт бекінісімен шектеліп қалған Сыр бойындағы патша әкімшілігінде Өзберген биді жоятындай күш болмады. Патша әкімшілігінің мүшкілге айналған жағдайдан Хиуада басталған қоңыраттардың көтерілісі құтқарады. Ханға қарсы шыққан қоңыраттар Қожа Нияз бекінісін талқандап, Өзберген биді кейін шегіндіруге мәжбүрлейді. Өзінің салған бекінісіне тығылуына мәжбүрлейді. Осылайша патша әкімшілігі қираған бекіністің орнына Қазалы атты шағын ғана фортты салып, оған Райым бекінісіндегі мекемелер мен халықты көшіреді. Дегенмен Өзберген бидің Сыр бойындағы халықты патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтермек болған жоспары босқа кет-

кен жоқ. 1856 жылы Жанқожа батыр бастаған қазақтардың көтерілісі Өзберген бимен өзара келісіп жасалған іс-шара еді. Алдын ала келісім бойынша көтеріліске шыққан Жанқожа батыр Хиуаның иелігіндегі шектілерге де хабар жібереді. Оған жауап ретінде Хиуадағы шектілердің басшысы Өзберген би көмекке тек көктемге қарай ғана келе алатыны жөнінде хабар береді. Алайда 1857 жылы Хиуада басталған түрікмендердің бүлігі Өзберген бидің бұл жоспарын жүзеге асырмай тастайды. Көтерілістің бүкіл Қазалы аймағын қамтып, оған үш мыңнан аса адам қатысуы және орталығы кезінде Өзберген би қалпына келтірген Жаңақала бекінісінің болуы көтерілістің алдын ала жоспарланғанын аңғартады.

2. XIX ғасырдың 40-50 жылдарында патша өкіметінің Арал өңірі мен Сыр бойына басып кіріп, осы өңірге орналасуы жергілікті халықты ғана емес көрші жатқан Хиуа хандығының да наразылығын туғызды. Ресей империясының басқыншылық саясатына тосқауыл қоюды мақсат еткен Хиуа хандығы Арал өңіріндегі қазақ руларын барынша өз ықпалына тарту жолында әр түрлі айла-әрекеттер мен іс-қимылдарға барып, оларға жан-жақты қолдау көрсетуге тырысты. Сондай амалдардың бір түрі патша өкіметінің билігін мойындағысы келмеген қазақ руларына қоныстануға жер беріп отырған. Осы жеңілдікті пайдаланғандардың бірі Өзберген би болды. Ол Есет Көтібаров бастаған қазақтардың көтерілісі саябырсыған соң өзінің қарамағындағы руларды алып Хиуа хандығының иелігіне көшіп барған. Хиуаға келген Өзберген биді Мұхаммед Әмин хан құшақ жая қарсы алып, алдын-ала жасалған келісім бойынша Қоңыраттың солтүстік батыс жағындағы ең шұрайлы жерге қоныстандырады да, оны Өзбергенге заңды түрде бекітіп береді. Сонымен қатар Хиуа ханы оны жергілікті қазақтардың билігін береді және есесіне орыс билігіне өткен қазақтармен күресуді ұсынады. Хиуа ханының ұсынысына Өзберген би өз кезегінде Ресей мен Хиуаның қол астында екіге бөлініп кеткен қазақ халқының бір-бірімен байланысып тұруына еркіндік берілген жағдайда ғана келісетіндігін, бірақ ханның қазақ халқымен ойына келгенін істегісі келетін ниетін қолдамайтынын, қай жерде жүрсе де, Ресей билігіндегі қазақтар немесе Хиуа иелігіндегі қазақтар

ішінде ме, халқының мүшкіл жағдайына қарамастан, мұндай тапсырманы орындай алмайтындығын білдіреді. Ал Мұхаммед Әмин қайтыс болғаннан кейін оның орнына хан болған Сейдмұхаммед Әзбергенге биге Қоңырат қаласының билігін береді де, қала маңындағы қазақтардың басшысы етіп тағайындайды.

Жалпы алғанда Әзберген бидің Хиуаға қоныстануы хандықта болған бірнеше саяси оқиғаларға байланысты тұрақты жағдайда болмады. Оның себебі хандықты билеген хандардың алмасуы және хандықтағы қарақалпақ, түрікмендердің Хиуаға жасаған бірнеше көтерілістері әсер етті. 1856 жылы Хиуа ханы Сейд Мұхаммед көтерілісті әскери күшпен басу мақсатында әскери дайындықтар өткізеді. Сондай-ақ, ол Әзберген бидің кеңесі бойынша қарақалпақтардың күшін әлсірету үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдануға кіріседі. Яғни, ол әуелі қарақалпақтардың рубасыларына хат жазып, оларды бірлікке шақырады. Содан кейін қарақалпақ рубасыларының бір бөлігін әскери қызметке тарту арқылы өз жағына шығарады да 1856 жылдың ақпан айының соңында Хожелінің қасында көтерілісшілердің қалған бөлігіне ауыр соққы береді. Осыдан соң қарақалпақтар 1856 жылдың маусым айында түпкілікті жеңіліс тауып, Хиуа билігін қайтадан мойындайды. Хиуадағы көтеріліске шыққан қарақалпақтардың жеңілісінің артынша 1856 жылы түрікмендердің де көтерілісі бұрқ ете түседі. Хиуа мемлекетіне бағынбаған түрікмендер Қоңыратқа оқтын-оқтын шабуыл жасап, тонап тұрды. Әсіресе, Атамұрат ханның тірегі болған түрікмендердің иомуд руларынан шыққандардың шапқыншылығы Хиуа ханының жағдайын қиындатып жіберді. Міне сол кезде Сейд Мұхаммед үшін өзін қолдайтын адамдар қажет болды. Өйткені Хиуа ханының Бұхармен қарым-қатынасының шиеленісуі және өз мемлекетінің ішінде басталған көтеріліске байланысты ол Әзбергенді өзіне тарту үшін бек атағын береді. Хиуадағы Әзберген бастаған қазақтардың Хиуа жағына толығымен шыққанын көрген түрікмендер Бұхар әмірі Насрулладан (1826-1860 жж.) жәрдем сұрайды. Түрікмендердің өтінішін қабыл алған Бұқара әмірі Хиуаға қарсы өз әскерін жіберген кезде Сейдмұхаммед пен Әзберген би бастаған қазақтар оларды жолдан тосып алып

талқандайды. Аман қалғандары Әмудариядан өтіп, көтерілісшілерге қосылады. Бұл шайқаста Әзберген батыр Хиуаның осы ұрыстардың бел ортасында жүріп, айрықша еңбек сіңіреді. Түрікмендерге қарсы Хиуа хандығын қолдаған Әзберген би өзіне Есет батыр мен Дәуіт Асауұлын шақырады. Кіші жүздегі саяси тұрақсыздықтың салдарынан 1857 жылы Дәуіт Асауұлы мен Есет Көтібарұлы Әзберген бидің ұсынысын қабылдайды да Хиуа жеріне көшіп барып, түрікмендермен шайқасқа түседі. Қазақтардың Хиуа ханын қолдағанына жауап ретінде 1857 жылы желтоқсанда иомудтар Ата Мұрад ханның басқаруымен Көне Үргеніш қаласын қоршап, Ходжейлі мен Қоңыратқа шабуыл жасайды да 1858-1859 қалаларды басып алады. Ал бұл қалалардың маңайында негізінен қазақтар көшіп қонып жүргендіктен қазақ-түрікмен қарым-қатынасы шиеленісіп кетеді. Өйткені түрікмендердің шабуылынан көбінесе қазақтар зардап шегеді. Түрікмендермен болған шайқаста қазақтар көбінесе жеңіліс тауып отырған. Мәселен, 1858 жылы ақпанда Есет Көтібарұлы мен Дәуіт Асауұлы түрікмендермен болған шайқаста жеңіліс тапса, наурызда Қоңырат қаласының маңында Есет 5 мың адамымен түрікмендерден қайта жеңіледі. Оның жеңілісінен кейін түрікмендер 500 адаммен Көне Үргеніштегі шөмішті табын руының биі Дәуіт Асауұлына шабуыл жасап, 30-ға жуық адамды тұтқындайды. Сонымен қатар түрікмендер негізінен қазақтар қоныстанған Ташауыз, Қылышбай қалаларына да шабуыл жасайды. 1858 жылы наурызда Хиуа өкіметі мен иомудтардың арасында бейбіт келісімге келу шарты жасалды. Бұл келісім бойынша өзбек, қарақалпақ, қазақ, сарт, иомуд, чоудыр тайпалары өзара соғыспауға және хандықтағы барлық халық Хиуа ханына бағынуға міндет алады. Осы келісімнен кейін Есет пен Дәуіт те Кіші жүзге қайтіп кетеді. Хандықтағы осындай қиын кезеңде Ресей өкіметі Хиуа хандығындағы жағдайды біліп келу мақсатында Игнатьев, Бутаков басқарған барлау экспедициясын ұйымдастырады. Олармен 1858 жылы 29-30 маусымда Әзберген Мұңайтпасұлы кездесу өткізеді. Кездесуде орыс елшілігі Әзбергенге Ресей өкіметінің оған кешірім жасағанын және Кіші жүзге өтуге рұқсат берілгенін жеткізеді. Дегенмен осы кездесуден кейін Әзберген би мен Хиуа ханының арасында

араздық басталып, аралары алшақтап кетеді. Өзберген мен Хиуа ханының арасындағы өзара келіспеушілікті пайдаланған қоңыраттар қайтадан көтеріліс жасап, Өзбергеннен одақтас болуға шақырады. Өзберген бұл одақтан бас тартқаннан кейін қоңыраттар түрікмендерді көмекке шақырады. Сол кезде Хиуа ханы Жақыпбайға Қорған бекінісіндегі барлық қазақтарды жинауға бұйрық береді. Өзберген болса Хиуа ханымен болған араздықты ұмытып, оны қолдайды да, түрікмендерге қарсы шығады. Өзберген бидің Магомед фенге бағынбауына орай түрікмен мен қоңыраттар бірігіп, оның ауылын шауып, бірнеше адамын өлтіріп, малын айдап әкетті. Өзберген тез арада күш жинап, түрікмендермен шайқасқа түсіп, малын кері қайтарып алады. Бұл шайқаста 60-қа жуық түрікмен қаза тапты. Қоңыратқа кері қайтқан түрікмендер Өзбергенмен болған шайқастың жазасы ретінде қаладағы барлық қазақтарды қамауға алды. Қараша айында 500 түрікмен Өзберген ауылына бірнеше шабуыл жасағанымен олардың барлық әрекеті сәтсіз аяқталады. Түрікмендердің Хиуа хандығындағы аяусыз шапқыншылығынан қазақтарды аман алып қалуды ойлаған Өзберген би орыс билігін мойындаймын, маған көмекке 2000 Кіші жүзден жігіттер беріңдер деп патша әкімшілігіне хат жазады. Өзбергеннің хатын сұлтан Мұхамеджан Орынбор басшылығына жеткізді. Алайда түрікмендер арқылы Хиуа хандығының әлсіретуді және ондағы азамат соғысының одан әрі жалғасқанын көздеген Орынбордағы патша әкімшілігі қазақтарға көмек беруден бас тартады. Оның есесіне патша әкімшілігі Хиуа ханын жеңуге бізді өз қарамағына ал деп жазған түрікмендердің хатын қабыл алып, қару-жарақты әскер тиеген үш кемені 1859 жылы 24 маусым күні Қоңыратқа жібереді. Патша өкіметінен көмек сұраған қоңыраттар мен түрікмендердің іс-әрекеті Хиуа хандығы үшін қауіпті бола бастағанын түсінген Сейд-Мұхаммед хан 1859 жылы шілде айында Қоңыраттың маңында көшіп жүрген Өзберген би бастаған қазақтармен қайтадан түпкілікті тіл табысып, Өзбергенді өзіне кеңесші етіп тағайындайды. Осылайша қазақтардан күш біріктірген Хиуа ханы Сейіт Мұхаммед 1859 жылы 15 тамызда мол әскермен Қоңырат қаласына келіп, оны қоршайды да, Амударияның жағалауында орналастырылған батареялардан



қалада орналасқан бүлікшіл түрікмендерді он күн бойы атқылайды. Сол кезде орыс кемелері арандату мақсатымен хиуалықтардың батареяларына тым жақындап келеді. Хиуа ханы Сейіт Мұхаммед сасқалақтап орыстардың кемесіне батареялардан оқ атуға бұйырады. Алайда, орыстардың арам ойын түсінген оның кеңесшісі Әзберген ханға бірінші болып шайқасты бастамауға, аяғын күтуді ұсынады. Әзбергеннің кеңесін алған хан қоршауды алып тастап, Хиуаға қайтып кетеді. Орыс әскерлері болса сол жерде түнеп қалады. Сол кезде кезінде орыстардан көмек сұраған түрікмендер олардың зеңбіректерін тартып алу мақсатында кемелелерге шабуыл жасайды. Бірақ, орыстар оларды көріп қалып, зеңбіректермен оқ жаудырады да, оларды кейін қарай кетуге мәжбүр етеді. Дегенмен Хиуа ханы түрікмендердің көтерілісін түпкілікті талқандай алмайды. Түрікмендер болса қазақтармен одан сайын жауласа түседі. Хиуа иелігінде тұра берсе жағдайдың одан сайын қиындай түсетінін түсінген Әзберген Мұңайтпасұлы 1859 жылы 2000 түтінмен Кіші жүзге кері оралды. Осылайша, Хиуа хандығының қазақ-түрікмен қатынасының шиеленісін шешуге көмегі болмағандықтан және қарамағындағы халқын аман сақтап қалу мақсатында Әзберген Мұңайтпасұлы Ресей билігін мойындауға мәжбүр болады. 1859 жылы Кіші жүз қазақтарына оралған Әзберген биді орыс әкімшілігі құшақ жая қарсы алды десе де болады. Өйткені қазақтардың азаттық күресінде өз орны бар Әзберген би сияқты рубасылардың Ресей билігін мойындауы, патша әкімшілігі үшін үлкен жеңіспен пара-пар еді. Сондықтан патша әкімшілігі Әзберген бидің ықыласын өздеріне аудару және Ресейдің күші мен қуатын көрсету мақсатында оны Петербургке патшамен кездесу үшін сапар шегетін қазақ рубасыларының тізіміне қосады. Алайда патша әкімшілігінің Әзберген биге көрсеткен сыйқұрметі шын пейілден емес, отаршылдардың «бөліп ал да, билей бер» деген қағидасынан туындады. Әзберген биді марапаттай отырып, патша әкімшілігі оны өз мүддесіне пайдалануды көздеді. Егерде патша әкімшілігі қазақтардың арасында беделі күшті Әзберген би орнымен пайдаланса, онда қазақ даласындағы Ресейдің отаршылдық саясатын жүзеге асыру оңайға түсетін еді. Осыны түсінген патша әкімшілігі Әзберген би бастаған шекті-

лерді өзіне толықтай тәуелді ету үшін, оларды жан-жақтан қыспаққа алып, басқа руларды айдап сала бастайды. Мысалы, 1863 жылы қыркүйекте Есет Көтібаров, Әзберген Мұңайтпасов және Нияз Отаралиев бастаған билер Орынбор генерал-губернаторынан адайлар мен шөмекейлердің шектілерге көрсетіп жатқан қысымын тоқтатуды сұрамақшы болып, өздерін қабылдауын өтінеді. Патша әкімшілігі болса шекті билерінің өтінішін қабыл алып, Орынбор генерал-губернаторының қабылдайтынын, бірақ ол үшін Қаныбет Чутовты ұстап әкелуін тапсырады. Бірақ бұл ұсынысты естіген Әзберген би түрікмендердің шектілер мен шөмішті-табындардың ауылдарына шапқанын сылтауратып, тапсырманы орындаудан бас тартады да өз ауылына қайтып кетеді. Өздерінің айтқанына көндіре алмаған патша әкімшілігі ендігі кезекте шектілерді жер дауы арқылы тықсыруға кіріседі. Өйткені патша әкімшілігі кезінде Әзбергенге қарайтын рулардың жерінің бір бөлігіне тамаларды әдейлеп орналастырған болатын. Патша әкімшілігі осындай жолдармен Ресей билігін мойындай қоймаған шектілерге өздерінің қандастарын қарсы қою саясаты жатса, екіншіден, шектілерді барынша тәуелді етуге тырысты. Осылайша жерге зәрулік мәселесіндегі шиеленіс, ру аралық күрес көшпенді қоғамның рулық бірлігіне нұқсан келтірді, оны дағдарыстарға әкеп соқтырды. Осындай жер дауларынан мезі болған Әзберген би патша өкіметінің отаршылдық саясатынан әбден түніліп, Қызылқұмға көшіп кетіп, сонда патша өкіметіне қарсы қимыл көрсетіп жүрген Кенесарының ұлы Сыздық төремен байланысқа түседі. Қызылқұмға келген Әзберген би 1866 жылы 28 сәуірдегі мәлімет бойынша Сыздықты жігіттермен және азық түлікпен жабдықтап отырған.

3. Ресей империясы қазақ даласына енгізген 1868 жылғы патша өкіметінің «Уақытша Ереже» деп аталатын отаршылдық реформаларына қарсы Торғай облысындағы қазақтар ашық түрде қарулы қарсылыққа көшкен кезде Әзберген би Қызылқұмнан Орынбор губерниясына келеді. «Ереженің» аяғы қазақ халқы үшін немен тынарын анық сезген Әзберген халық арасында үгіт-насихат жүргізіп, жұртты азаттық көтерілісіне шығуға шақырады. Егерде қазақтар көтерілісті бастаса, онда оларға Хиуа хандығынан әскери көмек әкелетініне сендірді.

Әзберген бидің шақыруын қабылдаған Орал мен Торғай облысы қазақтарының игі жақсылары бірігіп әрекет жасау мақсатында Қобда өзенінің бойындағы Белқопы деген мекенде жиналып, оған Кіші жүздің 500-ге жуық ру ақсақалдары мен билері қатысады. Бұл жиында Әзберген би патша өкіметінің шығарған «Ережесіне» қарсы шығуға және Хиуа хандығымен бірігіп әрекет етуге, сондай-ақ орыс билігін мойындамай Хиуаның иелігіне көшіп кетуге шақырады. Патша өкіметінің қазақ даласына жүргізген реформасын мойындағысы келмеген көтерілісшілер топтарын басқарғандардың алдыңғы қатарында Әзберген би жүрді. Әзберген би бастаған қазақ рубасылар әр дистанциялардан 600-700 сарбаздардан жасақтар құрып, әрбір ауылды аралап жүріп, басқа да қазақтарды көтеріліс құрамына тартумен айналысты. Патша өкіметі болса көтерілістің басқа аудандарға тарап кетпес үшін және басқаларға «сабақ» болсын деген мақсатпен оларға қарсы екі зеңбірегі бар екі жүз казак әскерін аттандырды. Көтерілісшілер де сескенбестен жазалаушы әскерлермен шайқасқа түседі. Көктемнің бас кезінде Әзберген би шектілерді, Қаратай Отарбаев ожайларды және Алданазар Дәуітов шөмішті табындарды бастап 1869 жылы 19 наурызда жасырын түрде Алгелді деген елді мекенде орналасқан подполковник Новокрещеновтың жазалаушы әскеріне жақындайды. Қаруы күшті жазалаушы әскерге тіке шабуылға шыға алмасын білген көтеріліс басшылары кеңес құрады. Кеңесте Әзберген би көтерілісшілердің ішінен ең мықты деген жігіттерді түнделетіп, орыс әскерінің аттарын айдап әкелуге аттандыруды ұсынады. Өйткені шөл далада орналасқан орыс әскерлері үшін аттарынан айрылуы өліммен тең еді. Әзберген кеңесін мақұлдаған рубасылары Амандық Сейілов бастаған он екі жігітті орыс әскерлеріне жібереді. Олар жасырынып барып, подполковник Новокрещенов әскерінің 570 жылқысын айдап әкеледі. Нәтижесінде аттарынан айрылған жазалаушы әскерлер жеке-дара немесе екеулеп, кейін бесеуден Орынбор жаққа қарай қаша бастайды. Қашқындардың көбісі көтерілісшілердің тұтқынына түссе, қоршаудан аман-есен шыққандары жолда шөлден қырылады. Ал подполковник Новокрещенов бастаған әскердің қалдығы болса көтерілісшілерді талқандауға шыққан басқа жазалушы әскерлерге қосы-

лады. Осылайша қазақтардың Әзберген бидің кеңесімен подполковник Новокрешиновтың әскерін толықтай талқандауы көтерілісті жоғары сатыға көтеріп, қазақтардың белсенділігін арттыра түседі. Әзберген бидің 1869 жылы болған Торғайдағы қазақтардың көтерілісіндегі келесі бір әскери шеберлігі «бүлікшілерді» жазалауға шыққан барон фон-Штемпель бастаған орыс әскерлеріне қарсы соғысудан көрінді. Бұл шайқаста Әзберген бидің шешімі бойынша көтерілісшілер шабуыл жасауға шешім қабылдайды. 1869 жылы 20 мамырда басталған осы шабуылда орыстар қорғаныс жасап үлгіре алмағандықтан көтерілісшілер жазалаушылардың бес адамын өлтіріп, көптеген азық-түлік және су тиелген жүк көліктерін тартып алады. Алайда орыстардың зеңбіректерінен атылған оқтар орыстарды толық талқандаудан аман алып қалады. Осыдан кейін Әзберген бидің кеңесі бойынша көтерілісшілер орыс әскерлерін қоршай отырып, көл жақтан қамыстарды өртеу арқылы орыстардың арбалардан жасалған қорғанысына от жібереді де топ-топқа бөлінген көтерілісшілер бір мезгілде ұрандатып, шабуылға шығады. Орыс әскерлерінің көтерілісшілерге қарай жаудырған зеңбіректер мен мылтықтарының оқтары оларды тоқтата алмайды. Жаудың жауып тұрған оғынан тайсалмаған көтерілісшілер арбаларға жақындап келіп, лауларды ағытып, орыс әскерлерімен қоян-қолтық шайқасқа түседі. Шайқас қараңғы түскен кезге дейін созылады. Алайда көтерілісшілердің күші шабуыл кезінде зеңбіректердің оғынан көп шығынға ұшырағандықтан толық жеңіске жете алмай кейін қайтуға мәжбүр болады. Дегенмен көп шығынға ұшыраған орыс әскерлері зеңбіректердің арқасында қоршаудан шығуға мүмкіндік алып 7 маусымда Калмыков бекінісіне жетеді.

Осы шайқастардан кейін патша әкімшілігі көтерілісшілерді талқандауға мол әскер жібереді. Нәтижесінде Торғай мен Орал облыстарындағы негізгі көтеріліс ошақтары талқандалып, қазақтар қайтадан патша билігін мойындай бастайды. Алайда Әзберген би бастаған көтерілісшілердің бір бөлігі «Уақытша Ережені» қабылдаудан бас тартып, өздерінің азаттық күресін жалғастыра береді. Ендігі кезекте әскері мен соғыс техникалары мол орыс әскерлеріне қарсы соғысуда Хиуа хандығынан көмек алуды жоспарлайды. Осыған байланысты Әзберген би

мен Ханғали Арысланов сұлтан және тағы басқа да 20 адамнан тұратын делегация Хиуаға сапар шегеді. Ханғали сұлтан Қобда бойынан 1869 жылы 16 қаңтар күні шығып, үш күн ішінде Хиуа иелігіне жетеді. 19 қаңтар күні Хиуаға Ханкелдімен бірге Өзберген би басқарған Жәнібек Барақұлы, Алдаш Байғанин, Есет Көтібарұлының баласы Назар келеді. Делегация Хиуа ханына Кіші жүз қазақтарының Ресей билігіне қарсы шыққанын және оларға орыс әскерлерімен соғысу үшін көмек беруін сұрайды. Бұл кезде түрікмендердің бүлігін тыныштандырған Хиуа ханы да көтеріліс басшыларын зор ықыласпен қарсы алып, оларға әр түрлі сыйлықтар үлестіреді де көмекке әскер жіберуге келісім береді. Көтеріліске тікелей көмек сұрап келгендерге Хиуа ханы Мұхамед Ризаның басшылығымен әскери жасақтарын жібереді. Өзберген би мен Ханғали сұлтанның күшімен жасақталған бұл әскер, сәуір айының бас жағында Аралдың батыс жағы арқылы шөлді жерлерді жүріп өтіп, Торғай облысына жетеді. Деректерге назар аударсақ қазақтар хиуалық жасақтарды қуана қарсы алған. Осы келіссөзден кейін Хиуа ханы 7 мың адамнан тұратын әскерін Ырғыз бекінісін алуға аттандырады. Хиуалық әскерлердің жолға шыққаны жөнінде мәлімет алған патша әкімшілігі Ырғыз бекінісін күшейту мақсатында шапшаң түрде оған Бобров бастаған казактардың жүздігін көмекке жібереді. Ырғызға Бобровтың жүздігін жібергеннен кейін патша әкімшілігі оның артынша Орск-Қазалы трактісінің оңтүстігін хиуалықтардан қорғау үшін Ырғыз бекінісіне Орынбор казактарының бір жүздігі, Ембі бекетіне казактардың екі жүздігін, Қарабұтақ бекетіне бір жүздік аттандырылып, Орскіде Орынбор казак әскерінің бір жаяу әскер батальоны мен екі жүздігі резервке қалдырылады. Кейін хиуалықтар тарапынан төнген қауіп шындыққа айналған кезде Комаровскийдің басшылығымен Орскідегі 3-ші атқыштар батальонының бір ротасы мен казактардың екі жүздігі Ембі бағытына қарай жөнеліледі. Хиуа ханынан әскери көмек алған Өзберген мен Ханғали шекарадан өтіп, орыс бекіністеріне жақындады. Оларға бекіністерге шабуыл жасау, Кіші жүз елін бөліп алып, Хиуа қол астына кіргізу тапсырылды. Ресей жағы болса бұларға қарсы 1869 жылдың маусым-шілде айларында ірі әскери күш жинақтап

Орынборға жібереді. Бұл тосын жағдай көтерілісшілердің еңсесін түсіріп жіберіп, патшалық Ресейдің ауыр артиллериясы бар он мың жаяу және атты әскері жақындаған сәтте тез тарап кетеді. Сондай-ақ, мол күштің Ембі ауданында жиналуы және бұл жерге Торғай облысының әскери губернаторының өзі бастаған әскердің жақындауы хиуалықтардың одан арғы қозғалысын тоқтатады. Дегенмен Хиуа әскерлерінің Кіші жүз қазақтарына көмекке келуі қазақтардың қайтадан бас көтеруіне өз ықпалын тигізіп, негізінен шекаралас аймақтарда көтерілістің жандануына әкеп соқты. Өйткені жаңа Ережені қабылдаудан бас тартқан Әзберген бастаған қазақтардың бір бөлігі Торғай облысы, Ырғыз уезіндегі бой тасалауға ыңғайлы, жыра-сайлары көп Мұғаджар тауларының терең қойнауларына тығылып қалған болатын. Ал бұл кеңістікпен Орынбор арқылы Ресей мемлекетін Түркістан генерал-губернаторлығымен байланыстыратын Орск-Қазалы трактісі өтетін. Ендігі жағдайда көтерілісшілер тракті бойындағы пошта бекеттеріне шабуыл жасау қаупін туғызды. Міне осы кезде Ырғыз уезімен шекаралас жерлерде Әзберген би бастаған көтерілісшілер Жұлыс, Қарақұдық, Алтықұдық, Дөңгелек сияқты пошта бекеттеріне шабуылдар жасап, сол маңайдағы казактардың үйлері мен арба көліктерін өртеп, мал-мүліктерін тонайды. Шабуыл кезінде қазақтар бекетті қарауылдап тұрған екі казакты қарсылық көрсеткені үшін тұтқынға алып, қалғандарын соққыға жығады. Сонымен қатар Әзберген би, Х.Арысланов, Дәуіт Асауұлының балалары бастаған көтерілісшілер 12 маусым айында Қаттыкөл бекетінің 15 жылқысын айдап кетсе, Саралы бекетінің маңынан Белов атты көпестің шарап тиеген керуенін талқандайды. Көтерілісшілердің әрекеті оларды жазалауға шыққан орыс әскерлерінің іс-қимылы кезінде де бір сәтке тоқтамайды. Мысалы, тамыз айында көтерілісшілер Ырғыздан 20 шақырым жерде жайылып жүрген бекіністің 300-ге жуық жылқыларын айдап әкетсе, тамыз айында 70 түйеден тұратын сауда керуенін тонайды. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресін жалғастырған Әзберген би мен оның серіктері бастаған қазақтар тамыз айының аяғында Саралы мен Қабырғалы бекеттерінің арасында 22 түйеден тұратын сауда керуеніне шабуыл жасаса, 4 қыркүйекте Саралы бекетінен

13 жылқыны қолға түсіреді. Қыркүйектің аяғында олар Қазалыға баратын трактіге шабуыл жасап, бір казакты өлтіріп, екі казакты жаралайды. 11 қазанда көтерілісшілер Қарасай бекетінде 38 жылқыны тонап, тағы да екі казакты жаралап кетеді. Патша әкімшілігі болса қайтадан бас көтерген қазақтарды «тыныштандыру» үшін далаға қайта-қайта жазалаушы әскерлерін аттандырумен болды. Мәселен, 29 тамызда Зайков бастаған 20 казактан тұратын казакты жіберсе, 6 қыркүйекте бір урядник пен 25 казак әскері бар жасауыл Бобровты көтерілісшілердің ұясын талқандау жүктеледі. Алайда көтерілісшілерді жазалауға жіберілген казак әскерлері ешқандай нәтижеге жете кейін қайтады. Пошта бекеттеріне қойылған қарулы күзетте өз жемісін бермеді. Патша өкіметінің көтерілісшілерді талқандау үшін жасаған мұндай іс-қимылдарының сәтсіздікке ұшырауының себебі қазақтардың партизандық күрес тәсілінің тиімділігінде жатты. Өйткені шағын жасақтарға бөлініп алған көтерілісшілер орыс әскерлеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, аз уақыттың ішінде құмға қарай шегініп кететін. Бұл әдісті көтерілісшілердің арасына орыс әскерлерімен соғысуда көп жылдық тәжірибе жинақтаған Әзберген Мұнайтпасұлы мен Дәуіт Асауұлы сияқты билер енгізген еді. Жалпы алғанда 1869-1870 жылдардың жазында Орынбор өлкесінде 15-ке жуық жазалау әскерлері шығарылды. Қарулануы нашар қазақтардың кейбір бөлігі, күші тең емес болғандықтан, қырға шыққан әскерлердің тікелей соққысынан бас сауғалап, Ембі өзенінен өтіп, Үстіртке қарай шегінді. Ал, Торғай облысының қазақтары Арал теңізінің батыс жағалауы Үлкен және Кіші Борсық құмдарына бой тасалады. 1869 жылы 8 қыркүйекте Қазақлы уезінің бастығы Ырғыз уезінің бастығы Вогакқа Хиуа ханның жарлығымен Торғай облысына қарай 3 зеңбірегі бар 5000 адам шыққаны жөнінде хабарлама жібереді. Осы хабарды алған Торғай облысының әскери губернаторы Хиуа әскері келмей тұрып, Борсық құмында бой тасалап жүрген Әзберген би бастаған көтерілісшілерді жою мақсатында Ырғыз уезінің бастығы Вогакқа әскер беріп, жазалау жорығына шығарады. Вогак бастаған жазалау әскері 14 қыркүйекте 3 ракеталық станокпен Талдықұм арқылы Ащыбұлақ өзеніне бағыт ұстайды. Ақкөл маңына келген Хиуа әскері туралы хабар Орынбор әскери

округ қолбасшысының тағы да, қосымша шұғыл шаралар қолдануға мәжбүрлеп, Ембі бекетінен шыққан граф Комаровскийдің әскери тобына Вогактың әскерімен бірігуіне және Қазалы уезінің бастығына Арал теңізі арқылы Қаратамақ шатқалына күшейтілген әскер жіберуге өтініш жасайды. Сонымен қатар Орынбордағы әскер қолбасшысының бұйрығымен Үстіртте жүрген Новокрещенов, Круторожин және поручик Гернстің әскери бөлімдеріне Ащыбұлақ маңына топтасуға тапсырма беріледі. Осыншама әскери күштің Хиуа әскерінің басып кіретін жолына жиналуы Хиуа ханын қиын жағдайға қалдырып, ақыры әскеріне кейін қайту туралы жарлық беруге итермелейді. Тіпті Хиуа ханы Әзберген биге алдын ала көмек ретінде жіберген 200 әскеріне де кейін қайтуға бұйрық береді. Бірақ бұл әскер соңына дейін Әзберген би бастаған көтерілісшілердің жанында болып, кейін де шектілер мен шөмішті-табын рулары басқа амалы қалмай Хиуаға қарай көшкен кезде өз жәрдемдерін береді. Орынбор генерал-губернаторының бұйрығы орындалғаннан кейін Үлкен Борсық құмындағы Әзберген бидің жасақтарын екі бүйірден қыспаққа алу үшін Троцкийдің басшылығымен Түркістан әскері №1 форттан шықса, Вогак әскері Торғай облысынан аттанады. Орыс әскерлерінің жазалау жорықтарына шыққанын білген Әзберген би бастаған көтерілісшілер мен патша өкіметінің «Уақытша Ережесін» қабылдағысы келмегендер Хиуа иелігіне қарай көшуге мәжбүр болады. Көшкендердің қатарында Әлімұлына жататын шектілерден 1500 түтін, төрт-қара руларынан 2000 түтін, ал шөмішті-табын руларынан 3000 түтін болды. Оларды Хиуаға Әзберген Мұнайтпасұлы, Ықылас Досұлы, Ханғали Арысланұлы, Алданазар Дәуітұлы бастап барды. Хиуа иелігіне көшіп барған қазақтарға хан барынша қолдау көрсетіп, оларға жер бөліп берді және үш жылға дейін салықтан босатты. Әзберген би ханның жарлығы бойынша қайтадан Қоңыраттың маңайындағы қазақтардың басшылығына тағайындалады. Тіпті Хиуа ханы Әзберген биді сол жердегі барлық қазақтарға хан тағайындамақшы да болады. Бірақ Хиуа ханына толық тәуелді болғысы келмеген Әзберген би бұл ұсыныстан бас тартады. Әзберген би ханның ұсынысынан бас тартқаннан кейін, оның орнына Хиуа ханы өз иелігіндегі Әмударияның



солтүстік бөлігінде орналасқан қазақтардың басшысы етіп Торғайдағы көтерілісте Өзберген бимен бірге ерекше белсенділік танытқан Ханғали Арыстановты тағайындайды. Патша әкімшілігінің осындай «жетістігінен» кейін көтеріліс болған аудандардағы жазалаушы әскерлердің басым бөлігі шептегі бұрынғы орындарына қайтып оралады. Ал қалған бөлігі Ембі бекетіне, Ойыл, Ырғыз бекіністерінің гарнизондарын күшейтуге қалдырылды.

4. 1868 жылғы патша өкіметінің «Уақытша Ережесіне» қарсы бағытталған Орал, Торғай облыстарының қазақтары ұйымдастырған көтеріліс жеңіліс тапқан соң Өзберген би, Ханғали Арысланұлы, Дәуіт Асауұлы, Сейіл Түркебайұлы өздерінің ауылдарымен бірге қайтадан Хиуа хандығына өткеннен кейін де Ресейге қарсы күресін тоқтатпады. Мәселен, 1870 жылы тамызда 500 адамнан тұратын жасағы бар Өзберген Мұнайтпасұлы Орал бекінісі мен Қазалы аралығындағы почта бекеттеріне шабуыл жасап, Ресейден шыққан сауда керуендерін тонап кетеді. Осы шабуыл кезінде Өзберген би 2 казакты өлтіріп, 4 казакты тұтқынға алып кетеді. Өзберген бидің керуен жолдарына қауіп төндіргені соншалықты, сол жылы Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский Орал жақтан шыққан ресейлік сауда керуендерінің қорғауын күшейту туралы облыстың әскери губернаторына арнайы нұсқауын жіберуге мәжбүр болады. Өзберген би 1870 жылы ақпан айында Сыр өңіріне жылжиды да Қазалы уезіндегі Жаңадарияны паналай отырып, жергілікті халықты Хиуаның билігіне өтуді үгіттейді және №1 және №2 форттардың маңайындағы бекеттерге топ-топқа бөлініп алып, шабуыл жасауға көшеді. Мәселен, 20 наурызда №2 фортқа 5 верст жетпейтін қашықтықта 1 казакты өлтіріп және 1 казакты тұтқынға алып, жылқыларын айдап кетсе, 21 наурызда №2 форттың бірінші бекетіне шабуыл жасап, бір казакты өлтіріп, жайылып жүрген бекеттің 30 жылқысын олжалайды. Өзберген бидің тағы да Қазалы уезіне қауіп төндіргенін түсінген Сырдария облысындағы әскерлердің штаб бастығының өзі №2 фортқа келіп, Өзберген биді ұстау үшін жасауыл Сысоев бастаған 50 казакты аттандырса, казактардың келесі бір жүздігін Қуандариядағы қазақтарды тыныштандыруға және жүз казак

әскерін №2 форт пен Перовск арасындағы бекеттерді күшейтуге жібереді. Патша әскерлері «бүлікшіл» қазақтардың соңына мықтап түскеннен кейін Әзберген би қаруы күшті жазалаушылармен соғыста шығынға ұшырайтынын түсінеді де, қайтадан Хиуа иелігіне ығысады. Сыр өңірінен мыңға жуық шаңырақ ертіп келген Әзберген би қазақтар мен Хиуа ханының алдында үлкен беделге ие болады. Алайда Әзберген би Хиуа ханының ықыласына бөленіп жатпай, өзінің азаттық күрестегі рөлін жалғастыра берді. Оған себеп болған Орал облысындағы көтерілістің қайтадан өз жалғасын табуы еді. Өйткені қазақтардың көтерілісін сылтауратқан жазалаушы әскерлер Торғай мен Орал облыстарында ойына келген істейді. Осыған байланысты өз орнының көтерілісшілер арасында екенін түсінген Әзберген би Орал даласына аттанады. Бұл кезде Үстірттің солтүстік бөлігін көтерілісшілерден тазарту Үстірттің ең шетінде Шаған өзеніне жақын орналасқан Жебысқы шатқалында орналасқан подполковник Байковтың жазалаушы әскеріне (екі жаяу әскер ротасы, екі жүз казак пен екі атқа жегілген зеңбірек) жүктеледі. Маусымның аяғында тапсырманы орындаған Байковтың отряды Ембі постына қарай екі бағытпен кері қайтып, оның басым бөлігі Байковтың басшылығымен алға кетеді де, ал бір зеңбірегі бар жазалаушы әскердің 20 казак кейіннен соңынан ереді. Көтерілісшілер туралы ешқандай хабары болмаған, жазалаушы әскер еш қамсыз келе жатады. Қарусыз көтерілісшілерді қырып, әбден масайрап сақтық шараларын ұмытқан жазалаушы әскерді көтерілісшілер алыстан бақылауға алған еді. Яғни, көтерілісшілер негізгі әскерден бөлініп кеткен 20 казакқа оған шабуыл жасауды жоспарлайды. 1870 жылы 25 шілдеде Шағрай шатқалына жақын жерде жазалаушы әскердің алға жіберген жолшылары төбеден шабуылдап келе жатқан саны көп қазақтарды көреді. Жазалаушы әскерге басшылық жасаған фейерверкер Коржов уақыт оздырмай, түйелердің аяқтарын байлап, олардан қорған жасауды бұйырып, казактар түйелердің тасасына жасырынып, атыса жөнеледі. Қазақтардың көпшілігі сауыт кигендіктен қорғанушыларға батыл жақындай түседі. Көтерілісшілердің тарапынан төнген қауіптің қатерлі екенін көрген жазалаушы әскердің басшысы бір казакты көтерілісшілердің арасынан өтіп, жағдайды алға кет-

кен жазалаушылардың негізгі әскеріне хабарлау жөнінде нұсқау береді. Бірақ көтерілісшілер ол казакты ұстап алып, кескілеп тастайды. Біраздан кейін қазақтардың шабуылы кезінде казактардың аттарының барлығы тосқауылдан шығып, далаға қарай шапса, сәлден кейін казактарға жол бастаған қазақтар да қашып шығып, көтерілісшілерге қосылады. Шабуылдаған 1000 шақты адам казактардың қорғанысына жақындап келіп, атыса бастаған кезде, олардан шокпармен қаруланған 200 адамнан тұратын екі топ бөлініп шығып, тіке шабуылға шыққан. Казактар көтерілісшілердің шабуылын батыл қарсы алып, басшыларының жараланғанына қарамастан, төрт жарым сағат бойы шайқасқанымен казактар олардың бәрін қырып тастайды. Тек біреуі ғана қашып шығып, негізгі күшке барып қосылады. Ал жазалаушы әскердің 18 атқыштар батальонының бір зеңбірегі бар 1 ротасынан тұрған қосымша күші, 3 сағаттан аса уақытта келіп жеткен. Жазалаушы әскердің осы тобын жойып жіберген Әзберген би бастаған казактар еді. Әзберген би бастаған топтың ізін кесу және оларды жою үшін тамыздың алғашқы күндері Үстіртке генерал-майор Бязановтың жазалау әскері жіберіледі. Алайда партизандық әдістерге шебер Әзберген би болса өз күресін жалғастырады. Мәселен, 1870 жылдың тамыздың аяғында Торғай облысындағы Ырғыз уезінен Орал бекінісінен жүз верст қашықтықта Әзберген би бастаған қазақтар Орынборға мақта мен бұхара тауарларын алып бара жатқан құрметті азаматтар Дюков пен Весниннің керуендерін тонайды. Қазақтар жібек және қағаз тауарлары тиелген 77 түйені алып, керуеншілердің барлығын ұрып-соғып, біреуін өлтірген. Керуеншілердің көрсетуі бойынша тонаушылар жаңа тәртіпті мойындамай, Хиуа хандығының аумағына көшкен әр түрлі қазақтар руларынан болған, олардың көпшілігі Әзбергеннің басшылығымен облыс көлеміне тонаушылық мақсатпен шабуыл жасап тұрған деп көрсетеді. Бұдан басқа, Әзберген бидің басшылығымен қазақтар Қарақамыс өзені бойынан 400 жылқыны айдап әкеткен. Осы жорықтармен кейін көтерілісшілер, Орынбор бекінісінен оңтүстікке қарай, Торғайдың оңтүстік жағалауы мен Қосағал-Қарасудың аралығында 15 верст жерде қасақана от қойып, ол желдің күшімен далаға тез тарап, жіберілген қосымша күштің күшімен бекініс-

тен 7 верст жерде әрең сөндірілген. Өрт ондаған қыстауды, жиналған шөпті, тезектерді, қамыс лашықтарды жойып, біршама зиян келтірді. Алайда 1873 жылы патша өкіметінің Хиуаға шабуыл жасайтыны анық болғаннан кейін Әзберген би бұл соғыста Хиуа хандығы жеңілетінін және онда көшіп жүрген қазақтардың қырғынға ұшырайтынын білді. Сондықтан ол патша өкіметі жазалайтынын біле тұра халқы үшін орыс иелігіне амалсыздан көшіп барады. Шындығында Әзберген би патша өкіметінің саяси бағыттарын дұрыс болжай алды. Соның нәтижесінде ол уақытында Хиуа иелігінен кетіп, халқын қырғыннан сақтап қалады.

Орынбор генерал-губернаторы генерал-лейтенант Веревкин болса Әзберген биге Хиуа жорығына шыққан орыс әскеріне жол көрсеткені үшін кешірім беріп, оны 1873 жылы 21 қарашада Торғай облысының аумағына елімен бірге қоныстануға жібереді. Алайда Торғай облысының әскери губернаторы Әзберген би аймақтағы тыныштықты бұзады деп оны өз қарамағына алудан бас тартады. Торғай облысының әскери губернаторының өтінішін қабылдаған Орынбор генерал-губернаторы Әзберген биді және тоғыз туысқанын Ембі уезінің Қошқарата болыстығына жібереді де, Әзберген бимен көшіп келген туысқандарын әр болыстықтарға бөліп тастап, сырттарынан мықты бақылау қояды. Осылайша патшалық Ресей билігін мойындаған Әзберген би отаршылардың жасаған «тәртібіне» мойынсұнуға және азаттық қозғалыстан бас тартуға мәжбүр болады. Дегенмен Әзберген би азаттық күрестен уақытша ғана бас тартқан еді. 1865 жылы Ташкент қаласының басып алынып, оның Ресей империясына қосылуы және Қоқан хандығының саяси дербестігінен айрылуы Орталық Азия халықтарының жаңа толқулары мен көтерілістерін туғызды. Көтерілістердің күшейгені соншалықты Қоқанның ханы Құдиярдың көтерілісшілер жағына шығып кетер деген қауіппен Кауфман 1875 жылы 12 тамызда Құдиярды үй-іші, жақындарымен Орынборға жөнелтуге бұйрық береді. Алайда патша өкіметінің осы әрекетіне қарсы Қоқанда «ғазуат» жарияланып, оған Әндіжанда, Бұқара, Құрама, Шымкент, Әулиеатадан, Шу өңірінен өкілдер қосылып, қоқандықтарға жәрдем беріп отырған. Ал Қоқаннан алыс жатқан

Орал мен Торғай облыстарының қазақтары «ғазауатқа» тікелей қатыспаса да, оған өз септігін тигізуге ұмтылған. Сондай қазақтардың бірі Әзберген би еді. Ол жасының үлкейгеніне қарамастан әлі де өз халқының азаттығына сеніп, оны жақындатуға тырысқан. Осы мақсатты көздеген Әзберген би патша әкімшілігінің тұтқынында отырған Қоқан ханы Құдиярға үміт артып, бүкіл өмірін қауіп-қатерге тіге отырып оны Орынбордан алып қашады. Деректерге сүйенетін болсақ, тұтқыннан Құдиярды алып қашпас бұрын Әзберген би бастаған қазақтар онымен келіссөз жүргізіп, егер Хұдояр хан аман-есен қашып шықса онда ол Қоқанның иелігіне барғаннан кейін Бұхар және Хиуа хандығымен байланысқа түсіп орыстарға қарсы бүкіл мұсылман жұртын көтеріліске бастап шығатын болады. Оған Орынбор даласындағы Әзберген би бастаған қазақтар қосылады деген келісімге келеді. Сонымен қатар Әзберген би Хұдиярды белгілі қазақ саудагер байы Бижан (Бимұхамед) Жангелдинмен бірлесіп қашырады. Дегенмен тез есін жиған патша әкімшілігі Қоқан ханы Құдиярды жан-жақтан іздеп, артынан қуғыншы әскерлерін аттандырады.

Құдиярдың тұтқыннан қашуы Орынбор генерал-губернаторына ғана емес патша өкіметін де барынша алаңдатады. Жалпы алғанда Хұдиярдың қашуына саяси мән берген патша өкіметі оны іздестіруді Санкт-Петербургтен басқарып отырған. Бұл кезде Қоқан ханын алып қашқан қазақтар үш күннен соң, Мұғалжар тауының оңтүстік шетімен жүріп, Жамантауға жетіп, сонда бір жұма тыныс алады. Ханға серіктескен қазақтар осы кезде ауылдарына барып, болдырған аттарын ауыстырып, ханның жарамсыз аттарын, тың аттарға Нияз Отаралиннің баласы Жұманның басшылығымен Әзберген Мұңайтпасовтың туысы Машан Нұрыповтың жылқысынан 12 атты сатып алады да, Қаратамақтан Үрге кетеді. Хұдияр ханды өз қолдарына түсіре алмайтынына көздері жеткен соң патша әкімшілігі енді оған көмектескен топтың белсендісі Әзберген Мұңайтпасовты іздестіріп, оны ұстауға кіріседі. Бұл кезде Хұдияр хан 1882 жылы 21 наурызда Орынбор генерал-губернаторының канцеляриясына келіп түскен мәлімет бойынша ол Меккеден Бағдатқа барған. Одан кейін ол Иерусалимге мен Ауғанстанға, одан Үндістан

өтіп, Арабия арқылы Жапонияға барған. Бұл жерлерде ол Англия үкіметінің өкілдерімен сөйлескен және хандықты қайта құру үшін жәрдем сұраған, кейін Ауғанстанға қайта келіп қайтыс болған. Ал Худояр ханды қашырып жібергеннен кейін Өзберген патша жендеттерінен бой тасалауға мәжбүр болады. Алайда Худоярды алып қашқан Өзберген би екенін білген патша әкімшілігі оны ұстау үшін далаға қайта-қайта казак әскерлерін жіберіп, Арал, Ұрдақонған және Құланды болыстарының билеушілеріне Өзберген биді табуды міндет етіп жүктейді. 1878 жылы шілде айында патша әкімшілігі Өзберген биді ұстау үшін құрамында Торғай, Елек, Николаевск уездерінің бастықтары бар Орынбор қаласының полиция басқармасы бастаған арнайы штабты құрып, іске кірістіреді. Оларды Орынбор генерал-губернаторының өзі тікелей бақылауға алады. 1878 жылы 28 қыркүйекте далада патшаның жендеттерінен қашып жүрген Өзберген би Боқал сайында тұтқынға түседі де сол күні Ырғыздағы түрмеге қамалады. 1879 жылы 16 ақпанда казактар Ырғыз түрмесінде отырған Өзберген биді алып, 5 маусымда Орынбордың түрмесіне жеткізеді. Екі жыл тергеуде отырған Өзберген биді 1-ші гильдия көпесі Василий Ефимович Мякинковтың өтінішімен кепілдікке беріліп, оның жауапкершілігімен тұтқынды абақтыдан босатады. В.Е.Мякинковты кезінде Өзберген би Хиуа ханының тұтқынынан босатып алған болатын. Жалпы оның түрмеден босатылуының саяси астарлары тереңде жатты. Өйткені 1879 жылы қаңтарда Санкт-Петербургте өткен ерекше кеңесте патша өкіметі Ахалтеке оазисіндегі түрікмендерді жаулап алу үшін жорыққа аттануға шешім қабылданды. Міне 1880 жылы басталған осы жорыққа түрікмендерді жақсы білетін Өзбергенді науқасына және жасының кәрілігіне қарамай, оны түрмеден босатып, керуен басшысы ретінде бекітеді. 1881 жылы қаңтарда орыс әскері Геок-Тепені алды. Шамасы Өзберген Мұңайтпасұлы осы Геок-Тепені алу операциясынан кейін қайтыс болады. Міне, осылайша Өзберген Мұңайтпасұлының өмірінің соңғы сәті де патшалық Ресейдің Орталық Азияға жүргізген басқыншылық соғыстарымен тұспа-тұс келді.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Қандай оқиға ХІХ ғасырдың екінші ширегінен бастап қазақ даласындағы жаппай наразылықтың өршуіне әкеп соқты?
2. Патша өкіметінің Хиуа хандығына жасаған жорықтарының мақсаты қандай?
3. Әзберген бидің патша өкіметіне қарсы соғысы басталған мерзім.
4. Орал мен Торғай облысы қазақтарының көтерілісі кезінде Әзберген би қандай рөл атқарды?

### **§9. Жетісу өлкесіндегі азаттық күрес және Тойшыбек пен Байсейіт батырлар**

- 1. Орыс әскери құрылымдарының Жетісуға басып кіруі және Тойшыбек бекінісі түбіндегі шайқас**
- 2. Ұлы жүз қазақтарының Верный бекінісінің салынуына қарсылығы және Ұзынағаш шайқасына қатысуы**

1. Қазақ хандарының билігін жойғаннан кейін патша өкіметі өзіне бағынышты аймақтарында Ресейлік әскери - әкімшілік жүйесін енгізуге нақты мүмкіндік алып, оны іске асырады. Рас, патша өкіметі мұның бәрін бірден жүзеге асырмай, оны кезең-кезеңімен орындайды. Алдымен патша өкіметі әскер күші арқылы елдің ішкі тірлігіне араласып, жергілікті қазақтарды шекаралық межеге жақын орналасқан қоныстарынан қуып, олардың орнына Сібірден қазақтарды әкеліп қоныстандырады. Осыдан кейін ғана Жетісу өлкесін тездетіп жаулап алуды мақсат еткен патша өкіметі 1860 жылға дейін өлкеге өздерінің әскерлерін орналастырып, Ұлы жүз қазақтарын билеу үшін басқару тетіктерін жүзеге асыруға кірісіп, Жетісуды отарлауды Батыс Сібір генерал-губернаторлығына міндеттейді.

1838 жылы Орта және Ұлы жүз қазақтарын бағыныштылықта ұстау мақсатында және оларды басқару үшін шекара басқармасы құрылады. Жаңадан құрылған мекеме Батыс Сібір Бас Басқармасына тікелей бағынып, қазақ даласының «тыныштығын» қадағалап, оны жан-жақты бақылауға алады. Аталған бұл

шара Жетісу өлкесін жаулауда патша өкіметінің тарапынан әскери күштерді жетілдіргенін білдіріп, Ұлы жүз қазақтарының ісі барған сайын күрделене түскенін көрсетті. Оны жергілікті халықтың тікелей шекара бастығының бақылауына көшкенінен аңғарамыз. Бірақ Жетісу өлкесіне ауысқан Кенесары хан бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы Аягөз округының көтерілісшілерді басып-жаншуға келгенде әлсіздігін, Ұлы жүз қазақтары кез-келген уақытта патшаның билігінен шығып кете алатынын көрсетіп берді. Осыған байланысты 1846 жылдың жазында патша өкіметі Кенесары хан бастаған қозғалыстың өршіп кетуіне жол бермеу, Ұлы жүз қазақтарының көтерілісін алдын алу мақсатында Жетісу өлкесіне Сібір шекаралық басқармасының бастығы Вишневский басқаратын әскерді жібереді. Ол Лепсінің бойында Ұлы жүз бен Орта жүздің сұлтандары мен игі жақсыларын жинап съезд өткізеді.

Съезде Вишневский Ұлы жүз қазақтарының билеушілерін отаршылдыққа қарсы қозғалысты айыптап, қорқыту арқылы Кенесарыдан бас тартуға, оны оқшаулауға және Ұлы жүз жерінен ығыстырып шығару туралы құжатқа зорлықпен қол қойдырады. Дегенмен Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалысын патша әкімшілігі қанша рет қорқытқанына қарамастан Ұлы жүз қазақтары жан-жақтан қолдап отырған. Оның ішінде Кенесарының әскеріне дулаттарды басқаратын Рүстем сұлтан мен Байзақ датқа, Белқожа би, Медеу би бастаған шымыр, Құдайберген датқа бастаған сыйқым, Сыпақ батыр мен Әндес батыр бастаған шапырашты рулары белсенді қатысқан. Әсіресе, Жетісуға келген Кенесарыны Ұлы жүз қазақтарының бірі Тойшыбек батыр ерекше қолдайды. Ол Үлкен Ақсай өзенінің Қарасу өзенімен тоғысатын жеріне салған атақты Тойшыбек бекінісінің иесі, әрі би болған. Тойшыбек би және оның ұлдары Байсейіт пен Жанғаш Жетісу өлкесіндегі орыс отаршылдарына қарсы өмірінің соңына дейін азаттық үшін күресіп өткен. Алайда Кенесары Қасымов өлген соң, патша өкіметі Жетісу өлкесін жаулап алуды жеделдетеді. Себебі патша өкіметі Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысынан біраз сабақтар алады. Осыған байланысты кезінде Кенесары ханның соңына түскен патша әскері көтеріліс аяқталса да кейін қайтпай, Қапал өзеніне жақын



тау аңғарында қыстап шығып, көктем шыға жаңа бекіністің негізін салады.

Нәтижесінде 1847 жылы Қапал бекінісінің іргесі қаланып, 1848 жылдың басында Ұлы жүз қазақтарын басқару және Жетісу өлкесін бақылау үшін Үлкен орда приставтығы деген басқару әскери-әкімшілігі құрылады. Ол Батыс Сібір генерал-губернаторлығына бағынып, Жетісу өлкесіндегі саяси билікке патша әкімшілігі ресми түрде ие бола бастайды. Ресей империясының Ұлы жүз қазақтарын басқару және бақылауды күшейту үшін құрылған әскери мекеме - Приставты тағайындауы, патша өкіметінің Жетісу өлкесін, оны мекендейтін жергілікті халықтың тәуелсіздігін жоя отырып, Орталық Азия хандықтарын жаулап алуға ұмтылғанын айқын көрсетті. Қапалда құрылған жаңа билік Приставтық болғанымен, іс жүзінде ол штат құрамы және атқаратын міндеті бойынша округтық приказ негізінде құрылып, соның қызметін атқарды. Жаңадан ашылған бұл сыртқы округ ерекше өкілеттіктерді иеленіп, шекара мәселесімен де айналысты. Сонымен қатар, Жетісу өлкесінде топтастырылған сан мыңдаған орыс әскерлері Орталық Азия мен Қытай сияқты мемлекеттерге шабуыл жасауға дайын тұрғандықтан оларды азық-түлік және жүк көліктерімен жабдықтау осы әскери-әкімшілік орындарына жүктелді және әскери күшке сүйенген Приставтық өлкедегі тыныштық пен тәртіпті сақтады.

Олар осы мақсатқа жету үшін жергілікті тұрғындарға қарсы қанды жазалаулар жүргізді. «Азиаттардың орыс аты аталғанда үрейі ұшатындығына қол жеткізу оңайға түскен жоқ, - деп жазады Е.Марков өзінің «Ресей Орта Азияда» деген еңбегінде, - сәл ғана жасалған орысқа деген қарсылық әрекет үшін бұратаналарды қанға бөктіріп, аяусыз жазалау қажет болды. Жақын маңнан табылған орыстың өлі денесі үшін бүкіл ауылдар тұрғындарымен өртеліп, күлі ғана қалатын». Қарап отырсақ, қазақ жеріндегі Ресей үстемдігінің тарихы оның жазалаушы мекемелерінің қасіретті «қанды ерліктеріне» толы болғанын байқаймыз. Ұлы жүз қазақтары Приставының басшылығына алғаш рет майор Врангель тағайындалып, оның қарамағына Қапалда тұрған Абакумовтың жүздігінен басқа Қарқаралыдан 62 қазақ, Аягөзден старшина Нюхаловтың 38 қазагі беріледі. Приставтың

жанына Ұлы жүз қазақтарының билеушілерінен үш аға сұлтанды бекітеді. Олардың тікелей міндетіне Ұлы жүз қазақтарының арасында тыныштық орнату, ел ішіндегі азаматтық істерді билердің көмегімен дәстүрлі қабылданған әдет-ғұрып бойынша шешіп отыру және орыс әкімшілігінің түрлі шараларына өз руларымен көмектесу кірді. Дегенмен Жетісу өлкесін отарлау барысында патша өкіметіне жергілікті барлық билікті ресейлік әкімшіліктің қолына шоғырландыру саясатын жүзеге асыру сұлтандардың, ру шонжарларының, билердің наразылығын тудырды. Өйткені оларды патша әкімшілігі билікке араластырмауға немесе өздерінің бақылауына алуға тырысты. Осылайша, Өскемен, Семей, Петропавл және тағы басқа да бекіністер мен әскери шептер тізбегін салған патша әскерлері Жетісу өлкесіне емін-еркін кіре бастады.

Бұл кезде оған қарсы Жетісу үшін бәсекеге түскен Қытай Англиямен болған апиын соғысында жеңіліс тапқандықтан орыстарға қарсы ешқандай әрекет жасай алмайды. Сондықтан патша өкіметінің ендігі мақсаты Іленің арғы бетіне өтіп, онда тәуелсіз көшіп-қонып жүрген қазақ руларын қарудың күшімен Қоқан хандығының ықпалынан айырып, онда орыс билігін орнату болды. Ұлы жүз билеушілерінің патша әкімшілігіне ант бергенін білген Қоқан хандығы Әулиеатаға келеді де оларды қайтадан өз жақтарына қарай тартуға әрекет жасап, қазақтардың сұлтандары мен билеріне хабар жіберіп, кеңес құруға шақыртады. 1848 жылы шілде айында Ұлы жүз қазақтары мекендеген Жетісу өлкесіне Қоқан әскерімен келген Нұрмұхамед құсбегі Қамбар сұлтанға және Бейбіт пен Тіленші биге орыстардың билігінен құтылуға, Іленің бергі бетіне өтіп, қарамағындағы руларыңды кәпірлерге қарсы көтеріңдер, сонда біз сендерге қамқор боламыз деп жария салады. Орыстарға қарсы бірге көтерілейік деп Ұлы жүз сұлтандарына жазған қоқандықтардың хатын дулаттардың беделді билері Тойшыбек, Керім, Байзақ, Сыпатай және Рүстем төре қолдайды. Солардың ішінде Тойшыбек би маңызды рөл атқарады. Кейін уақыт көрсеткендей Тойшыбек Жетісудағы азаттық қозғалысқа басшылық жасап, оның нағыз күрескеріне айналды. Тойшыбек би (1783-1860 жж) қазіргі

Алматы облысы, Жамбыл ауданының Таран елді мекенінде дүниеге келген.

Ұлы жүзге кіретін Дулат руының Ботпай тармағынан тарайды. Тойшыбектің әкесі Қасаболат Жетісуға танымал батыр ретінде жоңғарлармен соғыста елдің тыныштығын қорғаған. XIX ғасырдың ортасында қазақ даласында айдауда болған поляк төңкерісшісі А.Янушкевич Тойшыбек биді «Ұлы жүздің атақты қазақтарының бірі» деп бағалаған. Ал орыс әскери шенеуніктері «бүлікшіл би Тойшыбек» деген сөз тіркестерін жиі қолданған. Өлкей Марғұлан редакторлығымен шыққан Ш.Уәлиханов шығармаларының бірінші томында Тойшыбекке байланысты: «қазақтың шапырашты, дулат руларын басқарған ірі қазақ феодалы, Қоқан хандығының басқаруға қойған адамы, Ақсу өзені бойында әскери бекініс салушы», - деген анықтама беріледі. 1850-1855 жылдары Жетісу өлкесінің Ресей империясының иелігіне өтуіне қарсы аянбай күрескен Тойшыбек би қазақтардың тәуелсіздігін қалайда сақтап қалу үшін талай рет тар жол, тайғақ кешулерді басынан өткерді. Әсіресе Тойшыбек би бастаған Ұлы жүз қазақтарының қыпшақтар билеген Қоқан хандығын ашық қолдауы тәуелсіздік үшін күрестің белгісіне айналды. Өйткені қоқандықтарға сөз жүзінде бағынып, бірақ емін-еркін көшіп-қонып жүрген Ұлы жүз қазақтары орыстардың билігінен қатты қауіптеніп, тәуелсіздіктің тамырына біржола балта шабылатынын, отарлық езгіге түсетінін жақсы түсінді. Өз кезегінде Қоқан хандығы да Жетісуды иелену жолындағы тайталаста Ресей империясының бірден-бір бәсекелесіне айналып, көптеген қазақтардың қолдауына сүйенді. Оған қарсы жауап ретінде Жетісу өлкесінде жаңадан құрылған Қапалдағы орыс приставтығы негізінен әскери іс-қимылдар арқылы қоқандықтарды өлкеден ығыстырып шығарып, оның орнына өздерінің билігін орнатуға кіріседі. Ал мұндай міндетті шешу үшін олар бірінші кезекте Қоқан қыпшақтарының Жетісудағы ең басты тірегі болған Тойшыбек қамалын қирату қажет еді.

Ресей әскері Бас штабының штаб капитаны Померанцевтің 1851 жылы жасаған картасы бойынша, Тойшыбек бекінісі Үлкен Ақсай өзенінің сол жақ жағасында, яғни оған Қарасу өзенінің келіп құятын сағасынан 8 верст тө-

менде орналасқан. Жетісу өлкесі арқылы өтетін үш керуен жолында орналасқан осы Тойшыбек бекінісі сол кездегі жергілікті халық үшін де стратегиялық және экономикалық маңызы зор болып, саудагерлер үшін қолайлы еді. Өз кезегінде Қытай шекарасына жақын, сондай-ақ Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздарға ықпал етіп, Құлжаға баратын керуен жолдарына бақылау жасауға ыңғайлы Тойшыбек бекінісі сияқты қазақ билеушілері салдырған бекіністерді Қоқан хандығын басқарушы қыпшақ Мұсылманкүл Жетісуға ентелеп келе жатқан патшалық Ресейдің басқыншылық саясатына қарсы тірек ретінде пайдалануға тырысты. Осыған байланысты Тойшыбек бидің келісімі бойынша қоқандықтар бекіністі күзетуге 75 қыпшақ сарбазын жібереді. Тойшыбек бекінісіне келетін болсақ, сол кезеңдері қазақ даласында салынған бекіністерге көп жағдайда жергілікті тұрғындарын билеген игі жақсылардың есімдері берілді және қазақтар мен қырғыздар сауда керуен жолының бойында орналасқан өз қамалдары арқылы саудагерлерден алым-салық жинап отырған. Сонымен Тойшыбектің шақыртуымен оның қорғанына орныққан қыпшақ Аққұлы Рүстем сұлтанның иелігіндегі қазақтары мен Ұлы жүздің басқа да беделді адамдарын өз жақтарына өтуге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді.

Мәселен, ол шапырашты Сары биге жазған хатында «мұсылманға іш тартқандар мәртебелі болмақ, ал кәпірге іш тартқандар жау болмақ», деп ескерткен. Аққұлы Ұлы жүз қазақтарының арасында тек үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, патша билігін мойындап, оларға салық төлеп отырған қазақ ауылдарының малын барымталауменен де айналысқан. Мысалы, 1848 жылы ол орыстардың билігін мойындаған жалайырлардың 32 түйесі мен жылқысын Тойшыбекқорғанға айдап әкеткен. Тойшыбек бекінісінде орналасқан Аққұлы бастаған қоқан қыпшақтары Ұлы жүз қазақтарына жүргізген жұмыстарын қырғыздардың арасына да таратып, қырғыздардың игі жақсыларын өз жағына көндіруге әрекет жасайды. Тойшыбек бекінісі Қоқан хандығы үшін ғана емес патша өкіметіне де стратегиялық жағынан маңызды болды. Себебі Тойшыбек бекінісін алу Ресей империясына Іле бойына нық орнығу мүмкіндігін беріп, Қапал бекінісі арқылы Жетісу жерімен өтетін үш сауда

керуен жолын өз иелігіне қосатын еді. Осы мақсатқа жету үшін Ұлы жүз қазақтарын іс жүзінде жылдамырақ бағындыруға кіріседі. Сондықтан қазақтардың бекіністер салып, Ресей империясының басқыншылық саясатына қарсы қоқандықтармен бірігіп кетуінен қауіптенген орыстар, оларға қарсы әскерін жөнелтеді. «Тойшыбек бекінісінің салынуы,-деп жазады өз естелігінде орыс әскери шенеунігі И.Ф.Бабков,- саяси жағынан алғанда Ұлы жүз қазақтарының арасында Қоқан хандығының өсуіне, Ресей билігінің әлсіреуіне әкеп соқтырды. Сондықтан Іле алқабына жіберілген әскери экспедицияның алдына Тойшыбек бекінісін қиратып, ол жақтан қоқандықтарды қуып жіберіп, қазақтардың арасында орыс билігін қалпына келтіру қойылды».

Бұл әскердің міндетіне Тойшыбек бекінісін талқандап қана қоймай, Іле қазақтарын «тәртіпке» келтіру жүктеледі. 1850 жылы 15 сәуірде Ұлы жүз қазақтарының приставы Врангельдің орнына келген капитан Гутковскийдің басқаруындағы қазақтардың жүздігі мен бір жаяу әскер взводы және екі зеңбірегі бар әскер экспедиция Іле өзенінен өтіп, Ұлы жүз қазақтарының бекінісіне қарай бағыт ұстайды. Гутковский басқарған патша әскеріне 17 сәуір күні дулаттардың ықпалды билерінің бірі Әшекей Тойшыбек қамалының бастығы Аққұлының хатын әкеліп береді және өзі Ресейге адалдығын білдіреді. Хатта Аққұлы орыс патшасы мен Қоқан ханының арасындағы достығын баяндай келе, Гутковскийге соғыспай, бейбіт түрде кейін қайтуды ұсынады. Аққұлының хатын оқыған капитан Гутковский өз бағытын жалғастырып, Әшекей биді Тойшыбек бекінісіне тыңшылыққа жұмсайды. Оған келіскен Әшекей би орыс әскерінің келесі түнейтін жерін көрсету үшін бір сенімді адамын тастап, Тойшыбек қамалына қарай аттанады. Алайда Әшекейден бастап оның қалдырған адамдардың бәрі де орыс әскерінде жолбастаушы болып жүрген Рүстем сұлтанның ұлы Абылай сұлтан мен оның кісілері де басқыншыларға шын ниетпен қызмет көрсетпейді. Олар патша әскеріне Тойшыбек қамалына жетуін кешеуілдету және қазақтардың дайындалып үлгіруге мүмкіндік беру мақсатында жолдың әлі алыс екендігін айтып, әскердің тез жүруіне барынша кедергі жасауға тырысып бағады. Сонымен қатар, қазақтар болса зеңбіректері бар, жақсы қаруланған орыс

әскерін сырттай бақылауға алып, әрбір қадамын бекініс басшыларына хабарлап отырды.

Дегенмен басқыншыларға Гутковскийдің әскер құрамына арнайы шақыртқан семейлік көпес Рахымжан Беделев пен Тойшыбектің туысқаны Қожағұл Байсеркеұлы және жалайырлардың аға сұлтаны Сүйік Абылайханов сияқты орыстарға көмектескендер де болды. Олар Іледегі Тойшыбек бастаған көтерілісшіл қазақтардың іс-әрекеті жайлы мәлімет беріп отырды. Тіпті жалайырлардың сұлтаны Сүйік Абылайханов Көксудағы көпірлерді қазақтар қиратқан кезде, талқандалу алдында тұрған орыс әскерін аман алып шығады.

Сондықтан Қамбар сұлтан Гутковский басқарған орыс әскеріне беріле қызмет етуге даяр Сүйік сұлтанның баласы Жадайдың қосылуына жол бермеуге тырысып, оның орнына өз баласы Найманқұлды қосып береді. Осылайша Найманқұл, Абылай сұлтан, Әшекей би, Кендірбай би бастарына төнген қауіпке қарамастан орыс әскеріне дұрыс жөн көрсетпейді. Рүстем сұлтан жіберген татарлардың молдасы Әлім Ягудин де Тойшыбек туралы мәлімет жинаудың орнына Ұлы жүз қазақтарының бас көтеруіне септігін тигізеді. Тойшыбек қорғаны үшін шайқас 1850 жылы 19 сәуірде басталады. Капитан К.К.Гутковский бастаған орыс әскерлеріне қазақ және қоқандықтардың 3000-дай бірлескен күші қарсы тұрады. Орыс басқыншыларына қарсы Тойшыбек, Шаншар, Диканбай, Әшекей билер мен Әли, Қамбар, Құдайберген сұлтандар бастаған Ұлы жүз қазақтары бір тудың астына жиналып, ерлікпен соғысады.

Орыс әскерінің әрбір басқан қадамына кедергі жасаған қазақтар түрлі амал-әрекеттер жасайды. Мәселен, жол бастап жүрген Абылай мен Әшекей би орыс әскерлерін бекініске зеңбіректері өте алмайтын жағынан әкелгендігі орыстарды қолайсыз жағдайға қалдырады. Бекініс түбінде қазақтар мен қоқандықтар біріге отырып, өздерінің ортақ жауы патша өкіметінің әскеріне қарсы азаттық үшін шайқасқа түседі. «Қыпшақтар бізге қарай жауап ретінде, - делінеді Гутковскийдің мәліметінде, - бекіністен тыс жерде орналасқан шағындау зеңбіректен және қабырғаның үстіндегі мұнаралардан мылтықпен қаруланған сарбаз-

дары оқ жаудырды. Осы кезде сыртымыздан қазақтардың салт аттылары жан-жақтан қоршауға алды. Олар батырлары мен атақты адамдарының әруақтарын шақырып, Тойшыбектің туымен қатар қыпшақтардың жалауын көтеріп шықты».

Шайқастың келесі күнінде Тойшыбек бастаған қазақ сарбаздарының саны 4000-ға жетіп, осы күнгі шайқас түнге дейін созылады. Бірақ-та орыс әскерлері зеңбіректен оқ жаудырып, олардың шабуылына тойтарыс береді. Қамалдағылар шабуылдаған орыс әскерлерінің басына дуалдардан тас, балшық, жанған көмір шоқтарын лақтырып, мүлдем жақындатпайды. Гутковский отрядты бекініске Ақсай өзені жағынан әкелуді ойлап, солай қарай бұрғанда, орыс әскерлері шегінген екен деп ойлаған бекіністі қорғаушылар бір зеңбіректі бекініс сыртына шығарып, атуға кіріседі. Зеңбіректі арқанмен сүйретіп шыққан 7 адамға орыс әскерлері тарпа бас салып, 5 адам қылышпен кескіленіп өлтіріліп, 2 адам жараланып, қолға түседі. Алайда олар зеңбіректі орыстар қолына түсірмей, батпаққа батырып үлгіреді. Тойшыбек бекінісін қорғаушыларға қарсы екі күнде орыс әскерлері 84 рет оқ жаудырады, бірақ жеңіске жете алмайды. Бекініс сыртындағы Тойшыбектің жасағы да көбейгеннің үстіне көбейе түсіп, шешуші шабуылға шығады. Алайда барынша қуат ала бастаған Тойшыбек жасағының түнгі шабуылынан бұл жолы да 20 сәуір күнгі қатты нөсер мен қою қараңғылық орыс әскерін құтқарып қалады.

Орыс әскерлері қорыққандықтарынан от та жақпай қояды. Ал Тойшыбек жасағы 1,5-2 шақырымдай жерде от жағып, түнеп шығады. Шайқас кезінде бекіністегілер 7 адамынан айрылса, орыстардың 1 адамы өліп, 7-уі ауыр жараланады. Осылайша Тойшыбек бекінісінің түбінде қатты қарсылыққа тап болған Гутковский келесі күні шегінуге мәжбүр болады. 21 сәуір күні шегінген орыс әскері қазақтардың еркін қимылдауына мүмкіндік бермеу үшін Рүстем сұлтанның баласы Абылайды аманат ретінде өздерімен бірге алып, Үшалматы жаққа қарай шегіне бастайды. Ал көтеріліске шыққан қазақтар болса түнде ағаштарды кесіп, оны орыс әскерлерінің жолына тастап, зеңбіректерін алып жүруге кедергі жасап бағады. «Келесі күні әскердің бас жағына бір зеңбірек, ортаға жүк тиелген арбаларды алып, соңы-

на екінші зеңбіректі қойып, айнала казактарды қоршатып Алматы өзеніне жеттік. Алматының түбінде Рүстем бастаған топ бүлікшілерге қосылып, санын 7 мыңға дейін жеткізеді. Ол бізге соғысты тоқтатайық деп екі оқ жібереді де, баласы Абылайды басатуды сұрайды. Мен оның сөзіне сенбей баласын босатудан бас тарттым.

Абылайды босатпайтыныма көзі жеткен қазақтар жолымызға бөренелер тастап, төбелерге көтеріліп-түсер тұстарға ор қазып, бөгет жасаумен болды. Осы кезде мен әскердің бағытын солтүстікте жатқан казактардың ауылдарына қарай бұрдым. Нәтижесінде тосқауылда тұрған қазақтар өз ауылдарын құтқаруға асығып, қоршауды тастап кетсе, ал тұтқындағы Абылай халқын құтқару үшін Шеңгелді өткелі арқылы Ілеге баратын төте жолды көрсетуге келіседі. 25 сәуірде қамыстан жасаған 8 салмен Іледен өттік». Яғни, орыс әскерлері қоршауда қалса да зеңбіректерден оқ жаудыра отырып, Түрген жаққа баратын жолға емес, Қаскелең мен Талғарда жатқан бейбіт қазақ ауылдарына қарай бағытын өзгертеді. Осы кезде Ілеге дейін жағалай қонған қорғансыз ауылдарын қорғау мақсатында көптеген көтерілісшілер майдан даласын тастап, ауылдарына қарай кетеді. Көтерілісшілердің екіге бөлінуі орыс әскерлерін біржола талқандалудан аман сақтап қалады. Дегенмен басқыншылар қазақ ауылдарын және өздеріне қарсы шабуылдаған көтерілісшілерді зеңбірекпен аяусыз атқылауға сәті түсіп, казактарды көп шығынға батырады. Әсіресе, көтерілісшілер үшін казактардың арасында зор беделге ие Өтеген батырдың немересі Шаншар батырдың оққа ұшуы үлкен соққы болып тиді. Осыдан кейін барып көтерілісшілердің екпінді қимылдары баяулап, орыс әскерлерінің еркін шегінуіне жағдай жасады. Сонымен казактардың ортақ басшылыққа бағынбауы, Абылай сұлтанның аманатта ұсталуы, қазақ ауылдарының жақын жерде орналасуы және ең бастысы соғыс техникаларының болмауы орыс әскерінің талқандалмай, аз шығынмен қоршауды бұзып шығуына мүмкіндік берді. Ал патша өкіметінің тұтқынына түскен Абылай сұлтан Обдорск қаласына жер аударылғаннан кейін, ол жақтан қашып шығып, тундрада адасып, үсіктен өледі.



Тойшыбек би бастаған көтерілісшілердің жеңісі Жетісуды мекен еткен жергілікті халықты ғана емес, қоқандықтарды да жігерлендіре түсті. Орыс басқыншыларының шабуылына ұшыраған Тойшыбек бекінісі аз уақыттың ішінде қайта қалпына келтіріліп, оның қорғаныс қабілеті бұрынғыдан да беки түсті. Қазақ ауылдары бір-біріне барынша жақын орналасып, әр ауылға карауылдар қойылып, кез-келген қауіп-қатерге дайын тұрды. Тойшыбек қамалы түбіндегі жеңіліс патша өкіметінің халықаралық жағдайдағы беделіне үлкен нұқсан келтіргені соншалықты, сол жылы патшаның жарлығымен Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков пен Ұлы жүз қазақтарының Приставы Гутковский орнынан алынады. Гутковскийдің жеңілісі Іле өлкесінде қоқандықтар беделін көтеріп, Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар арасында орыс ықпалын қатты әлсіретіп жіберді. Сондықтан Ресей империясының билігін қайтадан табанды түрде енгізу үшін патша өкіметі жергілікті халыққа қатаң шаралар қолдану қажеттігін түсінді. Осыған байланысты Ресей империясының патшасы орыс әкімшілігіне қарсы шыққан қазақтарды қатал жазалау туралы Жарлығын шығарады. Ал келесі жылы тікелей орыс патшасының бақылауымен Тойшыбек бекінісіне қарсы қайтадан мол әскер жасақталады.

Бұл әскердің құрамында 883 жаяу әскер, 663 казак, 16 зеңбірек пен 100 ракетасы бар 170 зеңбірекші болды. Оның қамал бұзатын ауыр зеңбіректерін Санкт-Петербург пен Брянскідегі қару сақтайтын қоймадан алдырады. Бұл жорықты патша өкіметі мұқият, әрі құпия жүргізді, бәрін елеп-екшеп, өткендегі жеңілістен сабақ алуға тырысты. Орыс патшасының қаһарлы мол әскери күшті Ұлы жүз қазақтарына қарсы жіберудегі мақсаты Тойшыбек бекінісін талқандап қана қоймай, көтеріліс жасаған қазақтарды жазалап, орыс қаруының беделін қазақтардың арасында көтеру болды. Патша өкіметі жазалаушы экспедицияның бастығына қазақтарды жазалауда талай рет сыннан өткен, қазақ даласы мен тілін, дәстүрін жақсы білетін подполковник Карбышевты тағайындайды. Оны Батыс Сібір генерал-губернаторның өзі тексеруден өткізіп, генерал-майор Яковлев қосымша мінездеме беріп, қуаттайды. Жазалаушы экспедицияның әскери жорығын даярлай отырып, орыс әскери әкімшілігі

жорықтың жағдайын өте құпия жағдайда ұстайды. Жорықтың өте құпияда дайындалғаны соншалықты, оны жаңадан тағайындалған Ұлы жүз Приставы капитан Перемышльский де білмейді. Іленің арғы бетіне аттанатын әскерді жорыққа даярлау туралы бұйрық 1851 жылы 7 наурызда беріледі. Ал әскер болса 1851 жылы 18 мамырда Қапалдан аттанады. 1851 жылы мамырдың ортасында Қапал бекінісінен Тойшыбек бекінісіне бағыт ұстаған Карбышев әскеріне Дүйсе Сүйіков және Әблес Әлиевтің атты жасағы жол көрсетіп жүрді.

Оларға кейін Талғар өзенінің Ілеге құяр тұсында өз қарамағындағы адамдарымен албан мен суан руының сұлтандары Дүрәлі Хәкімбеков және Адамсарт Ибақов қосылады. Албандар мен суандардың билеушісі Хәкімбектің ауыр науқастан қаза болуына байланысты аға сұлтан болуға Адамсарт Ибақовпен өзара таласқан Тезек Нұралиев те экспедицияға ниеттес екендігін білдіреді. Себебі, екеуі де орыстардың көмегімен өз мақсаттарына қол жеткізуді мұрат еткен-ді. Тезек сұлтан албандар мен суандарды бірдей басқаруға ұмтылса, Адамсарт сұлтан суандарды жеке билеуге талпынады. Осылайша, аға сұлтанды таңдауда екі рулы елдің арасында алауыздық туады. Бұл кезде суандар Қытай аумағында тұрды. Албандар болса, Қытай жерінен ығыстырылып, бергі бетте дулаттардың қысымына ұшырап, орыстардың қолдауына зәру болған-ды. Тезек сұлтанның орыс экспедициясына ыңғай танытуының негізгі себебі осында жатты.

Сонымен Тойшыбек бекінісін қиратуға шыққан орыс әскерінде қазақ сұлтандарын қоспағанда 1 мың 371 адамнан тұрды. Тойшыбек бекінісіне жеткен орыс әскері бекіністің бос тұрғанын көреді. Орыстардың мол әскермен шығайын деп жатқанынан хабардар болған Тойшыбек бастаған рубасшылары мен қыпшақтар, жақсы қаруланған басқыншыларға төтеп бере алмасын біліп, бүкіл елін жинап, Шудың арғы бетіндегі қоқандықтардың иелігіне көшіп кетеді. Карбышев бастаған орыс әскерлері бос қалған Тойшыбек бекінісін зеңбірекпен атқылап, оның тас-талқанын шығарады да жермен жексен етеді. Бұдан соң 1850 жылы Гутковскийге қарсылық көрсеткен көтерілісшілер мен оның басшылары қатаң жазаланады. Орыс әскерінің

Тойшыбек бекінісін алуы Жетісу өлкесіне Ресей билігінің орнанының белгісіне айналды. Патша өкіметі Ұлы жүз қазақтарының қайтадан бас көтеруінен қорқып, жазалаушы әскердің бір бөлігін қалдырып кетеді.

2. XIX ғасырдың II жартысынан бастап патша өкіметі Жетісу өлкесіндегі отарлау саясатын одан ары өрістетіп, Ұлы жүз қазақтарының саяси дербестігін біржола жоюға бағытталған шараларды кеңінен жүргізе бастады. Өйткені 1850 жылдан бастап Іле өлкесіне Сібір казак-орыстарының алғашқы легі келіп қоныстандырылып, олар бірте-бірте қазақтардың отырған жерлерінен ығыстыруға көшеді. Өлкеге көшіп келген казак-орыс қоныстанушылары көптеген жеңілдіктер алып, қазақ халқы аяусыз қанауға ұшырайды. Мәселен, қазақтар жолдарды дұрыстап ұстау, көпірлер салу, су жүретін арықтарды тазалау сияқты істерді тегін атқарып, жергілікті әкімшілік мүшелерін асырауға, пошта жолымен жүріп бара жатқан шенеуніктерге жол жүргені үшін қаражат беруге, далаға іссапарға жіберілген патша әкім-қызметкерлеріне үй беруге, оларға отын жеткізіп тұруға міндетті болды. Патша өкіметінің жергілікті әкімшілігі тек әрбір үйден түтін салығын ғана алып қоймай, жер кепелерді, қамыстан салынған күркелерді пайдаланғаны үшін де халықтың кедей топтарынан да алым-салық жинап, оны халықтың барлық әлеуметтік топтарына бірдей салды.

Осы жағдайды пайдаланған қоқандықтар 1850 жылдың аяғында қазақтардың арасында үгіт жұмыстарын күшейтіп, орыстарға және олардың билігін мойындаған қазақтарға қарсы айдап сала бастайды. Қоқандықтардың үндеулері қазақтар тарапынан кең қолдау тауып, аяғы толқуларға ұласады. Мәселен, Тойшыбектің қарамағындағы Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздың солто руымен біріккен жасақтар орысқа қараған қазақ ауылдарын Шу бойына көшіріп әкетуді және көнбегендердің ауылдарын шауып кетуді жиілетіп түскен. Сонымен қатар, қоқандықтардың қазақтарға жіберген шабармандары орыстарды Іледен асыра қуып тастауға, көпірлерге қарсы бірлесіп күресуге шақырған ұрандары үдей түседі. Дегенмен осы кезде орыс әскерінің Тойшыбек бекінісін күшпен басып алуы Жетісу өлкесіне патшалық Ресей билігін баянды етті.

Жетісу өлкесінде орыс үстемдігін нығайтып, Ұлы жүз казактарына бақылауды күшейту және оларды қоқандықтардың ықпалынан айыруды көздеген патша өкіметі Тойшыбек бекінісі алынысымен Батыс Сібір генерал-губернаторына Іленің арғы бетіне өз бекіністерін салып, орыс билігін одан әрі күшейтетін шаралар жасауды бұйырады. Нәтижесінде патша үкіметінің нұсқауын іске асыру мақсатында 1853 жылы шілде айында Қапалдан майор Перемышльский бастаған орыстардың бір рота жаяу әскер және екі жүз казагі бар әскер келесі бір жорыққа аттанады. Мақсаты қырғыз манабы Ормон Ниязбековтың Ресей билігіне өту туралы өтінішін қанағаттандыру, ал түпкі ойы Іленің арғы бетінде нақты тірек болатын бекіністің орнын анықтап, патшалық Ресейдің билігін біржола орнату болып табылды. Перемышльский әскері Қапалдан 1853 жылдың 2 шілдесінде шығып, бір кездері, яғни 1851 жылы Карбышев отряды жүріп өткен жолмен Іле бойына тартады. 16 шілдеде Іленің Түрген өзені сағасы тұсынан өткен отрядтың бір бөлігі Іледен тұрақты өткел (Талғардың құяр сағасынан) салады.

Сөйтіп, Іленің сол жағалауында дулаттардың ежелгі қонысында алғашқы орыс әскери бекінісі – Верныйдың негізі қалана бастайды. Жетісу өлкесінде Ресей билігін күшейтуді көздеген Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорд өлкеге бекініс салып қана қоймай, бұл жерге Ұлы жүз казактарының Приставын көшіріп, оның қасында әскер ұстауды ұсынады. Кезінде патша өкіметінің Батыс Сібірдегі әкімшілігі жергілікті халықтың қайтадан бас көтеруінен қорқып, Тойшыбек бекінісіне жіберген жазалаушы әскердің бір бөлігін өлкеге қалдырып кеткен болатын. Міне сол әскерді толығымен Приставтың қарамағына береді. Көксудың бойында қалған орыс-казактарының әскери тобы өлкеде орналасқан ең алғашқы тұрақты әскери бөлім болып табылды. Іленің арғы бетіне өткен Пристав басқарған орыс әскеріне казактар барынша қарсылық көрсетеді. Іле казактарының қарсылығы күшейгені соншалықты, Пристав Перемышльский өз әскерінің бір бөлігімен Есік өзенінен Қаскелең және Шамалған өзендерінің батысына, Ұзын Қарғаш өзенінің бойына жорықтар жасап, казактардың малдарын тартып алуға мәжбүр болады.

Перемышльский бұл туралы берген мәліметінде былай дейді: «орыстарды тек атақты қазақтар ғана қолдады, ал жалпы халық бізге жаулық ниет көрсетті». Жалпы алғанда Жетісу өлкесінде әскери бекіністердің көптеп салынуы, орыс казактарының лек-легімен ағылуы, қазақ жайылымдарының күшпен тартып алынуы және қазақтарды қырып-жою патша өкіметінің басқыншылық саясатының одан әрі күшеюіне жол ашты. Бұл Ұлы жүз казактарының наразылығын тудырып, оларды азаттық күреске итермеледі. Ұлы жүз қазақтары қарсылығының бір түрі орыс әскеріне Қапалдан азық-түлік тасуға қажетті түйе беруден де бас тартқаннан көрінді. Нәтижесінде әскерінің жүктерін тасымалдайтын түйелерді қазақтардан бейбіт жолмен ала алмаған соң Перемышльский енді оны күшпен тартып алуға кірісіп, жүздік Глахриннің ұшқыр жеңіл әскерін Шамалған өзені бойында мекен еткен шапыраштылардың түйелерін айдап әкетуге жұмсайды.

Бұйрықты мүлтіксіз орындаған Глахрин Ұзынқарғалы өзенінің Күртіге құяр тұсына жайылып жүрген 447 бас түйені Есікке қарай айдап әкетеді. Басқыншылардың жергілікті халыққа жасаған осындай жүгенсіздігі және олардың арасында қоқандықтар Ақмешіттен орыстарды қуып жіберіпті деген сөздердің тарауы, Ұлы жүз қазақтарын рухтандырып, көтеріліс жасауға итермелей бастайды. Ұлы жүз қазақтарының патша өкіметінің жаулап алу саясатына қарсылығы күшейгені соншалықты Ұлы жүз қазақтарының Приставы М.Д.Перемышльский: «Қазақтардың бейбастығы мен тыңдамаушылығы шегіне жетті» - дейді. Әсіресе М.Д.Перемышльский бүлікшілер түнде орыс лагеріне келіп, ұрыс салатынын айтады. Бұл бүлікшілер туған жерлерін басқыншылардан қорғау үшін атқа қонған Тойшыбек пен оның ұлы Байсейіт бастаған Ұлы жүз қазақтары болатын. Олар Верный бекінісін салып жатқан орыс әскерлеріне тұтқиылдан шабуылдауды үдетіп, олардың жұмыс көліктері – аттарын айдап, өздерін өлтіріп кетуді жиілете түседі.

Мәселен 1854 жылы 16 мамырда Іле өзені бойынан бірнеше казак пен 11 жүк таситын жылқыны айдап кетеді. Көтерілістің басты қозғаушы күші қарапайым көшпенділер болса, басшылары патша өкіметінің қысымына шыдамай атқа қонып,

азаттық күреске шыққан Тойшыбек, Байсейіт, Сұраншы, Диканбай, Әшекей сияқты Ұлы жүз қазақтарының би, старшын және батырлары еді. Орыс үстемдігін бастапқы кезден-ақ мойындамаған Тойшыбек пен оның баласы Байсейіт екеуі Кенесарының ұлт-азаттық қозғалысына белсенді түрде қатысып, ханның сенімді батырларының бірі болған. Кенесары жеңіліс тапқан соң да орыстармен болған соғысын тоқтатпаған Тойшыбек пен оның ұлы Байсейіт 1851 жылы Карбышевтың әскерінен Шудың арғы бетіне ығысқан соң, партизандық соғыс әдісіне көшіп, орыс әскерлеріне тұтқиылдан шабуылдар жасап, казактар мен қырғыздарды ортақ жаумен күресуге шақырған.

Ол туралы Жетісудағы орыстардың билік орындарындағы әскери шенеуніктерінің жазған деректерінде былай делінген: «Тойшыбек би бастаған қарулы топтар тосыннан келіп шабуыл жасайды, сағым сияқты тез арада жоқ болып кетеді. Оның артынан қуғанмен ешкім жете алмайды» - деп анықтама келтіріледі. Тойшыбек бастаған Ұлы жүз қазақтарының партизан сарбаздары жергілікті патша билігінің мазасын алғаны соншалықты орыс әскери шенеунігі одан әрі былай деп жазады: «Әскерлерге мынадай бұйрық бердім: реті келген бірде-бір қолайлы сәтті құр жібермей, бүгіннен бастап Тойшыбек би бастаған өз беттерімен кеткен ұры-қары қазақтарды қай жерде кездесе де ұстап алып, тамырына балта шауып немесе сол жерде өлтіріндер дедім». Осылайша Тойшыбек бастаған Ұлы жүз қазақтары орыс әскерлерімен кескілескен күрес жүргізді. Оған жауап ретінде патшаның орыс әскерлері 1853 жылдан бастап Тойшыбек би бастаған казактарға қарсы нағыз әскери қимылдарды бастайды.

Тойшыбек би орыс отарлаушыларына қарсы қазақтармен бірге қырғыздардың да басқа руларын көтеруге тырысқан. Мұрағат құжаттарында Тойшыбекпен бірге кеткен Ұлы жүз қазақтары Пішпек бекінісі төңірегінде қоныс тепкен қырғыздың солто руымен біріге отырып, орыс отарлаушыларына қарсы күресті тоқтатпағандығы көрсетіледі.

1854 жылы мамыр айында 800-ге тарта қоқан әскері Пішпекке келіп, соңымыздан тағы әскер келе жатыр деген сөз таратып, қазақ-қырғызды орыс жаулап алушылығына қарсы ұйымдастыруға тырысады. Оларға Тойшыбек бастаған Ұлы жүз

казактары мен солты руының қырғыздары қосылып, казак ауылдарын Шуға қарай өткізе бастайды. Қазақтардың қоқандықтар жағына өте бастағанына қарсы болған Перемышльский 150 солдаты мен 2 зеңбірегін, 2 ракеталық станогын алып, Пішпекке қарай жылжиды. Бірақ Верный бекінісінің қауіпсіздігіне қатер төнуі мүмкін деген оймен Батыс Сібір әкімшілігі оларды кейін қарай қайтарады. Жазалаушы әскерлердің қорғанысқа көшкенін байқаған Тойшыбек пен Байсейіт бастаған 80-дей казак жасағы 1854 жылы 5 шілдеде орыстардың 20 әскеріне тап беріп, 5-ін өлтіріп, 4-ін ауыр жаралайды. Уақытында көмекке келіп үлгерген орыс әскерлері қалғандарын аман алып қалады.

Тойшыбектен мұндай әрекетті күтпеген орыстар оны жазаламақшы болып, оның ауылына пристав Перемышельский басқарған жазалаушы әскерді жібереді. Бұл туралы Жеке Сібір корпус командирі Әскери министрге берген мәлідемесінде былай дейді: «Тойшыбек орыстарға деген дұшпандық көзқарасымен белгілі... 1851 жылы әскери экспедиция оны Шудың арғы бетіне қуып жіберген еді. Бірақ ол қоқандықтарға қосылып, Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардың руларын бізге қарсы күресуге шақыруда. Оның батылдығы соншалықты, ол Шудың оң жағалауына өтіп алып, бізден 100 верст қашықтықта орналасыпты.

Сондықтан Ұлы жүз приставы өткен оқиғаны аяқсыз қалдырмай және Ұлы жүз қазақтарына ықпалымызды сақтау мақсатында тұрған жерін алдын-ала анықтап. 160 казак пен 2 зеңбіректі алып, жолға шығады. Пристав басқарған казактар түнде жүріп, күндіз таудың үңгірлеріне тығылып, білдірмей Тойшыбектің аулына жетіп, таңға жақын шабуыл жасайды. Бірақ бұл ауыл Тойшыбектің үлкен ұлы Жанқожаның ауылы болып шығады. Тұтқиылдан шабуыл жасағандықтан казактар бізге қарсылық көрсете алмағанымен басқа ауылдарға хабар беріп үлгереді. Нәтижесінде казактар қорғанысқа көшіп, казактардың шабуылын тойтарады. Осы шайқаста казактардың өлгені және жараланғаны 40 адам болса, өкінішке орай біз жақтан 2 адам өліп, 3 адам жараланып, 2 адам тұтқынға түсті. Сондай-ақ Тойшыбектің 753 жылқысын, 118 түйесін, 66 сиырын олжаладық. Тұтқынға түскен екі казакты делдалдар арқылы Жанқожаға айырбастайтын болды». Осылайша орыстардың Тойшыбекті жа-

заламақшы болған әрекеті сәтсіздікке ұшырап, кейін қайтуға мәжбүр болады. Ал Тойшыбек болса, тұтқынға түскен үлкен ұлы Жанқожаны екі казакка айырбастап, қоқандықтардың иелігіне өтеді де, Ташкент билеушісінен көмекке әскер сұрайды. Қоқандықтар оның тілегін орындап, оған көмекке 500 әскер береді.

Қоқанның әскеріне 2000 жігітін қосқан Тойшыбек Верный бекінісіне шабуыл жасайды. Орыстар қазақтарды жақындатып алып, оларды зеңбіректерімен атқылайды. Бұл шайқаста Тойшыбек 100 адамынан айрылып, кейін шегініп кетеді. Тойшыбектің екінші рет қайталап, жасаған шабуылы да осындай сәтсіздікке ұшырайды. Ашық шайқастарда зеңбірегі бар орыстарды ала алмайтынын түсінген Тойшыбек бастаған қазақтар партизандық соғыстарын кеңінен пайдаланады. Мысалы, Тойшыбектің ұлдары Байсейіт пен Керімбек 1854 жылы Верныйдың түбінде казактардың 5 адамын өлтіріп, 4-ін жаралап кетсе, келесі бір жорығында Қапалдан Верныйға келе жатқан әскери жүк көлікке шабуыл жасап, 200 четворт астықты олжалап, 6 орыс әскерін тұтқынға алады. Тойшыбекке қарағанда Байсейіт басқыншыларға қаталдырақ қараған. Мысалы, Байсейіт шөп шауып жүрген 11 казакты жаралап, 2 казактың басын алып, пристав Перемышльский жүретін жолдың бойындағы қадаларға түйреп кетеді. Дегенмен, патша өкіметі Ұлы жүз қазақтарының наразылығын Орталық Азияны толық жаулап алғанға дейін тоқтата алмаған. Қазақтардың жекелеген топтардан құралған жасақтары казактардың малдарын айдап, үйлерін өртеп кетіп отырған. Елдік пен тәуелсіздікті жоғары ұстаған Ұлы жүз қазақтары 20 жыл бойы орыстармен ашық және партизан соғыстарын жүргізіп, казак әскерлеріне талай рет соққылар берген.

Азаттық күреске шыққан Ұлы жүз қазақтары ашық соғысқа бармай, байтақ даланы әр тұсынан көрініп, тұтқиылдан тиісіп, жау әскерінің берекесін алған. Тынымсыз жорықтан шаршаған, үнемі қауіп-қатерде жүрген патша әскерлері түні салқын, жауын-шашынды күз түсе бере ешбір нәтиже шығара алмай бұрынғы тұрақтары Верный бекінісіне қайта оралып отырған. Ұлы жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысына оңтүстіктің қазақтары да қосылған. Көтеріліс басшылары жасақтардың жа-



уынгерлік дайындығын жетілдіруге, оларды дұрыстап қаруландыруға көп көңіл бөліп, зеңбірек, мылтық, оқ-дәрі жасау, оларды сатып алу, азық-түлік дайындау жұмысын жолға қойып, патша әскерлеріне тыңшы жіберу, барлау жұмысы ұйымдастырып отырған.

Нәтижесінде Ұлы жүз қазақтарының көтерілісі ұзаққа созылған азаттық қозғалысқа айналды. Біріншіден, бұл қозғалыс бұқараның азаттық үшін белгілі саяси мектебі ретінде көзге түсіп, оның сабақтары отарлау саясатының қаншалықты озбыр, қанішерлік, халықтың тәуелсіздігін аяқ асты етіп отырған саясат екенін түсінуге, оған қарсы күресте өзінің еркі мен жігерін ұштауға көмектесті. Екіншіден, патша өкіметінің отаршылдық саясатына тегеурінді қарсылық көрсетіп, ірі-ірі соққы берген бұл қозғалыс халықтың күш-жігерін дұрыс ұйымдастыра білген де ғана жеңіске жете алатындығын айқындады. Сондай-ақ Ұлы жүз қазақтарының азаттық күресі қазақ халқының өсіп өркендеуіне, ұйымдасып дамуыдың даңғыл жолына шығуына өздерінің бытыраңқылығы тұсау болып отырғандығын көрсетіп берді. Үшіншіден, Ұлы жүз қазақтарының қарсылығы патша үкіметінің қазақ жеріне одан әрі тереңдей енуін кешеуілдетіп, отаршылдарды қатты алаңдатты. Алайда Ұлы жүз қазақтарының қарсылығы патша өкіметінің отаршылдық саясатты қазақ даласына енгізудегі соңғы тосқауыл, ақырғы қамал іспетті еді.

Ұлы жүз қазақтарының жете ұйымдаспағаны, ешқандай зеңбірегі жоқ және атылатын мылтығының мүлдем аздығы соңғы әскери техникамен қаруланған патша әскерлеріне қарсы тұруға мүмкіндік бермеді. Сондай-ақ кейбір Ұлы жүз қазақтарының сұлтандары мен билерінің жасқаншақтығы және келісімпаздығы да азаттық күреске өз әсерін тигізді. Ал бұл өз кезегінде Тойшыбектің қарамағындағы Ұлы жүз қазақтары және қырғыздың кейбір руларымен біріккен жасақтары орысқа қараған қазақ ауылдарын Шу бойына көшіріп әкетулерін және көнбегендердің ауылдарын шауып кетуге әкеп соғады. Мұндай амалдарға кезінде Кенесары ханда барған болатын. Яғни, 1854 жылы күзде Тойшыбек бастаған 500 қоқандық әскер мен бірнеше мың қырғыз-қазақ жасағы Алматының солтүстік-батыс жағындағы Сарыкемер деген жерде Ресей билігіне өткен Ұлы

жүздің кейбір ауылдарын шабады. Тойшыбектің соққысынан көшіп үлгермегендер де Іленің оң жағалауына өтіп, Балқаш көлі жаққа барып қорғанбақ болады. Құрамында қазақтар мен қырғыздары бар Тойшыбек бастаған қоқандықтардың Ілеге келе жатқанын алдын ала білген Перемышльский Ресей бодандығы саналатын қазақ ауылдарын ескерткенімен, оларды қорғау шараларын ұйымдастырмайды. Ол өздері салып жатқан Алматы бекінісін және әскерін қалайда қорғау қамын ойлап, әйтеуір Гутковскийдің кебін киіп қалмайын деп, шабуылдаушыларға қарсы аттанбайды.

Сарыкемердегі шайқастың тағдырын орыс билігіндегі қазақтарға уақытында көмекке келіп үлгірген Сұраншы батыр бастаған қалың жасақтың тұтқиылдан шабуылдауы және көп әскері бар орыс әскері келе жатыр екен деген қауесет шешеді. Тосыннан берілген соққыдан алдымен қырғыздар шыдамай, майдан даласын тастап шықса, қалғандары үлкен шығынға ұшырай отырып, шегінуге мәжбүр болады. Шайқас барысында қоқандықтардың 100 әскері, қазақ-қырғыздардан Тойшыбектің бір баласымен бірге 300 адам шығынға ұшырайды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтың Әскери министрге жолдаған мәлімдемесінде осы шайқастан кейін Тойшыбек бидің Қоқан ханына барып, орыстар Пішпек бекінісіне шабуыл жасамақшы, мұндағы жергілікті халық олармен соғысу үшін тек қоқандықтардың келуін күтіп отыр деп жеткізеді. Мұны естіген Қоқан ханы 1855 жылы көктемде 4 жеңіл зеңбірегі бар 1000 жаяу әскерді және тең жарымы Ташкентке жақын Боралдай тауында көшіп-қонатын қазақтардан тұратын 4-6 мыңдай атты әскерді 1000 түйеге артылған 1 жылға жетерлік азық-түлігімен Пішпекке жөнелтеді. Алайда Қоқан ханының басқыншыларды Жетісудан қуып шығу үшін жергілікті халыққа көмекке жіберген әскері жолда табиғаттың келеңсіз ауа райынан апатқа ұшырап, кейін қайтуға мәжбүр болады.

Алайда қоқандықтардан қауіптенген патша өкіметі де Жетісудағы бекіністеріне орталықтан казак әскерлерін көптеп әкеле бастайды. 1855 жылы майда Верный бекінісіндегі Перемышльскийге полковник Хоментовский басқарған 4 зеңбірегі бар 200 казакты көмекке жіберсе, оның артынша тағы да бір

рота тұрақты әскерді аттандырады. Қапал бекінісіне де сактық үшін 2 рота әскер әкелінеді және оған жақын орналасқан басқа да бекіністердің әскерлері мен қару-жарақтары көбейтіліп, кез-келген уақытта барлығы да Верныйға қауіп төне қалса әскери көмек беруге дайын тұрады. Верныйға төнген қауіп және Іленің сол жағалауындағы саяси жағдайдың мүлдем шиеленісіп кетуі Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтың өзін осы маңға келуге мәжбүр етеді. Гасфорд 1855 жылы Верныйға келіп, мәнжайға көз жеткізіп, бекіністі күшейткеннен кейін Ұлы жүз қазақтары және қырғыздардың сұлтандары мен билері және манаптарын және тағы басқа да игі жақсыларын жинап, анттарына адал болуды, қоқандықтардың иелігіне көшіп кетпеуді талап етеді және оларға сый-сияпат, шен-шекпен үлестіріп, өздеріне адал қызмет етуге шақырады. Сонымен қатар, әбден ішкілікке салынған Үлкен Орда қазақтарының приставы Перемышльскийді қызметінен алып, оның орнына 1855 жылы Хоментовскийді тағайындайды. Приставтыққа тағайындалған Хоментовский орыс билігіне бағынбаған қазақтарды қатаң жазалап, өлкеге «тәртіп» орнатуға кіріседі. Мысалы, ол 1855 жылы өлкедегі билік кімдердің қолында екенін көрсету мақсатында өзіне бағынбаған албан, дулат, шапырашты руларынан 5 адамды таңдап алып, ешқандай сотсыз атып тастайды.

Патша әкімшілігінің осындай шараларына қарамастан қазақтардың қолдауына ие болған қоқандықтар орыс бекіністеріне қарсы шабуылдауға дайындық жұмыстарын жүргізіп Ұлы жүз қазақтарын қаруландыра бастаған және Іленің сол жағалауындағы орыс отрядтарына қарсы күш біріктіріп, шабуыл жасауға шақырады. Патша әкімшілігі де қарсы шараларға барып, өздеріне бағына қоймаған Тойшыбек батыр, Диканбай, Сыпатай, Байзақ датқа, Жантай, Үмбеталы, Төрегелді секілді қазақ билері мен қырғыз манаптарын ұстап алып тұтқындауға бұйрық беріп, мәселені қарудың күшімен шешуге кіріседі. Ол үшін патша өкіметі алдымен Тоқмақ пен Пішпекті алып, орнына өздерінің бекіністерін салуға бұйрық беріледі. Орыс әскерлерінің Шу өңіріне аяқ басуы Қоқан хандығын шешуші шайқасқа баруға итермеледі.

Осыған байланысты Жетісу өлкесіне қоқандықтардан үгітшілер келіп, орыстарды бірлесе Іледен асыра қуып тастауға, кәпірлерге қарсы бірлесіп күресуге шақырады. Қоқан ханының жоспары бойынша Ташкент билеушісі Рүстембек паруанашы Пішпекте Қоқаннан шыққан Қанағатшах бастаған әскерді күтуі тиіс болды. Ол Верныйға жасалар жорыққа қолбасшылық жасамақ болды. Алайда Рүстембек паруанашы Қанағатшахты күтпей-ақ жорықты бастайды. Алғашқы шайқас 1860 жылы 3 шілде күні болса, 9-10 шілде күндері қоқандықтар Қастек бекінісіне шабуыл жасайды. Оған Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздарда қосылады. Мәселен, Жиренайғыр бойындағы шайқасқа қазақ пен қырғыздың ықпалды билеушілері де жасақтарымен қатысып, Сыпатай би, Байсейіт батыр, Керім би, Алагөз және тағы басқа қазақтарға солто руының Байтік манабы, Жаңараш манаптың бауыры Сұлтанбай, солтоның бөлекбайынан Абайділда би, сарыбағыш манабы Жантай қосылады.

Дегенмен Верный бекінісінен шыққан Циммерман әскері 1860 жылы 6 шілде күні Қастек бекінісіндегі әскерге көмекке келіп үлгіреді. Қоқандықтар болса кері шегініп кетеді. 1860 жылы 23 тамызда құрамында 1750 адамы және 15 зеңбірегі бар полковник Циммерман басқарған орыс әскерлері Шудан өтіп, 70 әскерден тұратын Тоқмақ пен 500 әскері бар Пішкек бекіністерін қоршайды. Оның құрамына жол көрсету, барлау жасау және басқа тапсырмаларды орындау үшін Алатау округінің бастығы Колпаковскийдің қатал талап етуімен жалпы саны 182 адамнан тұратын қазақтар кіреді. Орыс әскері үшін 485 түйе, 68 жылқы да қазақтардан күшпен тартып алынады. 28 тамыз күні Верныйдан 90 әскермен Колпаковский және 150 қазақты бастап Тезек төре Тоқмаққа келеді. Қаланы қорғауға қыпшақтармен бірге Ұлы жүз қазақтары да қатысады. Алайда орыс әскерлерінің қамалды қайта-қайта зеңбіректерден атқылауы өз нәтижесін беріп, қорғаушылардың қатарын сиретіп тастайды. 1860 жылы 26 тамызда Тоқмақ бекінісін талқандап, басып алған Циммерман әскері Тоқмақтың коменденты Ханқұл, датқалар Атабек пен Әлішер, молда Абдурахиммен қатар көптеген Ұлы жүзге кіретін жалайырлар, дулаттар және албандардың қазақтары бар 70 адамды тұтқындайды.

1860 жылы 30 тамызда Тоқмақты талқандаған Циммерман бастаған басқыншылар Пішпекті қоршауға алады. Қоқан ханының шақыруымен жергілікті халықтар Ташкенттен келген қазақ қыпшақтарынан құралған әскерлермен бірге 5 күн бойы Пішпекті қорғауға қатысады. Қамал сыртында орыстарға қарсы ботбай Тойшыбек пен оның ұлы Байсейіт батыр мен Жаңғараш манап бастаған қазақ-қырғыздардан құралған сарбаздар соғыстар жүргізеді. Бұл жасақ күші басым басқыншыларға қарсы аянбай соғысып Пішпекті қоршаудан босату үшін бірнеше рет шабуылдайды.

Сондай шабуылдардың бірі 1860 жылы 2 қыркүйек күні таңертеңгілік мезгілде өтіп, Тойшыбек пен Жаңғараш бастаған қазақтар мен қырғыздар орыс әскерлерінің алдынан шығып, оларды атқылауға алады. Жағдайдың ушығып бара жатқанын көрген Колпаковский Жаңғараштың бауырын және ұлын тұтқынға алып, аманатқа ұстайды. 1860 жылы 4 қыркүйек күні 627 адам қолға түсіп, Пішпек қамалы жермен жексен етіліп, қопарылып тасталады. Пішпек талқандалғаннан кейін, қыркүйектің ортасына қарай Әулиеатаға ташкендіктер мен құрама қазақтарының руынан құралған 10-15 мыңдай сарбаздар мен 600 жалдамалы парсылық әскерлерді алып, 24 зеңбірегімен Қанағатшах бастаған мол әскер келеді. Әулиеатаға келген Қанағатшах жергілікті халықты қолдарына қару алып, мұсылман әскеріне қосылуға және басқыншыларға қарсы бірігіп соғысуға шақырған үндеухаттар таратады. Үндеухаттар халықтың арасынан кеңінен қолдау табады. Атап көрсетсек Пішпек бекінісін қайта тұрғызуға Қанағатшах бастап келген әскерге Шу бойындағы қазақ, қырғыздан тұрақты түрде 5000-дай кісі жұмылдырылса, Қанағатшах Жаңғараш манаптан Пішпекті қайта қалпына келтіруге 1000 адам жинап беруді сұраған кезде, оған Ұлы жүз қазақтарының жаныс, ботпай және т.б. руларының адамдары жәрдемге келеді.

Осыған байланысты дулаттардың сұлтаны Әли Ұлы жүздің билеушілері – Діқанбай, Сағат, Әлішкей, Сұраншы, Андас, Суан, Туғанбайды және басқа билер мен батырларды, төрелерді шақырып, кеңес өткізген. Бұл кеңесте қоқандықтарға жәрдем беру туралы шешім қабылданып, егер де қоқандықтар

Қастек түбінде жеңсе, бүкіл Іле бойындағы дулаттар қол жинап, қоқандықтарға қосылып, орыстардың іс-әрекеттеріне кедергі жасап, мүмкіндік болса Алматыны өртеуге дейін баратындықтары туралы өзара келісімге келеді.

Сонымен қатар, осы кеңесте Ұлы жүз қазақтарының билеушілері Қастек түбінде орыстар жиған шөмелелерді өртеу және Іледегі бекініске шабуылдап, паромды жою, сөйтіп орыстардың Қапалмен байланысын үзу, яғни, қосымша күш алу жолын кесу жоспарланады. Кейін шайқас барысында бұл жоспар іске асып 14000 пұт шөпті өртелгенімен, орыс күзетшілерінің қырағылығы кесірінен қазақтар Қапалмен арадағы байланысты үзе алмайды. Алайда жоспардың орындалуы кезінде өте сақ сұлтан Әли қоқандықтармен өзі тікелей емес, Диқанбай би арқылы хабарласып тұрған. Орталық Азияға бастау салған және Жетісудағы Ресей билігінің тағдырын шешіп берген Ұзынағаш шайқасы 1860 жылы 18-21 қазанда Қарақастек өзені бойында өтті. Ұлы жүз қазақ билеушілерінің көпшілігі қоқандықтарды қолдап кетуі Алатау округының бастығы Г.Колпаковскийдің қатты састырғаны соншалықты, ол Ұлы жүздің барлық билеушілеріне хат жазып, қоқандықтарға қарсы күресте орыстарға жәрдем беруді өтінеді және қоқандықтардан түскен олжаның барлығын қазақтарға таратып беруге уәде береді.

Ұлы жүз қазақтарының кейбір қауіпті деген билеушілерін тұтқынға алу ойымен Тезек төре, Жанғазы төре және тағы басқа да күдіктенген сұлтандарды Г.Колпаковский Алматыға шұғыл шақыртады. Бірақ олар шайқастың тағдыры шешіліп, аяқталған кезде ғана орыстарға келіп қосылады. Ұзынағаш шайқасы кезінде Алатау округының бастығы Г.Колпаковский басқарған орыс әскерлерінде 4 зеңбірегі және 2 ракеталық станогы бар 3 рота жаяу әскер, 400 казак, барлығы 799 адам қатысады. Ал Қанағатшаһтың құрамындағы қоқандық әскерлердің саны және оған қанша қазақтардың қатысқаны туралы мәліметтер туралы әр түрлі болжамдар бар. Мәселен, Молда Нияз Мұхаммед Қоқанди ташкенттік Шағман қожа бастаған 7000 әскер, Әндіжан билеушісі Әлімбек басқарған 12 мың әскер қатысты десе, ал В.Е.Недзвецкий 12 мың қоқандық, 10 мыңдай қазақ барлығы

22 мың әскер Қанағат шаһқа бағынды, 2 мыңы бөлек қимылдады дейді. Сонымен Қоқан және Ресей қолдарының Жетісудағы шешуші шайқасы 1860 жылы 21 қазанда Ұзынағашқа таяу Қара Қастек өзенінің бойындағы алаңда өтеді. Бұл шайқаста қоқандықтарды орыстардың 5 рота жаяу әскер, 4 казак жүздігі, 12 зеңбірегі және 4 ракета қондырғысы бар әскері қарсы алады. Қоқандықтар бұл шайқасқа зеңбіректерін тау асуынан алып өте алмағандықтан, тек жеңіл мылтықтармен қаруланып келеді.

Осы шайқасқа Қоқан жағындағы қазақ қолдарын бастаушылардың арасында Батырбек, Байзақ, Момынбек, Қожабек, Сыпатай, Сұраншы, Андас және Байсейіт батырлар, қырғыз қолдарын Жантай манап пен оның ұлы Шабдан батыр, сарыбағыш Үмбетәлі және Бөлекбай Корчи дегендар басқарған. Бұл шайқаста Қоқан жағында Кенесарының үш ұлы - Тайшық, Ахмет және Сыздық қатысады. Шешуші шайқастың тағдырын орыс зеңбірегі шешіп, орыстарды жеңіске жеткізеді. Орыстардың шығыны 2 өлі, 32 жаралы әскер болса, ал қоқандықтар 1000, оның ішінде 400 адамынан өлідей айрылады. Аристовтың көрсетуіне қарағанда жергілікті халық орыстарға қарсы шығып, «жаудың жағына өтіп кеткен немесе оның әрекеті сәтті жүре бастағанын күтіп, өтуге даярланған».

Өздерінің тәуелсіздігі үшін шайқасқа белсене қатысқан қазақтар жанкешті ерлік көрсеткен. Сыздық төре, Сұраншы батыр, Байсейіт батыр, Арыстан батыр, Ақмолда батыр қазақ-қырғыз қолын бастап шығады. П.Пичугин қырғыздардың атты әскері 3000-дай болды, солто руын Іледен қуылған біздің дұшпанымыз – Тойшыбектің баласы Байсейіт бастап келді деп көрсетеді. Бұл мәлімет бойынша Тойшыбектың ұлы Байсейіт қазақтармен қатар, қырғыздардың кейбір жасақтарына да басшылық жасаған. Ұзынағаш шайқасы Іле өлкесінде орыстардың біржола табан тіреуіне әкелді және Іленің оңтүстігінен орыстарды біржола ығыстырып шығармақ болған қоқандық күшке, түркі-мұсылмандардың біріккен күшіне қатты соққы берілді. Сөйтіп, Жетісу өлкесінде 1860 жылдан бастап орыс ықпалы біржола орнады. Ұзынағаш шайқасында мешеу экономика мен қоғамдық қатынастарға негізделген отаншылдық рух емес, сол заманға сай

жетілген соғыс қаруларына сүйенген орыс әскери күшінің басымындылығын анық көрсетті. Ұзынағаш шайқасы көрсеткендей Жетісу қазақтары мен қырғыздардың басым көпшілігі Қоқан хандығын қолдаған.

Мысалы, шапырашты руынан шыққан Андас және Сұраншы батырлар, ботбай руының атақты адамдары Диқанбай мен Әлжан өз қаражаттарынан қоқандықтар жағына орыстарға қарсы шайқасқан еріктілердің жасақтарын ұйымдастырып қаруландырған. Олар Қапал бекінісін басып алып, қиратуға да ниеттенген. Сондай-ақ шапыраштылар мен дулаттар Қапал мен Верныйдың арасындағы байланысты үзбек болып, Іледегі көпірге шабуыл жасап, Іленің бойындағы орыстардың қоныстарын өртеп, көпетеген казактарды өлтіріп кетеді. Қазактардың осы әрекеті үшін Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорд Алатау округының бастығы Колпаковскийге шапыраштылардың бүкіл дүние-мүлкі мен малдарын тартып алып, олардың ең басты сұлтандары мен билеріне қатаң жаза қолдану тарту туралы нұсқау береді.

Бұл нұсқаумен қоса Гасфордтың Колпаковскийге жөнетілген келесі бір нұсқауы орыстардың «бүлікшіл» казактарды жазалауда аяусыз қатыгездікке барғанын көрсетеді. Онда: «... алдындағы жүйені өзгерту қажет және станицалар мен әскери бөлімдерде казактардан әскери полициялар құрып, олар кезкелген қару ұстап жүрген казакты жою керек. Іленің арғы бетіндегі бүкіл казактарға, әсіресе дулаттар, шапыраштылар мен қашқарауларға сатқындығы үшін Іле өлкесі бұдан былай әскери жағдайға келтірілгендігін жариялаңыз. Егер де казактар Ресей билігіне наразы болып, аздап болса да сатқындық жасайтын болса, онда оларды табан астында атып тастап, ауылдарын өртеп және дүние-мүліктері мен малдарын талаңыз.

Осы шаралар арқылы біз олардың батылдығын басып, бізден сақтануға үйретеміз. Әсіресе, біздің иелігімізде көшіп жүрген дулаттарды үрейде ұстау керек. Сол үшін Надеждино қонысы мен Талғар және Есік өзендерінің бойына екі зеңбірегі бар бір жүздік казактарды қойыңыз. Жаңа Қаскелең станицасына қарай оңтүстік шығыста шапыраштылар мен сарыбағыштарды және Байсейіттің «қарақшыларын» жоятын мықты әскер



ұстау қажет. Негізінде бұл жаққа қоқандықтар қазақтардың қолдауымен ғана келіп жүр. Казактар қазақтарды атқан кезде бірде-бір оғы босқа кетпесін».

Сонымен қатар, қазақтардың көтерілісінен қорыққан Сібір әкімшілігі өлкедегі жазалаушы әскерлердің санын көбейте түскен. Мәселен, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтың 1860 жылы 18 қарашадағы нұсқауында былай делінген: «Көктемге қарай Сіздің қарамағыңыздағы жедел қимылдайтын әскери резервтің 4 жүздігінен басқа тағы да 11 казактармен толықтырылады. Оларды Көксу, Қоянкүз және Шеңгелді пикеттерін күшейтуге жұмылдырып, мүмкіндік болса Қапалдан тағы да әр пикетке 20 казактан жіберу туралы Семей облысының әскери губернаторына нұсқау жіберілді. Шеңгелді пикетінің күшейтілуі Байсейіттің ұшқыр жігіттеріне тосқауыл болуына көп пайдасын тигізеді».

Патша өкіметі көтеріліске шыққан Ұлы жүз қазақтарын жазалау үшін ерекше әскерлер құрып, оған біраз қаржы жұмсаған. Қаржы министрі әскери министрге жазған баяндама хатында былай деп жазады: «Гасфорд Ұлы жүз қазақтарынан шыққан бүлікшілерді жазалайтын ерекше әскерге бөлінген 50 мың сом ақшадан бөлек, келесі жылы құрылатын резервтік бесінші жүздікке жыл сайын 12 мың сом сұрап отыр». Ұзынағаш соғысынан кейін шапырашты Сұраншы батырдың тұтқынға түскен қоқандықтарды алып қашып, Байсейітке барып қосылуы орыстарды қатты састырған. Ол туралы Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтың Алатау округының бастығы Колпаковскийге жіберген нұсқауында былай дейді: «Біз енді прапорщик Сұраншыны ең қауіпті жау деп санауымыз қажет. Оның Байсейітпен байланысқа түсуі бізге көптеген қиыншылықтар әкелері сөзсіз. Сондықтан Сұраншыны кейін қайтаруға күш салыңыз». Байсейіт пен Сұраншының бірге болуы орыстарға зор қауіп туғызары сөзсіз еді. Оған Сұраншының Тезек сұлтанды орыстардан бөлініп, бірге болайық деген хаты дәлел бола алады. Онда: «Егер де сіз қаласаңыз біз жаққа өтіңіз. Бәріміз бірге болайық. Сіздің бұл жақтағы қауіпсіздігіңізге біз толық жауап береміз» - делінген. Алайда орыстардың Тезек сұлтанның сыртынан мықты бақылау қойылуы мен Байсейітті

жалдамалы жансыздар арқылы өлтіруі Ұлы жүз қазақтарының патша өкіметіне қарсы қарсылығын бәсеңсітуге көмектеседі.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Орыс әскерлері үшін Тойшыбек бекінісін алудың қандай стратегиялық маңызы болды?
2. Патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы Ұлы жүз қазақтарының көтерілісін ұйымдастарған қандай батыр, билерді білесіңдер?
3. Ұзынағаш түбіндегі шайқастың тарихи маңызы қандай?
4. Орыс әскерлерінің Верный бекінісін салудағы мақсаты неде?
5. Не себептен Ұлы жүз қазақтарының орыс отаршыларына қарсы күресі жеңіліспен аяқталды?

## **§10. Патша өкіметінің реформаларына қарсы Кіші жүз қазақтарының 1869-1870 жылдардағы көтерілістері**

- 1. Орал және Торғай облыстарындағы қазақтардың 1869 жылғы көтерілісі**
- 2. 1870 жылғы Маңғыстаудағы қазақтардың көтерілісі**

1. Ресей империясы қазақ даласын түпкілікті иемденіп, онда өзінің отаршылдық жүйе билігін түпкілікті енгізу мақсатында 1867 жылдың наурыз айында соғыс министрі Д.А.Милютин басқарған Ерекше комитет құрылады. Комитеттің қарқынды жұмысы нәтижесінде 1867 жылдың 11 шілдесінде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша ереже», ал 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару жөнінде уақытша ереже» бекітіледі. «Ережеде» көрсетілгендей реформаның басты міндеті: «Ресей қоластындағы халықтарды бір басқарманың шеңберіне біріктіру, жергілікті ақсүйектерді өкімет билігінен тайдыру, қазақ даласының бірте-бірте Ресейдің басқа бөліктері мен қосылуына жету үшін рулық негіздерді әлсірету» болып табылды.

Қазақстан территориясы үш генерал-губернаторға бағынып, облыстар уездерге бөлінді. Орынбор генерал-губернаторлығына кірген Орал облысы Орал, Гурьев, Калмыкова, Жем уездеріне; Торғай облысы Торғай, Николаевск, Ырғыз, Елек уездеріне бөлінді. Болыстар ру негізінде емес, территориялық негізде құрылды. Осыдан келіп құрамына екі-үш түрлі рудың ауылдары кірген болыстармен қатар, бір рудың өзі бірнеше болыстарға бөлініп кетіп, нәтижесінде бір ру екіге жарылып, арада дау-дамай көбейді. Болыстар өз кезегінде, әкімшілік ауылдарға бөлініп, олардың басында сайланған ауыл старшиналары отырды.

Әкімшілік ауыл әдетте 120-200 үйден құрылып, ондағы үйлердің қай руға жататыны ескерілмеді. Ауылдардың бір болыстан екінші болысқа өтуге тек уездік бастықтың рұқсатымен ғана жүзеге асты. Жеке үйлер тек ауыл старшинасының немесе болыс басқарушысы рұқсат берген жағдайда да ғана бір ауылдан екінші ауылға ауыса алды. Әкімшілік бөліністерді, ру бөлінісімен санаспай, территориялық қағида бойынша құру рулық тәртіпті әлсіретуге бағытталып, рубасылары мен билерінің ықпалына соққы болып тиді. 1822 жылғы «Уставымен» хандық өкіметті жойған өкіметі, ендігі кезекте 1868 жылғы «Уақытша Ережесімен» сұлтандар мен рубасылардың халық арасындағы беделін төмендетіп, биліктен шеттетті.

Сондай-ақ қарапайым қазақтар бүкіл әскери және әкімшілік билікті ұстап тұратын қажетті шығындарды өтейтін салықтарды төлеуге міндеттелді. Бұл кезде, яғни, 1868 жылы қазанның 21-де Ресей патшасы II Александр қазақтарды басқару жайлы «Жаңа Ережеге» қол қойғаннан кейін Орынбор өлкесіндегі Орал облысының әскери губернаторлығына генерал-майор - Веревкин тағайындалса, Торғай облысының әскери губернаторы болып Баллюзек өз міндетін атқаруға кіріседі.

Міне осы уақытта Орал облысындағы қазақтар патша өкіметінің отаршылдық негіздегі реформаларына қарсы ашық түрде қарулы көтеріліске шығады. Олар әсіресе, облыстардағы уездерді ұйымдастыру комиссиясына наразылық танытып, оның жұмыстарына кедергілер туғызуға тырысады. Мәселен 1869 жылы 12 қаңтарда Қобда өзенің оң жағалауынан 50 шақырым-

дай жерде 40-қа жуық қаруланған топ комиссияның жолын бөгеп, оларды әрі қарай өткізбей тастаса, Қиыл өзеніндегі Кете руына қарайтын айдар мен күңгір тармақтарына жататын қазақтар комиссияның мүшелерін өлтіруге әрекет жасайды.

Мұндай қарсылықтар басқа рулардың арасында кең етек жайғаны соншалықты 13 қаңтардан бастап Орал уезін ұйымдастыру комиссиясы өз жұмысын тоқтатады. Ал 1869 жылы 21 қаңтарда найза, қылыш, айбалтамен қаруланған Тентек және Сағыз өзендерін қыстайтын 400-дей Ыссық руының қазақтары Гурьев уезін ұйымдастыру комиссиясын қоршап алып, «Жаңа Ережені» қабылдамаймыз, орыс бстықтардың керегі жоқ, бұрынғы басшы сұлтандар мен ескі салық мөлшері қалдырылсын» деген талаптар қояды. Комиссияның бастығы полковник Тверитинов көтерілісшілермен келіссөз жүргізіп, өз талаптарынан бас тартуға үгіттеуге тырысқанымен, одан еш нәтиже шықпайды.

Қайта керісінше орыстардың өз талаптарын орындамайтынына көз жеткізген қазақтар комиссияға бас салады. Шабуыл кезінде орыстардың 12 мылтығынан атылған оқтар қазақтарды кейін шегіндіреді. Екі адамы жараланып, 6 адамы қаза тапқан қазақтар шабуылды қараңғы түскен соң қайтадан бастайтынын естіген комиссия өз жұмысын тоқтатып Гурьевке қайтуды жөн көреді. Осылайша Орал және орғай облыстардында азаттық қозғалыстың жаңа кезеңі басталады. Ол қазақтардың топ-топ болып, үлкенді-кішілі жасақтарды құра бастағанынан. Шеп бойындағы казак-орыстардың малдарын айдап кетуі, тікелей патша әскерлеріне шабуылға шыға бастауынан көрінді. Әсіресе, шеп бекеттері мен Елек қалашығына жақын жерлерде жылқыларды тонай жиілей бастайды.

Мысалы, 5 ақпанда Сухорьчинск форпосына қарасты Орал казактары Илецкіге тұз алуға келе жатқан жолда қазақтар соққыға жығып малдарын тартып алса, 8 ақпанда «Изобильное» бекетіне келе жатқан казактарға балтамен қаруланған қазақтар шабуылдап, 29 жылқысын тартып алып кеткен. Қазақтардың тонаушылық әрекетін жауап ретінде оларды жазаламақ болған казак әскеріне де қарулы қарсылықтар жасалған. Мәселен, 200 казак әскерінің жазалаушылар тобы Елек өзенінің бойына кел-

ген кезде оларға қарсы қазақтар көтеріліп, аяғы көптеген қазақтардың өлімімен аяқталған. Осындай қарусыз адамдарға мылтықтан оқ атылуы қазақтардың стихиялды түрде басталған қарсылық әрекеттерінің аяғы наурыз айында жаппай қарулы көтеріліске ұласады.

Көтерілісшілер тұрақты жасақтарға ұйымдасып, өзара билік орнатып, алдыңғы шептердің қауіпті деген тұстарына күзеттер қойса, ал көтерілісшілердің ұсақ-ұсақ топтарға бөлінгендері орыс шептері мен «Ережені» қабылдаған ауылдарға басып кіріп, малдарын айдап әкету үшін үздіксіз жортуылдар ұйымдастырады. Сонымен қатар олар өздеріне хандарды да сайлайды. Мысалы, Сұлтансыйық руы Берген Қоспановы, шеркестер Құспай Айбасовты, алашалықтар Сейіл Түркебаевты, кете мен шектілер Мәмбетәліні, табындықтар Ханғали Арыслановты хан етіп сайлайды. Солардың ішінде Айбасов қазақтарға «құдай мен дінімізді» қорғау үшін әскер жасақтау жөнінде үндеу жариялайды. Осыдан кейін нақты іс-әрекетке көшкен көтерілісшілердің бір тобы 26 наурызда Орал өзенінен өтіп, Горячинск форпостының түбінде казактардың екі офицері мен 11 әскерін өлтіріп кетсе, 7 сәуірде 60 жуық көтерілісшілер екі топқа бөлініп Жаңа Елек түбінде Круторожин бастаған 60 казакқа шабуыл жасайды. Ұрыс кезінде казактар екі адамынан айрылып, кейін шегінуге мәжбүр болады. Патша өкіметінің отаршылдық реформасына қарсылықтар Торғай облысында да басталады. «Уақытша Ережеге» наразы болған қазақтар 20 ақпанда Елек пен Ырғыз уездеріндегі ұйымдастыру комиссиясына бағынбаушылық танытып, ашық түрде қақтығыстарға барады.

1869 жылдың наурыз-маусым аралығында Ойыл, Сағыз өзендерінің алқаптарында қаңтар айында басталған көтеріліс Қобда, Електің бастауларына қарай етек алып, Үстіртке ұласқан ең көлемді кезеңі болды. Олардың соңына түскен он бес жазалау әскері халықты қырып жойып, малдарын тартып алумен айналысты. Осы кезде Ембі бекінісінен полковник Комаровскийдің әскері шығып, подполковник Новокрещенов пен подполковник Ф.Круторожин басқарған 20 зеңбірегі бар әскерге қосылады. Осындағы тек бір ғана Новокрещеновта 500 әскер болғандығын ескерсек, үш әскери топтың қарусыз көтерілісшілер үшін жой-

қын күш екендігін көре аламыз. Патша өкіметінің қазақ даласына жүргізген реформасын мойындағысы келмеген көтерілісшілер қарулы топтарға бөлініп, казактардың малдарын айдап кетіп, шөптерін өртеуге кіріседі.

Олар патша реформасын қабылдаған қазақтардың ауылдарына да шабуылдар ұйымдастырып, Орскіден Орал бекінісіне дейінгі аралықтағы пошта бекеттерін тонауға кіріседі. Нәтижесінде Торғай облысындағы Ырғыз уезінде тек екі-ақ болыс құрылады. Ал осы уезге кіретін негізгі рулар шектілер мен төртқаралар комиссия жұмысынан тыс қалады. Өйткені аталған екі рудың қазақтары «Ережені» қабылдағысы келмеді. Осыған байланысты патша әкімшілігі «Арал өңірі мен Үлкен, Кіші Борсық құмдарында көшіп қонып жүрген қазақ руларына «Ережені» енгізуді уақытша тоқтатуға мәжбүр болады. 1869 жылы наурыздан бастап Торғай облысындағы көтеріліс жаппай сипат алып, олардың наразылығы негізінен шеп бойындағы мекендерге және әскери топтарға бағытталды.

Патша өкіметі болса көтерілістің басқа аудандарға тарап кетпес үшін және басқаларға «сабақ» болсын деген мақсатпен оларға қарсы екі зеңбірегі бар екі жүз казак әскерін аттандырды. Көтерілісшілер де сескенбестен жазалаушы әскерлермен шайқасқа түседі. Осыған байланысты Торғай облыстық прокуроры былай деп жазды: «Қолда бар деректерге қарағанда, Торғай облысының кейбір жерлерінде «Жаңа Ережені» енгізуге байланысты тәртіпсіздіктер байқалуда.

Тіпті наразылық танытқан кейбір қазақтар ашықтан-ашық әскерлерге шабуылдар жасаған» Батыл әрекеттерге көшкен көтерілісшілер Ембі бекетіне шабуыл жасауды жоспарлайды. Сол кезде Орынбор әкімшілігі Ембіге көмек ретінде подполковник Новокрещенов бастаған әскер топты жіберуге шешім қабылдайды. Бірақ та жазалаушы әскерді жабдықтайтын көлік құралдары жеткіліксіз болып шығады.

Өйткені әскерді жабдықтайтын Кіші жүз қазақтары жаппай бас көтеріп жатқандықтан олардан әскерге қажетті түйелерді алу мүмкін болмай қалады. Сондықтан патша әкімшілігі өздеріне қажетті көлікті тек Ішкі Орда қазақтарынан жинауға мәжбүр болады. Соның өзінде бұйрық бойынша Ішкі Орда

казактарынан жиналуға тиісті 850 түйенің орнына 400-ге жуык түйені ала алды. Осыған байланысты ақпанның 20-да шығуға тиісті Новокрещеновтың 500-ден тұратын жазалаушы әскері ақпанның 25-де ғана шығып, Ханғали Арысланов бастаған көтерілістің ірі ошағына бағыт алады. Алайда көптігіне сенген табындар өздеріне хан етіп сайлап алған Ханғали сұлтан бұл шабуылдың қажет еместігін, әскер мына көп жұрт қоныстанған маңайдан алысырақ ұзағасын, елсіз жерде ат-көліктерін қуып алып, әскерді қамауда аш ұстаумен көздерін жою керектігін кесіп айтқанмен жасақ А.Бекбауовты да тыңдамай керуенге тап береді. Көлікке жегілгендері қазақтың түйелері еді.

Шабуылдаушылардың алды оған жете салысымен біреуі түйенің құйрығын, екіншісі құлағын кесіп, меншіктей бастады. Содан аласапыран төбелес пайда болып, өзара алысып жатқанда жазалаушы әскер оқ атып, 20 адамның, соның ішінде Бекбауовты да қазаға ұшыратқасын, жасақ бет-бетіне қашады. Осыдан кейін де 29 наурызда көтерілісшілер Елек шебіне шабуыл жасайды. Бірақ бұл шабуыл қазақтардың батыл кимылдағанына қарамастан сәтсіз аяқталады.

Дегенмен көтерілісшілердің шабуылы сәтсіз аяқталса да олар тактикасын өзгертіп, ендігі кезекте «Уақытша Ережені» қабылдаған қазақ ауылдарын өз жағына тартуға көшеді. Мәселен көтерілісшілер өздерін қолдамаған Елек уезіне қарайтын Бөрте, Тұзтөбе, Аралтөбе, Ойсылқара сияқты болыстарға шабуыл жасап, малдарын айдап кетіп, патшалық билікке қарсы шығуды талап етеді.

Малдарын айдап әкеткен көтерілісшілер оларға «егерде бізге қосылатын болсандар онда малдарынды қайтарып береміз, ал көтеріліске қатыспасандар онда тағы да шапқыншылыққа ұшырайсындар» деп шарт қояды. Алайда патша әкімшілігі көтерілістің жаппай етек алуынан қорқып, оған жол бермеу үшін оларға қарсы дер кезінде өздерінің жазалаушы әскери тобын жіберіп үлгіреді.

Патша әскерлерінің алдын ала жасалынған жорықтарына қарамастан көтерілісшілер орыс билігіне қарсы шыққысы келмеген қазақ ауылдарына шабуыл жасауын тоқтатпаған. Міне осылайша бір жағы көтерілісшілердің, екінші жағынан «Уақыт-

ша Ережесін» қабылдануға даяр тұрған патша әкімшілігінің қысымында қалған қазақтардың хал-ахуалы өте қиын жағдайда қалды.

Өйткені олар «Уақытша Ережені» қабылдамайын десе қаруы күшті жазалаушы әскерлерден қаймықты, ал егерде патша әкімшілігінің ығына жығылса онда көтеріліске шыққан өздерінің қандастары шапқыншылықтар ұйымдастыратын еді. Сонымен 1868 жылғы «Ережені» қабылдаудан бас тартып, көтеріліске шыққан қазақтардың наразылығы күшті болғаны соншалықты «Торғай мен Орал облыстарындағы комиссия мүшелері өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Далада толықтай үкімет билігі жойылады». Дегенмен патша әкімшілігі көктемге қарай қазақ даласында «тәртіп» орнату жолында бірнеше шараларды жүзеге асыруға кірісіп, қазақтардың ірі көтеріліс ошақтарын талқандау үшін далаға жекелеген жазалау әскерлерін аттандырады және «Ереже» енгізілмеген мекендерге әкімшілік басқаруды ұйымдастыру мақсатында жеткілікті әскери күзетпен комиссияларды екінші рет жібереді.

Бұл шаралардан басқа патша әкімшілігі болашақта қазақтардың наразылығын алдын алу үшін кезінде көтеріліс ошағы болған Торғай облысындағы Елек өзені мен Қарғалы өзендерінің тоғысар саласында және Орал облысындағы Ойыл өзенінің ортаңғы ағысында бекіністер тұрғызу туралы шешім қабылдайды.

Бұл бекіністі салу подполковник Штемпель бастаған әскерге жүктелсе, ал «Уақытша Ережені» қазақтарға енгізетін комиссияны Юрковский бастап шықты. Майор Приоров болса Орынбор казактарының екі жүздігін бастап, Ембінің маңайындағы көтерілісшілерді талқандауға тиіс болды. Осы кезде Ембі постысында тұрған подполковник Новокрещенов бастаған Орынбор казактарының екі жүздігінде Ембі постысынан 15-25 сәуірлерде шығып, Қандаралы деген жерде, Штемпельдің Ойыл әскери тобы оңтүстікке ығыстырған қазақтарды Үстіртке өткізбеу жүктелді. Бұл жерде аталмыш әскер Гурьев уезінің бастығы капитан Тверитиновтың қарамағында, көтерілісшілерді жазалауға көмектесуге тиіс еді. Жазалаушы әскер үш айлық азық-түлікпен қамтамасыз етіліп, 48 ұрыс ракетасы бар 3 пұттық



зеңбірекпен қаруланады. Бұл кезде Ойыл, Ембі, Сағыз өзендерінің бойындағы көтерілісшілердің саны шамамен 20 мыңға жеткен еді.

Көтерілісшілерге қарай бірінші болып, Елек қалашығынан барон фон-Штемпель бастаған әскери топ шығып, Ойыл бекінісінің тұрғызуға бағыт алады. Бұл әскери топты екі жүз казак пен бір рота тұрақты әскер және екі зеңбірек құрады. Сонымен қатар бұл әскерде бекініс тұрғызуға қажетті құрал-жабдықтар тиелген 300-ден астам жүк арбалары болды.

Барон фон-Штемпель бастаған жазалаушы әскерге қарсы шыққан көтеріліс басшыларының арасында ортақ келісімі бойынша 1869 жылы 20 мамырда басталған шабуыл кезінде көтерілісшілердің орналасқан жерлері қолайлы болғандықтан алғашында орыс әскерлері оларға қорғаныс жасап үлгіре алмай қалады да, шайқастың бас кезінде-ақ бес адамы мен азық-түлік және су тиелген 16 жүк көлігінен айрылып қалады.

Алайда Штемпель арбалардан қорғаныс жасап, зеңбіректерден оқ жаудыруға мүмкіндік алады. Тек қана зеңбіректерден атылған оқтар ғана жазалаушыларды толық талқандалудан аман алып қалады. Осыдан кейін көтерілісшілер шабуылды доғарып, екі шақырым қашықтықтан орыс әскерлерін қоршайды да оларды Жамансай көліне баратын жолды жауып тастайды. Нәтижесінде орыс әскерлері шөлден қысылып, өздерін шабуылға шығуға итермелейді де келесі күні Штемпель әскерін бастап ұрысқа кіреді. Бірақ көтерілісшілердің табандылығы орыс әскерлерінің шабуылына төтеп беріп, оларды көлге үш шақырым қалғанда тоқтатады. Осылайша орыс әскерлері суға жете алмай кейін қайтуға мәжбүр болады. Қоршауда қалған Штемпель өздерін сумен қамтамасыз ету мақсатында әскерлеріне құдық қазуға бұйрық береді. Алайда орыстар қанша рет тырысса да құдықтан су шығара алмайды. Азық-түлігі де 5-6 күнге жетіп, таусылуға айналып, хал-жағдайлары мүшкілге айналады.

Қиын жағдайдан шығуды мақсат еткен Штемпель өздерінен 200 шақырым жерде тұрған Калмыков бекінісіндегі Юрковский бастаған әскерден көмек сұрау мақсатында шабармандарын жібереді. Алайда Юрковский барон Штемпельге көмек берудің орнына көтерілісшілерден қорқып,

шегініп кеткен еді. Дегенмен 22 мамырда Штемпельдің әскері жаяулап соғыса отырып көлге жетуге сәті түседі.

Ал көтерілісшілер болса бұл кезде шабуылдың жаңа түрін қолданып, көл жақтан қамыстарды өртеу арқылы орыстардың арбалардан жасалған қорғанысына от жібереді. Штемпельде қарап қалмай оттың алдын алу мақсатында көліктің маңайындағы қамыстарды шауып, арықтар қазып өртті жақындатпайды. Өздерінің іс-әрекеттері нәтижесіз аяқталған соң көтеріліс басшылары ендігі кезекте орыс әскерлерінің қорғанысын тіке шабуылмен алуға бел байлап, 23 мамырда кешке қарай жігіттерін топ-топқа бөледі де бір мезгілде ұрандарын көтеріп шабуылға шығады. Орыс әскерлерінің көтерілісшілерге қарай жаудырған зеңбіректер мен мылтықтарының оқтары оларды тоқтата алмайды. Жаудың жауып тұрған оғынан тайсалмаған көтерілісшілер арбаларға жақындап келіп, лауларды ағытып, орыс әскерлерімен қоян-қолтық шайқасқа түседі.

Шайқас қараңғы түскен кезге дейін созылады. Алайда көтерілісшілердің күші шабуыл кезінде зеңбіректердің оғынан көп шығынға ұшырағандықтан толық жеңіске жете алмай кейін қайтуға мәжбүр болады. 24 мамыр күні көтерілісшілер Қазыбек шатқалына қарай шегінген орыс әскерлеріне тағы да шабуыл жасап көреді. Бұл жолы да көтерілісшілердің батылдығына қарамастан оларды зеңбіректердің оқтары тоқтатады. Арада екі-үш күн өткен соң көтерілісшілер әлсіреген барон Штемпельдің әскерін қоршауды қойып, оған көмекке келе жатқан Рукин бастаған орыс әскерлерінің келесі бір тобына қарсы шығады.

Осыдан кейін барып қана Штемпель бастаған орыс әскерлері Калмыков бекінісіне 7 маусымда жетеді. 7 мамырда Оралдан Юрковскийдің басшылығымен шыққан орыс әскерлерінің мақсаты ұйымдастыру комиссиясының жұмысын ретке келтіру еді. Орал қаласынан 80 шақырымдай асқан кезде оған Штемпель әскеріне шабуыл жасалғаны туралы хабар және оның толығымен талқандалғаны туралы сыбыс жетеді.

Сол кезде Орал облысының вице-губернаторы Юрковский әскерді Калмыков бекінісіне апарудың орнына қорқақтық жасап, Талас аңғары деп аталатын жерде 4 күн бойы еш қимылсыз тұрады да ақыры көтерілісшілердің шабуылынан сескеніп, 1 мау-

сымда әскерді қорғанысы мықты Елек бекінісіне алып барып, басшылықты подполковник Рукинге тапсырады да өзі сол жерден Орынборға жүріп кетеді. Кейін патша үкіметі Юрковскийді қорқақтығы үшін азаматтық қызмет атқарғандықтан әскери сотқа емес, тек қызметінен алып тастайды.

Ал подполковник Рукин болса Орал казак әскерінің атаманынан Калмыков бекінісіне жетіп, әскери губернатор Веревкиннің өзі бастаған әскері келгенше оны «бүлікшілерден» қорғауға бұйрық береді. Подполковник Рукиннің әскерін Калмыковтағы Штемпельдің әскеріне қосылуына жол бермеуге ұмтылады. Алғашында көтерілісшілер өз мақсаттарына жеткендей болып, орыс әскерлерін артындағы Жақсыбай өзеніне қарай шегіндіре алады.

Көтерілісшілердің қоршауынан шыға алмаған Рукиннің әскері 17-25 маусым аралығында Жалғыззағаш деген жерде қорғаныс жасап, әскери губернатор бастаған негізгі күшті күтеді. Орыс әскерлерінің аялдағанын пайдаланған көтерілісшілер шешуші шабуылға дайындалып, негізгі күштерін жинай бастағанда Калмыков бекінісінен әскери губернатордың өзі бастаған әскер және Ойыл бағытына қарай Ембі бекетінен подполковник Веревкин мен граф Комаровский бастаған әскердің келе жатқанын естиді де қоршауды алып шегінуден басқа амалы қалмайды. Өйткені көтерілісшілерде орыстардың жақсы қаруланған мол әскеріне төтеп бере алмасы бәріне де мәлім еді.

Орыстардың жазалаушы әскерлері бір орталыққа топтасқаннан кейін ендігі кезекте көтерілісшілердің жағдайы мүшкілге айналады. Оның себебі көтерілісшілер жан-жақтан қыспаққа қалады. Егерде көтерілісшілер солтүстікке немесе батысқа қарай шегінсе, онда олар Орынбор мен Орал шебіндегі казак бекеттері мен форпостарына кездесті. Ал Торғайға қарай бағыт ұстаса, онда облыстағы орыс әскерлерімен бетпе-бет еді.

Сондықтан көтеріліске шыққан қазақтарға тек Оңтүстікке қарай жол ашық болды. Алайда бұл бағыттағы жерлер жаз мезгілінде сусыз сор топырақты болғандықтан көтерілісшілердің малдарына өте қолайсыз болып табылды. Осы жағдайды пайдалану арқылы көтерілісшілерді түпкілікті толығымен талқан-

дауды мақсат тұтқан Веревкин жазалаушы әскерлердің алдына мынадай жоспар қояды:

1. Елек қалашығына Орал облысын ұйымдастыру комиссиясының төрағасымен келіп жатқан подполковник Рукин әскеріне Қалмыков бағытына жүріп, Ойылдың жоғарғы ағысымен жүріп, Қазыбек шатқалында басқа да жазалаушы әскерлермен қосылу тапсырылады.

2. Орынбордан подполковник Веревкин бастаған Орынбор казактарының екі жүздігі Қиыл өзенінен өтіп, Ойыл бойымен төмен Қазыбекке қарай жылжуға міндеттеледі.

3. Полковник граф Комаровский бастаған екі жүздік пен бір атқыштар ротасы Ембі бекетінен шығып, Шилі, Ащы, Ойыл өзендерінің жоғарғы ағысымен ортаңғы Ойыл бағытына жүру жүктеледі.

Әскери губернатор Веревкин осы жоспарды құрып жатқан кезде көтерілісшілер өздерінің белсенділігін бір сәтте бәсеңдетпей әлі де негізгі күштерге қосылып үлгірмеген подполковник Веревкиннің әскери тобына шабуылдауға көшеді. Көтерілісшілердің іс-қимылдары жанданғаны туралы хабарды алған әскери губернатор Веревкин казактардың үш жүздігі мен атқыштар ротасын және екі зеңбіректі алып, шұғыл түрде подполковник Веревкинге көмек беруге аттанады.

Көтерілісшілердің негізгі күшін талқандауға әскери губернатор Веревкиннің өзі мол әскермен шыққаны туралы хабарды алған казактар жеңіске деген үміті басылады да амалсыздан тарай бастайды. Бұл кезде көтеріліс болған аймаққа жиналған жазалаушы әскердің саны әлдеқайда басымдық танытты.

Сол кезде әскери губернатор бір атты артиллериялық взвод пен екі зеңбірек, 500 тұрақты әскер мен 1500 казакқа және жол көрсету сияқты әр түрлі қызмет атқаратын жүз шақты казакқа басшылық жасады. Көтерілісшілердің тарап кеткенін пайдаланған әскери губернатор казактардың қайтадан топтасуына жол бермеу үшін подполковник Веревкинге Ойыл мен Қиыл бойымен жоғары жылжи отырып, жолда кездескен көтерілісшілерді талқандау және оларды аяусыз жазалауда «батыл әрекетке» баруға жүктелді. Сонымен қатар әскери губернатор І шілдеде Рукинге казактардың үш жүздігімен Ойыл өзенінің

төменгі ағысымен шегініп бара жатқан көтерілісшілердің соңына түсіп оларға соққы беру тапсырылады. Тапсырманы орындау кезінде Рукин Қазыбек шатқалынан 20 шақырым жерде бірнеше жүз қарулы қазақтарға кездеседі.

Өз ауылдарын қорғаған қазақтар жазалаушы әскермен шайқасқа түсуге мәжбүр болып, қарсы шабуылға шығады. Алайда Рукинге Електен шыққан жазалаушы әскердің келесі тобы көмекке дер кезінде келіп, қарсыласып жатқан көтерілісшілердің бірде-біреуін аман қалдырмайды. Жеңіске жеткен жазалаушы әскерлер қарсыласқан қазақтардың ауылдарын да аяусыз тонап кетеді. Жазалаушы әскерлер бұдан басқа да көтерілісшілердің бірнеше топтарын талқандауға сәті түседі.

Мәселен, шілде айының бас кезінде граф Комаровскийдің бастауымен Ащы Ойылдың шығысқа қарай 100 шақырым жерде кете руына жататын көтерілісшілерді талқандаса, 25 шілдеде Атыжаксы өзені бойында Берген Оспанов бастаған байбақты руына кіретін мыңға жуық қазақтарды жеңіп, 31 шілдеде алаша руы қазақтарының ханы болып сайланған Сейіл Түркебаевты тұтқынға алады. Рукин бастаған әскерде өздерінің «жеңісін» жалғастырып, Ойыл, Сағыз өзендерінің бойындағы көтерілісшілерді талқандаумен айналысты. Орыс әскерлерінің осы «табыстарынан» кейін әскери губернатор Веревкинге көтеріліске қатысқан қазақ руларының көптеген ру басшылары келіп, «Жаңа Ережені» қабылдайтындықтарын мойындайды.

Осылайша, Орал облысында Орал, Калмыков, Гурьев уездеріне қарасты қазақтардың 15 мыңдай түтіні «Ережеге күшпен бағындырылып, отаршылдық билік қайтадан мойындатылды. Тіпті, ең бір «асау мінезімен» ерекшеленетін Ембі уезінің қазақтарына да басқарудың жаңа тәртібі енгізілді. Ал Ережеге бағынбағандарға патша өкіметінің саясаты өте қатал болды. Осындай 15 мыңдай түтін Ембіден асып, Үстіртке қашты. Оларға мынандай қатыгез шаралар қолданылды.

Патша әкімшілігі жазалаушы әскерлерге қашқандардың малдарын тартып алуға, өздерін шөл далаға қуып жіберу бұйырылды. Тек көтеріліс басшылары, оның жақтаушылары мен туған-туыстары, сонымен қатар, шөмішті-табын, шекті, алаша руының карабура тармағының, кейбір байбақты руының

бөліктері хазалау әскерлері жете алмайтын оңтүстікке еніп, Үстірт арқылы Хиуамен шекаралас жерлерге кетті. Соның ішінде Ханғали сұлтан, Әзберген би мен Дәуіт Асауұлы сияқты ру басшылары бастаған шектілер мен шөмішті-табындар «Уақытша Ережені» қабылдаудан бас тартып, Хиуа жеріне қарай лег-легімен көше бастайды. Хиуаның иелігінен олардың қарсылықтары 1873 жылға дейін жалғасын тауып отырған. Хиуа ханы көшіп барғандарға Амудария өзені бойынан жер беріп, салық төлеуден босатады.

2. XIX ғасырдың 20 жылдарында Кіші жүздегі хан билігі жойылған соң, оның жерлері патша билігінің жүргізген реформасы бойынша батыс, орта және шығыс бөліктерге, 1831 жылы оның бір бөлігі дистанциялық басқару бойынша бөлінеді. Маңғыстау қазақтары болса осы бөліктердің батысына кіріп, аға сұлтанға бағынады.

Бұл жүйе 1861 жылға дейін сақталып, алғашында Маңғыстау өңірінің қазақтарын Қаратай Нұралиев, кейін Баймұхаммед Айшуақов пен Мұхамбетқали Тәукин басқарады. Маңғыстауда Новопетровск бекінісі салынғаннан бастап өңірді мекендеген халық толығымен Ресейдің отаршылдық жүйесіне өтеді.

Тұңғыш рет Маңғыстау қазақтары патша өкіметіне салықты 1837 жылы орыс әскерлерінің Хиуаға жасайтын жорығына төлесе, ал 1844 жылдан бастап әр шаңырақ түтін салығын ресми түрде төлеуге міндеттенген. Сонымен қатар, патша үкіметі 1869 жылы Торғай және Орал облыстарындағы қазақтардың көтерілісін күшпен басып, оларға «Уақытша Ережені» мойындатқаннан кейін, ендігі кезекте Маңғышлақтағы адайларға жана отаршылдық жүйесін енгізе бастайды.

Орынбор генерал-губернаторы Н.Крыжановский Орал және Торғай облыстарының әскери губернаторларына Торғай облысында – Елек, Николаев, Торғай және Ырғыз, Орал облысында – Орал, Калмыков және Гурьев уездерін құру; Ембі бекінісі мен Маңғышлақ приставствосына ерекше құрметпен басшы адамдарды тағайындау және оларды Жаңа Ережені қай уақытта енгізуге мүмкіндік туатындығы жөнінде мәліметтер жинау үшін сол өңірлерге жіберуге нұсқау жібереді.

Осы нұсқауға сай, Торғай облысында: Елек уезінің басшылығына – сарай кеңесшісі Плотников, Николаев уезіне – сарай кеңесшісі Сипайлов, Ырғыз уезіне – артиллерия капитаны Вогак, Торғай уезіне – подполковник Яковлев, ал Орал облысында: Орал уезінің басшылығына – подполковник Черноморсков, Калмыков уезіне – әскери старшина Голованов, Ембі уезіне – подполковник Голов, Гурьев уезіне – полковник Тверитинов, Маңғышлақ приставствосына – подполковник Рукин тағайындалады.

Осылайша патша әкімшілігі «Уақытша Ережені» қазақ даласына енгізу үшін алдымен уездердің басына әскери шенеуніктерді тағайындайды. Сонымен қатар, Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский мен Орал облысының әскери губернаторы Н.А.Веревкин екеуі адайлардың «Уақытша Ережені» өз еркімен қабылдамайтынын алдын ала білгендіктен өңірге Орал облысындағыдай ұйымдастыру комиссиясын емес, оларға әскери күштерді жөнелту арқылы жаңа отаршылдық жүйені күшпен қабылдату туралы шешім қабылдайды. Бұл мақсатты жүзеге асыруға патша өкіметінде әскери күш жеткілікті болатын.

Әсіресе, Маңғышлақтағы қазақтардың кез-келген көтерілісін басуға Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан Кавказ және Орынбор әскери округтеріндегі күштер сақадай-сай дайын тұрды және аталмыш округтегі әскерлердің саны Хиуа хандығына жасалатын жорықтарға байланысты жылдан жылға көбейіп жатты.

Оның үстіне 1869 жылы қазан айында Орал және Торғай облыстарындағы қазақтардың көтерілісінен әбден сабақ алып, сақтық шараларын жан-жақты қарастырған Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский Маңғышлақ қазақтарының жаздық жайлауы болып табылатын Орал облысының оңтүстік бөлігіндегі әскерлердің де санын көбейтіп, Ойыл, Орал, Ембі бекіністеріне 4 жүз қазақтарды, әрқайсысы 170 адамнан тұратын 2 ерекше әскери топтарды, 3 взвод, атқыштардың 2 ротасын аттандырады. Әрбір уезд басшыларына жағдайларды бақылап тұруға және әскердің дайындығын жоғары деңгейде ұстауға қатаң түрде міндеттер жүктеледі. Осыдан кейін Н.А.Крыжановский

патша үкіметінен Үстіртке «бүлікшіл» қазақтардан тазарту үшін әскер жіберуге рұқсат алады. Өйткені Үстірт Ресей билігіне бағынғысы келмеген немесе патша өкіметінің жазалауынан қашқан «бүлікшіл» қазақтардың жан сақтайтын аймағы болатын. Орыс әскерлері көп жағдайда суы тапшы, шөлді Үстіртке бара алмайтын. Сондықтан патша әкімшілігі мүмкіндігінше Үстіртті алдын ала өз бақылауына алуды ойластырып, адайлардың Маңғышлақтан Орал облысына қарай жазғы жайлауға шығатын мезгілге қарай наурыздың аяғына таман әскерін жөнелтеді.

Бұл әскерлердің міндетіне қазақтардың жазғы жайлауларына бақылау орнату кіреді. Ал Кавказ әскери округы болса 1869 жылы Красноводск бұғазына мықты бақылау орнатады да, Маңғышлақ қазақтарының Хиуа хандығының иелігіне қарай шегіну жолдарын кесіп тастайды. Осылайша патша үкіметі Маңғышлаққа «Уақытша Ережені» енгізу үшін алдымен өңірді әскермен толық қоршайды. Жоғарыда көрсетілген іс-шаралардан кейін ғана барып патша үкіметі Маңғышлаққа «Уақытша Ережені» енгізуге батыл түрде кіріседі. Патша әкімшілігі алдымен жазғы жайлауға «Уақытша Ережені» қабылдап, екі жылдық салықты төлегені туралы куәлігі бар руларды ғана өткізген. Егерде ондай куәлігі болмаса онда алдын ала жайлауға баратын жолдарды бақылауға алған әскерлері кері қарай қуып жіберген. Яғни, 1868 жылы 21 қазанда Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша Ереженің» негізінде қазақтардан алынатын түтін салығы екі есе өседі де, жергілікті халықтың наразылығын тудырады. Мәселен 20 мың шаңырағы бар адайлар 1869 жылы 160 мың сом түтін салығын төлеуге тиіс болған және қолдарында салық төлегені туралы куәлігі болған жағдайда ғана Жем бойындағы жазғы жайлауына көше алды.

Маңғыстау қазақтарына «Уақытша Ережені» енгізу негізінен Маңғыстау приставы подполковник Рукинге жүктеледі. Ол болса өңірдегі халықтың еркімен және олардың әлеуметтік жағдайымен санаспай, адайлардан дереу арада жаңа тарифке сәйкес салық жинауға кіріседі және өз мақсатына жету үшін қазақ руларының жайлауға көшуіне кедергі жасауға тырысады.



Рукиннің ойланбай жасаған бұл әрекеті өңірдегі халықтың көтерілісіне алып келеді.

Яғни, өз ойынан қайтпаған Рукин 1869 жылы қараша айында Адай руларының билері мен игі жақсыларын Александровск фортына жинап, оларға «Уақытша Ережені» таныстырып, оны қабылдауға және 1869-1870 жылдардағы салықты осы ережеде қабылданған шарттар бойынша төлеу туралы қолхаттар сұрайды.

Алайда Рукиннің талабын жоғары дистанциясының старшыны Б.Маяев сияқты рубасылардың аздаған бөлігі ғана қолдайды. Ол әрқайсысы бес сом тұратын 3105 қойды Орынбордың көпестеріне 3 сомнан сатып, екі жылдық салықтан құтылғысы келеді. Алайда қазақтардың басым бөлігі патша үкіметінің нұсқауын орындаудан бас тартады. Әсіресе, төменгі дистанцияның тұрғындары мен Бозашы жарты аралындағы балықшы жатақтар «Уақытша Ережені» қолдамағаны былай тұрсын, олар патша билігіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

Сол кезде Рукин нұсқауды орындамаған болыстарды орнынан алып, оларды басқалармен алмастырады да жаңадан тағайындалғандардан тез арада салық төлейтіндердің тізімін және салықты тез арада жинауын талап етеді. Сондай-ақ Рукин жаңадан келген болыстарға егерде нұсқау орындалмаса онда оларды да орнынан алатынын және үлкен мөлшерде айыппұл саламын деп қорқытады. Ақпан айында Рукин тағы да қазақтарға келіп орыс әскерлеріне адай руларын салықтарын төлегенше оларды жайлауға жібермеу туралы нұсқау бергенін жеткізеді.

Бірақ-та Рукиннің бұл әрекетінен еш нәтиже шықпай, қазақтар салықты төлемеуін жалғастыра береді. Қыс айлары бітіп, ауа-райы жылынған соң қазақтар қыстауларын тастап жайлауға қарай бағыт алған кезде, ашуға мінген Рукин көшкен қазақтарды тоқтатып, қарсылық білдіргендерді жазалау үшін 1870 жылы 15 наурызда форттан 4 офицері бар 38 казакты және Маяев бастаған қазақтарды ертіп Адай руларының алдынан шығады.

Алайда қазақтар қарулы әскерді көрсе жан-жаққа қашып кетеді деген Рукиннің үміті ақталмайды. Бастапқы кезде қарулы әскерді көрген қазақтар абдырап қалғанымен, артынша күш-

қуаттарын жинап қарсы тұра бастайды. Әсіресе, Рукин жазалушы әскер алып келе жатыр деген хабарды естіген Бәйімбет руының Жаманқара бөлімшесінің старшындары Иса Тіленбайұлы, Құтжан Орақов, Жеменей бөлімшесінен Құрман би мен Досан Тәжіұлы бастаған 200 қазақтар ерекше белсенділік көрсетіп, атқа қонады да 22 наурызда Инебуазқұмардан құдығының маңайында орыс әскерлерін қоршауға алады да, тікелей Рукинге одан әрі далаға жібермейтіндерін және әскерінді алып кейін қарай фортқа қайт деп шарт қояды.

Қазақтардың ескертуіне қарамастан Рукин әскерлеріне мылтықтан оқ атуға бұйрық береді. Қазақтарда қарап қалмай қазақтарға лап қойып, оларды шегінуге мәжбүрлейді. Дегенмен мылтықтан атылған оқтар қазақтарға орыстарды жойып жіберуге мүмкіндік бермейді.

Алайда Рукиннің де жағдайы нашарлап, қасына еріп келген қазақтардан тек Б.Маяев бастаған бір-екеуі ғана қалып қалғандары көтерілісшілер жағына шығып кетеді. Ұшауыз-Ұсақ құдығы деп аталатын жерде қазақтардың қоршауында қалып, қиын жағдайда қалған Рукин дереу көмекке әскер жіберуін сұрап, форт коменданты майор Зеленинге хат жазады. Қабақ Ерменбетов атты қазақтан хатты алған майор Зеленин есаул Колесников бастаған 1 зеңбірегі бар 20 казакты қоршаудағы Рукинге жөнелтеді. Көмек келгенше уақыттан ұтуды көздеген Рукин 24 наурызда көтерілісшілерге Маяев биді жіберіп, келіссөз жасамақшы болады.

Орыстардың әдейі уақытты созып тұрғанын байқаған көтерілісшілер Баяев биді өлтіреді, келіссөз жүргізуден бас тартады. Бұл кезде көтерілісшілерге Бозащы аралының қазақтары мен Беріш руының қазақтары және Мурзе атты түркімендердің бір тобы көмекке келіп қосылады. Көтерілісшілердің саны көбейгенін көрген Рукин әскеріне шегінуге бұйрық береді. Батысы құрлыққа, екі жағы теңізге қараған үш қылта аңғарда орналасқан Ұшауыз-Ұсақ құдығынан шегінген орыс әскерлері осы аңғардың бірінен өтетінін Иса бастаған көтеріліс басшылары алдын ала біліп, негізгі күштерін сол жерге орналастырады кенеттен соққы береді.

Осылайша көмекке орыс әскерлері келгенше Рукин мен оның 17 казагы өлтіріліп, толығымен талқандалады. Осы жеңістен кейін Маңғыстаудың бүкіл қазақтары рухтанып, енді көтеріліс барлық өңірге жайылады. Нәтижесінде көтеріліске шыққан сарбаздардың саны 10 мыңнан асып, Маңғыстаудағы патша өкіметінің билік орындарын балық кәсіпкерлерінің кәсіп-орындарын, құрылыс орындарын ойрандайды.

Патша үкіметі Маңғыстауда қазақтардың көтерілісі басталды деген хабарды Александровск фортының коменданты майор Зелининнің жеделхатын 2 сәуірде алған кезден-ақ бүлік жалпы қазақтық сипат алып кетпесін деген қауіппен оны басуға жазалаушы әскерлерін жасақтауға кіріседі. Патшаның әскери министрі Милютин мен Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Крижановскийдің «жазалауды кешіктермей бастауға келісемін» деген II Александрдың жарлығының негізінде Маңғыстауға зеңбіректермен қаруланған тұрақты екі рота жаяу әскер, Баку мен Астраханнан әскери кемелер жіберіледі. Жазалаушы әскерлер келіп жеткенше көтерілісшілер 1870 жылы 5 сәуірде фортқа шабуыл жасайды. Қазақтардың шабуылына дейін форттағы орыс халқы 23 қайыққа мініп, Астраханға қашып кеткендіктен, бекіністе тек майор Зелинин мен капитан Свешников бастаған 27 тұрақты әскерлер мен 300 казак және әскери теңізшілердің аз ғана бөлігі қалған болатын.

Көтерілісшілер теңіз мұнарасы (маяк) мен фортың маңындағы 40 үйден тұратын Николаев станицасы және армяндардың сауда-саттық жайма базарын өртеп жібереді. Форт коменданты майор Зелинин бекіністегі 8 бастионның әрқайсысына 3 фунттық зеңбіректерді қойып, мылтық ата алатын еркек кіндіктілердің бәрін сапқа қояды.

Ол бастиондардың бәріне офицерлерді бөліп, 1-ші және 2-ші бастионға артиллерия қоймасының меңгерушісі поручик Николаевты, 3-ші бастионға есаул Колесниковты, 4-ші бастионға жүзбасы Бошенятовты, 5-ге есаул Кухаркин, 6-ға хорунжий Абрамичев, 7-ші мен 8-ші бастионға штабс-капитан Богуславскийді басшы етіп тағайындайды, қақпалардың алдына тастарды үйіп тастайды.

Сол кезде форттың бастияндары мен кабырғаларына 12 зеңбірек қойылған. Көтерілісшілер фортты үш күн бойы табанды түрде шабуылдап тұрған. Оларға балықшы мен жүкші қазақтарды бастаған Сүгір Шабаевтың жасақтары келіп қосылады. Алайда 8-ші сәуір күні орыстарға ақыры көмекке пароход келіп көтерілісшілерді екі жақтан форт пен бекіністен атқылып, зеңбірек пен мылтық оқтарының астына алады.

Сол күні көтерілісшілерге қарай әрбір зеңбіректен 25, әрбір мылтықтан екі мың оқ жұмсалған. Осындай жойқын атыстың астында қалса көтерілісшілер бой бермеген. Тек 10 сәуір күні «Шах» пароходымен орыстардың атқыштар батальонының роталары келіп жеткеннен кейін ғана көтерілісшілер кейін қарай шегінуге мәжбүрленеді.

Көтерілісшілерді жазалау мақсатында аттандырылған әскери топты Бас штабтың полковнигі граф Кутайсов бастап келеді. Оған көтерілісті талқандап қана қоймай Маңғыстау приставтығын басқару, өңірде әскери «тәртіп» орнату міндеті жүктеледі. Алайда фортқа көмек жеткеніне қарамастан көтерілісшілер патша әскерлерімен шайқасқа түсіп, ауыр шығынға ұшыраса да бекініске шабуылдарын тоқтатпайды. 20 сәуірде көтерілісшілер екі рет шабуылмен фортты алуға әрекет жасайды.

Бірақ зеңбіректен атылған оқтар оларды шегіндіріп тастайды. Енді олар қарсы шабуылға шыққан орыс әскерлеріне тап беріп, қайтадан бекініске тығылып жан сақтауға мәжбүр етіп, сәуір айының аяғына дейін бекіністен шығармай тастайды. Көтерілісшілердің тегеуріні күшті болғаны соншалықты граф Кутайсов егерде мол әскер жібермесеңдер оның салдарына мен жауап бермеймін деп патша үкіметінен қайта-қайта көмек сұраған жеделхаттар жіберумен болады. Кутайсовтың жеделхаттары патша үкіметін үрейлендіріп тастайды.

Өйткені Маңғыстаудағы көтеріліс кең қанат жайып кетсе, онда ағылшындардың ықпалы артқан Иран мен Ресейдің қас жауы Хиуа хандығы қалыптасқан жағдайды өз мүдделеріне дереу пайдалана қою анық еді. Сондықтан Маңғыстаудағы көтерілісті талқандауға ерекше көңіл бөлген патша үкіметі өңірге жазалаушы әскерлерін бірінен соң бірін жөнелтумен болды. Мамыр айында өңірге Кавказдан апшерон полкінің 1 батальоны

мен 2 атқыштар ротасы, шептік батальонның 2 ротасы, Дағыстан полкінің 4 ротасы және Терек казак-орыстарының 4 зеңбірекпен қаруланған 2 жүздігі келіп жетеді. 1 мамырда граф Кутаисов көмекке келген қосымша күштен үш рота жаяу әскермен бір зеңбіректі және казактардың үш жүздігін алып шабуылға шығады да көтерілісшілердің соңына түседі.

Өңірдің ой-шұңқырын жақсы білетін көтерілісшілер жазалаушылардан құтылып кетеді. Граф Кутаисов болса 1-8 мамыр аралығында Ханбаба, Түбіджік, Буырлы, Құнансу, Тарталы, Қаратаушық құдықтарына барғанымен көтерілісшілердің ізін де таппай қалады. Тек Ұланақ құдығының маңында Б.Маяевтың жақтастары орыстарға келіп өз еркімен беріледі. Дегенмен көтерілісшілерді жаншуға және оларды кейін қайтаруға басшылық жасаған граф Кутаисов өз жоспарын құрады.

Оның жоспарында «елдің ішіне тереңдей ене отырып, онда көтерілісшілердің қажет кезінде көшетін бағыттарының ең маңызды тұстарын алдын ала басып алып, шегінетін жолына кедергілер қою арқылы бағындыру көзделді. Графтың жоспары бойынша қимылдаған орыс әскерлерінің 6 рота жаяу әскері мен 4 зеңбірегі бар 6 жүздік казактар Маңғыстаудың Киндері шығанағынан және Үстірт қыратының солтүстік бөлігіне аялдаса, 2 рота және 4 зеңбірекпен қаруланған 4 жүздік казактар Орынбор даласымен көршілес жатқан Сағым алқабынан жүз шақырым жердегі Бесақты шатқалында орналасты.

Сонымен қатар, Александровск форты асығыс түрде екі рота жаяу әскер және казактарды жүздігімен нығайтылды. Осы кезде көтеріліске шыққан адайлар Хиуа хандығынан көмек сұрап, оған делегация жібереді. Адайлардың өтінішін қабыл алған Хиуа ханы оларға 4 зеңбірегі бар 6 мың жасақты көмекке аттандырады.

Алайда орыс әскерлері хиуалықтарды Маңғыстауға кіргізбей жолда күтіп алады да кейін шегіндіруге сәті түседі. Хиуалықтар өңірге жете алмаса да жергілікті халықтың арасында дүрбелен тудырады. Көтерілісшілер мен жазалаушы әскерлердің арасындағы шешуші шайқас Александровск фортынан 12 шақырым жерде өтіп, казактардың батыл шабуылдарына

карамастан екі рота жаяу әскері мен бір зеңбірегі бар казактардан құралған жазалаушылар жеңіске жетеді.

Орыс әскерлері көтерілісшілердің негізгі күштерін талқандаса да қазақ руларын қырғынға ұшыратуын жалғастыра берген. Жазалау кезінде орыс әскерлері 4 мың қазақты өлтіріп, көптеген ауылдарға шапқыншылықтар жасайды. Орыс әскерлерінің жазалау әрекеттері үш айға созылады. Қару-жарақтары өте нашар көтерілісшілер сол заманның ең үздік қаруларымен жарақтанған орыс әскеріне қарсы тұруға еш мүмкіндігі болмады.

Қазақтарға ұйымдастырған қырғыннан кейін патша үкіметі көтерілісшілердің күшін ыдырату мақсатында 6 мың үйді Маңғыстаудан бөліп алып, Орал облысына береді. Дегенмен жазалаудан аман қалған көтерілісшілердің басым бөлігі болса мал-мүліктерін тастап, Қарақұмға, Аралдың терістік шығыс бетіне, Қарабұғаздың шығысына, Үстірттің оңтүстігіне одан әрі Хиуаға қарай қашып, үдере көшеді. Соның ішінде 1870 жылы желтоқсан айында көтеріліс жетекшілері Досан Тәжиев, Ержан, Ертімбет Құловтар, Иса Тіленбаев бастаған 3 мың шаңырақ Хиуаның иелігіне өтеді.

Жазаланудан қашқан көтерілісшілердің ауылдарын қудалауда патша әскерлері аянып қалған жоқ. Қаншама ауылдар отқа оранып, адамдары өлтіріліп, қыз-келіншектері мен малдары олжаланады.

1870 жылы қазан айында Маңғыстау әскері мен приставтық қызметке тағайындалған генерал-майор Комаров адайлардан 1869 жылға 1 сом 50 тиыннан, 1870 жылға 3 сом 50 тиыннан 5 сомға дейін түтін салығын жинау туралы нұсқауын беріп, егерде түтін салығы уақытында жиналмаса онда көтеріліс кезінде тұтқынға түскендердің бәрі де Сібірге жер аударылады деп ескертеді. Нәтижесінде өз қандастарын алып қалу үшін адайлар бір айдың ішінде екі жылдық салығын төлейді.

Сонымен қатар, патша өкіметі казактардан көтерілісті басуға кеткен шығынды жабу үшін 90 мың қой өндіріп алады. Дегенмен көтерілістің қайталанып кетуінен қорыққан патша үкіметі Александровск фортын жан-жақты нығайтып, оның қорғаныс қабілетін күшейтеді. Тіпті судың тапшылығына байланысты бекіністің ішінен жаппай құдықтар қазып, құпия түрде

Ресейдің ішкі губернияларынан шеберлер шақырылып, жер асты жолы салынады. Оны тек уезд бастығы мен бекініс коменданты ғана білді.

Фортты қорғайтын әскерлердің кәсіби шеберлігін жетілдіріліп, оларды оқып-үйрету жұмыстары қолға алынды. Форттың қоймасы да оқ-дәріге толтырылып, жылдам атылатын әскери қаруға 65 мың оқ әкелінсе, орыс шаруаларының аңшылық мылтықтарына 25 мың оқ сатып алынды. Қазақтардың тас-талқан еткен Николаевск станицасы да қалпына келтіріліп, патша үкіметі қайтып келген шаруа отбасыларының әрқайсына үйлерін қайтадан салу үшін 100 сом күміс ақша көмек ретінде береді.

Қазақтардың «Уақытша Ережеге» деген қарсылығын түпкілікті тоқтату мақсатында көтеріліске қатысқандардың бәріне кешірім жариялайды. Алайда патша билігінің жасаған кешіріміне сенбеген, әрі азаттық күресті жоғары қойған Досан, Иса, Ержан, Ермамбет сияқты көтеріліс басшылары өздерінің қарсылығын жалғастырып, Хиуа жерінен Маңғыстауға жорықтар жасап, орыс әскерлерімен қайта-қайта қақтығыстарға барып отырған.

Оларды талқандай алмаған патша әкімшілігі болса көтеріліс басшыларын қарақшы ретінде бағалап, олардың әрбір басына көп мөлшерде сыйақы тіккен. Патша өкіметі Маңғыстаудағы көтерілісті толығымен тек қана Хиуа жорығынан кейін ғана баса алған. Соның өзінде де Досан Тәжиев пен Алғи Жолмағанбетовтер бастаған қазақтар өздерінің азаттық күресін жалғастырып, партизандық соғысын қоймаған.

Тек 1874 жылы патша әскерлері Досан мен жолдастарын киіз үйде ұйықтап жерінен қапыда тұтқынға түсіре алған. Тұтқынға түскен көптеген көтеріліс басшылары әскери соттың шешімі бойынша түрлі жазаларға кесілген. Мысалы, Тілеуберген Орақов дарға асылса, Алғи Жолмағанбетов он жылға каторгаға айдалса, Дихан Өтепов, Шүрен Иманов, Демесін Жиенбаев, Әлібай Сүтембаев, Өтеген Итемгенов Сібірге жер аударылған. Ал көтерілістің негізгі басшылары Досан Тәжиев пен оның бірнеше серіктері тергеу кезінде кезінде соққыдан қаза тапса, Иса

Тіленбаев Хиуа жорығы кезінде Ханғали Арслановпен бірге патша өкіметінен кешірім алады.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Патша үкіметінің қазақ даласына реформалар енгізудегі мақсаты не?
2. Орал, Торғай және Маңғыстау қазақтары неге патша үкіметінің реформаларын қабыламады?
3. Көтеріліс кезінде болған қандай шайқастарды білесіз?
4. Патша үкіметі көтеріліс болған облыстарда өз реформаларын енгізе алды ма?
5. Хиуа хандығы көтерілісшілерге көмек бере алды ма?

## **§11. Азаттық қозғалыстағы Сыздық сұлтанның атқарған рөлі**

### **1. Қазақтардың тәуелсіздігі үшін күрестегі Сыздық сұлтанның атқарған қызметі**

### **2. Сыздық сұлтанның түрік-мұсылман қозғалысындағы орны**

1. Кенесары хан қаза тапқаннан кейін оның балалары Түркістан қаласының маңына көшіп барып, қоңыраттардың арасында тұрады. Кейін олар ер жеткеннен кейін Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандар әскери қызметке кіріп, ерліктерімен көзге түседі. Әсіресе Сыздық сұлтанның азаттық қозғалыстағы рөлі ерекше болды. Оның азаттық күрестегі алғашқы соғысы 1860 жылы 18-21 қазанда өткен Ұзынағаш шайқасынан бастау алады. Бұл шайқаста Сыздық негізінен қазақ пен қырғыздардан құралған қоқандықтардың жасағын бастап Қастек бекінісінің түбінде бір зеңбірегі бар 200 орыс әскерімен үш күн соғысады.

Сыздық бастаған жасақ мылтықпен қаруланған орыстарға еш жасқанпастан шабуылдарға шығып, тіпті атпен шауып барып солдаттардың мылтықтарын тартып алып кетіп отырған. Алайда Алатау округының бастығы Колпаковскийдің өзі 800 әскерді



басқарып келгеннен кейін Сыздық сұлтанның жасағы шегінуге мәжбүрленген. Жалпы бұзынағаш түбіндегі шайқаста қоқандықтар орыстардың зеңбіректерінен атылған оғынан ауыр шығынға ұшырап жеңіліс табады.

Осы шайқастан кейін Сыздық сұлтан өз жасағымен Түркістанға қайтады. Түркістан қаласына оралған соң Сыздықтың бауырлары Тайшық пен Ахмет орыстардың жағына шығады да, ал Сыздық сұлтан бауырларына «Ата-бабаларымыздың жолын тастап, орыс жағына шықпаймын. Олар Қоқанды алса, Бұхарға барамын, Егер Бұхарды да алса, онда, басқа да мұсылман мемлекеттері бар ғой, солардың біріне барамын. Қалай да ата-баба жолынан таймаймын»-деп өзінің азаттық күресін жалғастыруға шешім қабылдайды.

Қоқан ханы болса 1862 жылы маусымда Ресей билігіне өтіп кеткен Тайшық пен Ахмед сұлтандарды қайтару үшін, Сыздық сұлтанды соларға аттандырады. Егерде олар келетін болса онда оларға Ташкент пен Түркістанда көшіп жүрген барлық қазақтарды билігіне беруге уәде береді.

Сонымен қатар, хан Сырдағы қыпшақтарды Қоқанға көшіріп әкелу үшін оларға Тұрсынбай биді жібереді. Қоқан ханының іс-әрекетінен хабардар болған патша әкімшілігі Сыздық сұлтан мен Тұрсынбайдың әрбір басқан қадамын аңдып, олар туралы білуге қазақтан тағайындалған тыңшыларға арнайы 400 сом күмістей ақша бөледі.

Сыздық сұлтан өз бауырларын қайтара алмаса да, Қоқан ханы 1864 жылы оны Созақ бекінісінің хәкімі етіп тағайындап, Қаратаудан Түркістанға дейінгі шекараны бақылау жұмысын тапсырады.

Алайда сол жылы Перовскден (Ақмешіттен) аттанған полковник Веревкин Оңтүстік Қазақстанның «есігі» болып табылатын Түркістанға бағыт алып, 1864 жылы 24 мамырда 1200 әскермен оған шабуыл жасайды. Бірақ Түркістан қазақтары орыстарға қарсы жаппай көтеріліп, аянбай соғысады. Түркістанның бегі Мырзадәулет те қажырлылық танытып, мұсылман жұртын қаланы қорғауға жұмылдырды. Бұхар әмірі де бар күш-жігерлерін салып, Әзіреті Түркістанды қорғандар деп үндеу таратып жатты. Сол кезде Түркістанның қоршауға алын-

ғанын естіп, Созақ пен Шолаққорған әскерлерінің біріккен күшін, 120 сарбазды бастап, Сыздық сұлтан Кенесарыұлы да ата-бабасының сүйегі жатқан Әзіреті Түркістанды қорғауға келеді. Нәтижесінде Веревкин Түркістан қаласын тіке шабуылмен ала алмағасын оны қоршауға алады.

Сыздық сұлтан келгенше қала басшысы тек зеңбіректен, мылтықтан оқ атқаннан басқа қаланы қоршауға алған орыс әскерлеріне қарсы еш әрекет жасамаған еді. Веревкин болса қаланың шығыс жақтағы дуалдарының астын кеулеп қазып, жарылғыш оқ-дәрі толтырып, қопаруға бұйрық береді. Түркістандағы қоқандық әскери басшылар орыс әскерлерінің Түркістанның дуалдарының түбін қазып жатқан әрекеттеріне қарсы не шара қолданарларын білмей, дағдарады.

Сыздық сұлтан қоқандық әскерлерге бұл дағдарыстан шығудың жолы қазу жұмыстарын жүргізіп жатқан орыс әскерлеріне қарсы қамалдан шығып, соғысу керек деген ұсыныс жасайды. Қала бегі бұған қарсылық білдірмейді, бірақ өзі бастап, кірісіп те кетпейді. Қамал сыртына шығып, соғысу туралы бастаманы өз қолына алған Сыздық сұлтан 100 сарбазбен дуал астын қазып жатқан орыс солдаттарына түн ортасында тұтқиылдан тап беріп, 5 солдатты өлтіріп, қалғандарын қашырып, 30 мылтық пен құрал-саймандарын алып, қалаға оралады. Орыстар 3 күн бойы ес жия алмай, үнгір қазуын тоқтатады. Сыздық сұлтан үшінші күні Мырзадәулетке жауды жеңу үшін қол қусырып, отыра бермей, тағы да қамал сыртына шығып, соғысуды ұсынады. Мырзадәулет өзбектердің қамалдан шығуына рұқсат бермейтінін, ал өзі сарбаздарымен шығамын десе, қарсылық білдірмейтінін айтады.

Сыздықтың тағы да қамалдан шығып, орыстаға шабуыл жасайтынын Веревкиннің тыңшылары астыртын хабарлап үлгереді. Орыстар қала қақпасынан шығатындарды аңдып, жақындатып барып, оқтың астына алуға дайындалып тұрады. Түн ортасында тағы да Сыздық сұлтан мен Құрбанжан Қосымқожаұлы 200 жігітті бастап, орыс әскерлеріне шабуыл жасап, зеңбірек пен мылтықтың бораған оғына қарамастан 1 сағаттай соғысады. Сыздық жігіттері орыс солдаттарына тап бергенде, қала тұрғындары кернейлетіп, ұран шақырып, айқайға

басып, Сыздықтың батырларына қолдау көрсетіп, тілеулерін тілеп, дем береді.

Түркістан түбіндегі осы шайқаста Құрбанжан мен 40 жігіт шаһид болып, 50 адам жараланады. Бүкіл түркі-мұсылман жұрты аса қастерлейтін Түркістан қаласы үшін болған күресте көрсеткен Сыздық сұлтанның ерлік ісі бүкіл Тұран жұртына естіліп, есімін елі ардақтай бастайды. Әлімқұл аталық та 27 жасар Сыздық сұлтанның бұл ерлігін жоғары бағалап, сый-сияпат жасайды. Оның әр басқан ізін орыс шенеуніктері де қалт жібермей қадағалауға алады.

Жетісудың жыр алыбы Жамбыл да «Сыздық сұлтанға» деген өлеңінде:

Сен бір қалған көз едің,

Кенесары асылдан.

Сыздық атың жайылды

Бұл өңірге жасыңнан, – деген-ді.

Әлімқұл аталық Түркістанның қоршауда қалғанын естіп, Мынбай датқа Асырарұлы бастаған 2000 қазақ-қыпшақ, қырғыз қолын Ташкентке аттандырады. Бірақ олар жеткенше, Түркістанды орыстар алып қойған еді. 1864 жылы 12 маусымда 1495 орыс әскері 43208 оқ жаудырып, күшпен алды. Онда да бүкіл түркі-мұсылман жұрты қастерлеген Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қиратпақ болып, атқылауға алып, қала халқын берілуге мәжбүрлеу арқылы алады.

Сыздық төре болса орыстарға Түркістан қаласының төтеп бере алмасын білгендіктен, Шымкент қаласын қорғанысқа дайындау мақсатында бекіністен шығып кетеді. Оның соңынан қуған Савин бастаған орыс әскерлері тосқауылға ұшырап, кейін қайтып кетеді

Осы шайқастағы жеңіс орыс генералдарының басын айналдырып, оларды Шымкент қаласына жылдам шабуыл жасауға итермелейді. Қаланы қорғауда Сұлтансейіт хан мен молда Әлімқұл ерекше жігерлік көрсетіп, барлық уәлаяттарға бұйрық жіберіп, ислам туы астында күш біріктіруді талап етіп, қазақ пен қырғыз билеушілеріне үндеулер таратады. Хан бұйрығын естіген өңірдегі қазақтар мен қырғыздардан тұратын қарулы әскерлер мен батырлар қалаға топтасып келе бастайды.

Әулиеата жақтан орыс әскерін бастап шыққан Черняев Арыс бойындағы Жақсысу деген жерге келіп тоқтаған соң, төңіректегі халықтың қоқандықтыр жағына шығып, өздеріне қарсы тұрғанын байқап, полковник Веревкиннен қосымша әскер жіберуді сұрайды. Веревкин көмекке капитан Мейер бастаған 400 адамдық 3 зеңбірегі, 2 ракеталық станогы бар әскерді Черняевқа аттандырады.

Мейер бастаған әскердің көмекке келе жатқанын естіген Әлімқұл оның Черняевпен қосылуына жол бермеуге шешім қабылдап, Мейердің әскерін Шымкентке жақын Ақбұлақ деген мекенде 13 шілде күні күтіп алады. Ақбұлақ түбіндегі шайқас 14 шілде күні таңертең басталып екі күнге созылады. Оған қоқандықтармен бірге қазақтар да қатысып, қазақтарды Мынбай, өзбектерді Мырзахмет басқарса, ал бүкіл қоқан әскеріне Әлімқұл қолбасшылық жасайды.

Ақбұлақ шайқасына қатысқан Сыздықтың көзсіз ерлігін А.Кенесарин былайша суреттеп жазды: «Ту ұстаған Сыздық сұлтан жігіттерін өзі бастап жүз қадам жерге келгенде орыстар үш жүз мылтықтан оқ жаудырды. Біріне бірі тығылып келе жатқан жігіттердің алдыңғылары жаппай құлады, кейінгілері үрейлері ұшып, жерге жата қалды. Он мың адамның біреуі басын көтеруге жарамады. Тек Сыздық сұлтан ту ұстаған күйі, солдаттардан жүз қадам жерде, бір сағаттай тік тұрды. Солдаттар оны өршелене атқанда тудың шүберегі шүрк-шүрк тесіліп, сау жері қалмаған еді. Бірақ Сыздықты құдай сақтады. Бір сағаттан кейін Әлімқұл молда адам жіберіп, оны кейін шақырып алды. Сыздық кейін қайтқанда, жер бауырлап жатқан жігіттердің бәрі бастарын көтеріп, онымен бірге қайтты. Осы ұрыста мың адам қаза тапты, олардың өліктері кешке дейін жинап алынды».

Сыздықтың дарындылығы мен ерлігін патша әскери ше-неуніктерінің өздері де мойындап былай деп жазады: «...егерде басқа уақыт болғанда Сыздық сұлтаннан екінші Шыңғысхан шығатын еді».

Шайқастың басында Әлімқұл жауға қарсы жаяу әскерін жібереді. Алайда, орыстар олардың шабуылын тойтарғаннан кейін Әлімқұл зеңбіректерден оқ атуға бұйырады. Сол кезде орыстар зеңбірек оқтарынан қорғану үшін оқ тиіп өлген түйелер

мен аттардың, тіпті өлген жауынгерлерінің өліктерін үйіп қойып бас сауғалайды Мейердің өзі: «Сырдария шебінің әскерлері мұндай қуатты қарсыласты әлі кездестірмеген еді», - деп таң қалады. Талқандалу алдында тұрғанын түсінген Мейер 15 шілде күні Черняевтан көмекке әскер сұрап үлгіреді.

Мейердің қиын жағдайда қалғанын естіген Черняев оған старшина Катанаев бастаған 2 зеңбірегі бар 125 әскерді аттандырады. Көмекке ұмтылған Катанаевтың әскері де Бөріжар өзенінің бойында қоршауда қалады. Дегенмен, Черняев Катанаевтың әскерін зеңбіректердің күшімен құтқарады. Ал, Мейер бастаған әскердің қалдығын подполковник Лерхенің әскері аман алып қалады. Черняев пен Сыздық сұлтан алғаш рет Шымкент түбіндегі шайқаста кездеседі. Черняевтің әскері Шымкентке бес шақырымдай жетпей Қосдиірмен деп аталатын жерге аялдаған кезде Сыздық сұлтан барлау мақсатында 60 адам-мен алдынан шығып кіші-гірім ұрыс салып, бірнеше әскерін атып кетеді.

Сыздық төренің келесі бір көзсіз ерлігін Черняевтің 1864 жылы 1 қазанда Ташкентке шабуыл жасап, ауыр шығынға ұшыраған соң Шымкентке қайтқан кезде көрсетеді. Оны Майлықожа ақын былай деп көрсетеді:

Хандығы Әлімқұлдың кие болды,  
Сыздықтың сол ерлігі жүйе болды.

Яғни, Черняевтың Ташкентті ала алмай Шымкентке кеткенін пайдаланған Әлімқұл әскерін бастап, орыс әскері аз Түркістанға жол тартып, 1864 жылы 4-6 желтоқсанда Иқан түбінде шайқасқа кіреді.

Әлімқұл бастаған қол Иқан түбінде орыс әскерлерімен кескілескен шайқас жүргізе білді. Иқан түбіндегі шайқастың қалай басталғанын А.Кенесарин былай деп баяндайды: «Әлімқұл молда ... Ташкенде біраз күн болғаннан кейін әскер басыларын жинап, қазіргі жағдай жайында мәслихат құрғанда олардың бәрі де қыста ештеңе істеуге болмайды, қазір Қоқанға қайтып, жаз шыққан соң ғана аттану керек дегенді айтты. Тек Сыздық сұлтан ғана: «осыншама шығындалып, дайындалып мынадай көп әскерді алып келгеннен кейін орыстармен ұрыспай жатып, шегінуіміздің ешбір лайығы жоқ. Шымкенке беттемесек

те Түркістанға барайық, естіуімізге қарағанда, онда әскер аз көрінеді. Түркістанды алсақ алдық, алмаған күнде абыройсыз болмаймыз» деді. Оның осы ақылы Әлімқұлға да ұнады».

Иқан түбіндегі шайқаста Сыздық төре Әлімқұлдың сенімді серігі, әрі батыл да тапқыр қолбасшы ретінде көзге түсті.

Әлімқұл мен Сыздық қолы есаул Серов бастаған 200 орыс әскерін 1864 жылы 4-6 желтоқсанда Иқан түбінде қоршауға алады. «Иқан шайқасында орыстардың шығыны өте көп болды. Ауыр жарақат алғандар мен өлгендер жолда қалды. Отрядтың көзінше қоқандықтар олардың басын қылышпен шауып тастап жатты және қарулары мен оқтарын алды», – деп есіне алады есаул Серов.

Әлімқұл мөрін басып, есаул Серовқа хат жолдап, қантөгісті тоқтатып, мұсылман дінін қабылдап, берілуді талап етеді.

6 желтоқсан күні Түркістаннан қоршауда қалған Серов отрядына көмекке 300 адамдық отряд келе жатқаны белгілі болып, бұл хабарды естіген Әлімқұл «мына 200 орысты жеңе алмай тұрғанымызда, оның үстіне тағы 300-і қосылса, қалай жеңеміз» деп, не істерін білмей, қатты сасады. Қасындағы қолбасшылары да «өзіңіз біліңіз» деп жөнді кеңес бере алмай тұрғанда, Сыздық сұлтан «Сіз осы әскеріңізбен мына орыстармен соғыса беріңіз, мен өз жігіттеріммен келе жатқан жаудың алдынан шығып, оларды бері жібермей, бөгейін» дейді.

Сыздық сұлтан есаул Серовқа Түркістаннан көмекке жіберілген подпоручик Сукорко мен Степанов бастаған, 2 зеңбірек сүйреткен, 220 адамнан құралған отрядты Түркістан жолындағы Сасықбұлақ деген жерде қарсы алып, шайқасқа түседі. Осы ұрыста Сыздық сұлтанның аты оққа ұшып, 17 жігіті жараланады. Жазық жерде отрядқа жақындап келіп соғысу мүмкін болмай, Сыздық қолы атыса жүріп, Иқан жолымен шегінеді. Сыздық сұлтан орыс әскерлерін адастырып, кері қайтаруды ойлап, жігіттерін ертіп, Түркістанға қарай бұрылады. Оның жігіттері Түркістан маңындағы Әли қожа бағына кіріп, тоқтағанда, орыс отряды есаул Серов отряды талқандалған екен ғой деп ойлап, Түркістанға қайтып кетеді.

Солдаттардан, осылайша, із жасырып үлгерген Сыздық сұлтан қайта Әлімқұлға жәрдем беруге келеді. Олар әлі Серов

отрядымен соғысып жатқанын көріп, бекініп алған солдаттарға әкесі Кенесары сияқты қамыс, жусанды орып, соларды оқ өтпейтіндей қалың етіп буып, бау жасауды, содан соң, сол бауды қалқа қылып, домалатып барып, жақындап алып, ұрыс салуды ұсынады. Әлімқұл Сыздықтың бұл айласын құп алады. Есаул Серов та өз естелігінде қоқандықтардың қамыстан, шөптен бау жасап және екі дөңгелекті арбаға қалқан орнатып, жақындап келіп, ұрыс салғандарын көрсеткен.

«Орыстар көп өлді, мұсылмандар да көп шейіт болды. Ақыры бауды домалатып жүгірді, – деп әңгімелейді Иқан шайқасына қатысқан куәгер, – Орыстың зеңбірегі мен мылтығының оғы баудан өтпеді. Жақын барып, «Аллаху акбар» деп орға кіріп, қоян-қолтық араласып, ұрыс салды. Қазақтар қатты айқасты. Ұрыс кезінде байқатпай, бірнеше орыс қашып шығып кетті. Олардың соңдарына түскен батырлар қуалап, Түркістанға дейін барды».

Ұрыс алаңын тастап, өлгендер мен жаралыларына қармай, бас сауғалап, 30 шақты аман қалған солдаттарымен қашып шыққан есаул Серов болатын. Сыздық сұлтан оларды қуып жетіп, бітімге келуді ұсынады. Бірақ Сыздықтың келіссөз бастағалы тұрғанын білмеген Қоқан сарбаздары бірнеше орыс солдаттын ту сырттарынан келіп, қылышпен шауып, өлтіріп кетеді. Бұдан соң, тағы қызу ұрыс басталып кетеді. Осы кезде тағы да Түркістаннан 300 солдат келіп қалып, Серовты қалған адамдарымен құтқарып қалады.

Иқан шайқасында Сыздық сұлтанның атына 5 жерден оқ тиіп өлсе, өзінің де аяғына оқ тиіп, жараланады. Аттан құлаған Сыздықты казактар қоршауға алғанда, Әлімқұл дереу жәрдемге ұмтылып, 15 атты казакты өлтіріп, өзінің көреген қазақ қолбасшысын құтқарып алады. Осылайша, қазақтың текті ұлы Сыздық сұлтан бастаған түрік-мұсылман әскері Иқан шайқасында ерліктің тамаша үлгісін көрсетті және орыс басқыншыларына қарсы жан аямай күресті. «Қонысты орыс алғаны» атты жырында Майлықожа ақын Иқан шайқасындағы Сыздық ерлігін былайша жырға қосады:

Иқанның бір ұрысында ерлік қылды,  
Баласы Кене ханның Сыздық төре.

Әлімқұл мен Сыздық сұлтан Ташкентті қорғау кезінде де бірге болады. 1865 жылы мамыр айында Шортөбе ұрысында Әлімқұл қаза тапқаннан кейін, ташкенттіктердің арасында тонаушылық басталып, қала қақпалары ашық қалып, қорғаушылары қашып кетеді. Мұны көрген Сыздық сұлтан өз жігіттері мен жақтастарын – Кішіктің баласы Арсланбек сұлтан мен жаллайыр Бекбау датқаны жинап алып, қаланың он екі қақпасын топырақпен көмдіріп, әрқайсысына өз адамдарын күзетке қояды. Ертеңіне Ташкент халқының жиналысы болып, онда бас қазы молда Сәлбек ахун, Хакім қожа және басқа да басшы беделді адамдар Сыздық сұлтанды Әлімқұл молданың орнына әмір лашқар етіп сайлап, Қоқан хандығы мен қазнасын қаланың қарамағына береді. Содан кейін Сыздық сұлтан үш күннің ішінде қызмет орнындағы адамдардың бәрін ауыстырып, әр жерге қолынан іс келетін адамдарды тағайындайды. Үйлеріне тарап кеткен қоқандықтарды қайтадан жинап, олардың тоналған аттары мен киімдерін қайтартып, барлық әскерді соғыса алатын халге түсіреді. Төртінші күні Черняев Әлімқұл молданың қазақ болғанын, Қоқан әскерінің қашып кеткенін естігеннен кейін Ташкенттің қақпаларына жақындап келіп, зеңбірекпен де, мылтықпен де атқылай бастайды. Үш күн бойы ол қаланы алуға барлық күшін салып, күнде ертеден кешке дейін дамылсыз атқылаумен қатар барлық қақпаларға өршелене шабуылдаумен болады.

Алайда оның барлық шабуылдары нәтиже бермейді. Сол кезде Черняев қасындағы офицерлерге таңырқап: «Әлімқұл молда өлді ғой, енді кім осынша ерлікпен соғысып жатыр?» деп сұрағанда, олар: «Әлімқұл молданың орнына бас әскербасы болып сұлтан Сыздық тағайындалған, қазір соғысып жатқан сол» деп жауап береді.

Сонда генерал Черняев «Сыздық сұлтан сірә Әлімқұл молдадан кем түспейтін болғаны ғой» деген екен. Бір жеті өткеннен кейін шайқас қайтадан басталып, қырық күнге созылады. Сыздық сұлтан ертеден кешке дейін орыстардың шабуылын тойтарып, оларды зеңбірекпен де, мылтықпен де атқылаумен болады. Сыздықтың бұл табандылығын көрген Қоқанның әскербасшылары өзара ақылдасып: «Орыстар қаланы ала алмайтыны



анық болды, олар кетсе бізді мына сұлтан билейді» деп, ақыры Сыздық сұлтанды өлтіруге бел байлайды. Мұны біліп қалған Сыздық сұлтан билік үшін Ташкенттегі өзара қырғынды болдырмас үшін қаланың қорғанысын Бұхар әмірлігінен келген Тайшыбек тоқсабаға тапсырып, өзі Бұхараға аттанып кетеді. Осыдан кейін барып қана Черняев қала қорғаушыларының жаңқиярлық ерлігіне қарамастан, үш күндік шайқастан соң 1865 жылдың мамырында Ташкент қаласын алып, оны Ресей империясына қосады.

Сол жылы жасалған бейбіт келісімге сәйкес, Қоқан ханы өз иелігінің біраз бөлігін, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанды Ресей империясының иелігіне береді.

**2.** Орыс әскерлері Ташкентті алғаннан кейін Сыздық сұлтан өз жақтастарымен Сырдариядан Шыназ маңынан өтіп Бұхар әмірлігіне қарайтын Жызақ қаласына барады. Осы қаладаға ол өзінің әйелі мен бала-шағаларын қалдырып, қасына жиырма бес жігітін ертіп Бұхар әмірі Мұзаффарға кездесуге барады. Кездесу кезінде әмір Сыздық сұлтан мен Арсланбекке және қасындағы жігіттерге сыйлықтар беріп, Жызактың бегі Якуббекке Сыздық сұлтан мен оның жігіттеріне қазынадан жалақы төлеп тұруға жарлық шығарады.

Сыздық сұлтан Жызакқа қайтқан кезде қалаға Черняевтың әскері басып кіреді. Орыстардың зеңбіректері мен мылтықтарына Бұхар әскері төтеп бере алмай жан-жаққа бытырай қашады. Орыстың әскері бұхарлықтарды қуалап бақтан өтеді де базарға жақындаған тұста сырттарынан бақылап тұрған Сыздық сұлтан алпыс жігітімен бақты тасаланып келіп, дуалдың сыртынан қалың топталып кетіп бара жатқан орыс әскерлеріне алпыс мылтықтан оқ жаудырып, басым көпшілігін қырып салады.

Тосқауылдан атылған атысқа шыдай алмаған орыстар кернейлетіп кейін қарай қаша жөнеледі. Сыздықтың жігіттері болса оларды бақтан шыққанға дейін қуалап жүріп атқылайды. Сол уақытта орыстардың қашқанын көрген бұхарлықтар да қайтадан естерін жинап, орыстарға қарай шабуылға шығады. Алайда Черняев та өз әскерін жөнге келтіріп, бұхарлықтардың шабуылын тойтарады. Осы кезде Жызакқа әмірдің өзі мол әскермен келе жатыр деген хабарды алған Черняев әскерін бастап

Сырдариядан қайтадан өтіп, Шыназдың тұсына бекініс дуал тұрғызуға кіріседі.

Орыстарға шабуыл жасауға бекінген әмір Сыздық сұлтанды Қышкөпір жақтағы әскерге көмекке жібереді. Қышкөпірге қарай аттанған Сыздық сұлтан жолда орыстың жүз әскерімен бетпе-бет келіп қалып шайқасқа түседі. Бір сағатқа созылған ұрыстан кейін орыстар жиырма әскерінен өлідей айрылып, шегінеді. Жиырма бес адамы қазаға ұшырап, қырық адамы жараланған Сыздық сұлтан оларды қууға күші жетпейтінін түсініп, шайқас болған жерде қалады. Келесі күні ол бұхарлықтардың орыстардан жеңіліп шегініп кеткенін естіп, әмірмен жолығу үшін Бұқар қаласына барады. Сыздық сұлтанның ерлігін естіген әмір Сыздық сұлтанды құшақ жая қарсы алып, мол сыйлықтар береді. Осыдан кейін де Сыздық төре патша өкіметіне қарсылығын ашық түрде жалғастыра береді. Мәселен, 1866 жылы 28 сәуірдегі №1 форттың бастығының Сырдария облысының әскери губернаторына жіберген мәліметі бойынша Сыр өңірінде келген Сыздық төре орыс әскерлерімен бірнеше рет қақтығыстарға түскен.

Алайда күші тең емес шайқастардан кейін Сыздық төре құмдардың арасына шегініп кетеді. Сол кезде Алпар Бұларбай және Мырзабай бастаған қазақтар қиын жағдайда қалған Сыздықты жігіттермен және азық түлікпен жабдықтап отырған. Сол үшін патша әкімшілігі оларды Сыздыққа көмек бергені үшін ауыр жазалаған. Дегенмен жергілікті қазақтардан күш алған Сыздық төре 1867 жылы мамыр айында № 1 фортқа шабуыл жасайды. Үш күнге созылған шайқастан кейін Сыздық бастаған қазақтарға төтеп бере алмаған казактар фортқа бекініп алады. Ал Сыздық бастаған қазақтар болса, қорғанысы мықты фортты басып алатын күші болмағандықтан Сырдариядан өтеді де Ақжар станциясына шабуылын жалғастырады.

Сыздық төре бастаған қазақтардың соғысы қауіпті бола бастағасын патша әкімшілігі оған қарсы есаул Ончиков бастаған 2 зеңбірегі бар 100 казакты Жаңадарияға аттандырса, казактардың келесі бір тобын пошта трактысынан Бұқабай көлі станциясына дейінгі аралықты шолып келуге жібереді. Егерде ол аймақта Сыздық болмаса онда әскер бұхарлық керуен жолындағы

Жаман шығанақ сайына барып, №1 форттан шыққан әскерге қосылу жүктеледі. Бұл әскер Сыздықты таппағасын Перовск фортына қайтып кетеді.

1867 жылы 6 мамырда орыс әскерлерінің бір-бірімен қосылмағанын пайдаланған Сыздық сұлтан мен шөмекейлердің биі Пірәлі бастаған мыңға жуық қазақтар Жаңадарияның сол жағалауына келіп, патша әкімшілігі аттандырған Ончиков бастаған жазалаушылармен шайқасқа түседі. Бұл кезде №1 форттан шыққан есаул Ончиков бастаған казактардың жүздігі керуен жолымен жүріп, Сары бұлақ сайына жеткен еді.

Осы аралықта Сыздық төреге Бикей, Самен және тағы басқа да билер бастаған қазақтар көмекке келеді. Қазақтардың қоршауында қалған есаул Ончиков өлген аттар мен топырақтан қорғаныс жасап, атысуға мәжбүр болады. Тіке шабуылмен зеңбірегі бар орыс әскерлерін жоя алмайтынын түсінген Сыздық төре әскери қулыққа барып, сарбаздарына шегінуге бұйрық береді. Ал Сыздықтың шегінгенін көрген есаул Ончиков мүлдем сақтықты ұмытады. Өйткені он күн бойы қоршауда болған казактар шөлден әбден қысылған болатын. Есаул Ончиковтың казактарға құдық қаздырмақ болған әрекеті де сәтсіз аяқталып, су көзін таба алмайды.

Сондықтан олар қазақтар біржола кетті деген оймен қорғаныстарынан шығып, жақын жердегі суы бар құдыққа қарай бейберекет жүгіреді. Сол кезде орыс әскерлерінің тобырға айналғанын көрген Сыздық төре бастаған сарбаздар казактарға тұтқиылдан бас салады. Шабуыл кезінде орыс әскерлерінің 20-і өледі, 5-і жараланады. Осы шайқастан кейін Сыздық төре орыс әскерлерімен ашық шайқасқа түспей, өзінің партизандық соғыстарына қайтадан көшеді.

Топ-топ шағын жасақтарға бөлінген Сыздықтың адамдары Сыр өңіріндегі патша әкімшілігінің мазасын кегіреді. Мысалы, 1867 жылы жазға қарай Сыздықтың құрамына кіретін 50-ге жуық қазақтар Елшібай станциясының түбінде орынборлық саудагерлерге шабуыл жасаған. Дегенмен патша әкімшілігінің жан-жақтан жасаған қысымы Сыздық төрені Бұхара хандығына қарай өтуіне мәжбүрлейді.

1868 жылы Түркістан генерал-губернаторы Кауфман бастаған орыс әскері Бұхар әмірлігіне басып кірген кезде Сыздық сұлтан бастаған қазақтар басқыншыларға қарсы тағы да соғысқа араласады. Бұхар әмірі Сыздық сұлтанға әмірліктегі қазақтардан мың адам жинап алып, Самарқанға қарай баруға әмір етеді. Мұзаффар әмірдің бұйрығын орындаған Сыздық сұлтан өзі жинаған жасақпен Самарқанға жеткен кезде орыстар қаланы басып алып, Қаттықорғанды шабуылдап жатқаны жөнінде хабар алады.

Сыздық сұлтан да сол жаққа қарай аттанып әмірдің әскерін барып қосылады. Қарттықорған түбіндегі шайқаста да Сыздық төре нағыз ерліктің өнегесін көрсетеді. Екі жақтың әскері ашық аланда кездесіп бір-біріне шабуыл жасаған кезде орыстар зеңбіректерден жаппай оқ жаудырып бұқарлықтарды қуған кезде Сыздық сұлтан бастаған қазақтар орыс әскерінің бір бүйіріне тиісіп, олардың орта тұсынан тап береді. Орыстардың жаяу әскері ат боратқан шаңнан бірін-бірі көре алмай қырыла бастаған кезде, кейін негізгі күштеріне қарай қашады.

Сыздықтың осы шабуылынан орыстар жетпіс адамынан айрылса, қазақтардың жүз адамы оққа ұшады. Осылайша Сыздық төре бұқарлықтардың толық талқандалуынан аман алып қалады. Дегенмен бұқарлықтар қайтадан соғысудан бас тартып Бұхараға қашып барып тығылады. Осы шайқастан кейін орыстар да соғысты тоқтатып Бұхар әмірімен бітімге келеді. Сыздық сұлтанға риза болған Бұхар әмірі оны мемлекеттегі бүкіл көшпелі халықтардың басшысы етіп тағайындайды.

Алайда Сыздық төренің тыныш өмірі ұзаққа созылмайды. Бұхар әмірінің орыстармен келісімге келгенін құптамаған Шаһрисәбіз бектері Бабабек пен Жорабек оған бағынбай қарсы шығады да, оның баласы Әбдүмәлікті билеуші деп мойындап, әмірдің әскерімен соғысу үшін Фиссар, Күләбі, Қаршы атраптарынан әскер жинайды.

Олар Сыздық сұлтанға елші жіберіп әмірге қарсы шығуға үгіттейді. Мұзаффар әмірдің орыстардың ыңғайына көнгеніне наразы болған Сыздық сұлтан бектердің бүлігіне қосылып, қазақтардың арасынан әскер жинайды да Нұратаны басып алады. Осы уақытта әмірді қолдаған әскер бүлік шығарған қалалардың

бәрін басып алып, Шәһрисәбзді қоршауға алған еді. Сыздықтың Нұратаны алғаны туралы хабар әмірге жеткен кезде ол қазақтарға қарсы он бес мың әскерін аттандырады. Сыздық сұлтан­ның әмірдің әскерімен болған шешуші шайқасы Кермене түбінде өтеді.

Шайқас кезінде Сыздық сұлтанның кенеттен берген соққысына төтеп бере алмаған әмірдің әскері жеңіліс тауып, он үш мыңы беріледі. Сыздыққа жіберген әскердің Сыздықтан жеңіліп қалғанын естіген Мұзаффар оған қарсы тағы да оң мың әскерін жөнелтеді. Бұл әскер де Сыздықтан жеңіліс тауып, басым бөлігі Сыздықтың жағына шығып кетеді. Өзінің негізгі күштерінен айрылып Сыздықтың күшейгенінен қорыққан Мұзаффар әмір қиын жағдайда қалғандықтан орыстардан көмекке әскер сұрайды. Ресей империясының нағыз қас жауы Сыздық сұлтан сияқты күрескерлердің Бұхар сияқты мұсылман мемлекетінде билік құруы орыстар басқыншылық саясатына көп нұқсан келтіретін.

Сондықтан Түркістанның генерал-губернаторы Кауфман патша үкіметімен келісе отырып, әмірге көмек беру туралы шешім қабылдайды. Кауфман бастаған орыстардың үш мың әскері Бұхарға келгеннен кейін бүлікшілердің әскерін тас-талқан етіп жеңеді. Әмірдің баласы Әбдүмәлік болса Ауғанстанға қарай қашады. Әбдүмәліктің қашуы Сыздықтың әскеріне әсер етіп, оның қарамағындағы бұқарлықтар жаппай үйлеріне тарап кетеді де, сұлтанның жанында тек мыңға жуық қазақтар ғана қалады.

Осыдан кейін өзінің азаттық қозғалысын Бұхармен байланыстырған үміті ақталмаған Сыздық сұлтан амалсыздан Хиуа хандығына өтіп кетеді. Хиуа ханы Сыздық сұлтанды өте жақсы қарсы алып, оны Сырдарияның шығыс жағынан бастап Боқан тауларына дейінгі аймақты мекендеген қазақтар мен қарақалпақтарға басшы етіп тағайындайды. Хиуа жерінде де Сыздық сұлтан азаттық қозғалысын жалғасытра береді. Ол қасына қазақтардан жасақ жинап Қазалы уезіндегі Жаңадарияны паналай отырып, жергілікті халықты Хиуаның билігіне өтуді үгіттейді.

Сыздық төренің іс-әрекеттері Сыр өңіріндегі Ресей билігіне қауіп төне бастағасын Қазалы уезінің бастығы подполковник Голов екі зеңбірегі бар 8 түркістандық шептік батальонының 180 жаяу әскерін және 25 казакты бастап, №1 форт-

тан шығады да, Ақша теңіз көліне қарай жылжиды. Сонымен қатар Перовск фортынан Қазалы аймағына қарай көмек ретінде бір рота жаяу әскер аттанады.

Сыздық сұлтан бастаған қазақтардың Сыр өңіріне қауіп төндіргені соншалықты Сырдария облысындағы әскердің бас қолбасшысы генерал-майор Головачевтың өзі 8 наурызда Ташкенттен облыстың оң қанатына келеді де, тікелей өзі Перовск фортынан Сыр өңірінде қалыптасқан жағдайды бақылауға көшеді.

Сыр өңіріндегі орыс әскерлерінің мол күші Жаманбай сайына келіп, Хиуадан келген қазақтарды қоршауға ала бастағанын көрген Сыздық төре бастап келген жасақты кейін алып кетуді жөн көреді. Хиуа иелігінде төрт жылдай тұрған Сыздық сұлтан патша өкіметінің иелігінде жатқан қазақ даласына қайта-қайта жорықтар жасап, мүмкіндігінше қазақтарды отаршылдарға көтеруге тырысқан.

Өз мақсатына қол жеткізуде ол патша өкіметі жаулаған иеліктен қашып Хиуадан тапқан қазақ сұлтандары мен билері Ұтым, Өзберген, Арыстан, Хатым сияқты азаттық қозғалыстың басшыларымен байланысқа түсіп, тізе қосып қимыл көрсеткен. Жорықтар 1873 жылға дейін жыл сайын, мамырдан қарашаға дейін жүргізілді. Олардың басты ұйымдастырушысы ханның өзі болды. Тоқтаусыз жүргізілген жорықтың нәтижесінде Хиуа хандығының Ресеймен сауда қатынасы кеміп кетті, керуен қозғалысы тоқтатылды.

1869 жылы Қазалыда барлық хиуа сауда орындары жабылып, саудагерлер Хиуаға шақыртылып алынды. Хиуа хандығы тұрғанда қазақ даласының Орынбор өлкесі мен Сыр бойындағы «тыныштық» пен «тәртіп» орнамайтынын түсінген патша өкіметі оның тәуелсіздігін жоюға тырысып, хандыққа қарсы жорық бастайды.

1873 жылы көктемде Түркістан генерал-губернаторы Кауфман бастаған орыс әскері Хиуаға басып кірген кезде, Астрахан жақтан Самараның әскери губернаторы генерал Веревкин орыс әскерінің келесі бр тобын бастап Торғайдан басып кіреді. Хиуа ханы Сыздық бастаған қазақтарды және оған түрікмендерді қосып орыс әскерлеріне қарсы аттандырады.

Кейін артынша Хиуа ханы Сыздық төреге көмек ретінде Мәднияз және Мәдмұрат бастаған хиуалықтарды жібереді.

Олардың бәрі де дарияның жағасындағы Үшошақ деген жерде тоқтап, Кауфман бастаған орыс әскерлерін күтіп алады. Сыздық сұлтанның құрамында жеті жүз қазақ, бес жүз түрікмен, жалпы саны бір мың екі жүз адам болатын. Ол осы әскермен құм ішіндегі жолмен жүре отырып, Адамқырылған, Алтықұдық деген жерге жетіп, таңға жақын генерал Кауфманның әскеріне шабуыл жасайды.

Алайда зеңбіректері мен мылтықтары күшті орыс әскерлері оларға оқ жаудырып, жақындатпай қояды. Шабуыл кезінде Сыздық әскеріндегі үш адамға оқ тиіп, қаза табады. Осыдан кейін Сыздық сұлтан шегінуге мәжбүр болып, Үшошақта тұрған Мәднияздың әскеріне барып қосылады.

Сыздықтың шабуылына тойтарыс берген генерал Кауфман болса дарияға қарай бағыт ұстайды. Сыздық сұлтан, Мәднияз және Мәдмұрат бастаған әскерде Үшошақтан шығып, генерал Кауфманды Қызылқұмда кездестіреді. Таңға жақын екі жақтан әскерлер майдан даласына шығып, шайқасқа кіріседі. Шайқастың өте қызу жүргені соншалықты, тек келесі күні түсте тоқтайды. Зеңбіректерден оқтарды атқылай жүріп генерал Кауфман әскерін Үшошақтың маңына жеткізеді.

Бұл жағдай хиуалықтардың шайқасты доғарып Хиуаға қарай шегіндіруге мәжбүрлейді. Яғни, Мәднияз пен Мәдмұрат әскерін алып, Хиуаның қорғанысын күшейтуге қайтып оралса, Сыздық төре өз ауылын қырғыннан аман сақтап қалу үшін, Чаржоуға қарай көшіріп жіберудің қамына кіріседі. Бұл кезде Торғай жақтан келген генерал Веревкиннің әскері соғыстың тағдырын шешіп береді.

Нәтижесінде екі жақтан қыспаққа алған орыс әскерлеріне төтеп алмасын білген Хиуа ханы патша өкіметімен келіссөзге келеді. Өйткені, Хиуа ханының әскері мұндай әскерге саны жағынан да, техникалық қамтамасыз етілуі жағынан да төтеп бере алмайтын еді. Хиуа хандығының жеңіліс табуы Сыздық сұлтанды түрікмендердің жері арқылы Қашқардағы Жақыпбек Бадаулеттің мемлекетіне қарай өтуіне мәжбүрлейді.

1875 жылы Қашқардағы Жақыпбек әскерінің қатарына Сыздық төре Кенесарыұлы келіп қосылады. Сыздық төреге Жақыпбектің жергілікті әкімшілік қызметінде Ташкенттің бұрынғы хәкімі Мырзахмет паруанашыдан кейін екінші орын беріледі. Сыздық төре 1877 жылы маусымда Жақыпбек өлгеннен кейін оның үлкен ұлы Беккұлибек жағында Қытай әскерлерімен соғысып, қолына оқ тиіп, жарақат алады.

«Мен орыс патшасына қарсы қаншама жыл соғыстым, орыстардан қашып, талай елге бардым. ... Маған тыныш отыратын қауіпсіз жер табылатын түрі жоқ. Сондықтан амалсыз орыс қоластына баруым ғана қалды. Ұсынған мойынды қылыш шаппайды» деп Сыздық төре Беккұлибек Жақыпбекұлымен бірге қырғыздың жеріне, Ошқа өтіп, сол жерден орыстардың қоластына өтетінін мәлімдейді. Беккұлибек әкесі Жақыпбектің туылған жері Пскентте тұруды, ал Сыздық төре Шымкент жақтағы өзінің бауыры – Ахмет төренің қасына баруды қалайды.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Сыздық кімнің баласы болып келеді?
2. Ұзынағаш шайқасында Сыздық бастаған қазақтар кімдердің жағында соғысады?
3. Оңтүстік Қазақстандағы қалаларды қорғауда Сыздық сұлтанның рөлі қандай болды?
4. Орыс әскерлері қазақ жерін толық басып алғаннан кейін Сыздық төре өзінің күресін тоқтатты ма?
5. Сыздық төренің Бұқар мен Хиуадағы өмірі туралы не білесіз?
6. Шығыс Түркістанда Сыздық төре кімдермен соғысады?



## **§12. XIX ғасырдың 60-90 жылдардағы Оңтүстік Қазақстандағы азаттық күрес**

- 1. Орыс әскерлерінің Оңтүстік Қазақстанды басып алуы және оған қазақтардың қарсылығы**
- 2. Оңтүстік Қазақстандағы азаттық күрестің түрік-мұсылман қозғалысына тартылуы**

1. Сыр бойы мен Жетісу өлкесіндегі қоқандықтардың бекіністері алынғаннан кейін Қоқан хандығына қарсы белсенді саясат жүргізген Орынбор генерал-губернаторы Безак пен Сырдария желісінің бастығы генерал Дебу Сырдария мен Сібір әскери желістерін тезірек қосу үшін, Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамальдан ағылшындар қоқандықтарды озық қарумен қаруландырып үлгергенше Қоқан хандығын тезірек басып алу қажет екенін, кешіккен күнде оның Ресейге өте қымбатқа түсетінін дәлелдеп Оңтүстік Қазақстанға қарай белсенді әрекетке көшуді талап етеді. Нәтижесінде 1863 жылы 23 қаңтарда Петербургте Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлары А.П.Безак пен А.О.Дюгамельдің қатысуымен өткізілген жиналыста Сырдария мен Сібір шептері арасындағы жерлерді зерттеуге шешім қабылдайды. Бұл жиналыста Арал флотилиясының бастығы А.И.Бутаковқа Сырдарияның жоғарғы ағысын зерттеу, ал Орынбор корпусы штабының бастығы подполковник М.Г.Черняевқа Жөлектен Түркістан қаласына дейінгі аралықтағы аймаққа барлау жұмыстарын жүргізуге және Қаратау жотасынан солтүстік беткейінен Созақ бекінісіне дейін әскер жіберу тапсырылса, Сібір әскери-әкімшілігіне де Әулиеатаға жапсарлас жатқан аумақтың оңтүстік аудандарын зерттеуге және мүмкіндік болса оны басып алу туралы тапсырма беріледі. Осы жоспар бойынша қимылдаған патша әкімшілігі қоқандықтардың ірі бекінісі Әулиеатаны басып алу мақсатында подполковник Лерхе бастаған бір әскери бөлімді жібереді. Әулиеата маңында Ресейдің билігін мойындаймыз деп уәде бергенмен әлі де діндес, бауырлас қоқандықтарға ниеттес болып отырған қазақ, қырғыздар басым болып, бекіністі негізінен Ұлы жүздің қазақтары мен 2000 қоқандық әскер қорғап

тұрады. Сол себепті бекіністі алу сәтсіздікке ұшырап, патша өкіметіне Қоқан хандығын тізе бүктіру негізінен ірі әскери жорық жасау арқылы ғана ғана жүзеге асатындығына деген сенімді орнықтыра түседі. Әулиеатаға шабуыл жасап, оны ала алмаған подполковник Лерхе 22 мамыр күні Әулиеатадан 5 шақырым жердегі Талас өзені бойына орналасып, патша әкімшілігінің нұсқауымен Талас өңіріндегі беделді қазақ пен қырғыз билеушілерін Ресей ықпалына тарту үшін әртүрлі әдіс-айла қолдануға көшіп, Лерхе Байзақ пен Құдайберген датқаларға, шымыр руының биі Үмбет Таңсыққожаұлына, ботбай руынан Тойшыбек бидің ұлдары – Байсейіт батыр мен Керімбек биге, жаныс руынан Қашқынбай биге, қырғыздың Жантай, Мырзалы, Сауранбай, Рысқұлбек, Құдияр т.б. манаптары мен билеріне хат жазып, оларға сыйлықтар үлестіріп, Ресей билігінің қызметіне тартуға ұмтылып бақты. 1863 жылы мамырда Лерхе өзіне Байзақ датқаның немересі Әбдірахман мен бұл өңірде аса құрметке ие ботбай руының биі Керімбек Тойшыбекұлын алдырып, олардан Жаңғараш манаптың орыс әскерін жойып жіберуге қазақ пен қырғыздардың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатқаны туралы құнды мәлімет алады. Бұлармен бірге Байзақ датқа да орыс әскеріне хабар-ошар беріп, Жаңғараш манаптың Әулиеата бегі Атабекке жазған 2 хатын және Атабектің Ташкенттен көмек сұрап жазған 4 хатын ұстап қалып, орыстарға жібереді. 1863 жылдың көктеміндегі Орынбор және Сібір әскерлерінің Оңтүстік Қазақстандағы іс-қимылдарының ойдағыдай қорытындылары Сыртқы істер министрлігінің ымырашыл, бірақ «шептерді біріктірудің» оралымы жоспарын әзірлеуі үшін негізі болды. Созақ, Шолаққорған, Әулиеата арқылы Қаратаудың солтүстік беткейі бойынша өтетін шеп шекара болып белгіленді. Сыртқы істер министрлігі осы шептердің алынуы нәтижесінде «Орта Азия хандықтарымен бейбіт қатынастар» сақталады, ал Сырдария шебін үкіметтің жабдықтауы жақсара түседі» деп есептейді. Алайда Орынбор әкімшілігінің офицерлері мен шенеуніктері М.Г.Черняев, Л.Л.Мейер және әскери губернатор А.П.Безак үкімет ұсынған жоспарды «мейлінше қауіпті және зиянды жартыкеш шара» деп есептеді. Өйткені олардың пікірінше бұл әскерлерді азық-түлікпен жабдықтау мә-

селесін де, қазақтардың әрекеттеріне де нақты бақылау жасауды да нақты шешіп бере алмайтын еді. Орынбор әкімшілігінің орыс шекаралық шебін оңтүстікке жылжыту туралы табанды талаптары көп кешікпей-ақ ойдағыдай болып шығады. Оған нақты себеп болған Ішкі істер министрлігінің Азия департа-ментіне Ұлыбританияның Қоқан мен Бұқарада орнығып алуға және Шыңжан мен Орталық Азиядағы сауда рыноктарын Шығыстағы су жолдары арқылы басып алуға жаңадан әрекеттер жасауы жөнінде келіп түскен құпия ақпараттары еді. Осыған байланысты 1863 жылы көктемде Ерекше комитетте өткен отырыста Д.А.Милютин Орталық Азия хандықтары жөнінде баяндама жасап, онда Қаратау жотасы арқылы шеп жасау мақсатында Орынбор корпусының әскерлеріне Созақты иеленуге, ал Сібір корпусына Әулиеатаны тезірек алу ұсынылады. Сонымен қатар баяндамада шекара кейіннен Шымкентті Ресей империясының құрамына енгізе отырып, Арыс өзеніне көшірілуі тиіс екендігі көрсетіледі. Яғни, патша үкіметіне Орынбор мен Сібір шекараларын қосқаннан кейін оның қауіпсіздендіру үшін Арыс өзенінің бойына мықты орналасу қажет еді. Ал ол үшін стратегиялық жағынан маңызды болып табылатын Шымкент қаласын басып алу керек болды. Шымкентке баратын жол Әулиеата арқылы өтті. Бұл кезде Қоқан ханы Әулиеатаны ең ірі бекініске айналдыруға кірісіп жатты. Оны қорғайтын әскердің қатарын жергілікті көшпелі халықтар: қазақтар мен қырғыздармен толықтырды. 1863 жылы 20 желтоқсанда баяндаманы патша бекітіп, Қоқан хандығына қарсы алдын ала келісілген жорықты 1864 жыл барысында бастауға берілген бұйрыққа қол қояды. 1864 жылдың басынан бастап екі жақта соғысқа жан-жақты дайындық шараларына көшеді. Қоқан хандығындағы билікті өз қолдарына алған қазақ қыпшақтары бекіністердің қорғаныс қабілеттерін арттыру жөнінде жігерлі шаралар қолданып, жауға қарсы бірлесіп тұру үшін көшпелі қазақ ауылдарына өз жаршыларын аттандырып жатты. Әскери қатарын да жергілікті қазақ руларынан, әсіресе, Ташкент ауданындағы қазақтың құрама руларын, негізінен алғанда шанышқылы руын да тартты. Тіпті 1864 жылы 17 ақпанда Түркістанның бегі Дәулет мырзаны Қоқан ханы орнынан алмақ болғанда, Түркістанның қазақтары

ханның бұйрығына бағынудан бас тартып, оны қорғап шыққан. Ал Дәулет мырза болса Ресей сауда керуендерін Бұхараға өткізбеген. Сонымен қатар ол ресейлік сауда керуендеріне ғана емес, патша өкіметінің билігін мойындаған қазақтардың ауылдарына да шабуыл жасап отырған. Соның бірі қаңтар айының соңында Дәулет 300 адаммен Сырдың сол жағалауындағы Жөлекті айналып өтіп, Сарышығанақ сайына бағыт алған кезде хорунжи Раннев бастаған 40 казактан тұратын орыс әскерімен соғысады. Шайқас кезінде олар жеңіліс тауып кейін шегінеді. Орыс әскерлері тарапынан 2 казак өлсе, 3 казак жараланады. Патша әскерлерінің Орталық Азияға Жетісу және Сырдария бойынан жылжуы, жергілікті халыққа көптеген қиыншылықтар әкелді. Өйткені, әскерлердің бүкіл қару-жарағы мен азық-түлігін таситын жүк көліктерін табуға тағы да қазақтарды мәжбүрлейді. Атап айтқанда, 1863 жылы 2 қыркүйекте Шу өлкесіне аттанған әскерге 472 түйе жөнелтілген. Ал, 1864 жылы 6 шілдеде Әулиетаны алған орыс әскерінің қажеттілігін тасуға шапырыштылардан 200 түйе тартып алынса, Ыстықкөл әскерлерінің мұқтажына әр офицер бастаған 40 казак сарыбағыштардың 300 түйесін айдап кетсе, дулаттар мен жалайырлар Құсмұрын әскеріне 700 түйесін беріп құтылған. Патша өкіметі Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу жорықтарына кеткен шығынын Ресейдің билігін мойындаудан бас тартқан Шудың арғы бетіндегі халықтардың дүние-мүлкі мен малдарын тонап, сату арқылы жабуға тырысты. Сондай-ақ, қазақтар керуендерге жол бойында қызмет көрсететін лаушылар бөлуге де міндеттелді. Лаушыларға ешқандай ақы төленбеді. Олар жолда өздерін-өздері асырады. Казактар оларға жолда қатыгездік жасап, күн көрсетпейтін. Бұған шыдамаған лаушылардың көбісі түйелерін тастап, керуеннен қашып кететін. Аталған әртүрлі қосалқы міндеткерліктерді және әлденеше рет жиналатын заңыз алымдарды жергілікті әскери-әкімшілік белгілейтін еді. Олар кез-келген уақытта жағдайға қарай, әрі жиі-жиі жиналып тұратын. 1864 жылы ақпан айында Әулиеатаға Әлімқұлдың тапсырмасымен Ташкент парванашасы Нұрмұхамед келеді. Ол Шу алқабындағы қазақтар мен қырғыз руларын Қоқан жағына тартып, оларды Ресеймен күресте қокандықтармен бірігуге шақырған әр

түрлі үндеу хаттар таратып, жауға қарсы бірлесіп тұру үшін көшпелі қазақ ауылдарына өз жаршыларын аттандырады. Патша өкіметі қоқандықтардың бұл әрекеттерін іске асырмау және қазақтар мен қырғыздардан аманат алу үшін әскери старшина Бутаков бастаған бір зеңбіректен тұратын 200 казакты қарсы аттандырады. 1864 жылы мамырда орыс әскерлерінің Қоқан хандығына шабуыл жасауға әзірлігі аяқталып, дербес екі әскери қол, Перовскіден 1500 адаммен шыққан полковник Веревкин Түркістанға қарай, ал Верныйдан 22 зеңбірек және 2500 жауынгермен полковник Черняев Мерке бекінісін ұрыссыз алып, Әулиеата бекінісіне жорыққа шығады. Әулиеатаны қорғаған жергілікті халық Черняев әскерін әуелі Тектұрмас пен Ақбұлымның жоталарында күтіп алып, шайқасқа түседі. Алайда, қорғанушылар орыс әскері зеңбіректерден атқылғаннан кейін, бекіністің ішіне кіріп соғыспаса аяғы қиынға соғатынын түсініп, Әулиеатаға шегініп кетеді. Бекіністің бегі Ниязәлі датқа барлық мәселелерді өзінің 7 биімен шешетін болған. Черняевтің Әулиеатаны орыстарға ұрыссыз беру туралы үзілді-кесілді талап хатын өзінің жеті биімен талқылауға екі апта рұқсат сұрайды. Қорғанушылардың жаудың рахымына берілуден бас тартқанына ашуланған Черняев қалаға жақындап келіп, Қышмазардың түбіне орналасады да алғашқы күні қаланы 4 жеңіл, 4 ауыр зеңбіректен атқылауға, кейін барлық зеңбіректерден бірдей оқ жаудыруға бұйрық береді. Екі күн бойы зеңбіректерден атқылаған оқтардан соң, ол әскерімен отқа оранған қалаға екі жақтан шабуылға шығады. Орыстардың тегеурінді шабуылына шыдай алмаған бекініс басшысы Ниязәлі би бастаған 400 салт атты қазақ пен оның он бір ұлы Асы өзенін жағалап, Әулиеатадан шығып, Шымкентке қарай қашады. Әулие-Ата 5 шілде күні таңертең патша әскерінің бақылауына өтеді.

Бекініске кірген полковник Черняев қираған үйлер мен қырылып жатқан өліктердің арасында ішінен ақтарылып түскен ішек-қарнын үстіндегі шекпеннің етегіне салып қойып, көл боп жайылған қанының ортасында құбылаға қарап өз иманын өзі оқып отырған қаланың жеті биінің бірін көргенде, ол басқа орыс офицерлерімен бірге аң-таң қалысады. Өйткені өз өліміне өзі соншалықты үлкен сабырмен қарап отырған қазақ биінің

рухы өте биік және күшті еді. Әулиеатаны алу кезіндегі орыс әскерлері тарапынан жасалынған зорлық-зомбылық тым шектен шығып кетеді. Черняев бастаған сібірлік әскери топ Әулие-Атаны басып алғанда, Сырдария шебінен шыққан Веревкин Оңтүстік Қазақстанның «есігі» болып табылатын Түркістанға бағыт алып, 1864 жылы 24 мамырда оған 1200 әскермен шабуыл жасайды. 1864 жылы 9 маусымда орыс әскері Қарайшық өзенінен өтіп, Түркістанға 9 верст жетпей тоқтайды да, қаланы маңайындағы баққа жақындайды. Осы баққа 3 версттей жетпей тоқтаған орыс әскері әскери шеп құрады. Оның ортасын жаяу әскер алса, оң жағына Оралдық казактар, сол жағында Орынбор казактарының жүздігі орналасты. Әрқайсысында ракеталық қондырғылар болды. Баққа 800 қадам қалғанда түркістандықтар орыс әскерлеріне мылтықтардан оқ атады. Сол орыс әскерлері 3 зеңбіректі алдыңғы шепке шығарып, оларға оқ жаудырады. Орыс әскерлерінің зеңбіректеріне шыдамаған қорғаушылар бекініске барып тығылады. Орыс әскерлері болса бекініске жақындап келіп, инженерлік жұмыстардан кейін 10 зеңбіректен атқылауға кіріседі. 10 маусымда Сыздық бастаған қазақтар Созақтан көмекке шыққанын естіген орыс әскерлері бекініске жасаған шабуылды жандандыра бастайды. Дегенмен 120 сарбазы бар Сыздық көмекке келгенімен, оны есаул Савин бастаған казактардың жүздігі бекініске жақындатпайды. Ал Ташкенттен келе жатқан 600 қоқандық әскерлер болса, Түркістаннан 70 верст қашықта болды. Жалпы алғанда Түркістан түбінде орыс әскерлерінің 5 адам өліп, 24 адам жараланса, 9 адам есінен танып қалады. Бекініске зеңбіректен 1495, мылтықтардан 43,208 оқ атылған. Бекіністі қорғаған 1300 адамның 350-і сарт болса, қалғандары қазақтар болған. Сонымен қатар Түркістан үшін болған шайқаста бекінісіте 5 зеңбірек болса, орыс әскерлерінде 16 зеңбірегі болған. Бірақ, Түркістан қазақтары қолына қару алып, орыстарға қарсы жаппай көтеріліп, «ғазуат» соғысына шығып, туған жер үшін аянбай соғысады. Өйткені Түркістан қаласы жергілікті халықтар үшін де Ресей империясы үшін де маңызды бекініс болып саналатын. Қаланы қорғаушыларға Кенесарының ұлы Сыздық сұлтанға 120 адаммен көмекке келеді. Оның жасағында Созақ пен Шолақорған

қорғанының қазақтары болатын. Сондай-ақ қалаға Қарабура шатқалы жақтан Сарымсақ манаптың белсенді ұйымдастыруымен 400-ден аса адам жетсе, Түркістанның бегі Мырзадәулет те қажырлылық танытып, мұсылман жұртын қаланы қорғауға жұмылдырады. Бұхар әмірі де барлық мұсылмандардың қасиетті қаласы Түркістанды қорғандар деп үндеу таратады. Түркістанды шабуылдау кезінде көп шығынға ұшыраған орыс әскерлері жергілікті халықты қорқыту үшін мұсылмандардың Меккеден кейінгі екінші қасиетті мекені Қожа Ахмет Иассауи кесені зеңбіректермен атқылайды. Кесенеге 12 снаряд жіберіліп, оның 11-і М.А.Герентьевтің көрсетуінше «қасиеттілерді әлсіз етіп, тұрғындарды қобалжытқан ерсі қылық еді». Түркістан түбіндегі жеңіс орыс генералдарының басын айналдырып, оларды Шымкент қаласына жылдам шабуыл жасауға итермелейді. Қаланы қорғауда Сұлтансейіт хан мен молда Әлімқұл ерекше жігерлік көрсетіп, барлық уәлаяттарға бұйрық жіберіп, ислам туы астында күш біріктіруді талап етіп, қазақ пен қырғыз билеушілеріне үндеулер таратады. Хан бұйрығын естіген өңірдегі қазақтар мен қырғыздардан тұратын қарулы әскерлер мен батырлар қалаға топтасып келе бастайды. Әулиеата жақтан орыс әскерін бастап шыққан Черняев Арыс бойындағы Жақсысу деген жерге келіп тоқтаған соң, төңіректегі халықтың қоқандықтыр жағына шығып, өздеріне қарсы тұрғанын көрсе де 1864 жылы шілденің 7 күні еш дайындықсыз Шымкентке тіке шабуылға шығады. Алайда, орыс әскерлерінің Шымкентке жасаған шабуылдарының бәрі де сәтсіз аяқталады. Шымкентті қорғаған жергілікті қазақтар қоқандық қазақ қыпшақтарымен қоян-қолтық бірлесе отырып, әскери күш қуаты жағынан жоғары тұрған жау әскерімен шайқасқа түсіп, өз қаласын сақтап қалады. Қаланы қорғаушы қазақтардың ішінен сіргелі рулық бірлестігі мен құрама құрамындағы қазақтар ерекше көзге түскен. Сонымен қатар қазақтардың келесі бір қарсылық түрі орыстарға және олардың аттарына азық-түлік пен жем-шөп бермеу мақсатында ұрыс қимылдары болып жатқан жерден алысқа көшіп кетті. Яғни, Жөлек пен Қаратау жотасынан кеткен рулардың көп болғаны соншалықты «Түркістанның төңірегі мүлдем қаңырап бос қалды». Осыдан кейін Черняев полковник

Веревкиннен қосымша әскер жіберуді сұрайды. Веревкин көмекке капитан Мейер бастаған 400 адамдық 3 зеңбірегі, 2 ракеталық станогы бар әскерді Черняевқа аттандырады. Мейер бастаған әскердің көмекке келе жатқанын естіген Әлімқұл оның Черняевпен қосылуына жол бермеуге шешім қабылдап, Мейердің әскерін Шымкентке жақын Ақбұлақ деген мекенде 13 шілде күні күтіп алады. Ақбұлақ түбіндегі шайқас 14 шілде күні таңертең басталып екі күнге созылады. Оған қоқандықтармен бірге қазақтар да қатысып, қазақтарды Мыңбай, өзбектерді Мырзахмет басқарса, ал бүкіл қоқан әскеріне Әлімқұл қолбасшылық жасайды. Қоқандықтардың алғашқы шабуылын Мыңбайдың қарамағындағы қазақтар бастап, кейін оған Мырзадәулеттің ташкенттік қазақтары, соңынан Мырзахмет күшбегінің қолы қосылған. Оларды Марғилан, Қоқан, Әндіжан, Наманган қазақтары қолдаған.

Шайқастың басында Әлімқұл жауға қарсы жаяу әскерін жібереді. Алайда, орыстар олардың шабуылын тойтарғаннан кейін Әлімқұл зеңбіректерден оқ атуға бұйырады. Сол кезде орыстар зеңбірек оқтарынан қорғану үшін оқ тиіп өлген түйелер мен аттардың, тіпті өлген жауынгерлерінің өліктерін үйіп қойып бас сауғалайды. Талқандалу алдында тұрғанын түсінген Мейер 15 шілде күні Черняевтан көмекке әскер сұрап үлгіреді. Мейердің қиын жағдайда қалғанын естіген Черняев оған старшина Катанаев бастаған 2 зеңбірегі бар 125 әскерді аттандырады. Көмекке ұмтылған Катанаевтың әскері де Бөріжар өзенінің бойында қоршауда қалады. Дегенмен, Черняев Катанаевтың әскерін зеңбіректердің күшімен құтқарады. Ал, Мейер бастаған әскердің қалдығын подполковник Лерхенің әскері аман алып қалады. Бұл сәтсіздіктер және қазақтардың елеулі қарсылығын кездестірген орыстар қоршауды тоқтатып, келіссөз жүргізуге мәжбүр болып, Черняев «Әлімқұлға бүкіл Түркістан уәлаятын түгел қайтарып беруге уәде етіп, өз қосындарына қайтып кетеді». Орыс әскерлері Шымкенттің түбінен қайтқан соң, Сұлтансейіт хан мен Әлімқұл бастаған қоқандықтар мен қазақтар және өздерінің жеңісін аспанға зеңбіректен оқ атып, сырнайлатып атап өткеннен кейін, Әлімқұл 2 мың әскерді Ташкент пен Шымкенттің қорғанысын қайта қалпына келтіруге қалдырады.



да, өзі Қоқанға қайтады. Шымкент түбінде жеңіске жеткен Қоқан ханы Сұлтансейіт шайқаста ерекше белсенділігімен көзге түскен әскербасылардың лауазымдарын көтереді. Мәселен, Мырзахметке паруанашы лауазымын берсе, ал Сыздық Кенесарыұлын пансаттықтан көтеріп, шайқас кезінде қаза тапқан Мыңбай датқаның орнына мыңбасы етіп тағайындайды. Сонымен қатар, Шымкентті қорғауда Сыздық төремен қатарласып ержүректілік танытқан Жалайыр Бекбау датқа, Арыстанбек төре Күшікұлы және тағы басқа да қазақтарға мол сыйлықтар таратады. Шымкенттен Әулиеатаға қайтқан Черняев, қоқандықтарға жәрдем беріп, орыс пошталарын талқандаумен айналысқан Ұлы жүздің руларын «тәртіпке» салу және өзіне қажетті мәлімет жинау мақсатында Арыстың оң жағалауын бойлай жоғары қарай жүреді. 1864 жылдың күзіне қарай Черняев Әулиеатаға жеткен кезде оған Қоқан хандығында өзара тайталастар қайтадан басталғанын және Қоқан хандығының белгілі бір бөлігінен дәметкен Бұқар хандығы Ресей империясынан келіп тұрған қауіпке қарамастан Ферғана аңғарына басып кіргенін естіген Әлімқұлдың бұхаралықтар шабуылын тойтаруды ойлап, Шымкентті қорғауды Ташкенттің беклербегі Мырзахмет пен парванашы Нұрмұхамедке тапсырып, өзі қыпшақтарды алып, Ташкентке қарай бағыт алғаны туралы мәлімет жетеді. Сол кезде ол Әлімқұлдың жоқтығын пайдаланып, қоқандықтармен жасалған келісімді опасыздықпен бұзады және өз қимылдарын Петербургпен, тіпті Омбы немесе Орынбор әкімшілігінің келісімін алмастан подполковник Лерхеге өзіне бағынышты төрт рота жаяу әскер, казактардың жүздігімен Шымкентке аттануға бұйрық береді де, өзі Түркістаннан алты жарым рота жаяу әскер мен жүз елу казакты алып сол бағытқа қарай жылжиды. 19 қыркүйекте екі бағыттан келген орыстың әскерлері Шымкентке жақын жерде кездесіп, бір топқа бірігеді. Шымкентке жасаған алғашқы шабуылы сәтсіз аяқталып, одан үлкен сабақ алған Черняев алда болатын қаланы алуда мұқият дайындық жұмыстарын жүргізеді. Шешуші шайқасқа шықпас бұрын ол Шымкенттің қарсы алдындағы Тассай деген шағын бекіністі басып алады да, оған батареяларды орнатып, 20 қыркүйекте таң ата Шымкентті зенбіреппен атқылауға көшеді.

Орыстардың жоспарын біліп қойған қорғанушылар оларға қарсы зеңбіректің оғымен жауап береді. 22 қыркүйекте Черняев әскерін үш қанаттан шабуылға шығарады да, Шымкентке басып кіреді. Шымкентті қорғау кезінде қоқандықтар жағынан 3170-тен аса адам қазаға ұшырайды. Алдыңғы шайқаста олардан естен кетпес соққы алған орыс әскерлері қала халқына қатыгез зорлық-зомбылық көрсетіп, аяусыз тонады, әсіресе, әйелдер мен балаларды қырып жойды, оларға оқты шығындамас үшін тұншықтырып, я болмаса бауыздап өлтіреді. Шымкентті ойрандаған Черняев әскері шайқас кезінде орыс әскерлеріне жем-шөппен түйе беруден бас тартқаны үшін Сайрам қаласындағы қазақтарды да қырғынға ұшырату үшін бас салады. Орыс әскерлерінің шығынын азайтуды ойлаған Черняев шабуыл кезінде аманат ретінде жорыққа алынған Сұраншы батыр, Сарыбай би, Жайнақ би секілді қазақтар мен қырғыздарды алдыңғы қатарға жібереді. Шабуылға шыққан қазақтардың көпшілігі оққа ұшады немесе ауыр жараланады. Қаза тапқан қазақтардың ішінде Сұраншы батыр болса, Сарыбай би сияқты көптеген қазақтар ауыр жараланады. Екі сағаттық артиллериялық атқылаудан кейін басып алынған қала талқандалып, тұрғындардың 50-і қаза болып, үшеуі жарақаттанған. Осылайша Шымкентке көмек бермек болған Сайрам қазақтары да жазаланды. Қоқандықтарды қулықпен алдап-соғып, өз мақсатына жеткен Черняев Бұхар мен Қоқан арасындағы қайшылықтардың шиеленісуін пайдалана отырып, 1864 жылы 1 қазанда Ташкентке шабуыл жасайды да, ауыр шығынға ұшырап Шымкентке қайтады. Черняевтың Ташкентке жасаған екінші жорығы 1865 жылы көктемде басталады. Әлімқұл молда қаланы қорғау кезінде ауыр жараланып, қаза табады да, қаланы қорғау басшылығын Сыздық сұлтан алады. Дегенмен, қала қорғаушыларының жаңқиярлық ерлігіне карамастан, үш күндік шайқастан кейін, орыстар 1865 жылдың мамырында Ташкент қаласын алып, оны Ресей империясына қосады. Сол жылы жасалған бейбіт келісімге сәйкес, Қоқан ханы өз иелігінің біраз бөлігін, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанды Ресей империясының иелігіне береді. Генерал Черняев пен полковник Веревкиннің сәті түскен әскери жорықтары қазақ даласын Ресейге қосып алуды аяқтап, Орынбор мен

Сырдария шептері қосылды. Шымкент пен Ташкенттің басып алынуы Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси жағдайды түп тамырымен өзгертіп, Ресей империясының пайдасына шешеді.

2. Патша өкіметі әскери күш қолдану арқылы Оңтүстік Қазақстанға толығымен өздерінің билігін орнатады. Бірақ Орталық Азия халықтарының тәуелсіздік үшін күресі тоқтамай, қазақтардың Оңтүстік өңіріне де өз ықпалын тигізіп отырды. Қазақтар енді өзге бауырлас, діндес халықтардың көмегімен қайта өз жерлеріне ие болуға талпынды. Әсіресе 1864 жылы күзде болған Шығыс Түркістандағы дүнгендер мен қырғыздардың азаттық қозғалысы Оңтүстік Қазақстанға, соның ішінде Жетісу өлкесіне ерекше әсер етті. Әсіресе Жақыпбектің әскері 1865 жылы қаңтарда Қоқаннан Қашғарға келіп жетіп, Қашғардың билеушісіне айналғаннан кейін Шығыс Түркістандағы саяси оқиғаларға Жетісудың қазақтары мен қырғыздары белсене араласады. Мысалы, 1865 жылы Текестегі қалмақтар қытайлықтарға көмектескендіктері үшін қазақ, қырғыздың араласуымен көтерілісшілер тарапынан талқандалып, әрі тоналып, 2000-ға жуық түтін орыс үкіметінен жәрдем сұрап, пана іздейді. Қалмақтардан бос қалған жерлерге 1864-1865 жылдары орыс билігіне мойынсынудан қашып, көтерілісшілер жағына өткен жетісулық Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар иеленеді. Ұйғырлар мен дүнген және тағы басқа да мұсылман халықтарының қытай билігіне қарсы көтерілісі бүкіл Шығыс Түркістанға жайылуы және оған Жетісудың қазақтары мен қырғыздарының қатысуы Ресей билігі үшін қауіпті сипат ала бастады. Өйткені, Шығыс Түркістандағы көтерілістің аяғы мұсылмандардың мемлекетінің құрылуына алып келсе, онда Жетісудың қазақтары мен қырғыздарына дем беріп, көтерілістің ошағы Жетісуға ауысуы мүмкін еді. Жалпы Шығыс Түркістандағы саяси жағдай және Ресей үшін қай деңгейде қауіп әкелетінін орыс билігі үшін көп уақытқа дейін жұмбақ болып келді. Сонымен қатар Қашқариядағы Қытай әскерлерінің күш-қуаты патша өкіметі үшін белгісіз еді. Сондықтан кез-келген жағдайға дайын болу үшін патша әкімшілігі XIX ғасырдың 50 жылдарының аяғында-ақ Шығыс Түркістанға барлау экспедициясын жіберуге шешім қабылдайды. Қашқарда бірнеше жыл бойы тұрақты үкімет бол-

мағандықтан, халық арасында тәртіпсіздік әбден асқынып кеткендіктен және мұсылман емес қытайлықтар мен орыстарға қарсы наразылық күшейгендіктен, патша әкімшілігі экспедицияның басына Ш.Уәлихановты тағайындайды. 1858-1859 жылдары Қашқарияға жасаған саяхатынан кейін Ш.Уәлиханов орыс әкімшілігіне құнды мәліметтер алып келіп, қазақтар мен қырғыздардың дұнғандарға ат және жігіт беріп көмектесіп жатқанын айта келіп, Жетен батыр, Дүрәлі сұлтан, Кезеңқара және қырғыздың бұғылары көтерілісшілерді қолдап жатқанын көрсетеді. Ш.Уәлихановтың мәліметіне сүйенген патша әкімшілігі қазақ пен қырғыз руларының шығыс Түркістанға өтуіне бөгет болуды ойлап, Қытаймен арадағы жерлерге әскери бөлімдері мен соғыс техникаларын әкеліп, күшейте бастайды. Шығыс Түркістандағы көтерілістер және Қытайдың халықаралық қатынастардағы қиын жағдайы патша өкіметін арадағы шекараны белгілеуге итермелейді. Жоғарыдағы қиыншылықтарды пайдаланған патша өкіметі шекараны анықтау мақсатында Қытаймен келіссөз жүргізеді. Келіссөз кезінде қытайлықтар орыстардан Қаратал өзеніне дейінгі жерлерді Қытай империясының иелігіне беруді талап етіп, Зайсаннан бастап Ыстықкөлге дейінгі аралықтағы бұрынғы шекара пикеттерін аралауға әскерін шығарып, шекара белгілерін қоя бастайды. Қытайлықтардың бұл әрекетіне тосқауыл қою үшін орыс әкімшілігі штабс-капитан Блюменталь бастаған казактарды жібереді. Орыс әскерінің құрамында Тезек сұлтан бастаған қазақтар да болады. Құрамында 800 қытай, 300 қалмақ және албандардың Саурық биі бастаған 200 қазағы бар қытай әскері Қарқара өзенінің бойында орыс әскерін қоршап алады. Бірақ генштаб капитаны Проценко бастаған әскердің көмекке уақытында келуі орыстарды толық талқандалудан аман алып қалып, қытайлықтарды өз иелігіне қарай шегінуге мәжбүр етеді. Бұл жерде атап көрсететін мәселе, қытайлықтар мен орыстар албан қазақтарын өз мүддесіне пайдалануға тырысты. Қытай жағы Саурық биді өздерімен бірге алып жүріп, Тезек сұлтанды орыстардан босатып алғысы келді. Себебі қытайлықтар осы екеуі арқылы албандарды орыс билігіне қарсы көтеруді көздесе, ал орыстар албандықтардың қытайды қолдап кету қаупі болғандықтан Тезекті және тағы басқа ру басшыларын аманат ретінде

алып жүрді. Ресей-қытай империяларының шекараны анықтаудағы шиеленісі қазақ жерін бөлісудегі өз үлестерін молынан алып қалу жолындағы күрестен туындады. Шекарада болған қақтығысудан кейін 1862 жылы 17 шілдеде Шәуешек қаласында келіссөз қайтадан жалғасады. Келіссөзге орыстар жағынан өкілетті комиссар болып Омбыдағы корпус штабының обер-квартирмейстер полковник И.Ф.Бабков, екінші комиссар-астроном капитан А.Ф.Голубков және Азия департаментінің шенеунігі К.В.Струве қатысса, қытай жағынан Улясаут әмбасы Мин И., Тарбағатай әмбасы Мин Сюй және оның көмекшісі Хюбцисян, бригада командирі Болю Су қатысады. Келіссөз кезінде Қытай жағы орыстардың қойған талабына көңілі толмай, шекара шартына қол қоюдан бас тартады. Олар Ресейдің билігіндегі қазақтарға қарсы шығып, біздің билігімізге қарай өтіндер деген үндеулер таратады. Сондай-ақ, Түрген бойына және Аяққарауыл пикетіне өз әскерлерін жинай бастайды. Бірақ бұл уақытта орыстар да өз әскерлерін шекара бойына топтастырып үлгерген болатын. Өздерінің әскери күшіне сенген патша әкімшілігі 1863 жылы 29 мамырда екінші комиссар капитан Голубковты қытайлықтарға қарсы арандатушылық әрекеттер жасау үшін Құсмұрын бөлімшесіне жібереді. Ол Айдарлықұмда тұрған Вардугиннің әскеріне қытайлықтардың Борохудзир пикетіне қарай жүруге бұйрық береді. Орыстар шабуылға шықты деп ойлаған қытайлықтар оларға қарсы оқ атады. Нәтижесінде орыстардың 4 адамы өліп, 5-і ауыр жараланады, 1-і жеңіл жарақат алады. Қытайлықтардың бірінші болып оқ атқанын пайдаланған орыстар Жетісудағы барлық әскерін шекараға қарай жөнелтеді. Шілде айының аяғында Жетісудағы орыс әскерлерінің мол күшін бастап Алатау округының бастығы генерал-майор Колпаковский келеді. Осындай мол күшпен келген генерал Колпаковскийдің әскерін көрген қытайлықтар, қайтадан үзіліп қалған келіссөзді жалғастыруға мәжбүр болып, 1864 жылы Қытайдың Шәуешек қаласында орыс-қытай келіссөзі қайта басталды. Еш амалы қалмаған Қытай үкіметі 1864 жылы 25 қыркүйекте Ресей жағынан И.Ф.Бабков пен И.И.Захаров және қытайдан Мин И., Си Лин мен Болюсу өкілдері қатысқан келіссөзде Ресей-қытай шекарасына байланысты Шәуешек келісіміне

қол қояды. Отарлаушы екі империя қазақ жерін бөлісу кезінде жергілікті халықтың жағдайын мүлдем ескермеді. Қазақ руларының көптеген жайылымдары басқа мемлекеттің иелігінде қалып қойды немес туысқан рулар екіге бөлініп кетті. Ресей-қытай шекарасы бектілгеннен кейін сол маңда көшіп жүрген қазақтарға қай мемлекеттің иелігіне өту жөнінде бір жыл уақыт белгіленеді. Алайда патша әкімшілігі қазақтардың Қытайға қарай өтуіне мүлдем қарсы болды. Өйткені шекара маңындағы қазақтар жаппай Қытайға қарай көшетін болса, онда олар Шығыс Түркістандағы мұсылман көтерілісшілеріне қосылып, қолдарына қару тигеннен кейін, туған жеріндегі орыс билігін құлату үшін қайтып келуі мүмкін еді. Осы жағдайдан қауіптенген орыс әкімшілігі Қытайға көшкен қазақтарға кедергі болуға тырысты. Орыс әкімшілігінің жүргізіп отырған саясатының «дұрыстығын» Қытайдан келіп жатқан барлау мәліметтері растап отырды. Сондай бір мәліметте, албандардың дүнгендер жағына шыға бастағаны жөнінде айтылады: «Албан қазақтарының басым көпшілігі көтерілісшілерді қолдауда және олардың көбісі дүнгендермен байланысқа түсуде. Ал біразы соларға қарай қашып кетпекші екенін мәлімдеймін». Осындай келіп түскен мәліметтерден кейін патша әкімшілігі Қытаймен арадағы шекарада орналасқан әскерін күшейтіп, мұсылман көтерілісшілерінің қазақтарға ықпалын болдырмау үшін, өз әскерлерін шекараға жинай бастады. Бірақ орыс әкімшілігінің бұл іс-шараларына қарамастан, шекара маңындағы қазақтар көтерілісшілерге қосылу үшін шекарадан асып кетіп отырған. Мысалы, 1863 жылы албандарға жататын қоңыр бөрік және сегіз сары руларының 2 мың үйі Қытайдың Іле өлкесіне өткен. Көтерілісшілерге қосылған Ұлы жүз қазақтарының рулары Қытайға қарсы соғыстарға қатысып, шекарадағы орыс әскерлеріне шабуыл жасап тұрған. Л.Костенконың жазып көрсеткеніндей: «албандар дүнгендер мен тараншылардың қытайлықтарды қырып-жоюына белсене қатысады. 1866 жылы олар Тараншылар сұлтанына бағынып, көтерілісшілердің арасында үлкен күшке айналып, Ұзын тау қыратының оңтүстік бөлігінде мекендеді. Сондай-ақ олар шекарадағы тірек орындарымыздағы орыс әскерлеріне маза бермей, шабуыл жасаумен болды». 1865-1866 жылдары орыс әкім-

шілігінің 1866 жылғы ресми мәліметіне қарағанда, Алатау округынен 841 түтін Қытайға өткен. Олардың арасында албанның Саурық, Малабай, Жетен (500 түтінмен өткен) сияқты батырлары, Есбер (Испир), Қасаболат, Әліке биі, суанның Өстемір биі, Тезек төренің бауыры Дүрәлі сұлтан, қырғыздың бұғы руының Сабатар молдасы болған. Құлжаға қарай өткендердің жалпы саны 5500-дей түтінді, 22340 адамды құраған. Тезек төре 1865 жылы Алатау округының бастығына бірнеше рет қайрылып, қазақтардың Қытайға өтіп кетуін тоқтату үшін Алтынемелге әскер жіберуді өтінген болатын. Ол Дүрәлі сұлтан мен Жетен батыр бастаған албанның 3000 түтіні Қытайға көшіп кеткенін және мұнда қалған ауылдарды да өздеріне қосылуға шақырып жатқанын айтқан. Қырғыздың бұғы руының манаптары да 1865 жылы 1500 адамнан тұратын жасақпен көтерілісшілер жағына шығуға уәде бергенмен, бұған жол бермеу үшін Текеске подпоручик Никольский бастаған орыс әскері келіп, бұғылардың билеушілерін райынан қайтарады және қалмақтарды тонауға тиым салады. Шекаралық орыс әскерлеріне қырғыз пен қазақруларының Шығыс Түркістанға көшуіне жол бермеуге бұйрық беріледі. Бұған қарамастан албанның Саурық батыр және Дүрәлі сұлтан, бұғының Балбай манабы бастаған қазақ-қырғыз қолы дұнғандардың көтерілісіне қатысуды жалғастыра береді. Қырғыздың атақты Балбай батыры Тезек төре сияқты Ресейге қызметі үшін бірнеше сый-сияпаттар алғанымен, Ыстықкөлге орыс әскерінің тұрақтанып қалуына қарсы болып, 30 шақты түтінмен, албан Саурық батыр ауылы қонған Алтынсу тауларына келіп қонады. Балбай бастаған қырғыз, Саурық, Дүрәлі бастаған қазақ ауылдары шекараға іргелес қоныстанған басқа да қазақ, қырғызға үлгі-өнеге болмасын деп, орыс әкімшілігі оларды қалайда ұстап алып, жазалауды көздеді. Алайда патша өкіметінің тосқауылдарына қарамастан, Саурық, Дүрәлі және Балбайдың қарамағындағы халық та қашқындар есебінен күннен күнге көбейе түсті. 1867 жылы мамырда Текеске аттандырылған полковник Полторацкий бұғы манабы Сарпектің баласы Күшіктің (Кучку) жігіттерін де өз отрядына жол көрсету үшін қосып алады. Полторацкийдің бұйырыуымен есаул Халдеевтің отряды түнде келіп, Саурық пен

Балбайдың ауылын қапылыста қоршап алып, Саурық пен Балбайды тұтқындайды. Полторацкий қазақ, қырғыз ауылдарын қайта бұрынғы қоныстанған жерлеріне күшпен қайтарып, Саурық, Балбай, Сабатыр молда, Молдажан және Дүрәліні Верныйға әкеліп, түрмеге отырғызады. Қазақ, қырғыздың орыс бодандығына мойынсынбаған өзге билеушілеріне сабақ болуын көздеп, Жетісу облыстық әскери губернаторы Колпаковский оларды қатаң жазалауды ойластырады. Колпаковский Саурық пен Балбайды дала соты бойынша сұраусыз атып тастауды, ал Дүрәліні итжеккенге айдатып жіберуді ұсынады. Кейін Балбай батыр Верный түрмесінде 76 жасында у беріліп өлтіріледі. 1865 жылдың қарашасының аяғында қалмақтарды шекарадан қабылдап, Верныйға дейін жеткізу үшін Алтынемелге орыс әскері жіберіледі. Тезек төреден дүнгендер Құлжаны алған соң, Жетісуға шабуылдамақшы деген хабар алған соң, Семей облысы әскерлерінің қолбасшысы Қоғалы, Алтынемел, Көксу бекеттеріне және Іле бекінісіне әскерлер орналастыруға бұйырады. Осы бұйрыққа орай сауда керуендері мен орыстар жақтағы қазақтарды жиі шабуылдаған байжігіт руының Төлеген батыры бастаған 100 жігітті ұстауға 25 казак және әр рудан құралған 240 казактан құралған әскер Базар өзені бойын күзетуге қойылады.

Шығыс Түркістандағы көтерілістерді қазақ, қырғыздардың қолдауын болдырмау мақсатында 1866 жылы 10 мамырда Алатау округы бастығынан Семейден Тезек төре мен Ұлы жүздің өзге сұлтандарын және бір топ қырғыз манаптарын Верныйға шақыртып, ауылдарына жібермей ұстап тұруға бұйрық беріледі. Өйткені, Семейден Верныйға арнайы келе жатқан орыс әскерлерінің қолбасшысы қазақ, қырғыз билеушілеріне Шығыс Түркістандағы оқиғаларға бейтараптық танытуды қатаң ескертуді көздеген болатын. Осындай қатаң ескертулерге карамастан 1867 жылы 4 мамырда ыстықкөлдік бұғылар және Тоқмақ уезінің манабы Төрегелді Жақыпбекке сыйға арғымақтар даярлайды. Борохудзир әскерінің бастығының 1868 жылғы 10 мамырдағы мәлімдемесінде Жақыпбектің де Қапал, Верный уезі қазақтарына, соның ішінде Тезек төреге де үндеухат жолдап, орыстарға қарсы бас көтеруге және қазақтарды Көксу, Қарабұлақ сияқты орыстар қоныстанған елді-мекендерге мау-



сым айында шабуыл жасауға шақырғаны айтылады. Тезек төренің Іленің сол жағалауына өткен қоңырбөрік, суан рулары арасында Жақыпбектің осы үндеухатына орай жүргізген насихаты аталмыш руларға қатты әсер еткен. Қырғыздар арасында үгіт жұмыстарын Жаңғараштың ұлы Төле манап жүргізген. Ол 1865 жылы орыс бодандығын мойындамай, көшіп кеткен болатын. Төле манап Тоқмақ уезі Талқан болысындағы туыстарын және ықпалды қырғыз, қазақтарды аралап, елді Қашғарға көшуге, Жақыпбекті қолдауға шақырады. Жақыпбектің үндеухаттарын Тезек төре сияқты Үмбетәлі манап және оның туыстары да алып тұрған. Жақыпбекпен достық қарым-қатынаста болды деген қазақ, қырғыз билеушілерінің, батырлары мен билерінің көпшілігі тұтқынға алынып, түрмеге жабылып, орыс әкімшілігі тарапынан Тезек төре мен Ғазы Болатұлы Уәлихановты және қырғыздың Тілекмет, Нұрдәулет, Мұратәлі және Шоңғараш сияқты манаптарын құпия аңдуға алу басталады. Оның аяғы Тезек төре мен Ғазы Уәлихановтың 1868 жылы Қапал түрмесіне жабылуына, ал Тілекмет, Нұрдәулет манаптар бастаған 6 қырғыз билеушісінің Верный түрмесіне қамалуына әкеліп соқтырды. Тезек төре мен Ғ.Уәлиханов Қапал түрмесінде 6 ай ұсталды. 1868 жылдың басында саяқ руының манабы Оспан Тайлақов жаңа әкімшілік басқару жүйесіне қарсы шығып, қырғыз ауылдарында болыстық басқарма құрмақшы болған майор Загряжскийге шабуыл жасап, тұтқынға алуға ұмтылады. Өйткені, оның ұлы Мамырханды Загряжский ұстап алып, кепілдікке Верныйға аттандырған болатын. Оспан да ақыры Жақыпбекке барып паналайды. Қазақ пен қырғыздың Жетішар мемлекетіне тартылуының бір себебі, Жақыпбектің Түркияны, түрік сұлтанын қадірлеп, арқа сүйеуі еді. Қашғар теңгелерінде түрік сұлтаны Абдул Азиздің аты жазылып, Жетішарда Түркияның жалауының желбіреуі де түрік-мұсылман халықтарының Жақыпбек мемлекетіне деген қолдауын күшейтті. 1868 жылы Ресей бодандығындағы қырғыз, қазақтар қоныс тепкен Қашқармен шекаралас Атбасы, Нарын, Тоғызторау аңғары және Ақсай, Арпа, Қарақұжыр, Сонкөл, Шатыркөл сияқты жайылымдарды және Жетісудағы т.б. жерлерді қосып алуға деген ұмтылысы Жетісу өлкесіндегі қазақ пен қырғыздардың

толқуын тудырды. Қырғыздың сарыбағыш руының манабы Әділ бұғы манабы Балбаймен және солто руының манабы Маймылмен келіссөздер жүргізіп, үш руды, сарыбағыш, сольто, бұғыны орыс отаршылдарына қарсы көтеруге шақырады, бұл кеңеске Шабдан мен Марал да қосылады. Олар жеңіле қалған күнде Қашғардағы Жақыпбекпен бірігіп кетуге уәделеседі. Алайда Әділдің жігіттерінің бірі – Семетай бұл жөнінде патша өкіметінің шенеуніктеріне жеткізгендіктен, көтеріліс іс жүзіне аспай қалған. Әділ манап 1875 жылы Алматы түрмесіне жабылып, Балбай батыр сияқты у беріліп өлтірілсе, Маймылды киізге орап Әулиеатадағы ноғай мешіті алдындағы дар ағашына байлап, оны орыстар мылтықпен атып өлтіреді. Сонда бар жоғы 36 жастағы Маймылдың өкпе-бауыры дар ағашына жабысып қалған екен. Сонымен қатар, Қытайға көшуге әрекеттенді, сөйтіп, мемлекетке сатқындық жасамақшы деген жаламен патша әкімшілігі албанның қызылбөрік руының Байдана, Қашаған, Айдар және Дәркембай сияқты бірнеше биін Семейдегі түрмеге қамайды. Куропаткиннің көрсетуінше, Жақыпбектің әскерінің басым бөлігін қазақтар мен қырғыздар құраған. Жақыпбек қазақтарға Ақмешіт бегі болған кезден-ақ таныс болатын. Ал қырғыздар оны қыпшақтың торайғыр руынан деп те білген. Ұлы жүздің қазағы Алдыраж датқа Жақыпбек Ақмешітте бек болып тұрған кезде онымен бірге қызметтес болып, бірге жүреді. Кейін Жақыпбек Қашғарға келгенде де Алдыраж датқа оның қызметіне кірген. Жақыпбек мемлекетінің дипломатиялық жұмыстары бөлімін орыс тілін жақсы білетін семейлік қазақ Мірқасым атқарады. 1869 жылы қыркүйекте Тезек төренің ауылында Алтынемел болысының барлық кісілері жиналып, олардың бәрі Қытайға болыс болып көшіп кетуге келіседі. Жиынға қатысқандардың арасында Тезек төренің ұлы және старшина Байжан Мекебаев, Сатыбалды Қалқанбаев, Шәріп Саурықов пен Исмаил Медетмолдаев, Байназар Ноғаев, Түлен Сырноев сияқты билер болады. 1869 жылы 3 қазанда аталған кісілердің бәрі тұтқындалып, тергеуге алынады. Қапал уездік бастығы старшиналарды Уақытша Ережеге сәйкес әкімшілік басқаруға бағынуды талап етті. 1869 жылы 20 қазанда, Алтынемел болысының басқарушысы Бейсенбінің айтуынша, Тезек төренің ауылында ас болып,

сонда Тезек төре әр болыстан жиналғандарды Қытайға өтіп кетуге үгіттеген. Патша өкіметінің отарлау саясатына наразы полковник Тезек төре ақыры Іле өлкесіне 200 түтін қазақты алып, көшіп кетеді. Өмірінің соңына қарай орыс әкімшілігінің қатты қысымына ұшыраған Тезек төре 1879 жылы көз жұмады. Тезек төре сияқты қырғыздың да бас адамдары қудалауға ұшырап, қарсылық көрсетіп жатты. 1871 жылы сәуірде қазақ-қырғызға танымал Тазабек Пұсырманов та 1000 түтіннен тұратын ауылымен Қытай асып кетті. Тазабек Пұсырманов Ұлы жүздің албан руының ықпалды да беделді билерінің бірі болған. Патша өкіметі қазақ қана емес, қырғыздар арасында да беделді, әрі танымал Тазабекті өз жағына тарту үшін және Үмбетәлі манап пен Тезек төре сияқты қазақ, қырғыз билеушілеріне қарсы пайдалануды көздеп әскери шен де берді, сый-сияпаттар да көрсетті. Бірақ, Тазабек батыр оңайлықпен илікпеді, сондықтан орыс отаршыл билік орындарының қуғын-сүргініне ұшырады. 1871 жылы болыстыққа сайлауға түсіп, орыс әкімшілігі Құлжаға көшіп барғаны үшін оның кандидатурасын өткізбей тастайды. Оның үстіне қалмақтарды өлтіргендерді ұстап бермей, құтқарып қалды деп айыпталып, қуғынға ұшйрайды. 1871 жылы 18 сәуірде есаул Герасимов 32 казак және 1 урядникпен, 100 казактан тұратын отрядты бастап, Ақтоғай өзені маңында, Құлықтаудың (Кулуктау) етегіндегі Мойнақ деген жерде орналасқан Тазабек ауылына жақындап келіп, Тазабектің отрядқа өз еркімен келуін талап етеді. Тазабек батыр жігіттерімен атқа қонып, орыс отрядына қарсы шабуылға шығады. Алғашқы кездесуде Тазабек батырдың жігіттері басым түседі. Таң атқаннан кейін Тазабек ауылы теңдері мен малдарын тастап, Құлжаға қарай қашады. Тазабекпен бірге Шонжа және Темір-Құтылық болыстарының 1000-нан аса түтіні кетеді. Тазабек бастаған казактардың жолын тосып, жібермеу үшін солтүстік жақтан хорунжий Копцов отряды жіберіледі. Тазабекке Құлжа сұлтанының 200 адамдық қолы көмекке келеді. Құлжа сұлтаны Әлихан Тазабекті Тоғызторауға, қырғыздар арасына орналасырған болатын. Осчидан кейін Жетісу әскери губернаторы Құлжа сұлтанынан 7 күннің ішінде, яғни, 7 мамырға дейін Тазабекті ұстап қайтаруды талап етеді, қайтармаса, соғыс аша-

тынын мәлімдейді. Бірақ, орыс талабын орындаудан бас тартқан Құлжа сұлтаны оны бермей қояды. Тезек төре мен Тазабектің қазақтарын қайтар деген талабына теріс жауап алған Г.А.Колпаковский зеңбіректерімен 3 отрядты алып, Құлжаға аттанады. 1871 жылы 22 маусымда Г.А.Колпаковский Әлиханның қолынан Құлжа қақпасының кілтін алады. Іле өлкесінің орыстар қолына өткенін естіген қазақ пен қырғыздар Қашқардағы Жақыпбекке кету мақсатымен оңтүстікке қарай қашты. Орыс офицері оларды әрең қуып жетіп тоқтатып, бұрынғы жерлеріне қайтарып әкеледі. Олардың қарсылығын басу үшін, тіпті, бұрынғы болыс басқарушыларын да өзгертпеуге уәде етеді. Әлихан Тазабек пен оның серіктерін орыстардың қолына беруге мәжбүр болады. Дала сотына кесілген Тазабек Пұсырманұлы түрмеде, 1872 жылы наурызда тергеу ісі бітпей жатып, қаза табады. Батырды түрмеде у беріп өлтіргенімен қоймай, билік орындары оның сүйегін алу үшін туыстарынан 2000 жылқы беруді талап еткен екен. Ал Тазабек батырмен бірге Қытайға кетіп, бірге қолға түскен Шалтабай Алпарұлы 10 жылға Сібірге айдалады. Қазақ, қырғыз ауылдарын тастап, Құлжаға өтіп кеткен Шалтабай батырдың ағасы Саурық Алпарұлын орыстар 1871 жылы Қытайдың Суасу деген жерінде қырғыз батырымен бірге қолға түсіріп, атып өлтіреді. Қазақ пен қырғыздың Жақыпбек мемлекеті арқылы отарлық күйден арылып, егемендікке қол жеткізсек деген үміті ақталмады. Бірақ, қазақ пен қырғыздар әлі де тәуелсіздікті қалпына келтірсек деген үміттерін жоғалтпайды. Патша өкіметінің отарлау саясатының нәтижесінде 80-90 жылдардағы стихиялы халықтық толқулардың соңы Ферғанадағы 1898 жылғы көтеріліске ұласты. Ол тарихи әдебиетте «Әндіжан көтерілісі» деп те аталады. Көтеріліс басында танымал суфилік шейх Дукчи Ишан тұрды. Қоқанның соңғы жылдарындағы тарихы мемлекеттің саяси істеріне суфилік ишандардың белсенді түрде араласқандығымен сипатталады. Әндіжан көтерілісі патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Көтеріліс жалыны тек Әндіжанды ғана емес, бүкіл Ферғана облысын шарпыды. Көтерілісшілердің саны аз уақыттың ішінде 2000-нан асты. Олардың батыл қимыл-әрекеттері туралы ақпараттар тез тарап, көтерілістің дүмпуі

Жетісу облысындағы қазақ пен қырғыздарға да жетіп, жергілікті халықтың толқуын тудырмай қоймады. Ферғана облысындағы Ош уезіне қарасты қырғыз ауылдарының көтерілісшілерін Омарбек Әлімұлы (Алымуулу, Алимов) басқарып, Кетментөбедегі қырғыз көтерілісшілерінің басында 70 жастағы Шадыбек Шерғазыұлы тұрды. Бірақ көтеріліс күшпен басылып, жетекшілері Намангандағы түрмелерге отырғызылды. Алайда көтеріліске шақырушылар Жетісу облысына да жетіп үлгірді. Пішпек уезінің қырғыз пен қазақтарына Әндіжан оқиғасын, мыңтөбелік иманның орыс солдаттарына шабуылы жөнінде осында келген иманның көмекшісі, халфе Марқұл сопы айтқан. Оны халық жылы қарсы алған. Сусамыр болысының биі Шолақ Құрманқожаұлының ауылы оған ақбоз атты тартулап, құрметтеп шығарып салған. Бұл хабарды естіген патша жандаралдары Шолақ Құрманқожаұлы Әндіжанмен тұрақты байланыста болды, онымен бірге Токболат Алыбаев, Райымбек Қалчин және басқалар ғазуатқа қатысты деген айыппен түрмеге жабылады. Пржевальск уезінің Күнгеі – Ақсу болысының бір топ қырғыздары 1898 жылы болыс жиынына келіп, өздерінің уезд бастығы түгіл, патшаның өзіне де бағынбайтынын және Сазоновка селосындағыларды қырып, Әндіжандағыдай көтеріліс жасайтындықтарын мәлімдейді. Орыс шаруалары мұны естіп, қатты қобалжиды да, дереу 15 адамдық түнгі күзет қояды. Пішпек уезінің Георгиевка селосының шаруалары да Қалғұты болысының Бошық деген қазақ орыс шаруаларына бүлік шығару туралы келісім имамның қатысуымен болған жиында жасалғанын айтқан. Верный қаласындағы Каменск мешітінің молдасы Абдулла Абдығапаров та 19 маусымда мешітке жиналғандарға отаршыл басқару жүйесіне қарсы тұруға, балаларды орысша мектепке бермеуге, орыс үкіметіне қызмет етпеуге, ондай қызметкерлерді өзін мұсылманмын деп есептейтіндер жек көріп, олармен алысберіс жасамауға үгіттейді. Тура осындай үгіт-насихатты Әулиеата уезі қазақ, қырғыздарының арасында самарқандық молда Тұрат Даубаев, черкестік молда Малдиханов, ишан Әбдіжалил Тұрдықұлов жүргізген. Сырдария облыстық әскери губернаторы 1899 жылы 6 сәуірде Әндіжан көтерілісінен кейін ишан, молда және басқа діни адамдардың қазақ, қырғыз арасын-

да беделінің аса жоғары өскенін, намазға жығылып, ораза тұтушылар да көбейіп кеткенін, мұның бәрі Әндіжан, Наманган уезінен келетін мұсылман дін өкілдерінің орыс қоныстанушыларына деген қызғаныш пен өшпенділікті тудырып, тағы да көтеріліс болатынын және оның Әндіжандағыдан да ауқымды, әрі табысты болатыны жөнінде сөз таратуынан болып отыратындығын көрсетеді. 1898 жылы Жетісу облысының Верный уезінің қазақтары өздерінің жалданып істеген жұмыстары үшін төлемақыларын бермейтін болса, казак орыстарды астық оратын кез келгенде, ақысыз кетсе де, бүлік шығарып, кектерін қайтаратындықтарын айтса, қоныс аударушылармен суға таласып қалған Пішпек уезінің қырғыздары да өздерінің егін орағы басталар кезде бүлік шығарып, олармен есеп айрылысатындықтарын мәлімдеген. Үлкен көтерілістің болатындығы туралы мәлімет басқа да жерлерде тіркелген. Пржевальск уезіне іргелес Қарқара қазақтары да ғазатқа қатысуға ниет танытқан. Жаркент уезінің бүкіл болыс билеушілері және құрметті азаматтары 1898 жылы маусымда бас қосып, астық піскен уақытта көтеріліске шығып, поселкелерге шабуылдауға келісім жасағанын естіген уезд басшылары Қарқараға дереу 1 казак жүздігін әкелуді және күдіктілерді ұстап, жазалауды ұсынады. Орыс поселкелеріне күзде шабуыл жасау туралы келісімге Жаркент уезінің барлық болыс билеушілері қол қойған. Олардың арасында Текес болысының басқарушысы Жаманке Мамбетов те болған. Кейін тергеуге алынған Ж.Мамбетовтің айтуына қарағанда, маусым айында Айт болысының басқарушысы Тұрқожа Жансеркеұлы, Қоңырбөрік болысының басқарушысы Жаңғұт Төлегенов, тұзкөлдік Мүлкібай Әбдірашев, кегендік Байымбет Бұржин, баянкөлдік Жаңғаш Есенғұлов, құрамалық Базылбай Беков және құлынтайлық Жарқымбек Байбутин және тағы басқа да албан руы болыстарының, беделді азаматтарының тапсыруымен Кеген болысының қазақтары Таубалды Нұрайымов және Үмбетжан Өстеміров Ж.Мамбетовке келіп, Қарқарада болаптын жиынға шақырып, сонда қабылданатын үндеуге қол қоюды өтінеді. Елді қасиетті соғысқа шақыратын үндеуге қол қоюдан Ж.Мамбетов өзінің алғашында бас тартқанын, келесі күні ақмолалық қазақтар Ахмет Байчурин мен Жауғаш Есенғұлов келіп, қол қоюын тағы

өтінеді. Бұл жолы Ж.Мамбетов келісіп, мөрін басады. Тергеу барысында Ж.Мамбетов мөр қойылған қағаздың кімде екенін және өзінен басқа кімдер қол қойғанын білмейтінін айтады. 1898 жылы бірлесіп көтеріліс жасау мақсатында Маляншин бастаған дүнгендер Шабдан Жантаев қарамағындағы қырғыздармен жиі қарым-қатынас жасайды. Дүнгендер 800 сом ақша жинап, Маляншинге берген, ал Маляншин Қарақоңыздан шығып, қырғыз болыстарына кеткен. Маляншин қайтіп оралған соң, Люши-дан деген дүнгенге қанжарларды көптеп жасауға тапсырыс береді. Шымкент және Әулиеата уездерінің қазақ, қырғыздары арасында да ғазатқа шақырған үндеухаттар таралған. Сондай ғазатқа шақырған үндеухаттың бірінде шымкенттік және әулиеаталық тұрғындар – Арыстанбек Тілеуге, Жанұзақ суфи Бажановқа және Әлиқожа ишанға Ауғанстанның билеушісінің ұлы Хабибулла сұлтан Әбдірахманхановтың атынан келген. Хат мазмұнына қарағанда, аталған кісілер Ахмет Илгунов деген жас жігіттен Хабибуллаға сәлем айтқан. Оған жауап ретінде Хабибулла сұлтан Молда Тұран бастаған 4 кісіден мылтық, қылыш беріп жіберіп, ғазат үшін елге таратып беруін өтінген. Ескі Шақпақ елді мекенінің тұрғындарына біреулер 1000-дай мылтық әкелегені, оның ел арасында таратылғаны жөнінде М.Қалқабаев деген хабарлаған. Түркістан генерал-губернаторы мәліметіне қарағанда, 1898 жылы Жетісу облысының қазақ, қырғыздарының көбінің қолында мылтық болған. Осыған байланысты Ферғана облысының әскери губернаторы Жетісудың қарулы қазақ, қырғызын Ферғана облысы аумағына өтуге тиым салды, тек қару алып жүруге әкімшіліктен арнайы рұқсат қағазы бар сенімді адамдар ғана шекарадан өтеді деп мәлімдейді. 1898 жылы наурызда саяси сенімсіз деп табылған бір топ қырғыздар Лепсі уезінің Сергеполь станицасына, Қапал уезіне 5 жылға жер аударылды. Жер аударылған қырғыздарға Қытайға өтуге әрекет қылды деген кінә тағылды. Түркістан өл-кесінде патша өкіметінің тұрақтылық сақтау бағытындағы әре-кеті өз нәтижесін бермеді. Әсіресе, 1898 жылғы Әндіжан көте-рілісінен кейін Түркістан өлкесінде отаршылдық саясатқа қарсы әрекеттер тоқтай қоймады. Өлкенің түрлі өңірлерінде, соның ішінде Сырдария облысы мен Жетісу облысында да отарлық саясатқа

наразылық танытуға үндеушілер бой көрсетіп жатты. Мәселен, Верный уезінің Ш. Мустафин деген тұрғыны 1898 жылы қараша айында жергілікті халық арасында Әндіжан көтерілісін насихаттап, отарлық билікке қарсы шығуға үндеген. Бұл хабар билік орындарына жеткен бойда Ш. Мустафин тұтқынға алынып, оның үстінен қылмыстық іс қозғалды. 1899 жылы 6 сәуірде Сырдария облысының әскери губернаторы Әулиеата уезінің тұрғындары 1898 жылы көтеріліске байланысты переселендермен жер, су үшін жиі дауласып, орыс переселен-кулактарына да шағымдары көп екенін айтады. Сондай-ақ Әулиеата, Шымкент уездерінің қазақтары Мәдәлі ишан көтерілісті дұрыс ұйымдастырып, бүкіл елді алдын-ала құлақтандырғанда, өздерінің де қатысқандықтарын білдірген. Қазалы уездерінің де қазақтары Әндіжан көтерілісіне жанашырлықпен қарады. Патша өкіметінің әкімшілік қызметкерлері Әндіжаннан шеткері жатқан қазақ, қырғызды да саяси сенімсіз деп қуғын сүргінге салды. Жетісу облысының Пржевальск уезінің 90-нан аса тұрғыны көтеріліске қатысы бар деген айыппен ұсталып, Әндіжанның түрмелеріне жабылды. Әндіжан көтерілісінен кейін де қазақ пен қырғыздар азаттық жолындағы күресін тоқтатпаған. Мәселен 1899 жылы Жаңғараш Медетбеков, Демеу Есіркепов және Әлдембай Игіліков деген азаматтар да халық арасында отарлық билікке қарсы насихат жұмысын жүргізген және олар халық мүддесін бірлесе қорғайтын ұйым құруға талпынған. Олар осы әрекеті үшін билік орындары тарапынан тұтқынға алынды. Тура осындай әрекетті Әулиеата уезінде А.Тұрдықұлов деген азамат жүргізген және ол өзінің бұл әрекеті барысында Самарқан қаласының Т.Даубаев деген азаматымен байланыста болған. Яғни, патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы Жетісу халықтарының наразылықтары ХХ ғасырдың бас кезінде одан ары өрістей түсті.



### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Орыс әскерлерінің Орталық Азияға Жетісу және Сырдария бойы арқылы жылжуы жергілікті халыққа қандай қиыншылықтар әкелді?
2. Патша өкіметі Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу жорықтарына кеткен шығындарын қалай жабуға тырысты?
3. Жергілікті халықтар үшін Оңтүстік Қазақстанның «есігі» болып табылатын Түркістан қаласын орыс басқыншылардан қорғаудың қандай маңызы болды?
4. 1864 жылы күзде болған Шығыс Түркістандағы дүнгендер мен қырғыздардың азаттық қозғалысы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қазақтарына қалай әсер етті?

### **§13. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының азаттық қозғалыстағы қызметі**

#### **1. Бірінші орыс төңкерісі және қазақ зиялыларының саяси қызметі**

2. Мемлекеттік Дума және қазақ зиялыларының құдалануы
3. Азаттық қозғалыстың идеологиясын жасаудағы «Қазақ» газетінің рөлі

1. Ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы сан жағынан көп болған жоқ. Оның себебі қазақ даласында бірлі-жарым орта білімді мұғалімдер даярлайтын курстар мен училищелер болмаса, арнайы оқу орындары ашылған емес. Түрлі мекемелерде, әкімшілік орындарда қызмет жасаған, қазақ мамандары негізінен Ресейлік оқу орындарында білім алды. Өйткені отаршыл әкімшілік ресейлік оқу орындарынан бірлі-жарым орынды қазақ жастарына да бөлуге мәжбүр болған. Мұндай шараға ол жыл өткен сайын өсе түскен басқару жүйесінің ұлттық кадрларға мұқтаж қанағаттандыру үшін барды. Осы мақсатта генерал-губериаторлықтар кеңсесі жанынан қазақ студенттеріне жылына 3-4 стипендия белгіленіп отырды. Міне, осы белгіленген қаржыға сүйеніп, қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава сияқты қалаларда түрлі мамандықтар

бойынша білім алды. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында қазақ мамандарын даярлауда Қазан қаласы айтарлықтай үлкен орталыққа айналды. Мәселен, Қазан университетінде XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап 1916 жылға дейінгі аралықта 26 қазақ жастары оқыған. Олардың 16-сы заң, қалғандары дәрігерлік факультетінде білім алса, ал университетті 14 қазақ түлегі аяқтаған. Қазан университетін осы мезгілде аяқтаған жастардың арасында XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқан Ахмет Бірімжанов, Мұхамеджан Қарабаев, Әбубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Мәметов, Иса Қашқынбаев, Шафқат Бекмұхамедов сияқты қайраткерлер болды. Қазандағы қазақ жастары білім алған жоғары оқу орындарының бірі Қазан малдәрігерлік институты. Мұнда 1877-1917 жылдар аралығында 13 қазақ студенттері оқып, олардың 11 аяқтап шыққан. Институттың түлегі Есенғұлов Түбек 1916 жылғы Жетісудағы оқиғалар кезінде өзінің белсенді қоғамдық қызметімен көзге түсті. Қазақ жастары жиі есігін ашқан оқу орындарының бірі Қазан мұғалімдер семинариясы еді. Мұнда Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде 17 қазақ студент оқып, олардың 13-і дипломға ие болған. Семинарияны аяқтығандардың арасында С.Мендешев, М.Тұңғачин, Н.Залиев сияқты кейінгі уақытта қоғамдық белсенділігімен танылған адамдар бар еді. XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезінде Қазақ жастары білім алған ірі орталық, әрине, Петербург қаласы. Империяның саяси оқиғаларға толы астанасында бұл кезеңде, яғни 1889-1894 жылдары орман шаруашылығы институтында Ә.Бөкенханов, 1900-1905 жылдары темір жол транспорты институтында М.Тынышбаев білім алды. Қазақ жастары үшін, әсіресе нағыз үлкен білім шаңырағына айналған Петербург университеті еді. Ресей империясында ғана емес, бүкіл Еуропа мәдениеті мен ғылымында өзіне лайық орны бар бұл оқу орнында өткен ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезінде (17 жылға дейін) 20 жуық қазақ студенті оқып, жоғары білім дипломын иемденді. Олардың қатарында Бақытжан Қаратаев, Бақыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Жаһанша Сейдалин, йдархан Тұрлыбаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқаев, Жакып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков сияқты

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Петербург медицина академиясын аяқтағандығы туралы. Дипломды Санжар Асфендияров, Сәдуақас Шәлімбаев, Халел Досмұхамедов және басқа бір топ қазақ иемденді. Сондай-ақ біраз қазақ жастары Ресейден тыс, шетелдік шығыс жоғары оқу орындарында да оқыған. Мәселен, біз жоғарыда атаған Ғалым Ахмедов жинаған деректерге қарағанда, бір ғана Стамбул университетінде 1917 жылға дейін Ә.Ғайсин, С.Шанов, Д.Көлбаев, М.Тұрғанбаев жән Ә.Машаев сияқты қазақстандықтар білім алған. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде 120 жуық қазақ жоғары оқу орнын аяқтағандығы туралы диплом алған. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының үлкен бөлігін гимназия мен прогимназиялардың, медициналық училищелер мен курстардың, мұғалімдер даярлайтын семинариялардың түлектері құрды. Интеллигенция тарихын зерттеуші маман профессор В.К.Григорьевтің есебі бойынша, бұл топтағы ұлттық интеллигенцияның саны 700 шамасында. Бұл топтың қатарында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Мырзағазы Есболов, Телжан Шонанов, Сейдәзім Қадырбаев, Жұмағали Тілеулин, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Омар Қарашев, Сағындық Досжанов, Отыншы Әлжанов сияқты және басқа көптеген белгілі қайраткерлер болды. Қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды тікелей көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғыру жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси белсенділігінің артуына әсер етпей қоймады. Саяси өмірге енді ғана араласа бастаған қазақ жастарын бұл тарихи кезеңде ең алдымен ұлттық мәселе, оның шешілу жолдары толғантқаны даусыз. Саяси қызметке араласу тек ірі қалаларда оқитын студенттерге ғана тиесілі көрініс емес еді. Өмірде болып жатқан саяси оқиғаларға ден қою, түрлі үйірмелер жұмысына араласу Омбы, Семей, Орал сияқты жергілікті орталықтарда орта білім беретін оқу орындарында оқыл жүрген жастарға да тән әрекет болатын. Мәскеу университетіне түс-

кенге дейін Семей гимназиясында білім алған Х. Ғаббасов өзінің гимназияда Бичевин деген кісі ұйымдастырған революциялық үйірмеге қатысқанын, гимназистерге 1905 жылғы оқиғалардың үлкен әсері болғандығын, оның ықпалымен алдымен Бекметов, соңынан Қозыбағаров басқарған қазақ жастарының да үйірмесі құрылып, оның жұмысына Омбыдан саяси қызметі үшін қуылған Жақып Ақбаевтың да араласқанын, үйірме мүшелері халық арасына «саяси әдебиеттер және қазақтарды отырған жерін өз еркімен бермеуге, елінің мүддесін қафтанға айырбастаған сатқын болыстармен» күресуге шақырған үндеу таратқандарын жазады. Дегенмен ұлттық зиялыларының дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады. Өйткені 1905 жылғы ішкі Ресейдегі саяси оқиғалардың қазақтардың санасында пісіп жетілген наразылықтың сыртқа шығуына түрткі болды. Төніп келе жатқан халықтық толқуларды болдырмау үшін және солшыл күштердің тегеурінін бәсеңдету мақсатында Николай II 18 ақпан күні Ішкі істер министрі А.Булыгин дайындаған рескриптке қол қойды. Онда «халықтан сайланған» адамдарды заңдық жобаларды дайындауға және талқылауға қатыстыру туралы айтылған еді. Сол күні жеке адамдар мен ұжымдарды мемлекет қызметі мен халықтың әл-ауқатын жетілдіре түсуге байланысты өз ұсыныстарын орталық билікке жеткізуге шақырған құжат та өмірге келді. Бұл қаулының әрбір әрпіне сенген қауымдар, муниципалитеттер, думалар, Земство жиналыстары, жеке азаматтар үкіметке түрлі қарарларын, өтініштерін, ұсыныстарын қардай боратты. Олардың біразы күн еткен сайын батылдық, танытқан баспасөз бетінде жарық көріп жатты. Бұл мемлекет тарихында сөз еркіндігіне жол берілген алғашқы оқиға еді. 18 ақпан қаулысы тудырған көңіл күй Қазақстанға да жеткен еді. Яғни, 1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сапаға көтерілу кезеңін бастай берді, ал саяси күрес болса ең алдымен патшаға, орталық билікке петиция жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезінің қазақтары дайындаған

петицияға 1000 адам, арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған. Орал және Торғай облыстары қазақтары жазған петицияға 44 адам, ал белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына 14,5 мың адам қол қойған еді. Орал және Торғай облыстары қазақтары жолдаған петиция қазақ тілінде жазылып, 1905 жылы Орал қаласындағы К. М. Тухватуллин баспасында жарық көрген. Екі бөлімнен тұратын бұл құжатта қазақ елінің дін және жер мәселелеріне байланысы талаптары жан-жақты және дәл баяндалған. Ал сол жылы Семей облысы Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде 14500 (екінші деректе-12767) адам қол қойған 11 тармақтан тұратын Қарқаралы петициясында сол тұстағы қазақ елінің қоғамдық тұрмыстағы ең негізгі мұқтаждықтарын толық қамтыды деп айтуға әбден болады. Онда жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ұждан бостандығы, дін тұту еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала Ережесін жаңа уақытқа сай заңмен ауыстыру, қазақ еліне жоғарғы заң шығарушы орындарға өз депутаттарын сайлауға мүрсат беру және басқа сол сияқты аса маңызды мәселелер көтерілді. Петицияның ең маңызды мәселе - жер мәселесін айналып өтпегендігі түсінікті. Құжатты жазушылар «әкелер қанының өтеуімен азат етілген ата-мекенін» орыс мемлекеті ешқандай дәлел-себепсіз, күштінің құқығы жүреді деген қағидаға сай, барлық қазақ жері мемлекет меншігі болып табылады деген заңды бекітіп, соның салдарынан қазақ даласына қоныс аудару қозғалысы басталғандығын айтып, үкімет алдына мынадай талаптар қойған болатын:

«4. Соңғы 15 жыл бойы Дала өлкесін отарлау жүріп жатыр. Жыл өткен сайын қазақтардың иелігіндегі жер азайып келеді. Мал шаруашылығы өз табиғатына сай экстенсивті болмасқа шарасы жоқ, сондықтан да ол өмір сүруі үшін кең жайылымдарды талап етеді. Ал қоныс аударушыларға бөлінген учаскелер үшін ең шұрайлы жерлер мен тұщы су көздері тартып алынууда. Сондықтан да қазақтар иеленіп отырған жерлерді олардың меншігі деп тану шарт». Қарқаралы петициясының тарихи орнына келсек, ол құжат авторларының сапалы жаңа

даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық білдіруінде еді. Қарқаралы петициясын дайындауда Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев және басқа сол кезеңдегі беленді қазақ зиялылары жетекшілік рөл атқарған. Сондай-ақ бұл іске дін қызметкерлері де өз үлесін қосқан және олардың ықпалы аз болмаған. Революциялық өрлеу барысында өмірге келіп, тек метрополия тұрғындарына ғана емес, сонымен бірге ұлттық аймақтарға да үлкен ықпалы болған құжаттардың бірі 1905 жылғы 17 қазанда жарық көрген манифест болды. «Бостандық манифесі» атанған бұл құжатта жеке адамның құқығына қол сұқпау, ұждан бостандығы сияқты мызғымас принциптер негізінде халыққа азаматтық бостандықты сыйлау, кешіктірмей Думаға сайлау өткізу, оған сайлау құқығы болмаған әлеуметтік топтарды тарту жөнінде айтылған еді. Қазақ зиялылары бұл құжатты халықтың саяси белсенділігін арттыру, саяси сауатын көтеру үшін пайдалануға тырысты. Манифест жарық көрген бетте қазақ тіліне аударылып вице-губернатордың қолдауымен Ақмола баспахансында көбейтіліп, бүкіл қазақ даласына таратылады. Ө.Бөкейханов ол жөнінде: «Қалада тұратын қазақтар машифестің қысқаша мазмұны баяндалған телеграммаларды алып, шексіз қуанышқа батты. Далада және дала облыстары қалаларында ең алғашқы жария митингілер өтіп жатты. Қалаларда қазақтар тек теңдік, ұждан бостандығы, халық билігі жөнінде сөйлеген мәзмейрам зиялылары қосылды. Орыстардың аузынан мұндай сөздерді қазақтардың алғаш рет естуі еді, сөйтіп екі халықтың болашақтағы өзара жақындасуының негізі қаланған болатын. Қазақтар орыстардың бәрі бірдей емес екендігін, олардың арасында ғасырлар бойы қазақ даласында орыс халқының атын былғап келген өздерінің ескі таныстарына ұқсамайтындары да бар екендігіне көздері жетті» деп жазды. 17 қазан Манифесіне байланысты митингілер қазан және қараша айларында барлық дала облыстарын қамтыған. Жандарм орындарына тән және басқа құжаттар Омбы, Павлодар, Қарқаралыда өткен жиылыстарда құқық магистрі Жақып Ақбаевтың патшалық жүйені сын-

ға ала сөйлеп, екі жақтың да, яғни халық бұқарасының да, сондай-ақ жандарм орындарының да назарына (әрине екеуіне түрлі мағынада) іліккендігін баяндайды. Ә. Бөкейханов бірінші думаның он жылдығына арналған естелік мақаласында сол тұстағы қазақ саяси өмірі үшін жаңа мынадай фактілерді келтіреді. «Қарашаның басында Павлодардағы базар алаңында бүкіл қала тұрғындары мен қырдан келген қазақтар қатынасқан митингі болды. Онда сөйлеген шешен «қаражүзділермен бірге қызмет істеуден бас тартып» еркіндік жариялаған күндері отставкаға шыққан бұрынғы мировой судья Ж. Ақбаев еді...». Ж.Ақбаевтың Павлодардан Қарқаралыға бет алуы үгіт сапарына айналды. Жол бойы барлық жерде шешенді қырғыздардың үлкен топтары құрметті қонағындай қарсы алып, біраз жерге ұзатып салып, туысындай қоштасты. Ол туған қаласы Қарқаралыға қарашаның ортасына қарай жетті. Келген бетте полиция басқармасының тура қарсы алдындағы жалғыз алаңда митингі болды. Онда қала тұрғындары түгелдей - барлық орыс интеллигенциясы, орыс-казактар, татарлар, сарттар және қырғыздар - жиналған еді. Қарқаралы уезінің бастығы генерал-губернаторлық кеңсесіне жолдаған жеделхатында Қарқаралыда өткен митингі жөнінде толық баяндап, шеруге қатысқандардың «Полиция жойылсын!», «Крестьян начальниктері жойылсын!» деген ұрандар ұстағанын хабарлап, жағдай күрделі, егер ол осылай тұра берсе, қырғыздар арасында ұлттық қозғалыс болуы ықтимал, өйткені дала әбден ширғып алған деп білдірді. Шеруді ұйымдастырушылар митингіге қатысушылар атынан Министрлер Кеңесінің төрағасы Виттеге жеделхат жолдап, онда саяси бостандықтың келгенін іс жүзінде танытып, елге жағымсыз чиновниктерді алып кетуді талап етеді. Семей облысы губернаторының міндетін атқарушы Ф.Чернцов полиция департаментіне берген мәліметінде Ж.Ақбаевтың осы демонстрацияға қатысқанын баяндай келіп, ол «...қырғыздарды билікке бағынбауға, даладағы орыс стражниктерін жазалауға шақырып, Ұлы мәртебелі Императордың атына қорлайтын сөздер» айтқанын білдіреді. Өз ретінде Ж.Ақбаев кейінірек (1911ж.) Түркістан өлжесін тексере келген граф Паленге жолдаған арыз хатында «Мен адам ретінде және Ресей Империясының азаматы ретінде 17 қазан Манифесінің тез арада

іске асуын жақтаймын, сондай-ақ жоғарыда баяндалған мерездерден тек осы Манифесті өмірге енгізу арқылы құтылуға болатындығына әбден сенемін» деп жазды. 1905 жылғы оқиғаларға қазақ зиялыларының белсенді түрде араласуы отаршыл әкімшілік тарапынан ескерусіз қалмаған. Үкімет орындары бірден жазалауға көшпегенімен, өз нысанасына іліккен қазақ оқығандарын қырына алуды ұмытқан жоқ және оны Ә. Бөкейхановтан бастайды. Оған алдымен Семей қаласына келуге тыйым салынды. Ал 1906 жылғы 8 қаңтарда Керекуден Семейге облыстық съезге қатынасуға жолға шыққан оны Ямышевск поселкесінде ұстап, абақтыға жабады.

2. Ресейдегі азаттық қозғалыстың өрлеу барысында қазақ қоғамына да жеткен үлкен тарихи жаңалықтың бірі 1905 жылы 6 тамыздағы Мемлекеттік Дума жөніндегі патша манифесті қазақ еліне де депутат сайлау құқығын берді. Бірақ бұл құқық жартыкеш болып шықты. Өйткені, депутаттарды сайлау барысында ұлттардың арасалмағы есептелместен, әрбір аймақтарды мекендеген, сайлауға қатыса алатын адамдардың жалпы саны негізге алынды. Яғни, қазақ халқы Мемлекеттік Думаға әр облыстан бір депутаттан ғана сайлау құқығын иемденді. Осыған қарамастан 1905 жылдың соңына қарай қазақ интеллигенциясы бірінші Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау науқанына қызу араласады. Алайда, Думаға депутаттар сайлау барысында патшалық әкімшілік орындары саяси бағыты мен іс әрекеті ұнамаған депутаттыққа кандидаттарды өткізбеуге күш салады. Мәселен, Ә.Бөкейханов Семейде өткен сайлауға байланысты мынадай жайды еске алады: «1906 жылы маусымда Думаға депутат сайлағанда Семей жанаралы Галкин выборщиктерді өз үйіне қоиаққа шақырды. Сіздер сайлауға келдіңіздер, жанаралға, қонақда бармасаңыздар да болар деп едім: «Қарағым-ау! Мұның қалай, бізді бұрын жанарал қашан қонаққа шақырып еді, біз барайық та»,-деді ақсақалдар. Жанарал Галкин бізді үйіне шақырып алып насихат айтты: патша енді мұнан I былай заңын да жұрт жақсысымен ақылдасып шығармақ болды... Осындай патша өздеріңе ерік берген соң жақсыларыңды депутат сайлаңдар, абақтыда жатқан кісілеріңді сайламаңдар деді. Ақсақалдар «дұрыс», «дұрыс» деп, Галкин сөзін мақұлдап, таң ата абақты-



дан шыққаныма ай болмаған мені депутат сайлады. Бұл бір заман». Осындай кедергі ғасыр басында өзінің саяси белсенділігімен көзге түскен молла Шаймерден Қосшығұловтың да алдына қойылды. Ол Думаға мүшелікке өту үшін қажет Ақмола облысы қазақтарының дауысын алғаннан кейінгі уақытта, облыстық сайлау комиссиясы кандидат орыс тілін білмейді екен деген желеумен сайлау қорытындысын жаратпай тастайды. Сонымен, бірінші Мемлекеттік дума жұмысына қазақ елінің атынан үш депутат қатынасты. Олар Орал облысынан – А.Қалменев, Торғай облысынан – А.Бірімжанов және Семей облысынан - Ә.Бөкейханов болатын. Бірінші Дума таратылған кезде Жетісу және Сырдария облыстарында сайлау әлі өтіп үлгермегендіктен, бұл облыстардан депутаттар анықталмаған күйінде қалды.

Қазақ депутаттары А.Қалменев және А.Бірімжанов Петербургке Дума ашылғаннан кейін бір жарым ай өткен соң, яғни 10-17 маусым аралығында келіп ең әуелі өздері қатынаса алмаған 20-ға жуық Дума отырыстарының есебімен және соған дейін жұмыс жасаған комиссиялардың ісімен танысуға кірісті. Ал Ә.Бөкейханов болса, Дума жабылуға 1-2 күн қалғанда жеткен. Міне, осыған қарағанда қазақ депутаттарына Дума жұмысына араласуға берілген уақыт, тым өлшеулі еді. Соған қарамастан шілде күнгі Дума отырысында А. Бірімжанов сөз сөйлеп, қазақ елінің жерге байланысты шешілмей жатқан көп мәселелері бар екенін айтып, аграрлық мәселе бойынша құрылған комиссияның құрамына қазақ депутаттарының өкілін енгізуді ұсынады. Қазақ депутаттары Дума жұмысына мұсылман депутаттары фракциясы құрамында қатынасты. Бұл фракцияның заң жобасы ретінде дайындаған ең басты құжаты аграрлық мәселеге байланысты еді, Мұсылмандар фракциясы аграрлық тұжырымдамасына мұсылмандар партиясының бағдарламасын ала отырып, біріншіден, жерді облыстық меншікке айналдырып, сол арқылы облыс қарауындағы жерді оның тұрақты жұрты арасында бөлуді, екіншіден, жер үлесі көлемі оны игеруші егіншілер үшін ғана емес, сондай-ақ малшылар үшін де өсуін, үшіншіден, жер мәселесі шешілгенше сырттан келіп қоныс тебу біржола тоқтатылуын, төртіншіден, жеке мүшелері арасында бө-

ліске салу үшін жер ауылдық қауым меншігіне берілуін талап етті. Думаның аграрлық комиссиясының назарына ұсынылған бұл құжатпен бір мезгілде Бірімжанов, Қалменов және басқа депутаттар тиісті үкімет орындарына қоныс аударушыларды жерге орналастыру комиссияларының қазақ облыстарында жасап жатқан заңсыз әрекеттері жөнінде сұрау салады. Бар болғаны 72 күн жұмыс жасаған бұл Дума, 9 шілде күні үкімет шешімімен таратылды. Нақ сол күннің кешінде Думадағы оппозицияның 182 өкілі (кадеттер, трудовиктер, меньшевиктер) Выборгте (Финляндия) жиналып манифест дайындап, оған өздерінің қолдарын қойды. «Жаңа» халық өкілдері жиналысып шақырғанға» дейін салық төлеуден және әскери міндеткерлікті өтеуден бас тартуға шақырған бұл манифестке қол қоюшылардың арасында Ә. Бөкейханов та бар еді. Сол үшін ол келесі Думаға сайлану құқығынан айрылып қана қойған жоқ, сонымен бірге жауапқа тартылып, абақтыда отырып шығады. Өз жұмысын 1907 жылы 20 ақпанда бастаған екінші Думаға Қазақтардан бес депутат сайланды. Олар Орал облысынан заңгер Б. Қаратаев, Жетісу облысынан инженер М. Тынышбаев, Сырдария облысынан көпес Т. Алдабергенов, Астрахан губерниясынан заңгер Б. Құлманов және Семей облысынан Т. Нұрекенов. Бұл аталған кісілердің ішінде үшеуінің жоғары білімі болды. Ұстанған бағыты бойынша қазақ депутаттарының бәрі мұсылман депутаттар фракциясын қолдады. Екінші Дума депутаттарының құрамы жағынан да және күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылау жағынан да бірінші Думадан гөрі солшыл болып шыққан еді. Пікір тартысын тудырған негізгі мәселелердің бірі аграрлық және қоныс аудару мәселесі болды. Екінші Думаның екінші сессиясы Сібір және азшылық ұлттардың шаруа депутаттарының ынтасымен Сібірдегі жерге орналастыру ісі бойынша Бас Басқарушыға депутаттық сұрау тапсырып, онда қоныстандыру процесі жүріп жатқан аудандарда байырғы тұрғындардың құқығы мен мүддесі ескерусіз қалғандығы айтылып, үкіметтің даярлықсыз жүргізіліп отырған қоныс аудару саясатын кең насихаттауы айыпталды. 1907 жылы 16 мамырда депутаттық сұрауға байланысты жарыссөзде депутат Б. Қаратаев сөйледі. Ол сөзін қазақ халқы үшін ең зәру іске айналған жер мәселесіне

арнады. Бұл сөз іс жүзінде патша үкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясаты жергілікті халықтың атынан әшкерелеу еді. Солшыл депутаттардың үкіметтің аграрлық және отаршыл саясатын сынау мінбесіне айналған бұл Думаны да патша мен оның үкіметі 1907 жылғы 3 маусым күнгі шығарған заңымен таратып жіберді. Бұл құжат сонымен бірге, сайлау заңына түбегейлі өзгерістер енгізіп, Түркістан мен қазақ облыстарында тұратын қазақ, қырғыз, өзбек және басқа халықтарды сайлау құқығынан айырады. Патша үкіметі Қазақстан мен Түркістанда пәрменді отарлау саясатын жүргізе отырып, Думада бұл аймақтардан депутаттардың болмағанын өзіне қолайлы деп тапты. Сонымен, қазақ депутаттары катынасқан бірінші және екінші Думалар қазақ қоғамының отарлық жағдайына өзгеріс енгізе алатындай ешқандай заңдар қабылдаған жоқ. «3 маусым заңының» өмірге келуімен бірге қазақ интеллигенциясының Думаға артқан үміті де біржола сөнді. Дегенмен, «3 маусым заңы» қазақ интеллигенциясын Дума арқылы жүргізуді көздеген саяси күрестен біржола ығыстыра алған жоқ. Олар Думадан тыс қала отшырып, құрамы жағынан алғашқы екі Думадан анағұрлым консервативті, ұлыдержавалық бағыттағы III Дума шеңберінде де мұсылман фракциясы, сібірлік депутаттар, солшыл кадеттер және басқа одақтастары арқылы үкіметтің қазақ жерінде отарлау саясатына, «3 маусым заңына» қарсы әрекетін тоқтатпады. Мәселен, ол кезде мұғалім Отыншы Әлжанов Зайсан қазақтарының атынан жаңа ашылған III Мемлекеттік думадағы саяси партиялардың бастықтарына жеделхат беріп, қазақ елінің саяси құқығының аяқ асты болғанын айтып, мұндай әділетсіз шешім қабылдаған үкіметке наразылық білдіреді. Жалпы алғанда, 1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалыс барысында барлық деңгейдегі орыс әкімшілігі қазақ елінің ұлт-азаттық қозғалысын бастаушы саяси күш - ұлттық интеллигенциямен бетпе-бет келді. Сондай-ақ тура осы мезгілден бастап әкімшілік орындары ұлттың да интеллигенцияның белсенді өкілдерін қудалау саясатын қолға алды. Бұл саясаттың басында империяның Ішкі істер министрлігі тұрды, ал жергілікті жерлерде оның нақты жүргізушілері губерниялық және уездік әкімшілік орындары болды. Басында далалық облыстардың генерал-губераторы тұр-

ған облыс және уезд әкімшіліктері ұлт-азаттық қозғалыстың бастаушы өкілдерін, шығармашылық қызметімен ұлттық санаға ықпал жасай бастаған ақын-жазушыларды, революция жылдары түрлі саяси істерге белсенді атсалысқан жеке адамдарды, дін қызметкерлерін жазалау шараларын іске асырды. 1905 жылы жаз айларында түрлі жәрмеңкелер мен жайлауларда мындаған адамдардың қатысуымен өткен жиналыстар, оларда қабылданып, үкімет орындарына жөнелтілген петициялар отаршыл әкімшілік үшін күтпеген белсенділіктің көрінісі еді. Сондықтан да үкімет орындары бұл оқиғалардың одан ары өріс алмауына қажет шараларды істеп бақты. 1905 жылдың күзіне қарай Семей губернаторы Галкин крестьян және уезд бастықтарына қазақтардың үстінен бақылауды күшейту және түрлі петицияларға қол қойғандардың тізімін жасау жөнінде нұсқау береді. 1908 жылы Қарқаралы петициясын ұйымдастырушы Ә. Бөкейханов Выборг манифесіне қол қойғаны үшін заңдар жинағының 51-бабы және 129-бабының 3 тармағының 1-бөлімі бойынша жауапқа тартылып, Петербург округтік сотының үкімімен Семей абақтысында бірнеше ай отырып шығуға міндеттенді. Ә. Бөкейханов Семей абақтысынан шыққаннан кейін ішкі Ресей қаласы Самарада жандарм орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды. Әрине, 1905 жылдың саяси оқиғаларына белсенді түрде араласқан жалғыз Ә. Бөкейханов болмады. Әсіресе, Қарқаралы петициясын дайындау кезінде, ел арасындағы саяси үгіт жұмысында ерекше белсенділігімен танылған Жәкып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов бастаған Қарқаралы интеллигенциясы еді. Патша шенеуніктері жандарм тыңшыларына Қарқаралы интеллигенциясы үстінен, алдымен олардың жетекшісі ретінде танылған Ж. Ақбаев пен А. Байтұрсынов жайында тиесілі материалдар жинауды тапсырды. Соның нәтижесінде Ж. Ақбаевтың ісін Ереженің 34-бабына сәйкес құрылған Ерекше Кеңес қараған соң, ішкі істер министрі 1909 жылы 2 қаңтарда «Ақбаев астанадан, губерния және дала генерал-губернаторлығы орталықтарынан басқа, өзі қалаған жерге 1908 жылдың 22 желтоқсанынан бастап санағанда екі жылға жер аударылып ашық полиция бақылауына бағындырылсын деген үкім шығарады. 1909 жылың наурыз айында Ж. Ақбаев Жетісу облысындағы

Қапал қаласын таңдап, тиесілі мерзімді өтеуге сонда аттанады. Ж. Ақбаев ісімен бір мезгілде Омбыдағы генерал-губернатор кеңсесі 1905 жылғы оқиғаларға белсенді ат салысқан басқа интеллигенция өкілдерін тексеру ісін қолға алады. 1909 жылы мамыр айында құпия тыңшылар, яғни уез бастығының көмекшісі Солотич пен Қарқаралы тұрғыны Т. Шыңғысовтың көрсетулерін негізге ала отырып, губернатор Тройницкий 1 шілдеде Байтұрсыновтың үйінде тінту жүргізіп, өзін тұтқынға алады. Қарқаралы интеллигенциясының ісі 1910 жылы ақпанда Ішкі істер министрлігінің Ерекше Кеңесінде қаралып, 19 ақпанда Омбыдағы генерал-губернатор кеңсесіне «А. Байтұрсыновқа екі жылға Дала өлкесінде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тыйым салынады деген министрдің бұйрығы келеді. Бұл хабардың артын ала Қарқаралы уезінің жоғарыда аталған жеті азаматы, Смахан Бөкейханов, Ыбрай Ақбаев, Хасен Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сүлейменов және Смайл Байтеновтердің Том губерниясы Барнаул қаласына екі жылға жер аударылатындығы туралы министрдің шешімі келіп жетеді. А. Байтұрсынов министрдің бұйрығынан соң екі жылға тұруға өз еркімен Орынбор қаласын таңдап алады. Ал қалған жетеуі 1910 жылдың наурызынан бастап келесі жылдың 16 сәуірінде елге қайтуға рұқсат берген министрдің жарлығы шыққанға дейін Том губерниясында тұрады. Сөйтіп, отаршыл әкімшілік пен Қарқаралы интеллигенциясы арасында 1905 жылдан басталған саяси күрес соңғыларын жазалау шараларымен аяқталған. Бірінші орыс революциясынан кейінгі уақытта қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі саяси тақырыптарға кітап бастырып, елге тарату түрінде де көрінді. Ұлттық мерзімді баспасөз жоқ, ал жазба әдебиеттің әлі қалыптасып үлгірмеген кезінде қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған кітаптардың орны ерекше еді. Сондай отаршыл әкімшілік орындарына үлкен қолайсыздық тудырған алғашқы кітаптардың бірі М.Дулатовтың «Оян, қазағы!» болды. «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты! Жер кетті, дін нашарлап, хал һәрам боп, Қазағым, енді жату жарамасты!». Қазақ елінің қоғамдық санасына ең жақын жанр өлең түрінде жазылған бұл кітап сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамдық

өмірінің ең зәру саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, ұлттық сананың оянуына үлкен қызмет жасады. «Оян, қазақ!» Орал, Торғай, Семей және Ақмола облыстарында тез тарап, өте көп оқылатын кітапқа айналады. Алайда патша әкімшілігі «Оян, қазақты!» қылмысты деп тауып, кітаптың таралуына тыйым салуға және оның авторы М. Дулатовты қылмысты істер Заңының 128 және 129- баптарына сәйкес жауапқа тартуға рұқсат сұрап Саратов Сот палатасына қатынас қағазын жібереді. Ал Семей округтік соты болса М. Дулатовты қылмысты істер Заңының 129-бабының 6 тармағы бойынша қылмысты деп тауып, 1911 жылдың 23 желтоқсанында тергеу кезіндегі мерзімін есепке алмағанда 1 жылға абақтыға жабу туралы үкім шығарады. М.Дулатовтың абақтыға жабылғандығынан хабардар азаттық қозғалыстың өкілдері оған араша түсу әрекетін жасайды. Мәселен, 1912 жылы қаңтарда Бөгелі болысынан Сман Бегімбетов пен Абралы болысынан Белгібай Алдабергенов залогқа екі мың сом ақша төлеп, М. Дулатовты абақтыдан шығарып алады. Бірақ артын ала губернатор Тройницкийдің бұйрығымен ол қайтадан Семей абақтысына жабылады. 1911 жылы Орынборда татар тілінде шығатын «Уақыт» газеті мен ««Айқап»» журналы М. Дулатовтың абақтыға жабылғаны туралы хабар жариялайды. Осы хабарларды жариялағандары үшін Орынбор генерал-губернаторының қаулысы бойынша «Уақыт» газетіне 300, ал ««Айқап»» журналына 100 сом айып салынады. М.Дулатов Семей абақтысында 1912 жылдың желтоқсанына дейін отырып шығады. Шыққан бетте, яғни 1913 жылдың басында ол Орынбор қаласына келіп жетеді. 1909 жылы жандарм орындары саяси белсенділігі үшін Зайсан уезінің мұғалімі Отыншы Әлжановты түрлі жалалар жауып, алдымен Семей абақтысына отырғызып, соңынан Жетісудағы Лепсі қаласына жер аударады. 1910 жылы университетті жаңа бітіріп келіп, қызметке орналасқан эңгер Жаһанша Досмұхамедовты генерал-губернатор «Уральский листок» газетінде жер мәселесіне байланысты жариялаған мақалалары үшін Орал облысында тұруға тыйым салды. Сонымен, шамамен 1912 жылы бірінші орыс революциясынан бері белсенді қоғамдық-саяси қызметке араласа бастаған қазақ интеллигенциясының отаршыл әкімшілікпен

бетпе-бет келген күресінің алғашқы кезеңі осылайша аяқталды. Бұл күресте, әрине, екі жақтың күші мүлдем тең емес-тін. Соған карамастан ұлттық интеллигенция өзінің негізгі мақсатынан-ұлттық тәуелсіздікке жету - бас тартқан жоқ, қайта оның өз ісінің әділдігіне деген сенімі нығая түсті. Сонымен бірге осы кезеңде жаңа ғана қарқын ала бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың жетекші тобы да айқындала түсті. Бұл топ 1913 жылы қазақ қоғамы үшін саяси күрестің мүлдем жаңа құралы - жалпыұлттық саяси басылымды ұйымдастырды. Ол «Қазақ» газеті еді.

**3.** Газеттің өмірге келуі А.Байтұрсыновпен бірге Ә.Бөкейханов және М.Дулатовтың ұлт-азаттық ой-пікірлерінен рухтанған еңбектерінің нәтижесі. Яғни, А.Байтұрсынов ғылыми және мәдени дәстүрі бар, қазақтың оқыған азаматтары шоғырланған Орынбор қаласына келіп орнығады. Өз ретінде отарлық езгіге қарсы қажырлы күрес жолына түскен прогресшіл татар интеллигенциясы да қазақ зиялыларына баспа ісінде қажет көмек көрсетуге мүдделілік танытады. Мәселен, ««Айқап»» журналын шығаруда Ганиев, Яушев сияқты татар зиялыларының қамқорлық ісі айтарлықтай үлкен еді. Сондықтан ХХ ғасырдың басында ұлт зиялысы А.Байтұрсынов қазақ даласына зәру мәселелерді көтеріп, қоғамдық ойға қозғау салып, бағытбағдар беретін газет шығаруды қажет деп тауып, ғасыр басында қазақ жұртының мұң-мұқтажын, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өмірінің мәселелеріне зиялы қауым назарын аудартқан «Қазақ» газетін шығаруға кіріседі. А. Байтұрсынов үкімет орындарынан «Қазақты» шығаруға ресми рұқсат алып, алғашқы санын шығаруға қызу дайындық жасап жатқанда Орынборға Семейдегі абақтыдан жаңа ғана босанған М. Дулатов келеді. Ол А.Байтұрсыновтың «Қазақ» газетін ұйымдастырудағы еңбегіне ерекше тоқталған. Ол ұлт зиялысына мынадай баға берді: «Публицист ретінде, А.Байтұрсынов ешқандай қаражат қоры болмасада, 1913 жылдың басында, Орынборда шың мәніндегі тұңғыш қазақ газеті «Қазақтың» негізін қалап, оның бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажын батыл сөз етіп отырды». Демек, А.Байтұрсыновтың газетті 1913 жылдың басында ашқандығын растап және оған жетекшілік еткенін айтады. 1913 жылы 2 ақпанда Орынборда «Қазақ» газетінің дүниеге

келуі туралы А.Байтұрсынов өзінің мақаласында: «Қазақ» газеті - әуелі, тез ойланып, тез дүниеге шыққан істің бірі, екінші, пұл мен емес, тәуекелмен бастаған істің бірі. Шығаруға бел байлағанда қолдағы пұлымыз небары 750 сом еді. Халықта баспасөзге аңсаған адамдардың барлығымен газет шықты. Әйтпесе 750 сом қаншаға шыдар еді?». Айтылып, қолындағы қаражаттың мөлшерінің аз екендігін жасырмай көпшіліктің қолдауымен газеттің шыққандығын баяндайды. А. Байтұрсыновтың газеттің жайын жақсы білген және газет қорына түскен қаражатты мұқият есепке алып отырған. «Қазақ» газетін шығаруға рұқсат 1913 жылдың қаңтар айында берілген. Ал «Қазақтың» алғашқы саны бір айдан кейін, яғни 2 ақпан күні жарық көреді. Газетті Орынбордағы «Қаримов, Хусайнов және К серіктігінің» баспаханасы бастырып шығарған. «Қазақ» алғашқы санынан бастап, өзекті саяси мәселелерге арналған мақалалары арқылы да, тіптен кішкене жарнамалары арқылы да сол түпкі мақсатқа қызмет етуге бар күшін салды. Ол мақсат - ортағасырлық мешеу феодалдық тәртіптер құрсауында жатқан қазақ қоғамын ояту, оны қараңғылық пен ұлт-азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің алғашқы оқырмандарына арнап өзінің «Құрметті оқушылар!» мақаласы арқылы газеттің қоғам өмірінде атқарар ролін айқындап берген. Онда бағалы төрт қасиетті көрсеткен: «бірінші, әуелі газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі; екінші, газет жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдар газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады; үшінші, газет халыққа білім таратушы. Газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетпекші; төртіншіден, газет халықтың даушысы. Яғни, газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады». Демек, осыдан мәлім болғаны А.Байтұрсыновтың газеті ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, қазақты ояту үшін күшін бір жерге жинақтаған. Патша саясатына қарсы тұрып, бос сөзден гөрі іске кіріскендігі анықталды. А.Байтұрсыновтың өзі айтқандай «газетасы жоқ



жұрт, басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керек, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүнияде не болып жатқанынан көру жоқ, не сөйлеп жатқанын есту жоқ, өз фікірін айту жоқ» дей келіп, қайраткер «жұртым деп халықтың арын арлар, зарын зарлап, газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұруды» мақсат етті: «Жас «Қазақ» жаңа талап, жарық ойлы, білгенге бұ да алаштың бір баласы» деп қалың оқырманына таныса келген «Қазақтың» таралымы алғашқы жылдары үш, кейіннен сегіз мыңға жеткен. Газет атауына орай қайраткер былай дейді: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әруақты аты деп, газетамыздың иесімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа қолдан келгенше істеп кетелік» дей келе, «біздің газетамыздың таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтың әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады» халқына қызмет етемін деген кісіге жұмыстың көптігін айтып, қолынан келгенін жұрты үшін аянбағаны жөн екендігін түсіндірген. Орыс-казактардың қазақ даласына қоныс аударуымен байланысты патша әкімшілігі тарапынан кең байтақ жерімізді ғана жаулап қоймай, сонымен қоса ұлтымыздың ой-санасын отарлау арқылы тарихымызға да қиянат жасаған. Өз отандастарымызды, әруақты жұртымызды «киргиз» деп атаулары соның айқын дәлелі. Осындай бастан кешкен зорлық-зомбылыққа, зұлымдыққа мойынсынып, қол қусырып, қарап отыру А.Байтұрсыновтың табиғатына жат нәрсе. Оны газет шығаруға итермелеген күш-жігердің түп төркіні міне осыдан басталған. Газет атын «Қазақ» қоюның негізгі мақсаты да осыдан туындаған. Ал А.Байтұрсынов өзінің газетті ашқандағы мақсатын: «жұрттың пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная Дума һәм Государственный Совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту,

кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруашылығы, оқу оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм малдәрігерлігі жайынан жазу» болды. 1915 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақ» газеті аптасына екі рет шыға бастайды. А Байтұрсынов газетті аптасына екі рет шығарудағы мақсатын: «жұртпен жиірек тілдесу, көбірек кеңесу, тезірек хабар беру» болды деп түсіндірген, яғни халық арасына жиі таралған газет өзінің дер кезінде жеткізген хабары арқылы пайдалы кеңесін беріп, көбірек қызмет етеді деген. Газеттің көтерген негізгі мәселелерінің бірі – ағартушылық болғандықтан А.Байтұрсынов газет бетінде оқу-ағарту ісіне байланысты Ресей министрінің жылына неше рет заң шығарып, ана тілінде оқытуға қиянат жасап отырғанын ашына айтып, патша үкіметінің саясатын әшкерелеп отырған. Байтұрсынов шаһарларда оқып жүрген қазақ оқушылары мен студенттеріне әлеуметтік жәрдем көрсеткен, ортақ қаржы ұйымын құрып жарлы балаларға стипендия төлеп отырған. Атап айтсақ, Уфадағы «Ғалия» медресесінің шәкірті Манап Тұрғанбай ұлына «Қазақ» газеті басқармасының атынан 17 сом 16 тиын, студент-технолог Әлімхан Ермековке 100 сом, студент Халел Ғаббасовқа 40 сом, Уфада оқитын Мағфура Найманқожақызына 30 сом, Семейдегі жоғары бастауыш мектебінің оқушысы Ғариполла Ғабдалхакимовқа 15 сом, семинарист Жүсіпбек Аймаутовқа 10 сом ақшалай жәрдем беріп, сонымен қатар жаңа кітаптармен оқырмандарын таныстырған. Байтұрсынов мұғалімдерге байланысты көптеген мәселелерді көтеріп, мұғалімдерге көмек ретінде арналған мақалаларын жариялап отырған. «Ішкі хабарда» берілген сөз басында «Мұғалім керек», «Мұғалім орын іздейді» айдарымен мұғалімдерді жұмысқа орналастыру мәселесімен де айналысқан және «Қазақша оқу жайынан», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» атты мақалалары арқылы мұғалімдерге методикалық тәжірибесімен бөліскен. «Қазақ» газеті арқылы көтерілген саяси мәні зор мәселесінің бірі, қазақ халқын қорлап, тарихи шын атын бұрмалағаны ұлт зиялысының намысын қайрады. Аталған газеттің екінші, үшінші сандарында «Қазақ тарихы» атты мақаласында А.Байтұрсынов қазақтың аты қырғыз емес «қазақ»

деп, қазақтың өз алдына дербес ел екенін ашық айтқан. Өзіміздің, «әсіресе басшылардың қазақ пен қырғызды айырмағаны кате, кешірілмес күнә... қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанып жүре бермекші емес. Қияметке дейін қазақ қазақ боп жасамақшы» деп түйіндейді. Ал қазақ «қазақ» болып қалуы үшін өз алдына әдет-ғұрпына, салт-санасына сай мәдениет құруы қажет деген пікірін білдіреді. Оның осы озық ойының талабына отаршыл саясат қарсылығын білдірген. Бұл орынды талап шешімін Қазан төңкерісіне дейін оңды шешімін таба алмаған. Байтұрсыновтың газет бетінде көтерген келесі мәселелерінің бірі - қазақ халқының өнері мен мәдениеті, ата-бабамыздан келе жатқан құнды салт-дәстүріміздің ұмытылып бара жатқан әдет-ғұрыптарын зерттеп, еңбектерін ұрпақ арасында жалғасын тапсын деп үзбей жариялаған. 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті іске асырған бұл қызмет негізінен мынадай екі бағытта жүрді. Біріншіден, бұл мезгілде ұлттық демократиялық интеллигенцияның алдында тұрған ең басты міндет отарлық езгіге қарсы ұлттық бостандық үшін күрестің бағыт-бағдарын және күрес әдістерін айқындау болды. Екіншіден, саяси бостандыққа жету феодалдық тәртіптер мен қатынастарға, күні өткен салт-дәстүрге, қоғамдық мерездерге қарсы бітіспес күреспен бір мезгілде жүруге тиіс еді., Соған байланысты ұлттық интеллигенция өз еркінен тыс феодалдық мешеулікпен күрес принциптерін анықтауды да қолға алды. 1913 жылдан «Қазақ» газетінің төңірегіне біріге бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси айқындамасы империядағы, қазақ облыстарындағы нақты саяси жағдайға байланысты қалыптасып, өзгеріп отырды. Сонымен бірге жоғарғы билік оппозициялық күш ретінде танып, жергілікті отаршыл әкімшілік бітіспес жауы ретінде қуғынға алған ұлттық интеллигенция өз халқы тарапынан да түсінушілік пен айтарлықтай үлкен қолдау таба алған емес. Мұндай ауыр жағдай оның саяси көзқарасы мен ұстанған бағытына да өз әсерін тигізбей қоймады. Ұлттық интеллигенцияның бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы қоғамдық-саяси қызметін тура түсіну үшін, міне, осы аталған факторларды есепке алмай болмайды. Қазақ зиялыларының бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық

көтеріліс тұсындағы қоғамдық-саяси қызметі арнайы зерттелген емес. С.Брайнин мен Ш.Шафиро өздерінің еңбектерінде бұл мәселенің алғашқы бөлігін айналып өтіп, ал екінші бөлігін баяндауда ашықтан ашық ғылыми әдіске жат, таза саяси конъюнктураға ұрынды. Оның себебі түсінікті еді. Өйткені алаштық интеллигенцияның бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты қызметін баяндау үшін олардың қолында қажет деректік материалдар жоқ болатын. Оңдай материалдарды «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінен ғана алу мүмкін еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан бастап патша үкіметінің «Қазақ» газетіне қарсы қысым жасау әрекеті одан сайын күшейе түсті. Ауыр отарлық езгі, Столыпин реформасы салдарынан жер үшін күрестің шиеленісе түсуі, шаруашылық дағдарысының тереңдеуі, саяси-әлеуметтік құқықтың жоқтығы, міне, осындай жағдайда «Қазақ» жалпы-ұлттық мәселелерді көтеріп, сол үшін күресті. Газеттің жалпы-ұлттық басылым ретінде ерекшелігі де, әлеуметтік шектеулігі де осы қырынан көрінген. Сондай мақалалардың қатарына «Қазақ» газетінің 1914 жылғы №78-ші санында жарық көрген «Алашқа»; №79-ші санында басылған «Ресейдегі ұйымшылдық» деген мақалаларда патша үкіметіне қарсы үгіт-насихаты бар, отаршыл саясатқа қарсылық білдірген деген себептермен газеттің редакторы А.Байтұрсыновты екі жылға жер аудару үкімін шығарған. Газеттің №91-ші санында орыс тілінде басылған «Бұл қалай?» деген мақала үшін 50 сом айыппұл төлесін, немесе редакторы екі ай түрмеге қамалсын деп бұйрық шығарған. Газеттің осы жылғы №80-ші санында басылған «Закон жобасының баяндамасы» деген мақаласы үшін Орынбор генерал-губернаторы Ахметке 1500 сом айыппұл, немесе үш ай түрмеге жабуға үкім шығарған. Жоғарыда көрсетілгендей небір жалынды мақалалар соңғы тасқа басылар сәтінде қиылып, басылмай қалған. Көптеген өткір мақалалардың бетіне «басуға тыйым салынған» деген бұрыштамалар қойылып, орындары ашық қалған. Патша үкіметі «Қазақ» газетін 1913 жылдан 1914 жылға дейінгі аралықта 26 рет тұтқындап, редакторына зәбір көрсеткен, үстінен жала жапқан өтірік арыздарды ұйымдастырған. Атап айтқанда, 1914 жылы 23 қазанда Орынбор губернаторына арыз келіп түскен. Оның мәтіні мына-

дай: «Қазак» газетін шығарушы Ахмет Байтұрсынов һәм Міржақып Дулатов өздерінің агенттері һәм школдағы шәкірттері аркылы казак халқын үкіметке қару-жарақпен қарсы тұруға құтыртып жатыр. Ресейге қараған күннен бері орыс үкіметі казакқа пайдалы закон шығарып көрген жоқ. Түрік пен неміс орысты жеңіп тұр, қамтама қалмаңдар, кезі келді, қимылдап қалыңдар»- және: «казак Россияға қарағаннан бері орыс үкіметі казакқа пайдалы закон шығарып көрген жоқ, казакты жұрт екен демейді, жерден ақымақ болып айырылдың, тағы да жаңа закон шығарғалы тұр. Ол закон шықса, казактың соры қайнайды, көзі жоғалады. Министр шығарған законге көнбе, ешкімнен қорықпа, әділетсіздікке қарсы тұр. Орынборда окитын киргизский школдың шәкірттері мейрам күндері ноғай номірлеріне түскен казактарға Байтұрсынов пен Дулатовтың пікірлерін таратуда, соған өте қайғырамыз. Елге шыққан шәкірттер де осылардың пікірін халыққа жайып, үкіметке қарсы құтыртуда. Шәкірттердің ата-аналары балаларын газетші қылу үшін һәм үкіметке қарсы сөз жүргізу үшін оқуға бермейді, бірақ Байтұрсынов пен Дулатов олардың бұл ізгі тілектерін керек қылатын емес, жастарды аздырып барады. Байтұрсынов абақтыға түсті дегенде қуанып едік, енді мұндай зиянды газет тоқтатылады екен ғой, халықты һәм балаларымызды бұзбайды екен ғой деп едік. Бірақ Самарадан бірінші Г.Думаның ағзасы Әлихан Бөкейханов келіп Байтұрсыновты шығарып алыпты. Бөкейханов казак халқын масқара қылып, Выборгскі воззваниесіне қол қойған адам еді. Біз таң қаламыз, казактың жоғары дәрежеде оқу бітірген зиялылары неге бұған қарсы тұрмайды екен, әлде «Қазак» газетін оқымай ма екен. «Қазак» шыққан уақытта зиянды пікірі үшін университетский чиновник Қаратаев Байтұрсыновтың сыбағасын бір берген екен. Енді сол кісіні өсектеп жүр дейді. Сол Қаратаев неге үндемейді екен, тиісті орындарға білдіруі керек еді ғой. Біз «Қазак» газетінен өзіміз үшін һәм балаларымыз үшін аса қорқамыз. Төменшілік жүзінен өтінеміз, Ахмет Байтұрсыновты һәм Міржақып Дулатовты Орынбордан айдап жіберсеңіздер екен. Мұндай зиянды адамдар Орынборда тұрса, казакпен һәм казак жастарымен араласпай тұрмайды. Қол қоюшылар Ғали Алдабергенұлы, Садық

Бекенұлы.» деген мазмұнда болған. Шағымды орыс тілінде жазған. Тексере келгенде, арызда көрсетілген адамдардың есімдері жалған болып шыққаны анықталған. Бірақ, арызды орысша жазған Қаратаевтардың біреуінің баласы болып шықты деп газеттің өзінде айтылған. Аталған арызға байланысты 1916 жылы 12 тамызда Орынбор мекемесінің жандарм бастығы Кашинцев Орынбор губернаторына құпия хабарын былай деп жіберген: «Орал губернаторының жеделхаты бойынша «Қазақ» газетін шығарушы Ахмет Байтұрсыновтың үкіметке қарсы істері жөнінде мағлұмат беремін: «Ахмет Байтұрсынов 1909 жылы Қарқаралыда үкіметке қарсы іс істегені үшін түрмеге жабылған адам. Министрдің жарлығы бойынша екі жылға жер аударылған. 1905 жылдан бастап Байтұрсынов қазақты құтыртқан, алым төлеме, недоимка берме, 15-тен жер алма, үкімет еш нәрсе қыла алмайды деп. Орал губернаторының жедел хатында Байтұрсынов 25 июнь жарлығына қарсы қазақты құтыртты дейді, бірақ ол 25 майдан август басына шейін Торғай уезінде мал есебін алып жүрді, Торғай уезінде ондай іс істегені естілмейді». Бұл деректен анықталғаны «Қазақ» газетінің үстінен жазылған жала-шағымдардың бәрі де осындай мазмұнда болған. Әрине олар «жәбірді жаудан көрген жоқ жақыннан көрді. Оларға ең қиын жанына батқаны жаудың жақыннан шыққаны болды», жаудың өзге ұлт өкілдері емес, «өз бауырларымыз» екендігі ашындырды. Кезінде газетке салынған 50 сом, 1500 сом, 3000 сом айыппұлдардың бәрі де «өз бауырларымыздың» ұйымдастырған осындай шағымдарының арқасында салынған. Мәселен, 1914 жылы қыркүйек айында Орынбор генерал-губернаторы Сухомлиновтың атына Қали Нұрымов, Досым Жүсіпов және басқа бір топ адамдар қол қойған арыз түсіп, онда арыз иелері А. Байтұрсынов пен М. Дулатовқа және олармен пікірлес Орынборда тұратын сот хатшысы Қыдырбаевқа, тілмәш Балғымбаевқа түрлі қисынсыз кінә тағып, «бұлар бізді жаңа бас-талған соғыста немістер жеңіп шығады, өйткені оларға ешкімнен жеңілмейтін түріктер жақтасуда, сондықтан да орыстардың тілеуін тілеудің қажеті жоқ, өйткені қырғыздар орысқа бодандыққа өз еркімен өткен емес, қырғыздарды жерімен қоса орыс үкіметіне сатқан қырғыз ақсүйектері деп үйретіп жүр», - дегенді

айтқан. Бұл арызбен танысқан Сухомлинов жандарм бастығы Бабичке Байтұрсынов пен Дулатовтың үстінен бақылауды күшейте түсуді тапсырады. Ал Бабич арызға қол қойған адамдардың қайда тұратындары анықталмағанын, ол жайында көрсетілген фактілердің жалған екендігін мойындауға мәжбүр болған. Бұл «Қазақтың» үстінен жазылған көп арыздардың бірі ғана еді. Егер, газетте бұрын жарық көрген мақалалар арасында күдік туғызғандары орыс тіліне аударылып, оның ресми жүйе үшін қаншалықты қауіпті екенін анықтаған болса, енді Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылуына байланысты газет материалдарын алдын ала әскери цензурадан өткізген. Әскери цензурадан өткен мақалалар бетіне «Әскери цензура рұхсат етті» деген бұрыштамалар соғылған. Осы іс-шараға байланысты газеттің № 76-ші саны бас мақаласыз, орны бос шыққан. Мақала орнында «Басқармадан болған себептермен бас мақала басылмай қалды» деп жазуларына тура келген. 1914 жылдың жазында басталған соғысты жүргізуші күштердің мақсат-мүддесін қазақ зиялылары жақсы түсінді деп айтуға болады. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында Ресей мұсылмандары үшін елеулі саяси оқиғалардың бірі соғыс зардабын шеккен Карс облысындағы мұсылмандарға жәрдем ұйымдастыру шарасы болды. Жәрдем ұйымдастырудың орталық штабы Баку қаласында құрылып, оның қоғамдық бөлімшелері басқа қалалар мен елді мекендерде ашылып, «Иаңы иқбал», «Уақыт», «Қазақ» сияқты басылымдар бұл шараның ұйымдастырушы үніне айналды. Сондай жәрдем комитеті 1915 жылдың ақпан айында Орынбор қаласында да дұрылып, оның құрамына мүше болып А. Байтұрсынов енеді. Осы қоғамдық ұйымның құрылуына байланысты «Қазақ» газетіне жазған мақаласында А. Байтұрсынов «басқа мұсылмандар жаны ашып, жәрдем айтып жатқанда, үйі күйгенді жылулайтын, малы өлгенге қызыл көтеретін, ағайыншылық жүзінде қайырымы көп біздің қазақ, бұл турада да салтын істемей қарап тұрмас деп, ағзалықты қабыл еттім деп, еліне мынадай сөзібен қайрылады: «Таланып, шабылып, бар мүлкінен айрылып, аш, жалаңдп отырғандар жері жырақ болғанмен қаны жақын, діні бір қарындастарың. Әлдеқайдағыны айтып, аяушылық етіп отыр демеңдер. Аз-көп демей, жәрдем ету, әуелі адамшылық, екінші

ағайыншылық міндеттерің. Біреуіңіздің берген 5-10 тиыныңыз бір адамды бір күн аштықтан құтқармақшы». Міне, осы кезден бастап «Қазақ» газеті күнделікті нөмірлерінде Карс мұсылмандарына жәрдем ұйымдастыру барысын үзбей жазып, оқырмандарына есеп беріп отыруды дәстүрге айналдырды. Газеттің әрбір санында жәрдем берушілердің аты-жөні, жіберген жәрдем көлемі жазылып отырды. Газет жүзінде басылған олардың ұзын саны ондаған мыңмен саналатын еді. 1916 жылғы патша үкіметінің маусым жарлығына қарсы халық наразылығының күшеюіне байланысты «Қазақ» газеті мен оның шығарушыларына деген қысым күшейе түсті. Өршіген халық наразылығының басында «Қазақ» газетін басқарушылары А. Байтұрсыновпен М. Дулатовтың тұрғанынан еш күмәні болмаған патша шенеуініктері олардың үйлерінде тінту жүргізген. Бірақ, А.Байтұрсыновтың әрбір ізін аңдыған Орынбор губерниясының жандарм бастығы 1916 жылы 12 тамызда Орынбор губернаторына жолдаған мәліметінде: «...біз анықтағандай, А.Байтұрсынов 23 мамырдан бастап Орал-Торғай көшпенділер кеңсесінің тапсырмасы бойынша Торғай уезіне мал санын алуға іс-сапарға кеткен. Тек тамыз айының басында ғана оралады» деп хабарлаған. Әрине, бұл тінтулер мен аңдулар жандарм бастығына айтарлықтай нәтиже бермеген. Халқымыздың тарихында әлі күнге дейін толық шешімін таппай келе жатқан ақтандақтардың бірі - патша үкіметінің 1916 жылғы бұратана халықтардан солдат алу мәселесі. Газет халықты патша үкіметінің жарлығына қарсы шығуға емес, керісінше босқа қан төкпей жарлықты орындауға шақырған. Газеттің бұл бағытын патша үкіметі амалсыз мойындады. Ахметті тұтқындауға себеп таба алмай Орынбор губерниясының жандарм бастығы былай деген: «...бұратана халықтарын тылдағы қара жұмысқа алу барысындағы жұмысқа байланысты «Қазақ» газеті әдептілік танытты. Сондықтан газеттің редакторы А. Байтұрсыновқа қарсы қылмысты іс қозғаудың қажеттілігі жоқ деп таптым». Бұл келтірілген деректер газеттің әр мақаласы қандай қиыншылықтармен басылып шыққанын көрсетеді. Алаш азаматтары газет бетінде Дума кеңесінде қаралған басты мәселелерді, әртүрлі партия өкілдерінің баянсөздерін қысқа түрінде беріп, мемлекеттік банк-



тердің құқығын арттыру, табысқа қарай салық салу, босқындарға жәрдем, екінші разряд ополчиндерін соғысқа алу жағдайлары туралы хабарлап отырған. Жалпы алғанда, «Қазақ» газеті Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз тарихында ең шоқтығы биік басылым болған. Оған апталықтың ұстанған жолы, мұрат-мақсаты шын мәнінде «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола білген қызметін айта келіп, өзге басылымдарға қарағанда, барынша ұзақ мерзімді әрі жиі шығып тұрған басылым болған. Сонымен бірге таралымы мол және таралым аймағының кең болғаны оның құндылығын арттыра түскен. Газеттің қазақ даласына ғана таратылып қоймай, шет елдерге де кең жайылған. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін газет алушылардың саны күрт өсіп, өзінің шарықтау шегіне жеткен. Газетке жазылушылар санының осынау дәрежеге көтерілуі, оған деген сұраныстың артуы Ахметтің қажырлы қызметімен байланысты. 1917 жылы 15 наурызда Орал уезінің Қарашығанақ қазақтары жиналыс өткізіп, онда оқырмандар қаулы қабылдаған. Қаулыда: «Қазақ» газеті тым болмаса, жұмасына үш рет шығаруды лайық көреміз» деген өтініш-тілектер, сұраныстар редакцияға Ахметтің атына көптеп келіп жатты. Халық сұранысын ескеріп, Ахмет 1917 жылдың 1 сәуірінде Орынборда өткен қазақ халқының тұңғыш съезінде аталған мәселені талқыға салған. Бірақ «Қазақ» газетін екіден көп шығаруға редакция қызметкерлерінің мүмкіншілігі келгенімен де, әріп терушілер мен қазақ әріпінің жетіспеушілігі қол байлап, кедергі болған. Төңкерістік комитеті құрылғаннан кейін Бөкей Ордасынан Ұлттық Халық Комитетінің қазақ бөлімшесі Орынборға көшірілді және Төңкерістік комитетінің баспасөз ұйымын құру жоспарланды. Орынборда көп ұзамай Төңкерістік комитеті ұйымдастырған қазақ ұйымдары мен қайраткерлерінің біріккен мәжілісі өтті. Оған комитет мүшелері А.Байтұрсынов, А.Меңдешов, Ә.Бөкейханов, Бегімбетұлы, Ш.Бекмұхаметов, ақпарат бөлімінің меңгерушісі А.Оразбаева, Әскери істер жөніндегі Өлкелік комиссариаттан Б.Меңдешов пен Өтегенов қатысқан. Бұл мәжіліске А.Байтұрсынов төрағалық еткен. Осы отырыста «Қазақ» газетінің баспаханасында қазақша әріптері жетіспейді деген сылтаумен баспахананы түгел құрал-жабдығымен қайтарып алған.

Бұдан кейінгі тағдыры зерттеушілерге біршама мәлім. «Қазақтың» баспаханасынан бір жылдай «Ұшқын», артынан «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ», «Социалистік Қазақстан» ең соңында «Егемен Қазақстан» газеттері шығып тұрған. Патшалық Ресей үкіметі тұсында небір «тар жол, тайғақ кешуді» басынан өткізгеніне қарамастан үзіліссіз шығып тұрған газеттің біржолата жабылып қалуы билік басына большевиктердің келуімен байланысты болды. Омбы Атқару комитеті 1918 жылы 4 наурызда Орынбор Совдепіне «Алаш» партиясының ұйымы «Қазақ» газеті Кеңес үкіметіне қарсы, теріс пиғылдағы басылым болғандықтан жабылсын» деп шешім қабылдаған бұйрықты жеделхатын жіберген. Бұл үкім шыққан кезде газет большевиктердің ылаңынан 17 қаңтардан бастап уақытша тоқтап тұрған болатын. Алты айдан астам уақыт кідіріс жасап, газеттің кезекті № 261-ші саны 23 шілдеде қайта жарық көрді. 16 қыркүйекте ең соңғы №265-ші санында Кеңес үкіметінің газетті біржола жапқандығы туралы бұйрығы шыққан. «Қазақ» газеті өз ғұмырында 1913 жылдан бастап жабылғанға дейінгі уақыт ішінде 265 санын шығарып үлгерді.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. I орыс революциясы кезінде қазақтар неге патша өкіметіне петициялар жазды?
2. Патша әкімшілігі қазақ зиялыларын қудалаудағы себебі неде?
3. «Қазақ» газетін қазақ зиялылары қандай жағдайда ашты?
4. Патша өкіметі Ресейдің мемлекеттік Думаларына қазақ даласынан өкілдер сайлануға неге тыйым салды?

## **§14. XX ғасырдың бас кезіндегі түрік-мұсылман қозғалысының азаттық күреске тигізген әсері**

- 1. Сыр өңіріндегі азаттық күрестің түрік-мұсылмандық қозғалысқа тартылуы**
- 2. Жетісудің жергілікті халықтарының азаттық күресі және түрік-мұсылман қозғалысы**

1. Қазақстанның бүкілресейлік шаруашылық айналымына енуі оның сан-салалы өмірін түбірлі өзгерістерге әкеп соқтырды. Қоғамдық-экономикалық қатынастарға айтарлықтай жаңалықтар ене бастады. Патша өкіметі қазақ даласын, яғни, бүкіл Орталық Азияны тікелей аграрлық шикізат көзі мен өз тауарлаын өткізетін рынокқа жедел қарқынмен айналдыра бастады. Осы зымиян саясатқа қарамастан Ресейге Шығыстағы ұлт аймақтарының қосылуы оардың экономикалық және мәдени дамуын жылдамдатты және олардың капиталистік қатынастарының иіріміне түсуіне ықпал жасады. Қазақ даласындағы халықтардың, соның ішінде Сырдария облысы тұрғындарының өмірінде, олардың Ресейге қосылу үрдісі аяқталған соң, айтарлықтай өзгерістер орын ала бастады. Бұл өзгерістер, атап айтқанда, бұл өңірге Орталық Ресейден қоныс аударушылардың лег-легімен келе бастауынан, егіншілік пен сауданың дамуынан, өнеркәсіп орындары мен теміржол құрылысының пайда болуынан, көшпелі қазақтардың отырықшылыққа көшу нышандарынан, қазақтар мен басқа да жергілікті халықтардың дәстүрлі шаруашылықтары мен әдет-ғұрыптарына жекелеген жаңалықтардың енуінен және тағы басқа да көріністерден анық көрінді. Дегенмен бұл уақыттары Ресей империясы өңірге толық орнығып алғаннан кейін оны мәдени-рухани жағынан отарлау шараларды жүзеге асырып, «Мұсылмандардың ым-жымын білдірмей, мүмкіндігінше көзін құрта беру керек», -деген құйтұрқы бағытты ұстанған патша өкіметі озбыр оташылдық саясатын бұрынғыдан да қарқынды жүргізді. Отарлаушылардың мұсылмандардың мемлекеттік рухын қалайда жою ниетінде, олардан ұлттық санасын тұмшалап, дінінен, тілінен, дәстүр-салтынан айыру бағытындағы ұйымдастырылған шараларды іске асыруға ұмтылды.

Алдымен мұсылман халықтарын түгелдей шоқындырып, орыстармен сіңістіріп жіберу мәселесіне шешуші мән берді. Патша өкіметі отарлау үрдісі барысында орыс-православиялық үстемдікке қарсы ислам дінінің қорғаныс-ұйытқылық, рухани-қарсылық ұйымдастырушы күш міндетін атқаратынын жақсы түсінді. Сондықтан да ислам дінінің мұсылман халықтарының өміріндегі ықпалын әлсіретіп, соңынан оны жоюға үлкен ынта қойды. 1868 жылы қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігі қарауынан шығарылып тасталғанда осы мақсат көзделі. Орыстандыру, шоқындыру ісі патша өкіметінің жер және оқу-ағарту саласындағы саясатымен де тығыз байланыстырылды. Осылайша империядағы мұсылман халықтары, соның ішінде қазақтар орталық саясат нәтижесінде жері мен елдігінен айырылып, мәдениеті мүшкіл халге түсті. Мұндай ауыр жағдай Ресей империясындағы бүкіл мұсылман халықтарының наразылығын тудырып, отарлауға қарсылығын күшейтті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына қарай пайда болған мұсылмандық қозғалыс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарай жауап ретінде дүниеге келіп, бүкіл Ресей империясындағы ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түрік тілдес мұсылман халықтарының саяси күштерін отаршылдыққа қарсы тұтас бір майданға біріктіру жолында қызмет жасады. Жалпаресейлік деңгейде өткен бұл қозғалыстың негізін түрікшіліктік және исламшылдық қорғанушылар идеологиясы атқарды. Осы тарихи кезеңде Ресей империясында жалпытүріктік азаттық идеясының күш алуына татар және башқұрт зиялылары зор үлес қосты. Өйткені орыстық отарлық езгіні ең алдымен басынан өткерген, сондықтанда онымен күресудің жолын терең меңгерген және осы бағытта біраз тәжірибе жинақтаған осы халықтардың өкілдері болып табылды. Исмаил Гаспринскийдің «Тарджиман», Фатих Каримовтың «Вақыт» газеттері, татар зиялылары ұйымдастырған баспаханалар, олар бастап берген жаңа әдістік (жәдидтік) оқыту белгілі дәрежеде жалпытүріктік азаттық идеясының қайта жаңғыруына қызмет жасады. Мұсылманшылдық қозғалыстың дамуына әсер еткен негізгі себептердің бірі – патша өкіметінің мәдени-рухани жағынан отарлау саясаты болды. Яғни, патша өкіметі 1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқын шоқын-

дыру, со арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады. Осы жолда 1865 жылы қасиетті Синодтың ұйымдас-тыруымен «Православиелік миссионерлік қоғам» құрылады. Қазан қаласында 1869 жылы қоғамның I сиезі өтіп, оның жар-ғысы қабылданады. Онда «Православиелік миссионерлік қоғам-ның» алдына қойған басты мақсаты – Ресей империясындағы христиан емес халықтарды православиеге көшіру (шоқындыру) және шоқынғандар арасында христиан өмірінің салт-дәстүр-лерін нығайта беру керектігі насихатталады. Құрылған күннен бастап өзінің миссионерлік саясатын пәрменді түрде жүргізген «Православиелік миссионерлік қоғам» 1894 жылға дейін импе-рия көлемінде 200 мыңнан аса адамды шоқындырады. Жаулап алынған бұратана халықтарды шоқындырумен қатар, патша өкіметі ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб алфавитін орыстың кириллицясына көшіру мәселесі ойластырылады. Бұны жүзеге асыру үшін көптеген миссионер ғалымдар жылдар бойы еңбек етіп, қазақтарды кириллицяға көшірудің дайындық жұ-мыстарына кіріседі. Жалпы түрік тілді халықтардың жазуын орыс алфавитіне көшіру туралы ережені 1906 жылы 31 наурызда өткен мәжілісте II Николай патшаның өзі қабылдатады. Алайда патша өкіметі сол уақыттағы Ресей империясында болып жатқан саяси-әлеуметтік қиыншылықтарға байланысты орыс алфавитін бірден жүзеге асыруды кейінге қалдырады. Оның есесіне олар бұратаналардың бойын біртіндеп үйрету үшін орыс алфавитін ресми құжаттар мен мектеп оқулықтарында қолданумен шек-телу қажет деп табады. Сонымен қатар патша өкіметі «орыс-түзем» мектептері арқылы отарлауды жалғастырып, жастарды бірден орысша оқытып, оны ұлттық тарихтан айыра отырып, өздерінің отарлау аппараттарына қажетті мамандар даярлау ісіне баса назар аударады. Отаршылдардың ерекше мән берген келесі мәселелерінің бірі баспасөз арқылы миссионерлік идеяны таратып, насихаттау үшін арнаулы зерттеу жинақтарын, газет, журналдар, аударма кітаптар шығарумен айналысты. Мәселен 1860-1917 жылдар арасында қазақ тілінде православие дінінің 72 кітабы аударылып, таратылған.

Патшалық Ресейдің мақсатын сезінген халық, соның ішін-де қазақтар патша өкіметінің орыстандыру мен шоқындыру сая-

сатына қарсы күреске аттанады. Яғни, Ресей империясы құрамындағы мұсылмандар ой-санасын еркіндік үшін күреске бағыттайды. Осындай жағдайда Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресті бастайтын жаңа тұрпатты қоғамдық-саяси әрі әлеуметтік күш қажет болды. Мұндай күш – алғашында ана тілінде сауат ашып, өз ұлтының тарихы мен ұлттық ерекшеліктерін жете меңгерген, кейіннен орыс оқу орындарында білім алып, патшалық отарлау аппаратында қызмет жасаған, түрік халықтарының зиялылары еді. Міне осы кезеңнен бастап өздерін «жәдидтер» деп атаған жаңа идеологиялық мәдени-ағартушылық бағыттағы қозғалыс дүниеге келеді. Жәдидшілердің ағартушылық реформалары қоғамдық өмірде өз орнын алған феодалдық тәртіп пен патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Олар баспасөз беттерінде: «Біз мұсылман халықтарының өзінің завод, фабрикаларымен қатар дамыған оқу орындары болып, олардың ерікті, әрі өркениетті, болғанын қалаймыз»-деп басқа елдер секілді тәуелсіз өмір сүруін аңсаған. Ал патша өкіметі болса бұл идеяға қарсы шығып, «мұсылмандар еуропалық өркениетке тек орыстанып барып, жете алады»-деген пікірде болды. Жәдидшілдер бұл пікірге қарсы шығып, ұлттық болмысын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына жете алатындығын дәлелдеуге тырысты. Яғни отарлық езгідегі түрік тілдес мұсылман халықтарының ерікті, өркениетті болуын, басқа азат халықтармен тең тұруын қалады және олардың қызметі үш бағыттан тұрған: жаңа оқу әдісіндегі жәдидтік мектептер ашу арқылы ұлттық рух пен санасезімді көтеру; дарынды, жігерлі жастарды шетелдерде оқыту, қайырымдылық қорларын құру және ұлттық басылымдар шығару арқылы мықты саяси партия құруға әзірлеу. Жәдидшіл ілімнің негізін Маржан қаласында дүниеге келген Шаһабуддин Бағауиддинұлы қалайды. Ол араб, парсы, түрік елдерінде болып, отанына қайтып келген соң жәдидтік бағыттағы Қазаннан «Ғалия» медресесін ашады. Ш.Маржанидің жолын ұстанған баспагер Каюм Насыри мен Исмағұл Гаспралы оны одан әрі дамытып, орыс езгісінен құтылу жолында бүкіл ислам әлеміндегі рухани тұтастықты пайдалана отырып, тарихи тұтастыққа қол жеткізу үшін күрес жүргізеді. Яғни, бүкіл түрік халықтарын

оятуға, өткен тарихы арқылы өзін танытуға, ортақ мүдде жолында тұтас түрік қозғалысын ұйымдастыру жолында аянбай еңбек етеді. Әсіресе Исмағұл бек Гаспралы түрікшілдіктің басында тұрады. Оның жәдидтік ілімі қазақ даласында мешіттерде дәріс берген шәкірттері арқылы тарады. Патшалық Ресейдің саяси, экономикалық, әлеуметтіке және мәдени-рухани отарлауына қарсы азаттық қозғалыстың татарлар арасында қалыптасуы заңды құбылысқа айналып, ерте отарланған татар ұлтының зиялылары жаңаша күрес бағытын қалыптастыруда зор рөл атқарды. Сондықтан да патша өкіметі татарлар мен қазақтарды араластырмауға барлық күшін салады. Әсіресе, татарлар барлық жерде қатаң бақылауға алынып, олардың емін-еркін жүріп тұруына, қазақ жеріне келуіне барлық кедергілер жасалды. Сондай-ақ, ресейдің отарлық саясатына қарсы бағытталған азаттық қозғалыстың бастаушы ұлт зиялыларының түрікшілдік бағыт ұстануына ұлы түрік рухының өлмегендігі, ғасырлар қойнауынан бері қарай түрік халықтарымен бірге жасасып келе жатқан азаттық ойдың санада сақталып келе жатқандығы негіз қалады. Түрік халықтарының, оның ішінде қазақ халқының отарлық езгіге түсіп, күйзелген дәуірде олардың арасында бұрынғы азаттығы мен ұлы мемлекет болып тұрған кезеңді аңсау, ерлікті дәріптеу, өткенді мадақтау өріс алды. Жәдидтік мектептерге мамандар даярлауда Уфадағы, Орынбордағы және Қазандағы медреселер елеулі рөл атқарып, қазақ даласында екі бағыт арқылы – Орынбор және Түркістан өлкесі молдаларының мәдени-ағартушылық қызметімен таралды. Соның ішінде Түркістан өлкесінің түрікшіл жәдидтері үлкен үлес қосты. Қазақ даласында мектептер ашқан татарлар қазақ балаларын патша өкіметіне қарсы тәрбиелеп отыр деген желеумен елден қуып, олардың қазақтардың арасына келуіне шек қояды. Бірақ патша әкімшілігі қазақ халқының ұлттық сана-сезімнің оянуын барынша тұншықтыруға тырысып, жәдидтік қозғалысқа қарсы күресте өзінің барлық күшін жұмылдырғанымен одан елеулі нәтиже шығара алмайды. Оның көрінісін ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында ашылған жәдидтік ұйымдардың қызметінен көруге болады. Мұндай ұйымдардың бірі «Жамиғати мағариф» (Ағарту қоғамы) еді. Аталған ұйымның бөлімшелері Қазақстанның бірнеше қала-

ларында, соның ішінде Перовскіде ашылып, жұмыс жасады. Ол мектептер мен медреселерде оқитын қазақ жастарына жәрдем беріп, әр түрлі кітаптар шығарып, оны таратқан. Түркістан өлкесіндегі түрікшілікті қозғалысынның негізін қалауда Мүнәууар қари Абдурашидханов зор рөл атқарады. Ол 1901 жылы Мүнәууар қари өз ауласында Ташкент махалласындағы алғашқы жәдидтік мектебін ашады. Жәдидтік білім алуды қолдамайтын орыстар бұл мектепке балалардың баруына барынша кедергі жасайды. 1908 жылы Мүнәууар қари Шұхрат атты газет шығарып, Ресей империясындағы басқару жүйесін ұнатпайтындығын ашық білдіреді. Онда ол «Біздерді, мұсылмандарды, тұтқын шынжырынан азат ету үшін бір-ақ нәрсе қажет. Ол біздерді және балаларымызды ағарту». Сонымен қатар «Шұхрат» газетінің қызметкерлері Мүнәууар қари басшылығымен темір жол жұмысшыларының комитеттерімен тығыз байланыс орнатып, патша үкіметіне қарсы листовкалар мен ұрандар таратады. Осыған байланысты патша өкіметі газетті жабады. 1913 жылы ақпан айында молда Абдул-Мәлік-қожа Абдунабиевтің пәтерінде «панисламуистердің» жиналысы өтіп, онда Ресейден азаттық алу үшін жүргізілетін күрес тәсілдерін талқыланады. Оған Мүнәууар қари да қатысады. XX ғасырдың басында Мүнәууар қаридың әрекетін Абдулла Ауляни, Убайдолла Қожаев, Кәмілбек және Кәрімбек Нәрбековтер, Тасболат Нарботабеков және тағы басқа да жәдидтер қолдайды. Олар 1909 жылы тамызда Сырдария облысындағы материалдық және рухани көмекке мұқтаж мұсылмандарға қаржылай көмек көрсету мақсатында Ташкент қаласында «Көмек» мұсылмандар қоғамын құрып, сол жылы өз Жарғысын бекітеді. Жарғы бойынша қоғам Сырдария облысында өз бөлімшелерін ашады. Қоғамның құрылтайшыларына Ташқожа Тұяқбаев, Низан-Қары Молда Хусайнов, Мола Абдулла Авлянов, Мүнәууар қары Абдурашидханов, Баширулла және Асадулла Ходжаевтар кіреді. Осы аталған жәдидшілердің бастамасымен XX ғасырдың басында Сырдария облысында жаңа әдісті мектептер көптеп ашыла бастайды. Олардың арасында Әулиеата қаласында «Шамсие» мектебі, Қазалы қаласында «Хусаинов» татар мектебі, Перовскі қаласында ашылған «Шаги Ахмет Валиуллинов» атты жаңа әдісті мектеп және тағы



басқа мектептер мұсылмандардың балаларына білім берген. Ал жалпы Сырдария облысында білім берген жәдидшіл мектептердің санына келетін болсақ, 1914 жылға дейін 16 жаңа әдісті мектеп жұмыс істеп, онда 1650 шәкірт білім алған. Атап көрсетсек, Әулиеата қаласында 2 жаңа әдісті мектеп, Перовскіде 3 мектеп, Қазалы қаласында 3 мектеп, Шымкент қаласында 2 мектеп, Түркістан қаласында 1 жаңа әдісті мектеп болған. Орыс әкімшілігі жаңа әдістегі мектептердегі кез-келген кемшіліктерді сылтауратып, оны жауып тастап отырды. Кез келген ірі қоғамдық-саяси қозғалыс басшыларының әрқайсысы мүмкіншіліктеріне сай атқарған міндеттеріне байланысты қозғалыс тарихында алатын орны болатыны белгілі. Ресей империясындағы түрік тілдес мұсылман халықтарының азаттық қозғалысындағы саяси күштерін біріктіру мәселесін алғаш Ә.Ибрагимов (Рашид Қазы) еді. Ол отаршылдық тауқыметін тартып жатқан түрік тілдес мұсылман халықтарының талап тілектерін тұжырымдап алу үшін, әрі олардың саяси әрекеттерін бір ізге түсіру үшін алдымен жалпыресейлік деңгейде мұсылман съезін өткеру керек деп санап, өзінің бұл жайлы пікірлерін насихаттады. Мұнан соң бұл істі жүзеге асыруға Ю.Акчура белсене кірісіп, 1905 жылдың көктемінде Петербург қаласында мұсылмандар мәжілісін өткеруді қолға алады. Осыған орай ол татар, қазақ, әзербайжан, өзбек, башқұрт секілді тағы басқа да түрік тілдес мұсылман халықтардың белсенді деген зиялы азаматтарына жеделхат жолдап, оларды Петербургте өтетін мұсылмандар мәжілісіне қатысуға шақырады. Түрік тілдес мұсылман халықтарының саяси күштерін біріктіруде Юсуф Акчураның бірінші орыс революциясы жылдары атқарған қызметін М.Шоқай жоғары бағалап, ол жайлы 1935 жылы «Яш Түркістан» журналында былай деп жазғанды: «...ол кезде біздер бала болатынбыз. Ол кезде біздердің құлағымызға Ресей төңкерісінің күркіреген үні, сарыны ғана естілетін. Есейе келе алдыңғы буынның басып өткен жолдарымен таныс бола бастадық. Солардың арасында Юсуб бектің тұлғасы бізді айрықша қызықтыратын. Бұл күнде романтикалық болып көрінетін түрік ұғымын ол кездегі біз сияқты жастардың алдында Юсуб бектің тұлғасы тұрар еді». 1905 жылы 8 сәуірде Петербургте мұсылмандардың мәжілісі өтіп, жалпыресейлік

мұсылмандар съезін тамыз айында Нижний-Новгород қаласында өткізу туралы шешім қабылдайды. Съез жасау жөніндегі хабарлар жеделхаттар арқылы және Петербургке патшаға петиция тапсыруға келген мұсылман халықтарының өкілдері арқылы жер-жерлерге шақыртулар жіберілді. Оның арасында Қазалы уезінен келген қазақтарда болып, бұл делегацияның құрамында С.Лапин, И.Әбуов және М.Оразаев кіреді. 1905 жылы қазақ даласының барлық аймақтарында жазылған петициялардың мазмұнымен тағысу олардың сол кезеңдегі қазақ қоғамының өмірлік мүддесінен туындаған жалпы демократиялық сипаттағы құжаттар екендігін, сондай-ақ бұл петициялар қазақ халқының ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы бағытталған азаттық қозғалысында ерекше көрініс болғанын көрсетеді. 1905 жылы 12 тамызда жалпыресейлік мұсылман съезіне Түркістаннан, соның ішінде Сырдария облысынан, Сібірден, қазақ даласынан, Қырымнан, Кавказдан жіберілген өкілдер жиналып, барлығы 150-ден астам адамдар қатысады. Съезге И.Гаспринский төрағалық етсе, оны Ә.Топчибашев ашып, былай дейді. «Уа дінге берік бауырлар! Осы күн мәңгі есімізден шықпас. Бұл күн бұдан соң да Ресей мұсылмандарының жыл сайынғы ұлттық мейрамдарының бірі болатынына шүбә келтірмеймін. Біз тегіміз, дініміз, тағдырымыз бір түрік балаларымыз». Ресей мұсылмандарының тұңғыш съезін сөз сөйлеп ашқан Әлимардан бек Топчибашев сол тарихи кезеңде түрік бірлігі идеясы мен исламшылдық аясында елдегі түрік тілдес мұсылман халықтарын біріктіріп, олардың азаттық қозғалысына тың серпін береді. Бұл съезде Ресей мұсылмандарының азаттық қозғалысын бір арнаға түсіруді көздеген саяси партия құру жөнінде шешім қабылданады. Оның бағдарламасы мен жарғысын қабылдау келесі кезекті съезге қалдырылғанды. Ресей мұсылмандарының кезекті съезі 1906 жылы қаңтардың орта тұсында өтетіні туралы хабар қазақ зиялылары арасына да жеткізіледі. Қазақтар өздерінің өкілдерін Петербургте өтетін екінші жалпыресейлік мұсылман съезіне аттандыру үшін халық арасынан қаржы жинайды. Мәселен, Сырдария облысы әскери-губернаторына сол кезде келіп түскен мәліметтерге қарағанда қазалы уезіндегі, сондай-ақ Әмудария бөлімшесіндегі қазақтар

арасына Темір уезінен бір ишан келіп, Петербургте өтетін жалпыресейлік мұсылман съезіне баратын өкілдер үшін жан-жақтан қаржы жинастырған. 1906 жылы қаңтардың 15-і мен 23-і аралығында Петербургте өткен екінші жалпыресейлік мұсылман съезіне Бөкей Ордасынан М.Ісмағұлов, Семейден З.Құлаев, Сырдария облысынан И.Әбуов пен М.Оразаев, С.Лапин қатысқан.

Түрік халықтарының өкілдерінен 100 делегат қатысқан съезд өте жасырын түрде өткізілген. Түрік-мұсылман қозғалысының келесі бір көтерілген сатысы Ресей империясының парламенті Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясының қызметінен көрінді. Бұл фракция империядағы түрік тілдес мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да ұлт-азаттық қозғалысының өршуіне елеулі рөл атқарды. Яғни, Мемлекеттік Думада мұсылман депутаттары бірлесіп жеке фракция құрып, 20 күн өмір сүргеніне қарамастан мұсылман халықтарының тағдырында терең із қалдырып, өз міндетін айқын түсініп, биіктен көріне білді. II Мемлекеттік Дума жұмысы кезінде Мұсылман фракциясын қазақ халқы өзінің бірден-бір сүйеніші ретінде бағалап, өздерінің талап-тілектерін осы фракцияға жолдап жатты. Әсіресе Сырдария облысы қазақтарының жер мәселесіне байланысты тілектері жеделхат арқылы Мұсылман фракциясына жіберілді. Өйткені Сырдария облсында жер мәселесі өте күрделі жағдайға жетіп, тым шиеленісті жағдайда жүрді. Мәселен Сырдария облысының Шымкент уезінде қоныс аудару саясатына қарсы болған қазақтар мен орыс шаруалары арасында болған қақтығыстар 1906 жылы жиілеп кетеді. Осындай қақтығыстардың ең ірілерінің бірі Шерті елді мекенінде болды. Орыс шаруаларының іргелес қоныстануына байланысты егістік алқаптарын суғаруға деген мүмкіндігінен айырылған қазақтар ашық қақтығыстарға баруға мәжбүрленеді. Қақтығысты доғару үшін Ташкенттен арнайы әскери бөлім жіберіледі. Қазақтар жергілікті әкімшілік орындарына барлық суғару жүйелерінің орыс шаруаларының қолында болуына өздерінің көңілі толмайтындықтарын білдіріп, орыс шаруаларын кері көшіріп әкету туралы талап қояды. Олар өздерінің талаптары орындалмайтын болса бұдан кейін де орыс шаруаларымен

қақтығысын тоқтатпайтынын да танытты. Қазақтардың айтқандарынан қайтпайтынын сезген уез бпстығы «тәртіпсіздікті» ұйымдастырушылар ретінде Садық Малыбаев, Бектай Жалмұхамедов, Ата Байзақов секілді бірнеше қазақты үш ай абақтыға жабу туралы бұйрық беріп, Шерті ауылына күшейтілген күзет қойдырады. Шымкент уезі бастығының қазақтар мен орыс қоныс аударушыларының арасындағы қақтығысты доғару мақсатында жасаған мұндай әрекеттеріне қарамастан қазақтардың толқуы саябырсымай, онан әрі ушыға түсті. Егістік алқаптарын суғаратын арықтардың орыс қоныс аударушыларының қарамағында қалуын қолдамайдындықтарын танытқан қазақтар ауылға қойылған күзетшілерге шабуыл жасап, олардың бірнешеуін өлтіруге дейін барады. Осындай оқиғалардан кейін Шерт ауылына жіберілген полиция қызметкерлерінің өзі де қазақтар тарапынан қысымшылық көрмейміз бе деп қорқатын болған. Сол кезеңде қазақтардың ашық толқуларға шығуына белгілі дәрежеде Хантау және Ноғай-Құрын болыстары басқарушыларының қатысы болған.

Мұның өзі патша өкіметінің қоныс аудару саясатына қарсы қазақтардың ашық әрекеттерге көшуінде қандай да бір ұйымдасушылық әрекеттер болғанын аңғартса керек. Қоныс аудару саясатының бет-пердесін ашып, әшкерлеуде Мұсылман фракциясының мүшелері парламент мінбесін де пайдаланады. Мысалы, Мұсылмандар фракциясының мүшесі Ф.Хан-Хойский Мемлекеттік Дума мәжілісінде сөйлеген сөзінде «Шет аймақтардағы халықтардың басына аштық пен қайыршылық төндірген қоныс аудару саясатының түпкі мақсаты мұсылман халықтарын орыстандыру болып табылады» деп ашық мәлімдеді. Алайда түрік мұсылмандары II Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясынан зор үміт күткенімен патша өкіметі Мемлекеттік Дума құрамындағы өзінің сенімін ақтамайтын, өзінің шеткері аймақтарда жүргізіп жатқан отаршылдық саясатына қарсы шығушылардың болғанын қаламай оны таратып жібереді. II Мемлекеттік Думаға сайланған қазақтардың ішінде Сырдария облысынан Т.Алдабергенов бар еді. Бұдан кейінгі кезеңде III және IV Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы мұсылман халықтарының мүддесін қорғауды көздеген бірден-бір

ұйымына айналып, мұсылмандық қозғалыстың ұйытқы, бағыт беруші орталығы болды. Дума жұмысынан шеттетілген қазақ, өзбек және тағы басқа да мұсылман халықтарының зиялы азаматтары мұсылман фракциясы төңірегінде топтасып, оның жұмысының қарқынды жүруіне өз септіктерін тигізіп қалуға тырысты. III Дума жұмысы кезінде Б.Қаратев, С.Лапин, А.Жанталин, Е.Оразаев секілді тағы басқа да қазақ зиялылары мұсылман фракциясына қазақтарды жерге орналастыру жөнінде және мұсылмандардың діни істері мен мекемелері жайды заң жобаларын әзірлеп тапсырды. IV Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы жанынан құрылған бюрода С.Мақсұтов, А.Салихов, Ш.Мұқамедияровтармен бірге С.Жантөрин, Ә.Бөкейханов және М.Шоқай белсенді қызмет етті. Қазақ зиялылары мұсылман фракциясының ұйымдастырған іс-шараларына қызу атсалысты. Алайда қазақ зиялыларының мұсылман фракциясымен тығыз байланыста болғанымен Түркістан мен қазақ даласында түрікшілдік идеясы тереңірек тарамды. Сондықтан өлке халқына осы идеяны кеңінен тарату мақсатында Түркиядан көптеген түрік эмиссарлары келе бастайды. Бірақ өлкеге келген түрік азаматтары жергілікті полицияның қатаң бақылауына алынды. Тіпті 1913 жылы Балқанда соғыс қимылдары басталған кезде түріктер Ресейге тек ерекше жағдайда ғана кіргізілді. Осыған қарамастан Түркістанда тұратын түрік халықтары арасында патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстары күшейтіліп, Ресейдің Балқан соғысында Түркияға қарсы соғысқан славян халықтарына көмек көрсеткенін айыптады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына орай түрікшілдік қозғалысы күшейе түсіп, Осман империясына жанашырдық сезім ұлғаяды. Түркістандағы түрік халықтары Түркия тарапынан болатын көмекке сене отырып, оған рухани және материалдық жағынан көмек көрсетеді. Ресейдің соғыстағы сәтсіздіктері оған береді. 1914 жылы қазан айында Мүнәууар қари Мәлік қожаға соғыс майданында орыстар үлкен шығынға ұшырағанын және қалыптасқан жағдайға байланысты өзінің саяси күрестегі тәсілдерін өзгертіп астыртын қимыл-әрекетке көшетінін жеткізеді. Себебі ол кезде тек Түркия ғана түрікшілдік қозғалыс орталығы бола алды деген түсінік қалыптасқан

еді. Сондықтан да Түркияға материалдық көмек көрсетуді барлық түрік халықтары қолға алады. Мәселен, 1914 жылы 4 қазанда Түркістан аудандық күзет бөлімінің бастығына келіп түскен мәліметте Перовск қаласының түрікшіл мұсылмандарының құпия қоғамы Түркияның әскери қажеті үшін ақша жинап жатқандығы айтылады. Бұл құпия қоғам Орынбор мұсылмандары қоғамымен тығыз байланыста болған. Ал Орынбор қоғамы Балқан соғысы кезінде Түркияға зор көлемде көмек көрсетеді. Түрікшілдердің дәл осындай іс-әрекеттері туралы мәліметтерді М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналының 1933 жылғы 47 санында кездестіреміз. Онда Петербургтегі түрік студенттерінің Түркияға көмектесу мақсатында көптеген құпия жиналыстар өткізгендігі туралы, түрікстандық досы Өтеген Садықұлы екеуінің түрікстандықтар жинаған алтын ақшаны Түркия елшісі Тұрхан пашаға апарып бергендігі туралы жазылған. Соғыс жылдарында шетелге кетуге мәжбүр болған Түркістан зиялылары Европа жұртшылығына түрік халықтарының өзін-өзі басқару құқығын мойындату жолында зор жұмыстар атқарады. Ж.Ақшора бастаған топ Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясымен байланысқа түсе отырып, Ресей түріктерінің жағдайын жан-жақты білген. IV Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы Түркиядағы Ж.Ақшора мен Рашид қазыға ұлттық езгіде жатқан түрік халықтарының саяси-әлеуметтік өміріне қатысты мәліметтерді жасырын түрде жолдап отырған. Бұл мәліметтерді Ж.Ақшора жинастырып, көпшілік назарын өзіне аудару үшін 1915 жылы қарашада Швейцариядағы Лозанн қаласында Ресейдің билігіндегі орыс емес халықтардың конференциясын өткізуді ұйымдастырады. Лозанн конференциясында ол ресейдегі түрік халықтарының талап-тілектерін баяндай келе, империядағы орыс емес халықтардың өкілдерін отаршылдыққа қарсы бірлесе отырып күрсеуге шақырады. Конференциядан соң Ж.Ақшора 1915 жылы 8 желтоқсанда Австрияның сыртқы істер министрі Форгачтың қабылдауында болып Ресей түріктерінің атынан бірнеше талаптардан тұратын мәлімдемесін тапсырады: «1. Бұқар мен Хиуа хандықтары мен Түркістан орыс үстемдігінен азат етілсін; 2. Қазақтардың әкімшілік-саяси тәуелсіздігі қайтарылсын; Қазан және Қырым хандықтары қалпына келті-

рілсін, Қырым хандығы түрік сұлтанының қол астында болсын; Еділ өзені мен Каспий теңізі бейтарап өңір болып мойындалсын». Ж.Ақшора бастаған түрікшілердің мұндай талаптарды қоюының мәнісі – Ресей империясы соғыста жеңілген соң оның территориясы бөліске түседі. сол бөліс кезінде осы талаптар басшылыққа алынуы тиіс деген пікірге орай болса керек. Кейін осындай мазмұндағы мәлімдеме АҚШ президенті В.Вильсонға да тапсырылған. Түрікшілдік қозғалыстың тұтас түріктік сипат алумен бірге Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясы жанынан 1916 жылы мамыр айында мұсылмандық фракцияға көмек көрсетуді мақсат еткен ерекше кеңесетін Бюро құрылады. Бюро құрамына алғашқы кезде Сәлімгерей Жантөрин, Ахмедбек Салихов, Садриддин Мақсудов, Шәкір Мұқамедияров, Нажиб Құрбанғалиев, ЗайнеддинТайзетдинов, Әлихан Бөкейхан, Наганғали Бигембетов, Амин Расул-Заде, Сейіт-Гирей Алкин сияқты саяси қайраткерлер кіріп, оның төрағасына Тевкелев сайланады. Кейін бұл Бюроға Әлихан Бөкейханның ұсынысы бойынша М.Шоқай да қабылданады.

2. XX ғасыр басында қалыптасқан саяси жағдай Жетісу өлкесінде мекендеген жергілікті халықтың патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы наразылықтарының өршуіне алып келді. Ұлттық саяси мәселені шешу жолындағы қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасының бірлескен әрекеттері бірінші орыс революциясы тұсында және одан кейінгі кезеңде айқын көрініс берді. Мұндай әрекеттер көп жағдайда қазақтар мен қырғыздар іргелес орналасқан өңірлерде орын алды. 1905 жылдың көктемінен бастап Түркістан өлкесінің жергілікті халықтары орталық билік орындарына өздерінің петицияларын жолдай бастады. Жетісу облысына қарасты Лепсі уезінің қазақтары әзірлеген петицияға 1000 адам, ал Сырдария облысының Әулиеата уезі қазақтарының петициясына 50 адам қол қойған еді. Орталық билік орындарына қазақтардың петиция тапсыру әрекеті барлық елді-мекендерде орын алды. Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының атынан Министрлер комитетінің төрағасы, граф М.Ю.Виттеге жіберілген петицияны ұйымдастыруда белгілі қырғыз манабы Шабдан Жантаев белсенділік танытқандығына орай ол петицияны ғылыми әдебиеттерде

Шабдан Жантаевтың петициясы деп те атайды. 11 тармақтан тұратын бұл петицияның алғашқы 6 тармағы дін мәселесіне арналды. Дін мәселесіне орай петицияда Түркістан өлкесі қырғыздары мен Жетісу облысы қазақтарына өз алдына бөлек діни басқарма (мүфтилік) ашылуы қажеттігі, мүфти мен имандардың имұсылмандар тарапынан сайлануы тиістігі, өңірдегі мұсылмандардың некесі мен отбасына қатысты істер Шариғат бойынша шешілуі керектігі, мұсылмандар білім алатын мектептер мен медреселердің мүфтилік қарамағында болуы орынды екендігі, мүфтилікке вакуфтық иеліктің берілуі және оның земстволық салық есебінен қаржыландырылуы тиістігі аталып көрсетілді. Петицияның 7-тармағында 1905 жылы 18-ақпандағы император жарлығына сәйкес заң жобаларын талқылау, оны қабылдайтын жиынға, яғни, Мемлекеттік думаға қазақтар мен қырғыздарға өз өкілдерін сайлауға тосқауыл қоймау керектігі талап етілді. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі газет-журналдардың, кітаптардың шығарылуына рұқсат берілуі керектігі петицияның 8-тармағында көтеріліп, бұл мәселенің рухани дамудағы орны баса ескерілді. Өңірдегі қазақтар мен қырғыздардың жылжымайтын мүлік алуына және таңдаған мамандығы бойынша қызмет етуіне билік орындары тарапынан тосқауыл қойылуына наразылыө петицияның 9-тармағында көтерілді. Осы тармақта қазақтар мен қырғыздарға бұл мәселе бойынша қойылатын шектеулердің алынып тасталуы талап етілді.

Петицияның 10-тармағында үкімет тарапынан ашылған оқу орындарында, атап айтқанда, гимназияларда білім алып жатқан қырғыз және қазақ жастарына христиандық ілім негіздері оқытылмай, оның орнына мұсылмандық ілімнен дәріс оқытылуы керектігі сұралды. Жер мәселесі петицияның соңғы 11-тармағында көтеріліп, орыс шаруаларының қоныс аударылуы доғарылуы керектігі талап етілді. Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының петициясында дін мәселесінің бірінші кезекке қойылуы өлкедегі мұсылмандардың діни істерінің діни басқармаға қаратылмай, оның отаршылдық әкімшіліктің қарамағында болуына байланысты туындаған еді. Петицияда бүркемеленген орыстандыру саясатына, отарлық билік орындарының түрлі тәсілдер арқылы қазақтар мен қырғыздарды болыстық деңгейден



жоғары лауазымға тартпауына және орыс шаруаларын қоныс аудару арқылы патша өкіметінің өңірдегі жергілікті халыққа жерсіз қалу қаупін төндіргендігіне қарсылық танытудың өзін ұлттық еркіндікке талпыныстың көрінісі ретінде бағалауға болады. 1905 жылғы 17 қазанда жарияланған патша манифестін де түркістандықтар зор ілтипатпен қарсы алды. Бұл манифесте сөз, баспасөз бостандығы жария етіліп, халыққа ұйымдарға бірігуге рұқсат етіліп, жақын арада Мемлекеттік думаның шақырылатындығы мәлімделінген болатын. Соған орай бұл манифест халық арасында «Бостандық манифесті» атанды. Осы манифесттен соң Түркістан өлкесіндегі елді мекендерде қоғамдық ұйымдар да бой көтере бастады. Яғни, ұлттық езгідегі халықтарды азаттық қозғалыста жақындастыра түскен «Автономияшыл-федерацияшылдар одағының» құрылуы болды. Мерзімді татар басылымдары бұл ұйымның құрылуын ірі тарихи оқиға ретінде бағалады. «Үлфәт» газеті осы ұйымның ұйытқы болуымен Петербургте автономияшылдар съезі өткізілгенін, оған қатысқан 115 делегаттың ішінде түркі-мұсылман халықтарының 6 өкілі (екі әзірбайжан, үш татар, бір қазақ) болғанын да хабарлайды. Ал Екінші бүкілресейлік мұсылман съезінде «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының 23 тармақтан тұратын жарғысы қабылданды. Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғауды көздейтін бұл қоғамдық-саяси ұйымның жарғысында 16 қалада, оның ішінде Түркістан өлкесіндегі Перовскіде, Верныйда, Ташкентте, Ашхабадта ұйымның бөлімшелері ашылатындығы аталып көрсетілді. Бұл ұйымның бағдарламасын делегаттар жан-жақты талдай келе, оны тиянақтай түсу керек, сондықтан оны қабылдауды келесі съездің үлесін қалдырғанды орынды деп тапты. «Ресей мұсылмандары одағы» атты қоғамдық-саяси ұйымның бағдарламасын қабылдаған бүкілресейлік үшінші мұсылман съезі 1906 жылы 16-21 тамыз аралығында Нижний-Новгород қаласында бүкілресейлік үшінші мұсылман съезінде қабылданды. «Вақыт» газетінің мәліметтеріне қарағанда, бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысқан 800-ге жуық делегаттың қатарында Дала облыстары мен Түркістан өлкесінен келген өкілдер де болған. Онда бұл жайлы былай делініп жазылған: «Жетісу облысындағы қазақтардан Ахметбек

Қойбағаров, Пішпек қаласынан Ысқақ Дауылбаев, Тоқмақ қаласынан құрметті ұстаз Мұхаммедзәкір Уаһабаев, Семейден Жанпейіс Аллаоңғаров, Ақмола облысынан Шаһмардан Қосшығұлов, Қызылжардан Нияз Сүлейменов, Сырдария облысынан Нығмет Жапаров съезге өз қауымынан сайланғандар еді. Олардың сайлануы «Үлфәт» газетіндегі хабарландырулардан соң жүзеге асты». Съездің жұмысы барысында «Үлфәт», «Вақыт», «Йолдыз» секілді газеттердің редакциясына елдің түпкір-түпкірінен мұсылмандардың өтініштері білдірілген жеделхаттар келіп түскен. Сондай жеделхаттардың бірі «Вақыт» газеті редакциясына Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының атынан жолданған-ды. Онда Халық ағарту министрі 1870 жылы бекіткен ереже мұсылман халықтарын ана тілінде білім алуын шектейтіндігі әрі білім беру ісін орыстандырумен ұштастыратындығы айтылып, бұл ережені өзгерту керектігі жөнінде өтініш білдірілген болатын. Жетісулықтардың бұл өтініші съез барысында «Вақыт» газетінің редакторы Ф. Каримов тарапынан оқылды. Осыдан соң съезде оқу мәселесіне байланысты мұсылмандар үшін барлық жерде ана тілінде білім алатын мектептер ашылсын, олар үшін бірегей оқу бағдарламасы жасалсын, тез арада мұны ретке келтіру үшін мұсылман мұғалімдерінің съезі шақырылсын деген мазмұндағы қаулы қабылданды. Халық ағарту ісіне байланысты қабылданған қаулының талаптары «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының 72 тармақтан тұратын бағдарламасына да енгізілді. Съездің шешімімен қабылданған бағдарламада бұл қоғамдық-саяси ұйымның мақсаты саяси, әлеуметтік-экономикалық, діни және басқа да реформаларды жүзеге асыруда империядағы мұсылмандардың мүддесін қорғау екендігі аталып көрсетілді. Бағдарламаға сәйкес «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымы да кадеттер партиясы секілді конституциялық-монархия идеясын жақтап, мұсылмандардың ұлттық-мәдени автономия алуын көздейтін болды. Съездің ұйғарымымен «Ресей мұсылмандары одағы» атты саяси партияның бағдарламасы мен жарғысын бекітіп, оның 15 мүшесінен тұратын Орталық комитетке тағы да 5 мүшені Түркістан өлкесі мен Кавказ өңірінің мұсылмандары сайлап жіберулері тиіс болды. Түркістан өлкесінде өз бөлімшелерін ашуды көздеген

«Ресей мұсылмандары одағы» ұйымы да құрыла салысымен кең кант жая алмады. Патша өкіметі бұл ұйымды исламшылдық пен түрікшілдіктің ошағы, оның құрылуы мемлекеттегі тұрақтылыққа қауіп төндіреді деп есептеді. 1907 жылы патша өкіметі «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымына қарсы шаралар ұйымдастырып жатқан кезде осы ұйымның жетекшілерінің бірі И.Гаспринский Ресей империясындағы мұсылмандардың Ресейге ізғниетте екенін, олардың арасында дұшпандық пиғылдың жоқтығын білдіруге тырысып баққан. Столыпиндік реакция жылдары губернаторлардың, соның ішінде Түркістан өлкесі генерал-губернаторының да Полиция департаментіне берген мәлімдемелерінде бұл қоғамдық-саяси ұйымның бөлімшелері өздеріне қарасты аумақта ашылмағандығы және оны ашуға жол бермейтіндіктері аталып көрсетілді.

Жандармдық басқарманың нұсқауы бойынша жалпы-ресейлік мұсылмандық қозғалысқа атсалысқандар да куғындауға түсті. Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздары атынан бүкілресейлік үшінші мұсылман съезіне қатысқан А.Қойбағаров пен Ы.Дауылбаевтың үстінен мемлекеттік тәртіпке қауіпті адамдар ретінде қылмыстық іс қозғалды. А.Қойбағаровты абақтыға жабу мақсатында оны 1910 жылы Пішпек қаласының Папановский деген мировой судьясына қастандық жасады деп айыптады. Ал, Ы.Дауылбаевтың іс-қимылдары қатаң бақылауға алынып, оны абақтыға отырғызуға себептер қарастырылды. Отарлық жағдайда өздерінің мүддесін қорғауға қызмет ететін қоғамдық-саяси ұйым құруға мүмкіндік берілмегеніне қарамастан түркістандық зиялы қауым өкілдері ендігі жерде түрлі үйірмелер құрып, соның жиналыстарында қалыптасқан саяси ахуалға байланысты әрекет етуге кірісті. Сол тұста қазақтар мен қырғыздардың қоғамдық-саяси өміріне өлкеде қайырымдылық көрсету мақсатында Верный, Пішпек, Әулиеата секілді тағы басқа қалаларда 1908 жылдары қалыптасып, бой көтерген «Гап» немесе «Машраб» деп аталатын мұсылмандық үйірмелер де өз ықпалын тигізді. Полиция департаментінің Түркістан аудандық күзет бөліміне тыңшылар арқылы келіп түскен мәліметтердің бірінде аталмыш үйірмелер жайлы былай делінген: «Жетісу, Ферғана және басқа да облыстарда «Гап», әрі «Машраб» деп

аталатын үйірмелер бар. Верныйда мұндай үйірмелер оннан астам. «Машрабқа» ұлтына, жасына, кәсібіне қарай кем дегенде 17-20 адам тартылады. Үйірме мүшелері апта сайын 20 тиыннан жарна төлейді. ... Әр жексенбіде үйірме мүшелері жиналып, үйірменің атқарар жұмыстарын талқылайды». Патша үкіметі мұсылмандық үйірмелер жергілікті халықтар арасында орыс билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізуде, өңірдегі қазақтар мен қырғыздардың толқуларына түрткі болуда деп, олардың қызметін тыңшылар арқылы бақылауға алды. Тыңшылардың жеткеруі арқылы Верныйдағы И.Нығматуллин, М.Нұрмұхамедов, М.Максумов, Р.Әбдірахманов, М.Мірахметов, К.Сәлімжанов, Ж.Махмутбеков деген адамдар кірген «Машраб» үйірмесінің жиынында патша өкіметінің жүргізіп отырған саясаты, әсіресе, Жетісуға орыс шаруаларының қоныс аударылуы, қазақтар мен қырғыздардың иелігінен орыс шаруаларына деп кесіліп алынып жатқан жер мәселесі және орыстандыру мен шоқындыру бағытындағы үкіметтік шаралардың барысы жиі талқыланатындығы жайлы билік орындары хабардар болды. Соған орай, үйірменің жетекшісі Ж.Нығматуллин жергілікті билік орнының шешімімен өкіметке қарсы әрекет жасауда деген айыппен тұтқындалып, абақтығы жабылды. Верныйдағы жандарм бөлімшесі қаладағы тағы бір «Машраб» үйірмесіне тексеру жүргізіп, оның жетекшісі А.Мухамедшиннен үйірменің жұмысын доғартуды талап етеді. Әйтпесе, оған үйірме мүшелерінен заңсыз жарна жинаған деген айып тағылатындығын ескерткен болатын. «Машраб» үйірмелеріне билік орындарының бұлайша шүйлігуінің де өзіндік себебі бар еді. Өйткені, сол кезде билік орындарына тыңшылар арқылы «Машраб» үйірмелерінде патша өкіметінің орыс шаруаларын Түркістан өлкесіне қоныс аудару жайы, соның салдарынан жергілікті халықтың шұрайлы жерлерінен айырылып жатқандығы және оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясаты жиі талқыланатындығы мәлім болған еді. Сондай-ақ қазақ халқының жер мәселесіне байланысты мұң-мұқтажын қорғауда белсенділік танытып жүрген көрнекті қазақ қайраткері Б.Сыртановтың да А.Габдулвалиев жетекшілік ететін «Машраб» үйірмесімен байланысы барлығынан да жергілікті билік орындары тыңшылар арқылы хабардар тұғын. «Машраб»

үйірмелері арқылы қазақтар мен қырғыздар арасына Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының саяси күштерін біріктіру жолында, олардың мүддесін қорғайтын «Ресей мұсылмандары одағы» атты саяси партия құру жолында «Тәржіман» газетінің редакторы И.Гаспринскийдің, татар халқының көрнекті қайраткерлері Ю.Акчура мен Ә.Ибрагимовтың және әзербайжан халқының қайраткері Ә.Топчибашевтің ұйымдастырып жатқан іс-шаралары туралы мәліметтер кеңінен тарады. Мұндай мәліметтер алған өңірдің қазақтары мен қырғыздары жалпыресейлік мұсылмандық қозғалысқа тартыла бастады. Бірінші орыс революциясының бастапқы кезінде Ресейдің орталық аудандарында өршіген шаруалар көтерілісін басу үшін патша өкіметі Орталық Азияда жер кесу жұмыстарын қауырт жүргізіп, ол жерлерге орыс шаруаларын шұғыл түрде қоныс аударта бастады. 1906 жылға қарай Жетісу облысына 40 мың адам, Сырдария облысына 27 мың, Ферғана облысына 4 мың орыс шаруасы қоныстандырылды. Осыған байланысты жер мәселесіне байланысты толқулар Жетісу өлкесінде орын алып, ол жөнінде өлкелік билік орындарына жеткізіліп жатты. Жетісу облыстық әкімшілігінің жергілікті халықтың толқуларына тосқауыл қоюға деген талпынысына қарамастан «үкіметтік тәртіпке» қарсы бағытталған үгіт-насихат жұмыстары тиыла қоймады. Әскери министрлікке Түркістан өлкесінен келіп түскен мәлімдемелерге қарағанда Жаркент, Верный және Пішпек уездерінде қолға қару алып, билік орындарына ашық қарсылық көрсетуге үндеушілер саны күннен күнге арта түскен. Түркістан өлкесіне орыс шаруаларын қоныс аударуды доғару қажеттігін Мұсылман фракциясының мүшелері 1910 жылға дейін-ақ талап еткенін «Йолдыз» газетінде Х.Хасмамедовтың Мемлекеттік думада сөйлеген сөзінің жариялануы да аңғартады. Онда Х.Хасмамедовтың Мұсылман фракциясы атынан сөз алып, Қоныс аудару басқармасының түркістандықтарды ата қонысынан айыру бағытында жүргізіп отырған саясатын әділетсіздік деп бағалағаны айтылған болатын. Екінші Мемлекеттік думаға депутат сайлау барысында да Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтарының белсенді өкілдері ұйымшылдық танытып, думаға депутаттыққа көрнекті қазақ қайраткері М.Тынышбаевты сай-

лады. Патша өкіметі Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен қырғыздардың «үкіметтік тәртіпке» қарсы әрекеттеріне тосқауыл қоюды 1907 жылы 3-маусымдағы патша жарлығынан кейін күшейте түсті. Столыпиндік реакция кезінде жер кесу жұмыстарына қарсылық танытқан қазақ және қырғыз қауымдары қуғындалып, олардың жерін тартып алу ашық жүргізіле бастады. Столыпиндік реакция кезінде қуғын-сүргіннің күшейе түскендігіне қарамастан қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері арасындағы байланыс үзілмей, олардың бірлесе отаршылдық саясатқа қарсы әрекет етулері жалғаса берді. Оған 1910 жылы 21-қазанда қазақ және қырғыз ұлттық саяси элита өкілдерінің қатысуымен өткен Ұзынағаш съезі дәлел бола алады. Жетісу облысына қарасты қазақтар мен қырғыздардың өкілдері бас қосқан бұл съезд Верныйға таяу жердегі Ұзынағаш елді мекені маңында өтуіне байланысты жандармерия құжаттарында Ұзынағаш съезі деп аталады. Сондай-ақ ол құжаттарда съезді ұйымдастырушылар ретінде көрнекті қазақ қайраткерлері Барлыбек Сыртанов, әйгілі қазақ шешені, Верный уезіне қарасты Қалғұты болыстығының бұрынғы басқарушысы, прапорщик Ноғайбай Дәулетбақовтың, сол тұстағы қырғыздардың көшбасшысы ретінде танылған Шабдан Жантаев пен Дүр Сауранбаевтың есімдері аталады. Съезд жасырын түрде ұйымдастырылып, Жетісу облысы әкімшілігінің орыс әскерлерінің Ұзынағаш түбінде қоқандық әскерлерді жеңуіне 50 жыл толуына орай жасаған салтанатты іс-шарасы кезінде өткізілген. Бұл салтанатты жиынға қазақтар мен қырғыздардың танымал өкілдері шақырылған болатын. Салтанатты жиын аяқталған соң қазақ-қырғыз қайраткерлері Ұзынағаш маңындағы үйдің бірінде жиналып, съезд өткізеді. Ұзынағаш съезіне қатысушылар патша өкіметінің отаршылдық саясатының қазақтар мен қырғыздарға тигізіп отырған ауыртпалықтарын айыптап, бірінші кезекте орыс шаруаларының өңірге қоныс аударылуын доғару жолдарын қарастыру керек деген ұйғарымға келеді. Съезде Жетісу облысына орыс қоныс аударушыларын орналыстыруда және оларға деп жер кесуді доғарту туралы патшаға өтініш түсірту керектігін, ол үшін Петербургке арнайы делегация жіберу, оған кететеін шығынды жабу үшін әр болыстықтан ақша жинау және

делегация мүшелері Бұқар әмірінен патшаның қабылдауына кіруге көмек көрсетуді сұрасын деген шешімдер қабылданады. Съезге қатысушылар Петербургке баратын делегация құрамына кімдердің енуі керек екендігі мәселесін де қарастырып, оның құрамы екі адамнан – Б.Сыртанов пен Д.Саурамбаевтан тұрсын деп шешеді. Бұл съездің өткізілуінен және онда қабылданған шешімдер жайлы билік орындары дер кезінде хабардар бола алмады. Съездің өткізілетіні туралы хабар билік орындарына жеткен жағдайда съезді ұйымдастыруға жол бермес еді. Соған қарамастан Жетісу облысының әскери губернаторы қайткенде де қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдерінің съезд шешімдерін орындау жолындағы әрекеттеріне тосқауыл қою жолын қарастырып, Қапал, Верный, Лепсі, Пішпек және Пржевальск уездерінің басшыларына өз уездерінде Б.Сыртанов пен Д.Саурамбаевтың Петербургке баруына деп ақша жинау ісімен айналысып жүргендігін, съездің шешімдерін болыстықтардағы қазақтар мен қырғыздар қауымының қалайша қабылдап жатқанын және съезге кімдердің қатысқандығын анықтауды тапсырды. Отарлық билік орындарының қазақ және қырғыз депутациясын Петербургке аттандырмауға бар күшін салды. Бұған қарамастан Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз болыстықтары уездік басшылыққа білдірместен депутацияға арнап ақша жинау ісін жалғастыра берді. Әрбір болыстықтан 200 сом көлемінде ақша жиналды. Осындай жиналған ақшаның көлемі облыс бойынша 5000 сом болған. Қазақ және қырғыз қауымдары арасында Ұзынағаш съезінің шешімдерін насихаттап, оның маңызын түсіндіруге әкімшілік орындарында тілмаштық қызмет атқарып жүрген ұлттық саяси элита өкілдері де атсалысты. Патша өкіметінің «Қара» деп аталатын бүркеншік есімдегі тыңшысының жандермеяға берген мәлімдемесінде Жетісу облысындағы қырғыздар мен қазақтардың саяси қозғалысына орта дәрежелі білім алып, әкімшілік орындарда төменгі дәрежеде қызмет атқарып жатқан Тымбай Серікбаев, Найзабек Тулин, Дүр Саурамбаев, Мәмбетәлі Мұраталин, Ибраһим Жайнақов, Ермұқамед Аблайханов секілді қазақ-қырғыз халқының зиялы қауым өкілдері жетекшілік етіп жүргенін атап көрсеткен. Олардың бірінде Б.Сыртановтың Жетісу қазақтары

мен қырғыздардың саяси өмірінің ұйтқысы болуымен қатар Ұзынағаш съезінің шешімдерінің насихаттау мақсатында Лепсі, Қапал, Пржевальск, Пішпек уездерін аралап, Пішпек қаласынан Петербургке аттанғандығы айтылады. Билік орындарының назарына ілігіп қалмаудың мақсатында Петербургқа Д.Сауранбаев араға біраз уақыт салып, Б.Сыртановтан кейін аттануы тиіс болды. Бірақ та көп ұзамай билік орындарына Д.Сауранбаевтың Петербургке жүргелі тұрғаны белгілі болып қалып, ол сапарға шықпай қалып қояды. Қазақ және қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері патша өкіметінің отарлық саясатына бірлесе қарсылық көрсетудің жолдарын қарастыруда съезд өткерудің қиындықтарын да ескерді. Сондықтан да мұндай мәселелерді талқылауға ыңғайлы жағдайларды пайдалануға тырысты. Мәселен, 1911 жылы маусымда бақилық болған әйгілі Н.Дәулетбақовқа Қордай өңірінде ас берілгенде оған келген қазақтар мен қырғыздардың бас көтерер азаматтары отарлық билік жағдайында жергілікті халықтың құқықтарын қорғау жолын талқылап, бұл істе бірлесе әрекет етуге уағдаласқан. Н.Дәулетбақортың асына қатысқандардың ішінде Жетісу өңіріне кеңінен танымал мынадай қайраткерлер болған: Пішпек уезінің Тынай болыстығынан Д.Сауранбаев, Шабдан Жантаевтың ұлы Мокуш, Верный уезінің Шамалған болыстығынан М.Измайлов, Үлкен Алматы болыстығынан Б.Әшекеев, Қордай болыстығынан Е.Базаров, Бәйтiк болыстығынан Ә.Байсалов, Шу болыстығынан Ә.Қозыбеков, Шығыс Қастек болыстығынан Ш.Құдайберген, Ботбай болыстығынан Ө.Танкин. Мұндай бас қосулар кезінде Ұзынағаш съезінің шешімі бойынша Петербургке Жетісу қазақтары мен қырғыздарының атынан патшаға өтініш білдіру арқылы олардың жер мәселесінен туындаған мұңын жеткізуге талпынған Б.Сыртанов әрекетінің сәтсіздікпен аяқталуының себептері де талқыланып, ендігі жерде ресейлік өзге түркі-мұсылман халықтарымен бірлесе әрекет ету қажеттіктері де қарастырылған-ды. Түркістан аудандық күзет бөліміне «Қара» деген бүркеншік есімді тыңшының жолдаған сондай бір мәліметінде былай делінген: «Жетісу облысының білімді, әрі құрметті қазақтары Б.Сыртановтың, И.Жайнақовтың, Е.Абылайхановтың және



бірқатар тілмәштардың басшылығымен Жетісудың ғана емес, бүкіл Түркістан өлкесінің қазақтары мен қырғыздарын тығырықтан шығарамыз деп оларды басшылыққа қарсы қоюда. Орыс үкіметі тарапынан болатын көмектен күдерін үзген қазақтар Абылайханов пен тілмәш Жайнақов арқылы Түрік сұлтанымен және Бұхар әмірімен астыртын байланыс орнатуға көшті. Осыдан екі жыл бұрын Меккеден бір білімдар араб келіп, ол Сұлтан мен Әмір үкіметтерімен байланыс орнатудың жолдарын көрсетіп берді. Оның айтуынша, дұрыс байланыс орнатылған жағдайда Сұлтан мен Әмір үкіметінен Түркістан өлкесі мұсылмандары құқықтарының тапталмауын талап ететін көрінеді». Осы мәліметтердегі айтылғандарды тексеру үшін жандармдық басқарма Б.Сыртановтан жауап алады. Ол өз жауабында араб діндарының Жетісу өңірінде ислам дінін уағыздаумен шектеліп, оның ешқандай да саясат істеріне араласпағанын, қазақтар мен қырғыздардың толқуларының астары жер мәселесімен және Түркістан мұсылмандарының діни басқармасы болмауымен байланысты екенін айтқан. Сондай-ақ, Б.Сыртановтан жауап алу барысында егер де Түркістан өлкесі мұсылмандарына мүфтилік ашылмайтын болса, Жетісу облысының қазақтары мен қырғыздары Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары мен Ішкі Бөкей Ордасы қазақтарымен бірге Орынбор мүфтилігіне қосылуға ұмтылатындығын мәлімдеген. Б.Сыртановтың мұндай жауабына қарамастан Түркістан өлкесіндегі отарлық билік орындары қазақтар мен қырғыздардың толқуының себептерін өңірде Түркия жансыздарының «панисламдық» идеологияны насихаттауымен байланыстырды. Өйткені, Балқан соғысы кезінде Түркиядағы «Иттихид вә тәрраки» ұйымы Түркістан мұсылмандары арасына эмиссарлар жіберіліп жатқандығын, олардың жергілікті халықты орыс үстемдігіне қарсы бас көтертуді мақсат тұтатындығы туралы хабарлар Полиция департаментіне жиі келіп түсетін. Сол кезде патшалық Ресейдің азиялық иелігіндегі түрік-мұсылман халықтары арасында түрікшілдік және исламшылдық бағытындағы үгіт-насихатты жүргізуді жастүріктердің жетекшілерінің бірі Әнуар паша жақтаған. Негізінде Түркістан өлкесі мұсылмандарына «Иттихид вә тәрраки» ұйымы ғана емес, Түркиядағы өзге де ұйымдар өз ықпалын тигізуге тырысқан еді.

Сондай ұйымдардың бірі 1940 жылы Стамбулда құрылған «Тараф-ул-муслимин» (Мұсылмандарды өзара таныстыру) атты ұйым болатын. Бұл ұйым Түркияға эмиграцияға кеткен көрнекті татар қайраткері Ә.Ибрагимовтың жетекшілік етуімен құрылған-ды.

«Тараф-ул-муслимин» ұйымы Ресей империясындағы казак, қырғыз, өзбек, татар секілді түркі-мұсылман халықтарын азаттық қозғалыста бірлестіруді мақсат тұтып, өзінің басылымдарын Түркістан өлкесіне де таратты. Қазақтар мен қырғыздар өздерінің отаршылдық езгіден құтылуына сырттан бір көмек болса, Түркиядан болады деген сенімде болды. Себебі, қазақтар мен қырғыздардың көпшілігінің түсінде сол замандағы иісі түркілік қуатты мемлекеттердің қатарында Түркия саналды. Н.Зеланд қазақтардың саяси белсенділігінің даму деңгейі және ұстанған көзқарастары туралы: «Саяси мазмұндағы әңгімелері, негізінен, қай мемлекет күштірек деген төңіректе өрбиді, әрине, оларды мұсылмандық Шығыс, Түркия қызықтырады», - деп жазған болатын. Түркияға деген қазақтар мен қырғыздар арасында өзіндік ілтипат болғанын 1911 жылы Шу өңіріне келген әйгілі казак әншісі, композитор Балуан Шолақтың түрік офицері формасын киіп жүруінен және Балқан түбегінде соғыс жүргізіп жатқан Түркияға қолдау танытуға жергілікті тұрғындарды шақыруынан да байқауға болады. Балқан соғысы кезінде Түркістан өлкесіндегі қазақтар мен қырғыздар арасында Түркияға қолдау көрсетуді үндейтін манадай мазмұндағы үнпарақтар да тараған: «Мұсылмандар біздің өміріміздің тірегі Түркия екенін ескеріңіздер. Егер біз бұрынғыдай жалқаулыққа бой алдырып, нақтылы іске бармасақ, дініміз жоғалып, жауларымыздың тұтқынына айналамыз... Ақша жоғалса қайта табылады, ал дін жоғалса қайта табылмайды. Қараңыздар, орыстар Болгария мен Сербияға және Черногорияға көмегін аямай, дәрі-дәрмектерін жөнелтуде, тіпті ерікті қарулы жасақтарын аттандыруда. Мұндай істі неге біз де жүзеге асырмасақ. Патшаға ешнәрсе бермесек бермейік, бірақ мұсылман бауырларымызға көмек көрсетейік». Верный уезіндегі ротмистр Железняков сол кездегі қазақтар мен қырғыздардың түріктерге іш тартатындығын мәлімдей отырып, Түркістан аудандық күзет бөліміне былай деп хабарлайды: «Манап

Карымбай Қанатқатиев Түркиядан хат алды. Ол хатта Қанатқатиевтан Түркиядағы орыс әскерлерінің жағдайы және мұсылмандардың қалай өмір сүріп жатқандығы сұралған. Сондай-ақ бұл хатта егер мұсылмандар түріктерге көмек көрсетін болса, онда түріктер соғысқа жеткен жағдайда Түркістан генерал-губернаторлығы аумағында жеке мұсылман мемлекетін құруға көмек көрсетендігі айтылған. Хаттағы мұндай ұсынысқа орай Қанатқатиев болыс басқарушысы Б.Магуевпен және тағы да басқалармен астыртын жиналыс өткізген. Жиналыста түріктер сұраған мәліметтерді беру және оларға қолдау көрсетуге шешім қабылданды». Түркияға көмек көрсету мақсатында Верный уезінің қазақтары Түркия үшін деп 10 мың сом жинап, бұл іске ұйытқы болған Меккеден келген діндарларды полициядан тасалап баққан. Түркістан өлкесіне Түркиядан келген тыңшылар, үгіт-насихат жүргізушілер, Меккеден келген діндарлар Түркияны қолдауға, оған сенім артуға, жылу жинауға, Түркияның төңірегінде топтасуға шақырып жатты. Жетісулық қазақтар мен қырғыздар және басқа мұсылмандар оларға мол қаражат жинап беріп, аса құпия түрде келесі өңірге аттандырып салып отырған. Халық арасында «Шабдания» мектебі деп аталған, Ш.Жантаев салдырған мешіт жанында ашылған оқу орнында татар мұғалымдарымен бірге Орал облысына қарасты Темір уезіндегі Ембі болыстығының Нұртілеу Молдағазин деген қазағы да ұстаздық етіп, ондағы қырғыз балаларына жәдидше білім беру ісімен айналысқан. Мұның өзі ХХ ғасыр басында екпін алған жәдидтік қозғалыс арнасына қазақтардың да тартылып, бұл қозғалыстың алдына қойған мақсатын жүзеге асыруға араласқанын айғақтайды. Ш.Жантаевтың жаңа оқу әдісіндегі оқу орнын ашуын Қапалда осындай «Мамания» мектебін ашқан Тұрысбек және Есенқұл Мамановтар халық арасындағы игілікті істің жарқын көрінісі деп бағалады. «Мамания» мектебінде көрнекті қазақ қайраткері Ғабдолғазиз Мұсағалиев меңгеруші болып қызмет етті, әрі «Ислам тарихы» және «Түрік-татар тарихы» пәндерінен дәріс берді. Қазандағы Апаев медресесінде және Каирдағы әл-Қаһир университетінде білім алған Ғ.Мұсағалиев «Айқап» журналының тұрақты авторы болуымен қатар бұл журналды Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар ара-

сында насихаттаушы ретінде де танылды. Жалпы қорыта алғанда ХХ ғасырдың басында Жетісудың жергілікті халықтарының арасында саяси белсенділік арта түсіп, азаттық жолындағы күресін одан әрі күшейте беру қажеттігін тереңірек түсінді. Бұл күресті бастаған қазақ зиялыларының да қоғамдық-саяси қызметі де жанданып, өздерінің тәуелсіздік жолындағы рөлін жан-жақты түсінді.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Түрік-мұсылман қозғалысының негізін кімдер қалады?
2. Қазақтардың түрік-мұсылман қозғалысына қатысудағы мақсаты не?
3. Сырдария және Жетісуда қандай түрікшілдік ұйымдар жұмыс жасады?
4. Түрік-мұсылман қозғалысына қатысқан қандай қазақтарды білесіз?

### **§15. 1916 жылғы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс**

1. I дүниежүзілік соғыстың басталуы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басталуы
2. Сырдария облысындағы жергілікті халықтың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі.
3. Жетісу өлкесіндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс
4. Арқадағы қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі

1. 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс және оған Антанта одағының қатарында Россияның белсенді түрде қатысуы кезінде империяның боданы болған халықтардың, соның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді. өмірін тым ауырлатып жіберді. Соғыс бұратана халықтарды ұлттық езгіге салу күшейіп, жергілікті жерлердегі патша шенеуніктерінің озбырлығы мен зорлық-зомбылығы өлшеусіз өсіп,

әлеуметтік және ұлттық езгі күшейіп, жер-жерлерде патша шеуніктерінің зорлық-зомбылығы шектен шықты. Қазақтардың жерін тартып алу бұрын болмаған қарқынмен жалғастырылды. Соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, мал басын, т.б. материалдық игілікті күн өткен сайын көп мөлшерде талап етті. Осыған байланысты Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін ірі өңірлердің біріне айналды. Мәселен деректер бойынша соғыстың алғашқы үш жылында Түркістан өлкесінен 40 899 244 мың пұт мақта, 299 мың пұт сабын, 473 мың пұт балық, 300 мың пұт ет, 70 мың жылқы, 12 797 түйе, 3 109 мың пұт мақта майы, 13 441 киіз үй алынған. Соғыс жүріп жатқан жылдары майдан мұқтаждарын өтеуге байланысты елді тонау мен халықты қанау күшейе берді. Соғыс басталысымен әртүрлі салықтардың түрі мен мөлшері өсті. Яғни, қазақтардан майданға көп мөлшерде шикізат, азық-түлік, мал және басқа да материалдық заттар алынып, шаңырақтарға жаңа әскери салықтар енгізілді. Соғыс қажетіне жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді және өлке еңбекшілеріне 10-ға жуық салығы енгізілді. Уақыт өткен сайын патша үкіметі қазақтардан алынатын салықтардың мөлшерін одан сайын көбейтіп отырған. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында 1914-1916 жылдар аралығында әр түтінге (үйге) салынатын салық мөлшері 3 сомнан 8 сомға дейін өсті.

Азық-түлік пен күнделікті тұтынатын заттардың бағасы 94 тиын болса, ол 1916 жылы 40 сомға дейін көтерілді. Әсіресе, Жетісудан 34 млн. сом мөлшерінде мал және мал өнімдері алынып, 1917 жылы шаңырақ салығы 100209 сомды құраған. Осының бәрі өлкедегі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басының азаюына әкеп соққан. Сонымен қатар I дүниежүзілік соғыс кезінде патша әкімшілігі қазақ даласына шектен тыс ұлы-державалық саясат жүргізе отырып, ұлттық езгіні күшейтеді. Тіпті осыған байланысты сорақы болып табылатын бұйрықтар мен нұсқауларда шығады. Атап көрсетер болсақ сондай бұйрықтардың бірін 1916 жылы 21 шілдеде Түркістан генерал-губернаторы міндетін атқарушы М.Р.Ерофеев өзінің қарауындағы әскери губернаторларға мынадай негізде бұйрық береді: «Жергілікті халықтар орыс билік-әкімшілік мекемелері мен офицер-

лері алдында қол қуысырып, бас иіп жалбарынуға және сәлемдесуге тиіс».

Осылайша қазақ даласы мен Түркістан өлкесі бірінші дүниежүзілік соғыс тудырған қиыншылықтар салдарынан біртіндеп азық-түлік пен шикізатты, т.б. өнім түрлерін үкімет тарапынан күштеп тонайтын аймақтардың біріне айналды. Патша үкіметінің көзқарасы бойынша жергілікті тұрғындардың «артық» деп саналған азық-түлік қорларын мемлекет пайдасына «заңды түрде» алу үшін 1915 жылдан бастап азық-түлікті «тұтыну нормалары» дейтін енгізілді. Осы «нормаларға» сай үкімет органдары жүргізілген есеп бойынша Сырдария облысында байлар мен дәулетті шаруалар қолында 4.184 мың пұттан астам «басы артық» азық-түлік қоры бар деп ресми түрде анықталды. Ал іс жүзінде дәл сол жылы Сырдария облысының тұрғындары қалың бұқарасы үшін, ең алдымен көшпелі қазақ малшылары үшін 10.422 мың пұт, ал қала тұрғындарына 4.045 мың пұт астық жетіспеді. 1915 жылдың соңы мен 1916 жылдың басында бүкіл ел көлемінде, оның ішінде Түркістан мен Қазақстанда да күнделікті қажет заттар мен азық-түліктің жеке-леген түрлеріне карточкалық жүйе енгізілді. Алдымен карточка тәртібі қантты тұтынуға енгізілсе, екі-үш ай өткеннен кейін мұндай жүйе қала мен қала типтес елді мекендер тұрғындары үшін ет пен ұнды тұтынуға орнатылды. Карточкамен берілетін азық-түлік мөлшері өте аз болды, ал 1916 жылдың соңына қарай кейбір аудандарда ұнның орнына кебек (отруби) берілетін болды. 1916 жылғы шілдеде патша өкіметі үшін «Ет және ет өнімдерін тұтынуды қысқарту шаралары туралы» заң қабылдады. Оған сәйкес аптасына үш рет (дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері) ет пен оның өнімдерін сатуға рұқсат берілмесе, ал сейсенбі мен бейсенбі күндері қасапханаларда мал союға тыйым салынды. Қазақтар арасында адам басына шаққанда етті пайдаланудың мөлшері анықталды. Осы заң және одан туындаған басқа да қарарлар мен шешімдер қазақтың «басы артық» деп табылған малын тартып алуды көздеді.

Әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі, қымбатшылық пен аш-жалаңаштылық өріс алуы, қазақтардың қайыршылануына әкеп соғып, олардың наразылығын туғызды. Осының бәрі

бүкіл Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік дағдарысты одан сайын күшейтіп, елдегі жалпы ұлттық дағдарысты шиеленістіре түсіп, аяғы Орталық Азияны, соның ішінде бүкіл қазақ даласының аудандарын қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты.

Бұл көтерілістің басталуына Ресей патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы Орталық Азия, Қазақстан және Сібірдегі халықтардың 19 пен 43 жас аралығындағы «бұратана» ер азаматтарын майданның қара жұмысына (окоптар мен траншеялар қазуға, майданға жақын аудандарда жол салуға, ағаш кесуге, т.с.с.) шақыру туралы жарлығы болды. Патшаның жарлығы бойынша тыл жұмысына жалпы Қазақстан мен Орталық Азиядан 400 мың адам, оның ішінде қазақтар мекендеген барлық облыстардан 240 мыңдай адам алынуы тиісті болды. Бұл жоспар орындала калғанда сол кездегі 700 мыңнан астам қазақ қожалықтарының әрбір үшіншісі бір-бір жұмыс қолынан айырылар еді. Бір кезде осыншама еңбек қолдарын материалдық игілік өндіруден шеттету ұлттық шеңбердегі апатқа әкеп соғар еді.

Бүкіл Түркістан өлкесі бойынша майдан тылының қара жұмыстарына реквизициялануға 220 мың адам алынуға тиісті болды, олардың ішінде Сырдария облысынан 60 мың адам шақырылады деп белгіленді. Жергілікті халықтардың жекелеген әлеуметтік топтары өкілдері мен кейбір лауазым иелері майдан шебіндегі қара жұмыстарға алынбайтын болды. Тыл жұмыстарына шақырылудан босату шарттары туралы үкіметтік нұсқауда мынандай топтар өкілдері олардың қатарына жатқызылды: 1) болыстық, ауылдық және селолық басқару органдарында қызмет атқаратындар, 2) жергілікті халықтардан (туземдіктерден) шыққан төменгі полицейлік шен иелері, 3) имамдар, молдалар мен мудористер, 4) мемлекеттік басқару жүйесінде класстық (жіктеулік) қызмет атқаратын жергілікті халық өкілдері, 5) дворяндар мен құрметті азаматтар құқын пайдаланатындар, т.с.с.

Мұның үстіне жекелеген тыл жұмысына баруға тиістілер өз орнына басқа адамды жалдап жіберуге мүмкіндігі болды. Біреудің орнына жалданатын кісі міндетті түрде Россия мемле-

кетінің боданы болуға тиісті еді. Майданның кара жұмысына баруға міндетті қазақ ауылы, өзбек қыстағы мен бай-манаптарының айтарлықтай бөлігі отарлық жүйенің шенеуніктері мен болыс билеушілеріне пара беріп «реквизициядан» құтылды. Осы жарлықтан кейін сол жылдың шілде айының бас кезінде қазақ даласының барлық аймақтарында қазақтардың стихиялды наразылықтары басталып, тыл жұмысына алынатындардың тізімін жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және жергілікті патша әкімшілігінің төменгі билік иелерін «адам бермейміз» деп ұрып соққан көтерілісшілер олардың кеңселері мен үйлерін өртеп, тізімдерді жояды.

1916 жылғы көтеріліс кезінде қазақтар дәстүрлі хандық билікті жаңғыртты, патшалық Ресей үкіметінің басқару жүйесін жоюға ұмтылды. Хан сайлауда меритократиялық принцип сақталынды, яғни, хан сайланар кісінің ақсүйектілігі емес, жеке кісілік, қол бастаушылық қасиеттері ескерілді. «Санасында дәстүрлі билік туралы ұғым сақталған, таза көшпелілік дамыған аудандарда көтерілістің негізгі ұйымдастырушы күші ру басылары мен хандар болды». Көтерілісті басқару үшін қазақтар арасынан төрелер, әйгілі батырлар мен билердің ұрпақтары, ру басылары, бұрын болыс басқарғандар немесе болыс болып істеп жатқандар атқа қонды.

Мысалы, Торғай даласында Нияз бидің (қыпшақ ханы - Әбдіғаппар әмір), Иман батырдың (Амангелді сардар), Шақшақ Жәнібек батырдың (Арғын ханы – Оспан хан), Шұбыртпалы Ағыбайдың ұрпақтары қол бастаса, Жетісу жерінде де хан сайланғандардың, көтерілісті бастағандардың көпшілігі атақты би, болыстар, батыр, төрелердің ұрпақтары еді. Бастапқы кезде стихиялды түрде басталған қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып, аяғы қарулы көтеріліске ұласады. Яғни бұл қозғалыс бүкіл қазақ даласына жайылып, патша өкіметінің әскери-отаршылдық және кең көлемде орыстандыру саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысқа айналды. Дегенмен қазақтардың арасында көтеріліске деген көзқарас бір мәнде болған жоқ. Әсіресе қазақ зиялылары екіге бөлінді.

Мәселен, Тоқаш Бокин, Тұрар Рысқұлов, Сейітқали Меңдешов, Баймен Алманов сияқты тұлғалар патша жарлығына



батыл қарсы шығып, халықты қарулы көтеріліске шақырса, ал қазақтың либералшыл-демократияшыл зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мыржақып Дулатов және басқалары халықты соғысқа Ресей жағында қатысқан жөн деп кеңес беріп, Ресейдей қуатты елдің зеңбірегіне қылышпен қарсы тұрудың зиянды екенін түсіндіріп жатты. 25 маусым жарлығынан кейін қазақ даласында қалыптасқан ауыр саяси дағдарыс сәтінде өмірге келген аса маңызды құжат Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М. Дулатов үшеуі қол қойып, 1916 жылғы 11 шілде күнгі «Қазаққа» жариялаған «Алаштың азаматтарына!» атты үндеу еді. Олар «ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауырмалдық түсті, мұны қалай қыламыз, қалай атқарамыз, деп елге сауалмен қайырылып, көніп жұмысқа адам бергенде қандай ауырлық келмек, сондай-ақ көнбей көрсеткен қарсылық немен аяқталмақ, міне, осы екі жағын бірдей ақыл таразысына салып қарауға шақырады.

Сонымен бірге мәселенің жалғыз тура шешімін, өздері ұсынады. «Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: ...Көнгенде - шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық-бағынбай үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законге сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па?»- деп, дәлел ретінде Түркістан өлкесіне енгізілген соғыс тәртібін, Жетісуда болып жатқан қайғылы оқиғаларды көлденең тартып, «біздің білуімізше жеңілі – көнген» деп, ауыр да болса өз шешімдерін айтады. Шешімдерін айтып қана қоймай, оны іске асырудың сол ауыр жағдайдағы ең тиімді жолдарын да көрсетеді. Тура осы сын сәтте өздерін ұлт-азаттық қозғалыстың лайықты бастаушылары есебінде көрсеткен үшеудің үндеуі қазақ қоғамын ауыр жағдайды түсінуге шақырады.

М.Тынышбаевтың куәлігіне қарағанда, Қазақтың осы үндеу жарияланған нөмірі аса маңызды хабарды жеткізуші нө-

мір ретінде табан астында тараған. Оқыған азаматтар газеттің осы немірінің бірнешеуін жаздырып алып, халық арасына үлестірген.

2. Сырдария облысында көтеріліс алғашқы рет Ходжент қаласындағы еңбекшілердің бой көрсетуімен 1916 жылы 4-шілде күні басталды. Ходженттіктер «қандай сылтаулар болса да жұмысшыларды бермей, қажет болса, туған жерде өлу» деген ұрандар көтерді. Ходжентте басталған көтеріліс алдымен Түркістан өлкесінің Ферғана жазығына, одан кейін Жетісу облысына ауысты. Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласында 1916 жылғы 11 шілдеде басталған көтеріліс, Ходженттегі сияқты қарулы көтеріліске ұласты. Мыңнан асатын халық Ташкенттегі полиция мекемесінің алдына келіп жиналып, тыл жұмысына адам алу туралы жарлыққа қарсы шығады. Жиналғандар өздеріне сес көрсетіп, мылтық кезеген полиция басқармасының қарауылын өлтіріп, басқарманың хатшысы Трентовиусты соққыға жыққан. Тез арада бүлік шыққан жерге патша әкімшілігі Ташкенттегі прапорщиктер мектебінен бір рота әскер шақыртып қарудың күшімен халықты қуып таратып, 6 адамды өлтіріп, біразын жаралайды. Осыған қарамастан ескі қалада күні бойы көтерілісшілер мен жазалаушы әскери бөлімшелері арасында қатты қарулы қақтығыстар болып, кейін көтеріліс ескі Ташкент қаласының Күкшін, Сибзар, т.б. аудандарына жайылған. Ташкенттегі жағдайдың ушыққаны соншалықты, қаланың бірнеше аудандарында ашық түрде патша әскерімен арада шайқастар өтеді. Біраз күннен кейін көтеріліс ауылды-селолаы аймақтарға ауысады. Ресми мәліметтер бойынша 18 шілдеге дейін көтеріліс Сырдария облысының 50-ден астам елді мекендерін қамтыды.

Түркістан генерал-губернаторы 1916 жылғы 18-шілдеде өлке «соғыс жағдайында» деп жариялауға межбүр болды. Әсіресе Ташкентке жақын Қауыншы және Тойтөбе деген қыстақтарда болған көтеріліс кезінде халық әскермен шайқасқа түседі. Бірақ жазалаушы әскер көтеріліске қатысқан халықтың көбін қырып тастайды. Осы көтерілістерден кейін Ташкентте сот болып, Ташкент қаласы бойынша 20 адамды, Тойтөбеден 8 адамды дарға асу туралы үкім шығарылады. Осыған қарамастан наразы-

лық бас көтерулер мен қарулы көтерілістер Қазалы, Черняев (Шымкент), Перовск уезінің көптеген ауыл-қыстақтарына тарады. Ақмешіт уезіндегі көтерілістен кейін 70 адам жазаға тартылады. Сол жылы қазанның 16-да Қазалы уезіндегі көтеріліске қатысқан қазақтар жазалаудан қашып, Ырғыз пен Торғай уезіндегі көтерілісшілерге қосылу үшін көшіп кеткен. Әулиеата уезі Сырдария облысындағы көтерілістің ең басты ошағына айналады. Өкімет органдарының есебі бойынша Әулиеата уезінен майданның қара жұмыстарына 22675 адам алынуға тиіс еді. Тамыз айының соңына дейін олардан жиналу пункттеріне үш мыңға жуығы ғана келді, ал қалғандары майдан шебіндегі қара жұмыстарға барудан үзілді-кесілді бас тартып, азаттық көтеріліске шығады. Көтеріліс Әулиеата уезінің Меркі бөлімінің Көшеней болысында басталды. Көтерілісшілер Краш деген орыс шенеунігін өлтіріп, жергілікті патша әкімшілігіне қарсы шығады. Таулы бөлімшеге (Горный участок) қарайтын Көпес болысының 50 шақты тұрғындары 1916 жылғы 31-ші шілдеде «Қоржын-Тоғай» деген жердегі орман шаруашылығының ғимараттарын қиратып, қолдарына біраз қару-жарақ түсіреді. Сонымен қатар көтерілісшілер өз әрекеттерін Чалдовар, Меркі және Луговой сияқты ірі елді мекендер ауданына ауыстырды. Бұл Әулиеата уезіндегі көтерілістің басы ғана болатын. Уездегі жағдай күн өткен сайын күшейіп, артынша Сусамыр болысындағы қазақтар да көтерілісті ұйымдастырып, Белубуддинский, Николайский, Перовск деген орыстардың поселкаларына шабуыл жасайды. Талас жазығында да жаппай көтерілістің толғағы пісіп жетіледі. 25-ші тамызда Меркі бөлімшесіндегі көтеріліс шырқау шегіне жетіп, жазалаушы тұрақты әскер күштеріне соққы беруде арағыты болысының көтерілісшілерін басқарған Ақкөз деген ақсақал ерекше көзге түсті. Меркі ауданына халқына ықпал жасаған беделді адам болған ол алғашқылардың бірі болып өз болысы жігіттерінен көтерілісшілер жасағын ұйымдастырған. Оның жасағына біртіндеп басқа болыстардың да көтерілісшілері келіп қосылып, 1916 жылғы тамыз айының ортасында Ақкөз көтерілісшілер саны 13 мыңға жеткен. Ақкөз жазалаушы патша әскерлерімен қыркүйек айының соңына дейін күрес жүргізген. Жау қолына түскен Ақкөз өз серіктерімен Әулиеата

түрмесіне жабылып, түрмеден 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін босайды. Көтеріліске шыққан қазақтар Шелдуар мен Мөңке арасындағы телеграфты талқандап, тамыздың 25-де Мерке ауданындағы бірнеше орыс поселкаларын өртеп, қаланың өзіне шабуыл жасайды. Бірақ шабуыл еш нәтиже бермейді. Дегенмен 29-30-тамыз күндері жалпы саны 1500-2000-ға жуық қазақ қырғыз көтерілісшілері Меркіге тағы да екі дүркін шабуылға шығып, Меркі-Пішпек телеграф байланысы түгелдей істен шығарады да, бірнеше рет патша өкіметінің жазалаушы жасақтарына жүздеген үйір-үйір жылқыны қарсы айдап, олардың біразын ат тұяқтарының астында қалдырды. Орыс мұжықтары болса қазақтардан қауіптеніп Аулиеатаға көшіп кетеді. Алайда жақсы қаруланған патшаның бір рота әскері қарсы алып, оларды қырып салады. Көтерілісшілердің 31-і тамыздағы шабуылын да Меркі гарнизоны кері қайтарды.

Әулиеата уезіндегі жағдайдың тым ушығып бара жатқанын байқаған патша әкімшілігі жедел түрде нақты шаралар қабылдау қажеттігін түсініп, қыркүйек айының басында өз орыстарын қорғауға және көтерілісті басу үшін Ташкенттен қосымша күш ретінде запастағы Сібір полкінің екі ротасын алғызып, орыс мұжықтарын қаруландырады.

Осыдан кейін ғана жазалаушылар көтерілісшілердің аудандарына аттанып, қазақтарды аяусыз «тыныштандырады». Мәселен жанкешті қақтығыстар Әулиеата уезінің Ново-Троицк елді мекенінің ауданында болып, жазалаушы Болдыревтың әскері 150 қазақты өлтіріп, 4340 мың қойын, 23 түйесін, 255 сиырын тартып алып кетеді. Патша әскерімен қатар қаруланған орыс мұжықтары да жергілікті әкімшіліктің рұқсатымен қазақтардың ауылдарын талқандап, малдарын поселкаларына айдап әкетіп отырған. Әулиеата уезінің Шу бөлімшесіндегі көтерілісшілерге қарсы Виноградов дейтін офицер басқарған жазалаушы отряд әрекет жасайды. 16 қыркүйекте Әулиеатадан 75 шақырым жерде көтерілісшілер жазалаушы отряд солдаттарымен бір тәулікке жуық соғыс жүргізді. Жазалаушы әскерлер көтерілісті аяусыз басып қана қойған жоқ, сонымен қатар көтеріліс жасаған қазақтардың жерін жапа шеккен орыс мұжықтарына таратып бере бастайды. Жалпы алғанда 1916 жылғы Сырдария облысында

болған көтеріліс қазақтарға қандай қайғы-қасірет әкелегенін 1921 жылғы 20 қаңтарда Әулиеата қаласында өткен кеңестік Түркістан автономиясын мекендеген қазақтардың аймақтық съезінде айтылған деректерден көруге болады. Бұл съезде мынадай баяндама жасалады: «...Көтеріліске дейін уезде барлығы 48 болыстық болды. Көтеріліс тұсында патша әкімшілігінің қазақтарға озбырлық көрсетудің нәтижесінде болыстықтың 17-сі толығымен жойылып, Қытай жеріне ауып кетуге мәжбүр болды... кейін қазақ атауымен белгілі болған 21 болыстық түгелдей жойылып, оның орнына орыс атауымен 21 переселен-қоныстанушылардың мекені пайда болды». Жеңіліске ұшыраған көтерілісші жасақтарының бөлімдері Жетісу облысының Верный уезіне, екіншілері қазіргі Қырғызстан территориясына өтіп, сондағы ұлт-азаттық қозғалысының қатарына қосылыш, патша жендеттеріне қарсы күрестерін 1916 жылғы қазан айының ортасына дейін жалғастырды. Әулиеата уезінде жеңіліс тапқан көтерілісшілердің бір бөлігі Бетпақ дала арқылы Торғай облысындағы Әбдіғаппар хан бастаған көтерілісшілерге қосылады. Сол сияқты ұлт-азаттық қозғалысқа көтерілген Қазалы мен Перовск уезінің, Черняев пен Әулиеата уездерінің солтүстік бөлігін мекендейтін қазақтары Торғай ауданына өтеді. Сырдария облысындағы көтерілістің негізгі орталығы болған Әулиеата уезінің жекелеген аймақтарындағы ошақтарының бір-бірімен байланысы нашар болып, егерде көтеріліс бір жерде жаңадан басталып жатса, екінші жерде жазалаушы отрядтардан жеңіліс тауып жатты. Әулиеаталықтардың көршілес Жетісу облысындағы, сол сияқты жапсарлас жатқан Ташкент уезіндегі көтерілісшілерімен де байланыстары нашар болды. Дей тұрсақ та Сырдария облысындағы көтеріліс 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыстың құрамдас бөлігіне айналды. Ол патша өкіметінің беделіне айтарлықтай нұқсан келтіріп, отаршыл метрополияның шаңырағын шайқалтуға өз үлесін қосты, халықтың отаршыларға, ең алдымен олардың символы - патша өкіметіне деген өте күшті өшпенділік туғызды, іс жүзінде патша өкіметі белгілеген майданның қара жұмыстарына баруға тиісті жоспарланған 220 мың адамның 123 мыңы ғана алынды, ал көтерілістің жалауы биігірек желбіреген Әулиеата

уезінің тыл жұмысына алынуға жоспарланған 22676 адамнан, өкімет құрығына екі мыңнан сәл астам ғана кісі ілінді.

Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін оған қатынасушылар жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, қатты жазаланды, мал мен мүлік талан-таражға салынды, ауылдар өртенді. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин көтеріліс болған өңірлердің тұрғындарынан оны ұйымдастырғандарды ұстап беруін талап етті. Мәселен, жазалаушылар Меркі бөлімшесінде көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін, 1916 жылғы 8-қазанда сол өңірдегі түпкілікті тұрғындарды егер олар «бүлік» басшыларын көрсетіп, ұстап бермесе, олардың өздері атылады деп ашық мәлімдеді. Көтеріліске қатынаскан қазақтар мен қырғыздар өзара ақылдаса келіп, 54 адамды (27 қазақ және соншама қырғыз) жазалаушылардың қолына беруге мәжбүр болды. Бүкіл Түркістан өлкесі бойынша әскери-далалық сот пен тергеуге үш мыңнан астам адам берілді, олардың 347-і өлім жазасына кесіліп, 168-і каторгалық жұмыстар атқаруға бұйырылды, ал 129 адам әртүрлі мерзімдерге сотталып, 228-і тузету лагеріне жіберілді. Патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы әділетсіз жарлығының қасіретті зардаптары осындай болды. Ресей либерал-демократиялық қозғалысының өкілдері 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы шығуының ең басынан-ақ оның заңсыз екенін көрсетіп, егер бұл әділетсіз жарлық жүзеге асырыла бастаса, халық толқуларының пайда болуы анық екенін ескерткен еді. 1916 жылы шілде айында-ақ мұсылмандар, кадеттер мен трудовиктер фракциясының өкілдері болып табылатын Мемлекеттік Дума мүшелері Ішкі істер министрлігі мен Әскери министрлікке жарлықты жүзеге асыру шарттарын дереу анықтауды талап еткен болатын. Бірқатар депутаттардың сауалдарын талқыға салған Мемлекеттік Думаның мүшелері патша жарлығын жүзеге асырудың заңдылығы мен мүмкіндіктері және зардаптарын мәселе ретінде қарастырады. 1916 жылы тамыз айында Мемлекеттік Думаның депутаттары А.Ф.Керенский мен К.Б.Тевкелев өз фракцияларының тапсыруымен Түркістанға барады. Комиссияның құрамында мұсылман фракциясының бюро мүшелері М.Шоқай мен Ш.Мұқаммедияров та бар еді. Мемлекеттік Думадағы трудовиктер фракцияның жетекшісі

А.Ф.Керенский қазақ даласында болып жатқан оқиғаларды орыс тарихының маскара беттері деп сипаттама береді. Ол бұл оқиғалар туралы былай деп мәлімдеме жасайды: «...25 маусымдағы жоғары патша жарлығын ...жариялау және жүзеге асыру кезінде Ресей империясының негізгі және негізгі емес заңдарының бәрі қаншалықты мүмкін болса соншалықты бұзылған».

Осылайша Керенский Түркістаннан Петербургке келгеннен кейін Мемлекеттік Думада түрік мұсылмандардың мүддесін қорғап сөз сөйлеп, онда бұратана халықтардың еңбекке жарамды жастарын майданның қара жұмысына жаппай алу дұрыс емес, оларды өз жерінде пайдаланған дұрыс деген. Деректер бойынша Мемлекеттік Думада бұл мәселе қайта қаралып, бұратана халықтардың әскерге шақыру жасына іліккендерге көптеген жеңілдіктер жасалынған. Яғни, Мемлекеттік Думаның 1916 жылы 13 желтоқсандағы жабық мәжілісінде Түркістан өлкесінде болған оқиғалар талқыға түсіп, мәжілісте баяндама жасаған А.Ф.Керенский Түркістан өлкесінде 1916 жыл ойранын ұйымдастырған және бастан аяқ «бұл іске жауапкер тек патша өкіметі» деген тұжырым жасап, «кінәсіз ондаған мың адамды өлімге душар еткен» отарлық жүйені өзгертуді, Түркістанды басқаруда жергілікті халықпен санасатын жаңа тәртіп енгізуді күн тәртібіне қою керектігін ұсынған болатын. Белгілі қайраткердің бұл мәлімдемесі Түркістан өлкесіндегі отаршыл билік жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын Мемлекеттік Дума мінбесінен ашық мойындаудың өзі болатын. Керенскийдің көтеріліске шыққан түркістандықтарды Мемлекеттік Думада қорғап сөйлеуінде М.Шоқай ықпал етті.

**3.** 1916 жылы Жетісу жерінде көтерілісті бастағандардың көпшілігі атақты би, болыстар, батыр, төрелердің ұрпақтары еді. Олардың қатарында Алтынемелдегі 5 болыс ел хан көтерген Тезек төре Нұралыұлының баласы – Құдярхан Тезеков, қазаққа танымал Ұлы жүздің Жаныс руының биі Әшекей Дайырбековтің ұлы – Бекболат Әшекеев, албан, суанға белгілі Саурық батырдың ұлы – Ұзақ Саурықов, албанның батыры Тазабек Пұсырмановтың ұрпақтары – Тезек Тазабеков, Әубәкір Солтанбек ұлы Тазабек немересі, Жақыпберді Тазабек немересі т.б. болды. Арғы тектері әйгілі Сәмен, Әлмес, Қасаболат,

Қапсалаң батырлардан тарайтын, қазақ-қыпшаққа танымал Ботбайдың батырлары, әрі билері Диқанбай Қапсалаңов пен Тойшыбек Қасаболатовтың ұрпақтары, ағайындас туыстары Ботбайлар көтерілісін (Самсы көтерілісін) бастады. Олардың басында Диқанбай бидің баласы Самалтыр Диқанбаев тұрды. Шапырашты Саурықтың ұрпақтары да көтерілістен тыс қалмады. Тайторы көтерілісінің жетекшілерінің бірі 73 жастағы Бошқұл Саурықов ерекше көзге түсті. Жетісулық қазақтардың күреске шығуына Бекболат Әшекеев те елеулі рөл атқарады. Бекболат Әшекеев Тайлақ Бекбас батыр немересіне хат беріп, Қарқарадағы албан еліне аттандырады. Ұзақ Саурықов хатты жиналғандарға дауыстап оқып береді. Онда Бекболат батыр өздерінің көтеріліс жасауға қамданып жатқанын жазады. Бұл мәлімет 1916 жылғы көтеріліс басшыларының өзіндік ұрыс жоспары болғандығын көрсетеді. Көтеріліске қазақтармен бірге қырғыздар мен дүнгендерде белсене араласқан. Мысалы сарыбағыштардың басшылары Шабданның балалары көтерілістің табысты болуы үшін Пржевальск және Пішпек уездерінің барлық болыстарына, ішінара Верный уезіне кісі жіберіп, мәселені талқылау үшін Пішпек уезінде болатын съезге қатысуға шақырғаны, 1916 жылы 8 шілдеде Верный уезінің 8 болысының қазақтары қатысқан Үлкен Саздағы съезге Пішпек уезінен дүнгендердің болысы Б.Мағуев және осы уездің бірнеше қырғыздары қатысқаны баяндалады. 1916 жылы Верный уезі қазақтарының Үшқоңыр мен Үлкен Сазда өткізілген съездерімен бір мезгілде Пржевальск уезінің қырғыздары Ақсу жайлауында съезд өткізеді. Шолпанбай, Кенгелді, Талқанбай секілді болыстар мен Сарбас би және басқа да құрметті қырғыздар, молдалар қатысқан съезде дүнген болысы Б.Мағуевтің хаты оқылады. Б.Мағуев майданға қайткенде де адам бермеуді сұрап, ал егер де талап тым күшейіп кетсе, жастарды көтеріліске дайындап шығаруды ұсынады.

Барлық болыстардағы бай адамдардың және аңшылардың мылтықтары жиналсын, қырғыздың қару-жарақ жасайтын шеберлеріне бір тоқтыға бір қанжардан жасатылсын, әр жігіт бір қойдың сүрленген етінен азық дайындап алсын дей келе, Бұлар көтеріліске шыққандарға Қарақұныс селениесінде сақталған



мылтықтарды беруге, ал оған керекті оқ-дәріні Қытайдан алдырып беруге уәде етеді. Съездің шешімімен Тайторы болысының бұрынғы болыс басқарушысы Шаке молда Теменовке, Жайылмас болысындағы Сәт Ниязбековке, Соғаты болысындағы Сәрсенбаевқа хат жолданып, Б.Магуевтің өтініші бойынша бұл шешімді құпияда ұстау қатаң тапсырылады. Ал Верный уезінің Шамалған және Шапырашты болыстары шекарасында, Үшқоңырда, 7 шілдеде Сәт Ниязбековтың басқаруымен өткен съезде көтеріліс бастала қалған күнде алдымен Верныйды Ташкентпен, Қапалмен жалғастыратын телеграф сымдарын жою, содан соң Қордайдағы орыстардың қаруларын тартып алып, Пішпек уезіндегі қазақ-қырғызбен бірге көп қол құрап, 400 ғана әскері бар Верныйға аттану керек деген шешім қабылдайды. 10 шілдеді Кіші Алматы қазақтарын Шаке молда Теменов жинап, Сәт Ниязбеков басқарған съездегідей шешімді бірауыздан қабылдап, ақсарбас шалып, бата қылады. 11 шілдеде Ұзақ Саурықов аулында Мерке, Шілік, Торайғыр, Сарытоғай, Қоңырбөрік болыстары мен Пржевальск, Верный, Қапал уездерінің қырғыз-қазақтары және Кетпен, Ақсу-Шарын болыстарының ұйғырлары жиналады. Жиында Серікбай Қанаевтің майданға жігіт бермеуге шақырған хаты оқылады. Верныйдағы ұйғырлар да қазақ-қырғызға жәрдем беруге, егер майданға күштеп алу басталса, қаланы өртеуге дейін бару керек деген байламға келеді. Дүнгендердің қазақ-қырғызбен біріге қимылдауына Б.Магуев көп еңбек сіңірді. Пржевальск уезінде алдымен қырғыздар көтеріліп, оларға Мариинск селосының дүнгендері қосылады. 5-6 тамызда Ақсы жайлауында болыс басқарушыларының шақыруымен бірнеше мыңға жуық қаруланған жастар жиналады. Олардың бір бөлігі 8-9 тамызда Қарақұнысқа аттанып, Қордайдағы қазақтарға қосылуы, ал келесі бөлігі қызылбөріктерге көмектесу үшін Асы жайлауына аттануы тиіс еді. Аталған жиынның басшылары хат жазып, 5 адамды Нарын жаққа жібереді, оларға ол жақтағы жастарды қаруландырып, бір бөлігін Қастектегі қазақтарға жәрдемге жіберіңдер, қалған бөлігін Нарында қалдырыңдар деген нұсқау беріледі. Қапал уезінде, Балқаш маңында болыс басқарушы Қожахан 30000 қазақты жинайды. Верныйға жақын жатқан болыстар да шағын

топтар құрып, көтерілске шыққан Қордай қазақтарына қарай кете бастайды.

1916 жылдың шілде-тамыз айларында қырғыз-қазақ бас қосқан кеңестердегі жоспарлар ішінара болса да жүзеге асқандығы байқалады. Верный уезі қазақтары көтерілісті бірінші болып бастап, орыс әскерлерімен қақтығыстарға барады. Верный уезінің қазақтары көтерілісті бастағандары жөнінде хабарды естіген соң Шу бойының қазақ-қырғыздары көтеріледі. Қастек асуы арқылы көтеріліс толқыны Пішпек уезінің Атаке және Сарыбағыш болыстарына жетті. Пішпек уезінің Жаныс болысының қазақтары Қошқардағы қырғыздар хан деп таныған Қанат Ыбыкеұлының қолына қосылады. Жаныс болысының қазақтарының басшылары, тергеуші Дергачевтің көрсетуінше, болыс басқарушысы 27 жастағы Тілепберген Сарманбетов, бұрынғы болыс басқарушысы Мүсәпір Қожамбердинев, Тілеке Телібаев (58 жаста) және Сарманбек Естімбетов болған. «Жаныс елі қазақтан, - деп жазды Б.Солтоноев, - көп түтін Тоқмақтан асып, қырғызға қосылуға көшіп бара жатқанда, мұжық пенен солдаттар алдынан шығып, қатын-бала деместен көп кісіні өлтіріп, мал-мүлкін талап алған». Қырғыз тарихшысы Б.Солтоноев мәліметіне қарағанда оқиғаның 1916 жылы қыркүйектің соңына қарай Қошқар өзенінің ойпатында болғаны, орыс әскерлерінің Әуезбек (Авазбек) дегеннің тамында тығылып жатып, қазақ-қырғыз қолына оқ жаудырғанын, кейін орыс әскерлерінің қазақ-қырғыздың соңына түсіп, қырғыздардың тау асып кетіп, ал қазақтардың көп қырғынға ұшырағанын көруге болады. Қазақтар мен қырғыздар қолының бірлесіп қимылдауынан болса керек, Тоқмақ төңірегіндегі көтерілісшілер саны жағынан ең көп болып, 5000 адамды құраған. Көтерілісшілер бір-бірімен кісі жіберіп, хат арқылы хабар алып отырған. Мысалы, қарақолдық қырғыздар көтеріліске дайын екенін және Шу бойындағы көтерілісшілерге көмек ретінде 60 түйеге артылған қару-жарақ жібергендерін хабарлаған. 1916 жылы Пішпек уезінің Атаке болысының қырғыздары мен Ботбай болысының қазақтары бір мезгілде, яғни, 6 тамызда бірдей көтеріліп, Алматы-Пішпек телеграф желісін талқандайды. Қарқарадағы қазақтардың көтерілісі табыстарға жетеді. 12 тамызда көтерілісшілер

Қарқара жәрменкесіне шабуылдап, бірнеше орыс селоларын басып алады. Сонымен қатар, көтерілісшілердің патша жазалаушыларымен ірі қақтығыстары Самсы станциясы маңында, Қастек, Нарынқол, Шарын, Қорам өңірлерінде, Лепсі оязының Садыр Матай болысында және басқа жерлерде болып өтті. Алайда қыркүйек пен қазан айының басында барлық жағынан жазалаушы отрядтар қыспаққа алған Жетісулық көтерілісшілердің едәуір бөлігі табан тірескен шайқастармен шегінуге, сөйтіп, Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болды. Қытайға ауған албан қазақтарына Пржевальск уезінің 8 болыс қырғызы, Верный уезінің 3 болыс қазағы қосылып шекара асады. Патша үкіметі көтерілісті басуға 8750 адамнан тұратын 95 рота, 3900 қылыштан тұратын 24 жүздік, 16 зеңбірек пен 47 пулемет жіберді. Жазалаушы әскері мен оыс шаруаларының жасаған ойраны Жетісу халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздардың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді 684-і жараланды, 1105 адам тұтқынға алынды. Көтерілістің басшыларының бірі Бекболат Әшекейұлы қыркүйектің 9-ы күні дарға асылады. Жетісу облысының жергілікті халқының төрттен бір бөлігі, яғни шамамен 300000 адам Қытай жеріне қуып тасталынды. М. Тынышбаевтың есебі бойынша, Жетісу облысына қарасты Алматы, Жаркент, Пішпек, Пржевал уездеріндегі болыс елде тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250 түтіні Қытай асты. Жетісу облысында көтерілістің ең өршіген жерлері переселендер көп орналасқан аудандар болды. Қарапайым халық орыс селоларына шабуылдар жасап, сол арқылы өзінің патшалық биліктің отаршыл саясатына деген шексіз наразылығын білдірді. Соның салдарынан, мәселен, Пржевал уезінде жиырма село түгелдей өртелініп, олардың тұрғындары арасынан төрт мың адам өлтіріліп, мал мен мүліктері талантаражға түсті. Көтерілістің шығуына отаршыл әкімшілік қолымен жасаған ұлтаралық араздық себепші болғанын көтерілісшілердің өздері де айтқан. Мәселен, Нарындық қырғыздардың көтерілісін басқарған Қанат Абукин сотта берген жауабында кетеріліске шейін-ақ жер мәселесіне байланысты «өзара наразылығын орыстар ашық білдірсе, қырғыздар кегін ішінде сақтады» деп көрсетті. Жаркенттегі переселен мекемесінің меңгерушісі

Жетісу облыстық переселен мекемесінің меңгерушісіне жазған катынасында көтерілістің осындай ұлтаралық сипатын мойындап: «Көтерілістің орыс тұрғындарына деген жаулығы тура Әндіжан көтерілісіндегідей анық байқалып отыр» деп жазды. Оқиғаның осындай ұлтаралық бағытын жақсы түсінген жергілікті әкімшілік орындары орыс селоларына тез арада қару-жарак таратты, көтерілісшілерді аяусыз басуға сырттан әскер күштерін шақыртты. 1916 жылдың 1 қарашасындағы мағлұмат бойынша, орыс әскерілерінен барлығы 55 адам өліп, 41 адам жараланған, 70 адам із-түзсіз жоғалған, ал патша әкімшілігінің қызметкерлерінен 2 адам, әр түрлі сала қызметкерлерінен 12 адам, жалпы орыс тұрғындарынан 2025 адам өліп, 1163 адам хабарсыз жоғалып кеткен. Көтерілісті басуда орыс отаршылдары Ботбайлардың 3 ауылын түгелге жуық жойып жіберсе, қырғыздардың Ордон, Рыспай, Тәкіш секілді бүтін бір руларын талқандап жіберді. Верный уезінің Қоңырбөрік болысында көтеріліске дейін 1129 түтін болса, көтерілістен кейін 263 түтін болып қалған. Құлжаға қашқандардан 500 үй ғана қайта оралған. Қытайға майданның қара жұмысына шақырылған дүнгендер де өтіп кетті. 1916 жылдың шілдесінің ортасында майданның қара жұмысына шақырылған 70-80 дүнген жігіттері Ақсу мен Құлжа жаққа өтіп, қытайлық дүнгендердің арасына қосылып кеткен. Қазақ, қырғыздардың елден безіп, жат жұртта бейшара күйге түсуіне орыс әскерлерінің көтерілісшілерді ғана емес, көтеріліске қатыспағандарды да, ақ-қарасын ажыратпай, қуғынға салып, қырғын салуы себеп болды. Жазалаушы әскерлердің көбі Ыстық көл, Нарын мен Шу аңғарына жіберілді. Мұндай қарулы әскердің тегеурініне шыдамаған қазақ, қырғыздардың көбі тауға кетіп, бас сауғалады. Шу, Қордай өңіріндегі көтерілісшілердің басшысы Әли Нұрғожаұлы 6 ай бойы жасырынып жүруге мәжбүр болды. Генерал Куропаткиннің көтерілісшілерден үрейленгені соншалықты, оларды енді оларды бас көтертпейтіндей ету үшін қатаң жазалауды – жерінен айыруды көздеді. Патша шенеуніктері көтерілісті шығарушылар Сарыбағыш және Атаке болыстарының қырғыздары, сондықтан олар бәрінен де кінәлі деген тұжырым жасап, бұл болыстардың жерін орыс шаруаларына алып беру дұрыс деген шешім қабылдайды. Түркістан

өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин 1916 жылы: «Көтерілістің басшыларын – қасқырларды қалайда ұстау қажет, ал қалған қойларға келсек, оларды кешіре сауға болады. Бірақ бұның орыс қанын көп төккен Пржевальск уезі мен Пішпек уезінің Загорный бөлімінің бүлікшілеріне қатысы жоқ, ол жақтағы бүкіл болыстар жазаланады: Ыстық көлдің барлық жағалауы және Кебен өзенінің жағасы бүлікшілерден біржола алынады, қырғыздар Нарын бөлімшесінің таулы аймағына жылжиды. Бұл қатал жаза - жерді алу – лайықты кек алу болады», - деп мәлімдеді.

Патша шенеуніктері тарапынан қолдау мен қорғауға ие болған орыс шаруалары қарулы топтар құрып, қазақ пен қырғызды аңша атып жатты. Қазақ-қырғыздың қанға боялуына ұлттық киімі де бәле боп жабысты, кең шапанын киіп, бөрігімен көрінген қазақ, қырғызды кінәлі мен, жоқ па деп қарап жатпай атып кету, өлтіріп тастау, тіпті бала-шағасымен қырып кету жиі орын алды. Тек қазақ пен қырғыз ғана емес, өлкедегі ұйғыр, дүнген сияқты басқа да мұсылмандар жендеттер қолынан қаза тауып жатты. Орыс отрядтары босқындар өтеді деген асулар мен өткелдерді торып, көзге түскендерді бауша түсірді. Ыстық көл, Шу, Жұмғал, Нарын, Көкарт, Қарқарада жазалаушы отрядтар қазақ-қырғызды аңша аңдуға кірісті. Соның кесірінен Шу, Кебен өзенінің маңы, Қарқара жайлауы көп уақыт иесіз қалды. Мұны пайдаланған орыс шаруалары бос қалған иесіз жерлерді басып ала бастады. Қазақ-қырғыздың 1916 жылғы көтерілісі жеңіліспен аяқталды деп жазады зерттеушілер. Рас, патша жендеттері бас көтерген қазақ-қырғызды атты, шапты, түрмеге салды, дарға да асты, бірақ тәуелсіздікке деген жергілікті халықтың ұлттық рухын жоя алмады.

**4.** Жетісудағы көтерілісшілер қозғалысы аяусыз басып-жаншылған кезде Торғай даласында ол күш алып, күннен-күнге өрістей түскен еді. Басшылығында Ә.Жанбосынов, О.Шолақов пен А.Иманов тұрған Торғай көтерілісі ең қажырлы және ұзаққа созылған, ең табанды және билік бір орталықтан жүргізіліп, ұйым-дасқан көтеріліске айналды. Бұл Торғайдағы көтерілісінің ерекшелігі еді. Көтеріліс барлық уездерді: Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай уездерін қамтыды. Облыста көтеріліс қамты-

маған ауыл немесе елді мекен болмады. Таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын Торғай аймағының оңтүстік бөлігі тыл жұмыстарына адам жіберуге көнбей қарсы шығады. Торғай облысының әскери губернаторы М.М.Эверсманға қазақ еңбекшілерінің қару алып, жаппай көтерілгендігі туралы хабарлар күнбе-күн түсіп жатты. Көтерілісшілер почтаға шабуыл жасады, темір жол табанын бұзып, болыс басқармаларын ойрандады, боластарды өлтірді. Көтеріліс бүкіл облысты қамтыды. Олар патшаның жарлығына қарсы шықпас бұрын, алдымен әскери министрге қара жұмысқа шақыру тәртібін өзгерту туралы хат жолдайды. Алайда халықтың патша өкіметіне жіберген өтінішін қанаттандырмай, жергілікті патша әкімшілігі Жарлықты орындау үшін іс-шараларды жүзеге асыруға кірісіп, қазақ қоғамының беделді ақсақалдарын, рубасыларын халықтың наразылықтарын тоқтату жолында келіссөздер жүргізуге олардың ортасына жібереді. Бірақ патша әкімшілігінің бұл шараларына қарамастан Торғай облысындағы күннен-күнге ұлғайып, аяғы стихиялды түрде ауқымды көтеріліске ұласады. Көтеріліске шыққан қазақтар екі топқа бөлінді. Тосым мен Шұбалаң болысындағы көтерілісшілерді Шолақ Оспанов, ал Қайдауыл, Аққұм, Қараторғай және Қарақоға болыстарындағы көтерілісшілерге Әбдіғаппар Жанбосынов жетекшілік жасады. Торғай облысындағы көтеріліске басқа аймақтың көтерілісшілері қосылды және торғайлықтардың өздері Қостанай, Атбасар, Перовск, Ырғыз уездерінің көтерілісшілерімен байланыс орнатады. Торғай облысындағы көтеріліске қатысқан қазақтар патша әскерлерімен бірнеше шайқасқа рет шайқасқа түседі.

Солардың ішінде Татыр, Күйіккопа, Доғал, Торғай сияқты елді-мекендерде ірі шайқастар болып өтеді. Арқада болған 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі ұйымдастырушы күші ақсақалдар мен рубасылары және олар сайлаған хандар болды. Көтерілісшілерді Кейкі Көкенбайұлы, Амангелді Иманұлы, Өмен Мұсабайұлы, Әлжан Қарабайұлы, Қостан Мақабайұлы, Ахмет Өтетілеуұлы, Тасмағанбет Бекұлы және тағы басқа да ержүрек батырлар басқарды. Егер 1916 жылы қыркүйекте көтерілісшілер саны – 20 мыңға жетсе, ал 26 қарашада – 50 мыңға жетті.

Көтеріліс басшылары сарбаздарын ондыққа, елулікке, жүздікке, мыңдыққа бөліп, жүйелі әрі тәртіпті әскери топтар құрады. Әрбір бөлімшенің басына тиісінше онбасы, елубасы, жүзбасы, мыңбасы қойылды. Арнайы мергендер бөлімшелері құрылып, оларға маңызды әскери тапсырмалар берілді. А.Иманов көтерілісшілердің сардарбасы болып сайланды, оның жанында әскери кеңес жұмыс істеді.

Көтерілісшілердің бақылауындағы аудандарда төменгі ауылдық- болыстық әкімшілік басқару қызметінен шын мәнінде шеттетіліп, азаматтық үкімет көтерілісшілердің қолына өтті. Ә.Жанбосынов арнайы тағайындалған адамдарға (ел бегі) көтерілісшілерді азық-түлікпен және аттармен қамтамасыз ету тапсырылған тыл қызметін ұйымдастырылып, көтерілісшілерге ауылдардың ұсталары жиналып, қарапайым қылыш, пышақ, канжар және тағы басқа да қарулар соғады. Осындай қарапайым қару-жарақпен қаруланған көтерілісшілер патшаның зеңбірегі мен пулеметтері және винтовкалары бар жазалаушы әскеріне қарсы шыға бастайды. Көтерілісшілер ең алдымен күзет бекеттері, Ырғыз, Торғай, Қарабұтақты жалғастыратын байланыс жерлерін басып алды. Азаттық үшін соғысқан көтерілісшілер жазалушылармен бірнеше шайқастар жүргізеді. Негізгі шайқастар – Татыр, Шошқалы қопа, Күйік қопа, Доғал – Үрпек, Ақшығын маңында болды. Татыр шайқасында 300 көтерілісші, 3 жазалаушы қаза тапты. Саны жағынан көп болғанымен, қаруы нашар көтерілісшілер жазалаушы әскермен шешуші шайқасқа шықпай, оларға кенеттен шабуылдар ұйымдастырып, орындарын ауыстырып отырған. 1916 жылы 22 қазанда көтерілісшілер Торғай қаласын қоршауға алады. Қоршау кезінде көтеріліс басшыларының арасында ортақ келісім болмай, Оспан Шолақов қаланы тіке шабуылмен алуды ұсынса, Әбдіғаппар Жанбосынов қаланы қоршау арқылы алуды қолайлы көреді. Ақыры көтеріліс басшылары ортақ шешімге келіп, қалаға тіке шабуыл жасау жөнінде уағдаласады. Әбдіғаппар, Оспан және сардарбегі Қасымханның құрған жоспары бойынша арғындар Торғайға күнбатыс жағынан, қыпшақтар шығыс жағынан, ал Жәуке батырдың баласы Орманбет солтүстіктен шабуыл жасайды. 6 қараша күні көтерілісшілер шабуылды бастап, қаланың жар-

тысын басып алды. Бірақ та орыстар зеңбірекпен атқылаған соң және көтерілісшілерді жазалуға шыққан генерал А.Д.Лаврентьев бастаған әскердің жақындап қалуы қазақтардың Торғайға жасаған шабуылын доғарып, мәжбүрліктен кейін шегінеді. Көтерілісшілердің генерал-лейтенант А.Д.Лаврентьев басқаратын жазалаушылар экспедициясымен алғашқы қақтығысы – 1916 жылғы 14 қарашада өтеді. Орыстар Торғайға Шалқар, Ақтөбе және Қостанай арқылы үш жақтан шабуылға шықты. Әскер қолбасшысы «қазақтарға қарсы қимылдағанда, аяушылық жасамандар» деп бұйырды. Жазалаушылар Торғай қаласына беттеп келе жатқан бағытында жолындағы ауылдардың бірінен соң бірінің тас-талқанын шығарды. Ауылдар өртенді, дүние-мүлікпен қоса үй ішіне қуып тығылған адамдар отқа оранды. Көтерілісшілер көп шығындарға ұшырағанына қарамастан өздерінің қарсылығын жалғасытра берді. Мәселен 16 қарашада саны 12 мыңдай болатын Торғайдағы көтерілісшілер Түнқойма пошта станциясының түбінде подполковник Катоминнің жазалау әскеріне шабуыл жасайды. Алайда шабуыл сәтсіз аяқталып, Батпаққара ауданына қарай кетіп, сол жерден 1917 жылдың ақпан айына дейін партизандық соғыстарын жүргізеді. Жалпы алғанда Торғайдағы көтерілісшілерге қарсы патша өкіметі құрамына 17 атқыштар ротасы, 18 казактар жүздігі, 4 кавалерия эскадроны, 18 зеңбірегі, 10 пулеметі және басқалары болған экспедициялық корпус жіберген. Осы жазалаушы әскерлердің жорығының нәтижесінде 3 мыңға адам жауапқа тартылып, оның 201-і өлім жазасына кесілсе, 161-і каторгаға айдалды. Жүздеген ауылдар тоналып, өртелді, жазықсыз адамдар атылды. Алайда жазалаушылар ақпан революциясына дейін көтерілісті басып тастай алмаған. 22-23 ақпанда Доғал-Үрпек жазығында көтерілісшілер жазалаушыларға қарсы соңғы рет ұрыс салады. 27 ақпанда жазалаушы әскер Торғай қаласына қарай шегініп, Доғал-Үрпек Батпаққара мекенін көтерілісшілер қолына тастап шықты. Тек патша тақтан құлағаннан кейін ғана Торғай облысындағы көтеріліс тиылды.

Сарыарқадағы көтерілістердің ішіндегі келесі бір ерекше сипат алған аймағы – Ақмола жеріндегі бас көтерулер болды. Ақмола облысы қазақтарының көтерілісі өкімет әскерлеріне



қарсы топтасқан, қатты қарулы қарсылық көрсеткен ошақтардың біріне айналды. Уезд қазақтары патшаның жарлығы шығысымен-ақ малдарын айдап, даланың түкпіріне көше бастайды. Әсіресе қазақтар мен орыс келімсектерінің арасындағы қатынасты шиеленісіп кетеді. Жылдар бойы жиналған ашу-ызадан ашынған қазақтар орыстардың қоныстарын өртеп, шаруашылықтарын жойып, шаруаларды ұрып-соғады. Орыс келімсектері де қазақтарға шабуылдар жасап, малдарын тартып алып, өздерін өлтіріп отырған. Осы кезде әр жерлерде тыл жұмысына барудан бас тартқан ірілі-ұсақты жасақтар құрылып, қарулы қарсылық көрсету мақсатында Қоржынкөл көлінің маңына Ақмола уезінің 8 болысы Қорғалжын, Саналы, Жақсыкөң, Сарыөзен, Аққұм, Нұраның бір бөлігі және тағы басқа да болыстардың қазақтары топтасады. Кейін оларға Атбасар уезінің Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі 5 болыстың қазақтары қосылады. Сонымен қатар, көтерілісшілер ірі орталықтардан басқа, шағын топтарға да бірікті. Мәселен, Төрт Сарт көлінің маңына Нұра болысының 300-400 отбасы топтасса, Атбасарға шектес Құмкөл көлінің маңына Ақсирақкөл болысының 400-дей шаңырағы біріксе, Ильин селосының маңына Сілетін болысының 400 түтіні қосылған. Сондай-ақ Зайсан уезінде мыңнан аса көтерілісшілер қимыл көрсетсе, Семей уезіндегі көтерілісшілердің саны 7 мыңға жеткен. Өскемен уезінде де көтерілісшілердің саны 3 мыңды құраған.

Осы көтеріліс ошақтарының ішінен Атбасар уезіндегі қазақтар табанды қарсылық көрсетті. Бұл аудандағы көтеріліске шыққан қазақтардың саны 7 мыңға жетіп, шілде айының аяғында олар Қарсақпай, Жезқазған, Байқоңыр сияқты өндіріс орындарындағы орыс жұмысшыларына шабуылдар ұйымдастырады. Көтеріліске шыққан қазақтарды күшпен ғана басу керек екенін түсінген патша әкімшілігі оларға қарсы полковник Иванов бастаған 2 пулеметі бар 2 рота жаяу әскер мен казактардың жүздігін аттандырады. Бұлармен қоса полковник Иванов Көкшетаудан казактардың 180 әскерін бастап келген болатын. Сондай-ақ, оған Атбасардан 180 казагы бар пристав Хомулла қосылады. Көтерілісшілерді жазалауға шыққан патша әскерлері олармен алғаш рет 12 қыркүйекте Қарсақбайдан шығысқа таман

60 шақырым жерде кездеседі. Бұл шайқасқа жазалаушылардың барлау тобы қатысқандықтан түпкілікті жеңіске жете алмайды. Тіпті көтерілісшілер орыс барлаушыларының 2 адамын өлтіріп, 7 адамын тұтқынға алып кетеді. Орыстардың негзгі күштері келіп жеткеннен шешуші шайқас 23 қыркүйекте Қаражар түбінде өтеді. Пулеметтерден және қарудың барлық түрінінен оқ жаудырған орыстар көтерілісшілерді үш жақтан шабуылдап, қоршауға алуға тырысады. Алайда көтерілісшілер ауыр шығынға ұшыраса да өздерін қоршауға мүмкіндік бермей, шегініп кетеді. Бұл шайқаста қазақтардан 80 адам өліп, 17-сі қолға түссе, жазалаушылардан 1 казак ауыр жараланып, 1-уі қолға түседі. Осы жеңілістен кейін көтерілісшілердің бір бөлігі патша жарлығына мойынсұнып, жігіттерін майданның қара жұмысына беретін болып келіссе, ал келесі бөлігі патша билігін мойындамай Торғайдағы көтерілісшілерге барып қосылады. Атбасардағы көтеріліс талқандалғанымен Ақмола облысында басқа көтеріліс ошақтары өздерінің қарсылығын жалғастыра береді. Мысалы, 3-ші қазанда Айнабұлақ маңында бір рота жаяу әскері мен 20 казагы бар жазалаушы әскерге екі мыңға жуық көтерілісші тап береді. Қазақтардың шабуылын пулеметтердің оғымен тойтарыс берген орыстар оларды жолатпай қояды. Сол кезде қазақтар кейін қарай қаша жөнеледі. Көтерілісшілерді қуған орыстардың 75 әскері Қаратай станциясына жақындағанда қазақтар қайтадан тап беріп, орыстың алты солдатын қолға түсіріп өлтіреді де, қалғандарын кейін шегіндіреді. Ақмола облысында бұдан басқа ең ірі шайқас қазан айының аяғында Ереймен тауының батыс жақ бетінде өтеді. Тайдың жоғары жағында орналасып алған көтерілісшілерге жазалаушылардың пулеметтермен қаруланған 5 рота жаяу әскері мен 150 казак шабуылдайды. Кескілескен шайқастан кейін жазалаушылар бұл жолы да кейін қарай шегінуге мәжбүр болады. Осы шайқастан кейін тауға бекініп алған көтерілісшілерді талқандау үшін жазалаушылар әскерінің басшылығына Омбыдан генерал Ягодкин келеді. Нәтижесінде 30-шы қарашада Түрежолда көтерілісшілермен жазалаушылардың арасында қырғын шайқас болып, қазақтар түпкілікті талқандалады. Тұтқынға түскен 475 адам майданға айдалады. Бұл жеңілістерге қарамас-тан Ақмолада жекелеген топтардың қарсылығы тоқтамайды.

Мысалы, Атасу және Көң болыстарының қазақтары урядник Корытов бастаған жеті казакты ұстап алып атып тастаса, Борсық өзенінің маңында 300-дей қазақ орыстардың бір взвод барлаушы әскерін тұтқындауға әрекет жасайды. Алайда орыстар дер кезінде қорғаныс жасап үлгіріп, қазақтардың шабуылын тойтарады. Дегенмен патша әскерлері өздерінің жазалау шараларын жалғасырып отырды. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 кавалерия жүздігі, 11 күшейтілген жаяу әскер ротасы қимыл жасайды.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Қазақтардың 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілске шығуына не себеп болды?
2. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер қазақ даласының қандай аудандарын қамтыды?
3. Қазақтарды 1916 жылғы азаттық күреске бастап шыққан қандай көтеріліс басшыларын білесіз?
4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс не себептен жеңіске жетпеді?

## **§16. Ақпан революциясынан кейінгі азаттық қозғалыс**

- 1. Ақпан революциясының қазақ даласына тигізген әсері**
- 2. Ақпан революциясы және Түркістандағы азаттық қозғалыс**

**1.** Ақпан революциясының жеңіп, патшаның тақтан түскені туралы хабарды елдегі және майдандағы жұмысшылар арасында жүрген қазақ демократиялық интеллигенциясы зор қуанышпен және оның мұраттарын іске асыруға деген үлкен құлшыныспен қарсы алды. Бұл хабарды естіген елдің сол кездегі көңіл күйін А. Байтұрсынов былайша береді: «Қазақтарға ақпан революцияы қаншалықты түсінікті болса, қазан (әлеуметтік) революциясы оларға соншалықты түсініксіз көрінді. Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса ол,

біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында және екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді».

Яғни, А.Байтұрсынов және басқа да қазақ зиялылары Ақпан революциясымен бірге келген саяси өзгерістер ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни ұлттық мемлекеттік дербестік алуға, жер мәселесін ұлттық мүдде тұрғысынан шешуге, мәдениетті өркендетуге және басқа міндеттерді шешуге жол ашады деп түсінді. Олар ешқандай да мүдірместен ескі феодалдық монархиялық құрылыстың орнына келген буржуазиялық биліктің, буржуазиялық өзгерістердің жағына шықты. Ал сол тарихи кезеңде қазақ қоғамы үшін бірінші кезекте тұрған нәрсе, әрине, ұлттық тәуелсіздік, ұлттық бостандықты өз қолына алу еді. Қазақ демократиялық интеллигенциясы бұл мақсатқа толық болмаса да, алғашқы кезеңде жарым-жартылай, яғни империя шеңберіндегі ұлттық автономияға жалпыресейлік демократиялық күштермен біріге отырып қол жеткізуге болады деп түсінді. Ресейден бірден бөлініп кетуді мақсат етіп қоюға қазақ қоғамы әзір емес деп білді. Уақытша үкімет 20 наурыз күні Бөкейхановты Торғай облыстық комиссары етіп бекітеді. Ал наурыз айының оныншы жұлдызынан бастап облыс, уез, болыс және ауылдарда құлаған үкіметтің орнына жаңа Уақытша үкіметтің басқару орындары қалыптаса бастайды. Осы комитеттермен бір мезгілде стихиялы түрде облыстық, уездік және болыстық деңгейде Қазақ Азаматтық комитеттері қалыптасады. Қазақ комитеттерінің өкілдері облыстық және уездік Азаматтық комитеттердің атқару органдарына мүше болып енеді. Облыстық және уездік Қазақ комитеттері 1917 жылғы Орал қаласында 10 наурыз күні құрылып (төрағасы Р.Әлібеков), ол комитеттен Орал облыстық Азаматтық комитетіне мүшелікке Дәулетшах Көсепғалиев, Ғабдолла Әлібеков және Дума депутаты Б.Қаратаевтың сайланса, 11 наурызда Семейде (төрағасы Р.Мәрсекөв) және Омбыда (төрағасы Е.Итбаев) құрылады. Комитеттің негізгі міндетіне қазақ жұртының күшін біріктіріп жолға салу, жаңа биліктің ел басқару ісін нығайту, халыққа болып жатқан өзгерістерді уағында жеткізіп, күнделікті туып отырған түрлі мәселерді шешуге жұмыл-

дыру еді. Наурыз айының ортасына қарай Торғай облыстық Азаматтық комитеті құрылып, оның құрамына А. Байтұрсынов, Н. Бегімбетов, С. Кәдірбаев және М. Тұңғачин енеді. Комитет Торғай облысы азаматтарына үндеу қабылдап, онда жергілікті жерлерде тәртіп сақтау қажеттігін, соғысты жеңіске жеткенге дейін жүргізу үшін үкіметке көмек беру керектігін айтып сөсловиелік, таптық, партиялық және діни қырқысуға шек қоюға шақырып, тез арада өз араларынан уездік, аудандық, болыстық, селолық және ауылдық Азаматтық комитеттер сайлап, жергілікті жерлерде тәртіп және тыныштық орнатуға шақырады. Жаңа қалыптасқан саяси жағдайда қазақ қоғамының бастаушы саяси күшіне айналған қазақ демократиялық зиялыларына күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерді жалпы ұлттық деңгейде жинақтап, бүкілресейлік Құрылтай жиналысына, келе жатқан түбегейлі өзгерістерге даярлық жасауға кіріседі. Мұндай жұмысты іске асырудың тиімді құралы түрлі деңгейде жиналыстар, съездер өткізу болатын. Жаңа құрылған Қазақ комитеттері наурыз айынан бастап-ақ ол съездерді өткізуге дайындық жасай бастайды. Мәселен, Семей облысы қазақтарының съезін өткізу үшін облыстық Қазақ комитеті Р. Мәрсеков бастаған адамнан тұрған комиссия құрады. 1917 жылдың 1 сәуірінен 7 мамырға дейінгі аралықта облыстық қазақ съездері Орынборда (Торғай облысының), Алматыда (Жетісу облысының), Оралда (Орал облысының), Семейде (Семей облысының) және Омбыда (Ақмола облысының) болып өтеді. Облыстық қазақ съездерін бастап берген 1-2 сәуір аралығында Орынбор қаласында болып өткен Торғай облысы қазақтарының съезіне 300 адам қатысады. Газетте берілген хабарларда съезд Торғай және Орал облыстарының қазақтары үшін деп айтылғанымен, оған Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, Бөкей Ордасынан, Орынбор губерниясы мен Қазан, Уфа, Ташкент және басқа қалалардан да өкілдер қатысады. Делегаттар мен шақырылған адамдар арасында сондай-ақ ескі ұлттық интеллигенция өкілдері, I Мемлекеттік дума мүшелері Алпысбай Қалменов пен Ахмет Бірімжанов, есімдері енді жаңадан мәлім бола бастаған Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқаев, Тел Жаманмұрынов сияқты жас қайраткерлер де кіреді. Бұлармен бірге съездің құрметті қонақтары қатарында өзбек,

татар және башқұрт халықтарының аса көрнекті қоғам қайраткерлері Мунауар Қари, Фатих Қаримов және Теміршах Соловьев сияқты кісілер де бар еді. Съезге жаңа ғана Торғай облысының комиссары қызметіне бекітілген Ә. Бөкейханов та қатынасып, съезді кіріспе сөзбен ашады. Съездің төрағалығына А.Байтұрсынов сайланады. Сөз алған М.Дулатов патшалық билікке беріле қызмет көрсетіп, кезінде ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы әрекеті байқалған чиновниктер Ғ.Машиев пен М.Тұнғачинді съезден кетіреді. Съезді құттықтап сөз сөйлемекші болған Торғай губернаторы Эверсманға делегаттар сөз бермей залдан қуып шығады. Бұл белгілі дәрежеде, отаршылдыққа қарсы көңіл-күйдің, азатшыл рухтың үстемдік алғанының көрінісі болатын. Съезд жаңа тәртіп жайы, жер мәселесін, земство туралы, зиянды мекемелер мен чиновниктер ісін, тағы сол сияқты барлығы 13 мәселені қарап, олар бойынша қаулы қабылдап, бүкілресейлік құрылтай жиналысына әр халықтан санына қарай депутат сайлауын, сайлауға әйелдердің де қатынасуын қолдайды. Съезд үкімет орындары - ауылдық, болыстық, уездік және облыстық комитеттер ашу туралы қаулысында оларды құру жолдарын көрсетеді. Ең соңында, съездің аса маңызды екі саяси мәселе бойынша комиссия құрып, олардың біріне 1916 жылғы 25 маусым жарлығынан кейін Торғай облысында болған қанды оқиғаларды тексеру жүктелсе, екіншісіне жалпы қазақ съезін дайындау міндеті тапсырылды. Съезд жалпы қазақ съезінде қаралатын мәселелерді дайындауға, орнын һәм уақытын лайықтап, жұртқа хабар беруге айрықша бюро құрып, оның мүшелері етіп Ә.Бөкейхановты, А.Байтұрсыновты, М.Дулатовты, С.Кәдірбаевты, Ғ.Есенғұловты, И.Әлімбековты, Е.Тұрмұхамедовты және К. Тұрымовты бекітеді. Облыстық қазақ съездерінің саяси бағытын, әлеуметтік сипатын 19-22 сәуір аралығында өткен Орал облыстық қазақ съезінің шешімдерімен таныса отырып байқауға болады. Барлығы 800 адам қатысқан бұл съезді өткізуге белсенді ат салысқандардың арасында I Мемлекеттік Дума мүшесі А.Қалменов, заңгер Ж.Досмұхамедов, дәрігер Х.Досмұхамедов, сондай-ақ Ғ.Әлібеков, Х.Ахмедшин, И.Арганчеев және басқа интеллигенция өкілдері болды. Негізгі мәселе ретінде алдымен мемлекеттік

басқару, Уақытша үкіметке және соғысқа қатынас мәселелеріне тоқталып, съезд «монархизмді құлдықтың символдық көрінісі, халықтар арасындағы өшпенділіктің көзі ретінде біржола жойылуы керек деп санайды; қазақ халқы демократиялық республика идеясын қызу қолдайды, ал ұлттықтерриториялық федерация немесе фе,деративтікдемократиялық республика мәселесін құрылтай жиналысы қарауына қалдырады», деп көрсетті. 20 сәуір күнгі отырысында съезд жер мәселесін талқылап, жер мәселесін біржола шешу, жер кім егер оны игеруге - мейлі ол егін егу, мал өсіру, бақша салу т. б. түрлерінде болсын - күш жұмсаған болса соған берілуге тиіс деп көрсетіп, «қазақ жері оның байырғы иесі қазақтарға берілуге тиіс және қазақ демократиясы мүддесін қорғауға қажет шаралар қарастырылуы керек» деп көрсетті. Съезд жергілікті басқару ісі бойынша Х. және Ж.Досмұхамедовтардың баяндамаларын тындап, «ескі бюрократиялық басқару жүйесін коллегиялық халықтық басқару жүйесімен ауыстыру» жөнінде қаулы қабылдайды. Съезде құрылған облыстық Қазақ комитеті 20 адамнан тұрды. Оған Ж. және Х.Досмұхамедовтар, Ғ.Әлібеков, К.Жәленов, Ғ.Есенғұлов, С. Қаратілеуов және басқа белсенді интеллигенция өкілдері кіреді. 25 сәуір және 7 мамыр аралығында Омбы қаласында өткен Ақмола облысы қазақтарының съезі комитеттер құру, жер, сот ісі, халыққа зиянды мекемелер, земство және басқа мәселелерді қарап, олар бойынша мазмұны жағынан Торғай съезіне жақын қаулылар қабылдайды. Съезд Ақмола облыстық атқару комитетін (қазақ тұрғындары үшін) сайлап, оған төрағалыққа Айдархан Тұрлыбаевты, орынбасарлыққа Сейілбек Жанайдаровты, Асылбек Сейітовті, мүшелікке тағы жеті адамды бекітеді. Олардың арасында Мағжан Жұмабаев, Байсейіт Әділов сияқты белсенді жастар да бар еді. Қабылдаған шешімдерінің мазмұны жағынан ерекше қызығушылық туғызатын 27 сәуір және 7 мамыр аралығында болып өткен Семей облыстық қазақ съезі. Бұл ретте оның жұмысына Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахметжан Қозыбағаров, Әлімжан Ермеков, Нәзипа Құлжанова, Сатылған Сабатаев, Биахмет Сәрсенов, Халел Ғаббасов, Жүсінбек Аймауытов, Манан Тұрғанбаев сияқты белсенді қазақ зиялыларының үлкен

тобының қатысқаны едәуір ықпал еткені сөзсіз. Съезд делегаттары бірауыздан тезірек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын шақыру қажеттігін, ең негізгі мәселелерді тек Құрылтай жиналысы ғана шешуге құқықты екендігін, ел арасына тыныштық пен татулықты сол ғана алып келе алатындығын айтып, оның жұмысына барлық халықтардың өкілдері қатынасып, сайлау құқығы жалпыға бірдей, тең, төте және құпия болуын, ешқандай да білім, мүлік, жыныс және отырықшылық цензі болмауын жақтады. Сондай-ақ осы съезде қазақ зиялылары тұңғыш рет өздерінің ұлт мәселесіне байланысты бағдарламасын анық және нақты берген еді. Олар «автономия және жергілікті басқару атты мәселе бойынша қабылдаған қаулыларында бірінші ресейлік Құрылтай жиналысында ұлы Ресейді мекендейтін барлық халықтардың бостандығы, теңдігі және туыстығы бекітіліп, оларға қоғамдық өмірін өз қалауынша, өздерінің ұлттық, тұрмыстық, мәдени, экономикалық, тарихи-географиялық ерекшеліктеріне сай құруға мүмкіншілік берілуге тиіс» деп көрсетті. Съезд сонымен бірге мектеп, дін, сот істерін ұйымдастырудың нанымды және демократиялық бағдарламасын ұсынған болатын. Мәселен, қаулыда оқу жұмысына байланысты «оқу-ағарту ісі елдің бәріне бірдей қымбат» деп көрсетіліп, «жалпыға бірдей міндетті, тегін оқу енгізу қажеттігі», «қоғамдық, мектептердің барлық сатыларында оқыту ана тілінде жүргізілуі», «мектептерді жергілікті тұрғындарға жақындату» керектігі айтылады. Барлық облыстық съездер сияқты Семей қазақ съезі де патшалық билік пен онда қызмет атқарған кейбір чиновниктердің ісіне тоқталып, бұрынғы билік орындарында қызмет жасаған қайсыбір чиновниктерге байланысты әшкере материал жинастырылып, тиісті шаралар қолдану үшін Облыстық Қазақ комитетіне тапсырылсын деген тұжырымға келді. Тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съезд оны дайындауды Ә. Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялыларынан тұрған айрықша бюроға тапсырғаны жоғарыда айтылды. Міне, осы бюро облыстық қазақ съездерінің аяқталуын күтіп жүрген мезгілде Мәскеуде 1-11 мамыр аралығында бірінші Бүкілресейлік мұсылмандар съезі өтеді. Мұсылмандардың Мәскеу



съезі ресейлік мұсылман істерін жүргізуші «Шорай ислам» аталатын 30 адамнан тұрған орталық кеңес сайлап, оның ішінен 12 адамнан тұрған атқару комитетін құру туралы шешім қабылдайды. «Шорай исламнан» 5 орын қазақ өкілдеріне ұйғарылады. Ал «Шорай исламның» іс жүргізетін орталығы болып Петроград белгіленеді. Бұл, белгілі дәрежеде, Бүкілресейлік мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси істерін бір орталықтан басқаруға ұмтылушылықтың көрінісі болатын. Бұл жағдай қазақ демократиялық зиялылары мен мұсылмандық қозғалыстың ара жігінің ашылуына түрткі болады. Бірінші Бүкілресейлік мұсылман съезінің шешімдері мәлім бола салысымен Ә. Бөкейхаов пен А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ қайраткерлері «Қазақ» газеті арқылы мәлімдеме жасап, онда: «...Шорай исламға» сайланған қазақ ағзаларын халық тарапынан сайланған ағзалар дей алмаймыз һәм олардың қазақ атынан деп істеген істерін, сөйлеген сөздерін халықтікі демейміз деген сөздер бар еді. Көп ұзамай Орынбордағы жалпықазақ съезін ұйымдастыру бюросы екінші рет мәлімдеме жасап, онда Қазанда 21 шілдеде ашылатын екінші жалпымұсылман съезіне қазақ елі атынан өкілдер жібермеу туралы шешім қабылдағандарын білдіреді. Мұндай шешімге негіздеме ретінде «әуелі қазақ көшін оңға бастайтын болсақ, кіммен жолдас болуымыз қашпас. Өзді-өзіміз ауыз біріктірмей тұрып, дүрмекке шаба беруден пайда аз» деген тұжырым келтірілген еді. Тұңғыш жалпықазақ съезі 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтті. Съезд жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Фергана облыстарынан және Бөкей ордасынан өкілдер қатынасады. Оның күн тәртібіне барлығы он терт мәселе қойылып, олардың арасында мемлекет билеу түрі, қазақ автономиясы, қазақ облыстарындағы жер жағдайы, әскер құру, земство, әйел теңдігі және басқа мәселер бар еді. Съезд қабылдаған қаулы бойынша, Ресей «демократиялық федеративтік парламенттік республика болып, қазақ облыстары қоныс ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» болды. Демек, съезд пікірі бойынша, бұл кезде қазақ автономиясы бүтін қазақ жерлерін негізге алып емес, «қоныс-ұлт жігіне қарай» жариялануға тиіс еді. Бұл арада, әрине, дүдәмал жағдайлардың көп екендігі өзінен-өзі түсінікті. Жалпы басқа да деректерді са-

ралай отырып, қазақ демократиялық интеллигенциясының мемлекеттік автономияға байланысты көзқарасы 1917 жылдың күзіне қарай айқындала түскенін аңғаруға болады. Съездің отаршылдыққа қарсы сипаты әсіресе жер мәселесіне байланысты қабылдаған қаулысынан анық көрінді. Он төрт тармақтан тұратын бұл құжатта облыстық қазақ съездерінің және қазақ зиялыларының жерге байланысты жасаған тұжырымдары бағдарламалық дәрежеде берілген еді. «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін», деп көрсетілді оның бірінші тармағында. «Қазақ даласында жарамды жер аз болғандықтан», - деп көрсетілді келесі тармақта, - қазақ пайдасынан алынып кеткен мынадай учаскелер қазақтың өзіне тоқтаусыз қайтарылсын: дворяндық, мал өсіру, сауда-өнеркәсіп, курорт, монастырь үшін деп алынған жерлер, переселендер орнықтаған отрубтар, оброктік статьялар жай адамдарға показательныс поля» деп берген, бірақ расында жоқ нәрселер һәм гарнизондарға беріліп, бұл күнде олар кеткеннен кейін, яки саны азайғаннан кейін босаған жерлер». Бұдан басқа қаулыда «Бөкейлік қазақтары басқа көрші қазақ облыстарына лайықтаған норма бойынша өздерінің отырған жерлерінен жер алсын», «Түркістан қазақтарына жер берудің үстіне жергілікті су да берілісін», «қазақ халқы жермен ортақ пайдалансын (ру, ауыл, болыс болып), лғни земельный община болсын» «жер мәселесі туралы басқа саяси партиялармен келісу еркі. Учредительное собраниеде қазақ депутаттарына берілісін», «жер хақында қазақ өз алдына жер жобасын жасасын» сияқты іс жүзінде қазақ жеріне иелік құқығын қазақ халқының өзіне қайтару туралы талаптар қойылған еді. Басқаша айтқанда, бірінші жалпықазақ съезі тек осы жер мәселесін тиісті деңгейде қою арқылы жалпыұлттық дәрежеге көтеріліп, өзінің тарихи міндетін орындаған болатын. Съездің қарарларымен мұқият таныса отырып, осы кезден-ақ мемлекеттік құрылыстың ұлттық түрін құру жолдары қарастырылады. Мәселен, съезд өз қаулыларында «осы күнгі тұрақты әскер орнына халық милициясы құрылсын» деп ұлттық әскер жасақтауды, «көшпелі елдерде де отырықшылардықы секілді тоқтаусыз волостной земство ашылсын» деп Земскілік басқару жүйесінің қазақ шындығына бейімделген түрін ұйымдас-

тыруды, «қазақтың народный сотын» жойып, оның орнына «қазақ тұрмысына лайық айрықша сот» құруды жақтап шықты. Съездің оқу-ағарту ісі, әйел теңдігі және дін мәселесі бойынша қабылдаған шешімдері қазақ демократиялық интеллигенциясының бұл қоғамдық мәселелерді түсініп, шешуде өз заманыңдағы қоғамдық ойдың алдыңғы қатарында тұрғандығын айғақтайды. Мәселен, съезд оқу-ағарту ісіне байланысты «бастауыш білім жалпыға міндетті болсын, бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде жүрсін, мектеп оқулықтары және мерзімді басылым «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын» деп көрсетіп, ал әйел теңдігіне байланысты «әйелдер саяси құқықта ерлермен тең, ерге шығу еркі әйелдің өзінде болсын, қалыңмал жоғалсын, 16-ға толмаған қызғауда түсу болмасын, неке қиярда әйел мен еркекті беттестіріп ризалықтарын біліп отырсын» деп қаулы етеді. Съезд қазақ облыстарынан. депутаттыққа және оларға кандидаттыққа лайық деп санаған 81 адамның атын атап, халық назарына ұсынады. Олардың арасында Г.Н.Потанин (Семей облысы бойынша), В.Чайкин, Т.Ғарботабеков, Ш.Диваев (Фергана облысы) сияқты басқа ұлт өкілдері де бар еді. Жалпықазақ съезі «Шорай исламда» қазақ өкілдері болсын, бірақ оның ағзалары әр халықтың санына қарай анықталсын, соған байланысты қазақ өкілдерінің санын көбейту жағы тез арада шешілсін деп көрсетіп. «Шорай исламға» мүшелікке 8 адамды сайлайды. Сондай-ақ съезд Киевте өтетін федералистер съезіне және Петроградтағы оқу комиссиясына өкілдер тағайындайды. Бірінші жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қарап, мынадай шешім қабылдайды: «Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд «Шорай исламға» сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партияның негізі демократическая федеративная парламентарная республикаға құрылмақ. Партия жобасын жасап болған соң өкілдер қазақ областной комитеттерінің қарауына жібереді. Онан кейін Учредительное собраниеге жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді. Қазақ съезі партияның жобасы жасалғанша осы съездің қаулылары Учредительное собраниеге баратын қазақ депутаттарына наказ-аманат болады». Сөйтіп, бірінші жалпықазақ съезі қазақ саяси партия-

сын құру туралы шешім қабылдағанымен, күзге дейін, яғни Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқаны қызғанға дейін ол партияның түрлі деңгейдегі ұйымдарын құру ісімен ешкім де айналыса қоймайды. Петроградтағы «Шорай исламның» атқару комитетіне сайланған Ж. Досмұхамедов пен У.Танашевтен басқа онда облыстардан сайланған өкілдерден ешкім де бармайды. Көп ұзамай елінен шақырту келуіне байланысты У.Танашев та қайтып кетеді. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 5 қазандағы санында Ж.Досмұхамедовтың хаты жарияланады. Ол Құрылтай жиналысын дайындайтын Кеңесте, «Шорай исламда», Бас Жер Комитетінде және басқа көптеген орындарда жалғыз өзі жүргендігін білдіріп, қазақ партиясының бағдарламасын жазуға уақыты мүлдем қалмайтындығын айтып шағым жасайды. Бұл уақытта Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау мезгілі таянып қалған еді. Елдегі әрібір саяси партия өз тұғырнамасын жариялап, өз ұраны атынан депутаттыққа кандидаттар тізімін жасап, үгіт-насихат науқанына кірісіп кетеді. Шілдедегі жалпықазақ съезінің шешіміне сай депутаттыққа кандидат қазақ зиялылары сайлау тізіміне қазақ саяси партиясының атынан түсетін болып келісілгенімен, бірақ әлі ол партияның бағдарламасы да, тіптен аты да мағлұм емес еді. Уақыттың тым аз қалғанын түсіне отырып, «Қазақ» газетінің басқармасы Петроградтан Ж.Досмұхамедовтың хатын алған соң, 5 қазан күнгі санында ««Алаш» партиясы» деген бас мақала жариялап, онда былай деп көрсетеді: «Әр саяси партия өз ұранын шақырып, өз ұраны атынан список түзеп, сайлау ісіне кірісе бастады. Қазақ партиясының программасы жасалмағанмен жалпы қазақ съезінің қаулысы жасаламақ программаның негізі болсын, делінген еді. Съезд қаулысы халыққа мағлұм. Партия ұраны десек,-бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп, қазақ саяси-партиясының атын «Алаш» қою, ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр. Жалпы қазақ съезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси партия болуын қостайтындар, сайлауда кандидат списокін «Алаш» партиясының списокі деп жүргізулері керек». Сондай-ақ мақала авторлары әрбір облыстардағы орыс жұртымен ынтымақтасып келісіп Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттардың ортақ

тізімін жасауды мақұл көретіндерін айтып, ондай келісімге жете алмаған күнде қай облыста болса да қазақтар «өз списоктарының атын «Алаш» партиясы - Киргизская партия Алаш-деп жүргізулері тиіс» екендігін жазды. Осы баяндалған мақаланы жариялаумен бір мезгілде «Қазақ» басқармасы барлық облыстардағы қазақ Комитеттеріне қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою туралы жеделхаттар да жіберген еді. Сонымен, қазақ саяси партиясының атын анықтау осылайша аяқталады. «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастайды. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, мәселен, Ә.Бөкейхановтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазан айының шамамен 12-20 жұлдызы аралығында партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, сонан соң Омбыда, ал қарашаның 10-на қарай Орынборда ашылады. «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің, ашылуы Ә.Бөкейхановтың Томда 8-10 қазан аралығында болып өткен Сібір автономиялары съезінен қайтар сапарында іске асырады. Ол қайтар жолында Семей қаласына тоқтап 12-13 қазан күндері қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасайды. Ал оның соңы «Алаш» партиясының 15 кісіден тұрған уақытша облыстық комитетін ашумен аяқталады. Комитеттің төрағасы болып Халел Ғаббасов, жолдасына Ахмеджан Қозбағаров, хатшысына Сыдық Дүйсенбин, қазынашысы Әнуар Молдабаевты, сондай-ақ, Комитет мүшелері оған құрметті төраға етіп Әлихан Бөкейхановты сайлайды. Семейден соң Ә.Бөкейханов Омбы қаласына келіп, мұнда да өнеркәсіп орындарында, қаладағы қазақ жастарымен кездесулер өткізеді. Сондай кездесулердің бірі Омбыдағы бұрынғы облыстық басқарма үйінде қаладағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымымен болады. Кездесуде Ә. Бөкейханов Томда өткен Сібір автономиялары съезі туралы есеп беріп, сөзінің екінші жартысын «Алаш» партиясының бағдарламасына, күрес әдісіне арнайды. Шамамен, 50-60 адам қатынасқан бұл жиналыста кейін «Үш жүз» партиясын құрған Ш.Әлжанов пен М.Әйтпенев те болады. Пікір алысу барысында бұл аталған кісілермен Ә. Бөкейханов арасында ұлттық саяси партияның сипаты мен бағдарламасы төңірегінде пікірсайыс өтеді. Осы кездесудің аз ғана алдында,

яғни 1-4 қазан аралығында «Бірліктің» кеңейтілген жиналысы өтіп «жиналыс Орынборда өткен жалпықазақ съезінің қаулысын қуаттайды..., жиналыс қазақ саяси партиясы «Алашты» заман талабына сай және көздеген мақсатқа тез қол жеткізе алатын партия санайды, сондықтан да оны қолдайды, халық арасында оның пікірлерін таратуды өз міндетіне алады». 1914-1918 жылдар аралығында өмір сүрген бұл ұйымның құрамында сол тұстағы Омбыда оқыған қазақ жастарының арасынан ағайынды А. және М.Сейітовтер, М.Саматов, М.Жұмабаев, С.Садуақасов, А.Баржақсин, Ш.Әлжанов, Ә.Байдилдин, А.Сейдалин, К.Кемеңгеров, Ғ.Тоғжанов, Д.Әділов, О.Темірбеков және басқа кісілер болады. Қазан-желтоқсай айларында облыстағы бес уезде «Алаш» партиясының уездегі комитеттері ашылады.

2. Ақпан революциясының жеңісінен кейін Қазақстан мен Түркістан өлкелерінің тұрғылықты халықтарының саяси оянуының барысында 1917 жылдың көктемі бетбұрыс кезең болды. Түркістан өлкесінің ұлттық-демократиялық интеллигенция жетекшілері біртіндеп ұлттық-азаттық идеяларды қалыптастырушылар рөлін алмастырып қана қойған жоқ, сол идеяларды жүзеге асырудың жолдарын да іздестіре бастады. Олар Қазақстан мен Түркістан өлкелерін стихиялы қарулы көтерілістер арқылы отарлық езгіден құтқару мүмкін емес деп санады. Түркістандағы жәдидшіл қайраткерлер өлкенің тұрғылықты халықтарының түбірлі мүдделерін бейнелейтін «Шора-и-Ислам» («Ислам кеңесі») партиясын дүниеге әкелді. Бұл партия 1917 жылы наурыз айының ортасында Түркістан өлкесінің әрі оған қарайтын Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласында құрылып, оның негізі 1917 жылы 14-і наурызда 60-тан астам ескі Ташкент тұрғындары өкілдерінің (өзбек, қазақ және татарлар) бас қосуында қаланды. Оның 15 адамнан тұратын басқармасы сайланды. Олардың басым көпшілігі жәдид қозғалысының М.Қары, Қ.Бабажанов, Ү.Хожаев сияқты қайраткерлері болды. 1917 жылы сәуір айында Петроградтан Ташкенге келген Мұстафа Шоқай «Шора-и-Исламның» айтылмыш басқармасының мүшелігіне сайланып, көп кешікпей оның төрағасы қызметін атқара бастады. Әуел баста «Ислам кеңесінің» мақсаттары реформаторлық идеяларды тарату мен Түркістан мұсылман-

дарының бірлігін нығайту деп анықтайды. Көп кешікпей (мамыр-маусым айларында) ұйымының бөлімшелері Түркістан өлкесінің барлық қалалары мен басқа да елді мекендерінде құрылды. Осы бөлімшелердің Сырдария облысында құрылуына М.Шоқай, Көлбай Төгісов, т.б. азаматтар белсенді түрде ат салысады. «Шора-и-Исламның» Ташкенттегі мекемесі оның орталық ұйымы болды да, басқа елді мекендегілері оның ұйымдары бөлімшілер болып саналды. 1917 жылдың жазының басына қарай М.Шоқай басқарған «Шора-и-Ислам» мен «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі» Түркістан халықтарының тәуелсіздік күрес жолындағы беделді қоғамдық-саяси бірлестігіне ұласу процесіне батыл бет бұрды. Осыған орай «Шора-и-Исламның» бастапқы кезде алдына қойған жалпылама міндеттері енді нақтыландырыла түсті. Осыдан келіп Түркістанның ұлттық-демократиялық қозғалысына қоғамның саяси өмірі талап еткен күрделі мәселелерді шешу жолдарын анықтау қажет болды. Сондықтан да «Шора-и-Исламның» мұрындық болуымен 1917 жылы 16-21 сәуір аралығында Ташкент қаласында бірінші бүкілтүркістандық мұсылмандар съезі шақырылады. Оған 150-ге жуық делегаттар қатысты. Съездің төралқасына сайланғандар қатарында «Шора-и-Исламның» іс жүзіндегі жетекшісіне айналған Мұстафа Шоқай, Түркістандағы азаттық қозғалысының саяси-діни қанатының басшысы Сералы Лапин, жәдидшіл кайраткерлер Убайдулла Ходжаев, Заки Уәлиди Тоған, т.б. болды. Съезд Түркістандық қоғамдық саяси өмірі мен ұлттық-азаттық, қозғалыстың көкейкесті мәселелерін талқылады. Мұстафа Шоқай сол күннен бастап «өзі негізін қаласқан Түркістан (Қоқан) автономиясы талқандалған 1918 жылдың ақпан айына дейін Түркістан мен Қазақстан өлкелерінің қоғамдық саяси өмірінің қайнаған ортасында болды. Мұстафа Шоқай мен Түркістандық жәдидшілдер жетекшілері басқарған «Шора-и-Исламшылдар» Қазақстандағы Алаш қозғалысы жетекшілері сияқты сол кездегі жағдайда осы өлкелердің Ресей демократиялық федерациясы құрамындағы ұлттық территориялық автономия болуын жақтады. Азаттық қозғалыстың басқа бағыттағы саяси күштерін осы мақсатты жүзеге асыру ісіне топтастыруға ұмтылды. 1917 жылдың көктемінде осы партияның

(Ислам кеңесінің) ұйымдары (бөлімшелері) Черняевте (Шымкент), Әулиеатада (Тараз), Перовскіде (Қызылорда), Қазалыда, басқа сөзбен айтқанда Сырдария облысының барлық уезд орталықтарында болды. «Шораи-Исламның» Қазалыдағы ұйымы партияның Ташкентте ресми түрде құрылғанынан жарты айдай бұрын пайда болды. Архив құжаттарының мәліметі бойынша 1917 жылы 27 наурыз күні Қазалыда 5000 мұсылман (яғни тұрғылықты халықтар өкілдері) қатысқан жиналыста «Шора-и-Исламның» тоғыз адамынан тұратын уездік комитеті сайланған, оған үш-үш кісіден қазақ, татар және өзбек халықтарының өкілдері енген. Мамыр айының басында «Шора-и-Исламның» уездік ұйымы Черняев (Шымкент) қаласында да құрылған. Оның басқармасына да түрік халықтарының (қазақ, өзбек) елге құрметті өкілдері сайланған. Жаңа құрылған Қазақ комитеттері наурыз айынан бастап-ақ съездер өткізуге дайындық жасай бастады. 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында өткізілген облыстық және уездік қазақ съездері, сол уақытқа орай ұлттық комитеттер жүйесін құрады. Сондай-ақ 1917 жылдың 2-5 тамыз аралығында Ташкентте Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының жалпы съезі болып өтеді. Съезге Түркістан аймағындағы барлық аудандардан арнайы сайланып келген уәкілдер және арнайы шақырылмағандар да қатысады. Съезді басқарушы төралқаларының ішінде С.Асфандияров съездің құрметті төрағасы, М.Тынышпаев съезд төрағасы, төрағалық серіктікке А.Мангелдин, Ә.Кенесарин, С.Өтегенов, хатшылыққа З.Сейдаллин, Ш.Көпсаламов және С.Қожанов сайланады. Осы съезде «Түркістан өлкелік қазақ-қырғыздардың орталық Кеңесі» құрылады. Сонымен бірге съезде Сырдария облысының орталық атқару кеңесі құрылып, оған мүшелікке С.Өтегенов, Ә.Көтібаров, И.Қасымов, А.Тоқтыбаев, Т.Рысқұлов және С.Қожанов кіріп, бірорталыққа біріккен «Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз атқару Кеңестерінің» жұмысын үйлестіруді Сырдария облыстық қазақ атқару Кеңесіне жүктейді. Түркістан бірорталыққа біріккен қазақ-қырғыз Кеңесінің төрағалық міндетін алғашқыда Ибраһим Қасымов, хатшылық қызметін Тұрар Рысқұлов атқарса, кейін төрағалық міндеті Ә.Көтібаровқа өтеді. Ал М.Шоқай осы Кеңестің құрметті төрағасы болып сайланып,



оның жалпы жұмысына басшылық жасайды. Осы съезде қабылданған қаулыда «Түркістан аймағында қазақ Кеңесі ашылсын. Ал қазақ-қырғыз Кеңестері жоқ облыстарда тездеп облыстық қазақ кеңестері құрылсын», - делінеді. Осыған байланысты Сырдария облысында облыстық қазақ атқару Кеңесінің төрағасы Ә.Көтібаров, Перовск уезіндегі Кеңестің төрағасы алғашқыда Е.Қасымов, кейін Қ.Ибраһимов, Қазалыда А.Жанталин, Әулиеатада Ә.Кенесарин сайланды. Черняев уезінде де қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік секілді мұсылман халықтарының өкілдері өзара бірлікке ұмтылған жалпы мұсылмандық ұлттық орталығы болған «Мұсылман лигиясы» немесе «Мұсылман халық депутаттарының кеңесі» деген атаумен қоғамдық негізде біріккен ұйымда қазақ ұлттық қозғалысының өкілдері де өз ұлтының мүддесін қорғай отырып, қызмет атқарды. Черняевтағы жалпы-мұсылмандық ұйымда Х.Сейтов, Б.Жұмабаев, М.Байзақов, Б.Ешбатыров, Д.Досмұхамедов, Б.Қожабеков, Ж.Күнжарықовтар жүрді. Жалпы алғанда съезде «Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының тамызға дейінгі басты мәселелеріне және бұдан бұлайғы атқарылмақ шараларына талдау жасап, 18 тармақтан тұратын қаулылар қабылдады. Бұл қаулылардың ішінде отаршылдыққа қарсы сипаты, әсіресе, жер-су, переселен қаулысынан анық көрінеді. Жиырма тармақтан тұратын бұл құжаттың он төрт тармағы 1917 жылдың 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен тұңғыш жалпы қазақ съезіне қазақ зиялыларының жерге байланысты жасаған тұжырымдарына біршама өзгерістер енгізіліп, бағдарлама дәрежесінде қаулы етіліп қабылдады. Алайда 1917 жылдың екінші жартысында барлық қазақ облыстары секілді Сырдария облысында да қоғамдық-саяси өмір шиеленісіп, қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайы мүлдем ауырлап кетті. Нақтылап көрсетсек Сырдария облысында егін егетін жердің көпшілігіне мақта егілгендіктен өлкеде аштық басталған болатын. Ашаршылықтың күрт күшті етек алып кеткендігі сондай – аш қазақтардың жағдайы тіпті мүшкіл күйге түсті. Ресейден Түркістанға 30 000 пұт астық бөлінгенімен, революцияның салдарынан теміржолдар істен шығып, астықтың бәрі Түркістанға жете алмай жолда тоқтап қалды. Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласының саяси өмірі

күрт нашарлады. Мұндағы саяси өмірдің өзіне тән ерекшіліктерінің бірі, бір жағынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамында негізінде кадет партиясының мүшелері мен оның жақтастары көпшілік орынға ие болса (олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев және Мұстафа Шоқай сияқты қазақ халқының өкілдері де бар), екіншіден, осы комитетпен текетіресте болған Ташкент Кеңесінің құрамында эсерлер мен социал-демократтардың қанатының (негізінен большевиктердің) көпшілік орынға не болуына байланысты еді. Мүшелері түгелге дейін «европалықтардан» (негізінен орыс халқының өкілдерінен) тұратын Ташкент Кеңесі өкімет билігіне жергілікті халықтардың өкілдерін жолатпау бағытын ұстады. Кеңестердің жергілікті халықтардың жалпы ұлттық мүдделерін елемей, қоғам өмірінің мәселелеріне қатаң таптық тұрғыдан қараулары ұлттық-демократиялық күштердің осы ұйымдарға деген сенімсіздігін туғызып, олардың араларындағы қарама-қарсылықты күшейтті. Сонымен қатар, ұлттық-демократиялық күштердің Уақытша үкіметтің Түркістан мен Қазақстан өлкелеріндегі органдарына деген сенімдері де әлсіреп, олардың осы кезге дейінгі қоғамдық саяси өмір мәселелеріне ортақ көзқарастарында қарама-қайшылықтар орын ала бастады. Мұндай жағдайдың орын алуы ең алдымен өзекті үш мәселеге көзқарас алшақтығынан анық көрінді. Олар, біріншіден, жер мәселесіне, екіншіден, осы өлкелердегі түпкілікті халықтардың мемлекеттігін (автономиялық түрдегі болса да) қалпына келтіруге, үшіншіден, сол халықтардың рухани өміріне байланысты Уақытша үкімет пен жергілікті ұлттық-демократиялық күштер арасындағы келіспеушілікке, тіпті қарама-қарсылық пен текетіреске тікелей байланысты болды. Түркістан өлкесіне қарайтын Сырдария облысының саяси өміріндегі мұндай қайшылықтар Уақытша үкіметті кадет Н. Щепкин басқарған Түркістан комитетінің бірінші құрамының өз қызметін тоқтатқан 1917 жылғы бірінші шілдеден кейінгі кезеңде шиеленісе түсті. 1917 жылы күздің басында Түркістандағы саяси күрестің шиеленісуі Уақытша үкіметтің өлкелік комитеті мен осындағы жұмысшы-солдат депутаттары арасындағы текетірестен айқын көрінді. Орталықтағы, ең алдымен Петроград және Москва Кеңестерінің

үлгісімен Ташкенттегі Перовскідегі, Черняевтағы, Сырдария облысының басқа қалалары мен теміржол бойындағы елді мекендердегі Кеңестер өкіметті тұтастай өз қолдарына алу үшін ашық күрес жүргізіп, заңсыз әрекеттерге барды. Осындай жағдайда 1917 жылы 7-11 қыркүйекте Ташкентте «Шора-и-Ислам» партиясының бастауымен өткен екінші өлкелік мұсылмандар съезі жұмысшы-солдат депутаттары Кеңестерінің өкіметті өз қолдарына алмақ болған әрекеттеріне қарсы шықты. Съезге қатынасушылар жұмысшы-солдат депутаттарының Кеңестері өлкені мекендеген халықтардың азғантай ғана бөлігінің еркін білдіретіндігін баса көрсетіп, өлкелік үкімет оны мекендеген халықтардың өкілдері қатыналатын коалициялық принципте құрылуы қажет деп тапты. Съезд қабылдаған шешімде: «Екінші Түркістан өлкелік жалпымұсылмандық съезд өкіметті жұмысшы және шаруалар депутаттары Кеңестерінің қолына беруге қарсылық білдіреді. Өкімет коалициялық, елдің барлық күштеріне сүйенген, яғни бүкілхалықтық болуға тиіс», - делінді. Осы басты принципті нақтылай түскен съездің қосымша құжаттарында «Шора-и-Ислам» төңірегіне біріккен Түркістандық ұлттық демократиялық күштер маңызды саяси талаптар жүйесін анықтады. Олар негізінен мынаған саяды: Мұсылмандар өлкелік үкіметке, оның саясаты демократиялық принциптерге негізделген және өлкенің тұрғындарының басым көпшілігінің мүдделерін есепке алған жағдайында ғана мүше бола алады; Түркістан тұрғындары үшін халықтың өзін-өзі билеу құқы басымдылық (приоритетный) болып саналады; өлкелік мұсылмандар Кеңесі мұсылмандар атынан әрекет жасайтын және солардың мүдделерін қорғайтын жалпы мұсылмандық заңды орган болып табылады. Алайда осы талаптар негізіндегі іс-әрекеттер 1917 жылы 12 қыркүйекте Ташкентте басталған айтулы оқиғаларға байланысты басталмай жатып аяқсыз қалды. Сол күннің қарсаңында большевиктердің ықпалымен және халық бұқарасының Уақытша үкіметтің Түркістандық комитетіне қарсы бағытталған жаппай наразылығына байланысты Ташкент қалалық Кеңесінің атқару комитетінің кеңейтілген мәжілісі 12 қыркүйекте «Бүкіл өкімет Кеңестерге берілсін!» — деген ұран астында қалада бұқаралық митинг ұйымдастыру жөнінде шешім қабыл-

дады. Митинг белгіленген күні Ташенттегі Александров бағында өтіп, онда алдымен талқылауға шаруашылық күйзелісімен күресу мәселесі ұсынылды. Митингке 6 мыңнан астам адам: теміржол жұмысшылары мен 1,2-ші сібірлік запас полкының солдаттары қатысты. Митингке қатысушылар 14 адамнан тұратын революциялық комитет құрамын сайлап, ревком мүшесі тек қана «европалықтардан» тұрды, оның құрамына жергілікті халықтардан бір адам да сайланған жоқ. Сонымен, әуел баста шаруашылық күйзеліс пен азық-түлік мәселесін талқылау үшін шақырылған митинг большевиктердің және оларды жақтайтын басқа да солшыл күштердің ықпалымен саяси мәнге ие болды. 13 қыркүйекте Ташкентте өкімет іс жүзінде қалалық Кеңестің қолына көшті, болған оқиға туралы телеграф арқылы өлкенің барлық Кеңестеріне хабар берілді. Ташкент қалалық Кеңесінің атқару комитетінің негізінен солшыл эсерлер мен большевиктерден тұратын жаңа құрамы сайланды. Өлкеде большевиктер мен солшыл-революционерлердің ықпалы күшейіп, саяси билік біртіндеп Уақытша Үкіметтің Түркістан комитетінен кете бастады.

Ақпан революциясынан кейін Жетісу облысында қалыптасқан саяси жағдай Түркістанның тұтастай саяси жүйесіне кірді. Бұл өлкедегі Қазақ комитеті ғылыми әдебиеттерде Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитеті деп те аталады. Оның бұлайша аталуы Пішпек және Пржевальск уездеріндегі қырғыздардың өз мүдделерін осы комитет арқылы қорғауды көздеп, оның қызметіне тартылуына байланысты болса керек. Бұл Қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы көрнекті қазақ қайраткері И.Жайнақов болды. Комитеттің аяғынан нық тұруына К.Шегіров, Ә.Кәкенов, Н.Нұрмұхамедов, К.Абдуллин, М.Солтаев, К.Тоқсанбаев, К.Ордабаев, И.Арабаев, К.Телтаев, М.Әлімбаев, Т.Есенғұлов секілді қазақ және қырғыз халықтарының өкілдері саналатын тағы басқа мүшелері аянбай қызмет етті. Сондай-ақ олар облыстық комитеттің бөлімшелері – уездік комитеттеріне жетекшілік етуге атсалысты. Мәселен, Верный уездік комитетіне К.Шегіров, Пішпек уездік комитетіне М.Әлімбаев, Жаркент уездік комитетіне Т.Есенғұлов, Пржевальск уездік комитетіне И.Арабаев төрағалық етті. Қазақ комитеттері құрыл-

ғанда олар өздерінің алдына мынандай мақсат-міндеттер қойған: «а) қазақ халқын жаңа құрылыстың негіздерімен таныстыру және оны жүзеге асыру; ә) ел тыныштығын, бүтіндігін сақтау үшін және жалпы, тікелей, тең, әрі жабық дауыс беру бойынша мемлекеттік заңдардың негізін жасау үшін, сондай-ақ басқару формасын айқындау үшін шақырылатын Құрылтай жиналысына сайлауға әзірлеу». Жетісу облысы аумағында 1917 жылдың 7 наурызында Алматыда қазақ, қырғыз, ұйғыр мен дүнгендердің қоғамдық-саяси істеріне жетекшілік ету және Жетісу мұсылмандарының еркін білдіру және мұсылмандар бірлігін насихаттап, олардың бірлесе әрекет етуін жақтау мақсатында татар зиялысы Зайнетдин Тазетдинов басқарған жалпымұсылмандық «Құрылтай» атты комитет құрылады. «Құрылтай» ұйымының жұмысына И. Жайнақов, И. Тергеусізов, Қ. Ордабаев секілді облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің мүшелері де атсалысты. Облыстық мұсылмандық комитет те уездерде өзінің бөлімшелерін ашты. Жетісу облыстық мұсылмандардың «Құрылтай» ұйымы құрамына қазақ, татар, ұйғыр халықтарының өкілдерімен қатар дүнгендердің өкілдері де тартылды. Ұйғырлардың ұйым сол кезде «Тараншылар комитеті» деген атауға ие болған еді. Кейіннен, араға көп уақыт салмай ұйғырлар мен дүнгендер бірлесіп, бұл ұйымды «Милли шуро» («Ұлттық кеңес») деп атады және ол «Құрылтай» ұйымының бөлімшесі саналды. «Милли шуро» ұйымына дүнген көпесі Шилаза Маев төрағалық етті. 1917 жылдың 19 сәуірінде М.Тынышбаев Түркістан Комитетінің мәжілісінде баяндама жасап, қырғыз-қазақ халқы өкілдерінің келісімімен Жетісу босқындарын орналастыру жайын әңгімелейді. 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында өткізілген облыстық және уездік қазақ съездері, сол уақытқа орай ұлттық комитеттер жүйесін құрады. Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдардың атқаруы тиіс мәселелер өлкелік және облыстық деңгейде ұйымдастырылған съездерде де нақтыланды. Мәселен, 1917 жылдың 12-13 сәуірі аралығында 81 делегаттың қатысуымен Верныйда өткен Жетісу облыстық қазақ съезінде қабылданған қаулыны жүзеге асыруды қадағалау облыстық Қазақ-қырғыз комитетіне жүктелген болатын. Бұл съезге Жетісу облыстық «Құрылтай» атты мұсылман комитетінің төрағасы да

қатысқан болатын. Мұның өзі «Құрылтай» ұйымы да съезде қабылданған қаулыларды өзінің қызметі барысында басшылыққа алуды көздегенін білдірсе керек. Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі И.Жайнақовтың төрағалық етуімен өткен бұл съездің күн тәртібіне соғысқа көзқарас, Уақытша үкіметке көзқарас, жергілікті және өлкелік өкіметке көзқарас, Ресейдің болашақтағы мемлекеттік құрылысы, дін ісі, азық-түлік мәселесі, жергілікті басқару, сот, білім беру ісі, қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастыру секілді мәселелер қойылған болатын. Съез делегаттары бұл мәселелерді мұқият талқылай отырып, жеңіске дейін соғысты жалғастыруды, Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсету, қазақ-қырғыздардың діни басқармасы (мүфтилігі) құрылсын, облыс шеттен қоныс аударушылар үшін жабық деп жариялансын, жергілікті басқарудың барлық деңгейлерінде екі комиссардан – «бірі орыс, екіншісі мұсылманнан» тағайындалсын, Шығыс Түркістанға ауып кеткен қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастырылсын, мұны Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті өз бақылауына алсын деген шешім қабылдаған болатын. Съезд шешімі бойынша Қашқар, Ақсу жақтан қайтқан босқындарды Пржевальск жақтағы қауіпсіздеу жерлер-Улахол, Семізбел, Тоң өңірлеріне, Пішпек уезінің Қошқар, Сусамыр, Жұмғал алқабына, Нарын жақтағы Тоғызторау, Құланак, Ақдала өңірлеріне, Құлжадан қайтқандарды – Алматы уезінің шығыс жағына және Жаркент уезінің Шонжа, Шөлтатыр аңғарларына, Бесқарағай, Қарқара, сондай-ақ Пржевальскдегі орыс шаруаларының қаупі аздау жерлерге орналастыру көзделді. Бұл аймақ қабұрын ешкім қоныстанбаған жалға да берілмеген, бірнеше десятинаға созылып жатқан қазына жері болатын. Съездің бұл шешімін И.Жайнақов Түркістан комитетінің басшысы Н.Н.Шепкинге жібереді. Сонымен бірге Шу өңіріне жетіп жығылған босқындарды сол жерде қалдыруды сұрайды. 21 сәуірде Шепкин мен Тынышбаев репатрианттар мәселесіне байланысты Петроградқа Уақытша Үкіметке, Егіншілік және Сыртқы істер министрліктеріне жеделхаттар жолдайды. Онда мәселенің кезек күттірмейтін күрделілігі және өзектілігі айтылады. Одан әрі халықтың басындағы ауыр жағдайды шешу үшін Тынышбаевтың баяндамасы мен Жетісу облыстық қазақ

съезінің қаулысы негізінде іске кірісе беретіндерін хабарлайды. М.Тынышбаев пен О.Шкапский 27 сәуірде Ташкенттен шығып, сәуірдің соңында Жетісу өлкесіне келіп, қатты зардап шеккен уездерді аралайды. М.Тынышбаев Пішпек, Әулиеата, Қапал, Жаркентте болады, одан ары босқындардың ең көп орналасқан жері – Текеске дейін барып қайтады. Олар барған жерлерінде мәжілістер өткізіп, қазақ-қырғыз мәселесін талқыға салады. Мысалы, сондай мәжілістің бірі 1917 жылы 4, 6 мамыр күндері Пішпекте өтеді. Мәжілістің күн тәртібіне Пішпек, Пржевальск және Жаркент уездеріндегі қазақ-қырғыздардың орыстармен қарым-қатынасы және дүнгендер мәселесі қойылады. Бұл жиынға О.Шкапский, М.Тынышбаев, Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И.Жайнақов, Пржевальск уезінің қырғыздарының төрағасы К.Тельтаев және Қашқар консульдығының тілмашы Стефанович, Пржевальск уездік комиссары П.И.Шебалин, Жетісу облыстық қоныстандыру ісінің меңгерушісі қызметін уақытша атқарушы В.А.Гончаровский, Уақытша Үкімет жіберген өкіл С.Н.Шендриков қатысады. Мәжілісте В.А.Гончаровский мен П.И.Шебалин куропаткиннің көтерілісшілерді Нарын өлкесіне орналастыру туралы ұсынысын қайта алға тартады. Қызу айтыстан кейін мәжіліске қатысушылар бір топтамға келіп, Қытайдан қайтқан Пржевальск, ішінара Пішпек (Атаке, Сарыбағыш болыстары) қырғыздарын орыс шаруалары тынышталғанша Ыстық көл, Үлкен және Кіші Кебин, Ақ бекет жаққа уақытша жібермеу қажет деп шешеді. Бұл мәселені талқылау барысында мәжіліске қатысушы босқан қазақ-қырғызды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін де көтерді. Жетісу босқындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін Жетісу облыстық Қазақ комитеті жанында И.Жайнақов төрағалық ететін арнай комиссия құрылсын деген қаулы қабылданды. Түркістан комитетінен Жетісу губернаторына келіп түскен 100 мың сом ақша және тағы жиналатын қаржылар осы комиссияға берілетін болды. Пішпектегі мәжілістің шешіміне орай 25 мамырдан бастап, босқын қазақ-қырғызды жерге орналастыру жұмыстары басталады.

1917 жылы 23 шілдеде Пржевальск уездік атқару комитеті жиналысында Пржевальск уезінің шығыс бөлігінен Жаркент

уезіне барып қоныстанатын қырғыздарды екі уездің шекарасындағы Талдыбұлақ және Ирсу деген жерге жинап, олардың көбі сүзек ауруына шалдыққаннан осы жерде карантин пунктіні ашып, жұкралы ауруларды емдейтін дәрігер Беляевтің тексеруінен кейін Верный уезінің Жаркент уезіндегі қазақтар арасына орналастыру керек деген шешім шығарады. Қоныс аударатын бұл қырғыздар Пржевальск уезінің 7 болысынан елге аман оралып, тірі қалғандар болатын. Олардың барлығы дерлдік малмүлігінен, отбасынан айрылғандар еді. Тек Түрген-Ақсу болысының қырғыздары ғана сәл әлдірек болды. Көп қырғыз отбасының басына тігер киіз үйі де болмады. Оларды тасымалдап жеткізетін ат-көлік те болмай, ауру-сырқаулар мен бала-шаға 2-3 күндік жаяу жүріске шыдай алмай, жолда қалды. Қазақ жеріне аман жеткен қырғыздардың 549 отбасы Жаркент уезінің Мерке болысына, 348 отбасы Шілік болысына, 250 отбасы Верный уезінің Қызылбөрік болысына, қазақ ауылдары арасына орналастырылады. Қытайдан келген өз болысымыздың қазақтарын қосылмаймыз деген кейбір қазақ ауылдары болмаса, көбі арып-ашып жеткен қырғыздарға көмек қолын созып, өздерінің күйзеліп отырғандарына қарамастан қамқорлық танытады. Мысалы, Шілік болысындағы қазақтар қолдарындағы азын-аулақ сулыларын және басқа азық-түліктерін бөліп беріп, қырғыз отбасыларын аштықтан аман алып қалады. Ал, Қыдыр Байсарин бастаған Түрген болысының қырғыздарына жер бөліп берген Қызылбөрік болысының қазақтары түргендіктер өздерін бұрынғыша жеке болыс болып, өздері басқара берсін деген шешімге келіп, тіпті Түрген болысына хатшылыққа Сакулинді алуға рұқсат береді. Қырғыздардың көшінің қазақ жеріне орналасып, қазақтармен ортақ тіл табысуына, оларға қазақ ауылдары тарапынан көмек ұйымдастыруға Жетісу облыстық Қазақ комитетінің Ілияс Дәулетбақов, Манке Исмаилов, Шегіров секілді өкілдері белсене араласады. Босқын қазақ-қырғызға жәрдем көрсету мақсатында Ташкент қаласындағы «Шуро-и-Ислам», «Тұран», «Шуро-и-улема» және «Еңбекші мұсылмандардың одағы» ұйымдары тарапынан халық арасынан жылу жинау жұмыстары қолға алынды. Бұл іске «Бірлік туы» газеті редакциясы да тартылды. 1917 жылыдың 14 наурызынан бастап бұл ұйым-



дардың атсалысуымен Ташкент қаласында «Аштарға жәрдем комитеті» құрылды. Осы комитет жиналған қаражатқа қалаға босып келген қазақтар мен қырғыздар үшін деп бір асқана ашылды. Бұл асқанада күніне 250-ден астам аштыққа ұшыраған қазақ-қырғыз босқындары тамақтандырылып тұрды. 1917 жылғы «Қазақ» газетінің мәлімдеулеріне қарағанда, қазақ зиялылары қырғыз-қазақ босқындары үшін үкімет тарапынан қазынадан, ақшалай жәрдем көрсетілуіне күш салды, тамақтандыру орындарын ашты, жеке адамдар мен қоғамдық ұйымдар тарапынан қаржылай көмек берілуін ұйымдастырды, орыс шаруалары мен солдаттарының босқын қазақ-қырғызды ату, асу, өртеп жіберу секілді дұшпандық әрекетін тоқтатуға араласты, уездік, облыстық, жалпықазақтық съездер де Жетісу оқиғасын жеке мәселе ретінде қарап, шешімдер қабылдады, сөйтіп бүкіл-ресейлік мәселе ретінде үкіметтің де назарын аударта білді. 1917 жылы 14 тамызда Уақытша үкіметтің Мәскеуде өткен Мемлекеттік мәжілісінде А.Точибаев Жетісу босқындарының мәселесін көтеріп: «Бүкіл Ресей Қытайдан қайтқан 83 мың қырғыз-қазақтың жойылып жатқанына немесе аштан өлгеніне, Жетісу мұсылмандарының тұншықтырылып жатқанына куә болды»-деп мәлімдейді. Үкіметке мұндай хабарды жеткізген М.Тынышбаев еді. 1917 жылы 15 шілдеде Орынбор арқылы Түркістан комитетінің комиссары М.Тынышбаев Петроградқа жол жүреді. «Қазақ» газетінің көрсетуінше, «Мұхамеджан Тынышбайұлы үкіметке Жетісу облысының хал-жайын баяндап, 25 маусым жарлығы тақырыпты бүліншілікке қазынадан жәрдем сұрамақ. Осылайша, бірін-бірі қырғынға ұшыратқан һәм бұл күнге дейін бір-біріне кек сақтап, іштеріне қан қатқан екі жұртты татуластыру қамына кіріспек» болды. Бірақ орыстар иен қазақ-қырғыз арасының жігін жалғау оңайға түспеді. 1917 жылы қырғыздардың басшы адамдарының – манаптарының қуғынға ұшырауы да қырғыз халқының көптеп қырылуына, бас сауғалап елден кетуіне бір себеп болды. Жетісуды аралаған О.Шкапский мен М.Тынышпаев та барлық азаматтардың құқықтық теңдіктерін жариялайды. Жетісу облыстық комиссарының орынбасарларының бірі И.Жайнақовтың да белсенді қазақ-қырғыз мүддесі жолындағы қызметі ерекше. Мәселен Жетісу облыстық Қазақ-

қырғыз комитеті жіберген Нарындағы өкілдер –М.Солтаев пен Қ.Телтаев та Ақсу өңірінен оралған 800 түтін саяқ руының адамдары аш-жалаңаш, ауыр жағдайда екенін, маңайдағы Долинский, Курск деген шаруалар қонысы жақтан төнген қауіптен тек күзеттің сақтап тұрғандығын, енді оларды Ыстықкөлдің солтүстік жағалауындағы Торайғыр, Шоқтал және Қойсуға орналастыруға рұқсат керек екендігін комитет төрағасы И.Жайнақовқа хабарлайды. Ал И. Жайнақов пен комитеттің өзге де мүшелері олардың талап-тілектерін тиісті орындарға уақытылы жеткізіп, істің қазақ-қырғыз пайдасына шешілуіне қолдан келгендерінше аянбай қызмет етті. И.Жайнақовтың атына Пішпек уездік комиссары А.Сыдықовтан, Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетінен орыс шаруаларының қазақ-қырғызды және басқа мұсылмандарды қыруды тоқтатуды сұрап жеделхаттар жолдап жатты. И.Жайнақов олардың өтініштерін өкіметтік орындарға жолдап, Жетісудың қазақ-қырғыз халқы атынан қанішерлердің жауапқа тартылуын талап етті. Жетісудағы қанды оқиғалар тоқтатылсын деген ұранмен 1917 жылы 15 тамызда Ташкент мұсылмандары бейбіт шеру өткізеді. Түркістан комитетінің аталмыш комиссарларымен Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И.Жайнақовтың тікелей араласуымен Жетісу босқындарына арналып көптеген жерде тамақтандыру орындары ашылды. Пішпек уезінің Қарақоңыз, Оңтар деген елді мекендерінде, Алматы мен Қарғалыда да осындай тегін тамақтандыру орындары жұмыс істеді. Жаркент уезіндегі аш қазақ-қырғыздың әл жинап, ес жиюына осы уездің қазақ комитетін басқарушы Т.Есенғұлов көп еңбек сіңірді. 1917 жылдың 6 қыркүйегінде үкімет тарапынан, Петроградтан Жетісудың шаруашылығы бүліншілікке ұшыраған әр отбасына 500 сомнан, қырғыз-қазаққа 100 сомнан қаржы бөлінеді. Қазақ-қырғызға бөлінген 5 000 000 сом қаржының қалай бөлінгенінен М.Тынышбаев есеп беріп тұрды және қаржының негізінен 1917 жылы бүкіл Түркістанда жұт болып, мал жұтап қалғандықтан Шығыс Түркістаннан мал, дәрі-дәрмек, орыс шаруаларынан астық алынып, асханалар ашылғанын мәлімдеді. 1917 жылы 13 мамырда Түркістан комитеті қазақ-қырғыздың қайыршылық жағдайымен танысқан соң облыстық азық-түлік комитетінен 100 мың сом

алып, Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы И.Жайнақовтың қолына табыс етуге бұйрық шығарды. Бұл қаражатқа уездік Қазақ-қырғыз комитеттері Қытайдан оралған қазақ-қырғыз босқындарына жәрдемақы, азық-түлік беруді ұйымдастырды. 4-тамызда осындай жәрдемнің бірін Текестен оралған аш-жалаңаш Бекікбаевтар отбасы алды (40 сом көлеміндегі бір жолғы жәрдемпұл). Верныйға таяу жердегі Кольцов селениесі маңындағы аш қазақ-қырғызға 1350 пұт астық берілді. 28-тамызда Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің кеңесі ақылдаса келіп, Пржевальск уезіндегі босқын қырғыздарды орналастыру үшін комитет мүшесі Манке Ысмайыловты Алматы уезінің шығыс бөлігіне арнайы тапсырмамен жол шығынын комитет өз мойнына алып, 20 күнге іссапарға жібереді. Комитеттің мұндай шұғыл шешім қабылдауына қытайдан қайтқан қазақ-қырғызды орналастыру комиссиясының төрағасы Белоусовтың Пржевальскіде қырғыздар қолымен жиналған астықты Кольцов селениесі маңындағы аштарға беруге, сонымен қатар Кебен деген жердегі астықты жинау үшін әскери күзет қоюға жәрдемдесуді сұрап, И. Жайнақов атына өтініш білдіруі де себеп болған еді. М.Тынышбаев пен И.Жайнақов, К.Әлімбаев, Д.Сауранбаев, К.Телтаев, М.Мураталин, Ә.Сыдықов, И.Арабаев т.б. қазақ-қырғыз зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін елі бағалай білді және сенім артты. Халықтың ұлт зиялыларына деген сенімі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат сайлау кезінде анық байқалды. Мәселен, 1917 жылдың 2-5 тамыз аралығында Ташкентте Сырдария, Жетісу және Ферғана облыстарынан 82 делегаттың қатысуымен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының жалпы съезі болып өтеді. Съезге Түркістан аймағындағы барлық аудандардан арнайы сайланып келген уәкілдер және арнайы шақырылмағандар да қатысады. Съезге Петроградтан оралған М.Тынышбаев төрағалық етеді. Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд облыстарының қырғыз-қазақтары қатысуымен өткен бұл съезде саяси, әлеуметтік, экономикалық мазмұндағы 19 мәселе қаралады. Қазақ-қырғыз кеңестері осы съезде қабылданған қаулыларды өз қызметінде басшылыққа алуы тиіс болды. Съезде делегаттар орыс қоныс аударушыларына деп алынған жерлер қазақтар мен қырғыздарға

тоқтаусыз қайтарылсын, суару жүйелері жеке адамдардың қолынан зерттеу қарауына өтсін, орыс қоныс аударушыларының Шу мен Сырдария өзендерінің суын тиімсіз қолдануына шектеу қойылсын, қазақтар мен қырғыздарды өлкелік азық-түлік комитеті күнделікті тұтыну заттарымен қамтамасыз етсін, бастауыш білім алу жалпыға бірдей міндетті болсын, балалар мектепте ана тілінде білім алсын, оқулықтар мен мерзімді басылымдар «Қазақ» газеті қолданған әліпбимен жазылсын, орыс-түзем мектептері жабылсын, олардың орнына ұлттық мектептер ашылсын, өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың өз алдына бөлек мүфтилігі ашылсын, «Бірлік туы» газеті қазақтар мен қырғыздардың өлкелік баспасөзі қызметін атқарсын, әйелдердің құқығы ер азаматардікімен теңестірілсін, қалың мал жойылсын, 16 жасқа толмаған қызға және 18 жасқа толмаған жігітке некеге тұруға рұқсат етілмесін, 1916 жылғы көтеріліс кезінде Қытайға өтіп кеткен қазақ-қырғыз босқындарына мемлекет көмегі ұйымдастырылсын, елге оралған босқындарға орыс қоныс аударушыларының қысым көрсетуі доғарылсын, босқындарға ұлттық ұйымдар арқылы жылу жиналсын деген қаулылар қабылдаған болатын. Бұл қаулылардың ішінде отаршылдыққа қарсы сипаты, әсіресе,, жер-су, переселен қаулысынан анық көрінеді. Бұл мәселелердің кейбіреулері нақты өмірге енгенін де байқауға болады. Мәселен, М.Тынышбаев оқу-ағарту мәселесін де қолға алып, Верный қаласында О.А.Шкапский екеуінің араласуымен балабақшалар ашылып, мектептерде қырғыз-қазақ балаларына ана тілдері оқытыла бастады. Сондай-ақ, съезде Түркістан өлкесі қазақ қырғыздарының орталық кеңесі деп аталатын жаңадан құрылған осы ұйымға өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың мүдесін қорғау міндеті жүктелді. Ташкентте қыркүйек айында орын алған оқиғадан кейін Жетісу облысындағы демократиялық күштер большевиктердің билікке келуіне жол бермеу мақсатында бірлесе түсіп, 13 қыркүйек күні өлкедегі қоғамдық-саяси ұйымдардың біріккен мәжілісі болып өтті. Ол мәжіліске ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардан Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің және Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз кеңесі өкілдері қатысты. Онда қабылданған қаулыда демократиялық бағыттағы қоғамдық-саяси ұйымдар уақытша револю-

циялық комитеттің өлкеде билік жүргізуін мойындамайды, оған ешқандай да өлкелік съез рұқсат бермегендігі аталып көрсетілді.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Ақпан төңкерісін қазақ халқы қалай қарсы алды?
2. Ақпан төңкерісі қазақ даласына қандай өзгерістер әкелді?
3. Уақытша үкіметі тұсында қазақ даласында пайда болған қазақ комитеттерінің қызметі туралы не білесіз?
4. Уақытша үкіметі кезіндегі Түркістанда құрылған саяси ұйымдар туралы не білесіз?

## ГЛОССАРИЙ

**Абдыра, абдре** – үй жиһазы, сандықтың үлкен түрі.

**Антропология** – адамзаттың даму эволюциясын зерттейтін ғылым.

**Археология** – ерте замандағы адамдар өмірін заттық деректер (археологиялық ескерткіштер) бойынша зерттейтін ғылым.

**Айтыс** – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

**Әмір** – шығыс елдеріндегі әскербасылық атақ.

**Батыр** (парс, бәқадур-ержүрек, батыл, батыр)-әскери өнерді жақсы меңгерген, жау жүрек ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ.

**Бай** – дәстүрлі қазақ қоғамындағы әулетті әлеуметтік топ.

**Бек, беглер бегі, бейлер-бей** – ежелгі түркілер мемлекетінде қолбасылық дәрежесін білдірген әскери шен, атақ.

**Би** – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі.

**Дала өркениеті** – түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы.

**Демография** – халықтың құрамын, санын және өсуін зерттейтін ғылым.

**Демократия** (грек. Demos-халық,kratos-билік) – қоғамды, мемлекеттік билікті саяси және әлеуметтік ұйымдастырудың негізгі шішімдерінің бірі, ұдайы дамып, жетіліп отыратын саяси режим.

**Демонстрация** – бұқаралық шерулер митингілер ұйымдастыру жолымен қоғамдық көңіл-күйді, талаптарды, ынтымақтастықты немесе наразылықты жұрт алдында жария ету.

**Декларация** – (лат.deklaratio- мәлімдеу, хабарлау)- мемлекеттік саясат және құқықтық, халықаралық қарым-қатынастардың негізгі принциптерін салтанатты түрде жариялайтын құжат.

**Дерекнама** – белгілі бір ғылыми зерттеуге негіз болатын жазба дүниелер, ескерткіштер.

**Ел** – көне түркі тілінде “халық” сөзінің синонимы ретінде қолданылған атау. Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым-қатынастарының дамыған кезеңдерінде ел атауы қауымдық-туыстық құрылымның (патриархалды от басы, ру, тайпа, мемлекеттік бірлестік) жоғарғы деңгейін білдіретін мағынаға ие болды.

**Елтаңба** – герб-мемлекеттің, әлеуметтің, әкімшілік бөліністің, т.б. дәстүрлі ерекшеліктерін бейнелейтін, оларды әлеуметтік тұрғыдан даралау мақсатында жасалатын айырымдық белгі, рәміз, таңба.

**Жәдігер** – ертеден қалған мұра, ескерткіш.

**Жылнама** – халықтың, мемлекеттің, қаланың т.б. жылмажыл жазылып отырған тарихы, шежіресі.

**Идеология** (грек. Idea – ұғым, түсінік, Logos- сөз, ұғым, ілім) – саяси, құқықтық өнегелілік, діни, эстетикалық және философиялық көзқарастар мен идеялардың жүйесі.

**Интервенция** (кірісу, араласу) – бір немесе бірнеше мемлекет бірлесіп, өзге мемлекеттің ішкі ісіне немесе үшінші мемлекетпен арақатынасына күш қолдану арқылы араласуы.

**Интернационализм** – барлық халықтардың теңдігі мен тең құқықтығына, олардың үстем тап езгісіне, экономикалық және әлеуметтік-саяси әділетсіздікке қарсы бірлесіп күресуіне, әлемнің барлық халықтарының әлеуметтік-тарихи және мәдени мұрасын құрметтеу мен мойындауға негізделген ынтымақтастық принципі.

**Капитализм** – капиталистік қоғамның үстем табы, өндірістің маңызды құралдарының меншік иесі, жалдамалы еңбекті пайдалану.

**Кебеже** – дәстүрлі қазақ қоғамында азық-түлік сақтауға пайдаланылған, ағаштан жасалып, беті сүйек, күміс ою-өрнегімен әшекеленген, сандықша ыдыс.

**Конфедерация** – мемлекеттік құрылым формасы.

**Колония** (лат. Colonia қоныстандыру) – саяси және экономикалық дербестігінен айырылған және арнайы режиммен бас-

қарылатын, басқа шетелдік мемлекеттің қоластына қарайтын ел немесе аумақ.

**Көші-қон** – адамдардың тұрғылықты мекенінен әртүрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы

**Көшпелілік** – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі.

**Қоғам** – адамдар арасында тарихи қалыптасқан саяси-әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың тұрақты жүйесі.

**Либерализм** – парламенттік құрылысты, буржуазиялық бостандық пен капиталистік кәсіпкерліктің еркіндігін жақтаушыларды біріктіретін буржуазиялық идеологиялық және қоғамдық саяси ұғым.

**Метрополия** (гр. Meter ана polis қала) – колониясы бар мемлекет.

**Отан**–туған ел, атамекен. Адамның туған жері, сол халықтың тарихи аумағындағы оған жататын тарихи даму ерекшеліктері, тілі, мәдениеті, тұрмысы және өнегелілігі.

**Петиция** (өтініш) – мемлекеттік биліктің жоғарғы басшылығына азаматтардың жазбаша беретін ұжымдық өтініші.

**Пікірталас** – даулы, талас мәселені көпшілік алдында талқылау, жұртшылық талқысына салу.

**Реакция** – прогреске белсенді қарсылық көрсету саясаты және революциялық қозғалысты басып тастау

**Революция** (лат.revolutio бұрылыс, төңкеріс) – бір формациядан екіншісіне тез секіріп өтетін түбегейлі төңкеріс, қандайда бір табиғат, қоғам сана құбылыстарын күрт өзгерту. Мұндай секірістер эволюциядан да, реформадан өзгеше ерекшеліктерге бай.

**Реформа** (лат. Қайта жасау, жанарту) – қолданыстағы әлеуметтік, қоғамдық өмірдің қандайда бір жақтарын жаңарту, өзгерту, қайта құру, кез-келген мазмұндағы жаңа өзгерістер түрінде болады, бірақ реформа деп әдетте прогрестік қайта жаңаруды айтады.

**Саяси партия** – белгілі таптың немесе әлеуметтік бөліктің мүдделерін жақтайтын және белгілі бір мақсаттар мен идеяларға қол жеткізуде оның саяси қызметін басқаратын саяси ұйым.



**Тауар** – сату үшін өндірілген еңбек өнімі.

**Тұрақты әскер** – біркелкі қарумен, қару-жарақпен, киіммен жабдықталған, заңмен және жарғымен құрылу, қызмен ету және оқып үйрену тәртіптері белгіленген тұрақты құрылым.

**Ұлыс** – тайпалық қатынастардың ыдырау барысында тарихи қалыптасқан адамдардың қоғамдастығы.

**Ұлт** – қауымдастықтың қалыптасу процесінде оның аумағы, экономикалық байланыстары, тілі, мәдениетінің ерекшеліктері мен мінез-құлығы қалыптасатын адамдардың тарихи қауымдастығы.

**Ұлтшылдық** – реакциялық идеология және саясат, сондай-ақ ұлттық мәселеде ұлттың артықшылығын насихаттайтын психология.

**Іргелі зерттеу** – теориялық терең, өзекті ғылыми зерттеу.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

### 1.С.Датұлы старшын болған ру:

- A) Адай                      B) Жағалбайлы  
C) Байбақты              D) Беріш                      E) Шекті

### 2.С.Датұлы көтерілісінің негізгі қозғаушы күші

- A) билер                      B) жұмысшылар  
C) батырлар              D) старшындар              E) шаруалар

### 3.1783-1797 жылдары С.Датұлы бастаған көтерілістің қамтыған аймағы

- A) Ұлы жүз                      B) Жетісу  
C) Орта жүз                      D) Кіші жүз                      E) Сыр бойы

### 4.С.Датұлы бастаған көтеріліс кезінде өлтірілген Кіші жүз ханы

- A) Нұралы                      B) Ералы  
C) Есім                      D) Айшуақ                      E) Әбілқайыр

### 5.1802 жыл С.Датұлы қаза болған жер

- A) Хиуа хандығы              B) Бұқар  
C) Сыр бойында              D) Орынборда              E) Жайық бойында

### 6.Сырым Датұлы көтерілісінің нәтижесі

- A) Патша өкіметінің отарлау саясаты әлсіреді  
B) Қазақтарға Жайықтың оң жағынан өтуге рұқсат етілді  
C) Кіші жүздер 1797 жылы хандық билік жойылды  
D) Орыс-казак әскерінің қысымы жойылды  
E) Ру аралық қайшылықтар ұмытылды

### 7.Бөкей Ордасы құрылды

- A) 1801 жылы                      B) 1803 жылы  
C) 1806 жылы                      D) 1809 жылы                      E) 1812 жылы

### 8.Ішкі Орданы құру туралы жарлыққа қол қойған орыс патшасы

- A) I Александр                      B) II Екатерина  
C) II Александр                      D) I Николай                      E) I Павел

**9.1836-1838 жылдары Бөкей Ордасында болған көтерілістің басты қозғаушы күші**

- A) шаруалар                      B) сұлтандар  
C) қолөнершілер              D) старшындар                      E) жатақтар

**10.Ішкі Бөкей ордасындағы ұлт -азаттық көтеріліс созылды:**

- A) 10 жылға.    B) 14 жылға.  
C) 2 жылға.    D) 15 жылға.    E) 12 жылға.

**11.Махамбет пен Исатай бастаған шаруалар көтерілісі қай ғасырда болды?**

- A) XIXғ.    B) ХҮШғ.    C) XIX ғасырдың I-ші жартысында.  
D) ХҮІІІ ғасырдың I-ші жартысында.  
E) ХҮІІ ғасырдың I-ші жартысында.

**12.1836-1838 жылдары көтеріліске түрткі болған жағдай**

- A) Бөкей ордасына Жәңгір ханның тағайындалуы  
B) Патша үкіметінің салықты өсіруі  
C) Жәңгірдің қайын атасы Қарауылқожаның Каспий өңіріндегі руларға билеуші болып тағайындалуы  
D) Жәңгірдің әділетсіздігі    E) Исатайдың сотқа тартылуы

**13.1868-1869 жылдардағы Қазақ шаруаларының көтерілісі болған облыстар:**

- A) Орал, Маңғыстау    B) Маңғыстау, Торғай  
C) Орал, Торғай    D) Торғай, Жетісу    E) Сырдария, Ақмола

**14.1870 жылы Маңғыстау көтерілісі кезінде қазақ шаруаларының рухын көтерген оқиға:**

- A)Подполковник Рукиннің отрядының талқандалуы  
B) Көтерілісшілер санының артуы  
C) Патша әскери гарнизонының өртелуі  
D) Көтерілісшілердің өз «флотилиясын» құруы  
E) Жазалаушы отрядтардың кері шегінуі

**15.1870 жылғы Маңғыстау көтерілісінің ерекшелігі**

- A) Антифеодалдық сипатының әлсіз болуы  
B) Қазақ жалдамалы жұмысшыларының қатысуы  
C) Қайықтардан «флотилия» құру

- D) Ешқандай ерекшелігі болған жоқ  
E) Көтерілісті Кавказдан Апшерон полкі басты

**16.Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс жылдары:**

- A) 1837-1847 жылдары. B) 1836-1838 жылдары.  
C) 1783-1797 жылдары. D) 1867-1868 жылдары E) 1773-1775 жылдары.

**17.Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт азаттық көтеріліс созылды:**

- A) 10 жылға. B) 14 жылға.  
C) 2 жылға. D) 15 жылға. E) 12 жылға.

**18.Кенесары қырғыз манаптарының қолынан қаза тапты:**

- A) 1837 жылы. B) 1847 жылы.  
C) 1836 жылы. D) 1848 жылы. E) 1850 жылы.

**19.1836 жылы Кенесарының ағасы Саржан өлтіруге бұйрық берген хан:**

- A) Қоқан ханы B) Бұқар әмірі  
C) Хиуа ханы D) Ташкент билеушісі E) Ноғай ханы

**20.1844 жылы Кенесары мен патша үкіметінің арасындағы келіссөздердің тоқтатылу себебі**

- A) Көтерілісшілер күресті тоқтатпады  
B) Патша үкіметінің талаптары ғана орындалды  
C) Кенесарының талаптары ғана орындалды  
D) Екі жақ бір-бірінің талаптарын мойындата алмады  
E) Орта Азия халықтары кедергі болды

**21.Кенесары Қасымұлы көтерілісінің негізгі мақсаттарының бірі**

- A) Хан тұқымдарына жеңілдік алып беру  
B) Патша үкіметінің салық саясатына қарсылық  
C) Батыс Сібір генерал-губернаторының орнынан алу  
D) Патша өкіметін құлату  
E) Патша өкіметінің қазақтарды отарлауын тежеу

**22.Сыр бойы қазақтарының XIX ғасырдың 50 жылғы азаттық күресін басқарған**

- A) Есет батыр B) Ж.Нұрмұхамедұлы

С) К.Қасымұлы      D) С.Датұлы      E) И.Тайманұлы

**23.Жанқожа бастаған көтеріліс жаншылған жыл**

A) 1853 жыл      B) 1847 жыл  
C) 1858 жыл      D) 1860 жыл      E) 1857 жыл

**24.XIX ғасырдың 50 жылдарында Арал теңізінің солтүстік жағалауында көтерілісті бастаған**

A) Ж. Нұрмұхамедұлы      B) Тентек төре  
C) Ж.Тіленшіұлы      D) Есет батыр      E) А.Қожайұлы

**25.XIX ғасырдың ортасында Есет батыр бастаған көтеріліс нәтижесі**

A) Салық мөлшеріне шек қойылды  
B) Патша өкіметінің отарлауын кешеуілдетті  
C) Патша өкіметі көтерілісшілердің талабын орындауға уәде берді  
D) Есет Орынборда патша билігін мойындады  
E) Жазалаушы топтар талқандалды

**26.XIX ғасырдың 40 жылдарында Оңтүстік Қазақстанда салынған Ресей әскери бекіністері**

A) Лепсі, Қапал, Көкпекті      B) Сергиополь, Таушүбек  
C) Мерке, Қастек, Верный      D) Ақтау, Алатау, Қапал  
E) Көксу, Іле, Райым

**27.XIX ғасырдың ортасында Ұлы Жүздің оңтүстік аймақтарын билігінде ұстаған хандық:**

A) Қоқан хандығы      B) Бұқар хандығы  
C) Хиуа хандығы      D) Иран      E) Ресей

**28.1853 жылы Ресейдің қол астына алынған қоқандықтардың бекінісі**

A) Мерке      B) Сергиополь  
C) Таушүбек      D) Ақмешіт      E) Пішпек

**29.1854 жылы көктемде құрылған бекініс**

A) Ақмешіт      B) Верный  
C) Лепсі      D) Қапал      E) Ақтау

**30.1860 жылы 19-21 қазанда қоқандықтар мен орыс әскерлері шайқасқан жер**

- A) Әулиеата                      B) Тоқмақ  
C) Пішпек                      D) Ұзынағаш                      E) Шымкент

**31.XIX ғасырдың 50-60 жылдары Орта Азия үшін Ресейдің басты бәсекелесі**

- A) Қытай                      B) Швеция  
C) Англия                      D) Түркия                      E) Франция

**32.Орта Азияның ірі саяси экономикалық орталығы Ташкентті орыс әскерлерінің басып алған жылы**

- A) 1864 жыл                      B) 1865 жыл  
C) 1866 жыл                      D) 1867 жыл                      E) 1868 жыл

**33.1866 жылдың басында орыс әскерлері басып алған Орта Азия хандығы**

- A) Қоқан хандығы                      B) Хиуа хандығы  
C) Бұқар хандығы                      D) Ташкент                      E) Самарқан

**34.1868 жылы қаңтар айында келісім бойынша Қоқан хандығына қарасты жерлер аталмыш генерал-губернаторлыққа бағындырылды:**

- A) Батыс-Сібір                      B) Орынбор  
C) Дала                      D) Түркістан                      E) Жетісу

**35.Қазақстанның Ресейге қосылу процесі созылды:**

- A) 120 жылдай уақытқа                      B) 130 жылдай уақытқа  
C) 150 жылдай уақытқа                      D) 200 жылдай уақытқа  
E) 100 жылдай уақытқа

**36.1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің желеу болған себеп:**

- A) Қазақтардан көптеген жерлер тартып алу.  
B) Патшалы Ресейдің тарапынан отарлық езгінің күшеюі.  
C) 19- дан 43 жасқа дейінгі адамдарды қара жұмысқа алу туралы патша жарлығы .  
D) Қазақтардан соғыс қажетіне тегін мал алу туралы патша жарлығы.  
E) Салықтың шамадан тыс көбеюі.

**37.1916 жылғы қазандағы үндеу хатында «Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар», - деп жазды:**

- A) Байтұрсынов, Бөкейханов, Дулатов. B) Байтұрсынов, Бөкейханов, Рысқұлов.
- C) Байтұрсынов, Бөкейханов, Бокин. D) Байтұрсынов, Бөкейханов, Жангелдин
- E) Байтұрсынов, Бөкейханов, Сейфуллин.

**38.1917 жылға қарай Қазақстанда қазақтардан тартып алынған жердің көлемі:**

- A) 30 миллионға жуық десятина.
- B) 33 миллионнан астам десятина.
- C) 39 миллион десятина.
- D) 45 миллионнан астам десятина.
- E) 49 миллион десятина.

**39.1913жылдың өзінде «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», -деп жазған:**

- A) А.Байтұрсынов. B) Ө.Бөкейханов.
- C) М.Дулатов. D) Ж.Аймауытов. E) Ш.Құдайбердиев.

**40.Патша үкіметі Боралдай асуында жұрт алдында дарға асқан көтеріліс басшысы:**

- A) А.Иманов. B) С.Сейфуллин.
- C) Т.Рысқұлов. D) Ұ.Саурықов. E) Б.Әшекеев.

**41.Қарқарадағы көтерілістің жетекшілерінің бірі:**

- A) А.Иманов. B) С.Сейфуллин.
- C) Ж.Мәмбетов D) Ә.Бөкейханов. E) М.Дулатұлы

**42.XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық санасын оятушы, отаршылдыққа қарсы күреске дем беруші, бұрын кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болған :**

- A) М.Шоқай. B) М.Дулатов.
- C) Т.Рысқұлов. D) А.Иманов. E) Ә.Бөкейханов.

**43.1917 жылы 21-26 желтоқсан аралығында жалпықазақ съезі өткен қала:**

- A) Орынбор. B) Верный.
- C) Семей. D) Орал. E) Перовск.

**44.Алашорда үкіметінің құрылған жылы:**

- A) 1917ж.    B) 1918ж.  
C) 1920ж.    D) 1921ж.    E) 1922ж.

**45.Алаш партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды:**

- A) «Қазақ» газетінде    B) «Ұшқын» газетінде    C) «Айқап»  
D) «Туркестанский вестник»    E) «Дала уәлаяты»газетінде

**46.1917 жылы 22 қарашада Ферғана хандығының Қоқан қаласында құрылды:**

- A) Алаш автономиясы    B) Түркістан автономиясы  
C) Қазақ АКСР-і    D) Қазақ КСР-і    E) Түркістан АКСР-і

**47. «Түркістан автономиясында» министр-төраға және ішкі істер министрі болған М.Тынышпаевты алмастырды:**

- A) Ә.Бөкейханов.    B) Т.Рысқұлов  
C) М.Шоқай    D) А.Байтұрсынов    E) М.Дулатұлы

**48. «Алашорда үкіметінде» төраға болып сайланды:**

- A) Ә.Бөкейханов.    B) Т.Рысқұлов  
C) М.Шоқай    D) А.Байтұрсынов    E) М.Дулатұлы

**49.1917 жылы Кеңес үкіметіне қарсы біріккен күштер:**

- A) Ислам күштері мен эсерлер.  
B) Ақгвардияшылар мен Алашорда.  
C) Кадеттер мен оңшылдар.  
D) Алашорда мен меньшевиктер.  
E) Эсерлер мен оңшылдар.

**50.1918 жылы сәуірде Ташкентте құрылған Түркістан автономиялық КСР-ң құрамына кірген облыстар:**

- A) Орал, Семей.    B) Торғай, Қостанай.  
C) Жетісу, Сырдария.    D) Орынбор, Семей.    E) Атырау, Орал



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей (под общ. ред. акад. М.К.Козыбаева). – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
2. Данилевский Г.И. Описание Хивинского ханства // ЗРГО. кн. 5. 1851.
3. Бларамберг И.Ф. Земли киргиз-кайсаков Малой Орды. - СПб., 1852.
4. Макшеев АП. Описание низовьев Сыр-Дарьи // МС. №9. 1856. С. 5-36.
5. Костенко Л. Обзор доступов к Хивинскому ханству // ТС. 1859. Т.82.
6. Игнатъев Н.П. От Айбугирского залива до Кунграда // ТС. 1860. Т.21.
7. Мейер Л. Киргизской степь Оренбургского ведомства: Материалы для география и статистики России. - Спб., 1865. – 288 с.
8. Галкин М.Н. Этнографические исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. – Спб., 1868. – 430 с.
9. Веселовский Н.И. Очерки историко-географических сведений о Хивинском ханстве до настоящего времени. - Спб., 1877. – 352 с.
10. Серета Н.А. Из истории волнений в Оренбургском крае // РМ. 1891. Кн.10. с.66-91.
11. Бутаков А.И. Наши первые шаги на Аральском море // ТВ. – 1892. -№.90.
12. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. - Алматы: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1985. Т.5. - 528 с.
13. Григорьев В. Русская политика в отношении к Средней Азии. Исторический очерк. - Спб., 1874.
14. Шеманский А.И. Боевые фронты государства и управление ими // ВС. - 1861. - №5. - С.10-31.
15. Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – Спб.: Воен. типография, 1890. – 380 с.

16. Зыков С.П. Очерк об утверждении русского владычества на Аральском море и реке Сыр-Дарьи в 1847 по 1862 г. // МС. – 1862. - № 6. - С.17-38.
18. Северцов Н. Путешествие по Туркестанскому краю и исследования горной страны Тянь-Шаня // ТС. - 1873. - Т. 49. – С. 1-461.
19. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-дарьинской области. Юридический быт. - Ташкент, 1889. Т.1. - 210 с.
20. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. – СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1897. - Т.1. - 589 с.
21. Добросмыслов А.И. Тургайская область. - Оренбург, 1902.
22. Добросмыслов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем. – Ташкент, 1912. – 472 с.
23. Письма Перовского к Н.В.Балкашину // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. - Оренбург. 1911. Вып.ХХІІІ.
24. М.Г.Черняев в Средней Азии // ИВ. 1915. №6. с.841-872.
25. Водопьянов В. Оренбуржцы в Туркестане // Военно-исторический сборник. - 1915. - №2. - С.135-165.
26. Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания. 1865 г. ч. II. /Собрал полковник Серебренников А.Г. Из штаба Туркестанского военного округа. Ташкент, 1914.
27. Серебренников А.Г. Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края. – Ташкент: Тип. штаба Туркестанского военного округа, 1914. Т.VI. - 290 с.
28. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. Т.3. СПб., 1906. - 496 с.
29. Бунт в киргизской степи // ВС. 1871. №7. С.115-132.
30. Абаза К.К. Завоевание Туркестана. – СПб., 1902. – 270 с.
31. Собрание узаконений и распоряжений, издаваемое при Правительствующем Сенате 1863-1883 гг // ПСЗ. - СПб., 1885.
32. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. – Алматы: Өлке, 1991. - 256 б.
33. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. Алматы: Казкрайиздат, 1935. Т.1. - 262 с.
34. Каратаев Б.Б. Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского

- края в 1869 году и начале 1870-х годов / Сост. Абенова Б.С. – Алматы: Нур-Принт, 2006. – 322 с.
35. Рязанов А.Ф. Прошлое Кызыл-Орды (Ак-Мечеть). Исторический очерк // Советская Киргизия, №5. 1925-с. 120-145.
36. Сафаров Г. Колониальная революция. (Опыт Туркестана).- Алматы: Жалын, 1996. - 272 с
37. Галузо П.Г. Туркестан - колония. - Москва: Наука и Просвещение, 1929. -164 с.
37. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX в. – Алматы: Каз. объединен. гос. издательство, 1947. – 390 с.
39. Вяткин М.П. Батыр Сырым. – М.Л., 1947. – 390 с.
40. Шахматов В.Ф. К вопросу о характере восстания 1869 г. в Тургайской и Уральской областях // Вестник АН КазССР. - 1953. - № 1. - С. 91-105.
41. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане в последней четверти XIX – в начале XX века (1867-1907 гг.). – Алматы: Наука, 1963. – 378 с.
42. Халфин Н.А. Политика России в Средней Азии (1857-1868). - Москва: Восточная литература, 1960. - 272 с.
43. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана в конце XVIII и I половине XIX веков.-Алматы: изд. АН КазССР, 1960. - 296 с.
44. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX веках. - Алматы: Наука, 1959. - 498 с.
45. Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане (1915-1917 гг.). - Алматы: Наука, 1966. - 375с.
- 46 Сулейменов Б.С., Басин В.П. Казахстан в составе России в ХУІІІ – нач. ХХ в. - Алматы: Наука, 1981. - 247 с.
47. Шалекенов У.Х. К вопросу о взаимоотношениях приаральских кочевых казахских племен с оседлыми и полуоседлыми народами Хорезма. – Москва: Наука, 1964. - 235 с.
48. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.
49. Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. - Алматы: Атамұра, 1994.-240 б.
50. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.

51. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. - Алматы: Санат, 1994. – 135 б.
52. Мадуанов С. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами Центральной Азии в XVIII- нач XX вв. - Алматы: Білім, 1995. - 274 с.
53. Махаева А.Ш. Тойшыбек би және оның заманы. – Алматы: Баянжүрек, 2006. – 202 б.
54. Абдуалиев А.А. К проблеме характеристики политической деятельности Жанхожи Нурмухаммедова на примере казахско-хивинских взаимоотношений. // Вестник КазНУ. - Серия историческая. - 2006. - №1. - С.136-138.
55. Сайфулмаликова С.С. (Сейпілмәлікова С.) Әзберген Мұңайтпасұлы кім еді // Қазақ тарихы. 2006. №5. 52-57 бб.
56. Құрманалин С.Б. 1847-1858 жж. Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі: Тарих ғыл. канд.дисс... –Алматы, 1999. - 173 б.
57. Айтпаев Б.С. А.Г.Серебренников мұрағаты – патшалық Ресейдің Түркістан өлкесін отарлау саясатының тарихи дерек көзі (1840-1870). – Алматы, Тарих ғыл. канд. дисс... авторефаты. – 25 б.
58. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). – Алматы: Ғылым, 2001. – 258 б.
59. Ахметова Ұ.Т. Арынғазы Әбілғазыұлының қоғамдық-саяси қызметі (1786-1833 жж.). –Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 168 б.
60. Ахмет А. Қаратай хан. – Алматы: Арыс, 2007. – 176 б.
61. Асан Ж. Әзберген // Жұлдыз, 2004. №7. – 179-201 бб.
62. Әбдешев М. Батыс қазақтарының депутациясы // Айқын, 2006. №33. 23 ақпан.
63. Шамуратов Ж. Әзберген бий // Жеңіс байрағы, 2002. 15 ақпан.
64. Царская колонизация в Казахстане. /По материалам русской периодической печати XIX века. Сост. Ф.М. Оразаев.- Алматы: Рауан, 1995.-368 с.

65. Алдабергенов Қ.М. Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері (1860-1918 ж. Мерзімді материалдары бойынша).- Алматы: Рауан, 2000.- 285 б.
66. Материалы по истории Казахский ССР (1785-1825 гг). – Москва-Ленинград, 1940. Т.IV. – 543 с.
67. Сопленков С.В. «Златая стезя в Азию» или Российские планы XVII-середине XIX в. относительно сухопутной торговли с зарубежной Азией // Зарубежный Восток: вопросы истории торговли с Россией. Сборник статей. – Москва, 2000. с. 58-69.
68. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII-середине XIX вв // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана. – Алматы, 1997. С.46-101.
69. Қасымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств в XVIII – первой четверти XIX вв. Хан Жанторе (1759-1809 гг.). – Алматы: Білім, 2001. Т.3. - 364 с.
70. Мадуанов С.М., Шалекенов М.У. История взаимоотношений народов Туркестана в XVIII-начале XX века. – Туркестан: Международный Казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, 2000. - 436 с.
71. Султан Каратай // Тургайская областная ведомость. - Оренбург, 1894. - № 36.
72. Асылбеков М.Х., Шалекенов М.У., Ерофеева И.В. Қазақстан тарихы. (Көне заманнан бүгінге дейін): 5 томдық. – Алматы: Атамұра, 2002. - Т.3. – 786 б.
73. Құсайынұлы Қ. Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірінде.- Алматы: Дәнекер, 2001.- 120 б.
74. Киняпин А.С. Блиев М.М. Дегаев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России.- Москва: МГУ, 1984.-328 с.
75. Алдабек Н. Талқыға түскен Шынжаң.- Алматы: Қазақ университеті, 2003. -432 б.
76. Оренбургский губернатор Василий Алексеевич Перовский. - Оренбург: Оренбургское книжное издательство, 1999 – 336 с.
77. Записки о Бухарском ханстве (Отчеты П.И. Демезона и И.И. Виткевича). - Москва: Наука, 1983 – 149 с.

78. Михайлов М. Область Сибирских киргизов и Семипалатинск. - СПб., 1867. - 154 с.
79. Құрманалин С.Б. 1847-1858 жылдардағы Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтеріліс және Қарағұл Қонақбайұлы // Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы, 2006. №4. 5-13 бб.
80. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. (1771-1867 гг.). /Сб. документов и материалов. (Сост. Ф.Н. Киреев, В.Я. Басин, Т.Ж.Шоинбаев, К.Ж. Жунисбаев, В.С. Мусаева). - Алматы: Наука, 1964. - 575 с.
81. Степняк. Материалы к истории султана Кенесары Касымова (воспоминания кара-киргиза Калигуллы Алибекова о последних днях Кенесары) // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1995. – С.77-83.
82. Хан Кене. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен хан-батырлар туралы тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
83. Сайфулмаликова С.С. Царизмнің XIX ғасырдың 30-50 жылдарындағы Сыр бойымен іргелес өңірдегі әскери-саяси қимылдары және оның салдарлары. Тарих ғыл. канд. ... дисс. - Алматы, 1998. - 132 б.
84. Сайфулмаликова С.С. Әзберген Мұңайтпасұлының саяси және тарихи келбеті (Жаңа табылған мұрағат құжаттары негізінде) // Қазақстан мұрағаттары, 2006. №1 (21). - 112-118 б.
85. Алаш-Орда / Сборник документов. - Қзыл-Орда, 1929. -220 с.
86. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 – маусым 1918 жж). Т.ғ.к. ғылыми дәреж. алу үшін дайын. авторефераты. – Алматы, 1995. – 25 б.
87. Бөкейханов Ә. Таңдамалы (Избранное). /Бас. ред. Р.Нургалиев.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. - 478 б.
88. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы). – Алматы: Қазақстан, Т.2. 1998. – 247 б.
89. Нұрлыбеков К. Әулиеата уезіндегі көтерілістер // Қазақ тарихы, №4. 2005. 67-69 бб.
90. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Документы и материалы. - Москва: Наука, 1960. – 510 с.

91. Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии. – Ташкент: Изд. Ср. Аз. Комм. Ун-та имени В.И.Ленина, 1926. – 88 с.
92. Махай А.Ш. Жүсіп Ақшора // Жас Түркістан, №1. 1999. 7-12 бб.
93. «Қазақ» газеті / Бас ред: Р.Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
94. Шоқай М. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, 1998. 511 б.
95. Рүстемов С. Мұсылмандық қозғалыс һәм қазақ қоғамы // Қазақ тарихы. № 4. 1996. 25-29 бб.
96. Цинчуп Р.А. Развитие политической жизни мусульманских народов Российской империи и деятельность мусульманской фракции в Государственной Думе России // Имперский строй в региональном измерении. - Москва: Мысль, 1993. - 377 с.
97. Абдурахимова Н.А. Из истории государственных учреждений дореволюционного Туркестана // Сб. научных трудов. - Ташкент: ТашГУ, Вып. 517. 1976. – 230 с.
98. Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ, - 1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 216 б.
99. Тынышбаев М. 16-шы жылғы көтерілістің себеп-салдары // Ақиқат. №7. 1996. 25-30 бб.
100. Кастельская З.Д. Из истории Туркестанского края. 1865-1917. – Москва: Наука, 1980. – 119 с.
101. Дулатов М. Шығармалары.–Алматы: Жазушы, 1991. –384 б.
102. Материалы по истории политического строя Казахстана. /Сост. М.Г. Масаевич. Алматы: АН КазССР, Т.1. 1960. - 441 с.
103. Бартольд В.В. Туземцы и русская власть. Сочинение. – Москва: Наука, Т.2. 1963. - 358 с.
104. Турчанинов Н.В. Население Азиатской России. Азиатская Россия. - СПб., Т.1. 1914. - 360 с.
105. Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ценные бумаги, 2007. – 357 б.
106. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы / Құжаттар мен материалдар жинағы. Көп томдық. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. Т.8. – 181 б.
107. Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б.

108. Абдуалиев А.А. К проблеме характеристики политической деятельности Жанхожи Нурмухаммедова на примере Казахско-Хивинских взаимоотношений. // Вестник КазНУ. Серия историческая. №1. 2006. С.136-138.
109. Раджапов А.О. Оңтүстік Қазақстан қос революция тұсында. Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1997. – 157 б.
110. Бәкібаева Г.Б. Оңтүстік Қазақстандағы әлеуметтік-саяси жағдай. Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1998. – 127 б.
111. Байхожаев А.Ж. Сырдаринская военно-политическая линия в системе колониальной политики царизма в Северном Приаралье и Южном Казахстане (40-60 г. XIX в). Дисс. канд. ист. наук. - Алматы, 1999. - 164 с.
112. Алдабергенов Қ.М. Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының бағыттары мен нәтижелері. (1860-1918 жж. мерзімді басылымдар материалдары бойынша). Тарих. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2000. – 285 б.
113. Әбенев Д.Қ. XIX ғ. соңы – XX ғ. басында қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстануы және оның зардаптары. Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2000. – 135 б.
114. Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: Ғылым, 2002. – 214 б.
115. Жетпісбай Н.Ы. Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс // Баһадүр батыр Бөкенбай (ғылыми мақалалар жинағы). Ақтөбе, 2011.
116. Әзіретбергенова Ә.Ж. Сералы Лапин: өмірі, қоғамдық қызметі, шығармашылық мұрасы. Тарих. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2004. – 152 б.
117. Абдуали А.Б. Взаимоотношения Казахстана и Хивинского ханства во второй половине XVIII – 60-е годы XIX вв. Автореферат дисс. докт. ист. наук. Алматы, 2006. 50 с.
118. Ахметова Ж.Қ. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістандық кезеңі (1917-1919 жж). Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 147 б.
119. Егембердиев М.Ш. Ресей имперясының Оңтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғ. II ж – XX ғ. басы). Тарих. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2007. -134 б.



## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>3</b>
§1. Жайық өңіріндегі азаттық қозғалыс және Сырым Датұлы.....	6
§2. Саржан сұлтан бастаған қазақтардың күресі.....	20
§3. Жоламан Тіленшіұлы бастаған азаттық қозғалыс...	34
§4. Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі.....	53
§5. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың азаттық қозғалысы.....	69
§6. Есет Көтібарұлы бастаған қазақтардың көтерілісі...	92
§7. Сыр өңіріндегі қазақтардың азаттық күресі.....	115
§8. Әзберген Мұнайтпасұлы және оның азаттық қозғалыстағы орны.....	139
§9. Жетісу өлкесіндегі азаттық күрес және Тойшыбек пен Байсейіт батырлар.....	166
§10. Патша өкіметінің реформаларына қарсы Кіші жүз қазақтарының 1869-1870 жылдардағы көтерілістері....	193
§11. Азаттық қозғалыстағы Сыздық сұлтанның атқарған рөлі.....	215
§12. XIX ғасырдың 60-90 жылдардағы Оңтүстік Қазақстандағы азаттық күрес.....	232
§13. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының азаттық қозғалыстағы қызметі.....	256
§14. XX ғасырдың бас кезіндегі түрік-мұсылман қозғалысының азаттық күреске тигізген әсері.....	282
§15. 1916 жылғы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс.....	307
§16. Ақпан революциясынан кейінгі азаттық қозғалыс	330
ГЛОССАРИЙ.....	357
ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....	361
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР .....	368

**Б.А. Жүрсінбаев, Б.Т.Жұбанышов**

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАТТЫҚ  
ҚОЗҒАЛЫС ТАРИХЫ**

*Оқу құралы*

*Редактор: Ахметова Б.Е.*

*Компьютерлік қалыптаушы: Смағұлова С.Е.*

*Көркемдеуші: Ортаев Ж.Т.*

Басуға 08.04.2013 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/<sup>16</sup>.

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім. Әріп түрі

«Times/New Roman». Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 24

Таралымы 500 дана. Тапсырыс №

---

«Қыздар университеті» баспасы.

050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй